

**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ:  
ДАМУ ҮРДІСТЕРІ, ЕСІМДЕР  
МЕН ОҚИҒАЛАР**

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3 (5 қаз)

Қ

**ҚР БҒМ Ғылым комитеті М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Ғылыми кеңесі шешімімен баспаға ұсынылған.**

**Кітап ҚР БҒМ ҒК гранттық қаржыландыруы аясында жүзеге асырылған ғылыми-зерттеу жобасы нәтижелері бойынша дайындалған (мемтіркеу №0115PK01688)**

**Редакциялық алқа:**

Қалижанов У.Қ. – филол.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі, Қирабаев С.С. – филол.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі, Елеуқенов Ш.Р. – филол.ғ.д., Орда Г.Ж. – филол.ғ.д. (жауапты редактор), Қалиева А.Қ. – филол.ғ.к.

**Жауапты шығарушы:**

Құдайбергенов Н., гуманитарлық ғылымдар магистрі.

**Пікір жазғандар:**

Ісімақова А.С., филология ғылымдарының докторы, профессор.  
Рахымжанов К., филология ғылымдарының кандидаты.

**Қ Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар:** Ұжымдық монография. – Алматы: “Print express”, 2017. – 512 б.

**ISBN 978-601-80687-9-9**

Ұжымдық монографияда тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиетінің даму бағыттары зерттелген. Тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиеті туралы зерттеулер кейінгі жылдары жазылған шығармаларда қаламгерлердің негізінен тарихымызды түгендеуге бет бұруын танытса, шығармашылық портреттер бүгінгі ұлттық әдебиеттің аяқ алысын бағамдайды. Зерттеушілер қазіргі қазақ әдебиетінің қол жеткізген көркемдік-эстетикалық жетістіктерін жекелеген қаламгерлердің шығармалары арқылы саралаған.

Кітап әдебиеттанушы ғалымдар мен PhD докторанттарға, магистранттар мен жоғары оқу орындарының студенттеріне және ұлт әдебиеті мен тарихын білгісі келетін әдебиет сүйер қауымға арналған.

**ISBN 978-601-80687-9-9**

© М.Әуезов атындағы  
Әдебиет және өнер институты  
© «Print express» баспасы, 2017

## АЛҒЫСӨЗ

Халық тарихындағы тағылымды оқиғалар қашанда өнер арқылы ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қалады. Халық өмірінің белді кезеңдері, дәуір тудырған әлеуметтік, қоғамдық-саяси тартыстар, психологиялық шытырман ахуалдар көркем әдебиетке де негіз болатыны белгілі. Осы тұрғыдан келгенде, әдебиет ұлттық жадыны сақтау құралы ретінде аса маңызды қызмет атқарады.

Еліміздің тәуелсіздік алуы ұлттық әдеби өмір шежіресінде жаңа тарихи кезеңнің бастау алуына себеп болды. Қазіргі қазақ әдебиеті – көркем мазмұн мен пішін тұрғысында да, идеялық-концептуалдық тұрғыда да жаңарған, толысқан әдебиет. Ұлттық рухтың жаңғыруы әдеби әлемде игі өзгерістер мен құбылыстарға жол ашты. Егемендіктің жариялануы бұрынғы саяси идеологияның салдарынан бұрмаланған ұлт тарихын қайта зерделеуге, тарихтағы және жалпы руханияттағы (дін, тіл, мәдениет, әдебиет) актандақтардың орнын толтыруға мүмкіндік берді. Ұлттық әдебиеттің саясат құрсауынан (изоляциядан) босап, әлемдік әдеби кеңістікпен ықпалдастығы (интеграциясы) артуынан көркемдік даму арналарында әлемдік мегаүрдістердің әсер-ықпалы айқын аңғарыла бастады. Қазіргі таңда ұлттық сөз өнерінде дәстүрлі реализммен бірге өзге де модернистік, постмодернистік ағымдар мен құбылыстар қатар өмір сүре бастады. Бұл тұста заманауи әдебиеттің тақырыптық аясы айтарлықтай кеңейіп, бүгінгі қоғамның әлеуметтік проблемалары, жаңа заманның ұлт тыныс-тіршілігі алып келген жағымды-жағымсыз жаңалықтары және өзге сан салалы рухани-мәдени мәселелер қазіргі қазақ әдебиетінің өзекті тақырыптарына айналды. Олардың иерархиялық қатарынан елі мен жерін қорғаған халық қаһармандарын (хан, би, батыр т.б.), нарық пен демократия дәуірінің кері әсерінен қалыптасқан қоғам өкілдерін (кылмыскер, жезөкше, нашакор т.б.), тіпті мистикалық (елес, аруақ), діни-мифологиялық (періште, пайғамбар, Қыдыр т.б.) бейнелерді де кездестіруге болады. Бұл еңбекте заманауи әдеби үдерістегі осындай елеулі көркемдік өзгерістер мен жаңалықтардың орын алуы жан-жақты тұрғыдан ғылыми сараланып зерделенді. Қазіргі әдеби кейіпкерлер жүйесі де типологиялық тұрғыдан елеулі өзгерістерге ұшырады. Бұл тұста кеңестік идеология қалыптастырған жағымды, жағымсыз бейнелер

қатары жоғалып, кез келген кейіпкердің ет пен сүйектен жаралған пенде екенін қаламгерлер өз туындыларымен дәлелдеуге ден қойды. Сондықтан авторлар қауымы «Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар» атты ұжымдық монографияда соңғы ширек ғасырдағы ұлттық әдебиеттің қол жеткізген көркемдік-эстетикалық табыстары мен кемшін деген тұстарын жекелеген туындылар негізінде ғылыми саралады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында алдағы уақытта атқарылатын мәселелерді санамалай келіп: «Алтыншыдан, ұлт мақтанышы біздің бұрынғы өткен батыр бабаларымыз, данагөй билеріміз бен жырауларымыз ғана болмауға тиіс. Мен бүгінгі замандастарымыздың жетістіктерінің тарихына да назар аударуды ұсынамын. Бұл идеяны «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы арқылы іске асырған жөн. Еліміздің Тәуелсіздік жылнамасы жазыла бастағанына небәрі 25 жыл болды. Бұл – тарих тұрғысынан қас қағым сәт десек те, еліміз үшін ғасырға бергісіз кезең. Әрине, жасалған жұмыстардың маңызы мен ауқымына ешбір күмән жоқ. Дегенмен, осы қыруар істі атқарған, ел дамуына зор үлес қосқан азаматтардың өздері мен олардың табысқа жету тарихы әдетте құрғақ фактілер мен цифрлардың тасасында қалып қояды. Шын мәнінде, Қазақстанның әрбір жетістігінің артында алуан түрлі тағдырлар тұр», – деген болатын.

Осы пікірге сүйенетін болсақ, қазіргі қазақ әдебиетіне бір топ жас қаламгерлер келіп қосылды. Ұлттық әдебиет жаңа кейіпкерлермен толықты. Ал, ақын-жазушылардың шығармаларын насихаттау, оларды оқырманға таныстыру – әдебиеттанушы-ғалымдардың міндеті. Ұсынылып отырған монографияда қазіргі әдебиеттің жетістіктері жан-жақты сараланып, ұлттық әдебиеттің қол жеткізген табыстары бағамдалған. Осы тұрғыдан келгенде, бұл еңбек болашақта жүзеге асатын «Қазақстандағы 100 жаңа есім» атты жобаның алғашқы баспалдағы болмақ.

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ поэзиясын жаңа биікке көтерген Қ.Мырзалиев, Т.Молдағалиев, Ф.Оңғарсынова, М.Шаханов, К.Ахметова, С.Жиенбаев, И.Оразбаев, Т.Медетбеков сияқты ақындардың қатарын бүгінде Г.Салықбаева, С.Нұржанов, Б.Үсенов, Б.Жақыпов, Т.Көпбаев, Ж.Әскербекқызы, Т.Досымов, О.Тұржанова тәрізді ақындар толықтырды. Өткен ғасырдың

сексенінші жылдары әдебиетке келген бұл буын өкілдері бүгінде ұлттық поэзияны жаңа белеске көтеруде.

1991 жылы Кеңестік империяның таратылуы, Қазақстанның тәуелсіздігінің жариялауы қоғамның барлық саласына, соның ішінде ұлттық әдебиетке де өзінің оң ықпалын тигізді. Елміздің егемендік алуы ел басына күн туған қиын-қыстау заманда туған жерден үдере көшіп, әртүрлі себептермен шекаралас жатқан елдерде мекендеп қалған қандастарымыздың Отанына оралуына мүмкіндік туғызды. Осы уақыт аралығында Елбасының жүргізген көші-қон саясаты жырақта жүрген бауырларымыздың туған жерге оралуына жол ашты. Соңғы жиырма жылдан астам уақыт аралығында Өзбекстан, Қарақалпақстан, Қырғызстан, Моңғолия, Қытай Халық Республикасы тәрізді елдерден туған жерге келген миллионнан астам бауырларымыз қоғамның әр саласында қызмет етіп жатса, олардың бір парасы ұлттық әдебиет төңірегінде өнімді еңбек етіп келеді. Сондай қаламгерлер қатарында Жақсылық Самитұлы, Зейнолла Сәнік, Тұрсынхан Зекенұлы, Тұрсынәлі Рыскелдиев, Армиябек Сағындықұлы, Алмасбек Ахметбек, Нұрхан Сұлтанбайұлы, Құл-Керім Елемес, Ерболат Баят, Дәулетбек Байтұрсынұлы, Бақытбек Бәмішұлы, Дүкен Мәсімханұлы, Ғалым Қалибекұлы, Бекқожа Жылқыбек, Иманғазы Нұрахметұлы, Ләззат Игісін, Мұрат Шаймаран, Мағиза Құнапияқызы тәрізді ақын-жазушылардың есімі соңғы ширек ғасырдағы ұлттық әдебиет туралы сөз еткенде аталуға тиіс. Тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиетіне қосылған бұл жаңа есімдер ұлттық әдебиетті мазмұны мен түрі жағынан байытып, әр жанрға өз үлестерін қосып келеді.

Қазақ әдебиеті соңғы ширек ғасырда біраз белестерді бағындырды. Бұл тұстағы әдебиеттің негізгі жетістігінің бірі – бүгінгі тәуелсіздігіміз үшін жанкешті ерлік жасаған тарихи тұлғалардың көркем бейнесінің жасалуы. Олардың бірсыпырасына түркі дәуірінен Қазан төңкерісіне дейінгі аралықтағы айтулы оқиғалар мен сол сәтте үлкен қайрат көрсеткен тарихи тұлғалар, өнер иелерінің өмір жолы негіз болса, енді бірпарасына кеңестік дәуірде өмір сүрген, XX ғасырдың зобалаңдарын басынан өткізіп, кеңестік дәуірде отаршылдықпен күрескен, елі үшін жанын пидә еткен абзал азаматтар өмірі арқау болды. Осылайша әдебиет жаңа тарихи оқиғалармен толықты. Ақын-жазушылар қазақтың

азаттығы жолында күрескен хандар, батырлар, бектер мен билер туралы шағын жанрдан бастап, кең құлашты эпикалық туындылар жазды.

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ прозасына белсенді араласып жүрген Ш.Мұртаза, М.Мағауин, Қ.Жұмаділов, Т.Рыскелдиев, Ә.Сараев, Т.Тілеуханов, Т.Нұрмағамбетов, Ұ.Доспамбетов, Н.Дәутайұлы, Ә.Асқаров, С.Асылбекұлы, Ж.Шаштайұлы, Р.Отарбаев, Қ.Түменбай, Н.Ақыш, М.Байғұт, К.Рахымжанов, А.Кемелбаева, Ж.Қорғасбек, А.Алтай, Д.Амантай, Д.Рамазан тәрізді жазушылардың қатары Мәдина Омарова, Лира Қоныс, Мақсат Мәлік, Дархан Бейсенбек, Арман Әлмембет, Алмас Мырзахмет, Әлібек Байбол, Алмас Нүсіп, Әсем Қоспағарова, Үміт Зұлхарова, Мирас Мұқашев, Айнұр Шамшейітова, Аягүл Мантаева, Бейбіт Сарыбай, Ерболат Әбікенұлы, Мәлік Отарбай, Мәди Алжанбай, Қанат Әбілқайыр, Қанат Тілеухан, Нұрлан Қабдай, Мерей Қосын сынды жас жазушылармен толысты. Осылайша ұлттық әдебиетке жаңа есімдер келіп қосылды.

Бұл жылдары қазақ драматургиясы да жаңа тақырыптармен, жаңа образдармен толығып, театр сахналарынан ұлттық қаһармандар орын алды. Ә.Кекілбаев, Ш.Құсайынов, М.Байсеркенов, И.Оразбаев, Д.Исабеков, С.Жүнісов, И.Сапарбай, Р.Отарбаев, С.Тұрғынбек, Ә.Тарази, С.Балғабаев, С.Асылбекұлы, Р.Мұқанова, Н.Ораз, Д.Рамазан тәрізді драматургтер сақ патшайымы Тұмар, Бейбарыс сұлтан, Шыңғыс хан, Абылай хан, Махамбет, Кенесары тәрізді қазақ тарихынан үлкен орын алатын тарихи тұлғалардың, Ш.Құдайбердіұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабайұлы, М.Шоқай, Т.Жүргенов сынды алаш арыстарының жарқын бейнесін жасады. Ұлттық драматургия ХХ ғасырдың жиырмамыншы жылдарындағы жаппай ашаршылық, отызыншы жылдардағы жаппай қудалау, Алжирдегі аналар, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тыл өмірі, Семей полигоны, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі тәрізді тың тақырыптармен толықты. Драматургтер бүгінгі өзіміз өмір сүріп отырған қоғамдағы махаббат, мәдениет пен өнер, өнер қайраткерлері, ұрылар мен нашақорлар өмірі арқылы ХХІ ғасырдың өзекті мәселелеріне жан бітірді.

Тәуелсіздік дәуір әдебиетіне тән негізгі көркемдік үрдістерді зерттеуде қазіргі қазақ әдебиетінің идеялық-эстетикалық

бағдарын, дәуірлік сипаттағы көркемдік концепцияларын айқындау мақсатында қазіргі ұлттық әдебиеттің дамуына елеулі үлес қосып жүрген ақын-жазушылардың шығармашылық портреті жасалды. Олардың қатарында Ш.Құмарова, Ш.Бейсенова, Б.Нұржекеев, Р.Ниязбеков, Т.Нұрмағамбетов, С.Асылбекұлы, Д.Әшімханұлы, Қ.Түменбай, Қ.Жиенбай, Р.Отарбаев, Қ.Бегманов, Н.Ораз, С.Досжанова, Б.Жақып, С.Нұржан, Т.Көпбаев, М.Шаймаран, Ж.Әскербекқызы, Д.Рамазан, М.Райымбекұлы тәрізді қаламгерлерді атауға негіз бар.

Тәуелсіздік тұсындағы әдебиет 10 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты кешенді еңбектің 10-томында, «XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті» (2001-2011 жж.), «Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар» атты М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары дайындаған ұжымдық еңбектерде біршама зерттелді. Бұл еңбекте бұған дейін арнайы зерттеу нысанына алынбаған қаламгерлер мен жекелеген шығармаларға баса назар аударылғандығын ескертеміз.

Зерттеуде бүгінгі әдебиеттегі реалистік, фантастикалық, діни мистикалық мазмұндағы туындылардың көркемдік-эстетикалық, танымдық, тағылымдық маңызына баға беруде тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ әдебиетінің кейіпкерлер типологиясы ғылыми сараланып, тұлға концепциясы жан-жақты қарастырылды. Сондықтан мемлекеттік «Мәдени мұра», «Халық – тарих толқынында», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламаларының талаптарына жауап беретін ұжымдық монографияны жоғары оқу орындарында қолдануға негіз бар.

Ұжымдық монографияны жазуға тәуелсіздік тұсындағы әдебиетті зерттеп жүрген белгілі әдебиеттанушы ғалым, ҚР ҰҒА-ның академигі С.Қирабаев («Шәрбану Бейсенова»), филология ғылымдарының докторы Г.Орда («Алғысөз», «Қазіргі қазақ лирикасы», «Поэмадағы дәстүр ұласуы», «Прозадағы көркемдік ізденістер», «Бүгінгі драматургия», «Шәрбану Құмарова», «Бексұлтан Нұржекеев», «Рафаэль Ниязбеков», «Тынымбай Нұрмағамбетов», «Серік Асылбекұлы», «Дидахмет Әшімханұлы», «Қуандық Түменбай», «Қуаныш Жиенбай», «Темірғали Көпбаев», «Маралтай Райымбекұлы»), филология ғылымдарының докторы Н.Ақыш («Нағашыбек Қапалбекұлы»), филология ғылымдарының кандидаты Ж.Мәмбетов («Қазіргі қазақ лирикасы», «Тынымбай

Нұрмағамбетов», «Бауыржан Жақып», «Светқали Нұржан», «Мұрат Шаймаран», «Жанат Әскербекқызы»), филология ғылымдарының кандидаты А.Қалиева («Думан Рамазан»), филология ғылымдарының кандидаты Е.Қаныкей («Прозадағы көркемдік ізденістер») және М.Тәшімова («Бүгінгі драматургия»), Ж.Сәрсенбаева («Поэмадағы дәстүр ұласуы»), Н.Құдайбергенов («Қазіргі қазақ лирикасы», «Бексұлтан Нұржекеев», «Қасымхан Бегманов»), А.Ахметова («Прозадағы көркемдік ізденістер»), Е.Қуатбекұлы («Бақытбек Бәмішұлы»), А.Жұматаева («Рахымжан Отарбаев») тәрізді жас зерттеушілер қатысты.

***Гүлжаһан ОРДА, филология ғылымдарының докторы,  
қауымдастырылған профессор.***



---

## БІРІНШІ БӨЛІМ

---

### ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫ

XX ғасырдың аяғы бұрынғы кеңестік республикаларда өзінің дүбірлі саяси науқандарымен, бұрын қатаң бақылауда болған идеология мен қоғамдық санадағы еркіндіктің демократиялық көріністерімен есте қалады. Сексенінші жылдары билік басына М.Горбачевтің келуімен басталған қайта құру саясаты күллі салада жылдар бойы қысылып-қымтырылып келген, жариялауға тоталитарлық жүйе тыйым салған көптеген мәселелердің ашық айтылуына әсер етті. Әсіресе, 1985 жылғы сәуір пленумынан кейін ұлттар достығының зертханасына айналған КСРО шеңберінде әр ұлт өзін-өзі басқа қырынан танып, өздерінің ұлттық болмысына қайта үңіле бастады. Бір кездері халық жауы болып атылған, жылдар бойы кеңестік жазалау лагерьлерінде жапа шеккен зиялы қауым өкілдері ақталып, олардың коммунистік идеологияға қайшы деп айыпталған шығармалары жарыққа шыға бастады. Әр республикада өзінің егемен елдігі, тәуелсіздігі туралы мәселелер ашық айтыла бастады. Халық өзінің ұлттық тегіне, тіліне, тең құқықтылығына мән беріп, сол мақсаттарын іске асыру жолындағы күреске кірісіп те кеткен болатын. 1986 жылғы Алматыдағы көтеріліс соның айқын көрінісі еді.

Бұл еркіндіктің лебі әдебиетімізде де көрініс тауып, ақындар мен жазушылар өз шығармаларында халқымыздың өткен тарихына, ұлттық болмысына терең назар аударып, жетпіс жыл бойы күллі қаламгер қауымды өз құрсауында ұстап келген социалистік реализм әдісінен бойларын аулақ салып, жаңа жол, жаңа жүйе іздей бастаған кезең болатын.

Кеңес өкіметі әлі де болса шалажансар күйінде билік ету әрекеті үстінде болғандықтан кейбір қаламгерлер өз шығармашылықтарын қай бағытта жазуды білмей дағдарған тұс та осы кезеңге сәйкес келеді. Ал енді кейбір ақындар мен жазушылар бұрынғы коммунистік сананы ысырып тастап, ұлттық құндылықтарға шынайы мойын бұрды.

XX ғасырдың сексенінші жылдары әдебиетте Ә.Тәжібаев, Қ.Бекхожин, Д.Әбілев, Ә.Сәрсенбаев, Х.Ерғалиев, Ж.Молдағалиев,

С.Мәуленов, Ғ.Қайырбеков, М.Әлімбаев т.б. сынды кеңестік кезеңнің барлық сынынан өткен ақындармен қатар, әдебиетімізге алпысыншы жылдары келіп, поэзияда үлкен бетбұрыс жасаған Қ.Мырзалиев, Т.Молдағалиев, Ф.Оңғарсынова, М.Шаханов, К.Ахметова, С.Жиенбаев, И.Оразбаев, Т.Медетбеков сияқты ақындар шығармашылық жұмыстардың шырқау биігінде болатын. Ал өз шығармашылықтарын сексенінші жылдары бастаған жас ақындар ол кезде әлі де болса еліктеу үстінде жүрді. Олардың қатарында Г.Салықбаева, С.Нұржанов, Б.Үсенов, Б.Жақыпов, Т.Көпбаев, Ж.Әскербекқызы, Т.Досымов, О.Тұржанова т.б. ақындар сол кездері өздерінің алғашқы өлеңдерімен жұрт көзіне түсе бастаған еді.

XX ғасырдың алпысыншы жылдары өз өлеңдерімен оқырмандар көкейінде ерекше сақталған ақындардың даңқтары мен дақпырттары олардан кейін шығармашылық үдеріске келген жас ақындардың тез танылуына, олардың шығармашылықтарының жоғары бағалануына біршама тосқауыл болды. Өйткені сол кездегі сыншылар мен ақындар тарапынан өз заманының мұңы мен сырын жырлаған жастар поэзиясы әлі де өсу үстіндегі, жетілу жолындағы талпыныс ретінде ғана бағаланды.

Поэзияға сексенінші жылдары келген жас ақындар негізінен ұлттық тәрбиеден сусындаған, өздерінің алдындағы талантты аға-апаларын қадір тұтатын, үлкенді сыйлап, кішіге құрметпен қарайтын буын өкілдері еді. Олар өздерінің жақсы шығармалары туралы айтылған мақтауға да, сын пікірлерге де түсіністікпен қарады. Сондықтан да олардың арасында талантты сөз зергерлері болғанымен сол тұста топтан қара үзіп шығып, жарқырай көрінгендері сирек. Кеңес дәуірінде сексенінші жылдардағы жас ақындардың арасынан атаулы сыйлық алғандары да, ерекше құбылыс ретінде бағаланғандары да бола қойған жоқ. Себебі олар әлі жас, алатын асулары алда деген пікір сол кез үшін қалыптасқан түсінік болатын. Ол тұста жас ақындардың өлеңдерінің газет бетіне шығуы, ұжымдық жинаққа кіруі деген ерекше құбылыс болып саналатын, ал жыр жарысы мүшәйра деген болмайтын, айтыс ақындарына сыйлық беру, ат мінгізіп шапан жабу өткеннің сарқыншағындай елестейтін.

Сексенінші жылдардағы жас ақындардың негізгі тақырыптары махаббат, туған жер, адамдар арасындағы достық

сияқты гуманистік мұраттармен ғана шектеліп жататын. Бірақ олардың сол кезеңде жарияланбаған жырларының арасында кеңестік режимнің қатал сынына қарамастан ұлттық құндылықтар мен коммунистік жүйенің қайшылықтарын батыл айыптайтын шығармалар ауызша болса да тарап жатты. Мысалы, Бауыржан Үсеновтің «Қара машина» өлеңін сондай шығармалардың қатарына қосуға болады. Ондай өлеңдер тек қана ауызша таралып, жақын адамдардың арасында ғана айтылатын. Негізінен сол дәуірдегі жас буын өкілдері саналатын ақындар өлеңдерінде тың теңеу, сұлу сурет, ерекше ой айтуға талпынған жаңалығы бар ізденістер жиі көрініп қалатын.

Еліміз тәуелсіздік алғанға дейінгі бес-алты жылдың ішінде қатып қалған кеңестік жүйенің идеологиясы босаңсып, сол кездегі жас ақындар ел мен жердің тарихы туралы шындықты ашып айта алатын, ұлттың ұлылығын ұлықтай алатын дәрежеге жетті. Оған сол тұстағы газет-журналдар мен телевизияда жарияланып жатқан демократиялық бағыттағы жаңалықтар ерекше әсер етті. Бұл өте қысқа уақыт аралығындағы ғаламат өзгерістер еді. Қоғамдағы идеологиялық төңкерістер жас ақындар шығармашылығына үлкен жаңалықтар әкелді. Олардың қоғамға, өмірге деген көзқарастары өзгеріп, шығармашылық тақырыптарының көкжиегі кеңейді. Бірақ қанша жерден жариялылық болса да, сол кездері тәуелсіздік, азаттық туралы айту әлі де қатерлі болатын. Оның үстіне кеңестік дәуірдегі қанды қырғындардың үрейі әлі де болса сол қоғамда өмір сүріп жатқан адамдардың саналарынан өше қоймаған еді.

Тоқсан бірінші жылы еліміз тәуелсіздік алғанда елдің еркіндігі мен азаттығын ашық жырлаған ақындар негізінен сол кезеңде қазақ поэзиясында енді-енді танылып келе жатқан жастар болды.

Тәуелсіздіктен кейінгі кезең қазақ әдебиеті үшін тың өзгерістер мен жаңалықтарға толы кезең еді. Бұл кезең елімізде жаңа идеологиялық тұғырнаманың қалыптасып, қоғамдық санада ұлттық идеяның қайта жаңғыруымен есте қалады. Аталған уақытта ұлттық сананың оянуына байланысты әдебиетіміз рухани жағынан қайта түлеп, мәдениетіміз жаңа сапада байып, көптеген поэзиялық шығармаларда кенес дәуірінде пайда болған рухани құндылықтар теріске шығарылып, қоғамда болып жатқан әлеуметтік дағдарыстар көркем жинақталып, жаңаша сипатта суреттеле

бастады. Дін бостандығы, тіл бостандығы, жеке адамның өзін барлық жағынан еркін сезінуі ақын-жазушылар шығармаларында нақты көрініс тауып жатты.

Шығармашылық үдерісте қоғам мен жеке адам арасындағы қарым-қатынасты қайта саралау, адамзат тарихындағы жеке адамның рөлін көркем шығармалардағы тартыс сипатында, көркем образдар жүйесінде айқын бейнелеу, жеке авторлық идеяны субъективті мақсатта батыл қорғау ерекше қарқынмен дами бастады. Бұл үдеріс, әсіресе, поэзия жанрындағы адам мен қоғам, оның қоршаған ортамен байланысы мәселесін арқау еткен философиялық шығармаларда жиі көрініс беріп отырды.

Әрбір шынайы талант иесі өз шығармашылығы арқылы мына дүниеде болып жатқан өзгерістерді, тек өз танымы тұрғысынан суреттеп қана қоймай, сонымен қатар өз замандастарының дәуір жайлы, қоғам турасындағы ойларын да, өз елінде өтіп жатқан тарихи оқиқаларды да халық көзқарасы тұрғысынан бейнелеп көрсетуге міндетті. Өз халқының ұлттық-этникалық ерекшелігін сақтауға деген ұмтылыс ұлттық бастауларға деген әдебиеттің қызығушылығын күшейтті. Сексенінші жылдардың соңы мен тоқсаныншы жылдардың басында пайда болған этникалық өзін-өзі тану туралы эстетикалық тұғырнамалар, біртіндеп жапыадамзаттық жаһандану жағдайында ұлттардың өзін-өзі сақтап қалуы туралы түсінікке қарай ойысып кетті. Бұл кездегі Отаншылдық, жеке адамның бостандығы туралы тақырыптар жаңа мәнге ие болды, жаңа мазмұнда жырлана бастады. Лирикалық қаһарман бұл тұста бұрынғыдай коммунистік партияның қатардағы жауынгері, қалың бұқараның бір бөлшегі болудан қалған еді. Ол өз жерінің шынайы жанашыры, қорғаушысы, атамекенінің заңды мұрагері ретінде бейнелене бастады. Осы жағынан келгенде, ол өзі мен Отаны арасындағы тарихи, рухани байланыстарды терең тарихи қатпарлардан іздей бастады. Ана тілі деген ұғым рухани жетілгендіктің белгісі болып саналды, ол тілде сөйлеу ар мен ұяттың өлшемі ретінде қабылданды. Лирикалық қаһарманның өзінің ұлтына, өз халқының өткен тарихына деген көзқарасы түбірімен өзгерді. Бұл кездегі поэзия ұлтқа деген көзқарастарды нығайтудың құралы болып қана қоймай, ұлттық бірлік идеясын насихаттайтын уағыздаушылық қызмет атқарды.

Сан ғасырлар бойы адамдардың көзқарастары, ойлары, қоғамдағы философиялық танымдары мифтер мен аңыз-эпсаналарда, кейінгі кездері ақындар мен жазушылардың шығармаларында көрініс беріп келді. Қазіргі қазақ әдебиетінде лирикалық қаһарманның бізді қоршаған әлемге қатынасының екі үлгісін атап көрсетуге болады. Бірінші үлгіде лирикалық қаһарман әлемді, ақиқат шындықты, қоршаған ортаны, табиғатты үйлесімді сипатта қабылдайды. Ол табиғаттың тілін таба біледі, оны түсінеді және өзін соның бір бөлшегі ретінде сезінеді, сондықтан да ол табиғатпен біртұтас бүтін денеге айналып кеткендей әсер қалдырады. Екінші үлгіде лирикалық қаһарман мен әлем арасында, адамзат баласы мен оның дүниетанымы арасында нақты байланыстың жоқтығы байқалады. Мұнда лирикалық қаһарманның бойындағы жалғыздығы, мына әлемнен ажырап қалған қайғысы мен қасіреті, тұрмыстың мәнсіздігі сияқты қасиеттері сипатталады.

Мұндай лирикалық қаһарманның бірінші түріне қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірлерінен бүгінгі күнге дейін, атап айтар болсақ, Абай, Мағжан, Ілияс, Қасымдар биікке көтерген гуманистік дәстүрді жалғастырушылар кіреді.

Бұл бағыт – ешқашан жоғалмайтын, өшпейтін өміршен бағыт. Сондықтан қазіргі поэзияда да, олардан кейін де ол жалғасын таба бермек. Ал қазіргі кезде сол дәстүрді жалғастырушы ақындар С.Нұржанов, Ж.Әскербекқызы, О.Тұржанова, Т.Көпбаев, Б.Жақып, М.Шаймаран, Д.Байтұрсынұлы, Ә.Шегебаев, Б.Шарахымбай, С.Сейітман т.б. Олардың өлең өрімдері, көбіне сол ертеректегі 7-8 буын жыр үлгісі мен қазақтың 11 буынды қара өлең түрінде келеді. Әрине, көркемдік жағынан оларда өздерінің алдындағы ақындардан ерекшелеп тұратын тың ізденістер мен өзгешеліктер жиі кездеседі.

Мысалы, С.Нұржанның «Тәуелсіздік толғауы» деген өлеңінің алғашқы жолдарын оқығаннан-ақ лирикалық қаһарман көңіл күйінің асқақтығы, ойлау аясының кеңдігі байқалады. Онда лирикалық қаһарман мен уақыт ұғымы бір мағынаға сыйып кеткен секілді. Мұндағы лирикалық қаһарман ешкімнің мүсіркеуіне зәру емес, ол – биік, ол – асқақ, ол – сол қоғамда болып жатқан ұлы өзгерістерге батыл баға бере алатын ойшыл бейне.

Ереуіл күнді еске алдың  
Қоңыр да салқын төске алдың,  
Көз жазып қалды көшімнен –  
Кезеңнен мені тосқан жұрт.  
Жеті қат тоңды жібіткен,  
Жеті тоғыс бар деміккен –  
Аңсатып жеттің, Бостандық!  
Шаршатып жеттің, Бостандық! [1, 352].

Ақын бостандық деген ұғымды «уақыт», «кеңістік», «мәңгілік» ұғымдарымен қатар қояды. Бөл өлеңдегі лирикалық қаһарман – өмірдегі өз орнын жақсы білетін, белсенді жан. Ол жеке өзі микрокосмос секілді. Светқали шығармасындағы уақыт пен кеңістік бейнесі – лирикалық қаһарман жанының тылсым сырын танытудың тәсілі, әлемді өзінше сезінудің поэтикалық көрінісі. Бостандықтың қазаққа «аңсатып», «шаршатып» жеткен киелі құндылық екенін ақын ерекше поэтикалық екпінмен суреттейді. Дәл осы сарын, дәл осы ой Жанат Әскербекқызының лирикасында да қайталанатын.

Көк тулы қазағым енді азат,  
Шежіре боп қалды шерлі азап.  
Сарыарқа төсінен төгілген  
Бір күйді тындашы сен ғажап!

Аптапта өзегін талдырып,  
Көш бойы қайғысын қалдырып,  
Егемен елдіктің төріне  
Қиырдан жетті әрең шалдығып [2, 240] – деп,  
азаттықты халықтың зарыға күткенін өткенге шолу жасай отырып,  
әсерлі жеткізеді.

Азаттық тақырыбы – қазақ поэзиясындағы ерекше шабытпен жырланатын, бүгінгі халық тілегімен үндес тақырып. Ол бұрын да жырланып келген, мұнан кейін де жырлана бермек.

Тәуелсіздік, оның мәні мен маңызы соңғы жылдары жазылған лирикалық шығармаларда өзгеше биік пафоспен, іштейгі ширыққан бұлқыныспен, терең философиялық ой иірімдерімен есте қалады. Серік Сейітманның «Тәуелсіздік» өлеңі сондай жоғары эмоциялық әсерлілігімен ойда жатталып қалатын Отаншылдық рухы биік лирика.

Тәуелсіздік, биігін-ай бағаңның!  
Аманаттың ақ жолында адалмын.  
Бір сен үшін жасын сықты анам мың,  
Бір сен үшін басын тікті бабам мың!

Бір сен үшін отқа түсіп жан шыбын,  
Бақытынан безді бабам бал-шырын.  
Ұйықтамады, көз шырымын алды олар  
Маңдайына сабын тіреп қамшының

Өлең мазмұнына зейін сала назар аударар болсақ, қазір бәз біреулер айтып жүргендей, тәуелсіздік бізге жайдан-жай беріле салған тәңірдің тегін сыйы емес екен, азаттық жолында ата-бабаларымыздың талай ғасыр бойы аттан түспей күрескені, бостандық үшін жанын да құрбан еткені осынау екі шумақтың өзінде әсем айшықталған. Лирикада адам сезіміне қозғау салатын ерекше өршіл рух бар, сол екпінді леп арқылы өз оқырманының сезіміне әсер етеді, санасына Отанға, елге, жерге, азаттыққа деген құрмет, құштарлық мәйегін егеді [3, 181]. Шығармашылықтың басты мақсатының өзі де осында жатса керек.

Қазіргі қазақ поэзиясында өзгеше талант иелерінің өсіп келе жатқаны, поэзияны мұрат тұтқан жастардың көбейіп келе жатқаны қуантады. Олардың көбінің-ақ өлеңдері оқуға жеңіл, жүрекке жылы тиіп жатады. Ұйқас жағынан болсын, ырғақ мәселесі болсын ешқайсысына сын таға алмаймыз. Ақындық жолда жүріп жетілген, өлеңді техникалық жағынан шебер меңгерген, талантты, дарынды сөз зергерлерінің қаулай бой түзеп келе жатқаны расында да көңілге қуаныш ұялатады. Олардың қатарында Әлібек Шегебаевты, Ақберен Елгезекті, Қалқаман Саринді, Дәулеткерей Кәпұлын, Серік Сейітманды т.б. атап өту лайық. Бұл ақындардың көбі ақындық өнерге еліміз тәуелсіздік алған соң келген талант иелері. Оларда басқаға жалтақтау, кейбір айтылуы тиіс ойды оспақтап жеткізу, не болмаса айналып өту деген түсініктер кездеспейді. Бұлар – нағыз тәуелсіздік идеясының бастауында тұрған ақындар. Олардың да тақырып ерекшеліктері әр алуан. Мысалы, Әлібек Шегебаевтың таңдап алған тақырыбы махаббат тақырыбы екен. Оның қай өлеңін оқысаң да жас адамға тән алаулаған сезім шырғалаңына тап боласыз.

Мен өзінді сағынған шақтарымда,  
Терең ойға тұншығып батқанымда.  
Нені ойлайсың?...  
Білмеймін, мен әйтеуір,  
Саған теңеу қуанам тапқаныма, – дейді [4, 51].

Мұны, расында да, лирикалық қаһарманның шынайы психологиялық бейнесі, ақындық тапқырлық деуімізге әбден болады. Жоғарыда аты аталған ақындардың қай шығармасын оқымайық, олардың лирикаларынан осындай әсем айшықты жыр жолдарын молынан кездестіреміз. Қазіргі ақындар өлең формасын жетік меңгерген, шығармаларының мазмұны да терең, ойлы болып келеді. Бірақ сондай «мінсіз» шығармалардың көбісінің санада жатталып қалмай, тез ұмытылатынына таң қаласыз. Қай жағынан қарасаңыз да ретгі, жүйелі, бірақ көңілге қонбай жатады. Соған қарағанда көп ақындарымыз өлең құрауға шебер, бірақ нағыз тума талант емес-ау деген ой туады.

Сонымен қатар, қазіргі қазақ поэзиясының «жақсылық» пен «жамандықтың» ғана тартысынан тұратын және бір жақты ғана шешім шығаратын кеңестік поэзиядан бір айырмашылығы, мазмұны жағынан күрделеніп, әр алуан қырымен, әрқилы идеялық сипатымен ерекшелене бастады. Мұны біздің қоғамдағы көптеген өмір құбылыстарына көзқарастардың құбылып, күрделеніп, кейде тіпті диалектикалық ешбір заңдылықтарға бағына бермейтін түсініксіз сипат алуымен ерекшеленеді. Қазіргі ақындар лирикасынан әсем де айшықты шынайы поэтикалық суреттерді топтап көрсетуге болады.

Тәуелсіздік алған жылдары ақын-жазушыларымыздың көп қалам тартқан тақырыптарының бірі тарихи тақырып болды. Оның себебі бұрын коммунистік жүйе кезінде ашық айтылмаған халықтың ұлттық болмысын таныту, қолдан ұйымдастырылған ашаршылық, саяси қуғын-сүргін мәселелері әр алуан шығармаларға арқау бола бастады. Ол, әсіресе, прозада жиі көрініс берді. Ал поэзияда тарихи тақырыпты көтеру, сол арқылы халықтың жадынан өше бастаған ерлік, қаһармандық рухты ояту ақындардың басты мақсаттарының бірі болды. Көптеген ақындардың өлеңдерінде сонау ғұн, түркі кезеңіндегі дүниені тітіреткен ескі аңыздар мен әфсана жырлар қайта жаңғырып, халықтың намысын оятатын Отаншылдық рухта, жаңа формада



жарық көріп жатты. Мысалы, Сәулеш Шәтенова лирикасының басты тақырыбы тарихи тақырып екеніне оның жыр жинақтарын ақтара отырып көз жеткіземіз. Ақын «Ғұнның әні» деген лирикасында:

«Менменшіл» ғұнның бір тамшы қанымын,  
Топыраққа сіңген.  
Жұмақта жүрген бабамның тастап кеткен жанымын,  
Қайтадан жаралған күннен –  
Мен, – дейді.

Лирикалық қаһарман бойында ерте кезде өткен ата-бабаларынан қалған бір тәкәппарлық, менмендік бар. Мына елдің иесі де, киесі де мен, байтақ қазақ даласының мұрагері де мен деп өзінің тәуелсіз елдің азат азаматы екенін мақтаныш етеді.

Ал көптеген ақындар өздерінің іштеріндегі мұңын, іштегі шерін өлең өрімімен жеткізуге тырысты. Оларда адуынды леп, Отаншылдық рух көп кездесе бермейді. Керісінше нәзік лиризм басым түсіп жатады. Көбіне олар өздерімен өздері сырласып, адам жанын жылы бір жылы шуаққа бөлейтіндей. Ақын Алмахан Мұхаметқалиқызының жыр шумақтарын оқи отырып осындай ойға тірелдік.

Ақындық күй!  
Ақын – тірлік!  
Мен сен үшін ауылдан бездім,  
Кісі киіктей жападан жалғыз күй кешіп.  
Даланы кездім,  
Қаланы кездім  
Өлең-өнерді тамырға нәр ғып тілдесіп [6].

Алмаханның қай өлеңін оқысаңыз да автордың ақындық мені көрініс беріп отырады. Ол адамдар арасындағы сыйластықты, пенделік күйді, өзінің күйзелісі мен қуанышын керемет бір нәзік лирикамен әсерлі жеткізеді.

Поэзиядағы, соның ішінде лирикадағы автордың рөлі ерекше. Себебі автордың іштейгі толғанысы мен күйзелісі оқырманға әлдеқайда жақын және түсінікті болып келеді. Өйткені лирикадағы автор – ол оқырманның қиял әлеміндегі сырласы. Өлеңнің жалпы оны түсініп оқитындар үшін танымдық қана емес, тағылымдық, психологиялық қасиетінің де басым екенін есте ұстаған жөн. Поэзия – өте автобиографиялық жанр. Себебі онда

автордың бүкіл ішкі жан дүниесіндегі өзгерістерді оқырман дәл сол секілді сезініп, онымен бірге күйзеліп немесе қуанып отырады. Лирикада автор өз позициясын, көзқарасын бүркемелеп жасыра алмайды. Поэзия – аз сөзбен мағынасы терең ой мен қарапайым сөзбен айтып жеткізу қиын сезімді бейнелеуге бейім және ыңғайлы жанр. Ал поэзияның өзі шығармашылық тұлға мен оқырман үшін таусылмас көркем материал қазынасы болып саналады.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін шекарамыз әлемге айқара ашылды. Бұрын әлемдегі жаңалық атаулыны орыс тілі арқылы ғана қабылдауға мәжбүр болған халықтың қазір тікелей батыс пен шығыстың кез келген тілінен ақпарат алуына мүмкіндіктер ашылды. Әрине дүниежүзі мидай араласып жатқан мына заманда ғаламдасу үдерісінен Қазақстан шет қалып қоя алмасы тағы да белгілі. Шет елдің бізге тек инвестициясы ғана емес, олардың рухани жаңалықтары да халық санасына орнығып, ұлттық болмысымызды өзгертіп жатқанын аңғаруға болады. Жиырмамыншы ғасырдың соңына қарай капиталистік елдерде жаңа ағым ретінде пайда болған постмодернизм ағымы біздің мәдениетімізге де дендеп еніп бара жатқанын байқаймыз. Ол әдебиетте әр алуан кейіпте көрініс беріп келеді.

Қазіргі эстетикалық ой жүйесінде постмодернизм әдісі кеңінен талданып, сөз болып жүр. Әрине, оны әдіске жатқызамыз ба, жоқ па, ол да әлі күнге шейін шешімін таппай келе жатқан мәселенің бірі. Соңғы жылдары жарық көрген ғылыми әдебиеттерде постмодернизм бірде идеология, кейде өнердегі ағым, енді бірде өнердегі әдіс, кейде тіпті дәуір, кезең ретінде де қарастырылып жүр.

Философиялық сөздікте «постмодернизм – жаңа тарихи жағдайларға байланысты өзінің алдындағы модернизм идеологиясын реттеуге, түзеуге бағытталған XX ғасырдың екінші жартысында пайда болған көркемдік және мәдени идеология» деген анықтама берілген. Мұның мәнісі, екінші дүние жүзілік соғыстан кейін модернистік бағытты әлеуметтік, саяси және эстетикалық жағынан тоталитаризм мен басқыншылық, зорлықшыл идеяларға қатысы бар, сол тоталитаризм мен билікшіл топтың сойылын соғады деп айыптады.

Постмодернизм деген сөздің шығу тегі латынша «post» «соңғы», «кейінгі» және французша «modern» «жаңа», «қазіргі», «үлгілі» деген сөздердің бірігуінен пайда болған.

1947 жылы әлемге аты танымал тарихшы және философ Арнольд Тойнби: «Постмодернизм дін мен мәдениетке батыстың үстемдігінің аяқталғанын тұспалдайды», – деп мәдениеттану тарапынан өзіндік баға берген болатын.

Ал 1971 жылы әдебиеттануға постмодернизм терминін алғаш енгізген америка ғалымы Ихаб Хассан болды. Негізгі постмодернизмнің пайда болған жері де Америка болып саналады. Ол алғаш рет постмодернизмнің өнердегі жалпы сипатына шолу жасап, талдап, жіктеп көрсетті.

1979 жылы жарық көрген француз ғалымы Ж.Ф.Лиотардың «Постмодернистік ахуал» деген еңбегінде постмодернизмнің пайда болуы мен негізгі белгілерінің алғышарттары жан-жақты қарастырылды.

Постмодернизмнің пайда болуы туралы екітүрлі көзқарас бар. Біріншілері ХХ ғасырдың екінші жартысында мәдениет пен өркениеттің құлдырауына байланысты дүниеге келген тарихи құбылыс деп есептесе, екіншілері транстарихи құбылыс, яки әрбір мәдени дағдарыс кезеңдерінде қайталанып отыратын жағдай деп түсіндіреді. Белгілі жазушы Умберто Эко өзінің бір еңбегінде әр дәуірдің өз постмодернизмі бар деп жазған болатын. Кез келген дәуір кезі келгенде бәрібір дағдарысқа ұшырайды. Өйткені етектен тартып, күш көрсетіп, қанша жерден бопсаласа да, тарихи авангард одан құтылғысы келеді, образсыздыққа шейін жеткізеді. Бірақ бәрінің де шегі бар. Шегіне жеткенде авангардтың да одан әрі барар жері, асар асуы қалмайды. Сонда оны постмодернизм ауыстырады. Егер өткеннің бәрін қиратып жою мүмкін болмаса, онда қайта таразылап, қарастыру керек болады. Ешқайда жалтақтамай, ирониямен елеп, екшеу керек.

Әрине, қазіргі мәдениет пен өнердегі Умбертоның орны да, беделі де ерекше, бірақ ТМД елдері әдебиеттануында постмодернизмді тарихи құбылыс ретінде қабылдау басымдыққа ие болып отыр.

Сонымен, постмодернизм модернизмге балама идеология іздеуден туды деуге болады. Бұл, негізінен, өнерде жаңа образдар, жаңа материалдар мен құралдар іздеуден көрінеді.

XX ғасырдың 60-70-жылдары айқын байқалған құбылыстарға минимализм мен концептуалды өнердің дамуын жатқызамыз. Ал 70-жылдары өнердегі әлеуметтік бағыттың ерекше белең алып дами бастағанын байқаған болсақ, 70-жылдардың ортасына қарай өнердегі феминизм мен этникалық шағын халықтар және әлеуметтік топтардың белсенділігінің күшейгенін аңғарамыз. 80-жылдардан бастап арт-процеске жаңа технологияның дамуы айтарлықтай ықпал ете бастады. Аудио, видео және интернет жүйесі суреткерлердің өрісін кеңейтті, жаңа техникалық құралдарды пайдалану олардың мүмкіндіктерін арттырды.

Постмодернизм өнерге эклектиканы, тарихи дәйектемелер (цитат) мен бұқаралық мәдениет элементтерін қосу арқылы модернизмді жұмсартуды өзінің міндеті санайды. Ой модернистік талаптардың түпнұсқаға жақындығын (оригинальность) сынаиды, постмодернистер өнерде табиғаттан тыс жаңа бір нәрсені жасау мүмкін емес дегенді үзінділер келтіру, интертекстуалдық (дәйектер мен ишаралар) және апроприация (өзге тілді және өзге образдарды меншіктеп пайдалану) арқылы жеткізуді ұсынады.

Постмодернистердің бұрыннан қалыптасқан мәдени ұғымдарға қарсы қоятын өз баламалары бар:

- адам – мына дүниедегі тіршілік иелері сияқты қарапайым тіршілік иелерінің бірі ғана, оны басқалардан артық жаратылған деп дәріптеу бос сөз;
- адам дүниені (әлемді) өзгертуші емес;
- әлем барлық тіршілік иесі үшін ортақ және шартты;
- ақиқат плюралистенген.

Постмодернистер әлемді синергетика заңы бойынша дамиды деп есептейді. Дүние ешкімге де бағынбайды, алда не күтіп тұрғанын да ешкім болжай алмақ емес. Біздің дүниені қабылдауымыз үзік-үзік және қиялға негізделген. Олар мемлекеттік құрылым принциптерінің демократиялық сипатта болуын және әлемнің тезірек жаһандануын қалайды.

Постмодернизм тек қана Батыс Еуропа немесе Америка елдеріне ғана тән ағым дей алмаймыз. Бүгінгідей жаһандану дәуірінде қоғамдық санадағы құбылыстың бір елмен шектеліп қала алмайтыны да түсінікті жайт. Сондықтан да аталған ағымның өнердегі өкілдерін өзіміздің қазақ арасынан да көптеп кездестіруге

болады. Әдебиетімізде жақсы танылып қалған Тыныштықбек Әбдікәкімұлы, Ақберен Елгезек, Ерлан Жүніс шығармаларындағы ұлттық құндылықтармен үндеспей жататын кейбір сарындар мен формалық ерекшеліктер соның көрінісі.

Оны заман ыңғайына қарай туындаған, жаңа бастамалар мен жаңа идеяларды танытуды мақсат ететін бұрыннан қалыптасқан өмір туралы философиялық ойларды қайта саралап, кейбір тұжырым пікірлерді теріске шығарушы жалпы өнер атаулыға тән сипат деп те қарастыруға болады. Әрине, қашан да болса жаңалық атаулы халық санасына бірден сіңіп, кірігіп кете қоймайды. Постмодернизмнің де ежелден келе жатқан ұлттық дәстүр мен ұлттық санаға қайшы тұстары жеткілікті. Сондықтан да көбінесе аталған ағымды қабылдау кей кездері дәстүрлі мәдениеттанушылар мен ғалымдар тарапынан мансұқталып, кедергіге ұшырап жатады.

Мысалы Ақбереннің «Фантасмагория» деген өлеңінде:

Шытырман түстер... ұлыған иттер дауысы  
Қинайды мені, көз іле қалсам түн іші.  
Ауаға тажал сурет сала береді,  
Сүп-сүйрік саусақ-қауырсын.

Шытырман түстер:  
құтырған иттер күлкісі,  
қосбасты аттар,  
төрткөзді қырдың түлкісі...  
Сапарға шықсам, қолыма ұстап басымды,  
Еңкілдеп жылап, қабір қазады бір кісі... [7, 20].

Бұл өлеңнің мазмұнын қарапайым халықтың қабылдауы қиын. Әсіресе, дәстүрлі мәдениетпен сусындаған жұртшылық үшін «иттің күлкісі» де, «қосбасты аттар» да, «төрткөз түлкі» де өзгеше таным, ерекше құбылыс ретінде бағалануы заңдылық. Бірақ әлемдік мәдениетте мұндай образдар қазір жеткілікті. Олар бастауын сонау грек мифтерінен алатын секілді.

Ал қазіргі поэзияда өзіндік орны бар жас талант иесі Ерлан Жүніс өзінің бір өлеңінде:

Сен мені көрмедім деші...  
– Түн бізді сатады бірде.  
– Өзінде бар ма оның өші?

- Гүлдер!
- Қуыршақ ойнайды өмір.
- Құстардан хат келмей жүр ғой!...
- Мұң деген – балқыған темір!
- Шыңғырып жіберер бірде Ой.
- Қабырға көрсетті тілін!
- Айнадан біреу тұр қарап!
- Тойлап жүр ол өлген күнін...
- Өзін-өзі тонап! – дейді [8, 82].

Лирикаға сюжеттің қажеттілі жоқ дейміз. Сюжетсіз де өлең бола береді. Бірақ мына өлеңде сюжет түгіл ойдың да, ақын қиялымен салған суреттің де жүйесі сақталмаған. Әр тармақтағы ой ағымы әртүрлі. Өлеңді тұтас оқығанда да белгілі бір идеяны ұстап, тиянақ ету қиын. Постмодернистік ағымға негізделген туындыларды басқа шығармаларды талдайтын ескі әдіспен талдап шығу да мүмкін емес. Өйткені онда ұйқас та, ырғақ та жоқ, дәстүрлі өлең жүйесіне тән өлшемдердің ешқайсысын кездестіре алмайсыз.

Посмодернист үшін әлем ақиқат құндылықтардан ада. Олардың пайымдауынша, аса маңыздысы – автор. Суреткерге ешқандай да жауапкершілік жүктелмейді. Оның кез келген идеалдардан бас тартуы ерлік деп саналады.

Әдебиет тарихында бағыттар мен топтар немесе поэтикалық мектептерді кезінде сыншылар өлтіре сынап, жерлеп тастаған кездері де болған. Ал солардың қатарынан кейін аттары әлемге танымал ақындар шыққан. Мысалы, В.Маяковский, С.Есениндер – сондай топтардың арасынан жарып шыққан дарын иелері. Сондықтан да заман талабына сай пайда болған кез келген бағыт пен ағымға баға бергенде абай болған дұрыс.

Қазіргі поэзияны оқып отырғанымызда тек қана діни тақырыптарға жазатын немесе керісінше шектен шыққан интимдік қылықтар мен эротикаға қалам тербейтін ақындардың да көптеп шыға бастағанын жоққа шығара алмаймыз. Бұрынғы классикалық дәстүрмен және соңғы постмодернистік бағыттарға еліктейтін шығармашылық тұлғаларды да топтап көрсетуге болатын секілді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін атамекенге, яғни Қазақ жеріне әр алуан тарихи жағдайларға байланысты шет елдерде өмір сүріп жатқан қандастарымыз келе бастады. Бұрын арада ешқандай

байланыс болмаған, басқа саяси ортада, кейбірі тіпті өзге формацияда өмір сүрген және соған ыңғайланып дағдыланған, дүниетанымдары да өзгере бастаған шет елде өмір сүріп жатқан қандастарымыздың елге оралуы да халқымыздың рухани жағынан толысуына, әдебиетіміз бен өнеріміздің құлашын кеңге жаюына әсер етті.

Олар қазақтың тәуелсіз елінің дамып, аяғынан тік тұрып кетуіне үлкен Отаншылдық рухпен кірісіп кетті. Шет елден оралған қазақтар тек экономикамыздың дамуына ғана емес, мәдениетіміз бен әдебиетіміздің, өнеріміздің өркендеуіне де барынша қызу араласып, өздерінің өзге жерде жүріп алған білімдері мен үйренген өнерлерін қазақ еліне әкелді, сол арқылы елімізді әлемге таныту жолында аянбай еңбектеніп жүр. Елге оралған қандастарымыздың арасынан шыққан музыка, спорт салаларында еңбек етіп жүрген әлемдік деңгейдегі майталман өнерпаздарды көптеп мысалға келтіруге болады. Ал әдебиетімізге келіп қосылған ақындар мен жазушылар да өздерінің шығармалары арқылы қазақтың мұңы мен сырын, тәуелсіз ел ретіндегі Отаншылдық рухын туғып көтеріп, әдебиетімізге жаңа бір леп әкелді.

Олар – өзінің сыршыл да нәзік лирикасымен өз оқырмандарынан жоғары баға алып жүрген талант иелері. Олар қазақ поэзиясын өздерінің Отаншылдық өр рухымен, атамекенге деген сағынышты сазымен байытты. Шет елден оралған қандастарымыз біздің поэзиямызды тіл жағынан, ой жағынан жаңа сапаға көтеріп қана қоймай, өздері де жергілікті ақындар шығармашылықтарымен таныса отырып, көркемдік-эстетикалық жақтарынан әлдеқайда өсті, өлең техникасын меңгеруде де биік белестерді бағындырды дей аламыз. Сонда да болса шет елде туып, атамекенде ержеткен ақындарға ортақ бір қасиет әлі күнге шейін сақталып келе жатқандай. Ол атамекенге оралғанымен кіндік қаны тамған жерге деген сағыныш, туған өлкені аңсау сарыны олардың кез келгенінің шығармаларынан да айқын аңғарылып тұрады.

Қазіргі таңда әнұраннан кейінгі орында ресми шараларда көп орындалатын патриоттық әннің бірі – Алмасбек Ахметбектің «Көк тудың желбірегені» [9]. Осы өлеңнің сөзіне ақын-сазгер Ермұрат Зейіпхан ән жазып, бүгінгі таңда балабақшадағы

балалардан бастап, күллі қазақ әнді сүйіспеншілікпен орындап келеді.

Көк тудың желбірегені  
Жаныма қуат береді.  
Таласқа түссе жан мен ту  
Жан емес,  
Маған керегі –  
Көк тудың желбірегені, –

деп, ақын айтса айтқандай, өскелең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелейтін өлеңнің тәуелсіздігіміздің мәртебесін асқақтатыны даусыз.

Нұрхан Сұлтанбайұлы Топанби 1961 жылы Алтай аймағындағы Жеменей ауданына қарасты Қаржау ауылында дүниеге келген. Поэзия әлеміне 1980 жылдары аяқ басқан ақынның алғашқы «Поэзия суреті», «Атан», «Оң қолымды жылан шағып» тәрізді жыр жинақтары Қытай елінің басылымдары арқылы оқырманына жетті. Қытай қазақтары ақындарының «Үкілі ырғайға» жинағына енген өлеңдері үздік туындылар қатарында бағаланып өз бағасын алған. 1997 жылы атажұртқа ат басын тіреген бауырымыз Оңтүстік Қазақстанға қоныс тепті. Жылдар бойы жырға айналған атажұрт ақынның шабытына шабыт қосты. Тәуелсіздіктің 10 жылдығына арналған жыр мүшәйрасында «Біз осындай» өлеңімен жүлделі орынды иеленсе, «Оңтүстік Қазақстан» газетінің «Желбірей бер көгімде көк байрағым» бәйгесінде бірінші жүлдеге қол жеткізді. Төлеген Айбергенов атындағы сыйлықтың лауреаты атанған ақынның кейінгі жылдары «Адасқақ», «Аралдағы жалғыз жан» атты жыр жинақтары шықты. Алғашқы жинаққа жазушы Толымбек Әбдірайым «Даланы сүйетін Нұрхан» деген алғысөз жазған екен. Онда ақын жырлары туралы Ханбibi Есенғарақызы, Сатыбалды Дулати мен Захардин Қыстаубаев тәрізді ақын-жазушылардың оң пікірлері келтіріліпті. Автор ақын поэзиясын талдай келіп мынадай қорытынды жасайды: «Бұл ғасыр қазақ әдебиеті айдынына шетелдегі Отандастарымыздың шығармашылық мөлдір бұлағын қосты. Бір-бірін толықтырып, күшейтіп, шуақтандырып, сәулелендіріп, дамытып отыратын әдеби дәстүр тәуелсіздіктің бізге сыйлаған асыл қазынасы, інжу маржаны! Өшкеніміз жанды, өлгеніміз тірілді деген осы!» [10, 8].



Иә, осылайша ХХІ ғасыр әдебиеті жаңа есімдермен, жаңа оқиғалармен толықты. Өз жырымен, өз үнімен келген ақын қазіргі қазақ поэзиясына өз үлесін қосты. Өзі өмір сүріп отырған бүгінгі қоғамның қол жеткізген жетістігі мен кері кеткен кеселді жақтарына бірдей көңіл аудара білген ақын жырларынан өмірдің күнгейі мен көлеңкесі қатар орын алған. Ол бірде шаттанып қуанса, енді бірде мұңға батып, тағы бірде қалың қайғының астында қалғандай әсер береді. Жеке басының емес, қалың қазағының бүгінгі мен болашағына алаңдайтын ақын жырларында әлеуметтік-психологиялық күйзеліспен бірге терең ойларға жетелейтін философиялық ой басым. Соның бірі – бүгінгі замандастарына қаратыла айтылған азаматтық лирика болса, енді бірі имани құндылықтарды насихаттайтын діни сарындағы жыр жауһарлары. Ақын жырларынан қаңтардың қалшылдаған аязында дүние есігін ашқан лирикалық кейіпкердің өмір жолын көру оңай («Бабалардан жалғасқан»). Мал шаруашылығымен айналысып, жылдың төрт мезгілінде қоныс аударып көшіп отырған қазақ халқы өз ұрпағын қыстың суығынан, шілденің аптап ыстығынан аман алып қалғаны, асыл әжелеріміздің перзентіне деген аналық мол мейірі жыр жолдарына негіз болған. Қазақ ұландарының бойына біткен өрлік пен ерлік жөргегінде жатқанда-ақ бесікпен ат үстінде тербелгенде берілгені анық. Жинақтың беташары ретінде берілген «Сапар» атты өлең жал-құйрығы жалтылдаған күрең қасқа тұлпар мінген лирикалық кейіпкер өмір айдынында адамзат баласына ортақ ардың ақ туын желбіретіп келе жатқандай әсер береді. Ар ілімі Абай мен Шәкәрімдерде жеткізіле жырланса, ХХІ ғасыр ақындары да мәңгілік құндылықтарға аса жауапкершілікпен қарауға тырысқан. «Исра» сүресінің 82-аятында «Құраннан иман келтіргендер үшін шипа және рахым түсіреміз» [11] деген екен. Оның негізі – имандылық деп түсінген ақын лирикалық кейіпкерін осы жолда сынға салады. «Халық» өлеңінде «Бір есімі Алланың – Аталады халық деп» келеді де, осы халықтың бүгінгі жай-күйінен хабар береді. Тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кетіп жатқан дүниенің халықтың несібесі екенін жадымызда ұстайтын болсақ, бейқам халықты алдап соғып, бір басып, екі асап жатқан замандастарымыздың қу тірлікте тоймайтын қанағатсыздығы көз алдымызға елестейді. Оны ақын:

Бейуаз халық, бей халық,  
Әбжыланнан құтылып.  
Боласың қалай сен қарық,

Айдаһарға жатсаң жұтылып! [10, 12] – деп образды бейнелеген. «Төрт құбылам» өлеңінде Алладан безген пенделердің өз ұстанымы болмай опасыздық жасап жататынын «Опасыздарға Отанын сату – Ойыншықтан да оп-оңай» дей келіп, Алланы танымайтындардың адамды тыңдамайтындығына көңіл аударады. Бүгінгі таңда материалдық құндылықтарымызбен бірге ар-ождан, ұят тәрзіді рухани құндылықтарымыздың да ақшаға бағаланып, аяқ асты болып жатқаны жасырын емес. Байлық пен атақ-дәрежені көздеген замандастарымыздың ашкөздігіне, тойымсыздығына күйінген ол Тәңірінен медет сұрайды. Ынтымақ пен бірліктің, тұтастық пен бүтіндіктің мәнін түсінбей, оның тоз-тозын шығарған пенделеріне күйінген ақын жұмақтың сатылмайтындығымен «Хақ Тағала сатпапсың ғой, Сатпапсың ғой. Жәннатты, Соныңа мың, соныңа мың шүкірлік!» деп өзін жұбатады. «Иманың – ұятың, Арыңның айнасы» деп түсінген ақынның лирикалық кейіпкері тарының қауызына бар ғаламды сыйдырған Хақ Тағала алдында дәрменсіз. Күннің беймезгіл күркіреуін пенделеріне жасаған ескертуі деп түсінген ол замандастарына ой салудан жалыққан емес.

Азаматтық лирикаларының қатарынан орын алатын «Адасқақ» өлеңінде ақын бүгінгі таңдағы қаракөз бауырларымыздың ана тілін ұмытып мәңгүрт күйге түсе бастағанынан шошиды. «Адасқаны сол емес пе? Қазақты қазаққа әкеп Тілмаштыққа салғаным» деген жолдар – қазақ тілінің ХХІ ғасыр басындағы мемлекеттік тіл мәртебесіне көтеріле алмай отырғандығының айғағы. «Мемлекет» өлеңінің де өзіндік айтары бар. «Қойшы да тоқты торымын, Қолынан бермес итқұсқа» деген жолдар біздің мемлекетіміздің бүгінгі атқарып жатқан қызметтері жөніндегі терең ойларға жетелейді. Өзін сол мемлекеттің тарамыстай созылған көк етіне балаған лирикалық кейіпкер Отанын сатқан опасыздарды кешіре алмайды. Себебі, ол үшін мемлекет – біздің тірегіміз. Сол бәйтерегіміздің өзегіне құрт түспеуін тілеген жанның жанайқайы Отанның оттан да ыстық екенін есімізге салады.

Ақынның Отан, туған жер туралы өлеңдері қазіргі қазақ поэзиясындағы осы тақырыпты толықтырып тұр. Мәселен, «Аманат мекен...» өлеңінде Отан-ананың қадір-қасиеті жан-жақты бейнеленген. Тәуелсіздік тұсындағы ел мен жерге деген көзқарас ақын жанын жаралағаны анық. Сондықтан да ол замандастарына:

Отансыз түйір дән де жұтылмайды,

Отансыз өткен өмір түтін-қайғы.

Отанын саудалаған сайқал патша,

Алланың қаһарынан,

Халықтың көз жасынан құтылмайды [10, 29], –

деген терең философиялық ой салады. Отанға деген құрмет, Отанға деген адалдық жастық балдәуренін сырт елде өткізген бауырларымыздың бойында осылайша асқақтап жатқаны куантады. Алланың бір есімі халық болса, Алланың құрығынан, халықтың көз-жасынан екі аяқты пенделердің қашып құтыла алмайтындығы рас. Ол жөнінде Йа-Син сүресінің 12-аятында: «Адамның: үйретілген ғылым, жарияланған кітап және жасалған қайыр құрылыстарының сауабы немесе қалдырған жаман өнегелерінің күнәсі; өлгеннен кейін де амал дәптеріне жазылып отырады», – деп жазылған. Кешегі атеистердің Алламен шаруасы болмауы мүмкін, алайда ғаламды жаратқан Жаратушының бар екенін бүгінгі таңда ғалымдардың өзі ғылыми тұрғыда дәлелдеп жатқаны аян. Осыған сүйенетін болсақ, ақынның аһ ұрып отырғаны – сол пенделердің санасына ой-түрткі болу. Өмірдің мәнін дүние-бокпен өлшейтін замандастарымыздың жер-суға қол салып, «қолынан келгендері қонышынан басып» жүргені жасырын емес. Алайда, «судың да сұрауы бар» екенін әрқайсымыз жадымызда ұстағанымыз жөн. Бұл да біз өмір сүріп отырған қоғамның қасіреті болса, сол қасіретке шипа іздеген қаламгер оның дәруменін Құран-кәрімнен іздейді, оған жауап та табады. Алланың аманатқа берген мекенін көздің қарашығындай сақтау – жер басып жүрген әрбір пенденің міндеті мен парызы болса, «аманатқа қиянат жасауға болмайтыны» да Құран-кәрімде жазылған. Кеңестік дәуір тұсындағы қазақ жерін бөлшектеу мәселесі көтерілген тұста қазақтың сүйікті перзенті, қоғам және мемлекет қайраткері Жұмабек Тәшеновтің үлкен ерлік көрсеткені тарихтан белгілі. Ақынның оны еске алуы шығарманың нақтылығы мен деректілігін арттырып тұр. Ол жөнінде академик

С.Қирабаев «Халық ұлы» деген мақаласында: «Қазақстанды бөлшектеуге бел шешіп кіріскен Н.С.Хрущев тың және тыңайған жерлерді көтеру кезінде құрылған тың өлкесін (Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Ақмола, Павлодар облыстарын біріктірген) Ресейге қосу, Шымкент облысын Өзбекстанға беру (мақта өндіруді бір жерге жинақтау деген сылтаумен), Маңғыстауды Түрікменстанға өткізу сияқты адам ойына кірмейтін идеяларды көтерді. Алдымен осы сылтаумен ол тың өлкесі мәселесін қойды. Оған ашық қарсылық айтқан бірден-бір азамат Тәшенев еді», – деген болатын [12]. Бұл мәселе ұлттық әдебиетте біршама көтерілгені мәлім. Д.А.Қонаев туралы үш жүзден аса өлең жазған ақын Р.Ниязбеков «Димаштың Юсупов Исмаилға айтқаны» деген өлеңінде: «Ислам ака, құда боп қыз берсе де, Қазақ бұрын көршіге жер бермеген», – деген болатын [13, 36]. Иә, ел мен жер мәселесі –ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан өзекті мәселе сондықтан да лирикалық кейіпкердің «Қара шаңырақ шайқалып кетер ме?!» – деп Қамыққаннан боламын Асан қайғы...» деуі орынды.

Ақынның келесі топтағы жырлары бүгінгі замандастарымыздың кері кеткен мінез-құлықтарын түзеуге арналған. Олардың қатарынан орын алатын «Ұмытшақтық» өлеңін тілге тиек етуге болады.

Арық таза болмаса, ағынды су ақпайды,

Ары таза адамды Алла өзі сақтайды.

Ат мінсе егер бір кедей, ешкімге де жақпайды,

Есек мінсе бір көпес, айналасы мақтайды [10,

32], – деген жолдарды оқып отырғанда Асан қайғының «Ой түбінде жатқан сөз, шер толқытса шығады...» деген философиялық өлеңі еске оралады. Ақын бір шумақ өлеңде «таза» сөзін тегіннен тегін екі рет қайталап отырған жоқ. Қоқысқа толған кір, лас арықпен параллель суреттелген адам жанының тазалығы философиялық ойларға жетелейді. Азған қоғам жөнінде «Анкабут» сүресінің 30-аятында «Рабым! Маған азғын қауымға қарсы медет бер» [14] – делінген екен. Сол секілді ақын да өзі өмір сүріп отырған қоғамның кесапатынан сақтандырады. Ойлы өлеңнің біздің замандастарымыздың бойындағы адами жұтандықты, қазіргі таңда етек алып кеткен жағымпаздық пен тоғышарлықты, сыбайлас жемқорлықты әшкерелеп тұрғаны

белгілі. Өмірі алдау мен арбаумен өткен қуларға тұз-дәмі таусылғанда топырақтың бұйырмауы замандастарымызға ой салса, нұр үстіне нұр. Бүгінгі кер заманнан шошынған ақынның:

Арымызға құрбан ғып жанымызды,

Жайнатып тірлік деген шамымызды.

Жер бетінде болмаған бұрын-соңды,

Жоғалттық-ау, осындай заңымызды! [10, 23] –

деген жанайқайының астында ұлттық құндылықтарға деген құрмет жатыр.

Жыр жинақты оқып отырғанда қазіргі қазақ поэзиясындағы дәстүр ұласуы ойға оралады. Оның біріншісі мазмұн мен түрге қатысты болса, екіншісі – мақал-мәтелдер мен халық әндеріне жан бітіріп, оларды қайта жаңғырту. Осындай мысалдардың қатарында «Жақсылардың кеудесі...» өлеңін атауға негіз бар. Ақын халық әнінен «Жақсылардың кеудесі – Алтын сандық», «Кілт болмаса сандықты Кім ашады» деген тәрізді мысалдар келтіре отырып, көкірек көзі жұтандарға налиды. Ал, «Мәжбүрсін» өлеңіндегі «Арқасында күріштің, Күрмек, сен де су іштің», «Бәрі әсем дейсін бе, Қыз жүгіндей жиылған» деген жолдар ақынның мақал-мәтелдерді қисынын тауып пайдалана білуіне мысал.

Ақын қаламынан туған шағын өлеңдер оның көңіл күй лирикасын танытса, толғауларға әртүрлі мәселелер негіз болған. «Қаратөбет» хақында» толғауын деректі толғау деп атағанына қарап, оның негізгі кейіпкері өмірден алынған адам екенін аңғаруға болады. Қазақ халқы адамдардың табиғи болмыс-бітімі мен мінез-құлқына қарап ат қоюға шебер. Ниетіне қарай «Қаратөбет» атанған жанның пиғылы оның атынан-ақ көрініп тұрғандай. Ол туралы «Жан серігі жауыздық», «Басқаларға қимайды, жақсылықтың қауызын», «Иттен асқан иттігі», «Түп күйесі қазанның, Бұдан қара емес-ау!..», «Ол пайданың жолында, Бит тереді жазықтан», «Атасының көрін де, Алтын үшін ақтарар» деген жолдар – Қаратөбет атанған пенденің бейнесін толықтыратын жанды образдар. «Жәнібек, Жәнібек» толғауы Ер Жәнібекке арналса, «Айға шағып мұңымды...» шығармасына сезім күйлері негіз болған. Сонымен бірге, ақынның Сапиолла Баяндинға арнаған «Аға жаным Алтайда...» очерк толғауы арнаулардың қатарынан орын алады.

Жинақтың «Жүрегім тағалы аттай тасырлайды...» деп аталатын бірінші бөліміне адам-қоғам жайлы философиялық өлеңдері жинақталса, «Қызды ауылдың қызығы таусылар ма» деген екінші бөлімге махаббат, табиғат лирикалары топтастырылған. «Шындық үшін шығандап» деген үшінші бөлімде азаматтық лирика басым болса, «Кеудем толы жер мұңы, жеткізуге жаралдым» деген төртінші бөлімге негізінен толғаулар жинақталған. Қазіргі қазақ поэзиясындағы махаббат лирикасын ақын «Махаббат тұзағы...», «Он сегіздің көзімен...», «Қызғалдақ», «Махаббаттың биігі», «Ақбота», «Сенің көзің», «Қабыл алсаң, қалқатай», «Кермаралдай кездерің», «Есінде ме», «Ғашықтықты кастерлеп» тәрізді сырға толы сыршыл өлеңдерімен байытты.

Н.Сұлтанбайұлының «Аралдағы жалғыз жан» [15] жинағына сыршыл сезімге құрылған лирикалары, толғауларымен бірге шағын және кең құлашты оқиғаларды арқау еткен баллада, поэмалары жинақталған. «Аралдағы жалғыз жан...», «Тарғыл дауысы талайдың» толғауларында елдік мәселелерді көтерген ақын «Айдаһар», «Тас-тағдыр», «Аманат» балладаларын шағын оқиғаға құра білді. «Жұрынды тондай сақтаған, Сенімнің жұрнағын», «Аралдағы жалғыз жанның Ойы құрттай құжынап», «Ер батқан жауыр ат – жағымпаз, Өмір өрінде барады қайқаңдап...» деген жолдардан лирикалық кейіпкердің аралда неге жалғыз қалғаны байқалады. «Айдаһарға» атадан балаға жеткен ертегі негіз болса, «Тас тағдыр» балладасынан лирикалық кейіпкердің ғұмыр бойы тағдыр тәлкегіне ұшырап, тас қоғамдағы қаратас тағдырына кейіп, жанға медет болар дауаны Алланың ақ жолынан тапқанына куә боламыз.

Оның «Дырау қамшы», «Оң қолымды жылан шағып», «Анаға тағзым», «Кеңістік кемесінде», «Жол» поэмалары – қазіргі қазақ поэмасын мазмұны жағынан толықтыра түскен туындылар. «Оң қолымды жылан шағып» поэмасында оң қолын жылан шағып, солақай болған лирикалық кейіпкердің жан күйзелісі ертеде жыланның уын қайтаратын діни сауатты молдалардың арамызда қалмағанынан хабар берсе, «Анаға тағзым» – лирикалық кейіпкердің өмір жолын толықтыратын туынды. «Адамның басы – Алланың добы» деген аталы сөзге жүгінген ақын Алтайдан шекара асып келіп, Қазығұртты мекендеп жатқан лирикалық кейіпкердің туған ана, туған жерге деген сарғайған сағынышын шынайы

бейнелеген. Поэма белгілі бір оқиғаға құрылмағандықтан оны лирикалық поэманың қатарына қосуға негіз бар.

Бүгінгі қазақ поэзиясында діни тақырыпта жазатын ақындар да бір шоғыр болып қалды. Олар мына дүниенің сырын, ақиқат шындықты ғылымнан емес, өздері таныған Ислам дінінен тауып, сол арқылы көптеген адам өміріне қатысты сұрақтарға жауап іздейді.

Әдебиет, жалпы мәдениет дінмен тікелей байланысты ұғым, оның өзі сол діни таным-түсініктердің бөлшектенуі мен дамуының нәтижесінде пайда болған. Кез келген дінді трансценденттік (адам санасынан тыс пайымдау) жүйемен ғана түсіндіруге болады. Дін мәдениеттер жүйесінде идеал жасаушы фактор, дәстүрлер жиынтығы ретінде қызмет етеді. Бірақ қай кезде болмасын діннің ауытқушылыққа ұшырағанын, бұрмаланғанын, жалған мазмұнда таралуын шынайы, таза діннен ажырата білген жөн.

Діннің әлсіреуі бүкіл мәдениет атаулының ағзасының әлсіреуіне әкеліп соқса, оның жаңаруымен бірге мәдениеттің жаңа тынысы ашылады, ал діннің дағдарысқа ұшырауынан, жалпы қоғамның дін ықпалынан алшақтай бастауынан, «онымен салаласа жүретін мәдениет те өз тіршілігін тоқтатады: саяси, экономикалық бірлестіктер де құрдымға кетеді» [16, 16-17]. Дінді теріске шығарған кеңес өкіметінің жетпіс жыл ғана өмір сүріп, ыдырап, тарап кетуінің де негізгі себебі осында жатса керек. Дін әлемдік тарихтың мазмұнын құрайтын күрестер мен өзара қатынастардан тұратын мәдени-тарихи түр ретіндегі өркениеттерді жандандырады. Мәдениет те, өркениет те шынайы мағынасында «алғашқы қауымдық құрылыстан қалған қарапайымдылық пен жабайылықты жою», «халықтардың адамға айнала бастауы» дегенді білдіреді [17, 144]. Басқаша айтқанда, адамдар өздерінің ақыл-ойы мен адамгершілік қасиеттерінің арқасында табиғатқа шексіз билік жүргізіп, жаратылушыдан жасампаздыққа көтерілгенін, адамзат баласы санасының түбірімен өзгергендігін көрсетеді.

Дін кез келген мәдениеттің түпқазығы бола алады. Сондықтан да мәдениет көрсеткіштерінің басты салаларының бірі болып саналатын әдебиет те діннен алшақ бола алмайды. Олай болса, еліміз тәуелсіздік алысымен атадініміздің ерекше қарқынмен халық арасына тарала бастауы, діни көзқарастардың

калыптасып, оның әдебиетімізде, соның ішінде поэзияда көрініс табуы заңды құбылыс болып саналады.

Поэзияның басты мақсаты – өмірді көшіріп бейнелеу ғана емес, сонымен қатар ақиқат шындықтың жоғары идеялары мен жақсылықтың мәңгілік екенін адамзат баласының санасына сіңіру. Осындай қасиетімен-ақ поэзия өмірдің мәнін ашып бере алады, ұмтылыстарымыз бен жүрек қалауымен болатын құштарлықтарымыздың сырын ашып, айнала қоршаған ортаға ой көзімен қарауға үйретеді. Поэзияның таным тарапында көтеріп жүрген жүгі жеңіл деп айта алмаймыз: ескіден келе жатқан тарихи өсиеттер, көне дәуір аңыз-әпсаналарындағы сюжеттік желілер, адамзат баласының ғылым мен философия арқылы қол жеткізген ақиқат шындықтары, өнер образдары, табиғат ғаламаттары мен адамның ішкі жан дүниесінің сыр-сипаты поэзияның қайнар бұлағы болып саналады. Осы тұрғыдан келгенде көркем шығармашылықтағы діни элементтердің мәні мен маңызы туралы ғалымдар ерте кездердің өзінде-ақ оң бағасын беріп кеткен. Дінді адамдардың ақиқат шындықты тануы мен өмір сүру дәстүрінен бөліп қарауға болмайды. Сондықтан да соңғы жылдары қазақ поэзиясында жеке ағым ретінде қалыптасып келе жатқан діни поэзия да қазақ поэзиясының құрамдас бір бөлігі болып саналады. Регрессивті сипатынан арылған діни көзқарас қысқа уақыт аралығында халық санасына түбегейлі орнығып, өмірлік маңызы зор идеялық құбылысқа айналды. Жетпіс жыл бойы бұғауда болып келген ислам діні қазақ елі тәуелсіздік алысымен-ақ қоғамда үлкен сұранысқа ие болды. Халық сол дін арқылы өз тамырын, тарихи жадын қалыптастыруға ұмтылды. Жер-жерде мешіттер ашылып, діни оқу орындары көбейді. Көптеген жастарымыз мұсылмандықтың кіндігі болып саналатын араб елдеріне барып білім алып, шындалып қайтты. Елдегі жастар да өздері ізденіп, ата-бабалары ұстанған діннің қилы-қилы ілімі қағидаларын үйреніп, оны әр алуан ортада талдап, талқылап жатты. Әрине, олардың арасында кейде адасып, белгісіз ағымдарға еліктеп, солардың жетегінде кеткендер де болды. Қалай десек те, Ислам біздің ата дініміз болғандықтан ол әдебиетіміз бен өнерімізде, жалпы мәдениетімізде өз ізін қалдырмай тұра алмасы белгілі.



Тағы бір мәселе, біз исламды қалай жырлап жүрміз? Аталған тақырыптардағы көптеген лирикалық шығармаларды саралай келіп, қазіргі ақындардың діни қағидалар мен тәмсілдердің сыры мен сипатын ашуға, мына дүниедегі құбылыстардың сырын мұсылмандық пайым-түсінік арқылы жеткізуге тырысып жүргенін аңғарамыз. Діни философия ол тек бірді-екілі ақындардың меншігіндегі нәрсе емес, сондықтан да оған назар аударып, өздерінің ой пікірлерін қосып жүрген ақындар баршылық. Кейбір ақындарда ол саусақпен санарлық қана болуы да мүмкін. Бірақ сондай шағын шығармалардың өзінде адам болмысы, оның имандылық сипаты жан-жақты көрініп қалып жатады. Темірғали Көпбаев өзінің «Алла берді» деген лирикасында:

Өмірінді кім берді?

Алла берді,

Сеніміңді кім берді?

Алла берді.

Иманыңды кім берді?

Алла берді?

Дидарыңды кім берді?

Алла берді.

Уақытыңды кім берді?

Алла берді.

Бақытыңды кім берді?

Алла берді.

Бәрін, бәрін төтелеп

Алла берді.

Ар құнымен өте деп жалға берді [18, 213].

Мына дүниеде сұраусыз ештеңе де жоқ екен. Барлығы да өлшеулі, санаулы, есептеулі. Саған бақыт берсе оның да өтеуі болу керек екен. Олардың бәрі де ар құнымен өтелуі тиіс екен.

Ең жоғары сұлулық, адамзат санасында орныққан ең биік әсемдік – ол Аллаға деген сүйіспеншілік, жаратушыға деген шынайы махаббаттан туындайды. Егер поэзия сол сезімге қозғау сала алса, онда оның әсері мәңгілік болмақ. Ақын сол ақиқат шындықты тану жолында өзінің білімі мен сезімін жарқырата көрсетері сөзсіз. Қазіргі қазақ поэзиясында өзінің талантымен көрініп жүрген жас ақындарымыздың бірі Қалқаман Сарин «Мадақтап мінсіз Алланы» деген өлеңінде қоғамда болып жатқан

әр алуан келеңсіз істердің барлығы да жаратушымыз Алланы танымаудан, өмірдің өтпелілігін ойламаудан дейді.

Шығармашылығы жоғары ақиқат шындықпен байланыстағы ақындар ғана өлеңдерінің өздерімен бірге өлмейтініне, өзінен кейінгі ұрпақтар санасында мәңгі жасайтынына сенеді. Ондай ақындардың жолдары да ауыр болып келеді. Олар өздері ғана танып біле алатын, өздері ғана нәзік сезім мүшелері арқылы ести алатын былайғы көпшілікке көп таныс емес Жаратушының сездірген құпия құбылыстарының сырын шығармашылық талантымен өлең арқылы жұртқа жеткізуге тырысады.

Жер бетіндегі нала сұмдықтың,

Қасіреттердің көптігі...

Олардың бәрі жанашырлықтың,

Жанашырлықтың жоқтығы! [19].

Ең жоғары сұлулық, адамзат санасында орныққан ең биік әсемдік – ол Аллаға деген сүйіспеншілік, жаратушыға деген шынайы махаббаттан туындайды. Егер поэзия сол сезімге қозғау сала алса, онда оның әсері мәңгілік болмақ. Ақын сол ақиқат шындықты тану жолында өзінің білімі мен сезімін жарқырата көрсетері сөзсіз.

Шығармашылығы жоғары ақиқат шындықпен байланыстағы ақындар ғана өлеңдерінің өздерімен бірге өлмейтініне, өзінен кейінгі ұрпақтар санасында мәңгі жасайтынына сенеді. Ондай ақындардың жолдары да ауыр болып келеді. Олар өздері ғана танып біле алатын, өздері ғана нәзік сезім мүшелері арқылы ести алатын былайғы көпшілікке көп таныс емес жаратушының сездірген құпия құбылыстарының сырын шығармашылық талантымен өлең арқылы жұртқа жеткізуге тырысады.

Жаттайын тынбай аят-сүрені

Мадақтап Мінсіз Алланы.

Ойсыз күндерден, оятшы мені,

Әдіре қалсын қалғаны, – деп толғанады автор

[19, 17].

Тәуелсіздік тұсында жарық көрген жыр жинақтарды қарап отырғанда қазіргі поэзиядан үлкен орын алатын діни сарындарды ерекше атау керектігіне көзіміз жетті. Кеңестік дәуір тұсында қол үзіп қалған ұлттық әдебиеттегі дәстүр еліміз егемендік алған соң, дінімізбен бірге жалпыадамдық құндылықтар мен мәңгілік

мұраттар көркем әдебиетке қайта келді. Бұл жылдары ақын-жазушылардың барлығы дерлік имандылыққа бет бұра бастағандықтан, олардың арман-аңсарлары туындыларынан да көрініс тапты. Ал, ақындардың ішінен діни тақырыпта көп жазатын Қ.Елемес пен Д.Байтұрсынұлы есімін атау ләзім. Себебі, бұл ақындар замандастарына ой салуда, имани сөз айтуда өз қолтаңбаларымен ерекшеленді. Осы уақыт аралығында Қ.Елеместің «Жұлдызды түн», «Жетінші аспан», «Жарық», Д.Байтұрсынұлының «Күнәсіз мекен», «Топыраққа сіңген нұр», «Мәңгілік мекен», «Ләтипа лүпілі», «Сенің арқаң» атты жыр жинақтары шықты.

Құл-Керім «Рас» деген өлеңін былайша бастайды:

Бисмиллаһир-Рахманир-Рахим!

Хақкым, Сені жырлап өту – мұратым!

Жыр бер Өзің,

Нұр бер Өзің жырыма,

Құлың ем ғой жырдан тапқан мұратын?! [20, 3].

Егер көңіл-күйдің шынайылығын, әуеннің асқақтығы мен сезімнің тазалығын тек көркем шығарма ғана жеткізе алады десек, онда оның элементтері негізінен діни сипаттағы шығармаларда жиірек кездесетінін жоққа шығара алмаймыз. Діни сюжеттер поэзияның дамуы үшін өте керек, өйткені онда адамдар арасындағы имандылық пен қайырымдылық, ақаусыз әлем мәселесі барынша таза күйінде көрініс табады.

Ақынның «Жарық» жинағын парақтай отырып, оның мына пәни дүниеге көзқарасын, танымы мен пайымын танығандай боламыз. Сонымен, дін тақырыбы да қазақ поэзиясына жетпіс жылдан соң қайта келіп қосылған үлкен тақырыптардың бірі. Хадистерден алынған үзінділерді эпиграф етіп алған ақынның сөз басын «Бисмилләһир-Рахманир-Рахим!» деп бастауы орынды. Осының өзі-ақ бастаған істің сәтімен болатындығына мегзейді:

Бисмилләһпен көзімді аштым – көр екем!..

Бисмилләһсыз «төр» дегенім «көр» екен!..

Бисмилләһпен екі әлемімді анықтап,

Бисмилләһпен кірді қашқан берекем!.. [20, 3].

Осылайша бірде өлең жолының басқы сөздері қайталанса (анафора), енді бірде өлең жолының соңғы сөздері қайталанып келеді. Бір сөзді әр тармақта қайталау арқылы ол оқырманның

көңілін сол сөздің астарына үңілуге шақырады. Ақын шығармаларында қайталаудың алғашқы түрі көптеп кездеседі. «Ең жақсы сөз» өлеңінде ұйқастың екінші түрін қолданған:

Дүниенің бар болуы – Ләә иләәһә илаллаһ.

Тілеулердің нар болуы – Ләә иләәһә илаллаһ.

Дүниенің жақсы сөзі – Ләә иләәһә илаллаһ.

Ақиқаттың нақты сөзі – Ләә иләәһә илаллаһ...

[20, 12].

Отыз тармақтан тұратын өлеңнің жиырма сегіз жолы осы үлгімен берілсе, соңғы «Адам, сені шақырамын «осы сөзді айт, тыңда!» деп, Осы сөзсіз, адам саған, екі әлемде дым да жоқ!..» деген екі тармағы адамзат баласына үлкен ой салып, осы сөздер арқылы оларды имандылыққа шақырып тұр. Келтірілген мысалдардан көріп отырғанымыздай ақын жырларының негізгі лейтмотиві – Аллаға құлшылық, Аллаға мінәжат. Ақын поэзиясындағы осындай ерекшелігі жөнінде А.Әбдірасілқызы: «Оның мінәжаттарының өзі еркіндігімен, ерік күшінің, жігерінің молдығымен ерекшеленеді. Бұл – сопылардың парасатты көнбістігінен де өзгерек, махаббат пен парасаттың шарпысуынан туған бір сезім», – деген болатын [20, 302].

«Сатқын», «Азғын», «Саңырау», «Ұры» тәрізді өлеңдерге дінінен айырылған адамзат баласының азғындаған тіршілікке тап болатыны негіз болса, «Құран», «Кәлима», «Дін», «Сен ғана барсың», «Хақ діні», «Хақсыз» өлеңдерінде одан құтылудың, ақ жолға бет бұрудың қажеттілігі баса айтылған. Қазақ ақындарының басынан өткерген қилы тағдырларын тілге тиек еткен ақын «Оғлан» өлеңінде бар мадақ атаулының Хаққа ғана тән екенін айта келіп, «Оянса бауыр, Иншаллаһ, таниды бауыр бауырын!» деген түйін жасайды. XX ғасырдың жиырмасыншы-отызыншы жылдарындағы жаппай қудалаудың дінсіздердің қолымен жасалғанын есімізге алатын болсақ, автордың қазақ баласымен бірге адамзат баласын ақ жолға шақыруы құптарлық. «Қолқасына өзі қол салумен өзіне ылғи қылды азап», «Қыранын қалың қарғаға қансоқталата шоқытқан» деген бейнелі тіркестер өткенімізден хабар берсе, «Рухтан алса ұлысың жарасын жанға емдетпес» деген жолда болашақ туралы ой басымдық алған. Адам баласы дін жолына, ақ жолға түскенде ғана бойына көркем мінездерді жинақтай алатыны өмір шындығы. Қазіргі таңда өзіміз өмір сүріп

отырған қоғамда болып жатқан неше түрлі жантүршігерлік оқиғалардың: баланың ата-анасынан безіп, қарттар үйіне тапсыруының, баласынан безген көкек аналардың шараларын әртүрлі жағдайларда тастап кетуінің салдарынан қарттар мен балалар үйінің жыл санап өсіп келе жатуы замандастарымыздың көрсоқырлығынан Жаратушысын ұмытып, пенделікке бой алдыруынан болып жатқан сорақылықтар екені белгілі. Осындай келеңсіздіктердің бірі – харам істерге, ішімдіктерге құмарлық. «Қылау» өлеңінде аузына Алланы алудың орнына, аузы ащы судан босамайтын, ісінің берекесі жоқ жандардың жер басып жүргеніне күйінген автор оларға тілінді кәлимаға келтір деген тілек айтады. Ондағы мақсат – Ислам дінінің құндылықтарын бойына жинақтаған адамның ешқашан ешқандай жаманшылыққа бармайтындығын насихаттау. Осылайша ақын өзі өмір сүрген қоғамның келеңсіздіктеріне жаны күйіне, жабырқай қарайды. Бұл ащы болса да, бүгінгі егемен елдің шындығы. «Қасас» сүресінің 21-аятында «Раббым, мені залым қауымнан құтқара гөр» [ 20] – делінген екен. Ал, ақын бұзылған адам мен қоғамды түзеу мақсатында оқырманын Хақ тағаланың ақ жолына шақырады, бар мадақ бір Аллаға ғана тән екендігін санамызға сіңіреді. Сондықтан да ақынның бұл өлеңдерін ұлттық әдебиетте бұрыннан келе жатқан мінәжат өлеңдердің қатарына қосуға негіз бар.

I.Жансүгіров поэзиясын зерттеу барысында М.Дүйсенов мынадай тұжырым жасаған болатын: «I.Жансүгіров дәл, толымды (точные рифмы) және дәл емес, толымсыз (неточные рифмы) ұйқастарды мол пайдаланады. Бұл қазақ поэзиясында ең кең тараған, жиі ұшырайтын ұйқас түрлері. Ілияс поэзиясына тән ұйқастың бірі – күрделі ұйқастар (сложные рифмы). Ұйқастың бұл түріне халық әдебиетінде мол тараған – қоссөзді, қайталау ұйқастар жатады. Ондай үлгі Ілияс поэзиясынан да көптеп кездеседі» [21, 49]. Ғалымның осы пікіріне сүйенетін болсақ, Қ.Елемес те қазақ әдебиетінде қалыптасқан толымды, толымсыз ұйқас түрлерін пайдалануда әдебиеттегі дәстүр жалғастығын сақтап отырған. Мәселен:

Иманды ұлт адам атын ұрандамас,  
Түсінген қыран құлқын қырандамас.  
«Аллаһ» деп, Аллаһынан бақ тапқан ел,

Хақ жолдан бұра тартып бұрандамас [20, 93], – деген үзіндідегі «ұрандамас», «қырандамас», «бұрандамас» деген сөздер дәл, толымды ұйқастардың түріне жатса, келесі «Білдіру» өлеңіндегі мына сөздер күрделі ұйқас түріне жатады.

Иманды адам нәпсісін өзіне құл етеді,

Имансыз адам нәпсісіне өзі құл болады.

Иманды адамға нәпсісі өзі қызмет етеді.

Имансыз адам нәпсісіне қызмет етеді [20, 208], – деген өлең жолдарындағы «құл етеді», «құл болады», «қызмет етеді» деген тіркестерді күрделі ұйқас түріне жатқызуға болады. Себебі, мұндағы «етеді», «болады» етістіктері келер шақтық мағына үстеп тұр. Осы шумақтағы «иманды», «имансыз» адамдарды бір-біріне қарама-қарсы қою арқылы олардың болмыс-бітімі нәпсілері арқылы бейнелеген. Бір шумақта «иманды», «имансыз» сөзін екі рет, «өзі» сөзін үш рет, «адам», «нәпсі» сөзін төрт рет қайталау арқылы оқырман ойын осы сөздерге аударған ақын жақсылықты да, жамандықты да өз нәпсімізден табатындығымызбен ұштастыра суреттеген.

Жыр жолдарын оқып отырғанда ақынның Аллаға деген шексіз махаббаты «Сүю», «Сен», «Махаббат па?», «Махаббат гүлі» тәрізді өлеңдерінен анық байқалады. Аллаға қаратыла айтылған мадақ өлеңдерді әдебиеттану ғылымында мінежат өлеңдер деп атайды. Оның айтып отырған махаббаты екі адам арасындағы сүйіспеншілік емес, пенде мен Жаратушы арасындағы шексіз сүйіспеншілік. «Асығың – Аллаһ, Хаққа асық, Арыңмен Оны, ал, мақта. Аллаһың ғана жақтасып, Жеткізетұғын Жәннатқа!» деген жолдарды оқып отырғанда қазақ әдебиеті тарихында «сопылық поэзия» деп айдар тағылған діни сарындағы әдебиеттің бүгінгі ХХІ ғасырдағы заңды жалғасын танимыз. Алланы тану, оның ақ жолын тану жолындағы ақын шығармаларын: «О бастан ақын боп туған Құл-Керім Елемес он сегіз мың ғаламның Иесіне иіп сөйлегенде оның әр жолы, әр шумағы нұрға малғандай көңілге салтанат-шуағын шашыратады», – деп бағалайды діни сарындағы өлеңдер жазып жүрген ақын М.Райымбекұлы [20, 302].

Жаратқанға деген кіршіксіз махаббат – ақын өлеңдерінің негізгі өзегі. Ол Жаратқан, ауа, су, дін, Құран, Отан біреу екеніне көңіл бөлу арқылы соңғы елшінің, яғни Мұхаммед пайғамбардың

да біреу екендігін жадында ұстап, жалпыадамдық құндылықтар арқылы Ислам дінінің мәңгілік мұраттарын насихаттайды. Ақ жолдан азғырушы ібіліс-шайтандардың болатынын оқырман есіне салған ақын Шұғара сүресінің 222-223-аяттарынан мысалдар келтіріп, шайтанның азғыруына еретіндердің Алланың шарапатынан айырылып қалатынын түсіндіреді, ол туралы өз тұжырым-түйіндерін «Дінінді ұста, Дініңмен тый дінсізді. Жамандықтың кара қанын құстыр да» деп поэзия тілімен бейнелі сөйлетеді.

Әдебиетіміздегі діни поэзияның кемі он ғасырлық тарихы мен қалыптасқан өзіндік дәстүрлі жүйесінің бар екені белгілі. Ал исламдық құндылықтардың қазақ даласына кең таралып, берік орнығуы жолында сөз шеберлерінің қосқан үлесі орасан. Құран Кәрімдегі: «Сендердің араларыңда жақсылыққа (қайырлы іске) шақырып, құптағанға бұйырып, тыйым салынғаннан қайтаратын бір топ болсын. Міне, солар – мұратына жетушілер» (Әли Имран, 104), - деген аяттың астарында әрбір мұсылман баласының арсыздық атаулыға қарсылық жасап, жақсылық атаулының жайылуына ұмтылуы тиіс екені айтылады [22, 73]. Қасиетті Құранның аталмыш аятын өмірінің өрнегіне балаған сөз ұстаған тұлғалар өз шығармашылығы арқылы да ізгілікті жұртқа жаюды мақсұт тұтты. Тіпті, бұл көптеген ақындардың басты өмірлік миссиясына айналды деуге негіз бар. Ұлттың рухани құндылықтарының дені діни-мәдени бастауларға барып тіреледі. Қоғамдағы құндылықтар жүйесін қалыптастыруда Ислам дінінің орасан ықпалы болды десек, оны орнықтыруда көш бастаған – ақындар, сөз шеберлері. Араб-парсы тілдеріндегі негізгі сюжеттік желіні далалық ділдің қалпына түсіріп, одан әрі көркемдеп дамытқан, байытқан ақындар қазақ жерінде исламдық құндылықтардың тереңірек тамыр жаюына, халықтың діни сауатының артуына айрықша әсер етті әрі олардың құрмет-беделі де дін үйретуші имам-молдалардан әсте кем болған емес. Тіпті діни сала өкілдері – имам-молдалар еңбегіне қарағанда сөз шеберлерінің қызметі әлдеқайда салмақты әрі жемісті болды деуге болады. Өйткені, көбіне көшпелі тұрмыста күн кешкен халық үшін қарапайым қара сөзден гөрі өлеңмен өрілген өсиеттің әсер-ықпалы айтарлықтай күшті болатыны ақиқат. Осыны ескерген дін мамандары да өлең-жырды халықтың ой-санасына сәуле түсірудің

ен үздік құралына балаған. Төл әдебиетіміздің теориясын жасаған Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты кітабында былай дейді: «Қазақтың өлеңді сөзді сүйетін мінезін біліп, дінді халыққа молдалар өлеңмен үйреткен. Шарттарын, шариғат бұйрықтарын өлеңді хикая, өлеңді әңгіме түрінде айтып, халықтың құлағына сіңіріп, көңілдеріне қондырған» [23, 305].

Сөйтіп, ұлттың рухани әлемінде бой көтерген діни-мәдени, дәстүрлі-ғұрыптық институттар өлең-жыр арқылы қалыптасты. Бұл – қазақтың ұлттық болмысын өзге халықтардан айырып тұратын айтулы ерекшеліктерінің бірі.

Діни поэзияның өзі әр кезеңде әр қырынан көрініп, түрлі сипатта дамып отырды. Оның мазмұндық-құрылымдық қалып-күйіне әртүрлі әлеуметтік-саяси, тарихи-психологиялық факторлардың да әсер еткенін жоққа шығаруға болмайды. Өйткені, қоғам тынысының ізі сөз өнерінде кескінделіп жатты. Орта ғасырларда таза дидактикалық бағытта дамыған діни поэзия жыраулар толғауларында ерлікті насихаттаумен, XIX ғасырдағы зар заман әдебиеті өкілдерінің шығармашылығында мұң-қайғы араласқан ызалы кескінмен, Абай өлеңдерінде терең интеллектуалдық тәпсірлеумен, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында өмір сүріп, «кітаби ақындар» айдарымен аталып кеткен бір шоғыр өлеңдерінде елді ағарту, оқу-білімге талпындыру сынды мәселелер төңірегінде көрініс тапты. Бұл – замана алға тосқан сан түрлі сынақтардың бәрінен Исламдық құндылықтарды қалқан етіп өтудің амал-қарекетін жасағандық. Ұлт өзінің тұғырына қайта қону үшін ата дәстүрі мен асыл дініне жүгінуге мәжбүр. XIX-XX ғасырда діни-ағартушылық ағымның қарқынды дамуына сол кездегі ел мен жердің отарлану саясатының үдей түсуі әсер етті деп ойлаймыз. Егер біз қазақ руханиятындағы ағартушылықтың бітімін бүтін қалыпта тануға талаптансақ, міндетті түрде оның астарында Ислам құндылықтарының жатқанына куә боламыз. Ал керісінше, Ислам құндылықтарына үңіле қалсақ, оның өзегінде ағартушылықтың негіз боп қаланғанына көз жеткіземіз. Шығыс халықтары үшін, түркілік таным үшін ағартушылық пен Ислам – мәнделес, ұштас, ұқсас ұғымдар. Түркілік ағартушылықтың Батыс әлеміндегі ағартушылықтан басты өзгешеліктерінің бірі осы болса керек-ті. Батыста ағартушылық үдерісі діни санадан арылу арқылы, ал



шығыстық-түркілік рухани кеңістікте діни санаға оралу арқылы жүргенін байқауға болады. Яғни қазақ оқығандары ұлтты ұшпаққа жеткізуде өнер-білім, ғылым мен дінді бөле-жара қарауға болмайтынын қаперде берік сақтады. Белгілі әдебиеттанушы-ғалым Дихан Қамзабекұлы өзінің «Алаштың рухани тұғыры» атты еңбегінде былай дейді: «Қазақ әдебиеті тарихы исламды даттаған бірде-бір әпсананы, дастанды, хикаятты білмейді (біз әдейі араб негізді әдеби терминдерді қолданып отырмыз). Сонда бұл құбылысты қалай түсіндіреміз. Бірінші, жүйесіз мәжуси мен дүниеге көзқарасы бар жүйелі дінді салыстырыңыз. Екінші, «табиғатты тыңда» деген түсінік пен «ағар, оқы, тазар» деген түсінікті салмақтаңыз. Дені дұрыс адам дін мен ағаруды қалайтындығы дау болмаса керек» [24, 38]. Мұның бәрі де қазақтың ақыл-ой тарихындағы дінисламның алар орнының аса зор екендігінен хабар берсе керек.

Алайда, имперлік мүддені бәрінен үстем санайтын әміршіл жүйе тұсында санаулы тақырыптар қатарында діни поэзияға да бұғау салынды. Елдік пен ерліктің бастауы боп есептелетін әрі мәдени-рухани бостандыққа апаратын «қауіпті» тақырыптар тарих сахнасынан ғасырға жуық мерзімге аластатылды. Біз бодандық қамытын киген 70 жыл нәубетке толы кезең дегенімізбен, жүздеген жылдар бойы қалыптасып дамыған діни институттар біржола жойылып кетпеді. Әрине, тарих үшін бұл бір сәттік айтулы, азапты мезет қана. Аз уақыттық тоқтам-тыйымнан соң Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда діни поэзия қайта жанданды. Халықтың өлгені тіріліп, өшкені жанды. Ұлт руханиятында болмашы белгісі ғана қалған санаулы тақырыптар енді жаңа леппен, жаңа сипатта көріне бастады. Әсіресе, жас ақындарымыз осы тақырыпты көбірек қаузауға құштар. Исламдық ой-сана бастауы болып табылатын Құранда «Ақындар» деп аталатын арнаулы сүренің болуы діни санада ақындық өнердің, сөз өнерінің қаншалықты салмақты рөл ойнайтынын аңғартса керек.

Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихын қазбаламай-ақ, бертінгі жылдарды есепке алғанның өзінде бірқатар ғалымдарымыз осы тақырыпты қаузап, әдебиетіміздегі діни мотивтердің сыры мен сипаты жайында арнайы зерттеулер жазды. Бір жағынан, советтік кезеңде бұл тақырыпты зерттеуге көп адамның батылы бармады. Бұғауланған тақырыпты зерттеуге де

жол жабық етін. Дегенмен, егемендікке қол жеткізгеннен кейін діни-ағартушылық ағым өкілдерінің шығармашылығы ғылыми қауымның арнайы зерттеу нысанына айналып, көптеген зерттеулер жазылды. Жаңаша зерделенді. У.Қалижанов, Ұ.Байбосынова, Ф.Жұмажанова т.б. сынды белгілі әдебиеттанушы-ғалымдар диссертация қорғаса, Т.Кәкішев, Р.Нұрғали, Ө.Күмісбаев, Т.Тебегенов, Б. Әбдіғазыұлы сынды ғалымдар осы тақырыпты арқау еткен көптеген мақалалар жариялады. Бұл тақырып әлі де толыққанды қаузалып бітті деуге келмейді. Қазақ әдебиетіндегі діни мотивтерді жаңаша көзқарас аясында зерттеп-зерделеу ісі әлі де жалғасын табады деп ойлаймыз.

Шығармашылығында діни сарынның бояуы бірден көрінетін ақындар қатары артпаса, кеми қоймас енді. Бүгінгі діни поэзия өкілдері – ғасырлар бойы қалыптасқан діни-мәдени дәстүрдің заңды жалғастырушылары. Қазіргі ақындар ішінде діни поэзияға соқпай кеткендердің қатары тым аз, тіпті жоқтың қасы. Басты бағыты басқа болғанымен, діни сарында жазылған өлеңін табу қиынға соқпайды. Қ.Елемес, Д.Байтұрсынұлының қатарында С.Нұржан, С.Қалиев, М.Тазабеков, С.Хасан, С.Сейітман, Е.Жүніс, А.Елгезек, А.Темірбай, Қ.Сарин, А.Қалшабек, Қ.Шарманов, Б.Әліқожа т.б. ақындарды да атай аламыз. Бұл ақындардың шығармашылығындағы діни бояу бірінде қалың, бірінде аз болғандықтан, әрқайсысы әртүрлі машыққа ие. Сайып келгенде, ақындарымыздың өлеңдері әртүрлі формада, әртүрлі жазу машығында болғанымен, олардың түпкі мақсаты бір жерге тоғысады. Ол – адамды адами қалыптан айырмау. Абай айтатын толық адам концепциясының шеңберінен шықпауға үгіттейді. Нәпсі, жақсылыққа ұмтылу, жамандықа аяқ баспау, ардың туын биік ұстап, аманатқа қиянат жасамау деген сияқты аса маңызды адами қасиеттерді ұлықтауға ұмтылдырады, құлшындырады.

Идеялық, тақырыптық айырмашылықтың болуы заңды. Сайып келгенде, түпкі финал-мақсаты, құяр арнасы бір – ізгілікке баулу, шарифат шеңберінде күн кешу. Дегенмен, көтерген мәселе-тақырыптарының алуандығы байқалмай қоймайды. Ислам діні адам өмірінің барлық қалтарысына шейін мән бергенін ескерсек, осы сарындағы өлеңдердің де тақырып алуандығы тым кең екеніне көз жеткіземіз.

Бүгінгі жастар әдебиетінің өзіндік ерекшеліктері бар. Алдыңғы толқын өкілдерінің шығармашылығына ұқсамайтын қырлары аз емес. Олардың сусындайтын бұлағы да бұрынғыдай емес, аясы кеңіп, арнасы ұлғайған. Еркін ойлайды, жоқ дегенде соған деген талпыныс басым.

Сопылық поэзия бізде жақсы дамыған еді. Жалпы, діни сарын қайта бас көтерді дегенімізбен, біздің әдебиет сопылық поэзияның бар болмысымен толыққанды бой көрсетуіне әлі куә бола қойған жоқ. Әрине, там-тұмдап қана талпыныстар жасалуда. Уақыт өте дәстүрлі-діни сопылық өлең өлшемдері жаңа заманға сай жаңғыратынына сеніміміз кәміл.

Тәуелсіздік жылдарында діни сарындағы өлеңдерімен көптің көзіне түскен ақындардың бірі – Серік Қалиев. Ол өзінің «Тұрсаңшы, елім» атты жыр жинағында былай дейді:

Тырс етіп тиген әйнекке бір тамшың едім,

Маужырай бермей бекерге, тұрсаңшы, елім! [25, 22].

Міржақыптың «Оян, қазағымен», Ахметтің «Масасымен» мазмұндас тармақтар емес пе? Серіктің ағартушылығы, негізінен, діни-мұсылманшылық қалыпқа қайта оралуға үндесе, алаштықтардың ағартушылығы, негізінен, оқу, білім алу, Еуропа елдеріне жету сынды білім мен ғылымға үндейтін сарындармен көрінеді. Кешегінің де, бүгінгінің де ақындарына тән ортақ мақсат – ел болашағы, ұлт мұраты. Екі арна да халықтың рухани тұрғыдан бай болуына, адамгершілік, ар дейтін асыл ұғымдардың қашанда жұрт жадында жатталып жүруін қалаудан туған қадамдар болып табылады. «Тамшыдай тырс етіп әйнекке тисе», «маужырап жатқан елін оятуға» тырысса, ақын исламдық санаға қайта шақыру арқылы жүзеге асырғысы келетінін бірден аңғарасыз. Иманнан алыс күн кешіп жүрген адамдар жайында Серік Қалиев «Біреу» атты өлеңінде:

Біреулер тоқ, өмірінде мағына жоқ,

Кең жайлауда жайылған мал секілді, -

деп мұң шағады [25, 70].

Исламдық-діни сарында қалам тербеушілердің арасында Серікбол Хасанның аты жиі айтылады. Ол «Ғылым дамып барады» деген өлеңінде мынадай ой айтады. Адамдар ғылым мен техниканы дамытып жатқанымен, өзінің ары мен ұятына көңіл бөлуден қалды.

Жақындаған сайын сол заманақыр,  
Түседі екен тілге – дақ, санаға – кір.  
Ғылым дамып барады, ал адамдар,  
Ғаріп жанға айналып бара жатыр... [26, 37].

Дәл осындай мазмұн павлодардық ақын Қуаныш Шармановта да бар. Ол «Адаспай таниық Алланы» деген өлеңінде былайша үн қатады:

... бір-бірін талайды,  
Тар санап дүниенің кеңдігін,  
Ұмытып көрінің тарлығын.  
Не деген ұғымсыз!  
Шетінен білімсіз Абайдың дәуірі емес қой дәл

бүгін.

Оқыған заманда,

Дамыған ғасырда Алланы танымау..., - деп жан-жүрегі езіледі. Ғылымы шарықтап дамыды деген бүгінгінің білімді хәм мәдениетті адамының өзін жаратқан Құдайын танымай жүруі ақылға сыйымсыз деген ой айтады. Иә, Қуаныш өлеңдерінде көркемдікпен бірге күйіну бар. Серікбол да, Қуаныш та – жүрегіне жауапкершілік жүгін артқан азамат ақындар. Онысы өлеңі – өмірбаянынан айқын білінеді. Ақын өз дәуірінің бейнесін жасап, өз дәуірі атынан үн қатады десек, жоғарыда келтірілген ой орамдарында шындық жоқ деуге келмейді. Серікбол Хасан пайғамбарымыздың (с.а.у.) қасиетті хадистерін өлеңмен өріп беруге шебер екенін көрсетті. «Кәусар» жинағын парақтағанда осыны байқадық. Мысалы, «Өсиет» атты өлеңінде хадистің мазмұнын өлең арқылы таратып жеткізеді [26, 102]. Мақсаты – адами шеңбер аясынан шықпауға үндеу. Ақындарымыз арасында жас болса да өмірдегі әрқилы құбылыстар мен ұғымдар жайлы тереңінен ой қозғап, оқырманын ойланту тәсілі – осы діни сарында қалам тербейтін ақындарға тән. Кейде олар жас ақындардан гөрі, өмірде көпті көріп, көпті түйген ересек адамдар секілді ой қозғап кететіні бар. Сөзімізді мысалмен сабақтайық. Серікбол Хасанның өмір туралы жазылған өлеңіне көз салайық.

Бұ дүниенің жаралуы текке емес,  
Сарқыраған судың да бар сұрауы.  
Өмір деген – өткелі мол көп белес,  
Құлап қалсаң, бәріне өзің кінәлі... [26, 86].

Ал енді белгілі ақын Қалқаман Сарин өмір жайлы өзінің ақындық, азаматтық көзқарасын қағазға былайша қондырыпты:

Бұл өмір – ойнап жүріп от басулар.

Кездейсоқ кездесулер, қоштасулар.

Таусылған тағдырларды теңдеп алып,

Келмеске кеткен сонау көп ғасырлар [27, 17].

Ақындарымызға ашық айтумен қатар, астарлап айту да тән. Қазақ – сөз қадірін жете ұғынған халық. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін қысқа да нұсқа сөз орамдарымен жеткізетін және соған әбден үйренген халық. Бұл да кең жазиралы байтақ әлемде күн кешкен ұлтымыздың ойлау жүйесінің өзгелерден ерекше тұстарының бірі болса керек. Басқа түркі халықтарына қарағанда қазақ әдебиетіндегі діни сарынның басты ерекшеліктерінің бірі ретінде де біз осы астарлап айту, аз сөзбен көп мән-мағынаны ашу дейтін қасиетті айта аламыз. Ақындарымыздың өлеңдерінде осы сипат бар. Бұл – метафоролық ойлау жүйесінің жемісі. Астарлап айтудың үлгісін Алмас Темірбайдан анық көруге болады. А. Темірбай өзінің «Мұсылман» өлеңінде былай дейді:

Шақырғанын шалып қалды құлағым,

Бұрын қайдан естіп едім бұл үнді!?

...Мен Құдайға жақындап ем бір адым,

Құдай маған құшақ жая жүгірді... [28, 40].

Мұнда астар да бар. Драматизм де жоқ емес. Ең бастысы, бұл пайғамбар хадисінде айтылатын терең мазмұнның поэтикалық тәпсірі. Ақындар мына реалды өмірде көпшілікке белгілі ардың шеңберіндегі игіліктердің бәрін ислами көзқарас тұрғысынан таратып береді. Ислам дініндегі жоралғы-амалдардың бәрі дерлік, түптеп келгенде, ағартушылық ағымның күретамыры, түпөзегі болғанын осыдан білуге болады.

Серік Сейітманның «Домбыра» атты жыр жинағында да діни сарындағы өлеңдер аз кездеспейді. Серіктің «Жұмақбек» деп аталатын өлеңі оқырман назарын еріксіз тартады. Өлең өте қарапайым болғанмен, оған арқау болған мазмұнның жүгі ауыр. Ойландырады, тұшындырады. Ауыл адамдары «Жұмақбек» деп айдар тағып кеткен адамның өмір бойы бейіт қазумен айналысқанын, қашанда көптің көңіліне қарап, жақсылықтың жаршысы болғанын таратып келеді де, күндердің күнінде дүние салған Жұмақбектің қабірін ауыл адамдарының бірі қалмай

жабыла қазғанын әсерлі жеткізіпті [29, 206]. Серік Сейітман өлеңдерінің бір ерекшелігі – ол имани мәселелерді үнемі елдік істермен ұштастырып жеткізуге бейім. Иmandылық дегеніміздің өзі Отаншылдықпен тікелей астасып жатқан ұғым деп таниды. «Мұсылманның сипаты» өлеңінде:

Мұсылманның Отаны – жүрегінде,  
Тілегің де сол болсын, тірегің де.  
Талпын, досым, сауапқа батқың келсе,  
Туған елдің төсіне гүл егуге! – десе [29, 213],

басқа өлеңінде:

Құтқарар ордан  
Момынға қорған  
Намаз деп қана ұқпағын.  
Отаның құсша  
Жүректен ұшса,

Шариғаттан да шыққаның! – деп ағынан ақтарылады [29, 217]. Ақындық пен азаматтық позициясының бір нүктеде түйіскенін көрсетеді. Ал Бауыржан Қарағызұлының өлеңдері жоғарыда аты аталған ақындар шығармашылығын ұқсай бермейді. Әсіресе, өлең құрылысы бөлектеу. Бірге оқиық:

Тәңірім,  
Бұл да сенің әмірің.  
Мұсылманның дұғасынан жаралдым,  
Мұхаммедтің үмбетінен саналдым.  
Жаратқан,  
Мақтау саған ғана-ақ тән.  
Күллі әлемге сәуле шашқан Құраным,  
Нұр-Мұхаммед таратқан [30, 144].

Өлең құрылысы өзгешелеу әрі салыстырмалы түрде күрделі деуге болады. Бауыржан Қарағызұлында Алланы шын сағыну, өлімді сұлу қып суреттеу сынды шығыстық-сопылық ұғымдар кездеседі. Бір жағынан, өлеңдерінің мазмұндық-құрылымдық сипаты модернистік өлең түрлеріне ұқсайтыны бар.

Қазіргі діни поэзияның басты ерекшелігінің бірі – оның формалық өзгеріске ұшырауында. Діни-ағартушылық миссия қазақ сөз өнерінде эпикалық ойсана жемісі болып табылатын ірі жанрлар арқылы жүрген болса, бүгінде әдеби үрдістің талап-тілектеріне орай қысқалықты қанағат тұтқан жайы бар. Сондай-ақ

XIX-XX ғасырлардағы қазақ даласында жақсы дамыған діни-ағартушылық ағымның ең бір арналы саласы пайғамбарымыз (с.а.у.) бен оның төрт шадияр-сахабалары жайындағы қисса-дастандар мен ұзақ-сонар хикаялар бүгінде жоқтың қасы. Я болмаса, құрани сюжеттерді қазақ баласына ұғынықты тілмен қара өлеңнің тезіне салып жырлау да бүгінгі ақындарда көп кездеспейтін, тіпті жоқтың қасы деуге келетін дүние. Бүгінгі діни сарындағы жырларға қысқалық тән. Сөз шеберлері көбіне-көп бір шумақ жырмен барынша көп мағына беруге тырысады. Жас болса да, қарияларға тән тілдік тіркестермен барынша көп ақыл айтуға, салмақты ой сабақтауға барын салады. Ал XX ғасырға дейінгі жырларда мазмұндық байлығымен қоса формалық көлемділік те бар болатын. Бүгінде эпикалық сана жемісі боп есептелетін ұзақ-сонар қисса-дастан айту дәстүрі үзіліп қалған. Оған деген сұраныстың болуы да неғайбыл. Өйткені, қазіргі қажеттілік – қысқалықта. Мұндай құбылысты тек әдеби қағидаттар қисынымен түсіндіріп беру аз. Бұл – барлық салаларда жүріп жатқан үдеріс. Қоғамдық формацияның өзі, уақыт талабы осыны туындатып отыр. Сондықтан да ақындарымыз аз сөзге көп мағына сыйғызуға ұмтылады. Бұрынғылар ұзын-сонар насихатқа салынса, қазіргі жастар сезімді тербей отырып ақылды да қозғауға талпынады. Әрине, бұл өз кезегінде жанрлық ерекшеліктердің туындауына да себеп болды. Қазіргі поэзияда бұрын өте кең тараған мысал жанрының бұлыңғырланып қалғанын байқаймыз. Яғни қоғамдық құбылыстарды, адамдар арасындағы жақсылы-жаманды мінез-ғадеттерді жан-жануарлар мен табиғат құбылыстары арқылы тұспалдап айту дәстүрі қазір азая бастаған. Мысалы, XIX-XX ғасырлардағы ақындар өлеңдерінде негізінен мінәжат, насихат, ғазал, төрттаған т.б. сынды халықтық өлең жанрлары кеңінен қолданылса, бүгінгі ақындар заманауи әдеби формаларды еркін меңгергенін көрсетеді. Ахмет Байтұрсынұлының: «Қазақ өлеңі жатталуға бейім боп тұрады», - дейтіні бар. Бұрынғы діни поэзия жатталуға бейім боп тұратын дәстүрлі 7-8 буынды немесе 11 буынды қара өлең формасында жазылатын болса, қазіргі ақындар ежелден қалыптасып үлгерген аталмыш өлең формаларымен бірге заманауи, жаңашыл-модернистік өлең құрылыстарын да еркін қолдануға тырысады.

Сондай-ақ, бүгінгі ақындардың тілдік қолданысында айтарлықтай айырмашылықтың бар екенін аңғарамыз. Тілдік ерекшеліктердің болуы заңды. Өйткені, XIX-XX ғасырдағы қазақ қоғамы мен бүгінгі қазақ қоғамының тілдік қолданыс балансын салыстыруға келмейді. Өйткені, ол кезде араб-парсы сөздерінің қоғам өмірінде мейлінше көп қолданыста болған тұсы-тын. Біз түсіне бермейтін діни терминдер мен араб-парсы сөздерін көп қолданбай-ақ қарапайым қазақтың тілімен дініміздің маңызды жоралғы-амалдарын түсіндіріп, түйсіндіріп береді. Бұл оқырман үшін маңызды. Автордың оқырманмен санасуы деген – осы. Мақсат – халықтың тілін шұбарлау емес, санасына асыл діннің шуақты сәулесін түсіру.

Сайып келгенде, қазіргі ақындардың түрлі-түсті, әртүрлі жанрада, әртүрлі сипатта, әртүрлі тақырыпта жазылған өлең-жырлары жыраулар әдебиетінде орныққан «шынайы адам», сопылық поэзия өкілдері көтерген «кемел адам», Абай негіздеген «толық адам», Шәкәрім айтатын «нәпсіні жеңген адам» деген концепциялардың төңірегіне топтасады. Яғни, қазіргі қазақ жырының жүйріктері – кешегі бабалар салған сара соқпақпен келе жатқан ізбасарлары. Келер ұрпақтың ізашарлары. Бұрынғылар халықты діни құндылықтарды қастерлеумен қоса білім-ғылымға да ерекше ден қоюға шақырса, қазіргілер негізінен Алланы тануға, Жаратқаннан қорқуға шақырады. Бұрынғыларда белгілі бір мөлшерде білім-ғылымның артта қалғанын оқырманына сезіндіріп отыру басым болатын. Қазір азаматтардың бәрі білімді, бірақ иманнан алыс секілді. Сөзімізді қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағымның ерекшеліктерін айқындап берген ғалым У.Қалижановтың пікірімен сабақтайық. Ол: «Діни-ағартушылық поэзия өкілдері діни схоластиканы уағыздаған жоқ, олар діннің ақ жолын қоғамның даму көзіне айналдырып, мұрат тұтқан, бүгінгінің тілімен айтсақ, ағартушылық қозғалыстың басында тұрды. Олар жалпыұлттық идеяға айналды. Егер қазақ халқының соңғы 80 жылдың ішінде оқу-білімге деген құмарлығы неге сөнбей отыр десең, сол идеяның жаңғыруының, санаға сіңгенінің жемісі деп білген жөн», - дейді [31, 38].

Әдебиеттанушы Ұ.Байбосынова діни-ағартушылық ағым өкілдерінің шығармашылығын тереңірек зерттей келе мынадай қорытындыға келеді. Ол: «Мұсылмандық біліммен және



классикалық Шығыс әдебиетімен қаруланған осы молда-ақындардың шығармаларында мынадай әдеби дәстүрлер саралана қалыптасты: біріншісі – лирикалық өлеңдердің бәйіт, ғазал, қасида (қасыда), назым, төрттаған (рубаи) жанрлары түрлерінде жазылғаны; екіншісі – эпикалық қисса-дастандарында Құран сюжеттері мен Шығыстың аңыз ертегілерін арқау етіп жырлағандығы; үшіншісі – лирикалық және эпикалық шығармаларда түркілік Тәңірі, арабтық Алла, парсылық Құдай сөздерін аралас қолдана отырып, исламға қатысты қағидаларды түгелдей дерлік қолдана жырлағандығы; төртіншісі – лирикалық және эпикалық шығармаларда сопылық әдеби-әуездік мақамдық дәстүрлер жүйесінің сақталғандығы» [32, 12-13].

Біздіңше, бүгінде қазақ әдебиетіндегі діни поэзияда мынадай ерекшеліктерді байқауға болады:

а) Алланың – рас, пайғамбардың – хақтығын, Құранның – шын, хадистің – сафтығын жырлайды;

ә) ислами салт-жоралғыларды ықыласпен орындауға шақырады. (Намаз, зекет, ораза, қажылық);

б) мінәжат өлеңдер көбейді. Алла алдында арылу, тазару, кінәсін мойындау, лирикалық толғау;

в) ата-бабаларымыздың Ислам құндылықтарымен өмір сүргендігін, дініне берік болғандығын мақтаныш етіп, оқырманына ұғындыру.

Алдыңғы төртеуі абден қалыптасып орныққан салалары болғанымен, соңғы белгісі Тәуелсіздік тұсында сөз өнерінің сахнасына шыққан, халықты атадінге баулудың жаңа бір тәсілі болып отыр. Ата-бабаларымыздың ерекше иманды, Ислам туын биік ұстағаны жайындағы өлеңдер де жиі кездесуі, ұлылар ұлағатын имани сәуле арқылы жеткізу тәсілі – ағартушылықтың тиімді жолдарының бірі. Бұл да тарихты тереңірек тануға, халықтың санасының оянуына әсер ететін факторлардың бірі болып табылады. Түптеп келгенде, қазіргі ақындар шығармалары арқылы адамды Аллаға жақындатуды көздейді десек, ол жақындау үдерісі адам бойындағы асыл қасиеттер – адалдық, кішіпейілдік, жомарттық, мейірімділік т.б. секілді қасиеттерге ие болумен, арыстық атаулыдан алыстаумен, қоғамға пайдалы азамат болумен өлшенеді екен. Бұрынғы осы бағыттың өкілдері адамның имани қалпының көрсеткішін оның қоғамға (жақындарына, жұртына)

пайда келтірумен өлшесе, қазір де сол сипат анық байқалады. Яғни, иман дегеніміздің өзі көпке қосылу, көпті жақсылыққа шақыру. Қоғамды түзеу. Ал қоғамды түзеу дейтін түпкі мақсат алдымен өз бойындағы жаман ғадеттерді жоюдан басталады. Бүгінгі діни поэзиядан біз осыны аңғардық.

Осы буынның бел ортасында Ерболат Баят та бар. Осы уақыт аралығында ол ғылыммен айналысып «Түркі-моңғол эпостарының сюжеттер типологиясы» деген монография шығарды. Сонымен бірге, әр жылдары жазған өлеңдері мерзімді баспасөз бетінде жарияланып жүрді. «Қазығұрт» баспасынан шыққан «Уақыт белдеуі» [33] атты жинақ – ақынның соңғы жылдары жазған өлеңдерінің топтамасы. Жинақты қолға алып қарағанда бірінші көзге түсетіні – «Осы кітап әкем Баят Жанатұлы мен анам Гауһар Оқайқызының мәңгілік рухтарына арналған перзенттік ескерткішім» деген сөз. Ақынның ата-ана рухына жасаған тағзымы оның перзенттік борышын айғақтап тұрса, демеушісі құдай қосқан құдасы Ерлік Молдыбаев екенін де ұмытпағанымыз абзал.

Жинақтың аты айтып тұрғандай ақын жырларының дені уақыт белдеуінің төңірегінен табылып жатады. «Уақыт белдеуі немесе әкемнің сағаты», «Бір күнім...», «Сәулеге соңғы зарығып» деген өлеңдерінен бүкіл ғұмырымыздың уақытпен өлшеніп қойғанын ұғыну оңай. Лирикалық кейіпкер ғана емес, оның оқырманы да уақыт алдында есеп беруді, уақытпен санасуды түйсінеді. Сондықтан да ақын уақытты, әр минут пен секундты үнемді жұмсауға шақырады.

Ерболаттың қызыққа толы студенттік күндері Алматы қаласында өткендіктен, махаббат лирикасының дені осы қалада туғаны анық. Ақынның «асау аттай арынды жер тарпыған» лирикалық кейіпкері сексенінші жылдары Алматы қаласының көшелерінде жүргенін «Алматы кеші», «Алматы. Қараша айы», «Алматыны аңсау», «Ақ қайыңға оралдым аман-есен» тәрізді өлеңдерінен көруге негіз бар. «Алматыны аңсау» өлеңіндегі «Алматының көшесі – фотосалон, Бастарыңды түсесің түйістіріп» деген жолдарды оқып отырғанда еріксіз езу тартуға тура келеді. Жеңіл юмормен берілген бұл жолдар бүгінгінің жастарына түсініксіздеу болғанмен, сексенінші жылдар студенттеріне жақын, таныс. Сондықтан да бұл өлеңдерге қызығы таусылмас студенттік шақтың естеліктері арқау болған. Он жігіттің бір табадағы тамаққа

ортақтасып отыруы, бір ай күтетін шәкіртақының он күнге жетпей қалып, студенттердің ашқұрсақтау жүретіні өмірден алынған шынайылығымен бағалы образды суреттер.

Қазақ поэзиясындағы махаббат лирикасына қосылған «Гүл... көбелек», «Жастық дәурен басымда тұратындай», «Көктем келді», «Қандай көктем», «Сол адам бәрінен бақытты» атты сыршыл сезімге құрылған өлеңдердің де өз айтары бар. «Қызыл гүлге қызыққан көктемдегі, Сыңар қанат көбелек секілді екем» дейтін ақын шынайы сезім, махаббат туралы «Шын сүйсе өмірде бір рет, Сол адам бәрінен бақытты» деген тұжырым жасайды.

Кім-кімге де туған жер – алтын бесік саналатыны белгілі. Ақынның қазақ поэзиясындағы атамекен, туған жер туралы өлеңдерінің қатарында «Усай, Усай!», «Бес тәңірі», «Кер беткейлі...» және басқа лирикаларын жатқызуға болады. Бес тәңіріні:

Қардан шапан жамылып қысы-жазы, басына киген  
Аппақ мұздан бөрік.

Салқын мінез ызбарлы түсі суық, шекесінен ұялып  
күн қараған,  
Қиясына бұлт іліп тұман шөгіп, өрмелейтін асқақтық  
шыңға қадам, –  
деп суреттесе, Усай туралы былай дейді:

Қорымында қоңыр аң жусап өріп, асқарында ақ иық  
бүркіт ұшып.  
Саба толы сары қымыз, астауда еті, иттері де кететін  
ірік ішіп.

Осы жолдардың өзі-ақ оның автордың туған жерге деген шексіз махаббатын танытып тұр.

Ақынның бірсыпыра өлеңдерін қазақ поэзиясындағы арнау өлеңдердің қатарына қосуға болады. Бұл тұста «Ер Жәнібек бабамның рухына», «Ұмытпаса болды мені елім» немесе «Үмбетей жыраудың соңғы сөзі» (Үмбетей жырауға), «Ақын және ақ тырна» (Мағжанға), «Қола тұлғаң сабырлы ой қадаған» (Мұқағалиға), «Жүрекпен жылып» (анасы Гауһар Оқайқызына) тәрізді арнаулары еске оралады.

Суреткерлердің ешкім байқай бермейтін көріністерден үлкен ой түйіп, жанды картина жасап жататыны белгілі. Ерболаттың «Ауада...», «Түнгі вокзал» өлеңдерінен осындай суреткерлік байқалады. Ақынның тіршілікті, махаббатты, сезімді, сағынышты, өкінішті, мезгілді, уақытты ауамен бірлікте қарауы оның суреткерлігінің белгісі. Шын мәнісінде ауа – бар тіршіліктің көзі. Бірақ оған мән бере бермейміз. Ақынның:

Ауада –

Ажал бар, Өмір бар, тумак бар, иә-иә, өлмек бар.

Ауада – Бәрі бар!.. – деп отырғаны шындық.

Ұлтын сүю, халқын құрметтеу елдің бәріне бірдей дәрежеде бұйыра бермейді. Ақынның елді аландатқан кез келген мәселеге бейжай қарай алмайтындығын, қырағылығын баса айтқанымыз жөн. Өмірге сын көзбен қарайтын ақынның бүгінгі өзіміз өмір сүріп отырған қоғамға, онда өмір сүріп жатқан адамдар тіршілігіне сынай қарауы заңдылық. Өзі өмір сүріп отырған қоғамның дерттерін ащына жазған ақындарды кезінде «зар заман» ақындары деп танығанымыз жасырын емес. Сондай сыншыл өлеңдердің қатарында «Ақша», «Замана», «Өмір» өлеңдерін атауға болады. Мұнда ақын бүгінгі таңда ар мен иманның, тақ пен бақтың ақшаға сатылып жатқанына күйінеді:

Ақша, ақша?!

Жаңа туған сәбиін көкек ана,

Бас жүз сомға не үшін саудалайды?!

Ақша, ақша?!

Тақ пен бақты алғандар ақшасына,

Қолдан келсе Құдайды сатып алмақ.

Немесе «Адам түгіл ашқарақ қоғамымның, Темірі де телміріп ақша алады», «Тірісінде жарлыға тимеген үй, Мазар болып біреуге бұйырыпты», «Адамзаттың ақылын ақша билеп, Жауып жатыр қанды жас жер бетіне» деген жолдарды оқып отырғанда бүгінгі қоғамдағы замандастарымыздың тіршілігі көз алдымыздан өтіп жатады. Атам қазақ «Ақша қолдың кірі», «Мал бір жұттық» деп дүние жинамайтын, «Малым – арымның садағасы» деп дүниеден арды жоғары қоятын. Сондықтан да ол елдің есін аударып жатқан ақшаны «Қоңыз адам барады бок итеріп, Сол ақшаның алдында құлға айналған» деп бокқа теңесе, екінші өлеңде бүгінгі қоғам тіршілігі жөнінде «Есалаң дүние

жіберді жынды ғып, қатыгез қоғамың сағынды сындырып» деген тұжырым жасайды.

Сандалған санаң бар  
алданған балаң бар,  
бөлінген ұлт мынау,  
жарылған ұлысың, –

дейтін ақын бүгінгі қу тіршілік біздің осындай қазақи ұлттық болмыс-бітімімізді өзгертіп, өз дегеніне көндіріп жатқанына алаңдап, замандастарына жаһанданудың жайын аузына түсіп кетпей тұрғанда ес жию керектігін ұғындырады. Үлкен әлеуметтік мәселелерді көтеріп, өмір, қоғам жайлы ой түйген бұл өлеңдерді философиялық өлеңдер қатарына қосуға болады.

Ақынның «Түсіме тау кіреді», «Махамбетті сағыну», «Сағынарсын», «Сағыныш», «Сары жұрт», «Сағыну» тәрізді өлеңдерін оқып отырғанда Төлеген Айбергеновтің «Сағынышы» еске оралады. Лирикалық кейіпкердің атажұртқа деген сағынышы («Сары жұрт») «Сарала қаз секілді көлді аңсаған, Сағынып сары жұртқа келіп тұрмын» деген жолдарға сыйып тұрса, ақын бауыры Ербол Бейілханға деген сағынышы («Сағыну») «Сағыныштың толқыны жағаны ұрсын шағаладай шарқ ұрып іздегенде» деген жолдардан менмұндалайды. «Сағына білген жанда арман бар ма, жоғалтып алғандар бар Сағынышын», немесе «Өмір деген Ұлы сөз бітеді екен, Сағыныштың ең соңғы нотасында» дейтін автордың Төлеген ақынды көп оқығандығын оның өлеңдерінің мазмұны ғана емес, құрылымы да байқатардай. Оның да өзіндік себептері бар. Себебі, Ерболат та Төлегенмен тағдырлас. Алтайда туып, Қазақстанда өмір сүріп жатқан ақын жырларында сағыныштың басым болуы заңдылық. Оның Алтайда жүрсе – Қазақстанды, мұнда жүрсе – кіндік қаны тамған жерді, Көкшетауда жүрсе – Алматыны, оңтүстік астанада жүргенде Көкшені сағынатыны содан.

Өлең құрылысының түрліше болып келуі – ақын ізденістерінің айғағы. Мәселен, «Сағыну» өлеңінің бірінші тармағы 17-18 буыннан құралса, екінші тармақ 4-5 буын болып келеді. Бұл өлең жолдары Төлеген ақын поэзиясындағы түр ерекшелігінің тәуелсіздік тұсындағы ұлттық поэзиядағы жалғасы ретінде танылары анық. Мұның өзі ұлттық поэзиядағы дәстүр ұласуының белгісі екені жасырын емес.

Қазақ поэзиясында 2 буыннан бастап 3, 6, 8, 13, 15, 17, 18 сынды әртүрлі буын үлгісімен жазатын ақындардың қатарында Төлеген Айбергеновтің есімі кеңінен танымал. Сондықтан да ол қазақ поэзиясына жаңа мазмұн, жаңа түр, жаңа ырғақ, жаңа леп алып келген жаңашыл ақын ретінде танылды. Е.Баяттың өлеңдерін оқығанда оның өлең құрылысын түрлендіре қолданатынын 3, 5-6, 7-8 (жыр үлгісі), 11 (қара өлең), 13, 14-15, 16-17 буынмен жазылған өлең жолдарынан көруге негіз бар.

Осындай жетістіктерінің қатарында ақынның образ жасаудағы шеберлігінен бірер мысал келтірген жөн. «Сезімімнің ақ бұлты» өлеңіндегі:

Аспанында Ай жатыр шалқалаған,  
Ұнайды екен Астана, Арқа маған.  
Мамық бұлты көшеді күмбезінде,  
Сүмбіл шашын сүйкімді жел тараған,

Немесе:

Ай арудың құшағы өртеп жатыр,  
Сезімімнің ақ бұлтын аймалаған, –

деген жолдардағы бейнелі сөздерден көз алдымызға әдемі сурет елестейді. Осы қатарды «Көктем қыз да көлбеңдеп өте шықты, Көрінбеді ай таңдай сырғаң анық», «Күлімдейді күннің де қасқабағы», Сыбыр-сыбыр үн қатса жапырақтар, Сұлу толқын сүйісіп сыландаған», «Көрпесінде көктемнің көсілді ақ таң», «Аман жеткен құсына мұң шағады, Қанатына көктемді байлап алып», «Ақ қайындар арудай алқа тақса», «Қардан шапан жамылып қысы-жазы, басына киген аппақ мұздан бөрік» және басқа әдемі теңеулер, кейіптеулер, образды суреттер толықтырады.

Д.Байтұрсынұлының алғашқы жинақтарына енген шығармалары жөнінде сыншы Б.Сарбалаұлы «Ой түзеген оғлан» мақаласында: «Демек, жыр дегеніміз – ең бірінші тазалық, адалдық, яғни ақынның өтірік айтпауы, екіжүзділікке салынбауы. Ақын Қадыр Мырза Әли әдемі айтқандай, ондай қадамға бару «жыр көзіне шөп салу», ең қуаныштысы – Дәулетбек кітабы, барша туындылары дерлік осындай жасандылықтан, жалғандықтан ада», – деген болатын [34, 8]. Иә, айтса айтқандай, Дәулетбектің жырларын оқып отырғанда оның кіршіксіз таза көңілін, адам баласына жамандық ойламайтын ақ пейілін тану оңай.

Жинақтың беташары ретінде берілген «Сенің арқан» өлеңін оқып отырғанда жер басып жүрген пенделердің барлығы дерлік қайдан жаратылғанына, қайдан шыққанына үңіліп, бір сәт Алланың құлы екендіктерін есіне алып, тәубасына таянып, жер басып жүргеніне шүкіршілік жасап, пенделіктерін еске алары даусыз. Ақпараттық-технология заманында құндылықтардың орны ауысып бара жатқаны жасырын емес. Қазіргі таңда жалпыадамдық құндылықтар екінші кезекке шығып, алдыңғы шепке материалдық құндылықтардың орныға бастағанын күн санап көріп жүрміз. «Кедей бай, бай Құдай болсам» дегенді көздейтін замандастарымызға опасыз дүние-байлық үшін арды аттау, иманнан безу, парыз бен қарыздан аттау үйреншікті әдетке айналып бара жатқаны жасырын емес. «Мейір қайда, іздедім мекіренген, Тапсам бұлай мұңайып өкінер ме ем!» деп замандастарының бойынан мейір-шапағат іздейтін лирикалық кейіпкердің бойындағы «менмендікті» жұпар иіс иманның жұмсартуы дау туғызбайды. Олай болса, адам бойындағы жаман қасиеттерден құтылу үшін имандылыққа бет бұру қажеттігін түсінген лирикалық кейіпкер замандастарын «Бес уақ намаз, Бақара сүре соңғы аят, Аманат қып Жаратқанның бергені...» деп Алланың ақ жолына шақыруы орынды. Тұмау тигендей дімкәс қоғамға шипа іздеп, байтақ мекеннен мейірім іздеп шарқ ұрған кейіпкердің Құранның қасиетіне бас июі, нәпсісін жеңуі қуантады. Сондықтан да ол:

Дін деген – әзіл-оспақ күлкің емес,

Дін деген – жасап алар мүлкің емес.

Дін – сұхбат, дін – диалог, бейбітшілік,

Татулық, ақылдасу, рухы кеңес!, – деген түйін жасайды [34, 82].

Бір шумақта «дін» сөзін төрт рет қайталай қолдану арқылы оған көңіл бөліп, оның ерекшелігін, қадір-қасиетін түсіндіруге тырысқан. Осы жөнінде философия ғылымдарының докторы Б.Сатершинов: «Дәукең – жаратылыстану саласында білім алып шыққанымен, жүрек қалауымен ақындықты таңдаған, физиканы лирикамен шебер жымдастыра білген ақын. Сондықтан, оның шығармашылығында «қозғалыс», «үдеу», «салмақсыздық», «өз өсінен айналу» тәрізді физикалық ұғымдар метафизикамен ұласып

жатады. Яғни жаратылыстың формуласын Жаратушының хикметімен байланыстыра біледі», – деген болатын [34, 313].

Ақын шығармаларында бүгінгі өзіміз көріп жүрген қоғам шындығы бейнеленуі орынды. Балалық бал дәурені миллиардтар елінде өткен ақынның еліміз егемендік алған соң, алғашқылардың бірі болып атамекенге оралғаны белгілі. Миллион жанның ішінде жалғыздық көріп жабырқаған оның шығармаларынан екі ел мен екі қоғамның тыныс-тіршілігі сезіледі. Кіндік қаны тамған туған жерге деген сағыныш ақын шығармаларынан мол орын алды. «Намысым бойға біткен ақыл-күшім, Киелі топырақтан даритындай» дейтін ақынның «Сағындым мөлдір тұманы...» өлеңіндегі Ақшоқы, Құр, Кесік, Аттауы, Бесқарағай, Қонақай, Мақшы тәрізді жайлауларды сағына еске алуы туған жерге деген шынайы махаббаттың көрінісі:

Сағындым бұлағыңды былдырлаған,  
Қосылған бір жылғаға бір жылғадан.  
Сәбидің күлкісіндей сыңғырлайтын,  
Бұл күнде қайда қалдың бұлбұл заман! [34, 23].

Ат сауырын сипамаса тұра алмайтын қазақтарды қаланың тымырсық тіршілігі қажытып, шаршататыны, дарқан даланы аңсап өкпесі қысылатыны айтпаса да түсінікті. Лирикалық кейіпкердің түтеген ақ боранда «Осындай сәтте ойлайсың жылқы үйірін, Тұманнан шығып шұрқырап тұрса кісінеп...» деп жылқы үйірін іздеуі орынды.

Ақын жырларын оқып отырғанда оның бейнелі тіркестерді көптеп қолданатындығын байқауға болады. Мәселен, «Жүйкемді бырс-тырс болған үтіктеген», «Нәпсіні қылқындармай жүре берсем, Біріне айналамын мен де өліктің», «Ағаштың басы ауырлық сезіп иілді, Қонған соң қардың – жапырақ болып төсегі», «Нәпсім үркек аң секілді», «Ат тізгінін кесем қиып, Нәпсі жаумен пышақтасып», «Жүрегім өксік, жүзім сал, Миымды сүлік сырғандай», «Терімді тесіп тентектер, Етіме қанжар қадайды», «Жанар-жанбас тіршілік тұр, Бықсытқандай шаланы», «Шоршиды қайранында қайран қазақ, Ажырап айдынынан балық көлдің...», «Мұңы жоқ көңіл – кепкен көл, Сезімі қаңсып суалған», «Беріксің сексеуілдей жарылмайсың», «Толды адамдық ауласы арам шөпке, Шырмауыққа оранған көкөністей...», «Бастағы ойлар бытысты байлауы жоқ, Алқаш қатын шашындай киізденіп...», деген бейнелі



тіркестер ақынның жаңа образдар жасаудағы ізденістерін байқатса, «қала – тұман, мекеме – мұз, үй – ақпан» деген тіркестер эпитетті орынды пайдаланғандығына мысал.

Қазақ поэзиясындағы қалыптасқан дәстүрдің бірі – арнау өлеңдер болса, осы жанрдағы ақын өлеңдері өзіндік бояуымен айшықталады. Оның үлгі тұтатын Рафаэль Ниязбеков, Төреғали Тәшенов, Құл-Керім Елемес, Әбдісадық Рахымбайұлы тәрізді ағалары мен Мәлік сынды бауырлары бірінші кезекте бес уақыт Аллаға құлшылығын үзбейтін сексеуілдей беріктігімен, Раббыға құлдығын мақтан ететінімен ерекшеленеді. Ақын арнаулары адамдардың қызметі мен мансабына бағындырылмай, мәңгілік құндылықтарды үлгі-өнеге етуімен ерекшеленеді. Оның «Сенің арқаң», «Сен көрсеткен жолмен», «Кешір, Алла!» тәрізді жырлары – жер мен көкті ғайыптан жаратушы Аллаға қаратыла айтылған мадақ өлеңдер.

Дәулетбек ақынның «Тәуелсіздікке тағзым» атты өлеңіне Шаба Әденқұлқызы ән жазып айтып жүр. Мұны оның авторының тәуелсіздікке жасаған зор құрметі деп қабылдауға негіз бар.

Атамекенге алғашқылардың бірі болып ат басын тіреген Д.Мәсімханұлы бүгінде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, белгілі ақын, талантты тәржімашы ретінде елге танымал. Д.Мәсімханұлының «Өз аспаным өзімде» атты жыр жинағына белгілі ақын Н.Айтұлы «Арынды жырдың алкүреңі» деген алғысөз жазыпты. Онда ақын шығармасына: «Ал жүйріктің жүйрігі, ұшқырдың ұшқыры – ақын қиялы. Себебі ақын қиялы үшін қас қағым сәтте кеңістікті көктей өтіп ғарышқа, мұнар шөгіп, мүк басқан уақыттың белінен бір-ақ аттап, ту бағзыдағы өткен күнге барып байырқалау түк те емес», – деген баға берілген [35, 13].

Оның аталған жыр жинағына соңғы жылдары жазған жырлары жинақталған екен. Алайда ақын өлеңдерін оқып отырғанда лирикалық кейіпкердің сонау балалық балдәуренінен бастап, бүгінгі жеткен биігіне дейінгі аралықтағы өсу, толығу жолын көруге негіз бар. Оның «Қойым өріп шығатын...» өлеңі сонау балалық шағын еске түсіреді. Ақынның лирикалық кейіпкерінің Шиліөзекте, Суасу, Бақалықта қой бағып жүргеніне кез боламыз:

Қоңыр таудың қойнауын сірестіріп,  
Саулық сайын қошақан ілестіріп.  
Тал-қайыңға жырымды үлестіріп,  
Арманыма арымды күнес қылып –  
Қой бақтым [35, 104].

Әр тармақтың соңындағы «сірестіріп», «ілестіріп», «үлестіріп» деген бірыңғай сөйлем мүшелері өзара ұйқасып тұр. Осындай ұйқасқа құрылған өлеңнің әрбір шумағы «Қой бақтым» деген тіркеспен аяқталады. Өлеңге «...Бәрінен де қой бағып, к...н жеген озады» деген халық мақалын эпиграф ретінде алуы тегін емес. Мал шаруашылығын кәсіп еткен атам қазақ қой баққан адамның тұрмыс-тіршілігі жаман болмайтынын әуелден білген. Сондықтан қойшы болуды ұрпағына өнеге етіп, оны атадан балаға мирас етіп қалдырып отырған. Сол секілді біздің де лирикалық кейіпкеріміз сонау жылдардағы қызықты күндерін сағына еске алуы орынды.

Қайталаудың әдемі үлгісін «Өмірдің өңі – өңкей жыр» шоғырлы өлеңіндегі «Қара өлең немесе менің сырым» өлеңінде «қара», «Ақ өлең немесе менің арманым» өлеңінің әр жолында «ақ», «Сары өлең немесе менің сарығым» өлеңінде «сары», «Көк өлең немесе менің рухым» өлеңінде «көк», «Қызыл өлең немесе менің балалық шағым» өлеңінде «қызыл», «Қоңыр өлең немесе менің жаным» өлеңінде «қоңыр», «Күрең өлең немесе менің жырым» өлеңінде «күрең», «Жасыл өлең немесе менің құштарым» өлеңінде «жасыл» сөзінің тармақ сайын, немесе бір тармақта бірнеше рет қайталануы арқылы осы сөздерге көңіл аударған. Шоғырлы өлеңдегі қара, ақ, сары, көк, қызыл, қоңыр, күрең, жасыл түстердің өздеріне тән астарлы ойлары мен бірге халық ұғымына сіңіп қалған таным-түсінігі де бар. Мәселен, қара сөзі негізінен халық, орман, қазақ, қос, нар, өлең, нан, тау, жер тәрізді сөздермен тіркесіп келгенде үлкен қасиеттің эпитеті ретінде берілсе, ақ сөзіне қатысты шаттық, той-думан еске оралады. Сол сияқты сары сөзі сағыныштың белгісі болса, жасыл жастықтың символындай әсер беретіні белгілі. Алайда, ақынның «қызыл» сөзін қызыл империямен байланыстыруы халық ұғымындағы қызыл түсті танытпайды. Қызыл түске малынған қызыл империяның қызыл ұраны да, қызыл туы да қан түсімен түстес келуі оның халықтың қанын судай ағызғанымен ұштастырылған. Осыған қарап отырып,

ақынның әр түске қатысты айтары арыда жатқанын аңғаруға болады. Оны мына жолдар растайды:

Қоңыр дүние.

Төсінде қоңыр даланың

Арқалап келем қоп-қоңыр қомын бабаның.

Қоңыр төбелдеу бақытым болғаныменен,

Қоңыр қыстаудың көңіндеі сорым да қалың [35, 114].

Осы шумақтағы «қоңыр» сөздеріне қарап отырып, қоңыр сөзінің қоңырқай ғана тірлікті танытатынын байқасақ, ал ақынның өз сорын қыстаудың неше қатпар көңіне теңеуі жайлау мен қыстаудың жайын жақсы білетін қазақтың ұғымына жақын сөзбен бейнелеуі – қазақтың әр сөзінің орайын таба қолдану арқылы жаңа тіркес, жаңа образ жасауға болатындығының мысалы.

Ақын өлеңдерінен ұйқастың әр алуан түрін келтіруге болады. Мәселен, «Мен – қазақпын» өлеңіндегі жеті шумақтың «Мен – қазақпын» деп басталуынан лирикалық кейіпкердің қазақтың тәуелсіздігін, азаттығын мақтан етіп күллі әлемге жар салғанынан байқасақ, «Таңданыс» өлеңінің айтары басқа. Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан кейін сыртта жүрген бауырларымыздың «Отаныма туды ғой деп азат күн» («Қазақстаным, қайдасың?») деп, атамекеніне жеткенше асық болғаны бәрімізге белгілі. Ақынның лирикалық кейіпкері – жігіт болып атқа мінген шағында атамекен қайдасың деп Отанына оралғандардың бірі. Алайда кейіпкеріміздің ғұмыр бойы көкірегіне шер шемен болып қатқан арманы орындалғаннан кейінгі күйі адам жанын жабырқатары жасырын емес. Ақын сол бір жүдеу көңіл күйін «Таңданыс» өлеңіндегі «кім білген?» деген сауалмен аяқталған әрбір тармаққа сыйғызған:

Оралғанда Отанға –

«Оралман» деп бөлетінін кім білген?

«Өгей бала» көретінін кім білген? [35, 103].

Алайда ақын жырларының бәрінде мұң-шер орын алмауы қуантады. Ол бірде Махамбетше «Мен, мен едім, мен едім, Алтынның буы – ем едім» деп дүр сілкініп шыға келеді де, 7-8 буынды жыр үлгісімен төпеп-төпеп жібереді. Ақынның «Қытай қорғаны» өлеңін оқып отырғанда көк түріктің әр ұландарының өткен тарихынан біраз мағлұмат алуға негіз бар. «Ол дәуірде ат пен шерік санынан, Ешкім озып көрген емес Түріктен» деген

жолдар пырақ мінген көк түріктің ат тұяғы жеткен Бағдат, Қытай, Иран, Үрім, Дон, Үндістан тәрізді жерлерді қол астына бағындырғанынан хабар берсе, «Миллиардқа мақтан болған бұл қорған – Көк түріктің ерлігінің белгісі» екеніне куә боламыз. Бүгінде қорғанымен әлемге танылған елдің сол қорғанды көк түріктен қорғану үшін салғанын ақын тарихи деректер арқылы әдемі суреттеген.

Өлең жолдарынан оның авторының қолтаңбасын тануға болады. Сол сияқты қазақ баласының Жаратқан иесіне деген наным-сенімі мен түсінік-пайымы да өлең жолдарынан орын алуы құптарлық. Мәселен, қазақ халқы құрғақшылық жылдары тасаттық жасап, Алладан жауын-шашын сұрайтыны, Хақ Тағаланың өзіне имандай сенген пенделерінің сұрағанын беретіні белгілі. Осындай оқиға «Ауыл. Шілде. Тасаттық» өлеңіне негіз болған. «Тораңғы. Жыңғыл тарбиып, Қақтана жатып қалғыды», «Жалындап, жанып тау-тандыр, Қаңырап қалды өзенін», «Қыртысы жердің қақырап, Балқып бір жатты тастар да» деген жолдар сар даланы қуырып бара жатқан құрғақшылықты көз алдымызға елестетеді. Алла Тағалаға қаратыла айтылған мадақ жырлары мен «Жаратқан ием, жаздым хат» деген екі хаттан тұратын шер-толғауында зар еңіреп, Хақ Тағаладан медет сұраған ақынның «Азаттықпен азаймады азабым, Кеше де өгей, бүгін де өгей қазағың» деген жолдарындағы өз елінде, өз жерінде отырған қазақтардың кірмелердің тасасында қалып өгей баланың күйін кешуі жасырын емес. «Азаттықпен азаймайды азабым, Кеше де өгей, бүгін де өгей қазағың» деген жолдардан күллі қазақ баласының бүгінгі хал-жағдайы менмұндалайды. «Егесіз иттей құным жоқ» деп күйінген лирикалық кейіпкердің қасқырға қойын қаратқандай күй кешуі өкінішті. Ал барлық мадақтың бір Аллаға қаратыла айтылатындығын «Мадақ жыры», «Құранға» ғана құлақ түр...» тәрізді өлеңдерінен көруге болады.

Кез келген қаламгер өзі өмір сүрген қоғамның шындығын қағаз бетіне түсіріп, оның жанды картинасын жасайды. Сондықтан да оларды өзі өмір сүрген қоғамнан бөлек алып қарауға болмайды. Ел өмірінен үлкен орын алатын тарихи оқиғалар ақын-жазушылардың шығармаларына арқау болып жатса, соңғы ширек ғасырдағы ел өміріндегі айтулы оқиғалардың қазіргі поэзиядан орын алуы да құптарлық. Суретшілер майлы бояумен сурет салса,

ақын-жазушылар қаламмен сурет салатыны белгілі. Сондай елді алаңдатқан аты шулы оқиғаның бірі – Жаңаөзен оқиғасы. «Поэзия – жауынгер жанр» деп жатамыз, оның себебі – не жағдай болғанда да алдымен ақындардың үн қосатындығы. Оны Д.Мәсімханұлының «Жаңаөзен» өлеңі растайды. Бұл оқиға қазақстандықтарды ғана емес, күллі әлемді алаңдатқаны белгілі. Жазықсыз жандардың қаны судай аққанын, сұрақсыз-жауапсыз тар қапасқа тоғытылғанын, бейкүнә жандардың мойнына жасамаған қылмыстардың ілінгенін көрген ақын жүректің аһ ұруы да содан. «Махамбеттің намысы боп оянған» жаңаөзендіктердің мұнын мұндап, олардың өр рухын қолдаған ақынның жалаң қол жауға шапқан боздақтардың қынадай қырылғанына күйініп аһ ұрды:

Қара тұман торламай-ақ көгімді,  
Қайғы жұттым, қабырғам да сөгілді.  
Оғландарым бауырына оқ атты,  
Боздақтардың қаны судай төгілді [35, 34]

Біз өмір сүріп отырған қоғамның күнгейімен бірге көлеңке жақтарының ақын жырларына арқау болғаны қуантады. Бүгінгі қазақ қоғамының тыныс-тіршілігі «Біздің хал», «Нан», «Біздің қоғам», «Құзғындар құрылтайы» тәрізді өлеңдерге арқау болған. Қазіргі таңда «Мұнай аққан, астық тұнған өлкенің Адамына нан қайғы!» екені жасырын емес. ХХІ ғасырда адам баласының пиғылы бұзыла бастауы, «азаттықтың» ауызда ған айтылып, күніміздің үрейге толы болуы, қорқаулардың күн санап көбеюі, жарлығы жаны, бай-манапқа пұлы қайғы болуы, заң қызметкерлерінің заңды бұзуы, тоғышарлық пен жемқорлықтың мемлекеттік дәрежеге көтерілуі, жетім-жесірлердің баспанасыз өз елінде босып жүруі – бәрі де қоғам өмірінен алынған өмір шындығының шынайы көрінісі. Осындай қоғамда безбүйрек болып кеткен жандарды қасапшының жалғыз ұлын базарда сойып сатып жатыр десе де шошытпайтындығы қорқынышты. Ақын қоғамдағы осындай келеңсіздіктерді тілге тиек ету арқылы біздің сан ғасырлар аңсаған азаттығымыз кім үшін, не үшін керек деген заңды сауал тастайды. Ал, «Азатпыз. Ел қабағы жайдарырақ... Тіл жатыр есенгіреп, сайда құлап» деген жолдар бүгінгі таңдағы мемлекеттік тілдің хал-жағдайынан хабар берер көркем деталь.

Мемлекеттік тілдің қатынас тілінің тасасында қалып, өз мәртебесіне ие бола алмай жатқаны жасырын емес.

Ақынның біраз өлеңдеріне ән жазылып, белгілі әншілердің орындауымен көпшілік тыңдарманға ұсынылып жүр. Олардың қатарында көпшілікке танымал «Ауыл кеші көңілді», «Арайлым», «Теңізде», «Кел, Жаңа жыл», «Наурызым – мерекем», «Тау кешінде», «Ән сал, жаным», «Елігім-еркем», «Бал бөбек», «Ақ жеңешем», «Сағым бақыт», «Мұзбалақ», «Жайлауым – әнім», «Ақ құсым», «Жиырма бес», «Махаббатың тұмары», «Тау бұлттары», «Азамат жыры», «Аймен бірге аяндап» тәрізді ән-өлеңдерін атауға негіз бар.

Сонымен бірге ол Бернард Лоррейн, Ли Бай, Ай Чин, Юй Гуаңчжүң, Чжау Лихуа, Чын Дүндүн, Гу Чың тәрізді ақындардың жырларын қазақша сөйлету арқылы ұлттық әдебиетті әлем әдебиетінің жыр жауһарларымен байытты.

Осы қатарды толықтыратын ақынның бірі – Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Ғалым Қалибекұлы. Оның «Үш тоғыс» [36] атты жинағына соңғы жылдарда жазған өлеңдері, толғаулары мен дастандары жинақталған екен. Ол Баянауыл ауданының 180, Астана қаласының 10, Қасым Аманжоловтың 100, Сәкен Иманасовтың 75, Ғабиден Мұстафиннің 100 жылдығына арналған жыр мүшәйраларының жұлдегері, «Қазақ әдебиеті» газетінің 70 жылдығына арналған мүшәйраның лауреаты атанды.

Ақын жарларынан да негізгі орын алатын – туған жер, атамекен туралы өлеңдер. «Атамекен, қасиетіңнен айналдым», «Туған жерді сағыну», «Құлпытас» өлеңдерін оқып отырғанда шекараның екі бетінде тұрып жатқан қазақ бауырларымыздың мұң-шері аңғарылады. Домбыраның қос шегіндей тартылған бұл екі тақырыпты бірінсіз бірін сөз ету мүмкін емес. Оның бірі – кіндік қаны тамған туған жер болса, екіншісі – ата-баба қонысы атамекен. «Туған жерді сағынудың көкесін, шетте қалған атам маған үйретті» дейтін лирикалық кейіпкер – Қазақстаннан сырт жерден тұрып жатқандардың жиынтық бейнесі. Сыртта жүргендіктен де оларда туған жерге, атамекенге деген сағыныш басым. Киелі жерге кіндігінен байланған лирикалық кейіпкердің туған жерін Жерұйыққа балауы дау туғызбайды. Кімге де болса, туған жерден ыстық жер жоқ. Сондықтан да ескен желден елге сәлем жолдап, «қайтқан құстың қанатына жармасып» өскен жерге

жетпек болған қарияның сүйегі жат жерде жатқанмен, оның басына Атажұрттың бір тасы бұйырса деп Алматыдан апарып қойылған бұжыр тас туған жерге деген сарғайған сағыныш пен шексіз құштарлықтың символындай бейнеленген. Тамыры жоқ болғанымен тағдыры бар көк тасты «Көтөбеден көшіп келген серек тас, Үндідегі Тәж-махалдан мың артық» деп бейнелеуі туған жердің түйір тасы Перғауынның пирамидасынан, жаһандағы жеті кереметтен артық бағалануы оның құндылығын айғақтайды. Бұл – ғұмыр бойы туған жерге жете алмай, арманда кеткен жанды «Атажұртқа жетіп өлді!» десін деген ойдың көрінісі. Лирикалық кейіпкер туған жердің бір уыс топырағына зар болған әке рухына «Атамекен топырағы деп осы тас, Атамекен шың-құзы деп білгейсің» деп тағзым жасайды. Лирикалық кейіпкердің ұғымындағы Отан – баға жетпес құнды ұғым. Ол үшін Отаннан артық ешқандай байлық та, бақыт та жоқ. Сондықтан да ол Отан үшін от кешуге, өз басын өр өлімге тігуге даяр:

Отаным менің, құрыштай мығым сомдайды,  
Отаннан кетсем, мен үшін, әне, сол қайғы.  
Отанын қорғау – азамат үшін абырой,  
Отанын сатқан оңбайды! [36, 67].

Қазақ поэзиясындағы арнау өлеңдердің қатарына қосылатын Хан Кенеге («Қайран бабам ер еді»), Есен қарияға («Етікші Есен»), О.Бөкеевке («Мұзтаудың мұзбалағы оралмады»), С.Мұратбековке («Қайырлады жағада қара сөздің қайығы»), Ж.Самитұлына («Жақаң тауы»), Ғ.Жайлыбайға («Қоңыр»), Даму Долдаға («Сағыныш») арнаған өлеңдерін ерекше атаған ләзім. Осылардың ішінде «Қайран бабам ер еді» өлеңінің айтары арыда. Хан Кененің рухымен сырласқан ақынның «бассыз қалған қырғызға, бассыз қалған орысқа, басың керек болған ғой» дегенінен орыс пен қырғыздың қазақ батырына жасаған опасыздығы мен мұңдаласа, Көкжал Барактың басы мен Шыңқожа батырдың бір саусағы қан майданда – ұрыс даласында қалғандығы қазақ батырларына жасалған қиянат емес, мұсылман баласына (ислам дініне) жасалған қасірет еді. Ислам дінінде өмірден өткен жандарды арулап жөнелту деген салт атадан-балаға мирас болып жеткен.

Әкем басы Балқанда,  
апам басы Қалқада,  
інім басы Қытайда,  
ағам басы Арқада [36, 11], –

деген өлең жолдарынан бір отбасы мүшелерінің әр жақта жатқанын байқаймыз. Сол замандардың ел, халық тарихынан алатын орны байқалады. «Мың өліп, мың тірілген» қазақтың өткен тарихын саралай келіп ақын «Басын кесіп алса да, рухын жоя алмады» деген тұжырым жасайды. Мұның өзі – жауынгер, батыр халықтың өршіл рухын ешкімнің жоя алмағандығының көрінісі.

Ал, «Етікші Есен» өлеңінің этнографиялық бояуы қалың. Мұнда етікші Есеннің өмірінен хабар берген ақын осы өнердің бүгінгі таңда ұмыт болып бара жатқанын тілге тиек ете отырып, қарапайым етікшінің ағаштан түйін түйген ұста, қасқыр терісінен ішік киген кәнігі аңшы екенін айта келіп, жеті өнерді бойына жинақтаған қариялардың ескінің сарқытындай жоғалып бара жатқандығына алаң. Бір қарағанда, ауылдағы қарапайым ғана етікші шалдың өмірі тәрізді көрінгенмен, сол қариялармен бірге ұлттық өнеріміз бен кәсібіміздің жоғалып бара жатқаны жасырын емес.

Арнаулардың бірсыпырасына әр дәуір ақындарына қаратыла айтылған ой-толғамдар жинақталған. О.Бөкеевке арналған «Мұзтаудың мұзбалағы оралмады» өлеңінде ақынның болмыс-бітімімен бірге оның шығармалары да тілге тиек болады. «Қайда жүр құлдырындап «Қасқа құлын», жеміне айналды ма аш тағының» деген жолдардан «Қайдасың, қасқа құлыным» шығармасы еске оралса, «шекеден қарайтұғын қайран көкем», «қасқайып тұрғаны да ерек еді» деген бейнелі тіркестер оның болмыс-бітімін көз алдымызға елестетеді. Арнау өлеңдердің ішінде бір тармаққа көп мағына сыйғызу басым. Мәселен «Қайырлады жағада қарасөздің қайығы» деген жолдар прозаның шебері С.Мұратбеков қаламының тоқтағанынан хабар берсе, үндемей жүріп көп іс тындырған Ж.Самитұлына берілген «Атағы жоқ, даңқы бар, «Жақа» дейтін бір таусың!» деген жоғары баға олардың бейнесін толықтырып тұр. Ал, «Қоңыр» өлеңінде Арқаға сыймай, ұлы дала төсіндегі Сарыарқадан келіп, Алматыдан тұрақ тапқан ақын Ғ.Жайлыбайға «Нағыз ақын ақпан туар, бәлкім, Мұқағали туған күн туылыпсың», – дей отырып, оның табиғи болмысы мен ақындығына мынадай баға береді: «Қыздан зият мінезі, қылдан нәзік, Қоңыр өлең жазатын қоңыр қазақ!» [36, 44]. Үрімжідегі ақын інісі Даму Долдаға арналған «Сағыныш» өлеңінде Алтай мен Сауыр тауына деген сағыныш басым. «Туған



жерді сағынғанда егілем, Сен де бекер өзінді-өзің алдайсың!» деген жолдар лирикалық кейіпкердің туған жерге деген сағынышымен бірге ақын ініге деген алаңдаушылығының белгісіндей.

Ақын жырларынан үлкен орын алатын келесі топтағы жырлар – махаббат лирикасы. Кез келген ақын жырларынан үлкен орын алатын бұл тақырып Ғ.Қалибекұлының да жан сырынан хабар береді. «Қызыл алма» піскен алма секілді сұлу бойжеткеннің өмірінен хабар берсе, «Жұмбақ қыз» өлеңінде төгілген қара бұрымы тірсегіне соғылған Қатиманың арыстай азаматқа күйеуге шықпай, кемпірі өлген шалға тиіп кеткеніне тап боламыз. «Сырға қалған беткейде сыр қалады», «Сүйесің бе? – деп сұрама», «Шыңға біткен шынарымсын» – лирикалық кейіпкердің махаббатынан сыр шертіп тұрған сыршыл өлеңдер.

Шағын лирикалық өлеңдерімен бірге «Көшкен елдің көз жасы», «Бұлбұл», «Шекара», «Апа», «Ата», «Күнделіктегі көлеңке», «Мұқағалимен мұндасу» тәрізді толғаулар мен дастандар жазды. «Көшкен елдің көз жасы» толғауына ХХ ғасыр басындағы туған жерден үдере көшкен қалың елдің қайғылы қасіреті «Қыранның қос топшысы қайырылды, қылыштың өткір жүзі майырылды. Уыздай ұйыған ел бір-ақ күнде, жерұйық – Атажұрттан айырылды» деп бейнеленген. Қазақ халқын қыран мен қылышқа теңеген ақын олардың қайырылуы мен майырылуы арқылы халық басына түскен қасіретті күнге жан бітірген. Ұлттық ойлау жөнінде М.Дүйсенов: «Бірдеңені әсерлі түрде ұғындырғысы, суреттей айтқысы келсе, әр халық өзінің күнделікті өмірінде көзбен көріп, қолмен ұстап жүрген үйреншікті құбылыстарға байланысты айтады да, оның өзі сол халыққа соншалықты түсінікті, соншалықты ыстық та көрінеді. Әр ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік психикалық пішінінің бір қыры осы ұлттық ойлау ерекшеліктеріне байланысты», – деген болатын [21, 441]. Осы пікірге сүйенетін болсақ, қыран да, қылыш та – қазақ халқының күнделікті өмір тіршілігінде көріп, ұстанып жүрген жандарына жақын заттар. Бұл тұрғыда ақын қазақты көк тәңірісі қыран мен қару-жарактың жарамдысы қылышқа балап отырғаны рас. Туған жерден жоқтау айтып, үріккен аң секілді аш-жалаңаш көшкен елдің арттарында қалған қора-қора мал, жиналмаған дастарқан олардың мүшкіл халдерінен толыққанды ақпарат беріп

тұр. «Қырылдың, қаның ақты бұлақ болып, Жауынды қызыл қолмен қыра алмадың» деген жолдар елі мен жері үші жау жағасынан алған қазақтың жалаң қолмен оққа төтеп бере алмағанын байқатса, «Түбі бір түріктерге разымын, бордай тозған қазаққа пана болған» деген жолдар Гималай, Тибет, Кашмир асқан қазақтарды түркі халқы бауырына басып, оларға қоныс бергенін көрсетеді. Толғауда ХХ ғасыр басында тоз-тозы шыққан қазақтың сол ғасырдың соңында, еліміз егемендік алған соң, Атамекенге ат басын тіреуімен, қауымымен қауышуымен аяқталады. Бұл – сол бір қиын кезеңдерді басынан өткерген, атажұрттан шерменде күйде айырылған бауырларымыздың сан жылдар бойғы қасіретіне жан бітірген толғау. Атамекеннің қадір-қасиетін тарыдай шашылып сыртта жүрген қазақтардың терең түсінетіні осы толғауда ашық көрінген. «Шекара» толғауына Алтайды мекендеген қазақ ауылы шекара бөлінгенде екі жаққа бөлініп қалғаны, бір атадан туған бауырлардың арасын шекара сызығы бөліп тастағаны жөнінде болса, «Апа» мен «Ата» – ақынның ата-анасына сөзден соғылған ескерткіші. Мұнда лирикалық кейіпкердің жүрегіне сызат түсірген жат елдің содырлы саясаты мен соңдарынан қалмаған қуғын-сүргін зардабынан тағдыр тәлкегіне ұшыраған жандарға тап боламыз. Мұсылман халқында өмірден өткен жанды соңғы сапарға жөн-жоралғыларымен арулап шығарып салу дәстүрі қалыптасқан. Ал, анасын соңғы сапарға солай шығарып сала алмаған жанның жүрек жарасын түсінуге болады. Сондықтан да «Қуанышқа құндақтаймын өзімді, Өзгені де қуанышқа бөлеймін» [36, 102] дейтін ақын жер жүзінің жетімегін есіркеуге даяр. Ал, атасы туралы «Сәуегейлік ақылың мұхиттайын», «Темірқазық жұлдызы екенінді, Күйкі басым кезінде сезе алдым ба?» деген тіркестер оның болмыс-бітімін танытуға қызмет етсе, «Нағыз ұлтшыл» элемент» деген сөз Қытай халық республикасындағы Мәдени төңкерістен хабар беріп тұр. Анасымен, атасымен сырласқан лирикалық кейіпкердің өмір туралы толғаныстары олар өмір сүрген уақыт пен бүгінгі заман арасындағы алшақтықты танытып тұр.

Ақынның жекелеген композиторлардың әнімен айтылатын «Қазағым – елім» (Еркін Ергенұлы), «Оспан батырдың өсиеті» (Еркін Ергенұлы), «Боздала» (Дүйсентай Құсыманұлы), «Анашым» (Сейфуллин Жолбарыс), «Армысың, достар»

(Сайламқан Мұстақиұлы), «Ағады Ертіс қамығып» (Жарылқасын Дәулет) тәрізді ән-өлеңдері көпшілік тыңдарманға таныс.

Б.Жылқыбекұлы – балалар поэзиясының өкілі. Ол қазақ поэзиясына «Жалғыз төбе» [38] атты жыр жинағымен бірге «Айжарық», «Қос құлыншақ», «Ай анаға сәлем» тәрізді балаларға арналған поэзиялық топтамаларын, «Қазақ өлеңінің дәстүр жалғастығы» атты көмекші оқу құралын ұсынды.

Ақынның сыршыл сезімге құрылған лирикалық өлеңдерінен қияны бетке алып («Қия бетте»), жалғыз төбеге жайғасқан («Жалғыз төбе»), зымыраған уақыт керуенінде («Уақыт-ай») әр қадамын аңдап басып келе жатқан («Аяңдау») лирикалық кейіпкердің өмір жолы менмұндалайды.

Жаным менің жалғыз төбе – аласа...

Қыңқ етпедім қыс төбеті таласа.

Көктемнің гүл қанатымен қабырғам,

Жыбырлап тұр мейрам күнгі қалаша [38, 9], –

деген жолдар лирикалық кейіпкердің қоңырқай тіршілігінің жанды картинасы. Тағдыр тауқыметін тартқан жанның қыс төбеті деп отырғаны образды бейне. Сол сияқты бойындағы қуанышты мейрам күнгі қарбалас тіршілікке балауы да оның образды сурет жасаудағы ізденістерінің көрінісі.

Балаларға арналған өлеңдерінің ішінде төрт түлік малға қатысты, табиғат құбылыстары жөніндегі өлеңдерді, санамақтарды, жұмбақтарды кездестіруге болады. «Сандар сыры» өлеңіндегі:

Санның басы – бір,

Көз алдымда тұр.

Егіз сан – екі,

Бірден басым оның десі.

Үшем сан – үш,

Үшеу қосылса, зор күш.

Төре сан – төрт,

Төрт бар жерде жоқ дерт... [39, 34], – деген тармақтар қазақ әдебиетіндегі балаларға арналған санамақтардың заңды жалғасы ретінде танылады. Бірден онға дейін балаларды санатудың жолын осындай үлгімен беру балалардың танымын кеңейтіп, олардың поэзияға деген құмарлығын арттыруға қызмет етеді. Болашақ ұрпақты адалдыққа, тазалыққа тәрбиелеу арқылы

саналы ұрпақ тәрбиелеу барша адамзаттың міндеті болса, балалар ақынының осы жолда көтерер жүгі көп. Оған ақынның «Қарағай» өлеңін мысалға келтіруге болады:

Көкке ұмтылып қарағай,  
Түрленіп тұр баладай.  
Егер түзу өспесе ол,  
Ешнәрсеге жарамай,  
Ошаққа отын болады,

Сынып қалған шаладай [36, 18], – деген жолдар балаларға үлкен ой салады. Олар да осы қарағай тәрізді болып қалмас үшін өмірден өз орнын табуға ұмтылады. Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде үлкен міндеттер атқаратын жұмбақтарды балалардың ой-танымын кеңейтіп, олардың зейінін арттырады. Балалардың қиялын арттыруға көмегі тиетін жұмбақтардың үлгісін ауыз әдебиетінен бастап, әдебиеттің әр дәуірінен келтіруге болады. Санамақ пен жұмбақтарды әсіресе балалар ақындарынан молынан кездестіреміз. Б.Жылқыбекұлының да бұл жанрда біраз еңбек еткеніне оның жұмбақтары мысал.

Қазіргі қазақ поэзиясына үлес қосып жүрген ақынның бірі – Иманғазы Нұрахметұлы. Ақын шағын лирикалармен бірге кең құлашты эпикалық поэмалар жазып жүр, сонымен бірге, ол ұлттық әдебиеттану ғылымына «Ұлыстық әдебиеттен ұлттық әдебиетке дейін», «Көне мәдениеттің жазба ескерткіштері» тәрізді зерттеу еңбектерін қосты. Оның «Топыраққа түскен сәулелер» атты жыр жинағына К.Салықов «Жұлдызы биік ақын» деген алғысөз жазған екен. Алғысөзде ақынның шығармашылығына: «Бірде қанаты қатып, шалғысы жетілген қырандай биікке самғап, тереңге кетсе, бірде әрі желісті, әрі шабысты, әрі әсем аяңшыл аттай сан түрлі өлең формаларымен құбыла жөнеледі, жүрісінің жүйесін тапқан жорғадай мүдіріссіз, кідіріссіз тайпалады», – деген баға берілген екен [40].

Ақынның «Топыраққа түскен сәулелер» атты жыр жинағына соңғы жиырма-жиырма бес жыл көлемінде жазылған туындылары топтастырылған. Шағын лирикаларды мазмұны мен түріне қарай топтап қарағанда, бірінші көзге түскені – туған жерге, Отанға деген шексіз махаббат. «Ермен көрсем Тәңірімдей, Тағзым етем

тік тұрып» («Киелі шөп»), «Топырағы-ай жұртымның көң сасыған, Ізін көрем бабамның әр тасынан» («Туған жер»),

«Анадан қалған махаббат» – Отан-ана, туғар жер туралы өлеңдерінің жиынтығы іспеттес. Ақын елге, жерге деген махаббаттың ана сүтімен берілетіндігі жөнінде мынадай тұжырым жасайды:

Мына бізге жүкті болған кезінде,  
Топыраққа жерік бопты анамыз.  
Жерік асын тоя жеген анадан,  
Топыраққа ғашық ұрпақ тараған [40, 45].

Екінші бер ерекшелік – табиғат құбылыстары мен мезгіл суреттері туралы өлеңдерде адам мен табиғаттың бірлікте жырлануы. «Қар» өлеңіндегі ұлпа қарға деген сезім күйлері ерекше. Салмағы жоқ. Жеп-жеңіл ұлпа қарлардың қайдан келіп жатқанына таңданған лирикалық кейіпкер «Періштелер кеудесі бар, басы жоқ, Әкелді ме қанатына қондырып» деп оларға жан бітіре жырлайды, адам сияқты сырласады. Кейіптеудің осындай үлгісін бірнеше өлеңнен келтіруге болады. «Сырдың суы аққан баяу шымырлап, Толқындарын әкеткендей жын ұрлап. Қалқақ қағып бара жатыр бұлдырап, Ұлы айдында мың сан бояу, мың ырғақ» («Сыр жағасында»), немесе «Бұйра қарын мама бұлттың үрпінен, Қанша тамшы таңдайыңа тамды екен» («О, Қара жер»), «Болымсыз ғана дірілің, Деп тұрғандай тірімін» («Тамшы»), «Жапырақтар қалтылдайды дәрменсіз, Бұтақтардың саусағының ұшында» («Күз»), «жел тербеген түннің қара шашының, Әр талынан мұңлы, сырлы күй ұғам» («Түн»), «Бұлттар қашып, арқасынан аспанның, Самал тербеп, дала шөбін жас, балғын» (Жаз кеші») деген жолдар ақынның жансызға жан бітірудегі шеберлігіне мысал бола алады.

Келесі ерекшелік – ұқсас заттардың қасиеттері арқылы философиялық ой түйю. Мәселен, «Жел» өлеңінде табиғат құбылысы туралы айта отырып, екі аяқты пенделер арасындағы сыпсың сөздердің желдей гулеп сала беретініне көңіл аудару арқылы жел мен жел сөздің арасындағы ұқсастық пен айырмашылықты түсінеміз. «Тастар» деген өлеңінде тастармен сырласқан лирикалық кейіпкер сан ғасырдың ізі қалған тастарға қарап отырып, тастар мен жүрегі арасындағы ұқсастыққа көңіл аударды. Адам жүрегінің тастай болып қатып қалуы, оған да

тағдыр тауқыметінің сызаттарын салуы – бір қарағанда құптарлық дүние.

«Жұлдыздар», «Ай», «Нажағай», «Үркер – менің жұлдызым» тәрізді аспан денелеріне арналған өлеңдердің де айтары әр қалай. Ақын Айды аспанның төбедегі серісіне, жұлдызды көктегі бикешке, нажағайды тілінен от бүріккен періге балап, олармен сырласады, оларға екі аяқты пенделердің пендешілігін айтып, мұнын шағады. Бүгінгі егемендігіміздің қадір-қасиетін түсінетін ақынның «Аққан суға ғашықпын, көшкен бұлтқа, Ғашықпын мен өйткені бостандыққа» деуі де содан.

И.Нұрахметұлы шағын оқиғаға құрылған «Үкінің көз жасы», «Үш күшігімен қолға түскен көкжал», «Ертіс жағасында», «Кесіртке», «Түйе тайған қияда», «Айыр сақал ақын туралы қауесет» тәрізді балладаларымен бірге «Құстың сүті», «Есалаңның есебі», «Заманақырдан кейін», «Алтай» атты поэмалар жазды. Оның поэмалары түрі жағынан лирикалық поэмалар қатарына жатады. Алайда, ақын поэмаларының бірі аңыз-әңгімелерге, енді бірі қиял-ғажайыпқа құрылған. Мәселен, «Құстың сүті» поэмасында киікті аңдып жатқан аңшыны бүркіт алып кететін ертегіні тындап жатқан кейіпкердің қиял әлемімен түсінде ертегілер еліне барып қайтқанына куә боламыз. Мұнда кейіпкер түсін жору арқылы оның болашағын болжау бар. Түсті «Сен түс емес, «сәуле» көрген екенсің» деп жору – кейіпкердің болашақ өмірінен хабар берер көркем деталь. Ал, «Есалаңның есебі» – өзіміз өмір сүрген қоғам шындығынан сыр шертетін поэма. Ел ішінде жүрген есалаң жігіттің өміріне лирикалық шегініс жасаған ақын әкесінің «халық жауы» ретінде атылып кеткенін, «әкесінің қанын ішкен антұрған, Шешесіне сөз салыпты бір күні» деп, шешесінің жауына арын таптатпай оны ала жығылғанынан хабардар етеді. Сырт көзге есалаң болып көрінген жанның тегі мықты екенін «Жасып жүрген тәлкегімен тағдырдың, Тұқымы ғой бір қара көк – тектінің» деген абыз қарттың сөзі растайды. Қазақ елі егемендік алған кезде әлгі жігіт ерекше шабыттанып, атамекенге ат басын бұруды көздейді. Әкесінің сүйегін елге ала кетпек болған кезде түсіне аян беріп, үш кісінің бір жерде жатқанын айтады. Жігіт әкесінің сүйегін қалай танымын деп тұрғанда оның ойына қанның кемікке сіңетіні есіне түседі. Осылайша үш мәйіттің ішінен әкесінің сүйегін қан арқылы тауып

алады. Поэмада сыртта жүрген бауырларымыздың тағдыр тәлкегіне ұшырауы, олардың қазақтың тәуелсіздігін қуана қарсы алуы менмұндалайды. Ал «Заманақырдан кейін» поэмасының айтпағы арыда. «Өсімдіктер мен жануарлардың әрбір тұқымы көздің қарашығындай қорғалсын, олардың бірде-бірінің тұқымы құритын болса, экологиялық тепе-теңдік бұзылады», – деген радиодағы хабарламаға ерекше көңіл аударған автор сол қоғамдағы адамзат баласының тыныс-тіршілігінен хабардар етеді. Біз өмір сүріп отырған қоғамда адамнан гөрі материалдық құндылықтардың жоғары бағаланатыны арқылы екі аяқты пенделердің өсімдік, жан-жануар құрлы болмағанына күйінесін.

Біздің бұл жыртқыш ғасырда,  
Кім ұғар арды, намысты.  
Топырағын, жердің тасын да,  
Түк қоймай қылғып тауысты [40, 173].

Елі мен жерін сүйетін, тауы мен тасын баға жетпес құндылыққа бағалайтын, Отанын шынайы сүйетін патриоттардың қазіргі тірлігі поэмадағы Делқұл бақсының сарынындай сөз жүзінде қалып бара жатуы біз өмір сүріп отырған қоғамның ащы шындығы екені жасырын емес. Ақын заманақыр заманда өмір сүріп жатқан замандастарының мұң-шерін Делқұл бақсының бойына жинақтап, өз қоғамынан орын таппаған екі аяқты пенделердің есалаң күйін шынайы суреттеді.

Ал, «Алтай» поэмасы – арғы-бергі тарихымыздан сыр шертетін туынды. Қазақ «Еркек тоқты құрбандық» дегенді ел басына күн туған қиямет-қайым заманда, елі үшін басын ер өлімге тіккен боздақтарына қарата айтқаны осы туындыда таратыла суреттелген. Аталған поэмаларға жетпей жатқан бір мәселе – оқиғаның шынайылығын аша түсетін эпизодтардың жетіспеуі, оқиғаға қатысатын кейіпкерлер бейнесінің толық ашылмай қалуы деп айтуға негіз бар.

О, туған жер, сенде бардың бәрі маған бағалы,  
Болса-дағы мал жемейтін боз құрайдың сабағы.  
Ниеті жат, бөгде біреу жұлса бір тал шөбінді,  
Сүйек қақсап, төбе құйқам шымырлайды,  
шағады [40, 89], – деп жырлаған ақын жырларын қорытындылай келгенде айтарымыз, елін сүйген патриот ақын өлеңдерінің негізгі лейтмотиві – туған жерге, Отанға деген махаббат. Ол табиғат

құбылыстарын жырласа да, туған жерін жырға қосса да негізгі көздегені – туған жердің амандығы, бір тал шөбінің жат қолында кетпеуі.

Соңғы ширек ғасырдағы қазақ поэзиясына келіп қосылған жаңа буын өкілдерінің бірі – Ләззат Игісін. Ақынның «Сезімдер менің моншағым», «Ақтолқын» тәрізді жыр жинақтары жарық көрген. Соңғы жинағына Д.Байтұрсынұлы «Ақтолқын» – жырдың моншағы» деген алғысөз жазған екен. Онда ақын шығармасына: «Ләззат жырлаған әр тақырып, әр ой көгерген жайлаудай, жемісі мәуілжіген ағаштай көз тартады. Кітап ойсыз, нәрсіз сөздермен және де қобыраған шумақтармен қабатын қалыңдатпайды. Қайта, көлеміне өлеңі лайық, санына сапасы куә!», – деген баға берілген [41]. Қазақ поэзиясындағы ақын апаларының артынан еріп келе жатқан ақын қыздың «Сенерім – Алла! Сенімім – иман. Бақытым – отбасым. Байлығым – өлеңдерім» деген өлең жолдарынан оның да өз замандастары тәрізді Жаратушыға бас иген имандылығын байқауға болады. Ақынның Аллаға деген махаббаты төрінен Құранның кетпейтінінен, Аллаға шүкірлік етуінен және басқа мысалдардан көрінеді.

Сыршыл сезімге құрылған ақынның бір топ өлеңдері махаббат лирикасынан орын алады. Бұл қатарды «Қош айтпай...», «Жақсы көру», «Сарғайды қыз», «Мендегі көктем», «Аңсау», «Деміңмен емде», «Күтемін сені», «Ән сал, жаным», «Ағыттым, жаным, ақыры» т.б. өлеңдері толықтырады.

«Тағдырмен сырласу», «Тондырма суықтарыңа» дейтін жырындағы «Қаңғырып талған сезімдерімді, Бұралқы иттерге бақырттың» дейтін образды сурет жолы жіңішке ақын қыздың өмір жолынан хабар береді.

Осы қатарды толықтыратын ақынның бірі – Мағиза Құнапияқызы. Студент шағынан көзге түсе бастаған ақын жырлары «Талбесік», «Жас толқын» тәрізді жас ақындардың жинақтарына енген. ҚХР «Тұлпар» әдеби сыйлығының иегері, сонымен бірге ол 2000 жылы өткізілген жыр мүшәйрасының жеңімпазы, «Артығали», Таңжарық Жолдыұлы атындағы, Бекет атаның 265 жылдығына арналған жыр мүшәйраларынан жүлделі орындарды иеленді.

Халықаралық және республикалық жыр мүшәйраларынан жүлделі орындар иеленіп жүрген ақынның «Ай жүзіне көп қарап



...» [42] жыр жинағына соңғы жылдары жазған өлеңдері топтастырылған. Кітаптың беташары ретінде берілген «Екі жерде» атты өлеңде шекара сызығының арғы бетінде өмір сүріп жатқан қандастарымыздың Отанға, атамекенге деген сағыныш сезімі менмұңдаласа, «Өр Алтайда өскенбіз» өлеңі Алтайды мекен еткен өршіл қазақ халқының кешегісі мен бүгінгісінен хабар береді. Өр Алтайда кіндік кесіп, ата-жұртқа ат басын тіреген бауырларымыздың атамекенге деген сағыныш сезімдерін жеткізген ақын жырларында Отанға, елге деген құрмет басым. Атажұртқа Алтайдан келген лирикалық кейіпкердің жырдан жасау тиіп алып келгені оның бұған дейін де еліне, жұртына танылып қалған ақын екенін аңғартады. Ел мен жердің сәлемін арқалап келген лирикалық кейіпкердің мойнына жүктелген міндет те көп еді. «Сағыныштан у ұрттадым» өлеңінде оның Мұхтар Әуезовтер жүрген қалаға келгеннен кейінгі көңіл құлазуына жолығамыз.

Ол үшін қазақтың кең жазира даласының бәрі ыстық. Мәселен, «Маңғыстау» өлеңінде Алтай менен Атыраудың арасын мекен еткен қазақтың кең жазира даласын, Алтай менен Маңғыстаудың арасын жыр жолдарымен жалғағанына куә боламыз. Осылайша ақын жырларының географиясы кеңіп, Алтай мен Атыраудың арасын қамтығанын мына жолдардан көруге негіз бар: «Жүректердің сезімін жалғар шақта, Екі елдің арасын жалғар жүрмін...» [42, 67].

Ақынның туған жер туралы өлеңдерінің қатарында «Біздің жақтың тауына», «Туған жерге махаббат», «Атажұрт», «Сар дала», «Туған жер», «Қом-Қанас», «Қызыл қайың» тәрізді өлеңдерін атасақ, табиғат лирикасына «Көктем лебі», «Қараша күз», «Күзгі бұлт», «Ақша қар», «Қыс», өлеңдерін жатқызуға болады.

Қыста – ақ, жазда барсаң – жасыл мекен,

Айналдым, алтын бесік асыл мекен.

Көктемде көп жауған ақ жауының,

Шашу ма екен, төгетін жасың ба екен?!

Қалай саған оралмай тұра аламын,

Әкемнің де, бабамның «басы қалған» [42, 115] –

деген жолдарға туған жерге деген махаббаты сыйғызған. Таусыз жерде тұра алмайтын лирикалық кейіпкердің «Жабыла кеп үймелеген басына, Ақша бұлттан тауларымды сағындым» деп тауларын бұлттан қызғануы, қызыл қайыңға, даласы түгіл күл

төккен күресінге деген сағынышы оның туған жерге деген ыстық сезімін толықтырып тұр.

Махаббат лирикаларын «Жомарт күзде таныстық», «Оралмаймын», «Күрсінесің жиірек», «Ғашықтар тілегі», «Сен деп қалам», «Тұлғанды көру бір арман», «Осының бәрі», «Енді мені күттірме», «Бәрін де ұмытамын» өлеңдері толықтырып тұр.

Сонымен бірге, оқиғаға құрылған балладаларды да атауға негіз бар. «Қазық бау» балладасына негіз болған оқиға – мал шаруашылығымен айналысқан қазақтың бала тәрбиесіне қатысты сырларынан хабар берер штрих.

Балалық шағы өр Алтайда өткен лирикалық кейіпкердің Алатауға тұрақтап қалғанмен туған жерге деген сағынышы басым. Себебі кіндік қаны тамған мекеннің кім-кімге де ыстық болатыны дау туғызбаса керек. Балалық балдәурен, қызыққа толы жастық дәуренін поэзияға алып келген Мағизаның лирикалық кейіпкері келе-келе отбасылы болып, бала тәрбиелеген ана ретінде толысып толады. Ақын міне осындай белестерді бағындыру барысында өмірден көргені мен түйгенін жырға орап, сыршыл сезімге толы шағын лирикаларын ұсынды. Ол жаңа тіркестер, жаңа ұяқастар іздеп әуре болмайды, төңірегінде өтіп жатқан өмір белестеріне жан бітіріп, оны көкірек көзінен бір сүзіп өткеріп, оны сырлы сөзбен сырлай береді, жырлай береді. Ақын жырлары қарапайым ұғым-түсініктерімен ерекшеленеді.

### *Әдебиеттер:*

1. Нұржан С. Таң қауызын жарғанда. 3 томдық. – Алматы: Үш қиян, 2002. – Т. 1. – 352 б.
2. Әскербекқызы Ж. Қаз қанатындағы ғұмыр. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жазушы, 2007. – 240 б.
3. Сейітман С. Қарашаңырақ. – Алматы: Абди компания, 2014. – 181 б.
4. Шегебаев Ә. Мен өзінді... – Алматы: Үш қиян, 2003. – 51 б.
5. Шаймаран М. Еркін аспан өлеңі: Жыр жинағы. – Алматы: Атамұра, 2010.
6. Мұхаметқалиқызы А. Бір бөтен ой айтқым келеді. – Семей, 2008 ж.

7. Елгезек А. Көлеңкелер күбірі. – Астана: Фолиант, 2009. – 152 б.
8. Жүніс Е. Киелі түндердің дұғасы. – Астана: Профи-медия, 2011. – 82 б.
9. Ұзақ Ғ. «Көк тудың желбірегені» – рухты оятатын нағыз патриоттық ән // Тольғырақ: <https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/music/2813/>
10. Сұлтанбайұлы Н. Адасқақ. Өлеңдер. – Алматы: Мерей, 2015. – 216 б.
11. Нұрнама: Дұғалар. – Алматы: Фибрат, 2010. – 83 б.
12. Қирабаев С. Өмір тағылымдары. – Алматы: Білім. – 2006. – 478 б.
13. Ниязбек Р. Қыдыр ғұмыр: Поэзия. – Алматы: «Жалын баспасы», 2002. – 312 б.
14. Бейсенбаев Б. «Бақара» сүресінің тәпсірі // <http://kuran.kz/sureler/17>
15. Сұлтанбайұлы Н. Аралдағы жалғыз жан. Өлең, толғау, баллада, поэма. – Алматы: Мерей, 2016. – 196 б.
16. Пивоваров Д.В. Религиозная сущность культуры // Бытие культуры: сакральное и светское. Екатеринбург, 1994. – С.16-17.
17. Цивилизация // Ф.А.Брокгауза и И.А.Ефронова. Энциклопедический словарь. Т. XXXVIII. Спб. 19037 – С. 144.
18. Көпбаев Т. Аңсар. Таңдамалы туындылар. – Алматы: Қазығұрт, 2012. – 213 б.
19. Сарин Қ. Арманымның бейнесі. – Астана: Нұр Астана, 2011. – 192 б.
20. Елемес Құл-Керім. Жарық. Жыр кітабы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2014. – 304 б.
21. Дүйсенов М. Көптомдық шығармалар жинағы: Повестер. – Қызылорда: Қызылорда-Қанағаты, 2016. – Т.4. – 508 б.
22. Құран Кәрім. Мағыналар және түсіндірмелерінің /тәпсірлерінің/ аудармасы. – Алматы: 2015. – 776 бет.
23. Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», - 2013. – Т 1.: –384 б.
24. Қамзабекұлы Д. Алаштың рухани тұғыры. – Астана: Ел-шежіре, 2008. – 360 б.

25. Серік Қалиев. Болашаққа хат. Өлеңдер жинағы, 2013 жыл. – 168 б.
26. Хасан Серікбол. «Кәусар»: Өлеңдер // Серікбол Хасан. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2011. – 136 б.
27. Темірбай Алмас. Автопортрет. Өлеңдер. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2008. – 64 б.
28. Сейітман С. Домбыра. Өлеңдер // С.Сейітман. – Алматы: Хантәңірі, 2014. – 324 б.
29. Қарағызұлы Б. Жүрек кітабы. Өлеңдер. / Б. Қарағызұлы. – Алматы: «Хантәңірі», 2014. – 190 б.
30. Қалижанов У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. 3-том. – Алматы: «Құс жолы», 2008. – 288 б.
31. Байбосынова Ұлжан Маликайдарқызы. Сыр бойы ақын-жыраулары шығармашылығындағы ислам тақырыбы. 10.01.02 – қазақ әдебиеті. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының авторефераты. Қазақстан Республикасы, Алматы, 2006.
32. Баят Е. Уақыт белдеуі: Өлеңдер. – Алматы: Қазығұрт, 2015. – 208 б.
33. Байтұрсынұлы Д. Сенің арқаң. – Алматы: Ан Арыс, 2014. – 320 б.
34. Мәсімханұлы Д. Өз аспаным өзімде. – Астана: Фолиант, 2014. – 440 б.
35. Қалибекұлы Ғ. Үш тоғыс: Поэзия, проза, әзіл суреттер, фото шежірелер. – Алматы: Мерей, 2013. – 328 б.
36. Авдусин Д.А. Полевая археология СССР. – Москва: «Высшая школа», 1980. – С. 47-49.; Токарев С.А. Ранние формы религии. – Москва: издательство политической литературы, 1990. – 622 с.
37. Жылқыбекұлы Б. Жалғыз төбе. – Астана: Өрнек, 2011. – 100 б.
38. Жылқыбекұлы Б. Қос құлыншақ. – Алматы: Мерей, 2015. – 47 б.
39. Нұрахметұлы И. Топыраққа түскен сәулелер. – Алматы: Қазығұрт, 2011. – 192 б.
40. Игісін Л. Ақтолқын. Өлеңдер. – Алматы: Жанашыр, 2010. – 221 б.
41. Құнапияқызы М. Ай жүзіне көп қарап...: Өлеңдер. – Алматы: Жалын, 2012. – 160 б.

---

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭМАСЫНДАҒЫ ДӘСТҮР ҰЛАСУЫ

---

Тәуелсіздік тұсында қазақ ақын-жазушылары қазақ әдебиеті тарихында қалыптасқан дәстүрлі жолды жекелеген жанрлар бойынша дамытып, жетілдіріп келеді. Солардың бірі – қазіргі қазақ поэмасындағы дәстүр ұласуы болса, бұл тұрғыда эпикалық шығармалар жазып жүрген ақындар қатары жетерлік. Бұл жылдары қазақ поэмасы дамудың жаңа белесіне көтерілді. Қазақ поэмасында ұлт тарихының әр дәуірінен үлкен орын алатын ұлттық қаһармандардың көркем бейнелері жасалды. Қ.Мырза Әли, К.Салықов, М.Рәш, Н.Ораз, Ж.Бөдеш, Н.Айтұлы, Н.Оразалин, А.Егеубаев, Т.Әбдірахманқызы, К.Ахметова, Б.Жақып, Қ.Аманжол, М.Бектемірова, А.Мұхаметқалиқызы тәрізді эпик ақындардың шығармалары бұған дейін жарық көрген ұжымдық еңбектерде біршама зерттелді. Сондықтан бұл еңбекте назардан тыс қалған, насихаты жетіңкеремей жүрген ақындардың эпикалық шығармаларына назар аударуды жөн санадық.

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ поэмасына үлес қосып жүрген ақынның бірі – Әділғазы Қайырбеков. Бұл жылдары ол «Қара жартас хикаясы», «Ақ тұма», «Шер-шемен», «Жанартау», «Желтоқсан жаңғырығы», «Қожагелді батыр» поэмаларын жазды. «Қара жартас хикаясы» поэмасы Абайдың:

Жартасқа бардым,  
Күнде айғай салдым.

Одан да шықты жаңғырық... – [1, 252]

деген өлеңінен мысал келтіріп, Шыңғыстың сырты, Бөкенші асып Ахмет пен Мұхтардың аң қуып, сейілге шыққанынан басталады. Автор сол жартастың тарихына лирикалық шегініс жасайды да, Қодар мен Қамқаның өліміне қатысты аңызға айналған оқиғадан хабар береді.

«Ақ тұма» – қазақ әдебиетіндегі махаббат тақырыбын толықтыратын лиро-психологиялық поэма. Оқиға лирикалық кейіпкердің жігіттікке аяқ басып, қыздарға көз салуынан басталады. Айнұр есімді сұлуға ғашық болған жігіт оның екіұдай көңілін байқаған соң «Бақытты бол өмірде бұдан бұлай!» деп тілек білдіреді. Алайда бұл хат жігіттің ғашықтық сезімін өшіре

алмайды. Оқуды бітірген соң, екеуі екі қалаға оқуға кетеді. Жырақта жүргенмен сүйгенін ұмыта алмаған жігіт Айнұрды іздеп келгенде, оның күйеуге шығып кеткенін құрбысынан естиді: «Осы аптада тойы болды Айнұрдың, Ұзатылды. Естіген де шығарсың?!...». Ал «Тастай қатып тұрып қалдым орнымда, Өң мен түстей халді бастан өткеріп» деген жолдары лирикалық жандүниесіндегі алай-дүлей сезім күйлерін көрсетсе, поэманың соңындағы «...Сол бір әуен жадымда ескірмеді, Сол бір әуен қайтадан естілмеді...» деген жолдар махаббаттың мәңгілік екендігін, оны ештеңе өзгерте алмайтындығын жадымызға салады.

«Шер-шемен» – өзіне дейінгі ақындардың кері кеткен қазақты түзеу жолындағы жанайқайларын және бір қырынан толықтыратын поэма. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп күйзелген Абай, «Маса» болып ызындаған Ахмет, «Оян, қазақ!» деп жар салған Міржақыптар ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың басындағы шерменде күйімізге күйзелсе, ақынның айтып отырғаны тәуелсіз ел болған ХХІ ғасырдағы жай-күйімізден хабар береді.

Иланбайды иманға,  
Құнығады тек көмейге құйғанға.  
Қайта құрып қызметін, достарын,  
Ыңғайлайды саудаға күнкөрістік жоспарын, – [1,

283]

деген жолдар бүгінгі замандастарымыздың нарықтық замандағы бақай есепке құрған күн көрістерін толығымен көз алдымызға елестетеді. Ақын рухани байлықтың екінші кезекке шығып, материалдық байлықтың алдыңғы кезекке шыққанына күйзеледі. Замандастарының қызыл итке айналған қызғанышы мен сала құлаш жыландай іштарлығын алдаспанмен қиып түсуді қалаған лирикалық кейіпкер оларды иманға шақырып, «Арда дәуір мен Азат күн, Арманы болды атам заманнан қазақтың!» деп сол күнге жетуді мұрат етеді.

«Жанартау» поэмасындағы лирикалық кейіпкер еліктің лағын қолға үйреткенмен, оның қолда тұрақтамай қашып кеткенін былай суреттейді:

Құралай, сонда,  
Жарқабақ аса  
Қарғыды.

Бұғауда болу екен ғой оның бар мұңы.

Бостандық алып,

Боз дала кезіп ол кетті,

Ұқтырып маған басқа бір әлем барлығын [1, 293].

Поэманың төртінші тарауының әрбір шумағы «Қоңыр ауыл» деген тармақпен басталады. Автор балалық шаққа лирикалық шегініс жасау арқылы шалғайда жатқан қоңырқай ауылдың қоңыржай тіршілігіне жан бітіреді. «Қоңыр ауыл. Көп көремін түсімде» деген жолдар әрбір адамның өз туған жері – жер жәннаты екендігін айғақтап тұр. Балалық бал дәурені өткен ауылдың сағымға айналған түтініне дейін сағынған лирикалық кейіпкердің сағыныш сезімдері туған жерге деген сезім күйлерін танытады. «Өлең – мені, мен өленді сатпадым.Талай сырды өлеңге орап сақтадым» дейтін лирикалық кейіпкер сағыныш саздарын өлең жолдарына түсіре білген.

«Желтоқсан жаңғырығы» поэмасы 1986 жылғы Алматы қаласында болған Желтоқсан оқиғасын арқау еткен. «Мұзға шөкті қара нар, Үсік ұрып ізгі үміт» деген жолдардан ел басына түскен нәубет менмұндаласа, «қасқыр итке талатқан Қанішерге сот қайда?!», «Інішектің ішінен Тепкілеген қай жендет?!» деген риторикалық сауалдарға ақын «Ұмытам ба Мәскеудің Қарақұстан ұрғанын!» деп сол бір қаралы оқиғаны Кеңестер одағының астанасы Мәскеудің бұйрығымен жүзеге асқанын жадымызға салады. Алаңда болған қанды қырғынға жан бітірген ақын сол қасіреттің өтеуін, жазықсыз жапа шеккен жастардың жан жарасын кім емдейді, деген сауал тастайды. Сол оқиғадан бері арада отыз жыл уақыт өткенмен, бүгінгі күнге дейін әділ бағасы берілмей келе жатқан оқиға поэма авторының ғана емес, қазақ халқының жанайқайын танытары даусыз. Авторлық ұстаным мен идея поэманың соңғы тарауының «Желтоқсанда жыл сайын Жаңғырады ерлігің!» деп аяқталатын әрбір шумағына сыйып тұр.

Ал, «Қожагелді батыр» – азаттық үшін күрескен батыр бабаларымыздың ерлік істерін насихаттайтын, тарихи тұлғалар туралы шығармалардың қатарын толықтыратын поэма. Ақынның Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданының (бұрынғы Семей облысы, Ақсуат ауданы) Қожагелді ауылының тумасы болғандықтан, батыр баба рухына тағзым жасап, оған жыр арнап отырғаны қуантады:

Қара боран сокса да, сары дауыл,  
Батыр туған қызықтың бағына бұл.  
Қожагелді батырдың атыменен,  
Аталады мен өскен шағын ауыл [1, 349].

Ауылдың бүгінде батыр атымен аталуы – халықты елі мен жерін сырт жаудан қорғау жолында шаһид болған батырларының рухына жасаған құрметін танытады. Қабанбай батырдың қолы Қалба таудың бауырын дүбірлеткен сол бір жылдар оқиғасын ақын көнекөз кейуаналардың әңгіме, естеліктері арқылы толықтырып, Қожагелді батырдың өмір жолы мен оның ата-бабасының шежіресін таратады. Бір жағынан ақ патшаның отаршылдығы, екінші жағынан ортаазиялық хандықтардың басқыншылығы қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайын тұралатып тастады. Қазақтар ата-бабасының шұрайлы жерлерінен айырылып, тау-тасқа қарай ығыстырыла бастады. Ақ патшаның шегінен асқан отаршылдығын: «Адам зарын ақ патша естімеді, Отарлаудың алапат көшкіні еді. Қарсыласқан қазақтың ер ұлдарын Казактардың қылышы кескіледі» деген жолдарға сыйғызған ақын сол тығырықтан шығатын жол іздеген батырдың жай-күйінен хабар береді. Екіжақты қыспаққа түскен қазақты Қытай асып, жансауғаламақ болуға бел байлаған батырдың бұл шешімін Уаң патша ағзамның жандайшаптарының құлағына жеткізеді. Осылайша есер Уаң батырын ғана емес, ел намысын оққа байлап береді. Ақ патша Хабаровқа Шығысқа қарай жылжыған «Қазақтарды қайтсең де тоқтат!» деп тапсырма береді. Көшті арғы бетке өткізбеуді көздеген жасақ, мұздай қаруланып бұлайға жақындай түскенде Қожагелді бір шешімге келеді. Қалың Мұрында жинап, атқа қонады: «Қожагелді қалайша құл болады, Сыймайтұғын ноқтаға арда басы!». Жиналған қолға Сүбейби бата береді. Бірақ қалың қол зеңбіректің аузынан бұрқаған оққа төтеп бере алмай жеңіліс табады.

Тозған елді көруден азап бар ма,  
Қазақ құрып кетуге аз-ақ қалған.  
Бұйырғаны патшаның шен-шекпені,  
Басыбайлы бойсұну кәззаптарға [1, 348].

Ел басына күн туған осындай сәтте атқа қонған батырдың қазасы «Батыр бір оқтық» екенін түсіндіргендей.



Ақын Қасымхан Бегмановтың қазақ тарихынан сыр шертетін толғаулары мен дастандары жетерлік. Солардың бірі – «Тұяқ серпу» атты толғауы болса, оған ХХ ғасырдың қайғылы оқиғаларының бірі – Созақтағы халық көтерілісі арқау болған. Кеңестік дәуір тұсында «бай-кулактардың көтерілісі» деп қара күйе жағылған халық көтерілісіне араға алпыс жылдай уақыт салып, бүгінгі күн биігінен қараған ақын сол бір қасіретті шындықты «Әжім басқан жесірдей құба далам... Қайтейін бір күнің жоқ сенің-дағы, Өксігін ішке тартып жыламаған», – деп қайта тірілтті. ХХ ғасырдың тағы бір шындығын негіз еткен тарихи дастаны – «Шерлі Түркістан». «Мұстафа Шоқай жолымен» атты екі томдық тарихи-деректі, танымдық сапарнама еңбегі мен төрт бөлімнен тұратын тарихи деректі фильмі еліміздегі орта мектептерде тарих пәнінен қосымша электрондық оқулық ретінде бағдарламаға енгені белгілі. Қазақ әдебиетіндегі Мұстафа Шоқай бейнесін толықтыратын туындының бірі ретінде «Шерлі Түркістан» дастанын атауға негіз бар. Осы дастан жөнінде М.Қойгелді: «Ірі тақырыпты ұлттық бағыттағы ірі дарындар ғана шебер жырлай алатыны ақиқат. Менімше Қасымхан Бегманов жан-жақты осындай ірі дарын иесі», – деген болатын [2,14].

Себебі, бұл дастанды ақын Мұстафа Шоқай жүрген жолдармен жүру барысында, ауылы Наршоқыдан Берлинге дейінгі аралықты өз көзімен көрген соң, оның басынан өткен тарихты жан тәнімен сезінгеннен кейін жазған еді. Бұл шығарманың басқа туындылардан негізгі артықшылығы – сол сапарға қатысты тарихи деректердің қоса берілуі. Поэмада Мұстафа бейнесін толықтыратын құжаттардың белгілі мақсатта қолданылғаны анық. Мәселен, Мұстафа Шоқайдың өз жазбалары, Мария Шоқайдың 1958 жылдан бастап жазыла бастаған «Менің Мұстафам» атты естеліктері бас кейіпкер өмірінің белгісіз беттерін толықтырып тұрса, ақынның «Мұстафа Шоқай жолымен» атты сапарнама кітабынан алынған үзінділер мен 2012 жылы Өскемен қаласының сотында жеңіп шығуын растайтын құжат оның Мұстафаның жоқтаушысы, осы тақырыптың тыңғылықты зерттеушісі екендігінен хабар береді. Ақынның Мұстафаның аруағына адалдық танытқаны үлкен ерлік еді. Мұндай игілікті істі кешегі алаш арыстарының идеясын жалғай алатын, елі мен халқын шынайы сүйген азамат қана қолға алатыны жасырын емес. Жеке

бастың құлқынынан аса алмай, әркім өз басын күйттеген бүгінгі нарықтық заманда нар көтерер ауыр жүкті иығымен көтеру – екінің біріне бұйырмаған бақыт.

«Жүз жылдықтар ағады, Құранның асыл парақтарында» деп басталатын шығармадан өтіп жатқан жүз жылдықтар қазақ халқының тарихынан үлкен орын алатын айтулы оқиғалармен ғана емес, күнделікті қарбаласқан күйбең тіршілікпен өтіп жатқанын аңғартады. Ә, дегенде Париждің Шанзелия көшесінде қаңғырып жүрген лирикалық кейіпкермен кездесеміз. Автор лирикалық кейіпкердің осы күйінен хабар беру үшін лирикалық шегініс жасайды. Сырғып өткен сағаттар мен жылжып өткен мың жылдықтардың халық, ел өмірінен үлкен тарихи оқиғаларымен есте қалатыны белгілі. Осы тұрғыдан келгенде өткен тарих қазақ халқының да қаншама қасіреттерінен хабар береді. Мұстафаның туған жері Наршоқының бүгінгі жабырқау күйі, большевиктердің оны ұмыттырмақ болған іс-әрекеттерінің күлі көкке ұшуы, еліміз тәуелсіздік алған соң, арысын іздеген елдің азаматының аруағына бағыштап құран оқуы, ел есін жиған соң, оны жоқтаушылардың шығуы – бәрі де өмірден алынған шындық. Өткен ғасыр басындағы Қазан төңкерісі қазақ даласына қайғы мен қасіретін арқалай келгенін бүгінгі таңда ғана біліп жатқанымыз жасырын емес. Ақын қызылдар қырғынын: «Кім қарсы, түгел өледі, Өртендер, бәрін бұзындар», «Қырып сап бәрін келеді, Қалаға кірген қызылдар» деген жолдарға сыйғызған. Сай-салалардың қанға бөккені, қалалардың күлге айналғаны, кітапханалардың өртенгені, бейіттердің ашылып, сүйектердің шашылғаны, байлар мен молдалардың қуғынға ұшырағаны, аналар мен балалардың панасыз қалғаны – бәрі де қызыл империяның қысастығы екені шынайы бейнеленген. Түркістаннан Қоқан ауған Мұстафаның соңына түскен отаршыл империяның қызыл әскері ол жерден де саябыр тапқыздады. Большевиктердің ультиматумдарына қарсы болғаны үшін кеңселеріне оқ жаудырып, көзін құртпақ болғанда бас сауғалап моладан пана тапқаны, мүрделердің ішінде жанына сауға тілеген Мұстафаға поляк жігітінің көмек көрсеткені, Қоқаннан Стамбулға, Стамбулдан Берлинге бет алғанда басынан өткен қасіретті күндерін бүгінгі ұрпақтың ұмытпауы үшін сол бір қаралы күндерге жан бітірген. Халқының бүгінгі азаттығын аңсаған өр ұланын тәуелсіз ел азаматтарының іздеуі, оның жүрген жолымен жүріп, рухына тағзым етуі қуантады. Дастаннан бұл

сапардың оңай болмағанын, лирикалық кейіпкердің санасына сілкініс алып келгенін түсіну оңай.

Дастанда Наршоқыдан басталған сапардың Францияның Шелль қаласында аяқталғанына куә боламыз. Ақын Мұстафа Шоқай жүрген жолмен жүру арқылы Ташкент мен Алмания аралығындағы «тар жол, тайғақ кешу» жылдарынан хабар береді. Басына іс түскен қиын күндерде қасынан табылған жан жары Мария Шоқайдың бейнесін:

Көңілі қазақтардың даласындай,  
Пейілі түріктердің қаласындай.  
Көңілі шалқып жатқан теңіздейін,  
Ұлттың ұлағатты анасындай, – деп суреттейді [2,

269].

Мұстафа Шоқайдың қайтыс болғанына қырық күн болғанда Париждегі мұсылмандар мешітінде еске алу рәсімін өткізгенін растайтын Мария Шоқайдың мына жазбалары: «Өліміне қырық күн толғанда мен оған арнап Париж мешітінде еске алу рәсімін өткізіп, «Дебасси» залында саяси күн ұйымдастырдым. Оған украин, әзербайжан, грузин эмигранттары мен жалпы кавказдықтар және басқа да ұлт өкілдері қатысып, сөз сөйледі. Бәрі Мұстафа, оның қызметі туралы айтты...» деген деректер дастанның бағасын арттырып тұр. Араға қаншама жыл салып, осы мешітке барған жанның қандай күйде болатынын:

Толқыдым сол бір мешіттің,  
«Дебасси» деген залында...  
Тәубаға келер залым да,  
Жырақтап жылдар кетіпті-ау.

Мешіттің осы залында,  
Шоқайдың асы өтіпті-ау, – деген жолдардан аңғаруға негіз бар [2, 263].

Ақын осылайша «Түркістанның қасіретінде қасиетінің жатқанын» Мұстафа Шоқай өмірі арқылы шынайы бейнелей білді. Сондықтан да ол:

Бәйтерегім, асқар тауым, еңселім,  
Ойларыңнан қуат алам жеңсе мұң.  
О, дүниеге ала кеткен өзіңмен,

Қасіретіңнен айналайын мен сенің [2, 278], – деген түйін жасады.

Қадыр Мырза Әли ақын шығармашылығы туралы: «Қасымхан Бегманов поэзиясына үстірттік, асығыстық, фрагменттік, салғырттық мүлдем жат құбылыс. Ол нені болса да, жаны өртеніп, егіліп, төгіліп жазады. Ең соңғы тамшысына шейін сарқып, таусылып жазады», – деген болатын [3]. Көріп отырғанымыздай, Қ.Бегманов бұл жолы да Мұстафа Шоқай жолымен жүрген сапарына жан бітіріп, бұл тақырыпты жете зерттегенін байқатты. Дастанның соңындағы «Түркілер, бірігіңдер Тұран болып», – деген тұжырым Мұстафа Шоқай идеясының өлмейтінін аңғартады.

Ақын поэмаларының ішінен Алаш зиялыларының рухына арналған «Алашорда аманаты» атты поэмасының қазіргі қазақ поэзиясынан алар орны ерекше.

Дала бұл қара жолы ширатылған,

Қаласы, моласы да қиратылған.

Зарығып жел өксиді, опырылған,

Қаркылдап топ қарға ұшты зиратыңнан [4], –

деп басталатын поэманың айтары тереңде. «Мың өліп, мың тірілген» қазақ халқының басынан өткізген қасіретке толы қаралы күндер халқымыздың тарихына қара әріппен жазылса, ақын сол бір зобалаң жылдарды еске ала отырып, бүгінгі егемендігіміз үшін шаһид болған арыстарымыздың рухына тағзым жасайды. Жер бетінде Жаратушының еркінен тыс ештеңенің жаратылмайтынын ескерткен ақын Алтай мен Атыраудың арасын мекен еткен халқымызға осы кең байтақ жерді Алла тағаланың өзі нәсіп еткенін жадында ұстап: «Жаратқан Ием сақта қазағымды, Дүниеде сан құбылған шыр айналып», – дейді. Олай болса, ата-бабаларымыздың сол жерді көз алартқан сырт дұшпаннан аман сақтап қалуы кездейсоқтық емес. «Мола таппай жер бетінен, дүние-ай, Көкжиекке Құран оқып тұрамын» дейтін лирикалық кейіпкердің жанайқайы отаршыл империяның қол астындағы ұсақ ұлттарды жер бетінен жою саясатының жоғары дәрежеде орындалғанынан хабар беріп тұр.

Алашорда туралы сөз қозғағанда бірінші кезекте оның көсемі Әлихан Бөкейханов ойға оралатын болса, поэмада Әлихан туралы пікірдің алғашқы орынға шыққаны орынды. Үстіміздегі жылы Алаш көсемінің 150 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде аталғалы отырғанда оның өміріне қайта үңілу арқылы

тарихтан сыр шертеді. Әлихан, Жаханша, Халел, Смағұл, Әлімхан, Мұстафа, Шәкәрім, Міржақып, Ахмет, Мағжан, Жүсіпбектердің еңбектерін еске салумен алаш арыстарының шексіз қызметіне бас ие отырып, олардың істерін Мұстафа Шоқай, Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұландардың жалғастырғанына шүкірлік етеді.

Поэмада есімдері ерекше құрметпен аталатын бір топ қазақтың батыр қыздары да бар. Олардың қатарында Бопай, Бегім ханымдар, Бошантай, Шахзада сынды арулар, Әлия мен Мәншүк тәрізді Ұлы Отан соғысы батырларының есімдерін атауға болады. Олардың бірі қайын жұртына өкпелеп, алты ұлын тегіс атқа отырғызса (Бопай), бірі оққа ұшып (Шахзада), келесісі граната лақтырып қаза тапты (Әлия мен Мәншүк). Бұл арулардың Махамбет, Кейкі, Кенесары, Наурызбай сынды батырлармен қатар аталуы ел басына күн туғанда жауынгер халықтың өр ұландары жаппай атқа отырғандығымен ұштастырылған.

«Ақан болып айдалада аңырап, Махамбет боп жота үстінде зарладым» дейтін автор қазақтың Жиделібайсынан айырылғанын тілге тиек ету арқылы ата-баба аманатының тістегеннің аузында кеткен тағдыр тәлейі туралы ой қозғап, «Адамдар ұмытуға бола ма екен, Алла мен Алашорда аманатын». деген түйін жасайды. Замандастарына ой тастаған авторлық ұстанымнан аманатқа қиянат жасауға болмайтынын аңғару оңай.

Қазақ даласындағы қасіреттерді адам баласы түгіл, табиғат-ананың өзі көтере алмайтындығын «Қайран дала, атадан мұра қалған, Атыз-атыз тарихтан бұлақ алған. Арыстары есіне түскен сәтте, Ауық-ауық бұлттары жылап алған...» деп кейіптеу арқылы бейнелеген. Алғашқы шумақтың бірінші тармағының астарына үңілетін болсақ, ақын бабаларымыздың білектің күші, найзаның ұшымен қорғаған кең жазира даласының бүгінгі жай-күйін есімізге салып отырғанын аңғаруға болады. Екінші тармақ атыз-атыз арықтармен қуалай аққан судың егістікке жайылып жататынын еріксіз есімізге түсіреді. Осындай балама сурет арқылы жансызға жан бітірген ақын қазақ тарихының сан бұралаң жолдарын көз алдымызға елестетеді. Қазақ тарихында елі мен жері үшін мезгілсіз шейіт кеткен, есімдері алтын әріппен жазылуға тиіс хандар мен батырлар, қоғам және мемлекет қайраткерлері

жетерлік. Солардың бір парасы – ХХ ғасырдағы сталиндік репрессияның құрбаны болғаны Алаш арыстары.

Поэмадан кейіптеудің осындай әдемі үлгілерін көптеп келтіруге болады:

Көрмеген қиялыңды елең қыла,  
Тау суын алып қашты төмен жыра.  
Етпеттеп теріс қарап жата қапты-ау,  
Ортасын жолдар бөлген белең мына...

Жұлдыздар ағып жатты із қалдырып,  
Өксігін ішке тартып өзендерім...

Қ.Бегманов поэзиясы жөнінде Т.Молдағалиев: «Меніңше, осы махаббат ақыны деп мен Қасымхан Бегмановты батыл айтар едім. Бегмановтың бекзадалары аса сұлу да емес, жарқылдаған ойлы, мұңды, сыпайы қарындастарым туралы, қыздарым туралы Қасымхан терең сыр шертеді...

Қасымхан өлеңдерінің бәрі жақсы, өте жақсы. Ол адам жанының ең нәзік сәулелерімен ойнайды. Адам жанына әдемі ән болып естіледі. Адам жанын аялайды, ардақтайды, асқақтатады», – деген болатын [5].

Қазіргі қазақ поэзиясы өкілдерінің бірі – Сәуле Досжанова. Оның тырнақалды туындылары Ұйғыр ауданының «Іле аңғары», облыстық «Жетісу» газеттерінде жарияланып тұрған. ХХ ғасырдың сексенінші жылдары (1982-1987) университет қабырғасында жүрген кезінде өлеңдері жас ақындардың «Аудитория», «Тоғыз перне», «Қарлығаш» жыр жинақтарына еніп, жастардың «Жігер» фестивалінде лауреат болып, республикаға таныла бастады.

Осы жылдар аралығында «Жыр тәж», «Арман қала», «Менің жалғыз серігім» атты жыр жинақтарымен ұлттық поэзияның қоржынына олжа салды.

Ол әр жылдары республикалық көлемде өткен жыр мүшәйраларына қатысып, жүлделі орындарды иеленіп отырды. Олардың қатарында Тәуелсіздіктің 10 жылдығы қарсаңында Қазақстан Журналистер Одағының Әнуар Байжанбаев атындағы сыйлықтың лауреаты (2001), ҚР Парламенті мен Қорғаныс министрлігі бірлесіп өткізген жыр бәйгесінің бас жүлдегері (2002), «Нұр Отан» ХДП жариялаған «Елім деп соққан жүрегім»

республикалық байқауында поэзия жанрының Бас бәйгесін алды (2010), «Тәуелсіздікке тарту» атты Республикалық жыр мүшәйрасында жүлделі орынды иеленді, Астананың 15 жылдығына арналған «Жайна, жаса, Астана» жыр мүшәйрасында екінші жүлдені иеленгенін атасақ та жетіп жатыр.

2014 жылы шілдеде ашылған ҚР Ұлттық мұражайының экспонаттары қазақ ақындарының біразына ой салғаны белгілі. Осы мұражайдағы АЛЖИР тұтқындарының пайдаланған заттарының ішінен ерекше көзге түсетіні – Гертруда Платайстың естелігі. 1938 жылы Ақмолада ашылған әйелдер лагеріне тұтқындардың түкпір-түкпірден әкелінгені белгілі. Репрессия құрбандарының естеліктері сол бір ауыр жылдардан біраз мағлұмат береді. Олардың кейбірін өзі жазса, енді бірінің айтқандарын қолына қалам ұстаған қаламгерлер жазып алған. Осындай бір естелікке жан бітірген өлеңнің жазылу тарихы да қызық. 1938 жылы Бутырская түрмесінен АЛЖИРГЕ ауыстырылған тұтқынның бірі – Гертруда Платайс. 1910 жылы Германияда дүниеге келген, ұлты – неміс. 1938 жылы 5 жылға бас бостандығынан айырылған ол 1946 жылы ғана босатылған. АЛЖИР мұражайының қызметкері айтып берген естелік бойынша жазылған өлең «Курт – драгоценный камень» деп аталады. Оны жазған Ақмола облысының тұрғыны, тарих пәнінің мұғалімі – Раиса Голубева. Бір күні тұтқындарды Жалаңаш өзеніне қамыс шабуға алып келеді. Оларды көрген үлкен ақсақалдар мен балалар тұтқындарды таспен ата бастайды. Күзетшілер: «Көрдіндер ме? Сендерді Мәскеуде ғана емес, мұндағы ауыл тұрғындары да жек көреді», – деп сақылдап күле бастайды. Сол кезде сүрініп құлаған бір тұтқын әйелдің мұрнына қатықтың, сүттің иісі келеді. Мұздың үстінде жатып біреуін аузына салып көрсе, дәмі ауызды үйіреді. Ұсақ тастардың сүттен жасалған тағамның бір түрі екенін білген ол әлгі тастарды еңбектеп жүріп түгел теріп алып қалтасына салады да, кешке казармаға алып келеді. Келген соң қазақ әйелдерінен сұраса, ол шынымен күнге кептірілген қатықтан жасалған құрт екенін біледі. Мұражай қызметкеріне Гертруда Платайс осы оқиғаны көзіне жас ала отырып айтып береді. Осы естелік қатты әсер еткендіктен Раиса ол жөнінде өлең жазады. Автор тұтқындардың аштан өліп қалмағанына сол бір құрттың көп септігі тигенін, олардың жергілікті халықтың қамқорлығы мен

қонақжайлығының арқасында тірі қалғандарын шынайы суреттеген.

Басқа жерлерге жіберілген тұтқындарға қарағанда, Қазақстанға жіберілгендерінің көпшілігі аман қалуын олар жергілікті халықтың қамқорлығынан, мейірбандығынан деп түсіндіреді. Қойшылар қой баққан болып жүріп бұта түбіне түйіншекпен бірде нан, бірде ет, бірде құрт тастап кетіп отырған. Айтуларына қарағанда, олар тұтқындарға қай бұтаның түбіне тастағандары туралы белгі қоюды да ұмытпаған. 1930 жылдардағы аштықты, одан кейінгі жаппай қудалауды, сталиндік зұлматты көрген қазақтар бұл лагерьге халық жауларының жарлары емес, ұлтын сүйген жандардың аяулылары тоғытылғанын білді, түсінді. Сондықтан оларға қолдарынан келгенше қамқорлық жасады. Неміс қызының бір түнде мұсылман дінін қабылдап, Аллаға құлшылық жасауы, Жаратқаннан жергілікті халыққа тілек тілеуі осының жарқын көрінісі болса керек. Мұражай қызметкері Раиса Жақсыбаеваның айтуына қарағанда, бұл лагерьдің тұтқындары 1938-1939 жылдары ғана қаза болған. Ол: «Тұтқындардың дені қарындаш пен қалам ұстаған интеллигенция өкілдері болғандықтан, жер жыртып, қамыс жинап, тракторда ауыр жұмыс істеуге жарамандықтан қайтыс болған», – дейді. Ал тірі қалғандары қазақ деген халықтың жомарттығын, қонақжайлылығын күні бүгінге дейін өз ұрпақтарына түсіндірумен келе жатқанына жоғарыдағы өлең жақсы мысал бола алады.

Осы оқиғаларды негіз еткен шығармалардың қатарында Ғ.Жайлыбайдың «Қара орамал» (2014) поэма-реквиемі мен С.Досжанның «АЛЖИР-дегі арулар» (2015) атты ақ өлеңмен жазылған поэмасын атауға негіз бар. Ақындардың бұл тақырыптарды жете зерттеп, бірсыпыра тарихи мәліметтерді жинау арқылы үлкен дайындықпен келгені мәлім. Ғ.Жайлыбай Ахмет Иүгінекидің «Жамандық жасасаң да, жақсылық жасасаң да жауапсыз қалмайды», Андре Жидтің «Шындыққа жеткен адамға емес, оны іздеп жүрген адамға сеніңдер» деген ұлағатты сөздерін эпиграф ретінде алу арқылы оқырманға ой салған. Сонымен бірге ол ГУЛАГ-тың құрамында 61 лагерь болғаны, Карлаг-тың солардың ең ірілерінің бірі болғаны жөнінде айтылған. «... КСРО НКВД лагерьлерінің Бас басқармасына қарасты қапастар мен түрмелерде жалпы саны 4 миллионға жуық сотталғандар отырса,



олардың 1-1,5 миллионнан астамы Карлагтан өткен», – деген деректің өзі-ақ бұл лагерь туралы мол мағлұмат беріп тұрғаны анық [6, 20]. Сонымен бірге ақын жер атауларының тарихи оқиғаларға негізделгендігіне назар аудара отырып, сол өңірдің кешегі аласапыран күндерінен хабар береді. «Степлаг», «Карлаг», «Қоңыртөбе» («Долинка»), «Қарабас», «Просторный», Шерубай-Нұра өзені тәрізді жер атаулары, «Ақой», «Бұрма», «Батық», «Жартас», «Жалаңашкөл» (Қызжылаған), «Бидайық», «Дәрия» сынды КарЛаг нүктелері, Ахметжан Сармантайұлының «58-статья» күйі, Ирина Борхманның «Үзілген сапар» картинасы, «Мамочкино моласы», «Гармоншы. 1973», «Алжир тұтқыны Гертруда Платайстың естелігі» тәрізді дереккөздерін тиімді пайдалану арқылы Карлагтың адам құйқасын шымырлатар шындығына жан бітірген. Ақынның:

«Жалаңашкөл» жанында қыз жылаған –  
Орап алып сүт аққан омырауын.

Немесе:

Аза бойды қаза ғып Ана біткен –  
Аңырайды «Алжирде» шашын жайып [6, 30], – деген жолдарынан ХХ ғасырдың қазақ халқының тарихына қара әріппен жазылатын қаралы жылдарындағы әзиз аналардың көз жасы шынайы бейнеленген. Ұрпақ жалғастырушы аналардың басына түскен бұл қайғы қазақ халқының тағдыр тәлейіне жазылған қасірет еді. Қазақ халқы осындай оқиғаларды жер атаулары арқылы ғасырдан-ғасырға жеткізіп отырғанын мына жолдардан көруге негіз бар:

Арын төксе анаңның  
күзғын,  
арам,  
жүргеніміз не керек біздің аман.  
Көз жасына ескерткіш – «Жалаңашкөл» –  
қазақшасы «Алжирдің» – «Қызжылаған».  
Қызжылаған...[6, 31]

«Адамзаттың аққуы аналар ғой – қорықпайтын қай қоғам киесінен?» деген ақын осы поэмасы арқылы қуғын-сүргін құрбаны болған аналарымыздың рухына бағыштап сөзден ескерткіш тұрғызды.

Сонымен бірге ақынның келтірген дереккөздері шығарманың мазмұнын толықтыруға қызмет етіп тұр. Қарағанды облысы, Абай ауданы, Жартас кентінің аумағындағы «Мамочкино моласы» атанған мола туралы мынадай мәліметті атауға болады: «Мұрағат деректері бойынша, мұндай үйлерде балалар өлімі өте жоғары еді. Мәселен, 1941-1944 жылдары 924 бала, ал 1950-1952 жылдары 1130 сәби опат болған...», не болмаса: «Карлаг» тұтқындарының арасында ғалымдар, ойшылдармен қоса 1000-нан аса әртіс, 360 пианист, 100-ге тарта суретші болған...» – деген деректердің шығарманың мазмұнын толықтырып тұрғаны даусыз.

Осы тақырыпты екінші қырынан толықтырған С.Досжанның «АЛЖИР-дегі арулар» поэмасының «1938 жыл. Жиырма алтыншы нүкте» деген бірінші бөлімінде еш дәуірде болмаған «АЛЖИР» деген тозақ туралы мәлімет беріледі. Ақын 1938-1953 жылдар аралығында жұмыс істеген АЛЖИР – «жер бетінің тозағы» атанған лагерь болғанын ондағы оқиғалармен растай түскен:

Жиырма алтыншы нүктеге жиырма мың жан  
камалды,

Кеше жүрген зиялы бүгін тұтқын саналды.  
Жібек көйлек үстінде күн көзімен ыдырап,  
Төзімдері тулақ боп, сезімдері тоналды.

Үш жүз алпыс әйелден барақтарға қамапты,  
Ауа жетпей түнімен бүргелері талапты.  
Тікенекті сымменен қоршап, итпен күзетіп,  
Отыз еркек күніне отыз рет санапты [7, 257].

«Түнгі барақта» деп аталатын екінші тарауда тұтқындағы әйел-аналардың мүшкіл хәлі суреттелген. Тас еден, тас қабырға ортасында жатқан жандардың аянышты тағдырлары «Құстай боп қыста жұлған қауырсынын», «Сыздайды сүт кернеген омырауы, Жоқтаумен балапанын ембей қалған», «Бұл дала бұрын-сонды көрді ме екен, Тірідей ананы отқа салғандарды», «Жендеттер жасап жатқан сұмдықтарды, Естіген түнгі дала мүлгіп, талды», «Көз жасы, адам қаны еден жуып, Бетондар сіңіретін шындықтарды» деген жолдарға сыйып тұр.

Бес бөлімнен тұратын поэманың біріншісінен айырмашылығы – жекелеген кейіпкерлер өмірінің таратыла сөз болуы, олар туралы оқырманға кеңірек мәлімет берілуі. Ол

кейіпкерлер – Қазақ Орталық Атқару Комитетінің төрағасы, Қазақ Кеңес республикасын құрушылардың бірі Ұзақбай Құлымбетовтің жары Айша, Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің төрағасы Ораз Дәулетовтің жары Мәриям, Түркістан Орталық атқару комитетінің төрағасы Тұрар Рысқұловтың жары Әзиза, «Социалистік Қазақстан» газеті редакторының орынбасары, жазушы Бейімбет Майлиннің жары Гүлжамал, Халық ағарту комиссары, Түркістан уездік атқару комитетінің төрағасы Сұлтанбек Қожановтың жары Гүлжиян, Фатима Диваева, Мағрипа Досжанова, Мая Бағысбаева еді. Айша жер қазып, батпақ құйып, балшық тасыса, Мәриям жүз саулықтың бақташысы болды. Әзиза бір табын ірі қара мен бес саулықты алдына салса, Гүлжамал мен Гүлжиян да жас өмірін мал соңында өткізді. Арқаның бет қаратпаса аязында күндіз-түні мал соңында жүрген нәзік жандылардың жан жарасын жеткізе суреттеді. «Асыл жарлар» атты үшінші бөлімде:

Бұзау үшін көктемде өліп қалған,  
Жендеттер үш әйелді атып салған.  
Шошынып сол сұмдықтан күзет қойды,

Өздері бір-біріне болып құрбан [7, 263] – деп олардың күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылғандығын еске алды. Жүздеген аналарды ішіндегі баласымен соттағандықтан олардың сәбилеріне де «Отанға жау», «Халықтың жауы» деген айыптар тағылды. Төртінші «Нәресте «жаулар» тағдыры» бөліміндегі сәбилердің тағдыры одан да аянышты еді.

Шегінеп кетсе «өлігін көрмейміз» деп,  
Іздеген жан боп жатса, «бермейміз» деп.  
Бөшкеге салып жинай береді екен,  
«Көктемде тоң ерісе» жерлейміз деп [7, 265] –

деген жолдарды оқып отырғанда адам баласының қолымен жасалған жауыздықтардың осындай да түрі болғандығына еріксіз жағанды ұстайсың. Ақынның «...Арқа жаққа елеңдеп жүрем, қалқам, Зарлы үні естілгендей жетімдердің» деп отыруы тегін емес. Өзі де бала тәрбиелеген ананың ана мен бала қасіретін егіле отырып жырға қосуы да осыдан. Ал, «Қазақтың қасиетті құрты» атты бесінші бөліміне Гертруда Платайстың естелігі негіз болған. Ақын қанша жанның өмірін сақтап қалған қазақтың қасиетті құрты жөнінде «Қазақтардың құртының сол бір дәмін, Ұмытпайды татқан жандар аштықта» деген түйін жасайды.

С.Досжанның «Ақынның ғашық жүрегі» – қазақтың ақиық ақыны М.Мақатаевтың 1999 жылы «Жалын» баспасынан шыққан «Қарасаздан ұшқан қарлығаш» атты күнделіктер кітабын оқығаннан кейін туған поэма. Автор ақын күнделігінен 1974-1975 жылдары жазған өмір жайлы бірнеше жазбаларын мысалға келтірген. М.Мақатаев 1974 жылдың 14 ақпанында:

«Сонымен достар,

Бүкіл менің жазғаным – бар-жоғы бір ғана бүтін поэма. Адамның өмірі мен өлімі, қам жеулері мен қуанышы туралы поэма» [7, 204], – десе, сол жылдың 21 қыркүйегінде:

«Менің белгісіз досым!

Сен маған: өз семья, өз үйің, өз ошағың бар, тағы саған не жетпейді дерсің? Жоқ, олай емес, менде семья, ата-ана, туыс жоқ. Мен өмір сүріп жүрген үй – үй емес, тіршілігімдегі табыт...» – деген екен. Күнделіктегі жазбалар авторға үлкен ой салғанын «Күнделікті оқып алып, ағыл-тегіл жыладым, Тағдыр неге аяды екен нәзік жаннан шуағын?» деген жолдардан аңғарамыз.

Автор ақын тағдырының ауыр болғанын оның өз сөздері арқылы қайта тірілтіп, оған жан бітірген:

Үйің – табыт,

Босағасы – қара жердей болса да,

Басқалардай кете алмадың, сол табытты бір теуіп.

Бұл жолдар ақынның отбасына деген адалдығын ғана емес, ар алдындағы азаматтығын толықтырады. Замандастарының ақын жанын түсінбегенін, оның өмірі қиыншылықта, жоқшылықта өткенін түсінген автор «Күпі киген қара өлеңге шекпен жапқан ақынды, Адам қорлап, заман қорлап көрсеткені-ай білекті» деп ол өмір сүрген қоғамдағы адам мен заманға деген ренішін ашық айта білді. Кезінде Мұқағалидың өлеңдері солақай сынға ілігіп, теріс бағаланғандығы бір жағынан сыншылардың пендешілігін танытса, екінші жағынан сол тұстағы әдебиеттің жай-күйінен хабар береді.

Қайран ақын, мейірімді әке,

Қайырымды жар болатын.

Тек жоқшылық қырқушы еді сезімінің қанатын.

Мінбеде ме, түрмеде ме – жалғыз жанға бәрі бір,

Өлең оқып ақтарылып, ақын жүрек жанатын, –

деген жолдардың өзінен көп сырды ұғуға мүмкіндік бар. Үйде де, түзде де жағдайы болмаған ақынның өлеңдері сол қоғам үшін емес, болашақ үшін жазылғандай әсер аласың. Шынында да өзі өмір сүрген қоғамнан тиянақ таппаған М.Мақатаевтың поэзиясы бүгінгі қазақ поэзиясынан өзіндік орын алғанын бүкіл әлем мойындап отыр. Қазіргі таңда ақын өлеңдері бірнеше шет тілдеріне аударылып кеңінен насихатталуда.

Бір өкініштісі – ақынның өмірінің соңында бір ай бойы жазып, жастық астында жатқан жырларының ешкімге керек болмай ауруханада шашылып қалуы, оны еден жуушы орыс әйелінің сыпырып қоқысқа апарып төгуі. Поэманың ең соңғы жолы «Жыр не керек наданға...» деп аяқталады. Иә, осылайша Мұқағали жырының қадіріне жетпеген надандар оның қағазға жазылған өлеңдерін жиып алуды да ойламады. Автор ақынның өмір мен өлімнің арасында арпалысып жатып жазған жыр жолдарының осылай аяқасты болып қалуы – ұлттық поэзия үшін, қазақ халқы үшін қасірет дегенді айтқысы келеді. Осылайша поэма қазақ ақыны мен ұлттық поэзиясының кешегісі мен бүгінінен сыр шертіп тұр.

Ақынның келесі поэмасы – «Әйел және махаббат». Мұнда да ар мен адамгершілік мәселесі көтерілген. Ақын ауруханада бірге жатқан келіншектің өмір тарихын тыңдай отырып, оның тағдыр тәлкегіне ұшырауын тілге тиек етеді. Жиырма жасында іштегі үш айлық баласымен жесір қалған келіншектің жан жарасын түсінген ақын оның бейнесін «Өз жараңды өзің жалап келіпсің, Киіктейін садақ тиген далада» деп бейнелейді.

О, Махаббат, сен осындай нәзік пе ең,

Байғұс әйел сүйгеніне жазықты ең.

Екеуінің табыспаған тағдырын

Табыстырдым өлеңіммен жазып мен [7, 250], –

деп аяқталған поэманың идеясы «Адамның басы – Алланың добы» дегенге саяды. Адамның барлығы да бақытты болғысы келеді. Бірақ өмірде өзіміз ойлағандай бола бермейді. Махаббат біреуге ерте, біреуге кеш кездеседі. Ал махаббаттың барлығы дерлік бақытты болмай, әртүрлі кедергілерге кездесетіні – өмір заңы. Өмірдің бақыт пен қуаныштан, қайғы мен қасіреттен тұратыны заңдылық болса, ақын жүрек әйел атаулыға тек бақыт қана сыйлауға даяр. Авторлық ұстаным адамзатқа өмір сыйлайтын

әрбір ана жар құшуға, бала сүйеге, бақытты болуға құқылы дегенді ұқтырады.

Ақынның «Қазақ Елі – Тәуелсіз ел Мәңгілік» деген поэмасына бүгінгі қол жеткізген тәуелсіздігіміздің оңайлықпен келмегені жете жырланды. Түрі жағынан лирикалық поэмалардың қатарын толықтыратын бұл шығармада ақын арғы-бергі тарихымызға шолу жасайды. Күлтегін мен Білгенің, Істемі мен Бумын қағанның мемлекет құрғанынан бермен қарай сөз еткен ақын азаттық жолындағы күресте қаншама қан төгілгенін, бүгінгі егемендігіміздің бізге оңай олжамен келмегендігін ұғындырады. Қазақ мемлекетін құрған Керей мен Жәнібектен бастап, кешегі 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасындағы қазақ жастарының ерлігін еске алған ақын жауынгер халықтың өр ұландарын, хандары мен батырларын мақтан етті. Қазақ халқының бүгінгі бейбіт өмір сүріп отырғанының басты себебін Елбасының саясаттағы сара жолы деп түсінген ақын:

Жарқын іспен әлемді таң қылып тек,  
«Отан!» деген жүректі жандырып кеп.  
Айнымай әділеттің ақ жолынан,  
Жаса!

Жаса, қазағым, мәңгілікке! [7, 255] –

деген түйін жасайды.

Сексенінші жылдары қазақ поэзиясына келіп қосылған ақындардың бірі – Светқали Нұржан. Ол да өзге ақындар тәрізді студент күнінен өзіндік қолтанбасымен республика көлемінде танылған ақын ретінде белгілі. Светқали шығармашылығы да соңғы ширек ғасырда ерекше көрінде. 2002 жылы үш томдық шығармалар жинағы жарыққа шықса, 2008 жылы «Ай таранған түн» атты жыр жинағын ұсынды.

Ақынның қазақ поэзиясына қосқан үлесі ескеріліп, әр жылдары Мемлекеттік «Дарын» және Т.Айбергенов атындағы сыйлықтардың лауреаты атанды. Лирикасымен көпшілік оқырманның ыстық ықыласына бөленген ақынның қаламынан «Сордағы із», «Хан кегі», «Тарғыл тағы», «Еңсегей бойлы ер Есім» тәрізді дастандар туды. Бұл туындылардың барлығы да әдебиетшілер мен сыншылардың назарына ілігіп, ақынның шығармашылығы жоғары бағаланды.

Ақын «Сордағы із» дастанын Жүмекен Нәжімеденұлының әруағына бағыштағаны белгілі. Төрт бөлімнен тұратын дастанға қазақтың өткен тарихы негіз болған. Сыршыл сезімді лирикалары мен шағын оқиғаға құрылған балладаларында өткеніміз бен бүгінгіміз, бүгінгіміз бен болашағымыз, қоғам мен заман, қоғамдағы адам орны төңірегіндегі әр алуан ойларға жетелейтін ақынның бұл дастаны өзіндік ерекшелігімен бағалы. Автор «Бұл жыр-хатым қазақтың данышпан ақыны Жүмекен Сабырұлы Нәжімеден немересінің әруағына бағышталды» деп жазған екен дастанның эпиграфына.

Дастан Ж.Нәжімеденов өмірден озған күнгі қаралы жиыннан басталады да, оның өміріне шолу жасау арқылы қазақтың кешегі тарихынан сыр суыртпақтайды. Бір отбасы, бір кейіпкер тағдыры мен ол өмір сүрген қоғамнан толыққанды мәлімет берген ақын кеңестік дәуір тұсындағы қазақ халқының мүшкіл күйін шынайы бейнелеген. Ақын өмірден өткенде қазақ жырының тағы бір туы құлап түскенін түсінген автор оның өміріне лирикалық шегініс жасайды. Жеті жасында әкесі Сабыр әскер қатарына алынып, Отанын басқыншы жаудан қорғамақ болып майданға аттанады. Сол кезде «Азаматтан туған жерде із қалса, Түбі айналып сол ізіне келеді!..» деп сенген Нәжімеден ақсақал мынадай ырым жасайды:

Шалғайына жабысып жүр жел де үріп,  
Немере тұр... жеті жасар... телміріп.  
Сонда ұлының – жалбарынып жүріп қарт,  
Ізін сорға басып алған мөр қылып [8, 249].

Бұл – «Өз ізіне бір келер» жасаған ырым еді. Сордағы ізді жауын-шашын шайып, жел өшіріп кетпесін деген оймен оның үстіне қара қазанын төңкеріп қояды». Бірақ бұл ақсақал ойлағандай соғыс емес еді. «Қара қағаз – қара құзғын батыстан» келген кезде «Оңалар, – деп, – орнында бар» – ел кетті. Ал, орны – ақын болып ер жетті. Күйші болып, «Топан» – күйді селдетті».

Автордың қазақы мінезбен ұлттық бояуды қанықтыра түскенін «Атасының сақалынан бір сүйіп, Жалғыз ұлға өмірене алмай қымсынып, Кете барды иіскеді де маңдайдан...» тәрізді мысалдар растайды. Алғашқы тіркес қазақтарды тұңғыш баласын әке-шешесінің бауырына салатын әдет-ғұрыпты айшықтайды. Тұңғыштарда әке-шешесін аға-жеңге ретінде сыйлап, кемпір-

шалдың «ақ» дегенде аузынан түсіп қалған баласымын деген сенім қалыптасқан.

Сонымен бірге Светқали қаламына тән негізгі ерекшеліктің бірі – бейнелі образдардың, тың тіркестердің жасалуы. Оны «Шөгеріп тастап керуен – таулар атанын, Иіріп тастап қалың құмның отарын – Дала жатты сипап селдір сақалын», «Қоңыр қозы – аузынан Арланның, Талай аман шыққаныма малдандым», «Дарак ағаш топырақ қауып құласа, Жапырақ жауып қала алмайды тамырын», «Шында тұрған құлжа етекке құласа, Ит айырып қалмауыш ма ед ермегін», «Маған ауыр осылардың бәрінен Өз ауылымның иттері үріп, қапқаны...», «Әлі жеткен талап жатты арланша, Қандыгердің азуында қан – борша!», «Қан шүмектер Жақпарынан Жанымның – Жүрегімнің Жаралары тоңғанда», «Төлеңгіттер бір кездегі тіленген, Тақсыр болды бұл күндері шіренген» деген жолдардан көруге негіз бар. Бұл тіркестердің көпшілігі төрт түлік малдың жекелеген қасиет белгілерімен байланыстырыла жасалғандығынан ақынның қазақ ұғымына жақын, түсінікті сөздерге, бейнелерге мән бергені байқалады.

Ақынның атеистік тәрбие белең алып тұрған кеңестік дәуір тұсында да қазақ халқының Жасағанға жалбарынып, бес уақыт намазын үзбегенін Нәжімеден ақсақалдың бейнесі арқылы суреттеуі орынды. Иманды жанның «Жаңғыз ұлдың жалғыз ізін сақта, Алла!» деген тілеуі қабыл болып, немересі үлкен ақын болғанына сендіреді.

Дастанға негіз болған із бен сордың астарында үлкен философиялық ой жатыр. Соры бетіне шыққан Ашақ – Мәші жерімен қазақ халқының сор маңдайына жазылған қасіретке толы тарихын параллель суреттеген ақын «Бір соқпаққа келеді әлі түсе алмай, Сормандай жұрт – Сорға Жазған Тағдырын!» деген түйін жасаса, «Із қалдыру» жөнінде де екі ойы анық байқалады. Біріншісі – адам табанының ізі болса, екіншісі – өмірдегі салған ізі. Ол Нәжімеденұлы Жүмекеннің болмыс-бітімімен, жүріп өткен өмір соқпағымен нанымды бейнеленген.

XX ғасырдағы қазақ халқының басынан өткен алапат қасіреттерді еске алған автор империяның отаршылдығын:

Империя –

Ашақ – сордай қағазын.

Жайып қойып қайдан білсін, қазағым,



Жатты менің жаназамды шығарып,  
Іздерімді белден сызып – қара жын.  
Менің Қаңқам – жайнамаз ғып кебінін,  
Оқып тұрған еді сонда намазын [8, 260]

– деп суреттейді. Тәуелсіздік алғанымызға ширек ғасыр болса да сол тарихымыздың күні бүгінге дейін түгенделмей жатуы өкінішті. Ол жөнінде: «Тарихын Қанмен жазған Халықтың, Қалыңырақ болмаушы ма ед – Парағы?..» деген философиялық түйін жасайды. Күні бүгінге дейін кеңестер одағының құрамында болған жылдардағы қазақтың тарихы жазылып болған жоқ. Ол жөніндегі ақынның айтқан мына жолдары сол бір қасіретті жылдардың жанды картинасы екені анық:

«Шыныққандар» – жиғанымды тонады,  
Құныққандар – иманымды тонады.  
Сарып тұрып мешітімнің төріне,  
Жыныққандар – Имамымды сабады! [8, 261]

Осылардың барлығы да өмірде болған оқиғалар. Кеңес үкіметін орнатамыз деп дінімізден, тілімізден, ділімізден айырып, мәңгүрт күйге түсірмек болған идеологиялық саясаттан біз, шын мәнісінде, иманды ата-әжелеріміздің тәрбиесінің арқасында аман қалдық.

Қазақ халқының өткен тарихына шолу жасаған ақын «Қара түнде қара шәлі оралып, Тұру керек Өткен Ізге оралып» деп қасіретке толы күндерімізге еске салса, «Арыстанның апанында ұйықтайтын, Не сүлейлер – үркек болды қояннан», «Құтаннан – құл, жұтаңнан – тұл өргізді, Биліктегі Қара Тобыр – көп елсіз!», «... Миын сорып семіріп жүр Ұлтының, Биліктегі Қара Тобыр – Қарғалар!..», «Жылап түсті қара аспаннан сора – бұлт. Жатып қалды тоң төсеніп сонда ақын» деген тіркестер бүгінгі хал-жағдайымыздан хабар береді.

Жансызға жан бітіретін ақын қаламынан туған кейіптеулер де өзіндік өрнегімен ерекше: «Қара бұлттар қойған кезде айды асап», «Түннің бұлтын жібергенде асап таң, Күн өнгенде қауыз жарып масақтан», «Уілдесе көшкен құмның өңеші», «Зар шынжыры жұлынымы байланған – Табғаш, Тұрпан, басмыл, үнді, түркіден», «Маған ізін басады ойып, ал, бірақ, Тарихтың талтаңдаған табаны!», «Үмітіңді Қайғы – балта жаңқалап», «Қиналсам да – миым үсіп, шаш түсіп», «Жер», – дейтұғын алып

қасапханадан, Қалай сүйреп шықтым, тоба қаңқамды?!» дейтін ақын атадан балаға мирас болып келе жатқан ауыз әдебиеті мен жазба мұраларымызда халық тарихы жазылып қалғанына көңіл аударады:

Поэзия – қасап-торы тарихтың!

Поэзия – Ашақ соры тарихтың!!

Поэзия қара тасы Халықтың!!! [8, 290]

Өлең жолының басқы сөздерін қайталау (анафора) арқылы ақын «поэзия» сөзіне көңіл бөліп отыр. Ондағы мақсат – ақындардың қазақ тарихына қатысты жайттардың барлығын қағаз бетіне түсіріп, оның әдебиеттегі көркем бейнесін жасағандығын көрсету.

Бір отбасы төңірегіндегі оқиғаларға тоқтала отырып, лирикалық шегініспен күллі халықтың тарихына жан бітірген ақынның келесі дастаны – «Хан кегі». Бұл шығармасын Әбілқайыр хан мен Бопай ханымға және тарихта орны бар бірнеше батырлардың әруағына арнаған ақын мұнда да тарих қойнауына үңіліп, халық тарихынан орын алар оқиғаларға жан бітіреді. Дастанға ХҮІІІ ғасырдағы оқиға арқау болғандықтан ақын бүгіндері қолданудан шығып қалған, бірақ сол кезде кеңінен қолданылған көптеген көне сөздерді еркін пайдаланған. Олардың қатарында дестір (мата), асмар (тапсыру), мұқаррам (аса қадірлі), ғизат-лу (құрметті), ғақбытылы (асылы, тегі), ниһаятсыз (шексіз, мөлшерсіз) т.б. тәрізді сөздер мысал бола алады.

Сонымен бірге тарихи деректер мен жер-су аттары, кісі есімдері кеңінен қолданылған. Мәселен Әбілқайыр ханның 1747 жылғы маусым айындағы «Жалған дүние ешкімге опа бермеген. Ол менен де қалады. Сол себептен де мен өзімнен өнген ұрпағым мен өзімнің халқым қазаққа қиыннан қиын жол салсам деймін. Сол жолды олар ұстанып, қажетіне жаратса деймін...» деген сөзі Ырғызға құятын Қабырға, Өлкейек өзеншелері, Еділ қалмақтарының ханы Аюке (1646-1724), Қайыпұлы Батыр сұлтан, қазақ ханы Болат Тәукеұлы, парсының шахы – Нәдір шах тәрізді өмірде болған тарихи кейіпкерлер дастанның тарихилық сипатын аша түскен.

Дастанға Әбілқайыр ханның түбіне жеткен Барақ сұлтанның сатқындығы мен аярылығы, Бопай ханымның одан кек алуы негіз болған. Бұл оқиғалар бұған дейін ел аузында атадан-балаға мирас

болып жеткенімен, көркем шығармаларға негіз болмаған. Дастанда Бопай ханымның бейнесі тағы бір қырынан толыға түскен. Ол Барақ сұлтанды тірідей өлтіретін жаза ойлап, соны орындауға бауырларын жұмсайды. Есігінің алдына күзет қойғанмен, олар да өзі секілді сатқындық жасап, қожайындарын сатып кетеді де, оны тірідей тұлдайды. Ер Шотан, Арғынбай, Айбас, Қонай тәрізді адайдың жігіттері түн ішінде үйіне келіп, Барақтың басындағы тәжін, қолындағы мөрін, кісесі мен асасын, бес қаруын сыпырып алып, сақал-мұртын күзеп, шашын сыпырып, басын ұстарамен шабақтап, екі құлағының амандығын тіліп, ханымның белгісін алып, тұлпарын тұлдап, туырлығын тіліп, өз шаңырағында маскаралап кетеді. «Төрени өз төрінде күзеу деген – Ақталап жібергенмен бірдей жаза!» екенін түсінген Бопай ханым неше күн ойланып осындай шешімге келеді. Айтқанындай мұндай қорлыққа шыдамаған Барақ у ішіп өледі.

Ақын осы оқиға арқылы оқырманға ой салады. Ханына жауыздық жасаған Барақтың бүгінде моласы да қалмай жоғалып кетсе, қапысыз шейіт болған ханның басына өскен мәжнұнтал жөнінде: «Жылаған Мәжнұнталды Хан басында – Халықтың көз жасынан өсті дейтін», – дейді. Екі кейіпкердің тірлігі арқылы адамзат баласына ой салады. Ол – қолыңмен істегеніңді мойныңмен көтеру, жасаған әрбір ісіңнің жауабы болатындығы.

Дастанның соңында ақын:

Жинайды жат қолынан арзан бедел,  
Өспес ұл – өнбес шарды даулап көріп.

Ұлт болып қорғау керек ұлысыңды,

Ұлыны қорғау керек Зәузат болып!.. [8, 348], –

деген қорытынды жасайды. Мұның өзі елдікке, бірлікке шақырудан туғаны анық. Дастанның идеясы – Елбасының айтып жүрген қағидаттарымен үндесіп жатуы жалпыадамдық құндылықтардың қоғам, дәуір ауысса да ешқашан өзгермейтіндігі.

Светқали Нұржанның келесі дастандары да елдік мәселелерін арқау еткен «Тарғыл тағы», «Еңсегей бойлы Ер Есім» тәрізді туындылар.

Қазіргі таңда қазақ ақындары ел ішінде ауыздан-ауызға тарап, бүгінгі күнге жеткен аңыз әңгімелерді тірілтіп, оған жан бітіруде. Соның негізінде қазақ әдебиеті жана мазмұнмен толығып, жаңа кейіпкерлермен баюда. Тарихи тақырыпты

толықтыратын осындай поэманың бірі – сыршыл лирикаларымен бірге эпикалық құлаштағы поэмаларға қалам тербеп жүрген, атыраулық ақын Сәулеш Шәтенованың «Қыз Данай» поэмасы [9]. Ақын поэмада батырлығымен, даналығымен ел аузында жыр болып қалған қыз Данайға қатысты аңыз-әңгімелерді ұлттық әдебиетке алып келіп отыр. Толған айдай толықсып, ел біткеннің аузында аты аңызға айналған ару қыздың туа біткен сын-сымбатына таңдай қағып таңырқамаған адам жоқ еді. Өзінің болмыс бітімімен, қылықты қылығы, жарасымды назымен жігіт біткеннің көз құртына айналған сұлу жайлы поэма:

Қарайтындай қызғана ай,  
Ай қызғана Қыз Данай.  
Осы аңызды тыңдар ма,  
Жүрек, жүрек сыздамай [9], –

деп басталады. Автор сан ғасырдың тарихын іздеп, жазба деректерге үңіліп, талай кітаптардың бетін ақтарғанмен қыз Данай туралы ешқандай мәлімет таппайды. Поэмаға негіз болған оқиға Маңғыстау жерінде өтетіндіктен оның кейіпкерлері де сол елдің жергілікті тұрғындары. Поэма басталған сәтте қазіргі таңда Маңғыстау болып кеткен жердің негізгі атауы – Мыңқыстау екеніне көзіміз түседі. Қазақстанның батыс өңірінде орналасқан бұл жер географиялық жағынан түрікмендермен шектесетіні белгілі. Қазақ жерінің қай шетін алсаңыз да сан ғасырлар бойы көрші қонған елмен қырғи-қабақ болып, өмірі жаугершілікпен өткені тарихтан мәлім. Сол секілді батыс Қазақстанды мекендеген халықтың да түрікмендермен бітіспегені ұлттық әдебиетте біршама бейнеленді. Маңғыстау елінің тыныс-тіршілігінен, олардың кешегісі мен бүгінінен біз негізінде Ә.Кекілбаевтың, С.Нұржанның шығармаларынан жақсы таныспыз. Ал, С.Шәтенованың бұл поэмасы қазіргі әдебиеттегі осы тақыпты және бір қырынан толықтыратын туынды. Ақын маңғыстаулықтардың өткен күнінен хабар беру үшін Төремұрат батырдың ойын пайдаланған. Көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналған батыр атын елі «Төремұрат!» деп ұрандап жауға шапқанына қарап, оның осал батыр болмағанынан хабардар боламыз. «Мыңқыстаудан мазаны алып бітті, Қауқылдасқан түрікмен қауға бөрік» деп, көршілерінің бейбіт халықтың тынышын алғанына күйінген Өтен, Нарынбай тәрізді батырлар

мен Күнжарық, Байбақты, Есен секілді сардарлардың аруағынан медет сұраса, батырдың:

Жерімнің шөлі – құмайт, саз – даласы,  
Батырдың домалаған аз ба басы?  
Басым кетер менің де азар болса,  
Мен тіріде бірақ та Жемде жатқан

Ешқашан қорлық көрмес Таз баласы, – деген сөзі батыр бейнесін толықтыруға қызмет етеді. Ә, дегеннен-ақ өзінің өршілдігімен назар аудартатын – сан ғасырлар бойы қазақтың кең сахарасын найзаның ұшы, білектің күшімен жаудан қорғаған жауынгер қазақ халқының өр ұландарының бірі. Қазақтың даласы қандай кең болса, оны қорғаған батырлары да сондай көп. Олардың бірін тарихтан білсек, енді бірін әдебиеттен оқимыз, ал білмейтініміз қаншама. Себебі үлкен шайқастарда көзге түскен бірді-екілі батырлардың ғана аттары аталады да, басқаларының есімдер белгісіз болып қалып жатады. Сондай батырдың бірі – Төремұрат екендігіне шығарманы оқып отырып көзіміз жете түсті. Кіші жүздің үлкен атасы Таз руынан шыққан Төремұрат – «Кіші жүзді найза бер де жауға қой» деген халық даналығын және бір тірілтетін ержүрек батыр. Ақын батыр бейнесін аша түсу мақсатында негізгі орталық оқиғаларға көңіл аударады.

Мәселен, «Самай қожаның лаңы» деп аталатын тарауда ел ішінен алым-салық жинап жүретін патшаның жандайшабы Самай қожаның іс-әрекеті арқылы отаршыл империяның және оның сенімді өкілдерінің халыққа жасаған қиянаты нанымды бейнеленген. Ел ішіндегі жақсы ат пен сұлу қыздарға қырғидай тиген Самайдың ісі:

Дандайсып ел ішінде бұл шіркінің,  
Дейді екен сұлу көрсе «бір түндігім».  
Зорлап сұлу қызы мен қарындасын,  
Қор болып талай үміт қырқылды мың.

Қорлық болмас сүйекке одан артық,  
Келді де нөкерімен жерді тарпып.  
Бірде Өтен батырдың ағасының,  
Ең жүйрік кербестісін алды тартып, – деп суреттеледі.

Тірідей «Қорланғанша қолыңда өлейін» деп, қорлыққа шыдамаған Өтен батыр Самайдı қуып барып, «Қожаны ат үстінен аударып сап, Жүйрігін ағасының қайтып алды». Батырдың бұл наразылық әрекетіне айбылн жимай, өштесе түскен Самай залым кедейлердің салығын көбейтіп, ебін тауып ағасын өлтіреді. «Бауырымдап» зар илеген Өтен «Сені өлтірген Самай ма?», – деп, әр моладан найзасының ұшымен түртіп сұрай берді. Атқа қонып, Самайдан өш алайық дегенін ешкім қолдамаған соң, бауырының қазасы жанына батып қайғыдан қан жұтады. Мұны естіп Төремұрат қаһарланып, батыр біткеннің басын жиып, Самайдың алдынан тосып алады:

Деп аттанды: «Қорлаған елді Самай, –  
Көзіңе көрсетейін жаһанамды!».  
Қия алмай сонда Самай шыбын жанын,  
Өзенге қойып кетті – Ойылға ағын.  
Күнжарық, Нарынбаймен екі батыр,  
Өлтіріп сол арада ішті қанын.

Осылайша, патшаның жандайшабының жанын жаһанамға келтірген батырларды ешкім, ешнәрсе тоқтата алмайтынына сендірген ақын келесі кезекте Құлшар, Кебіс, Келдеу және Төремұрат батырлардың Әлбаба қарттың ауылына келгеніне тоқталады. Қарияға сәлем бере келген «Қабыландай қайратты ұландардың» керегеден мойын созып жүз қарағанынан олардың бұйымтайы бар екенін байқаймыз:

Арманы еді олардың бұл талайғы:  
Көрмек болып келген-ді аңыз болған,  
Даңқты, асқан сұлу Қыз Данайды.

Бұл – Алла Тағаланың өзі мінсіз етіп жаратқан Қыз Данайдың да аты мәлім болып, жігіт біткеннің көз құртына айналған шағы. Төрт ұлдың ортасында шолжаң өскен Әлбабаұлы Әжімбеттің жалғыз қызы Данайдың аңызға айналған сұлулығын ақын былай суреттейді:

Осы еді асқан сұлу Қыз Данайың,  
Ұрлаған айдың сұлу жүз арайын.  
Қоғадай жапырылған кірпіктері,  
Жүрекке қадалады найзадайын.

Жігіттердің өзін көргелі келгенін білген сұлу оларды сынамақ болып, батырлардың қолына су құятын баланың

құманына ыстық су құйып береді де, қолға су құя бастағанда өзі де кіріп барады. «Ыстық судан батырлар ыршып түсіп, Қыз алдында қысылып ұялды енді». Осы жолдарды оқып отырғанда батырлар жырындағы өздеріне сенімді серік боларлық жар іздеп шыққан батырлардың қандай ауыр сынақтардан өткендігі еске оралады. Көп жігіттің ішінен шыдамдылығымен, төзімділігімен көзге түскен батырдың бұл қылығы оның тағы бір қырынан аша түседі. Бұл кезде сұлуға қарап отырған Төремұрат оның аталас ағайыны Қитарбайдың айттырып қойған қалыңдығы екенін ойлап кеткен еді.

Қыз Данай – жолы бөтен, күйі бөтен,

Өткелден өте алмаған қиын екен.

Іштегі өкініштің шоғы – мынау,

Құмғандағы ыстық су бұйым ба екен?! – деп ойлаған Төремұрат батыр құмандағы ыстық суға қолын жуа берді, жуа берді. Өзінің шебер күйшілігі, құралайды көзге атқан мергендігі, сұлу бітімді сымбатымен елге белгілі Төремұрат батырды қыз да ұнатып қалады.

Қазақта қонақтар аттанып бара жатқанда, үй иесі олардың бұйымтайын сұрайтын дәстүр қалыптасқан. Сол секілді қонақтары жолға жинала бастаған соң, қария олардың бұйымтайын сұрайды. Батырлар үнсіз отырғанда немересі Данай рұқсат сұрайды да:

Талайлы тағдырымды тұрмын қалап,

Жайымды түсіне біл, ей, жамағат.

Батырлар, ренжімендер хақ ісіне:

Сүйгенім – жалғыз ғана Төремұрат, – деп өз шешімін айтады.

Қария немересінің бетін қақпай, оның тілегін қабыл көреді. Бірақ атасы «қос ғашықты қосамын, деп ел алдында ант ішіп, берген уәдесін орындай алмай», аяқ астынан қайтыс болып кетеді. Кейін Әжімбет пен төрт ұлы құдіретті құданың қыспағына шыдай алмай Қыз Данайды он бір жасар балаға ұзатады. Ата заңын, ата ғұрпын бұза алмай, ол да өзге қыздар секілді «Кимешек ішінде сыңсып кете барды, Қысылған қыз арманы». Төремұрат: «Қалауымды қи маған, – деген еді, Бір емес, екі жесір құнын берем», оған бөрінің артынша шулағандар көнбей, қызды айттырған жеріне ұзатып жібереді. Бірақ көп ұзамай қос ғашық сөз байласып, қашып кетеді. Қол ұстасқан ғашықтар өздері өмір

сүрген қоғаммен арпалысып, тағдыр тәлейіне жазғанды бірге көтеруге бел буып уәделеседі.

Батыр мен сұлу елден жырақ, Жылойда бақытты өмір кешіп жатқанын мына жолдар растайды:

Бал айы. Балдай бақыт. Бал құшақтар,  
Жүректі улайтұғын бал қылықтар.  
Айқасқан ақ отауда қос ғашыққа,  
Атады аппақ таңдар алқынып бар.

Бір күні батыр түзде жүргенде үйге қажыған салт атты қонақ келеді. Ол – Оралдағы абақтыдан қашып шыққан Құрманғазы еді. Тұзақтан қашқан күйшінің нағашы жұртын паналап келгеніне қарап отырып, үш жұрттың ішінде «нағашы жұрттың сыншыл» келетінін байқауға болады. «Түрмеден қашып келген хас дарынды, Қарсы алды Төремұрат «Құрманым» деп. Қыз Данайдың сыңғырлаған күлкісі күйшінің шабытын оятып, «Қызданайдың күлкісі», «Шәйсандық», «Төремұрат» деген күйлерін шығарады:

Күлкісі, о ғажайып, сыңғыр-сыңғыр,  
Үн келгендей құлаққа күй ме, не бұл?  
Күлкісі – құлақ тосса Қыз Данайдың,  
Күй болып естіледі күмбір-құмбыл.

Осы бір әдемі тыныштықты қазақтың бітпейтін жесір дауы бұзады. «Жесірімді ап қашқан қашқын», «Ағайынның арасын аштың» деп бұлардың артынан іздеп келген қалың қол Бейбіткөлде ұрыс салады:

Ұрысып сұлу үшін талас болды,  
Ауылын шауып, жықты да қараш үйді.  
Сойылдасып, адам өліп, қан төгіліп,  
Айқасып екі жақ та аласұрды.

Жалған намыс қуғандардың жақ-жақ болып қырқысып, қанға боялғанын «Қызданайдың қырғыны» деп аталатын жерден көруге болады. Қазақтар жер атауын сол жердегі үлкен оқиғаларға немесе жердің ерекшелігіне қарап қоятын болған. Талай керегелердің сүйегі отын болған, қан төгілген төбелердің тоз-тозы шыққан бұл жердің атауы да сол бір қанды оқиғадан хабар беріп тұрғаны анық. Біздің кесіріміз елге тимесін, жазықсыз бала-шаға жапа шекпесін деп түйген ғашықтар «Кең далама сыймады-ау алтын басым, Қош! Қош! – деп қол ұстасып, атқа қонып» Бесқалаға аттанады.



Жат елге қыдырып емес, қашып барған ғашықтардың күні қандай болатыны тарихтан белгілі. Ағайын-туыстан қамқорлық таппай, туған жерден баз кешкен оларды «Қайда барса, Қорқыттың көрі» күтіп тұрды. «Түлкінің соры – қызылдығы» дегендей, енді айдай сұлу Қыз Данайдың тіл жеткісіз көркі түрікмендерді қызықтырады. Олар:

«Хор қызының келді өзі төрімізге,  
Өлтірейік тездетіп ерін біздер.  
Орданың көркі болар мына әйел,  
Сыйлайық бұл сұлуды бегімізге», – деп шешеді.

Жат жерліктердің арам пиғылын сезген батыр мен сұлу түн жамылып, қос жүйрікпен туған жер қайдасың деп тартып кетеді. Екеуінің қашқанын ертесіне білген олар арттарынан екі жүз қуғыншы салады. Түрікмендердің ақалтекесі оларды қуып жетіп, батырды қоршап, қапияда «Шырағы мәңгі сөніп Төремұрат, Қасында Күйкентаудың қала берді».

Көп дұшпан қан жұтқан Қыз Данайды байлап-матап, Бесқалаға алып келіп, бегіне сыйға тартады. Қауқарсыз қарт, жары майданда опат болған сұлуға қамқорлық жасағандай болып: «Еркін жүре бер», – деп кеңдік жасайды. Данай осы еркіндікті пайдаланып, жарының алдаспанын жауларынан жасырып ұстап, арғымағын таң асырып баптай береді. Күндердің күні болғанда күзетке қойған баланың сусынына апиын қосып, оны ұйықтатып арғымақпен қашып кетеді.

«Бісмiллә. Қолдай көр, – деп, – о, тәңірім»,  
Атылып үзеңгіге аяқ артты.  
Дұшпанын сан соқтырып кете барды,  
Қарғып өтті қарамай ор мен жарды.  
Келіскен бабы сонда арғымаққа,  
Қуғыншылар қуса да жете алмады, –

деген жолдар біріншіден – «Бісмiллә» деп бастаған істің сәтті болатынын байқатса, екіншіден – түрікмендердің ақалтекесін жеткізбеген арғымақтың бабына жетіп бапталғанын байқатады. Осы тәрізді шешуші сәттерді ақынның әсірелей (гипербола) суреттегені белгілі. Мұның өзі – Қыз Данайдың алдына қойған мақсатына жетпей қоймайтындығының көрсеткіші еді. Адай еліне табаны тиген соң, қалың адай «Қыз Данай – ержүрек қыз осы ма?» – деп, «Жігіт боп тумағаны-ай, е, япыр-ай!», – деп күтіп алады да,

қасына атқосшы қосып, жүйрік атпен сұлуды туған жері – Жылойына жеткізеді. Жауынгер қыз қол жинап, Өтен, Нарынбай тәрізді батырлармен жауға қайта барып, Төремұраттың кегін қайтарады. Төремұратты Күйкентауға жерлеп келген батыр қызды қалың елі Қитарбайға қайта қосады. «Қалың малға сатылған бұл әйелді, Атағы, ерлігі де құтқармайды, ә?!» деген жолдардан авторлық ұстаным байқалса, Қыз Данайдың соңғы сөзіне кейінгілерге қаратыла айтылған аманат сыйып кеткен:

Қыларсыңдар жыр мұны,  
Айтарсыңдар мұндыны.  
Сыпсың боп қалмас соңымнан,  
«Қыз Данайдың қырғыны».

Поэманың бір ерекшелігі – ауыз әдебиеті үлгілерінің кеңінен қолданылуы. Ақын батыр бейнесін толықтыру үшін батырлар жырындағы мотивтер мен градация тәрізді дамыта суреттеулерді пайдаланған. Мәселен, қуғыншы түрікмендердің де осал жау емес екендігін олардың астарындағы ақалтеке аттарынан байқауға болады. Алқынған арғымақтың асу-асу белдерден алқынып өтіп жатқанын оқып отырғанда қазақ батырларының сәйгүліктері еріксіз еске оралады:

Асты аю жон дүңкиген алып-алып дөңдерден.  
Асты айна көлдерден, асты небір шөлдерден,  
Емексіткен бір үміт қамшылаумен дем берген.  
Сүйгені үшін қос ғашық, осылай болды

сергелден.

Ауыз әдебиеті үлгілерінен бізге таныс мотивтің бірі – бас кейіпкердің арғымағымен сырласуы. Бұл мысалдар шығармаға ешқандай нұқсан келтіріп тұрмағандықтан, оны ұлттық әдебиеттегі дәстүр жалғастығының көрсеткіші деп қабылдауға негіз бар.

Сонымен бірге автор негізгі оқиғаға байланысты өлең формасын да өзгертіп отырады. Ол бірде он бір буынды қара өлең үлгісімен жырласа, енді бірде жеті-сегіз буынды жыр үлгісімен төгіп-төгіп алады. 7-8 буынды жыр үлгісіне мына жолдар мысал бола алады:

Екі жүз түрікмен қуды енді,  
Ақалтекесін орғытып,  
Жердің сорын иледі,

Ор текедей қарғытып.

Асыл жылқы қоя ма...

Ауыз әдебиеті үлгілеріне тән осындай мотивтің бірі – батырлардың арғымақтарымен сырласуы болса, оған Қыз Данайдың Төремұраттың шідерленген арғымағына жасырынып келіп сырласуы мысал бола алады:

Ақ арғымақ, арғымақ,  
Шерлі әніме сал құлақ.  
Қашар едім сенімен,  
Алдымда тұр жар бірақ.  
Керілген кең дүние,  
Тағдырымыз тар бірақ...  
Иең өлген тұл пырақ,  
Сен де жүрсің қан жылап.  
Мынау терте тірлікте,  
Таусылдық-ау қалжырап.

Қыз Данайдың арғымақпен сырласуы, бір жағынан, жат елде одан басқа жанашыры жоғын байқатса, екіншіден, шідерлі жануарды шідерінің шешілетініне сендіруі еді. Бір-біріне дем берген қос мұңлық осылай өзара сырласу арқылы шер тарқатып отырғаны белгілі. Осындай мысалдың бірі – Қыз Данайдың Төремұраттың алдаспанымен сырласуы. Ол бірде өзі тығып қойған Төремұраттың алдаспанына қарап отырып:

Ақ алдаспан, алдаспан,  
Соғылған ақ алмастан.  
Жау көргенде құнығып,  
Аппақ жүзін қан басқан.  
О, киелі алдаспан,  
Жау көзінен жасырып,  
Қара жерге көміп ем.  
Туған елге кәде қып,  
Жеткізермін сені мен, – дейді.

Кейіпкердің бұл сөзі – өзіне берген серті екені белгілі. Бірақ алдаспанға қарата айтуынан батырдың алдаспаны қолында тұрғанда оның кегін алмай тынбайтындығынан хабар берер көркем деталь ретінде қолданылған.

Сөйлесе сөзі – шешенмін,  
Қол бастасам – көсеммін.

Қалың мал екен – тек құным,  
Төмен етектімін – десең кім.

Далиып жатқан далам-ай,  
Қондырсақ деп ек саған ай.  
Асылыңды сан жоғалттың,

Барыңды алмай бағалай! – деп аяқталатын поэмада қаншама ел басқарса да, қол басқарса да қыз балаға қазақтардың төмен етекті деп қарайтындығы Қыз Данайдың өмірі арқылы нанымды суреттелген. Поэманы жазып бітірген ақынға «Жүйрігіне қонған Қыз Данай ару ақ қар қылаулаған түпсіз аспанға айдай жүзін тоса бір қарап, келмес, мәңгі келмес ғасыр шымылдығына еніп бара жатқан» қалпында елестеуі – екі дүние арасындағы тылсым байланысты оқырманның есіне салады. Қазақта сөз бастаған шешендер, қол бастаған батырлар көп болған. Бірақ, олардың барлығы бірдей атала бермейді. Осы тұрғыдан келгенде, өмірде болған, аты аңызға айналған Төремұрат батыр бейнесінің ұлттық әдебиетке келуі қуантады. Ақынның Құрманғазы Сағырбайұлының «Төремұрат», «Қызданайдың күлкісі», «Шәйсандық» тәрізді күйлерінің жазылу тарихына үңілуі, ол туралы оқиғаларға жан бітіруі шығарманың тарихилығы мен деректілік сипатын аша түскен. Мұның өзі қазіргі қазақ поэмасының мазмұны жағынан толып жатқанын көрсетсе, жоғарыда көрсетілген мысалдардан ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті арасындағы дәстүрлі байланыс менмұндалайды.

Мұқатай Жылқайдарұлының (1938-1990) «Қарқара» дастанының үзіндісі 1987 жылы «Коммунизм нұры» газетінде жарияланған болатын. Дастанда Қарқара жәрмеңкесінің ашылу салтанатынан бастап, бәйге, қыз қуу, балуан күрес, тәрізді ұлттық ойындар нақышына келтіріле жырланған. Қазақ пен қырғыз халқына ортақ тойға екі елдің бірдей қатысқанын қыз қууға қатысқан қырғыз қызын қуып жетіп, ақ тамақтан сүйетін қазақ жігіті болса, оның астындағы торы тұлпар Жәмеңке батырдың талай жауды аттан түсірген сәйгүлігі болғандықтан қыздың астындағы ақбоз аттың адымын жаздырмайды. Осы сәтті ақын былай бейнелейді:

Сүюін сұлу қызды сүйді жігіт,  
Арманға ат үстінде күйді жігіт.

Ішінен алғыс айтып Жәмеңкедей,  
Батырға балғын басын иді жігіт [10, 152].

Базардың жайы мүлде бөлек, онда біреулер сауда жасап, енді біреулер ауруына шипа іздеп дәрі-дәрмек іздеп әлек. «Мал мен ақша, жүн мен тері қазақтан, Қалғандары құйылады жан-жақтан», – деген рас. Бәйгеден оқ бойы озық келген Жаңабайдың Қалмаққарасы ауызға алынғанда атбегі Жаңабай мен үстіндегі Кендірбайдың баласы қатар аталуы заңды. Себебі бұл үштік одақтың сыналар тұсы – бәйге. Алты алаш жиналған аламан бәйгеде сөрени қиып өту – үлкен бақыт. Осындай бақытқа кенелу екінің біріне бұйырмайтыны анық. Сөреге екінші жеткен қырғыздардың торысы, қатарласа келіп, сөреге таяғанда өкпесі қысылып баяулаған қалмақтардың ақбозы – бәрі де ат бәйгесінің сән-салтанатын келістіріп тұрған жүйріктер. «Жүйріктен жүйрік озар» деген осы болса керек. Себебі мұндай бәйгеге құлақ естіген жердегі жүйріктердің түгел жететіні белгілі. Дастанның бірінші бөліміне жәрмеңкенің осындай қызық думаны негіз болса, екінші бөлімінде Мальцев, Сорокиннің былығына тап боламыз. Саудагер Сүйдінбектің малы Байбөрінің өрісін таптағаны үшін арызданғанмен, қу саудагер олардың аузын бір қараның ақшасымен тығындап, Байбөрінің өзін абақтыға жаптырады. Қашқардың атышулы Бегін ұрдың деп тілмаштың өзі Байбөріден бір қараны иеленеді.

Кәпірдің өзіне сай тілмашы да,  
Басады бұлаң құрық бұрмасына.  
Аз күнде отыз-қырық мал жинады,  
Емумен екі жақты бір басына.

Ал бастығы Подпороков пристав болып келгелі бір мәселені шешкен емес. Арақ ішіп, күнәға батқан болыстар, екіленген Ақымбай болыс, делдал Ақымбай, бір жылдық азығын бір жәрмеңкеден жинап алатын Қарақолдың приставы Подпороков – бәрі де шынайы бейнеленген кейіпкерлер.

Жәрмеңкеде патша ағзамның жарлығы оқылады. Онда отыз бір мен он тоғыздың арасындағы жігіттерді қара жұмысқа алатыны туралы айтылған:

Әскерге бәрін алады,  
Жұмысқа ғана салады.  
Тұрасын айтсаң, солдаттың

Атқосшысындай болады.  
Болмайды мылтық, найзасы,  
Қолында күрек, қайласы,  
Бекініс салып,ор қазып,  
Әскерге тиер пайдасы [10, 173].

Ақымбай, Ақжелке тәрізді болыстарға ойлануға үш сөтке уақыт беріледі. Бұл жайсыз хабар жетпістен асқан Жәмеңке мен Ұзақ батырларды ұйқысынан айырды. Ел басына күн тып, ел ерге қараған тұста қос батыр бір шешімге келеді. Оларға жас та болса қырғыз-қазаққа сыйлы жас батыр Серікбай келіп қосылады. Жақсы атанып, ояз бен приставқа жоспарларын айтып қоятын болғандықтан Ақымбай сынды пысықтардан сақтанады. Жәмеңке батыр бастаған жиын тұңғыш рет патшаның «Июнь жарлығына» қарсылық танытады. Қарасай, Тұйық, Қайқы, Ақшоқы, Жалаулы, Айт-Бозым, Қурайлы, Құмтеке, Текес, Мыңжылқы, Ақбейіт, Тамғалытас, Қабандыдан құйылған жұрт Қарқараға төгіледі. Жәмеңке мен Ұзақ, Серікбай мен Әубәкір, Ыбырай мен Әміре, Айтбай мен Тұрлықожа бастаған қалың нөпірді көргенде ояз, болыс, урядник, судья, тергеуші, тілмаштарға тықыр таянады. Тұрлықожа ақпатшаның уәдесінде тұрмай, жер мен өрісті алып, салықты көтергеніне наразылық танытып, оған әскер бермейтіндіктерін білдіреді. Қара жұмысқа адам бермейміз, қолына қару беріп, соғысқа үйретсін, не болмаса бізден адам орнына мал алсын деген халықтың ұсынысын білдіреді. Патшаға қарсылық танытып, бунт жасап тұрған халықтың көсемдері Ұзақ пен Жәмеңкенің қолына кісен салып ұстаса, қалғанының бетін қайтару оңай деп шешіп, Қарақолдан әскер алдырады. Әскермен бірге Алматыдан «Бастаған он жеті адам тұтқындалсын» деген бұйрық қоса келеді. Ұзақ батырды үйінен ұстап алып кетсе, оны арашалап барған Ұзақ пен Әубәкірді абақтыға қоса жауып, сұрақтың астына алады. Олардан түк шықпасын білген прокурор мен судьялар Жәмеңкенің тамағына у қосып өлтіреді. Батырын арулап жөнелте алмағаны олар үшін орны толмас өкініш еді. Онда да соңғы сапарға аттандыратын молда бар деген жауаппен Жәмеңкенің мүрдесін қайтармайды. Ұзақ түрмедегі атыс кезінде оққа ұшып, Әубәкір қашып құтылады. Райымбек, Саурық батырлардың атын ұрандап, жәрмеңкеге лап қойған халықтың қолында сойыл мен шоқпардан басқа, бірен-саран шиті мылтықтан

басқа құрал жоқ еді. Пулеметтің алдына келіп баудай қырылған олар жаудан он есе артық болғанмен, мұздай темірмен қаруланғандарға төтеп бере алмады.

Кең жазықта шашын жайып Қарқара,  
Токсан тарау бұрым салып арқаға,  
Көшкен елдің келініндей боздаса,  
Қайқы азынап қоштасады баршаға.

Бұл шумақ ақынның тілдік грамматикалық қолданысты (инверсия) белгілі мақсатпен өзгерткеніне мысал. Сөздердің әдеттегі грамматикалық түзілу тәртібінің өзгеріске ұшырап, сөйлем мүшелерінің орындары ауысып қолданылуы, әсіресе, поэзиялық шығармаларда көптеп кездеседі. Өлең шумағын тармақ, ырғақтарға бейімдеуде инверсияның атқаратын қызметі мол.

С.Медеубекұлыны «Қырдағы қырғындар немесе Аруана айтындары» атты дастанына да 1916 жылдың шындығы арқау болған. Автор Аруана атты бүкір кемпірдің айтуы арқылы сол кездегі ел ішіндегі адам жаны түршігер шындықтарға жан бітірген. Ақын бұл поэмада әр оқиғаны жеке тарауға арқау еткен. Мәселен, «Жапалақтыда немесе Қымқап жардың ерлігі» деген бірінші айтында патша орыс-казактарының жергілікті халыққа жасаған қокан лоққысы шынайы бейнеленсе, «Жаркент жанында немесе Казанцевтердің өлімі» деп аталатын екінші айтында жергілікті халықтың казактарға қарсы бой көтеруі, шегінен шыққан бассыздыққа қарсылық танытуы Казанцевтің әскерімен бірге қырып-салғанымен суреттелген [10]. Жер ауып келген мұжықтардың патша салығына ілікпей, өз заңымен өмір сүріп жатқаны, олардың хуторы Казанцевтің казактарды тірідей қорлауы шектен шыққан соң, казактың батыр жігіттері бір күні оларды жолда тосып, қоршап қолға түсіреді. Бастығынан бастап, казактарға істегенін өздеріне істеп, масқаралап өлтіретін казактың батыр жігіттерінің қылығы – шыдамның да шегі бар екенінің айғағы. Қазактың арын таптап, намысын қорлап, жерін алып, өздерін оққа байлап өлтіргені үшін олардың бәрін оққа байлайды. Осылай елдің, халықтың кегін бір қайтарады. Бұл казак халқының патша ағзамның өзіне қарсы шығуы еді. 1916 жылғы Асы, Далашық, Шіліктегі оқиғалар үшінші айтынға негіз болған. Тұрғынның қулығы мен ерлігі сол тұстағы шындықты толықтыра түскен. Аруананы солдаттар келе жатқанда ауылға жалғыз тастап,

олардың әуселесін байқайды. Қымызға тойған, нәпсінің құлы болған бастығын Аруана жігіттер жатқан жерге жеткізгенде Тұрғын оны төбеден бір-ақ қойып өлтіре салады. Осылайша шала мас казак-орыстарды оп-онай қолға түсіріп, олардың қару-жарақтарын иемденеді. Қазақтар көрінгенді асып, атып өлтірген жауыздардың халыққа істеген қаныпезерліктерін өздеріне қайтарады. Шілікте әскерге адам алмақ болып Хлыневскі бастап келген ақ патшаның әскерін Тұрғын бастаған қазақ жігіттері қолдарын байлап, қырып салады.

«Кеңсуда, Екіашада немесе Оразайдың ойраны» деп аталатын төртінші айтында Волков бастаған әскерлерді бес жүз жігіттің қырып салғаны, олардың Кеңсудағы алпыс үйді өртеп жібергені негіз болған. Алпыс үйден жер ошаққа көмілген бір нәресте мен оның анасы Аруана ғана аман қалады. Үйлерін тастап, бет-бетіне қашқан елдің үйлерімен бірге толғатып жатқан жас келіншекті үйімен қоса өртеп жібереді. Аруана: «...Жалғзыым тірі болса, қайта оралып, Ұрпағын аман қалса, алар тауып...» – деп, нәрестесін жер ошаққа салып, үстіне қазан жауып, оның үстіне көрпелерді қабаттап жауып, от ішінен нәрестесін аман алып қалады. Кейін келген Тұрғын тірі қалған Аруананың айтуы бойынша ошақтан нәрестені тауып алады.

«Ақшоқыда немесе Серікбайдың және оның серігі Әбдіхалықтың әйелінің жоқтауы» деп аталатын бесінші айтында Ақжелкенің Серікбай, Алдаберген, Әбдіхалықтарды алдап ұстап, олармен бірге тоғыз ұйғырды Жаркентке айдап бара жатып, жолда атып тастағаны негіз болған. Серікбай оқ тисе де «Райымбек! Райымбек!» деп ұрандағанда жаралылардың аман қалғандары бас көтере бастайды. Мұны көрген жендеттер олардың түп-түгел екінші рет атып өлтіреді. Он бес казак мылтығымен он екі адамды жайратып салғанда оқ Алдабергеннің құлағына тиіп тірі қалады. Әбдіхалықтың әйелінің жоқтауында оның артында қалған елінің қоныстарын тастап, жат елге үдере көшкеніне тап боламыз. «Лепсіде немесе Таңабай мен Мақамбаевтың ездiгi» деп аталатын алтыншы айтында патша өкіметі Масловты отыз әскермен қазақты бағындыруға жібергенде тілмаш Мақамбаевтың келіссөзге келе жатқан тоқсан адамды «Олар ұл бергенше, тірі өледі...» деп айтқаны үшін қырып салады. Осылайша қазақтар өз елінде, өз жерінде кірмелердің қолынан өлім құшып, сұраусыз ит пен құсқа



жем болып қала береді. «Әбдіхалықтың әйелінің жоқтауы» жанры жағынан жоқтаудың ХХІ ғасырдағы жалғасын танытса, мазмұны жағынан аталған қырғынға халық атынан айтылған лағнет еді.

«Лепсіде немесе Таңабай мен Мақамбаевтың ездiгi» деп аталатын алтыншы айтында жарлыққа Лепсiдегi Мақаншы – Садыр болыстың қарсылығына кездесек, Мақамбай, Қасым болыстар ағайынға қарсылық танытады. Осының өзi-ақ би-болыстардың пікірі бiр жерге тоғыспай, өзара қарама-қайшы болғанын байқатады. Осы тұста Киран сынды Пара берсе, тізімге алмаймыз деп, орыстармен ауыз жаласқан песірлердің жолы болды. Біреудің қайғысының үстінен пайда көрген жалғыз песірлер ғана емес еді. Мұндай оңай олжадан би-болыстардың өзi де оңай айырылмауға тырысты.

Жетінші айтынға 1916 жылдың тамыз-қыркүйек айларындағы «Қарқарада немесе Жәмеңке. Ұзақ, Әубәкірлер майданы» арқау болған. Мұнда жазалаушы отрядтың қарсылық танытқан Албандарды қынадай қырғанына кезіксек, «Текесте немесе Албан қырылған» деп аталатын сегізінші айтында босқан елдің арындап жатқан Текестен өте алмай бiрi суға кетiп, қалғаны пулеметтен қырылғаны негiз болған. «Түзкөлде немесе 27 қазақ қалай атылды» деп аталатын тоғызыншы айтынға Торайғыр болысының босқынға ұшыраған қазақтарының еркек кіндіктерінің бәрiн жолда қырып салады да, жылап-сықақтаған бала-шаға, қыз-келiншек, кемпiрлер зар илеп қала бередi.

«Ақтоғайда немесе Аруананың шегiркөзге шалма салғаны» деп аталатын оныншы айтында ақтардан кейiн келген қызылдардың да елге өз топалаңын сала келгенiн шегiр көздің iс-әрекетiмен бейнелеген. «Меркiде немесе ағайынды төртеудiң бiрлiгi» деп аталатын он бiрiншi айтында Тұрысқұлдан туған Салмабай, Садырбек, Тамырбек, Әдiлбек тәрiздi ағайынды жiгiттердiң қапияда қолға түскенi, «Жалаңашта немесе абысындар айқасы» деп аталатын он екiншi айтында Әдiлбек, Тамырбек, Садырбек әйелдерiнiң қарауылды жайратып салып, ерлерiн абақтыдан құтқарғанына кезiгемiз. «Қапалда немесе окоп қазған қазақтар» дейтiн он үшiншi айтында Қапалдағы атаман Аненков әскерi қызылдар келе жатқанда олардан қорғанатын окоп қазған қазақтардың бәрiн қырып салады. Мұндай сұмдықты көрмеген

«Ана, жар, әжелер мен қарындастар, Шаш жұлып, кара жерді жентектеді».

Он сегізінші айтыңға 1918 жылы «Шәлкөдеде немесе Диханбай әулетінің бесіктегі баласына дейін оққа ұшқаны» негіз болған. Ақ патшаға қарсы шықпай, Ұзақтарға қосылмай аман қалып, Шәлкөдеде жатқан Диханбай ауылын қызылдар келіп қырып салды. Құдайдан қорықпайтын кәпірлер қорымға барып тығылғандарды қуып жүріп жайратып, Шәлкөдені қан сасытып, далада сүйектері шашылып қалды. «Қулықта немесе Жағыперді батырдың қызылдарға қарсылығы», «Екіашада немесе Әшімжан батырдың қызылдардан кек алуы» атты айтында Жағыперді батыр мен мерген Әшімжанның қызылдарға қарсылығына тап болсақ, «Алматыда немесе Рыскелді ақынның кеңес үкіметін сынағаны. 1926 жыл» мұнда Рыскелді ақынның кеңес үкіметін жеріне жеткізе сынағанын көреміз.

«Бөріліде немесе Жетібай руынан бір әулеттің қырғыны. 1929 жыл» деген айтында қызылдар шайқамаған үй қалмағанын ақын:

Ой да, қыр да, шатқал да қан сасыған,  
Қан иісі аңқиды аршасынан.  
Қарғыстарды қайталап Хантәңірі,  
Ыңырысқан үн шығар әр тасынан, –

деп суреттесе, «Укөкте немесе Жеткенбай әулетінің қырылғаны» т.б. қызылдардың ақ патша әскерінен қалған жекелеген әулеттерді қырып салғаны баяндалады. Кеңес үкіметі шекараны сызған кезде арғы бетте қалып қойған Жеткенбайдың елім, отаным деп келе жатқанда алдынан оқ атып совет әскерінің Укөк аңғарында қырып салғаны, бір көштен жалғыз кейуананың аман қалғаны сөз болған.

«Колхозда немесе Көдектің мұңында» мал мен жерді тартып алған коммунистерден үдере көшіп босқын болған елдің зары мен мұңы сол кездегі өмір шындығын ұғындырады. «Босқындық немесе Нұрақынның зары», «Ел көшкенде немесе Аруананың туған жермен арыздасуы. 1932 жыл» туған жерден үдере көшкен елдің зары еді бұл:

Қазақ азды, салт бұзылды, дін тозды,  
Басшы қылды кешегі құл жылпосты.  
Арға тамған қанға малған матаны,  
Жалау етіп елді алдаған сырт озды.

Олардың коммунистерден қашқанда жат жерден тапқаны одан әрмен болды. «Жат жерде немесе арыстар ажалы» деген айтында маңдайының соры бес елі қазақтың арғы бетте көрген қорлығына тап боламыз. Қожекенің арқасына шоқ басса, Әсет, Оспан, Жүсіпбек, Көдек, Әуезхан, Таңжарық, Рыскелді тәрізді батырлар мен ақындардың басынан өткен қасіретті күндердің шындығын кейінгі жылдары ғана біліп келеміз.

«Аруананың туған жермен амандасуы». 1958 жыл», «Өз елі келгенде немесе кеңестік қоғамның мінезі. 1957жыл», «Намыс немесе Шегіркөздің жазасы. 1962 жыл» колхозда бригадир болып жүрген шегір көз кезінде Аруананың шалма салған патша жандайшабы болатын. Үстінен арыз айтып, оны жер аудартады.

Сағатбек Медеубекұлының «Қырдағы қырғындар немесе Аруана айтындары» дастаны – тәуелсіздік тұсында жазылған шығармалардың қатарын толықтыратын туынды. Бұл дастанға ХХ ғасыр басындағы ақ патшаның ойраны, қызылдар қырғыны, үдере көшкен елдің арғы бетте көрген зобаландары қайта бері өткенде бастарынан кешкен қиыншылықтары, қанмен келген кеңес үкіметінің 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан кейінгі ыдырауы тәрізді мәселелер негіз болған.

«Алматыда немесе Желтоқсан әні. 1986 жыл» деп аталатын жиырма жетінші айтында кеңестік дәуір тұсында қазақ халқының бастан кешірген жайттарына шолу жасала келіп, жастардың кеңестік жүйеге наразылығы 1986 жылғы оқиғасы арқылы суреттелсе, дастанның эпилогы Алмасбек Ахметбекұлының «Көк тудың желбірегені» ән-өлеңімен аяқталған (Әні – Ермұрат Зейіпхандікі):

Көк тудың желбірегені  
Жанына қуат береді.  
Таңдауға түссе жан мен ту  
Ең қымбат оған керегі –  
Көк тудың желбірегені...

### *Әдебиеттер:*

1. Қайырбеков Ә. Жандауа. Жыр кітабы: Өлеңдер, балладалар, толғаулар және поэмалар. – Алматы: «TST Company», 2013. – 408 б.
2. Бегманов Қ. Күреңбел: Өлеңдер, дастан, толғаулар. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС; Дәстүр, 2014. – 296 б.
3. Мырза Әли Қ. «Ташкентпен қоштасу» – поэтикалық кұбылыс // Ана тілі. – №9. – 28 ақпан, 2008.
4. Бегманов Қ. Алашорда аманаты // Қазақ әдебиеті. – 15 сәуір, 2016
5. Молдағалиев Т. Махаббат ақыны // Ана тілі. – 28 ақпан, 2008.
6. Жайлыбай Ғ. Қара орамал. Черный платок. Поэма-реквием. – Қарағанды: Болашақ-баспа, 2014. – 74 бет + 16 бет жапсырма.
7. Досжан С. Менің жалғыз серігім: Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС; «Дәстүр», 2015. – 288 б.
8. Нұржан С. Таң қауызын жарғанда. 3 томдық III том. – Алматы: Үш қиян, 2002. – 352 б.
9. Шатенова Сәуле // Қыз Данай. Қолжазба автордың жеке мұрағатынан алынды.
10. С.Медеубекұлы. Қарқара толғауы: Тарихи өлеңдер, жыр-дастандар, ауызекі әңгімелер (1916 жылғы «Қарқара көтерілісі» туралы). – Алматы: Анарыс, 2016. – 320 б.

## ПРОЗАДАҒЫ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕР

Қоғам дамуындағы 90-жылдардан басталған бетбұрысты өзгерістер рухани өмірімізде де сілкініс тудырғаны белгілі. Жаңалыққа жаны құмар жастар уақыт ағымына ілесіп, жаңа тынысты туындыларды дүниеге әкелді. Алайда бұл аламанға ат қосқан қарасөз бапкерлерінің барлығының тұлпары мәреге жетіп, асығы алшысынан түскен жоқ. Бірі жалпы дүрмекке ілесе шауып орта жолда деміксе, енді бірі өткен ізді шиырлап бір орнында қалып қойды, енді бірі көркем өнердің сыртқы формасын келістіргенімен, ішкі мәнін үйлестіре алмады. Ал әдебиетті арын ардақтағандай аялап, заман өзгерісін адам жанының ішкі әлемінің айнасы арқылы танытуға талпынған таланттар асықпай-аптықпай ізденіп, қызыл тілдің қасиетін қастерлеген көркем прозадағы келісті дүниелерді тудырды.

Қазіргі қазақ жазушыларының бір парасы бүгінгі қоғам өміріне жан бітіріп, үлкенді-кішілі туындыларымен ұлттық әдебиетті замандас бейнесімен толықтырып жатқан жайы бар. Мира Шүйіншәлиеваның әңгімелері мен хикаяттары – осы қатарды толықтыратын туындылар. Ол – 2001 жылы республикалық деңгейдегі ХХІ ғасыр «Ғажайып әйел» байқауының «Үздік әңгіме» номинациясының бас жүлдегері ретінде оқырманға таныс. Оның шығармалары жөнінде Қазақстан Халық жазушысы Ә.Нұрпейісов: «Біздің әдебиет қандай күйде, кім келді, не бітірді? Соны білгіміз келеді. «Таңшолпан» журналының кезекті нөміріне осы Орал өңірі қызының бір-екі әңгімесі жарияланған. Әдебиетте ілгерілеушілік бар деп білеміз», – десе, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Д.Исабеков: «Нарық заманында өмір сүріп жатқан адамдардың өмірін білеміз деп жүргеніміз әлі тым жұпыны екен. Оны бізден кейінгі жастар – сол өмірдің бүкіл ауыртпалығын арқалап жүрген, қайнаған тіршіліктің қақ ортасында жүрген Миралардың ұрпағы біледі екен», – деген болатын. «Жұлдыз», «Таңшолпан» журналдарымен бірге «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» тәрізді бас басылымдарда шығармалары жарияланып жүрген жазушының бұған дейін бірнеше жинағы жарық көрді. Жазушы соңғы кітабын «Өкініш» деп атаған екен, хикаят атымен аталған жинаққа және бірнеше әңгімелері топтастырылыпты.

Мира әңгіме жанрының заңдылықтарын терең түйсініп, оны өзіндік үн, бояу-нақыштарымен әрлей білген. Жазушының мынау дүрбелең дүниеден ақиқатты іздеу жолы, дәстүрлі ұғым мен әлемдік сананың ықпалынан туындаған жаңа дүниетанымның арақатысы, мәңгілік өзгермейтін құндылықтар сипаты мен кейіпкер типін жасаудағы өзіндік ізденістері көңіл аудартапай қоймайды. Мира Шүйіншалиеваның қаламгерлік ерекшелігі тақырып таңдауынан көрінеді. Әдеби ортада да, оқырман арасында да «бүгінгі күннің тақырыбы көркемдік тұрғыдан кестеленбей жатыр» деген пікір бар. Ал Мираның әңгіме, повестерімен танысқан оқырман да, сыншы да өзін мазалаған көп сауалға жауап таба алары сөзсіз. Жазушы әңгімелерінде жекелеген адамдар тағдыры суреттеліп, бүкіл әлеуметтік өмірдің жетістігі мен кемшілігіне, жалпы қоғамның даму барысына, адамның жалпы моральдық болмысына философиялық тұрғыдан талдаулар жасалынады. Оның әлеуметтік шындықты көркемдік шындыққа айналдыруын танытатын туындысының бірі – «Служак» әңгімесі. Психологизмнің еске түсіру әдісі арқылы санасының алыс түкпірінде сақталған «сłużағының» бет-бейнесі, ерекше қасиеттері біртіндеп ойына орала бастаған қарттың он сегіз бен жиырма жасындағы өміріне ойша оралып, облыс әкімінің адамдық болмысын, азаматтық бейнесін ашудың құралына айналған.

Қаламгердің суретті сөзге ұқыптылығы Үмбет қарттың бұрынғы үйінің ішкі-сыртқы сипаты мен жедел жаңарған сәтін салыстыра суреттейтін тұстағы антитезалық тәсілді қолданыстарынан байқалады. Жалпы Мира антитеза құруға икемді. Қарапайым тұрмыс-тіршілік, мансапқа мастанған өмір, қуаныштан шаттанған көңіл, есі кетіп есеңгіреген хал т.б. қарама-қайшы құбылыстар әңгіме мазмұнында көрініс табады.

Ал «Тақсырет» әңгімесінің оқиғасы өзгеше. Перзент сүйе алмай шерлі болған қайнаға-абысынына баласын қиып бауырына салып беріп, жоғын түгендеп, ата-аналық бақытпен бөлісу – халқымыздың ежелден келе жатқан игі дәстүрі. Осы әңгімедегі Айшуақ пен Жанарыс та осы салтты жан-жүрегімен сезінетін жандар. Сондықтан өзі сұранып, сырттай қарағанда, емешегі үзіліп өміреніп тұрған қайнағасы мен абысыны Жұмақызға құлай сеніп, қос құлыншағының тағдырын тапсырған. Өзінің ең аяулы аналық

сезімін алдамшылықпен алмастырған Жұмақыздың аңқау жандарды алдап-соғып, екі баланың сылтауымен малшылықтың ауыр бейнетін шеккен жандардың «жылы-жұмсағын» сүліктей соруы оқырман жүрегін мұздатады. Әңгімені оқып шыққанда ақжүрек адалдықтың аярлықтың алдында тізе бүгіп қала беретіні неліктен? Адал еңбек пен маңдай теріне сүйенген ерлі-зайыпты жандардың өзіне ғана емес, жан атаулыға жамандық ойламайтын ізгі пейілінің қайырын көрмейтін жазығы не? – деген сияқты өмірдің жауабы қиын сұрақтары мазалап ойлантады, толғандырады. Авторлық баяндау арқылы кейіпкерінің қазіргі қарттар үйіндегі хал-күйі бейнеленеді.

«Жасынан жат боп кеткен Ерасыл мен Нұрасыл бүгінде бойынан күш-қуат кетіп, интернатта тұрып жатқан туған шешелерін қайтсін. Араларын Жұмақыз суытқан соң аналарын мүлдем ойламайтын, іздеп, жоқтамайтын халге жетті. «Қағанақы қарқ, сағанағы сарқ» олар туған шешелерінің тақсырет тартып, әлі күнге зарығып күтіп жүргенін білмейді, білгісі де келмейді».

Күнделік формасында жазылған «Әдемі қыздың күнделігі» атты әңгімесінде автор диалогті негізгі көркемдік әдіс етіп алған. Қазақ қоғамында құндылықтар ауысып, ер-азаматтар жұмыссыз қалып, дәстүрлі отбасына қауіп төнгенде белін бекем буып, ала қап арқалап өмірге бейімділігін танытқан қыз-келіншектер түрлі тағдырдың теперіштерін басынан өткергені белгілі. Олардың бірі бақыттың кілтін тауып, тағдырмен тайталаста жеңіске жетіп мерейі тасыса, енді бірі өз жолынан адасты.

Ұзақ жылдар бойына халқымыздың ғасырлар бойғы қалыптасқан құндылықтарын көлеңкелеуге жүргізілген саясат талай жанды тура жолдан тайдырды. Бұл, әсіресе, жаһандану үрдісі белең алған замандағы діни еркіндіктің ушығуында тіпті күрделі мәселеге айналды. Әлемді алаңдатқан бұл мәселенің қазақ жұртын да айналып өтпегенін соңғы жылдардағы сұмдық оқиғалар растайды. «Адасқан ару» әңгімесінде осы жайтты кейіпкерінің жан-жүрегінен өткізіп, бүгінгі күннің аса өзекті мәселесін қозғауда да Мира өзіндік өрнек танытқан. Ата-анасы ғана емес, бүкіл ауыл-аймағы болашағынан мол үміт күткен, қатарының алды боп, түрлі тілді меңгеріп, шетел асып дәрежесі асқан арманы асқақ арудың білім-ғылымы жайына қалып, бөлек бір болмысқа айналуы арқылы бұл мәселенің қаншалықты қасіретті екендігіне сендіре

алған. Халықтың маңдайалды ұл-қызы осындай халге жетсе, басқаның халі қандай болмақ дейтін үрейлі сауал тудырып, жаныңды түршіктіреді. Қаламгердің жетістігі де осында.

Араға жылдар салып келгенде құрбыларымен отырып бір кесе шәй ішуге мұршасы келмей әміршісінің бұйрығын орындап, аптап ыстықпен арпалысып, бала-шағасын шұбатып жедел жолға шыққан Райханның тағдыры, өкінішке орай, біздің қоғамдағы кеселді дерттің бірі болып отырғаны жасырын емес. Адам болмысын танымастай өзгертіп жіберетін алдамшы аярлыққа қор болған қыз тағдыры қалың көптің де көңілін құлазытады. Алды – жар, арты – тұман өмірдің басына бақ болмайтынын іштей түйсінгенмен, қол-аяғы маталған дәрменсіз жанның бейнесін автор онан сайын тереңдей суреттейді.

Жазушы әңгімелерінің қай-қайсысы да тағдыр тәлкегіне тосылмай, өмірдің шуақты сәулесіне ұмтылған ерік-жігерлі жандардың жан әлемін ашуға талпынысымен ерекшеленеді. Әр кейіпкердің жан дүниесінің терең қатпарларында тұнған құпия, сыртқа беймәлім жайттарын ішкі монолог әдісі арқылы әдемі мөлдіретіп берудің тәсілін ұстанады. Осының бір үлгісі – «Жұмбақ жан» әңгімесі.

Ата-анаға мейірімділік – халқымыздың ежелден келе жатқан асыл дәстүрі. Алайда өзегін жарып шыққан перзенттерінің өз қағынан жеріп жаттануы, ата-ананың ақ сүті мен тағылымды жолымен емес, кері бағытта жүріп, өзіне де, өзгеге де қасірет әкелуі бүгінгі күннің ең өзекті тақырыбы болып отырғаны белгілі. «Тұяқ» әңгімесінің бастауында: «Сақалды басыңмен біреудің баласына үздігесің де жүресің. Қыздан өрбіген бала саған бала болып жарытпас», – деп жан-жарасын қанататын көршілерінің сөзіне құлақ аспастан, аспан айналып жерге түскен аптап ыстықты елемей, екі жиенін бір иіскеуге ынтық болып келе жатқан қартпен таныс боласыз. Мираның қауқылдаған қарттың қара жолда қалбаңдаған халін балағына оратылып, жарыса жөнелген қаңбақпен салыстырып, тілдестіру арқылы беруі сәтті шыққан.

Адам өмірінде кездесетін немқұрайлылық, жауапсыздық сияқты келеңсіз жайттардың адамды қаншалықты қасіретке ұрындыратындығы – «Үш төмпешік» әңгімесінің арқауы. Кеңес үкіметі тұсындағы ата-анасы жаз жайлауда, қыс қыстауда болатындықтан, малшы балаларының интернатта тәрбиеленгені



белгілі. Қанша жағдай жасалғанымен, ата-ананың мейірімі мен туған үйдің жылылығына деген сағыныш, аңсау сезімдері білімге құштарлықпен амалсыз алмастырылатын. Әңгімеде он бес күндік қысқы ұзақ демалыстан соң интернатқа аз уақыт бұрын оралған бір үйдің үш баласына: «Туыстарыңа бара тұрындар, әлі іші жылыған жоқ», – дейтін жауапсыз тәрбиешінің бір ауыз сөзі түрткі болып, туған үйлеріне тура тартқан үш бүлдіршіннің боранда үсіп өлу оқиғасы баяндалады.

«Аштық» әңгімесінің кейіпкері «аюдай арқырап, күндей күркіреген» бастық болу мақсатымен аштық жариялайды. Әрине, оның ойлағаны халықтың мүддесі емес. Жазушы әңгімелерінде еске алудың психологиялық қызметін тиімді пайдаланады. Сондай-ақ көркемдік деталь арқылы да айтар ойын анық жеткізеді. Мәселен, «Әдемі қыздың күнделігіндегі» жасында әртіс болуды армандаған Анканың тағдыр тәлкегімен алаяқтыққа ұрынуы, бірақ жүрегінде өшпейтін көрші Зәуреш тәтесінің мейірімділігі әңгіме ішіндегі әңгіме ретінде композициялық құрылымға әдемі кірістірілген. Оқырман санасында сән-салтанаты келіскен адал жар, айналасына сүйікті жанның бір сәбиге зар болған қасіретті тағдыры, мейірімін төгіп асыраған мысығының көзі жұмылып жалғыз қалғанда аяғын мүжіп кетуі жан түршігерлік оқиға. Автор табиғат жаратылысының болмысындағы адам миы жете бермейтін жайттарға қалам тербеп, ой толғатады. Шынында, аналық сезімін адамға емес, хайуанға арнаған Зәуреш мұндай жазаға лайық па? Бала кездегі мысық жайындағы ескертпе тыйымдар еске түседі. Сезімнің, музыканың не екенін білмейтін жандардың көзқарасы, он екі мүшесінің, бала-шағасының қадірін білмей пенде неге жамандыққа ұмтылады? Жастық өмірінің жарқын күндерін түрмеде өткізіп, өмірге өшпенділікпен қарайтын Уәлиллоланың біреудің жалғзын өлтіргенде шімірікпеуі қайдан келген қиянат? т.б. сұрақтар легі оқырманға жауап іздетеді. «Тұяқ» әңгімесіндегі Мырзаш қарттың сағынған немересіне ауылдан асық жинап әкелгенде қалалық құдағиының «вирус жұғады» деп лақтыртып тастауы да қазақтың қанына сіңген киелі ұғымдардың дағдарысқа ұшырауын көрсетеді. Бір қарағанда, Мира әңгімелерінің кейіпкерлері сан қасіретті басынан кешірген, өмірдің қызығын көрмеген трагедиялық тағдыр иелері сияқты көрінеді. Жазушы өз кейіпкерлеріне тым қатаң үкім шығаратындай ұғылады.

Жоғарыда талданғандай, тіршілік қамымен ауыр бейнет шеге жүріп перзенттерінің бақытын көруден қағылған қасіретті ата-ана, немқұрайлылық кесірінен мына өмірден баз кешкен қос мұңлық, үкілеген үміті ұл-қызының алқаш, тасбауыр қатыгездігінен жалғыз қалып, жабырқаған жанына жиен немерелерін жұбаныш еткен қам көңіл қария, заманның күрт өзгерісінен базар жағалап, бейнетін сатқан қыз, арын сатқан әйел, арамдық, екіжүзділік, сатқындық, мансапқорлық, қатыгездік секілді келеңсіз мінездер мен мәңгілік таза махаббат, адал достық, шынайы сүйіспеншілік сезімі де өзеннің қос ағысы секілді алма-кезек ауысып жатады. Бұл тақырыптың қай-қайсы да жалпы адам баласы үшін уақыт таңдамайтын келелі мәселелер. Алайда тақырып бар да, сол күнделікті өзіне таныс өмірдің қалтарысында жатқан құпиясын ашып, көркемдік жолмен безендіріп, оқырманын ойға жетелеу үшін шынайылық керек. Біз оқып шыққан әңгімелердің барлығы да жазушының ыждаһатты ізденісінің жарқын куәсі.

М.Шүйіншәлиеваның «Өкініш» хикаятына мәңгілік тақырыптардың бірі – махаббат негіз болған. Бұл тақырып ұлттық әдебиеттің әр дәуірінде бірсыпыра қаузалғаны белгілі. Біздің ұғымымыздағы махаббат Еңлік пен Кебек, Қалқаман мен Мамыр, Төлеген мен Жібек тәрізді бір-біріне қосыла алмай арманда кеткен ғашықтардың өшпейтін ыстық сезімдерімен, мәңгілік мұраттарымен өрбитін. Алайда, жазушы бұл туындысында өмірдегі махаббаттың жырлардағыдан өзгеше болатындығына көңіл аударған. Біз өмір сүріп отырған қоғамда құндылықтардың орын ауысқаны, замандастарымыздың махаббат мәселесіне тұрақсыздық танытып жатқаны белгілі. Жазушы қазіргі таңда рухани құндылықтардың екінші кезекке шығып, бірінші кезекті материалдық байлықтың иемденгендігін өмірден алынған шынайы кейіпкерлердің өмірі арқылы нанымды суреттеген.

Сонымен бірге бұл хикаятта қазіргі қоғамдағы әйел-аналар бейнесі және бір қырынан толыққан. Тіршілікке нәр беруші аналардың болашақ ұлт тағдырына тікелей жауапты екендігін әр дәуірде өмір сүрген аналар мен бүгінгі таңдағы замандастарымыз өмірінен көріп жүрген жайымыз бар. Бұл туындыда әйел-аналар бейнесі арқылы тәуелсіздік тұсындағы қазақ қоғамының өзекті мәселелеріне көңіл аударылған. Бір отбасы төңірегінде өрбитін

оқиғаға қатысушылар әртүрлі жастағы, түрлі кәсіп иелері болғандықтан, өзімізбен қатар өмір сүріп жатқан замандастарымыздың тағдыр тәлейін ұғынуға негіз бар.

Хикаяттың мазмұнын негізгі үш бөлім қамтиды. «Тоғысқан тағдырлар», «Махаббат машақаты», «Екіге айырылған жол» деп аттары айтып тұрғандай мұндағы оқиғалар да осы төңіректен табылып жатады. Негізгі оқиға институтты жаңа бітіріп, мектепке қызметке келген психолог Ақкүн мен физик Саматтың Аман Байқонақұлының өндіріс орнынан мектеп жанындағы интернатқа үтік пен самауыр сұрай келуінен басталады. Нарық келгелі етек-жеңін жия бастаған кәсіпорынның қазір бұл шаруамен айналыспағанымен, әккі басшының өткір көзі талшыбықтай майысқан қыздың аш белінен ұстай алып атын сұраумен-ақ оның жүрегіне жол салғандығы мына үзіндіден байқалады.

– Қарындас, – деді көз жанары ұясынан шыға жаздап. – Атыңды да сұрамаппын ғой. Есімің кім?

– Ақкүн.

– Күйеуің бар ма?

– ?

– Бірден бұлай сұрауым орынсыз болса, кешірім өтінемін. Бірақ жауабыңды білгім кеп тұр. Бұл мен үшін аса маңызды» [1, 4], – деп, сауалдың астына ала жөнелетін ағасын Ақкүн осы пысықайлығы үшін де жақсы көріп қалған тәрізді. Оны Ақкүннің «Мейлі, не де болса жылы жерге оралып, ұя салған құс секілді, жүрегіме ұя салды ғой. Енді сол ұяны қалай да бұзбауға тырысайын. Осы қаланың ішінен бұл ағамды қалайда іздеп табайын. Өзімен бір ауыз болса да сөзге келіп тілдесейін», – деген монологі растайды. Осылайша кіршіксіз сезім жетегіндегі бойжеткен әккі де айлакер, көзіне іліккен сұлуды тырнағымен бүрмей тынбайтын Аманға тап болады.

Бас кейіпкер – алпысқа аяқ басқан жігіт ағасы Аман. Жазушы кәсібі дөңгеленген кәсіпкер Аманның өткен өміріне лирикалық шегініс жасау арқылы оқырманға ол туралы толыққанды мағлұмат беруге тырысқан. Жоғары оқу орнын бітіріп келген жігіттің жас сұлу Асылханға құлай ғашық болуы, оның ата-анасының ризалығынсыз үйленіп алуы – махаббат атты тылсым күшке ешкімнің, ешнәрсенің, ешқашан тосқауыл бола алмайтындығын байқатады. Алайда, осындай ыстық сезімнің

араға көп уақыт салмай суи түсуі түсініксіз. Жазушы оны «Қазак байыса, қатын алады» деген мақалдың аясында суреттейді. Бар ғұмырын мал соңында өткізген Аманның ата-анасы дүниеден өткенде олардың жиған-терген ірілі-ұсақты төрт түлігі түгелімен баласына мирас болып қалуы табиғи заңдылық. Үйленгелі үй бетін көрмей, сүйген жары мен үш ботасын ертіп, ата-анасына сәлем беруге жарамаған Аманның әке-шеше мұрасына ие болып шыға келуі – тірісінде немерелерін бауырына баса алмай еңбегі еш, соры тұз болған ата-ананың мүшкіл хәлінін шынайы бейнеленуі. Меншігіне тиген бар малды сатып, аяқ астынан жеке кәсіпкер болып шыға келген Аман кәсібінің дөңгелене кетуі бір қарағанда ешқандай күмән туғызбайды.

Мектепте жүргенде күнде хат жазатын Есбол, институтта жүргенде үйіне шақырып, алып қалуды көздеген Қанат тәрізді жігіттердің үлкен сезіміне илікпеген Ақкүннің Аманға құлай ғашық болуы – өмір шындығы. «Көрсеқызар адамдардан қорқамын» деп жүретін қыз жүрегіне жылы сөзбен жол салған Аманның әйел дегенде «тәжірибесі мықты» екендігі нанымды бейнеленген. Кластасы Кенжебекпен көңіл қосып, араларына дәнекер болсын деп бойына біткен шаранасын қолына ұстамақ болғанда үйлі-жайлы жігіттің басы ашық қарсы болғаны, одан тездетіп құтылу керектігін қатаң ескертуі Ақкүннің оған деген кіршіксіз сезімінің күлін көкке ұшырды. Осыдан кейін жігіт атаулыға көз қырын салмай, бәрінен күдер үзіп жүрген қыздың әкесіндей кісіні құлай сүюінің басты себебі де Аманның иненің көзінен өткен пысықайлығында, қыз-қырқынға деген ептілігінде еді. Кенжебектен жылы сөз естіп көрмеген қыздың «Жаным!», «Ақ көгершінім!», «Періштем!», «Бақытым!», «Алтын балығым!», «Ақ мамық құсым!» тәрізді жылы сөздерге құлай кетуі – жалғыз Ақкүннің емес, жалпы әйел затының көзіне емес, құлағына сенетіндігінің мысалы.

Ақкүнге ренжимін деп жүріп, апалы-сіңділі Зухра мен Зияданың арбауына түскен сылқым серінің кейінгі өмірі адам аяғандай. Хикаяттың екінші бөліміне махаббат машақаты негіз болған. Шығармада көзге түсетін жайттың бірі – наным-сенімдердің көптеп қолданылуы болса, соның бірі – қара магия, яғни дуа жасауға қатысты оқиғалар осы апалы-сіңділі қыздарға қатысты оқиғалар төңірегінде өрбиді. Кез келген менмін деген

азаматтарының басын айналдырып, мәнгүрт күйге түсіретін қара магияның күшіне көңіл бөлген жазушы оны жасаған, жасатқан жандардың болашағы да адам шошырлық болатынын кейіпкерлердің қилы тағдыры арқылы бейнелеген.

Бақсы-балгерлерді жағалаған Ақкүннің қала сыртындағы Валя кемпірге жем болып, қолындағы барынан, қолы мен мойнындағы алтыны мен күмісінен жұрдай болғанынан екі нәрсені аңғаруға негіз бар. Оның біріншісі – қыз-келіншектердің тығырықтан шығар жол таппай қиналғанда Ақкүннің кейпін киіп тентіреп кететіндіктері болса, екіншісі – арам жолмен келген дүниенің қолдан оп-оңай сусып кете баруы, сүйікті ағасының мол тартуы қалай келсе, кетуі де сондай жылдам болуы.

Хикаят соңында бес жыл күткен Аман ағасы келіп, бар жылы сөзін айтса да міз бақпаған Ақкүннің құлай түспей, кесімді шешімге келіп, Кенжебекпен той күнін белгілеп жатуы – басын тасқа да, тауға да ұрған қыздың ұзақтан іздеген бақыты қасында екендігіне көзінің жеткендігі. Иә, қаншама қыздар осы замандасымыз тәрізді бақыттың не екенін түсінбей шатылып жүргені жасырын емес.

Келесі кейіпкер – Аманның кезінде сүйіп алған жары Асылхан. Алғашында титтей сәбилерінің түнгі мазасыздығынан қашқақтайтын Аман үш бала дүниеге келген соң, жеке бөлмеге шығып, тіпті басқалар мазаламасын деп ішінен кілттеп алатынды шығарған. Алдынан өткен қыз-қырқынды құры жібермейтін Аманның пайғамбар жасынан асқанда балаларындай жас қызға ғашық болып, оның суретін қалтасына салып алғаны Асылханның неше жылдан бері әбден жіңішкерген шыдамының үзілуіне алып келді. Отағасының тапқаны кім көрінгенге кетіп жатқанын білген ол жыл сайын Қытай асып Хайнаннан шықпайтынды шығарды. «Жүзім» сұлулық салонының бастығы Чын Чайон ханымның айтқанын мүлтіксіз орындауының арқасында отыз жасқа жасарып, жарты салмағын тастап, «Аманым енді маған Мәжнүңдей ғашық болады» деген сенімінің күл талқан болуы оқиғаны ширықтыра түседі. Отбасының ынтымағы үшін ел асып, жер асып, қолынан келгеннің бәрін жасаған Асылханның бұл әрекеті шаңырақты шайқалтпауды көздегенін байқатса, күйеуінің: «Алжуың жақын шығар сен қатынның! Қартайғанда ерігіп! Қытайға осы үшін бара жатқаныңды білгенде, қолыңа көк тиынды да татырмайтын едім»,

– деуі еңбегінің еш, тұзының сор болғандығын көрсетеді. Оны жазушы кейіпкер сөзі арқылы былай жеткізген: «Жарайды, сонда маған ерегісіп бетінді тарттырдың ба? Бетінді не істесең де өзін біл. Ал сонша неге арықтадың? Бұдан бұрынғы семіздігің әлдеқайда тәуір еді ғой. Ас-суға жарымаған адамдай қап-қара болып қатып қалыпсың. Тым арық адамның сырт көзге кәрі болып көрінетінін білмеуші ме ең, – деді Аман бәлен күннен бері тым құрыса агент арқылы балаларымен де хабарласпай, із-түзсіз жоғалған әйелін жақтырмай» [1, 67].

«Семіздікті қой ғана көтереді» дегендей, дүниенің өзі көтере білген адамға бітетінін Аманның өмірі растайды. Ата-анаға жасағаның бала-шағаңнан қайтатыны Аманның шетелдегі үлкен баласының тіршілігімен суреттелген. Әке-шешеден бір хабар алмай, туған жерден жырақта жүріп жат болып кеткен бала Аманның жастық шағын еріксіз еске түсірсе, ХХІ ғасыр жастарының шетел асып, білім қуып, қызмет бабымен кіндік қаны кескен жерінен суысып бара жатқаны да өмір шындығы.

Хикаятқа араласатын бір топ қыз-келіншектердің қилы тағдыры оқырманға ой салады. Балалардың «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілетіні» оқиғаға арқау болған қыздардың тіршілігімен суреттелген. Ақкүн – қазіргі таңдағы оқыған қыздарымыздың жиынтық бейнесі. «Көк етікті кездеспей, көне етікті менсінбей» уақытын өткізіп, кәрі қыздардың санын көбейтетіндер де оқу-білім соңында жүрген жоғары білімді қыздарымыз. Шалғайда жатқан шағын ауылдардан жыраққа шығып, үлкен қалалардан білім алып, қолына дипломы тиген соң, елге қайтқысы келмей, шаһардың қым-қуыт тірлігімен, қым-қиғаш жұмыс бабымен жүріп уақытын оздырып алатын замандастарымыздың тыныс-тіршілігі оқырманға бесенеден белгілі.

Жазушы жекелеген кейіпкерлердің тағдыры арқылы біздің қоғамның шешімін таппаған көкейкесті мәселелерін көтерген. Соның бірі – оқу-білім саласында қызмет ететін ұстаздар қауымының әлеуметтік жағдайы. Ақкүннің алғашында жұмыс бабымен танысып қалған кәсіпкер ағасын мектепке демеуші болса деп іздеп келуі айлықтан айлыққа өлместің күнін көріп жететін ұстаздардың өзіне емес, шәкірттері үшін неге де даяр екендігін растайды. Жиырма мың теңгемен күнелтіп жүрген Ақкүн мен

күнде бір шетелдік машинасын ауыстырып мінетін, он бес пәтерлі бес қабатты үйде жалғыз тұратын Аманның қызы Дәрияның тыныс-тіршілігі салыстыруға келмейді. Бір үйдің бір подъезін түгелдей сатып алып, еврожөндеуден өткізген бикештің жекеменшік үйінде өзінен басқа тірі жан жоқ. Мемлекеттік бюджетте жұмыс істейтіндердің бір айлық еңбекақысының пысықайлардың мейрамханадан бір рет ішетін ас мәзіріне жетпейтіні де өмірден алынған шындық. «Тоқ бала аш баламен ойнамайды» деген тәмсіл осындайда айтылса керек. Жасы отызға жаңа толған, ұшақтан ұшаққа ауысып, алыс-жақын шетелдерді үздіксіз аралайтын Дәрияның әкесінің тапқанын желге шашып жүргені белгілі. Оның тұрмысын жазушы былай сипаттайды: «Жекеменшік тікұшағы болмаса да, әуежайдағы ұшқыштар мен стюардессаларға дейін азиаттық пішіндес қыр мұрынды, атжақты келген сүйкімді аруды жазбай танып алған. Қанаты құстай талмайтын Дәрия қыз емге жалғыз жүрген емес. Қыдырып қайда барса да шетелдің төсі жүн-жүн, бет-аузын қылшық қаптаған еркектерімен шүйіркелесе кетеді. Бір жаман әдеті емге еркек талғамайды».

Шығармадан адам жанының екіге жарылуына да мысалдарды көптеп келтіруге болады. «Көңілімнің ақ құсы алдамайды. Қиялым қиылып түспеу үшін баянды бақытыма жолығуым керек. Менің бақытым – сол кісі! Осы қалада тіс емдейтін дәрігер құрып қалғандай, бағасы аспанға секірген қымбат емханаға ешкім мені зорлап әкелмеген шығар. Бір Алланың ұйғарымы бәрі де», – деп іштей жанұшырған Ақкүнге ішкі түйсігі: «Шырағым, үйі-күйі, бала-шағасы бар, қабырғасы қаланбақ түгіл, баяғыда қатқан, төбесі көк күмбез жамылған, кірпіші мәрмәр таспен қапталып өрілген дәу еркектің жанұясын таудан тас әкеліп құлатсаң да бұза алмайсың. Алып қамалды қарғадай басыңмен қайтіп бұзбақсың?! Әбден ойлан. Асарын асап, жасарын жасаған еркектің соңынан босқа шауып, шашылып қалма! Оның сенен отыз жасқа жуық үлкендігі бар. Тіпті ұл-қызы да сенен бұрын ержеткен» [1, 8], – деп тежеу салады. Міне, осы тәрізді кейіпкер жанының екіге жарылуына әрбір кейіпкерге қатысты мысалдар жеткілікті.

Хикаятта көзге түсетін көркемдік тәсілдің бірі – монолог. Монолог арқылы әрбір кейіпкердің болмыс-бітімі, өмірлік

ұстанымы, өмір туралы көзқарастары айшықталған. Сондай монологтің Асылхан мен Ақкүннің бейнесін толықтыруға көп септігі тиген. Аманның: «Әжемнің соңғы сапарға аттанар сәтінде қолыма ұстатқан орамалын көзімнің қарашығындай сақтамағаным үшін айрандай ұйыған отбасымның құстың ұясындай быт-шыты шығып, тоз-тоз болуы дұрыс та шығар деп өзін кінәлап, жерден алып, жерге салды. Бұл қылған қателігім аздай, талай әйелдің де, тіпті жазықсыз Ақкүннің де көз жасы жібермеген шығар», – деп және іштей тон пішті» [1, 312] деген монологі оның өзіне сын көзбен қарауын білдірсе, Ақкүннің: «Қайран ғана, ағатайым-ай! Біз екеуміз бір кездері қандай тату-тәтті едік. Бір-бірімізбен өліп-өшіп табысқанда, дәл осылай құтылғанша асығып, тез арада қоштасамыз деп ойлап па ек. Сол бір інкәр сезіміміз, арадағы қимас кездеріміз, достығымыз – бәрі-бәрі бір сәттік сәуледей жарқ етіп жоқ боларын кім білген. Осы кезге дейін сізге деген махаббатым үшін жанымды салып күресіп едім. Арпалысып, айқасып едім. Бірақ өкінішке орай, соңы осылай бітті! Сіз де аяғына дейін менімен бірге күрескенде мұндай халге түспеген болар едіңіз. Екеуміз де сезімнің ауыр сынағынан өте алмадық. Қайтейін, ағатайым, бұл да пешенемізге жазылған тағдырымыз шығар. Екеуміздің де жүрегімізде өмірлік өкініштің ізі қалды. Тоғыспаған тағдырымызға сіз де өкінесіз, мен де өкінемін. Бірақ, бірақ құр өкініштен енді не шара» деген монологі бақыт үшін бір адам ғана емес, екеуі бірге қол ұстасып күрессе ғана жететіндігіне меззейді.

Кейіпкер бейнесін сомдауда диалогтің да өзіндік қызметі жетерлік. Кейіпкер сөзі арқылы жекелеген кейіпкерлердің тұлғасы толығып отырады. Ақкүнді студент кезінде үйіне қонаққа шақыратын курстасы Қанаттың әжесі мен екеуінің диалогына үңіліп көрелік: «Қызым, жүрсенші бері, анау кең жаққа барып сөйлесейік. Бір нәрсе сұрайын деп едім, – дейді әжей басында сусылдап тұрған жібек орамалын әлсін-әлсін жүзікке толы саусағымен сипап. – Өзің иненің көзінен өткен сүйкімді бала екенсің. Тіфә, тіфә тіл-көзім тасқа. Манадан бері бәріміздің назарымыз сенде. Айтпақшы, қай жақтың тумасы едің?

– Оралдын.

– Е, Орал деген мына тұрған жер ғой. Пойыз болса жүріп тұр. Әке-шешен бар ма еді?



- Иә, бар. Ауылда тұрады.
- Кіндіктен өрбігені қанша?
- Менімен үшеу. Мектепте оқитын екі інім бар.

– Құдайға шүкір екенсің, шырағым. Мына мен шешемнен қарғадай кезімде қалыппын. Жоқшылық заманда бізді қалай асырарын білмей қиналған әкем егістен бір уыс бидай ұрлаймын деп сотталып кетіпті жасы отызға толмай. Содан жер аударылыпты. Оны түрмеден осы жақта туған Шыман деген қарт көріпті. Екеуі абақтыдан шығып, поезға мініп, одан бәлен күн жерді шарлап адасыпты дейтін білетіндер. Біз ол кезде жалаңбұт баламыз ғой. Есімізде түк жоқ. Шешем байғұс өгіз арбамен көрші ауылдан колхозға тамақ әкеле жатқанда жолда үсіп қалыпты. Ол кездің бет қаритын сақылдаған сары аязына шыдамаса керек. Оның үстіне аш, жалаңаш уақыты. Мына біздің тесік тамағымызды ойлап, колхозбен екі ортада митіндеп жүрген білем. Қарғадайымнан бәрін ерте жалмап, кіндіктен жалғыз өстім. Мана дастарқан басында аузы-аузына жұқпай «төсті айтқан» соқыр қарт менің шалым болады. Бір кеште көзі ашылмай қалды. Не болғанын доғдыр да білмейді, өзі де білмейді. Қой десең болды ызаланып, қолына іліккен нәрсені лақтырып қалатын жаман ғадеті бар. Сол отырғанда бірбеткей, шапшаң адам. Соқыр боп қалған соң ашуы шапшаң» [1, 9-10]. Осы үзіндідегі әңгімеден бір кейіпкердің өткен өмірі арқылы қазақ елінің қилы кезеңдеріне көңіл аудару байқалады.

Жазушы бата, қарғыс, алғыс тәрізді ұғымдарға ерекше көңіл аударған. Мәселен, Аман мен Асылханның шаңырағы шайқалуының бір себебін кезінде әжесі мен әке-шешесінің ақ батасын бермеуінен іздеуге болады. Әжесі Сақыпжамал мен шешесі Тотияның Аман мен Асылханның бас құрауына басы бүтін қарсы болғанын жазушы былай суреттейді: «Екеуінің жайлауға да келгіштеп, уәде байласып жүргенін сезіп қалған Сақыпжамал кемпір аттай тулады бір күні.

– Бәленшенің қызын неге алмайсың? Тұл жетімді осы үйге біржолата ертіп әкелмекпісің? Әкесінің сықпыты анау. Ол да өзінің туғаны емес көрінеді. Шешесі баяғыда құрт ауруынан қайтыпты. Өзің байдың тұқымысың! Сөйте тұра сіңірі шыққан кедейдің қызын аламын деп. Оқып-тоқымаған клубтың күзетшісіне қай бетіңмен үйленесің?! Шешең екеуміз қаладан қыз

алушы болма деп қақсағанмен, ауылдың қу кедейін алсын деген жоқ едік қой! Сенің күректтей қызыл дипломың бар. Ал оның бүкір үштікке толы көк қағазы да жоқ қалтасында. Ол қыз біздің теңімсіз емес. Бізге иық тірестіріп жұрт қатарлы жүретін, ұятқа қалдырмай, жөн білетін дұрыс құда мен құдағи керек, балам! Мынауың дым көрмеген. Бүгіннен қалмай көзін құрт! Екінші әрі әкелме үйге жаман үйретіп. Ас көрмегендей ашқарақ. Қыз басымен нанға тоймайды. Қымызды күбісімен төңкеріп ішеді, – деп, шешесі екеуі құлағының етін жеп, миының суын ағызды» [1, 87].

Олардың бақыттары баянсыз болуының екінші себебін әжесінің соңғы сапарға аттанарда басындағы ақ жаулығын: «Келінге осы орамалды апарып бер. Сақтап қойсын. Осы орамалды адам аяғы баспайтын жерге қойсаңдар, атаң Қамыс екеуіміздің аруағымыз сендерді желеп-жебеп, үрім-бұтақтарыңмен аман жүресіңдер. Бастарыңда бақ та, байлық та болар. Ең бастысы, бала-шағаның қызығын көріп, Асылханмен қоса қартайарсың, балам», – деп екі алақанын жайып, бата бергенімен, сол аманаттың аяқасты болып кетуінен де іздеуге болады [1, 311]. «Жолың осы орамалдай аппақ» болсын деп ырымдап берген кейуана жаулығының аяқ асты болуын ит пен мысықтай ырылдасып жүрген ерлі зайыптылардың тіршілігіне сыйғызған жазушы аманатқа қиянат жасауға болмайтындығын пенделердің есіне салады. Құс жастығыңның ішіне салып қой деген жаулықтың қайда қалғанын білмейтін Аманның бар ырысы сол орамалмен бірге жоғалып кеткендей еді. Оны автор кейіпкер монологі арқылы былай берген: «Екеуі де Асылханға ерегісіп, немерелерін көрмей-ақ дүние салды. Дұрысында Асылханды ауылға ертіп апарып, үлкен кісілерден кешірім сұрауым керек еді ғой. Болар іс болған соң, баяғыда өткен реніштің орнын жуып-шайып, әжеме балаларымды иіскеткенімде ғой... Өз тарапынан кеткен қателігін мойындап, өкініштен өзегі күйген әжем санаулы минөттері қалған шақта жаулығын сыйлап үлгерді. Әжем мен әке-шешемнің батасын алмағаныммен қоймай, қазір сол орамалдың да қайда қалғанын білмеймін» [1, 311].

Кейбір жағдайларды авторлық ұстанымды кейіпкер сөзі арқылы беруге болатынын: «Жә, Әбеке, соншама қамығып қайтесіз. Дәл қазір он тоқал алсаңыз да құдіретіңіз жетеді. Асылхан шалға тимек түгіл, жас жігітпен қолұстасып Қытайға

асып кетсін. Сақыпжамал әжең осындай жағдайдың түбі боларын сезіп, оны күнінде келін етіп қабылдамаған шығар. Бетін ашпаған шығар. Құдай бір жамандықты сездірсе, үлкен кісілер әріден болжайды. Егер ақылды әйел болса, құмнан қия аттап көрмеген кейуанаға ерегіспей, кешірім сұрап бармай ма. Сонда шөберелерін иіскеп, мауқын басқанда ғой», – деген үзіндіден байқауға болады.

Жазушы лирикалық шегініс жасау арқылы кейіпкерлер туралы толыққанды мәлімет бере білген. Аманның атасы Қамыс қарт жайлы оқиғадан адамдар арасындағы ашқарақтықты, тойымсыздықты көруге болады. Обал-сауабынан қорықпай, күнде қоян атып әкелетін қарттың көршісі Құсайынның қолынан қаза табуы – екі аяқты пенделер арасындағы бітпейтін бақталастықтың мысалы. Кемпір мен шалдың баласы болып «Малсыз тандары атып, кештері батпайтын Байқонақ пен Тотия қырда қала берсін. Ал сені совхозға әкеліп, шағаладай ғып киіндіріп қоямын. Үстіңе шаң тигізбейтін боламын» дейтін немеренің әжесі хәл үстінде жатқанда «Әжең атүсті ауырып жүр еді. Енді төсек тартып жатып қалды. Тез жет!» деген шақыртумен келуі – білім қуған жастардың кіндік қаны тамған жерден жырақта жүріп, ағайын-туыс, туған-бауырға суынып кететіндігінен хабар береді.

Қамыс қартқа қатысты келтірілген оқиғалар Алла тағала жан беріп жаратқан тіршілік иелерінің бәрінің де киесі бар екендігіне сендіреді. Жазықсыз көжектерді қызық үшін атуға құныққан қарияның артында қалған ұрпақтарының тағдыр тәлкегіне ұшырауынан қоянның киесі ұрды ма деген ойдың мазалауы да мүмкін.

Осындай лирикалық шегініс Асылхан, Ақкүн, Зияда, Зухра тәрізді кейіпкерлердің бейнесін де толықтыра түскен. Асылхан әке-шешеден ерте қалып, туысқан ағасы Бөкенбайдың қолында өсті. Асырап алған ауру-сырқау шешесінің қас қабағына қарап өскен қыз он жылдық біліммен шектеліп, ауылдағы клубтың әкімшісі болып жүргенде Аманға кездесіп, айы оңынан туған жан ретінде танылса, Ақкүн – ата-ана тәрбиесімен өскен ибалы қыз. Ақкүн мен Аман арасындағы махаббаттан екі нәрсені ұғынуға болады. Біріншісі, ғашықтардың арманына айналған қол жетпейтін кіршіксіз сезім болса, екіншісі нәпсінің құлы еткен өткінші сезім. Аман үшін бұл уақытша ермек не уақыт өткізудің бір түрі болса,

Ақкүн үшін жұдырықтай жүрегіне мәңгі өшпейтін із салған үлкен сезім еді.

Кейіпкерлер бойынан «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген тәмсілді көру оңай. Мәселен, «Ұры Мұстақ» пен шұлғауы шұбатылып жүретін Қазипаның қыздарының жеңіл жүріске салынуынан тәрбие бастауы отбасында екендігі көрінеді. Көздерін ашқалы ұрлықпен келген жылы-жұмсақ тамақпен өскен қыздардың ес біліп, етек жапқан кезінде тәндерін сатып жүруі әкешеше тәрбиесінің айғағы. Осындай мысал Аманның қызы Дәрияның бойынан да байқалады. Ол да әкесі тәрізді жеңіл жүрістің адамы. Оның бұл екі қыздан айырмасы – ішіп-жемінің молдығы, әлеуметтік жағдайының түзулігі. Тұрмыстық жағынан айырмашылық болғанмен, әкесінен дарыған жаман әдетінен еркек талғамайтындығы бар. Осындай мысалдар балаға тәрбиенің ананың сүті, әкенің қанымен берілетіндігін растайды.

Шығарманың интеллектуалды қыры аспан денелеріне қатысты Аман Байқонақұлының астрологиялық ілімінен танылады. Жазушы кейіпкерлер диалогі арқылы оқырманға Гиппопотам, Жетіқарақшы, Бүркіт, Лира, Аққу, Пегас, Қарақұрт, Андромеда, Кіші аю, Темірқазық, Сиыршы, Тазы, Цефеид, Ушарқар-Таразы, Үлкен Арлан, Кіші Арлан тәрізді жұлдыздар туралы мағлұмат берген. Осы тұста аспан денелері туралы аңыз-әңгімелер де тиімді пайдаланылғандығын баса айтқан жөн.

Француз жазушысы Жюль Ренар: «Күнделік – адам жанының айнасы», – деген екен. Осы қағидаға сүйенетін болсақ, хикаяттың «Екіге айырылған жол» атты үшінші бөлімінің мазмұнын Ақкүннің күнделік жазбалары қамтиды. Аман ағасымен танысқан күннен бастап жазылған күнделік жазбалары Ақкүннің өмір жолын ғана танытып қоймайды, сол арқылы оның бейнесін толықтыра түседі. 2010 жылдың 14, 25 қараша, 1, 15, 25, 30 желтоқсан, 2011 жылдың 24 қаңтар, 18, 25 ақпан, 1 наурыз күндері жазылған күнделік жазбалары шығарманың деректік сипатын арттырып тұр. Ал, «Хат – эпистолярлық жанрдың бастау көзі» дейтін болсақ, шығармада телефонмен қысқа түрде жазылған СМС хаттар жиі кездеседі. Кенжебек пен Ақкүн арасындағы жайтты толықтыруда осындай қысқа хаттардың атқарып тұрған қызметі жоғары.

Сонымен бірге ақындардың өлең жолдарынан келтірілген көптеген үзінділер Ақкүн жанының нәзіктігін, оның сезімге толы сыршылдығын аңғартады. Оны А.Құнанбаевтың, М.Мақатаевтың «Поэзия махаббатпен басталып, парасатпен аяқталады», А.Бақтыгереваның «Қыз болған соң сұлу болмау күнә ғой» тәрізді өлең жолдары мен Б.Шойбековтің сөзіне жазылған «Жамалым» әні және басқа мысалдар растайды.

Жазушы шығармалары жөнінде әдебиеттанушы С.Шарабасов: «Автордың «Жалғызбасты», «Өкініш» атты әңгімелері бүгінгі замана бейнесін анық та айқын бейнелейді», – деген екен [2]. Расында бүгінде өзіміз өмір сүріп отырған қоғамның сүреңсіз келбетіне қан жүгірткен жазушы қазіргі әдебиеттің геройларын қатардағы замандастарымыздан алған. Бір қарағанда, апырай сонша жыл төзгенде енді неге аяқ астынан мінез көрсете қалды деп, пайғамбар жасынан асқан Асылханды кінәлағың келеді. Алайда оның да ет пен сүйектен жаралған пенде екенін көріп отырып, өмірі жылы сөз естімеген, өз үйінде күтушінің қызметін атқарған жанның сырты бүтін, іші түтін күй кешкенін білгендіктен жамандыққа қимайсың. Теріс қылығы, арам пиғылы, жеңіл мінезі жоқ ананың үш баласын аяқтандырған соң, өзіне де жайлы қоныс іздегені, қадірін білген жанмен басын қосып, тыныш өмір сүргені үшін жазғырғың келмегенмен, отбасының ынтымағы екі адамға ортақ екенін ұқтырады. Бұл оқиғадан ерегеспен іс бітпейтініне, ерлі-зайыптылардың бір-біріне кешірімді болу керектігіне қанығамыз. Пайғамбар жасынан асқанда шаңырақтары ортасына түскен Аман мен Асылханның бұл тіршілігі ешкімге де үлгі болмасы анық. Ал, жер ортасы жасқа келгенде не балаға, не басқаға керек болмай, араласатын адам таппай жалғыз басы сопайып қалған Аманның тіршілігі жастық пен ақшаның буын көтере алмай, ең жақын адамдарының жүрегін жаралаған ессіздерді тәубаға шақырса керек. Қызметтің бабы, ақшаның буы ұшпаққа апармайтындығы, «Қызмет қолдың кірі» екендігі жасы ұлғайғанда бармағын тістеп отырған Аманның аянышты өмірімен нанымды суреттелген. Хикаятқа негіз болған бір топ қыз-келіншектердің өмірі де замандастарымызға ой салуға тиіс. Өмірі өкінішпен өткен Асылхан, ұшарын жел, қонарын сай білетін Дәрия, қазақтың талай қаракөз қыздарын алдап та, арбап та теріс жолға салған Зияда, апасына еріп бармағын кеш шайнаған

Зухра, Сүлеймен Пайғамбардай «Бәрі де өтпелі» деп үмітін үкілеп отырған Ақкүндердің барлығы – бізбен бірге өмір сүріп отырған тәуелсіз қазақ елінің азаматшалары. Негізгі кейіпкерлердің барлығы да типтік дәрежеге көтерілгенін еске алатын болсақ, жазушы жүздеген, мыңдаған замандастарымыздың қасіретті тіршілігі арқылы қоғамымыздағы шешімін күтіп отырған көкейтесті мәселелерді бір жерге жинақтап, қоғам дертіне шипа іздеген. Дертке дауа дәруменді оқырмандар кейіпкерлер өмірлерінен алса керек.

Қорыта айтқанда, Мира шығармаларының көпшілігіне ортақ қасиет – психологиялық зерделеу тәсілінің бірі – еске алу, еске түсіру, түс көру, елес әдісін шеберлікпен меңгергендігі. Автор сыртқы сұлулық үшін сөз тізбегін жоқтан қиыстыруға бармайды. Оның әрбір сөзі, сөйлемі жатық, табиғи. Жазушы қаламынан төгілген ой ағындары, сезім сырлары, көңіл-күй ағындары ешбір кідіріссіз, тау суындай тұнық әрі әсерлі. Бұл қаламгер туындыларына негіз болған жайларды терең танып-біліп, өз жүрегінен, ақыл-ойымен қорытып, көркемдік көрігінде қорытып барып ұсынатын талғампаздығынан болса керек.

Бұл жылдары Ж.Самитұлы, З.Сәнік шығармаларынан бізге таныс қытай еліндегі қандас бауырларымыздың тыныс-тіршілігінің бір пұшпағы Ғ.Қалибекұлының шағын әңгімелеріне де негіз болғанын байқауға болады. Жазушының «Бақытты өлім» әңгімесіндегі оқиғаға не бары үш-ақ кейіпкер араласады. Жасы тоқсан төртке келген Қажыға отыз жеті – мүшелінде қайтыс болған Рыздықтың өлімін естірте келген Сәбден және арғы беттен атамекенге көшіп келген Рыздықтың немере ағасы Нұрислам тәрізді кейіпкерлердің әңгімелерінен олардың өмір жолдары, олар өмір сүрген қоғам қасіреттері анық аңғарылады. Бір сәттік шағын оқиға Қажының өмір белестері туралы лирикалық шегінісі мен жаназаға келген екі кейіпкердің әңгімесімен толыға түскен. Мұндайды қазақ «Мандайға жазғанды көрмей көрге түспейсің» деп түсіндіреді. XX ғасырдың жиырмасыншы жылдарындағы ашаршылық, отызыншы жылдардағы жаппай қудалау, қыркыншы жылғы Ұлы Отан соғысы тәрізді алапаттардың бәріне куә болып, бел ортасында жүрген Қажының қаптаған оқ пен оттың арасынан он екі мүшесі сап-сау, аман-есен елге оралуы «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» деген халық даналығын қайта тірілтіп тұр.

Әңгіменің ұлттық бояуы қанықтығын тоқсаннан асқан қарияның Қажы атануынан байқаймыз. Халық ол кісінің азан шақырып қойған есімін ұмытып, Қажы атап кеткен. Бұл, біріншіден, қазақ халқының ат қою ерекшелігін, екіншіден, үлкенге жасаған құрмет екенін танытар штрих. Дегенмен Қажының «Азамат еді, ер еді! Амал қанша, жас кетті! Кәрі өлетінін, жас өлетінін бір Алла біледі, тоқсанға келіп, томардай болып отырған түр мынау, жаман-жәутікті не қылсын, құдайға да жақсы адам керек. Қап, қап-ай!» – деген күйзелісінен көп нәрсені ұғуға мүмкіндік бар. Біріншіден, ол – аузында Алласы бар, Құдай деген жан, екіншіден, Жаратқан иемнің құзырындағы екі аяқты пенделерге беймағлұм тылсым құпиялар өте көп.

Мәселен, жас желең жігіт кезінде жасаған бір оспадарлығы тоқсанның төртіне келгенде алдынан шығып тұрғандығына не дерсің? Желігі басылмаған жігіттердің қытай елінде жатқан қазақтардың жылқысын барымталап келуі, жылқышы жігітті сойылға жығып байлап-матап кетуі – күші бойына сыймай жалаңдап жүрген жігіттердің жастықпен жасайтын аңғалдығының мысалы болса, сол жігіттің артында жалғыз қалған Нұрисламның басынан өткерген ауыр күндер арғы беттегі бауырларымыздың бүкіл ғұмырын көз алдымызға елестетіп тұр. Қытай республикасында өткен ғасырдың жетпісінші жылдары жүзеге асқан «мәдени төңкерістің» құрығынан аман қалғандар некен-саяқ болғаны тарихтан мәлім. «Халық жауы» ретінде танылған олардың біразы түрменің тар қапасына жөнелтілсе, енді бірсыпырасы еңбекпен түзеу лагеріне айдалды. Сондай ауыр күндерде шешесін жалғыз өзі қара жерге тапсырған Нұрисламның Рыздық өлімін бақытқа балауы да түсінікті. Міне осы екі түрлі жастағы, екі елді мекен еткен екі кейіпкердің өміріне жасалған лирикалық шегініс олардың ғана емес, сол қоғамның шындығын ашуға қызмет етіп тұр.

«Қажы Нұрисламның бас-аяғын шола қарады. Жауырыны қақпақтай, иықты, еңселі көрінді. «Текті жерден шыққан жігіт екен» деп ойлады ішінен.

- Әкең бар ма?
- Қайтыс болған.
- Иманды болсын!
- Әумин!

Құдайдың ажалымен кетті ме, жоқ әлде, қытайдың қолынан өлді ме?

Жас кезінде жылқы қайырып жүргенде сәбеттің жігіттері сойылға жығып, жылқысын барымталап кеткен екен, басына зақым келіп содан оңала алмай кетті, жарықтық!..» [3] – деген жолдарды оқып отырғанда Қытайда жүрген жігіттің Қазақстанның қазағының қолынан өлгеніне күйінесің. Сол желіккен жігіттердің ішінде бүгінде елге сыйлы Қажының болғаны оқырманын да ойландырады. Барымташылардан қалғаны – Қажы болса, сол «қытай үйір» аталып кеткен жылқыдан қалғаны – астындағы Керторы. Әңгіме:

«Қажы асығыс аттанды.

Керторы арбаны сүйрейтіп ілбіп барады», – деп аяқталған. Осы жолдарды оқып отырғанда «Өлімнен ұят күшті» екеніне көзіміз жете түссе, ілбіп бара жатқан Керторы зулап өтіп жатқан уақыттың өлшеуіндей елестейді.

«Құдалар» атты әңгімеге жас күндерінен бір-біріне жақсы таныс, бірге жүрген Сақаба мен Шайжүніс құдалардың әңгімелері негіз болған. Құдай қосқан құдалардың арасындағы қалжың әңгімелер қазақтың «Әзілің жарасса атаңмен ойна» дегенін еске түсірсе, олардың бір-біріне жұмақпен, тозақтан орын сайлап отырғаны күлкі шақырады. Ел ішінде молда аталып жүрген Сақабаның: «Әй, көкіме. Қанша молда дегеніңмен жалғыз қызымның құдалығында құдайға шет келсем де ішемін. Сен сияқты арамзалығым жоқ, жүрегім таза, ниетім түзу. Жұмаққа кірмесем де «қоңырға» барамын. Ал сен қылқұрттың сонда келіп: «Сарсүйек едік, дос едік», – деп жата кеп жалынып, шалғайыма жабысқаныңды бір көрсем. Ха-ха-ха!..» – деген сөзі – кешегі атеистік тәрбиемен өскен бүгінгі ақсақалдарымыздың Аллаға деген дүдәмал көзқарасын танытатын көркемдік деталь. Ел арасында молда болып жүргенмен адал мен арамның арасын ажыратуға келгенде пендешіліктері басып кететін ақсақалдардың құлқынның құлына айналып кеткенін де жасыра алмаймыз.

Кейіпкердің: «Мен атақты Шайжүніс аңшы атып алған Қажымұраттың ұлы – Қадырбаймын» деген сөзі Шайжүністің кәнігі аңшы емес екенін байқатса, Сақабаның аюға құрған аңына түсіп, аяғын кестіріп «шойнақ» атанатын Дәуітке таңылған



аттарды қазақтың тауып қоятыны да ұлттық ерекшеліктерді ашуға қызмет етіп тұр.

«Кәрі жезде» әңгімесіндегі балдыз бен жезде арасындағы қалжыңның астарында шындық жатқаны жасырын емес. Ұлы Отан соғысының ардагері ретінде сый-құрметке ие болып жүрген жездесінің майдан шебіне енді жеткенде соғыс бітіп қалып, елге көкірегі медальға толып оралуы бір қарағанда күлкі үйіреді. Алайда бір аяғы жоқ орыстың Зоя деген мосқал әйелдің бір төбе туралы әңгімесі – сұрапыл соғыстың кәрі-жас, бала-шаға, қатын-қалаш демей мыңдаған, миллиондаған жандардың өмірін қыршын қиғанын байқатар штрих.

«Шойнақ» әңгімесіндегі Ғайыпхан мен Мүтәліп құрдастардың бір-бірінің сыртынан сөз шығарып, даң етіп жүруі, олардың жастық шақтағы қызықты оқиғаларын жаңғыртып айтып отыруынан, «Мүтәліпті ат сүйретіп өлтірді, сүйегін арттағылар әкеле жатыр» деген әңгімелерінен көруге болады.

Жазушы әңгімелерін оқып отырып оларды өз ішінен бірнеше топқа бөлуге болады. Балалар мен жасөспірімдерге арналғандарының қатарында «Тыртық Қабыл», «Шар» және «Кім кінәлі?», «Түс», «Майтабан» тәрізді шоғырлы әңгімелерін атауға болады. Бұл әңгімелерді оқып отырғанда мектеп жасында жеткіншек балалардың таным-түсінігіне бірде тәнті болсаң, енді бірде еріксіз күлуге тура келеді. «Тыртық Қабыл» әңгімесіндегі ауылдың ардақты ақсақалы, соғыс ардагері, еңбеккер, ақжарқын жанның бала күнінде күйгеннен қалған тыртығынан қорқып эзірейіл көргендей қашатын балалардың, «Шар» әңгімесіндегі мектептегі мерекеге аға-жеңгелерінің тығып қойған шарын ұрлап алып, үрлеп алып баратын Ерсайын мен «Мизамның жындысы» атанған Сүлейменнің, оқуға ықыласы жоқ Айдын мен сабаққа алғыр Айбынның күшіктерін сабынмен шомылдырамыз деп өлтіріп қойған іс-әрекеттері мен таным-түсінігі – жазушының бала психологиясын жақсы игергендігіне мысал.

Жазушы әңгімелеріндегі ұлттық колорит кейіпкерлердің азан шақырып қойған атының ұмытылып, олардың лақап атпен аталуынан байқалады. Мәселен, «Бақытты өлімдегі» Қажы, «Құдалар» әңгімесіндегі атақты Шәйжүніс аңшы, «Шойнақ» әңгімесіндегі Шойнақ, «Шар» әңгімесіндегі Мизамның жындысы, «Тыртық Қабыл» әңгімесіндегі Тыртық Қабыл тәрізді кейіпкерлер

жекелеген ерекшеліктері, не болмаса мінез-құлықтары бойынша аталып, өз есімі ұмыт болған жандар.

Бұл қатарда Ғ.Қалибекұлының шағын әңгімелерімен бірге «Ақерке», «Өмір-ай...» хикаяттарын да атауға болады. «Ақерке» хикаятының негізгі кейіпкері – қаладан келген тілші жігіт. Тесікбейітке іссапармен келген жазушының көзімен бейнеленген оқиғаның өмірден алынғаны анық. Негізгі оқиғаға төрт-бес кейіпкер қатысқанмен, олардың әрқайсысының жас шамасы, өскен ортасы әртүрлі. Ауыл жігіті Нұрхат пен қаладан келген тілшінің арасындағы ұқсастық болғанмен, айырмашылық олардың іс-әрекеттерімен ашылады. Нұрхат нәпсінің құлы болып кеткен кейіпкер ретінде оқырманның ойында қалса, тілші жігіт нәпсісін жеңе білген азамат ретінде танылады.

Оқиғаға араласатын келіншектер де әркелкі жандар. Ақерке – темір тордың аржағындағы сүйгенін күткен жас келіншек. Алайда ол – нәпсінің құлы емес, енесін күтіп, жас сәбиін аялап, сүйгенінің жолына қарап отырған ару. Жары Көкіш туралы да оқырман Ақеркенің әңгімесінен толыққанды хабардар болады. Жазушы Ақеркенің әңгімесі арқылы махаббаттың тылсым күшіне назар аударуға тырысқан. Бір-бірін сүйіскен жастардың бәрі ай десе аузы, күн десе көзі дейтіндей таңғажайып сұлу болмаса да, олардың арасында тілмен жеткізуге келмейтін алапат күштің болатындығынан байқалады.

Күлзиханның тағдыры одан да қиын. Жас күнінде еріккен бір дөкейдің құрығына іліккен қыздың ғұмыр бойы тағдыр тауқыметін тартуы, жігіт-желеңнің бір күндік ермегіне айналуы өкінішті. Ауыл жігіті Нұрхат – Күлзихан тәрізді жетім-жесірлерден тоят тапқанына масайрап жүрген жігіт-желеңдердің жиынтық бейнесі.

Мүнира – жеңгетайлық өнерімен жігіттердің тілін тапқыш жеңеше. Отағасының үйде жоғын пайдаланып, бастаңғы жасап, ащы суға сылқия тойып алатын Мүнираның өмірі адам қызығарлық болмағанмен, ол да өмірден алынған шынайы кейіпкер. Азған-тозған ауыл, сол ауыл тәрізді өздері де ешкімге керек болмай қағаберісте қалған кейіпкерлердің өмірі, олардың адам аярлық әлеуметтік жағдайы – бүгінгі өзіміз өмір сүріп отырған ХХІ ғасырдың шындығы. Хикаятқа негіз болған оқиға да, оның кейіпкерлері де өмірден алынған шынайылығымен

ерекшеленеді. Әдебиеттің өзі өмірдің шынайы болмысын жасау болса, жазушының осы тұрғыда жетістікке жеткені рас.

– Мынау не? – дедім мен Нұрхатқа төбені нұсқап, – тоғы жоқ үйде Қожанасырша лампы орнатып қойғаны қалай?

Бұл ауылда кезінде ток болған, «мәдениет төңкерісінде» бір белсенді келіп, саяси күресті мықты ұстаймын деп жарықты өшіртіпті, мақсаты – «сасық зиялылар» кітап оқып қояды десе керек, – деген үзінді – Қытай еліндегі қазақ ауылдарының хал-жағдайынан хабар берер штрих. Май шаммен отыратын, күздің кара суығында отынды үнемдеймін деп өздері тоңып жүретін халықтың қалт-құлт еткен күнкөрісі оқырманға жете таныс. Тар да қараңғы көшелер мен кейіпкерлер үстіндегі тозған киімдер, жиектері желінген жеңдер – олардың әлеуметтік жағдайының көрінісі.

Жазушының «Өмір-ай!...» хикаяты: «Жоңғар даласы, айналайын, сенің мәрттігіңнен! Сенің ыстық қойнында қаншалаған адам баласы қайнаған тіршілік базарын мекен етіп, күйкі-күйбіңмен шұқынып, жасау үшін емес, өлмеу үшін құлшынып жатқанын білсең нетті?...» – деп басталады. Осы үзіндіден-ақ адамзат баласының өмір үшін күресіп келе жатқандығы байқалады. Негізгі оқиға қалаға қамалған Мәңкейдің төрт күннен бері Алтайға баратын көлік таппай тұрғанынан басталады. Ұзақ жолға мәйіт артқан көлікпен бірге келе жатқан Мәңкейдің өткені мен артында қалған сүйген жары Балқия, бір жасар қызы Патиханың кейінгі өміріне лирикалық шегініс жасалып отырады. Негізгі оқиға бір отбасы төңірегінде өрбісе, сол оқиғаға араласатын бірнеше жанама кейіпкер бар.

Хикаяттың ұлттық бояуын қанықтыра түскен жайттардың бірі – бір ауылда тел өскен Мәңкей мен Балқияны бала кезден бірі-біріне айттырып қою болса, келесісі – жалғызділік кейуананың үйіндегі құдандалы жиынға келіп отырған отызға жуық құдалардың кәденің санын көбейтіп жатуы, Шәкуді соңғы сапарға шығарып салу үшін қарбаласқан ауылдастар тірлігі т.б. Бұл қатарды жекелеген кейіпкерлер бойындағы ұлттық мінез-құлықтар да толықтырады. Оның бірі – «кіммен қарайсаң, сонымен ағар» деп түсінетін Балқияның Шәкудің дегеніне көніп, өз басын құрбандыққа шалуы және басқа жайттар мысал бола алады.

Оқырман алғашында тірсегін соққан қолаң шашты арудың алақ-жұлақ, ыржың-ыржың етіп жүргенімен кездеседі. Бір карағанда сымбатты сұлудың «Келбетті жүзі ойын баласынікіндей сатпақ-сатпақ, маңдайына жіпше әжімдер түскен. Жырым-жырым, сауыс кір шапан-шалбар киіп, аяғына түйе табан еркектің бәтіңкесін іліпті. Жан қалтасына жүн-жұрқа, шүберек, қағаз, тағы бірдемелерді сықап алған» күйі оқырманға ой салады. Артында қалған қызын осындай есалаң күйге жеткізіп, үйінен қуып жіберген өгей әкенің мәйітімен бірге келгенін Мәнкей ол кезде білген жоқ еді. Осы оқиғаның өзінен-ақ Алланың құрығынан ешкімнің құтыла алмайтынын аңғаруға болады. Елден жырақта көз жұмған Шәку мәйітінің ұзақ жолда қиналғанына қарап отырып, тіріде істегенінің өтеуін о дүниеге барғанда тартатынына сенесің. Аймақ уәліінің: «Іскер жігітсің, партия сендей азаматқа сеніп батпан жүк артты, бағыт-саясатымыз анық, тартынба! Тап жауларына, кері төңкерісшілерге сілейте соққы беруде атойлап алға шық! Аспанда тор, жерде қақпан, армия бізді қорғайды. Кеуделеп істейтін кезің келді, серпіл!» [1, 279] – деген алдарқатуына сенген Шәку «қып-қызыл» жүрегін жан-тәнімен «төңкеріске» арнап, өз бауырларына қырғидай тиіп, дегеніне жүрмегендердің қаралау құжаттарын рәсімдеп, қылмыстың құйрығын ұзарта түсті. «Мәдени төңкеріс» басталғанда аудандық «төңкеріс комитетінің» бастығы болып шыға келген Шәкудің зиянкестік әрекеттері Қазақстандағы отызыншы жылдардағы «халық жауларымен» жаппай күрес науқанын еске салары даусыз.

Жазушы шынайы өмірден алынған шынайы кейіпкерлерін типтік дәрежеге көтере білді. Жиырма жылға жазықсыз сотталған Мәнкей, шен-шекпен үшін ешкімді аямаған шолақбелсенді Шәку, өмірі қор болған Балқия, жастайынан ауруға шалдыққан Патиха – бәрі де тағдыр тауқыметін тартқан жандардың жиынтық бейнесі. Кейіпкерлер басындағы бірінен-бірі ауыр тағдырлар жинала келіп, қазақ басындағы қасіреттен хабар береді. Қытай еліндегі «мәдени төңкерістен» сыртта жүрген қазақ баласының көрген жан азабы бірнеше ұрпақтың болашағына балта шапқанына осы шығарма кейіпкерлерінің қасіретке толы өмірлері дәлел бола алады.

Соңғы 10-15 жылдың көлемінде әдебиетке тағы бір топ буын өкілдері келіп қосылды. Олардың да қазақ әңгімелерінің тарихи даму үдерісінен жаңылмағаны байқалады. Алайда, уақыт түрлі

құндылықтарды алға тартқаны, рухани дүниемізге ықпал еткені, дәстүр мен жаңашылдық аясындағы кейбір мәселелердің өзгеріске түскені рас.

2006 жылы «Жалын» баспасынан «Жас толқын» деген атпен III томдық жинақ шықты. Соның II томы прозаға арналған. 2009 жылы «Жібек жолы» баспасынан Қ.Әбілқайыров, М.Алжанбай, Қ.Мұбарактармен қатарлас жас қазақ жазушыларының «Қарақат тере барғанда» атты әңгімелер жинағы Тұңғыш Президент қорының демеуімен жарық көрді. Ал «Жалын» баспасы «Жас толқын» сериясын ары қарай жалғастырып, 2012 жылы 9 жас жазушының прозалық жинақтарын жарыққа шығарды. Авторлар: Лира Қоныс, Мақсат Мәлік, Дархан Бейсенбек, Арман Әлмембет, Алмас Мырзахмет, Әлібек Байбол, Алмас Нүсіп, Әсем Қоспағарова, Үміт Зұлхарова, Мирас Мұқашев, Айнұр Шамшейтова. Сонымен қатар, жекелеген прозалық кітаптары шыққан, баспасөз беттерінде әңгімелері жарияланып жүрген жас жазушылар: А.Мантаева, С.Сарыбаев, Б.Сарыбай, Е.Әбікенұлы, М.Отарбай, М.Алжанбай, Қ.Әбілқайыр, Қ.Тілеухан, Н.Қабдай, М.Қосын т.б. жоғарыдағы тізімге қоссақ, олардың жалпы саны 20-дан асып түседі екен. Бұлардың бәрі – тәуелсіздіктің түлектері, жазып жүргендері де бүгінгі күннің тақырыптары. Ал осылар алдыңғы буын – Ш.Мұртаза, М.Мағауин, Қ.Жұмаділов, Т.Нұрмағамбетов, Н.Дәугайұлы, Ә.Асқаров, С.Асылбек, Ж.Шаштайұлы, Р.Отарбаев, Қ.Түменбай, Н.Ақыш, М.Байғұт, К.Рахымжан, А.Кемелбаева, Ж.Қорғасбек, А.Алтай, Д.Амантай, Д.Қуат, Д.Рамазан, М.Омаровалар қатарлас қаламгерлердің жалпы санынан кем емес екен. Себебі, тәуелсіздік кезеңінде тоқырап қалмай, әлеуметтік қиыншылықтарға да қарамастан әңгімелер жазуды жалғастырып жүрген жазушылар осы аты аталғандар. Жазушылықты жаңа бастаған жастарда болатын жастық максимализмнен гөрі сарабал ақыл басым. Сондықтан өткен өмір, жастық шақ бүгінгі күнмен салыстырыла баяндалып, көбінесе мұңлы да мәңгілік құндылықтары өрнектеумен ерекшеленеді. Мұны ностальгиялық әдебиет деп жүр. Бұл – біржақты пікір. Мысалы, аталған аға жазушылар бүгінгі күннің тақырыбын өмірлік тәжірибелерінің сүзгісінен өткізіп, жан-жақты жазып келеді. Ал өткен шақ оқиғаларын суреттеу жастарда да бар. Осы тұрғыдан келгенде, «Жас толқындар» бұл жазушыларлардан

сапалық жағынан қаншалықты ерекшелене алды деп емес, өсіп келе жатқан ізбасарларының молдығымен қуантады. Жастардың арасында өз әңгімелерінің сапасы жайында көрнекті жазушылардан жылы лебіздер естігендері де аз емес. «Жыл келгендей жаңалық сезіп», ақ батасын айтып, болашағынан үміт күтетінін білдірген аға буынға қазіргі жастар жауапкершілікпен қарап келеді. Айталық, Қ.Әбілқайыр, Д.Бейсенбектерге – драматург, жазушы Д.Исабеков, Е.Әбікенұлына – белгілі ғалымдар – А.Серікқызы, Қ.Мәдібай, С.Асылбек, Ж.Мәмбетов, жазушы Н.Ораздар жылы пікірлерін білдірген. А.Мырзахметтің прозалық кітабына Д.Амантай жақсы алғысөз жазған. Ал Ө.Әбдіхалық «Шабыт» фестивалінің лауреаты болса, Б.Сарыбайдың әңгімелері жайында баспасөз беттерінде қызу талқылаулар жазылды. Бұлардан басқа, «Жас толқын» қатарында кітабы кездеспеген, бірақ әдеби порталдарда шығармалары бар, «Тамыр» журналында және осы айдағы «Қазақ әдебиетінде» «Сезімдер қозғалысы» деген әңгімесі жарияланған Мерей Қосын туралы Ө.Қодар жаңа бағыттың туып келе жатқанына назар аудартады. Міне, осындай түрлі қолдаулардан (жеке адамдық) аталған жас жазушылар қағыс қалып жатқан жоқ.

«Жас толқын» сериясымен «Жалын» баспасынан, «Алтын қыран» қорының демеуімен «Фолиант» баспасынан кітаптары шыққан аталған авторлармен қоса, «Жұлдыз», «Қазақ әдебиеті», «Үркер», «Жалын» т.б. газет-журналдар жастар шығармашылығын мүмкіндігінше жариялап келеді.

Жоғарыда аталған 20-дан аса жазушының прозалық кітаптарын оқып шығып, стилі, ізденістері, көркемдік деңгейі, көтерген тақырыбы, жаңашылдығы, тілі т.т. байланысты топтап келіп, бәріне ортақ-ау деген алты жазушының әңгімелерін талдау нысаны етіп алдым.

Жазушы Қ.Әбілқайырдың «Ұмыт мені» кітабындағы «Қағаз қала», «Бәрін де Басекем біледі...» дейтін сатиралық әңгімелері бүгінгі қоғамдық-саяси жағдайлар мен соған сәйкес мінез-құлықтарды баяндайды. Ал қыста салынған 30 қабатты үй күн күрт жылынғанда, терлеп-тепшіп төмен түсе береді. Сөйтіп, 25-қабатқа жетеді. Суықта қақырай жарылады. Бұл төтенше жағдай ешкімді селт еткізбейді. Келуге тиіс мекемелер мен жауапты тұлғалар жоқ. Келсе де кешігіп келеді. Айтатын уәждері ақылға

қонбайды. Қысқаша айтқанда, тіл мәселесі, қауіпсіздік (жедел жәрдем, полиция, өрт сөндірушілер т.б.), сосын құрылыс жұмыстарындағы жөнсіздіктер ащы юмормен баяндалады. «Бәрін Басекем біледі...» әңгімесі бүгінгі қоғамдық-саяси ахуалды арқау еткен. Мұнда өтірік өркен жайып, шындықтың өлгені, жағымпаздық пен жалпы моральдық азғындау сөз болады. Жеке адамның шектен шыққан үстемдігі суреттеледі. Оқиға авторлық баяндаудың I жағында айтылады. Екеуі де ертегілік элементтерді бойына сіңірген сатиралық әңгімелер. Ал «Сурет» әңгімесінде аға мен інінің бауырластығы, балалық қабылдаулардағы құпиялар, жылы сағыныш ұлттық таным тұрғысынан баяндалады. Ағасы үйленген соң інісінен алыстай бастайды. Осыны өзіне соққы сияқты қабылдаған інісі біразға дейін тығырыққа тіреліп қалады. Жеңгесін ұнатпай жүреді. Ағасымен түскен оның суреттерін түгел жыртып тастайды. Кейін жеңгесі жол апатынан қайтыс боп, артында жалғыз суреті қалады. Өмірдің құпиясы біреуге белгілі бола бастағанда, енді біреу осы жолдан енді өтіп келе жатады. Мұнда юмор жоқ. Жылы лирика бар. Алғашқы екі әңгімеде өмірде болмайтын, алайда астарлау арқылы адамға тән болмыстарды көрсететін әдеби әдіс қолданылса, «Сурет» – реалистік әңгіме.

«Мәңгілік сағыныш» атты прозалық кітаптың авторы Лира Қоныс жоқшылық көрген, жетімдікке тап болған, белгілі себептермен жолдары қиыс кеткен, тұрмыстың асуларында аты арып, тоны тозған, қаза көріп, қайғы шеккендерді, әсіресе, жас адамдардың өмірлерін баяндағанда көңілге ауыр да ащы мұң ұялайды.

«Тиын» дейтін қайғылы әңгімесінде Лира өзінің қандай тақырыптарды жазуға қабілетті екенін көрсеткен. Ол «Мәңгілік сағыныш», «Ертегі», «Бір дорба бақыт», «Құрқылтайдың ұясы», «Бала ғашық» әңгімелерінде адам өмірінің мұңлы да қасіретті әрі сағынышты жақтарын түрлі нысанада зерттеп, нанымды баяндауға тырысады. Соның нәтижесі «Тиында» әлеуметтік, адамдық, психологиялық жағымен дәлелденіп, жан-жақты әңгімеленген. Мұнда бес жасар баланың көкесі «ай белгісі жарқыраған қорымдағы жер тереңіне» аттанғаннан кейінгі тағдыры арқау болған. Әкесіне көк дөненге мінсе, әп-сәтте жетіп барарына нық сенетін ол бұл ойын атасына айтып та көреді. Сонда тығырыққа шындап тап болған қария немересіне: «Біз көк дөненмен ол жаққа

бара алмаймыз. Ортада үлкен көл бар...» – деген уәж айтады. Ақыры, ойдан шығарған осы «ертегісі» тағы бір қайғының туындауына себепші болатынын сол сәтте атасы ойламапты. Содан бастап, бала нағашысына барғанда дариядан өткізетін, сол енбегі үшін көп-көп тиын алатын қаба сақал қара шалды есіне түсіреді. Оған үміттің көкжиегі қайық боп ашылып, жас ерекшелігіне сай өзінше дами бастайды. Бала енді балмұздаққа, беташарға деп атасы ұстатқан тиындарын асқан ұқыптылықпен жинай бастайды. Тіпті, жүрген жерінен тиын іздейтін болды. Тапқанын қалтасына сала береді. Сөйтіп жүргенде, құдық басында, біреудің екінші біреуге жыланның терісін әкеп берсең, ақша беремін деген өзара әңгімесін естіп қалады. Жылан терісі сағатқа бау болады екен. Арманының орындалуының сәт сағаты соққанын сәби түйсікпен сезінген ол атасы намазға бас қойған сәтте «көкесінің асына сақталған тұл дөненнің маңынан көрген жыланды» ұстауға шығады. Ақыры, жылан шағып, күп боп ісіп жатып қалады. Нендей жағдай болғаны мәлім боп, келіп жеткен молданың: «Беті бері қараудан кетіп қалыпты», – деген сөзін естігенде, бала осы сөздің бір жарым жыл бұрын көкесіне айтылғаны есіне түсіп, оны көретін болдым деп қуанып кетеді. Адам өмірінің аралық кезінде айтылатын жалғыз ауыз сөз, бақұлдасу – балаға да жат болмайды. Қайықшыға төлейтін тиын есіне түскен ол атасына: «Ата қайықшыға төлейтін тиын бер», – дейді. Осы сөзді үш қайталағанда, қайғыдан қара жамылған қарт жүрек немересіне бергісі келмеген тиынды амалсыз ұсынады. «Онда енді қайықшыға беретін тиын бар...».

Әңгіме қайғылы шешімімен шарықтау шегіне жетіп, бала жүрегі өзінің соғуын мезгілсіз мәңгілікке тоқтатады. Оқиғаның басынан бастап, ақырына шейін баланың басындағы ауыр халге ортақтас оқырмандардың көңіл күйі мен адами сезімдерін сынайтын автор қайғы мен қасіреттің кермек дәмін олардың жүрегіне жеткілікті құйып, саналарына аяушылық сәулесін түсіреді. Осы тұрғыдан келгенде, Лираға балалық шақтың есте қалдырған өмірлік материалдары ескерусіз қалмай, оқырманға «Бала ғашық», «Мәңгілік сағыныш», «Тиын», «Бір дорба бақыт» т.б. боп жетуі әдебиеттің әлгі бір функциясы жөніндегі айтқан пікірлерімізге дәлел болмақ. Жазушы аталған әңгімелерінде жасөспірімдердің көзімен, солардың сана-сезім, таным-



түйсіктерімен болып жатқан және болып өткен оқиғаларды I жақта баяндауға ықыластылығын танытады. Мәтіндегі авторлық баянда оқырманға өз бейнесін білдіріп отыруды да артық санамайды. Себебі, баяндалып жатқан оқиғаға түрлі жастағы балалар кейіпкер болған. Оның әңгімелеріндегі автор мен кейіпкерді ажыратып айтудың қажеті жоқ. Бізге маңыздысы – көбіміз көрген әрі көбіміз көркем дүниеге айналдыра алмаған, өмір деп аталатын тылсым әлемнің таусылмайтын адами болмыстарын алдымызға тартып, сол арқылы өзінің үнін, ұстанымын, ойын білдіргісі келетін жас жазушының дүниетаным кеңістігінде қорытылып шыққан көркем әңгімелері.

Біз қазіргі әдеби ортада айтылып қалатын мынадай сөздерді де жиі естіп жүреміз: жаза алатын жазушыға оқиға дегеніңіз толып жатыр дейтін. Бұл рас. Әйтсе де, сол оқиғалар шығармашылық жолын жаңа бастаған жастарға оп-оңай жалынан ұстата қояр ма екен?! Ал бұған да қарамай, жастық жігермен өмірдің қарапайым көріністерін күрделі тақырыптарға айналдыруды армандамайтын қаламгер кемде-кем. Осы жағынан қарасақ, қазіргі жастардың ұтып та, ұтылып та жүрген тұстары аз емес сияқты.

Мысалы, «Ханшайымның» авторы Алмаз Мырзахмет «Жазушының жазбасында» дәстүршіл жазушылыққа сын айтады. Оқиғалары, кейіпкерлері, кеңістігі, шешімі бірінші сөзінен-ақ белгілі бола қалатын әңгіме жазған жазушы, автордың баяндауы бойынша, Данияр деген кейіпкерін өлтіріп ап, оның қызы Нұргүлдің наласына қалыпты. Жазушының кесірінен қайғы шеккен кейіпкер оның өзін қыспаққа алады. «Өлтірдің бе, тірілт!» – дейді. Ал, жазушының қолынан ондай құдірет келмейді екен. Ақыры, жазушы мен кейіпкер бірге өмір сүре бастайды.

Оқырманға автордың осы әңгімесінен шындық іздеудің қажеті жоқ. Тек қана әр нәрсеге жауапкер екенінді сезінсең болды. Нақтырақ айтқанда, кейіпкерлер тағдырына. Әңгіменің шартты түрдегі соңында пәтердің ішінде елес-кейіпкердің «толық бейнесі сыртқа көрініп» өртеніп жатқанын оқыған сәтте жазушының қолжазбасы да жанып кетпесе екен деп тілейсің. Себебі, қолжазбада Нұргүл өмір сүріп жатыр. Әңгіменің шешімінде автор: «Қолжазбаны өртеп жібердім», – дейді. Алмаздың өз сөзімен айтсақ, «психологиялық таластар мен миға шабуыл» жасайтын эксперименттік әдіс керемет әңгіме жазудың кілті екен.

Ал «Автопортрет» әңгімесінде өз суретін өзі салған суретші айтылады. Бұл – фәлсафалық әңгіме. «...Аппақ әлемге қара бояумен сурет салып жүрген» суретші. Өзінің мәнді де мәнсіз өмірін баяндаған адам туралы не айтуға болады? Ал «Жазушының жазбалары» үзік-үзік оқиғаларды, сол тәрізді ойлар мен болмыс сырларын топтастырған тоғыз бөлімнен тұратын пунктир-повесть (көлемі 9-10 бет).

«От ару» кітабының авторы Қ.Мұбарак әңгімелерінде мистика басым. Оның «Мүрде», «Тағдыр кітабы», «Қара қазан», «Қарғыс», «Аштық», «Дақ» әңгімелері мистикалық бағытта көп ізденгенін және бірыңғай осы тәсілмен жазып жүргенін көрсетеді. Ол осы әдіспен бүгінгі күндегі кейбір келеңсіздіктердің жантүршігірлік жақтарын оқырманға өте қысқа әрі түсінікті жеткізеді. Айталық, «Мүрдеде» азапқа түскен жан мен тәннің диалогі, «Тағдыр кітабында» өлім туралы және өз күнәсін өзі ұрлап шығуы, «Қара қазанда» шахтадағы жарылыс, онда қаза болғандарды тартып әкететін «күдіретті қазан», «Аштықта» шеті тұйықталған жер шары мен аштықтан бір-бірін жеп бітірген ері мен әйелі, онымен қоймай, тағы да өмір сүргілері келуі, ал «Дақ» әңгімесінде арға түскен қара дақтың адамды батпаққа (қызды) айналдырып бара жатқаны бейнеленеді. Бұл әңгімелердің бәрінде болмысқа қатыссыз құбылыстар мен мистикалық сана қозғалыстары реалды өмірдің кейбір жағымсыз жақтарын бейнелей отырып, екі басқа әлемнің ортақ шындықтарын ашады. Қ.Мұбарак – соңғы кезде осындай кафкалық структураға барып жүрген қаламгердің бірі.

«Жұмбақ кітаптың» авторы Мақсат прозада өз қолтаңбасы, өз мәнері, өз ойы бар екенін дәлелдеді. Оның әңгімелерінде күйбең тірліктің күйкілігінен ары кетіп, жалпы адамзаттық ойлармен тамырласатын дүниелер бар. Мәселен, «Ажалмен бетпе-бет», «Ажалды қуған жігіт», «Бассыз бөрі», «Жердің жаназасы», «Жұмбақ кітап» сияқты әңгімелердің жұмбақтап отырғандары оқырманды ойландырмай қоймайды. Жер-ананы күнде өлтіріп жүрген адамдар оның жаназасын шығармайды, ал мұндай оқиғалардың болуына автор оқырманға күдік келтірмейтіндей күйге жеткізе отырып суреттейді. Мысалы, басынан айырылған бассыз бөрі. Ал оның адам басын иемденуге келіскісі жоқ. «Адамдардың өздері де бастары жоқ бөрі емес пе? Ұлимыз кеп,

бірақ не пайда: бас жоқ қой!» – дейді. Ал «Қабір түні» дейтін әңгімесінде Мақсат азаптың тәнге емес, жанға тиесілі екендігін баяндайды. Және, күнәнің аты күнә: оның ауыр я жеңілі болмайды дейді. Бұл – бұл ма, адам пенденің тіріде тартар тауқыметі ақыретте жаныңа көшіп, істеген күнәңа сай, мәңгілікке артыңнан қалмайтыны айтылғанда, оқырманның жаны түршігіп кетеді. Бойыңды қорқыныш сезімі кернеп, көз алдына кейбір іс-әрекеттерің тізбектеліп келе қалады. Демек, осындай қорқыныштар – кісіні тәубаға түсіріп, жамандықтан жырақ болуға ықпал етеді. Осы жағынан келгенде, Мақсаттың әңгімелері ойлы көрінді. Мысалы, оқырман Мақсаттың, Қойшыбектің шығармаларындағы көр, жаназа, ажал, өлім сияқты сөздердің оқиғалық қызмет атқарып қана қоймай, жазушылар о дүние мен бұ дүниенің арасына еркін өте салатынын, уақыт пен кеңістіктің қалыпты өлшемдері соншалықты маңызды емес екенін көргенде қандай сезімді бастан кешетінін болжау қиын. Әйтсе де, жазушылардың нені астарлап отырғанын олар сезеді. Жазушы ақыл сатып алмақшы боп кезекке тұрып қартайған адамдарды бізге текке термелеп отырған жоқ: күлкілі және өте қайғылы... Ол кәсіби маман тарапынан қазіргі қазақ прозасындағы мистикалық стильді меңгерген, ең басты жаңалығы фентези жанрын қалыптастырушы, төл әдебиетіміздегі Төлен Әбдіков пен тұңғыш қазақтың фантаст-жазушысы Ш.Әлімбаевтың ізбасары, шетелден Х.Л.Борхстен тәлім алған жас жазушы ретінде бағаланған.

Келесі автор – Мерей Қосын. Әдебиет порталында, Қазақстанның ашық кітапханасында (электронды) «Олардың тарихы» беллетристикасы» деген кітабы тұр. Көлемі – 25-30 бет. Мерейдің әңгімелері 2-3 беттен аспайды. «Аккаунттағы тербеліс», «Буве нүктесі», «Жамандықты қорғау», «Нерд», «Тозақты есту», «Салқындық», «Бар болу» деген әңгімелер жазған. Жоғарыда жастардың шығармаларына сергек қарап, өзінің кәсіби біліктілігімен бағасын беретін мәдениеттанушы Ә.Қодар «Мерейдің минималистік қосы» деген шағын мақаласында жас авторды постмодернистердің бір бұтағы боп саналатын минималистік бағыттағы жаңа есім деп атаған еді. Ә.Қодардың пікірлеріне алып-қосарымыз жоқ. Мерейдің «Нерд» деген бір әңгімесіне ғана тоқталайық. Жақшаның ішінде ағылшыншасы да

жазылған, қазақшасы «оқымысты» деген сөзге келеді екен (ботаник). Екі беттей әңгіме. Қысқаша, автордың өзінің баяндауымен айтсақ былай: Онлайн дос пен Ол екеуінің арасындағы диалог. Олар бір реакция туралы сөйлеседі. Ол оған видеосын жібереді (онлайн досына). Сосын Ол дәретханаға бармақшы боп өз бөлмесінен шығады. Ол үй ішіндегі бірнеше әйелдің анасы қайсы, басқасы қайсы жақсы тани қоймаса да, қолын шошайтып суық амандаса салады. Өзін «Телқоңыр» деп атағанына қарағанда олар бұған туыс сияқты... Бірақ, ол сөзді өзі ешқашан түсінген емес. Өз бөлмесіндегі химиялық сұйықтықтарға толған ыдыстар мен тәжірибеге арналған физикалық түрлі заттардан шыққан иіс өзіне жағады екен. «Адам ағзасының жаңа қуаты» деген «22» әріптен тұратын сөз бүкіл жұмысы мен өмірінің мәніне айналғанына көп болса да есіне түсіре алмайды. Стэнфорд университетіндегі Онлайн досы екеуі бұл жобаларын Силикондағы зерттеу орталығына ұсынуды жоспарлап қойыпты. Оның жаны терлейді. Бір формулаларды жазған. Өлден уақта бөлмедегі жарық сөніп қалады. Ал басқа бөлмеде шулаған бөтен адамдар. Бағанағы әйелдер бөтен боп шықты. «Ол: өлімсіз, аурусыз өмір «Жаңа әлемді тудырады» деген ойға кетеді. Тағы да жаны терлейді. Құлағына бір зарлы үн естіледі. Жарық әлі жанған жоқ, жануға да асығар емес. Ол құлағын басып ап, қуыс-қуысқа тығылады. Бұл дауыс бөтен емес екенін сезеді. Ол ақыры далаға жүгіріп шығады. Баспалдақтардан аяғы көтеріліп ұшып келе жатқандай көрінеді. Ол дала ауасына кіріп кетеді. Қыстың қаңтар айы екен, бірақ далада жаңбыр жауып тұр дейді. Алматының ауарайы туралы ол ойланып көрмепті. Енді оған көшедегі көліктердің, жаңбырдың дауысы естілмейді. Бірақ, әлгі зарлы үн әлі естіліп тұр. Байқаса: ол сырттан емес, өзінің ішінен шығып жатқан сияқты. «Өлімнің зары» оны жұтып бара жатты. Оның жаны соңғы рет тағы терлейді. Жаңбыр әлі жауып тұр. 08.02.2016».

Жалпы, Мерейдің кейіпкерлері «Тозақтың дауысын» да естиді. Әңгімелері шамамен осындай. Онда реалды уақыт пен кеңістік бұлдыр, белгісіз. Кейіпкерлердің аты-жөндері де жоқ. Мысалы, *ол, онлайн адамдар, аккаунттағы таныс, тірі-өлі уақыт, ультрамахаббат* т.б. Міне, қазіргі қазақ әңгімелерінде осындай постмодернистік белгілер бар.

Дәстүр мен жаңашылдық қазіргі қоғамдық қалыбымызға, әсіресе жаһандану үрдісіне бейімделіп, бір-бірін жатсынбай араласа бастады. Әлбетте, ұлттық таным, дәстүрлі әдеби бағыт әрі классикалық әдебиеттің ғасырлар бойы қалыптастырған жалпы адамдық құндылықтары өз тұғырынан түспек емес. Біз қазіргі қазақ әңгімелерінен тәуелсіздік рухын көреміз. Ал рухани дүниеге әрі соны жасаушыларға керегі осы. Бұл құндылықты кім қалай түсінеді, қалай насихаттайды, ол – жеке адамдық мәселе. Қалай болғанда да, жастар ештеңеден жасқанбай жазып жатыр, ал бұл не болса сол жазылып жатыр деген сөз емес.

\*\*\*\*\*

2014 жылы «Дарабоз» Халықаралық балалар конкурсында «Көршінің қызы» хикаяты үшін бірінші орынға ие болған Қанат Әбілқайырды көпшілік оқырман балалар әдебиетінің жазушысы ретінде тани бастады.

Қанаттың «Көршінің қызы», «Жынды» хикаяттары мен «Атасының баласы», «Тезектің қабы», «Сүндетбай», «Дыбыс», «Қос бұрым», «Шал», «Соқыр үміт», «Қарға тамыр», «Көбелек», «Сақина» т.б. әңгімелерін оқығанда көп оқып, талмай еңбектенетін жазушы екенін аңғарамыз. Автор – қызықты сюжеттер құрудың шебері. Оқиға құрастырудағы жазушылық қиялы оқырманын бірден баурап алады.

Жазушы, ғалым Н.Ақыш «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрген «Эстетикалық биіктер деңгейінен көрінейік» мақаласында Қ.Әбілқайырдың шығармашылығына көңіл жадыратар жағымды пікір білдірген: «Жас жазушылар шығармаларының ішінен көңілге көбірек қонғаны – Қанат Әбілқайырдың «Текес теріс ағады» атты әңгімелер мен хикаялар жинағы. Әдебиетке енді ғана араласа бастағанына қарамастан, Қанаттың қалам сілтесі батыл. Көркем шығарманың сәнін келтіріп, әрін ашатын эстетикалық талаптарды меңгеріп қана қоймай, тосын ой айтып, кейіпкерлерінің тағдырларын шындық шеңберінде түрлендіре отырып, тосын ой айтуға бейім» [4].

«Көршінің қызы» туындысын автордың өзі повесть деп атағанымен, көпшілік оқырман хикаятқа телиді. Бірақ бұл хикаят та, повесть те емес, көтерген жүгі, ішкі мазмұн, ой-бірлігі, тақырып ауаны әңгіменің талап-мүддесінен шығатын секілді.

«Көршінің қызы» әңгімесінде негізгі оқиғалар тізбегі 14 жасар Талаптың айналасында өрбіп, I жақтан баяндалады. Хикаяттың кейбір тұстарынан өмір құбылыстарын «ақ-қара, жақсы-жаман» деп бөліп, бала көзқарасымен танытуға шебер қазақтың классик жазушысы Б.Соқпақбаевтың стилін бірден аңғару қиын емес. Қанаттың бір оқиғадан екінші оқиғаға еркін ауысып кету әдісі «Менің атым – Қожа» повесін еске салады.

Шығармадағы Талап образы автобиографиялық кейіпкер болуы әбден мүмкін. Мектеп жасындағы әрбір жеткіншектің басынан өтетін алғашқы махаббат сезімін Талап образы арқылы жеткізеді. Әсел есімді көршісінің қызына ғашық болған Талаптың басындағы махаббат сезімі, болашаққа деген арман-тілегі, өзгелермен қарым-қатынасы әсерлі баяндалғанымен, көп жерлерінде жасандылыққа бой алдырған. Мәселен, шығарманың басталған тұсында, яғни мая шөптің үстінде Әселдің үйінен шығуын күтіп жатуы, шелек ұстап суға шыққан Әселдің артынан Талаптың да жүгіре жөнелуі, үшінші бөлімнің басталған жерінде Әселмен бірге Еуропаға немесе Африкаға ұшып кетуді армандауы т.б. оқығанда бірден еліктіріп әкете алмайды.

Шығарманың жетістігінің бірі – ауыл баласының психологиясының толықтай ашылуы.

Автор әрбір сюжеттік желіні бір-бірімен орынды байланыстырған. Мәселен, сюжеттің кульминациясы көршінің қызына ғашық кейіпкер енді өзінің киім киісін ретке келтіруінен басталады. Талап киім алуға ақша табу үшін Еркін, Самат есімді достарымен бірге бағандардағы алюминий сымдарды ұрлауға бекінеді. Осы сәтте Еркінді тоқ ұрып, досы Талаптың көзінше жан тапсырады.

«Тура төбеден от жарқ етті. Еркіннің шыр ете түскен дауысы кілт үзілді. Не болғанын аңғарып үлгермей қалдық. Еркін бағанды құшақтаған күйі көз алдымызда жанып жатыр, жанып жатыр. Қолқамызды күйіктің иісі қауып барады. Не деген қорқынышты?! Бағана ғана күліп ойнап жүрген Еркін енді жоқ. Жоқ, әлде өлмеді ме екен? Өлмесе, отқа оранып жатқан кезде жыламауы, айғайламауы мүмкін емес қой.

Есімді жиып, айналама қарасам, Руслан мен Самат жоқ. Біреуі жын соққандай тауға, екіншісі ауылға қарай жүгіріп барады» [5].

Осы үзіндіден-ақ автордың 90-жылдардың басындағы ел басындағы қиындықтарды меңзеуі, әрі мұны басты кейіпкердің сезіміне қабыстыра суреттеуі оқырманды сендіреді. Қ.Әбілқайырдың аталған туындысы балалар әдебиетіндегі кейіпкерлердің көркем галереясын толықтырары анық.

«Атасының баласы» – балалардың танымына лайықталып жазылған, тілі түсінуге жеңіл шығармалардың бірі. Бас кейіпкер Мұқыштай – қазақтың салты бойынша ауылдағы ата-әжесінің бауырына салған немересі. Жеті атасын білетін, бата қайыра алатын, елінің Өнұранын жатқа айтатын, сүйінші, қырық шұбартай сияқты қазақтың салт-жоралғыларын білуге асыққан бес жасар Мұқыштай бүгінгі қазақ балаларына үлгі боларлықтай. «Менің үш атам бар. Бірінші – Абай атам! Ол – менің ғана емес, барлық балалардың атасы. Екінші – Нұрсұлтан атам. Ол – еліміздің басшысы. Үшінші – Бірлік атам» [6]. Ата тәрбиесін бойына сіңірген баладан ғана тәрбиелі, көрегенді, ұлтжанды тұлға шығатынын меңзейді.

Қ.Әбілқайырдың көптеген әңгімелерінде жеке адамдардың күрделі, қым-қиғаш тағдырлары арқылы қазақ қоғамының бүгінгі келбеті танылады. Мәселен, «Дыбыс», «Сақина», «Сүндетбай», «Көбелек» әңгімелерінде оқиғадан оқиға тудырып, оқырманды түрлі ойға жетелейтін философиялық-моральдық тартыстарды алға тартады.

Жас жазушының бірі Арман Әлмембеттің қазақтың аңшылық өнерін арқау еткен «Аңшы» әңгімесі «Режиссердің түстері» кітабына енген. «Мимырт» романы, «Ерлі-зайыпты», «Алғашқы қар», «26000 теңге», «Құрбан», «Бағдат», «Ескі үйдегі балалық» тағы басқа әңгімелердің авторы. Әдеби туындылары бірқатар республикалық басылым беттерінде де жарық көріп жүр. Арманның шығармашылығын жас әдебиет сыншысы Н.Түсіпхан өзінің «Үш талшыбық» мақаласында біршама тілдік талдауларға орын берген [7].

Әңгіменің тілі түсінуге өте жеңіл. Орашолақ сөйлемдер мен көпсөзділік те кездесе қоймайды. Әңгімеде қазақ әдебиетіндегі дәстүрлі тақырып жалғасын тапқан. Аңшы Әбдіраш қой қорасына кіріп кеткен түлкіге тасада тұрып мылтығын кезене бергенде уысына өзі кеп түскен түлкіден айырылып қалады. Мылтығын дәлдеп отырған Сәрсенғали үнсіз қалмай, айқай шығарғанда түлкі

Әбдіраш жасырынып отырған мал қиына қарай жүгірер еді де, сол сәтте ол түлкіні жайратып салар еді. Бірақ оқиға аңшы күткендей аяқталмай, түлкі көз алдында қашып кетті.

Осы тұста автор уысына түскен олжасынан айырылып қалған аңшының психологиясын өте сәтті бере алған деп айтуға болады. «Әбдіраш ауылдың шетіне ілінгенше қарасын үзіп кетті. Оғы жетпесін білсе де ызаланып, екі оғын да түлкіге кезеніп тұрып, атып жіберді. – Үй, атаңа... Жылап жіберуге шақ тұр» [8, 135]. Әңгімені жазбастан бұрын автор қазақтың байырғы өнерін жіті зерттеп алғандай. Сәрсенғалиға ашуы басылмаған аңшы ақыры көршісінің алабайын атып тынады. Әңгіменің шарықтау шегі де осы тұс. Әбдіраштың осынша ызаға булығыуының өзіндік себебі де бар. Яғни әңгіменің кіріспесі мен кульминациясын байланыстыруда автордың шеберлігі айқын көрінеді. «Әбдіраш төңірекке танымал аңшы еді. Әрі мерген. Бір кездері Арқада киік өріп жүрген кезде қысы-жазы дәурен сүргендердің бірі. Аңды азық үшін емес, әуес үшін атар еді. Мергендігі де сол кезде танылған-тұғын. Ал қазір... Қазір киік жоқ» [8, 133]. Арқадан Маңғыстау үстіртіне ауып кеткен. Аңшының өкініші осы болатын. Ал мына өз қорасына өз аяғымен келген түлкіден айырылып қалуы ескі қайғысына қайғы жамаған еді. Міне, Арман Әлмембет осы шағын әңгімесінде қазақтың қанында бар мергендігі мен аңшылық кәсібін әрі өнерін көркем сөзге шақтап сыйғыза білген.

Талантты жас жазушы қыздардың бірі – Әсем Қоспағарованың «Күй» әңгімесіне этнографиялық үлгілердің бірі – қазақтың күй өнері негіз болған. Өнер тақырыбы – қазақ әдебиетіндегі дәстүрлі тақырыптардың бірі.

Оқырмандарға кеңінен танымал «Қара кемпір», «Күй», «Қызыл орамал», «Түс», «Міністір», «Ол» тағы басқа әңгімелері 2012 жылы жарық көрген «Қызыл орамал» [9] жинағына топтастырылған. Көптеген әңгімелері баспасөз беттерінде жарияланып жүр.

Кітапты ашқанда бірден оның дүниенің көркемдігіне үңілетініміз анық. Автордың сөз саптауы, оқиғаны баяндауы, жазу стилінің де өзгешелігіне «Қызыл орамал» жинағына енген әңгімелерінен аңғаруға болады. Нысанаға алған «Күй» әңгімесі турасында ойымызды тарқатып көрейік.



Шығарманың қысқаша фабуласы келесідей. Әңгіменің басында есімі аталмайтын «Қарапайым адам» автобуска мінген жас қызға орын босатып береді. Жәудір енді жайғаса бергенде қазақ халқында лайықты құрмет әйелден бірінші ер азаматқа көрсетілетінін, ер адамның қыз баласына орын ұсынғаны сияқты мұндай менталитетке жат түсініктің бәрі батыс жұртынан жұққанын айтып отырған жұрт бойжеткенді жайсыз күйге түсіреді. Ыңғайсыз жағдайға тап болған қыз дйттеген жеріне жетпей, келесі аялдамадан түсіп қалуға бекінеді.

Үлкен қала Алматыда құжынаған адамдардың ортасында жүрсе де, сағыныштан сарғайып, жалғыздықтың қамытын киген қыздың жан-сырын, мұңын түсінер адам жоқ. Бірақ ол сол жанды енді кездестіргендей. Ол автобуста өзіне орын берген «қарапайым адам» – Баһадүр. Үйіне барып жүріп қоңыр домбыраны жанына серік еткен кісінің күйлерінен Жәудір де жалғызсыраған жанына жұбаныш тапқандай еді. «Жақсы сөзге жан семіреді» демекші, өзіне айтылған мақтаулардан «қарапайым адамның» күпсінген пенделік қасиеттерін көрген Жәудір одан да аулақтай бастайды. Яғни, қысқаша айтқанда, қым-қуыт қала тіршілігі мен жас қыздың сырлы сезімдері мен жай-күйі суреттелген.

Автордың аталған шығармасын «Қызыл орамал», «Сізге (әңгіме-эссе)» сынды көркемдік қуаты жоғары әңгімелерінің қатарына кіргізе алмаймыз. Ұсақ-түйек баяндауларға көп орын берілген. Әңгіме табиғаты оқырманды бірден еліктіріп әкете алмайды, сюжеттік детальдар сенімсіз шыққан. Сөз қайталаушылықтар көп кездеседі. «Әсем әңгімелерінің әсемі – осы, «Қызыл орамал». Жазушының басқа әңгімелерінен де байқағанымыз – тіл жұтаңдығы» [10, 513].

Шығарманың сәтті шыққан тұстарын да айта кеткен жөн. Ең бастысы, автор адамның ішкі жан әлеміне терең бойлай алады. Адамның ішкі психологиясына әсер беретін бөлменің ішкі интерьерін суреттеуден бастауы да ұтымды шыққан. «Қарапайым кісінің қарапайым бөлмесі. Бәрі өз орнында. Қара домбыра, шаң басқан перде, жылауық баланың бетіндей сүртілусіз айғызданған терезе.

– Тек қара домбырасы серік болған осы жанға теліткен не нәрсе? – деп ойлады Жәудір бөлме ішіне көз жүгіртіп.

– Келдің бе, балам? – деп қарапайым кісі күліп отыр.

– Келдім!

– Күй ырғағы адам жанын тазалайды. Күй тыңда. Өдетінше қабырғада ілулі тұрған домбыраны алды, үнсіз біраз отырды да, ақтық күйін шерткелі тұрғандай жанарына жас үйірді. Жәудір үйренісіп қалыпты [9, 24].

Күйдің тартылуы, автордың күй турасындағы ойлары әңгіменің көркемдік әрін кіргізіп тұрғандай. Автор «қарапайым адам» арқылы қазақы текті өнердің образын да қоса көрсеткен.

Сонымен қатар, қазіргі күні жастар арасында ұмыт болуға айнала бастаған ер адамды сыйлау, құрметтеу, жолын кесіп өтпеу сияқты қазаққа тән әдептерді де шығарманың идеясына айналдырған.

Қазіргі күні біраз қаламгерлер оқырманның ыңғайына орайлап, жылдам оқылып әрі тез қабылданатын, көлемі шағын әңгімелерді жазуға ден қоя бастады. Бұл – әлемдік әдебиетте бар үлгі. Қысқа жазатын қаламгерлердің қатарына Мадина Омарова, Қойшыбек Мүбәрак, Қанағат Әбілқайыр, Әлібек Байбол тағы басқа авторларды кіргізуге болады.

Оқырман қауымға жақсы таныс, проза саласында өзіндік жазу стилі қалыптаса бастаған, адам мен қоғам арасындағы қайшылықтарды астарлап көрсету әдісін меңгере бастаған жас жазушы Ә.Байболдың әңгімелеріне тоқталамыз.

Автордың осы уақытқа дейін үлкен прозаға жүк болып келген оқиғалар мазмұнын бар болғаны бір-екі беттің көлеміне сыйдырып беруі Әлібек Байболдың қаламгерлік шеберлігін танытады. Жас жазушының 2012 жылы шыққан «Теміржол вокзалы» кітабына «Көзі тірі классик», «Ормандағы жиын», «Айдаһар, аю һәм барыс», «Қағаз кеме», «Садьконың сандырағы», «Қылмыскердің күнделігі», «Құлдар патшалығы» (2013) жинағына «Бейтаныс әйелдің қарғысы», «Дарынсыз артист», «Демократияның көлеңкесі», «Мүжілген ескерткіш», «Диктатордың өлімі», «Аяқталмаған картина», «Жоғалған бас» сынды әңгімелері топтастырылған.

«Айдаһар, Аю һәм Барыс» әңгімесінде аңдар бейнесі арқылы Қытай, Ресей, Қазақстан мемлекеттері арасындағы саяси мақсат-көзқарастарды ашуға тырысқан. Еске түсірсек, тура осыған ұқсас тақырыпты жазушы Мұхтар Мағауин «Құмырсқа-қырғын» әңгімесінде құмырсқалар тіршілігіндегі әлімжеттік, теңсіздікті

көрсету арқылы сырт елдің тарапынан қазақ жеріне төніп тұрған үлкен қауіпті тұспалдаған болатын. Әлібек Байбол да екі елдің өзге жұрт алдында қазаққа достық пейіл танытқанымен, шындығында, көздегендері асты да, үсті де байлыққа тола жері екенін астармен жеткізеді. Бұл тақырып әдебиетте де, бұқаралық ақпарат беттерінде де жиі жазылып жүргенімен, көбінде пессимистік толғаныстармен аяқталып жатады. Ал Әлібектің әңгімесінде барысты иелену үшін аю мен айдаһар күшін сынаспақ болып, ақыры шатқалдан құлап өледі. «Барыс басымен тұтасқан мойнын созып қарады. Екі алыптың құлаған жері үлкен шұңқырға айналып кетіпті. ...Енді Барысқа тең келер ешкім жоқтай көрінді. Жолбарыс, Арыстан сияқты кәрі аңдардың орнын басатын аң Барыс болмақ» [11, 183]. Осы әңгіме хақында жас әдебиет сыншысы Нұрбек Түсіпхан: «Барыс ешкімге соқтықпайтын мінезімен ұтады», – дейтін тезісі жанымызға жақын, мұратымыздың өзегі» [7, 6] – деп пікір білдіреді.

Осы шығарманың мазмұнымен сарындас «Ормандағы жиын» әңгімесінде орман аңдарының мәжілісінде әлемнің 50 дамыған ормандарының қатарына кіру мәселесі талқыланады.

Әңгімеде мысал жанрына тән элементтер көп кездеседі. Аңдар мен жан-жануарлардың аллегориялық бейнелері арқылы бір қауым елдің биліктік-құрылымдық басқару жүйесіндегі саяси теріс-әрекеттерді көрсетуге тырысады. Кейіпкерлері аң, құс, жануарларлармен бірге оқиғаға адамдардың қатыстырылуы мысалдың сюжетіне тән.

Орманды билеушілер – арыстан, барыс, түлкі, қасқыр, аю сияқты әккі, өз күшіне сенген аңдар. Қозы-лақ, тайынша, бұғы, қарсақ, суыр сияқты ірілі-ұсақты орман аңдары қарпайым халықтың символы ретінде бейнеленген.

Реалды өмірде де жоғары лауазымдағы басшылардың екіжүзділігі, халық алдында жалған сөйлеп, берген уәдесінен шыға алмауы, өзі жетік білмейтін салаға жетекшілік етіп, тәжірибесі мен білімінің жоқтығынан мемлекетті үлкен шығынға ұшыратуы, жемқорлық, парақорлыққа жол беруі сияқты толып жатқан теріс әрекеттерінің зардабы қарапайым халыққа үлкен соққы боп тиетіні анық. Автор шығармасында билік пен халықтың арақатынасын көрсету үшін символдау тәсілін сәтті қолданған.

Көркем шығармада автор кейіпкердің мінез-құлқын, ішкі жан дүниесін, рухани әлемін, оны сыртқы ортамен ашып көрсету үшін түрлі көркемдік әдіс-тәсілді қолданатыны белгілі. Соның бірі – портрет. Осы термин туралы теоретик ғалым Б.Майтанов: «Портрет – өзгеріп тұратын, алайда неғұрлым тұрақтылыққа бейім құрылым. Портрет поэтикасында да ортақ дискурстар басым. Портрет адам бейнесіне қатысты метонимиялық құбылыс, бірақ көркемдік тұрғыда толымды құбылыс. Ол – жаратылыстың шеберлігіне, өмірдің күрделі табиғатына тәнті қылатын, тарихи мәні зор эстетикалық, эмоционалды-психологиялық, пластикалық, антропометриялық құбылыс» [14, 33], – деп анықтама береді.

Әдебиеттанудағы көркем антропология саласын зерттеуші В.Савельева өзінің «Художественная антропология» аталатын зерттеу еңбегінде адамның дене құрылысының жекелеген мүшелері кейіпкердің портрет-сипаттамасына қатысатынын атап өтеді [15]. Суреткер адам денесінің анатомиясын, тұлғалық динамикасын суреттеу арқылы өзінің көркемдік қиялымен әдебиеттегі екінші адамды сомдап шығады. Осыған қоса, Л.Демченконың «Поэтика телесности в произведениях Чингиза Айтматова («триптих о мальчиках»)» мақаласында да көркем антропология ғылымына қатысты теориялық түсініктер мен мысалдар келтірілген.

Адамның дене құрылысы «жоғарғы», «орта», «төменгі» болып үшке бөлінетіні белгілі. Жоғары бөлікке – бет, мұрын, мойын, көз; орта бөлікке – қол, кеуде, силуэт; төменгі бөлікке – аяқтары кіреді.

Әлібек Байболдың «Жоғалған бас» әңгімесінен де антропологиялық образды байқаймыз. Бөтен елде экспонат ретінде сақталып тұрған Бас өз еліне оралғысы келеді. Бірақ мекеме қызметкерлері Бастың өз отанына кетуіне рұқсат бермейді, жан-жағын мықтап қоршап қойған. Кезінде бір елдің көсемі, билеушісі болған Бастың қазір артында іздеушісі жоқ, өзін қоғамға қажетсіз сезінеді. Еліне кете алмауының себебі де осы екен. «Осы жалғанда тағдырластарым бар ма екен? Мен соншалықты кімге қажет бола қалдым екен? Денемнің бөлшектері жер бетінде шашылып қалған ба, қалай? Денем қайда?» – деп ойлады. Басындағы шаштары қайғы, құсадан баяғыда-ақ ағарып біткен [12, 85]. Бастың айқайы өз отанына да жеткенімен, бөтен елден құтқарар адам

табылмайды. Бір айдан кейін Басқа аяқ пен қол бітіп, теміртордан отанына қарай қашып шығады. Әңгіменің қысқаша мазмұны осылай.

Өзге елдің боданында болған қазақ халқы өзіне тиесілі көптеген этнографиялық, антропологиялық мәдени құндылықтарынан айырылды. Қазақ елінің көнеден келе жатқан тарихи жәдігерлері, оның ішінде ел басқарған атақты хан, ақсүйектөрелердің бассүйектері Ресейдің атақты мұражай қорларында сақталған еді. Кейіннен КСРО құлаған уақытта сол төл экспонаттарымыздың көбісі көрші елдің меншігіне өтіп кетті. Осындай ұлттың мәдени құндылықтары талан-таражға түскен уақытта қазақтың соңғы ханы – Кенесарының басы да жоғалған еді.

Жеке баспен қоса, сөз бостандығына да қол жеткізген тұста Кенесары хан сияқты тарихта өткен атақты батыр, қолбасшы, көсемдердің бейнесін көркем әдебиетте сомдау, олар туралы ғылыми еңбектерді жарыққа шығару секілді жұмыстар атқарыла бастады. Соңғы ханның басын елге әкеліп көмуді бабаларға тағзым, құрмет деп ұққан қазақ халқы белгілі ғалымдар құрамынан тұратын зерттеу топтарын Ресейге жібергенімен, олар да Кенесары бабамыздың басын таба алмаған еді.

Міне, Ә.Байболдың аталған әңгімесінде Кенесары ханның басын тауып, елге әкеліп, оның ерлігі мен батырлық болмысын ұрпаққа дәріптеу – басты парызымыз деген идея қозғалған.

Осы шығармаға ұқсас «Мүжілген ескерткіш» әңгімесінде көркемдік деталь ретінде адамның Бас мүшесі алынған. Патшаның көзі тірісінде зәбір көрген халық өлгеннен кейін ескерткішін бұзып тастайды. Тіпті, біраз уақыттан кейін патшаның есімі де ұмытылады. Кейбір тұрғындар мүжілген үйінділерді құрылыс нысандарына пайдалануды жөн санап, ескерткіштің Басын ғана қалдырады. Көзі тірісінде істеген әрекеттерінің дұрыс еместігін кеш түсінген Бас өткеніне өкініш білдіріп, жылайды. «Менің басымды басқа жерге алып кет. Бір айдан кейін баскесерлер келеді. Мені құтқар...» – деп өтінді. Былай көтердім, олай көтердім. Орнынан қозғалта алмадым. Өйткені, Бастың іші қара ниетке, пасық ойларға толып қалған болатын. Халыққа қарсы ұйымдастырылған қаншама идеялар бар еді. Оны көтеру үшін кемінде жиырма қран керек» [12, 132]. Әлем елдерінде қазірдің

өзінде дүниежүзін билеп-төстеу мақсатын іске асыру үшін Наполеон, Гитлер, Сталин секілді қанқұмар саясаткерлердің ізін ұстанатындар да жоқ емес. Халықтың ризалығына бөленбеген басшының ескерткішіне де орын жоқ. Автор түйіні осындай.

Шығармада адам денесінің негізгі бөлігі Бас тарихи мәліметтерді сақтаушы жады, адамгершілік құндылықтарды сақтаушы көркемдік деталь ретінде алынған.

Автор өзі таныған қоғамдық шындық жайындағы ойларын бүкпей, ашық жеткізу үшін әдебиеттегі мысал жанрына тән элементтерді қолданғанын атап өттік. Аңдар мен жан-жануарлардың аллегориялық бейнелері арқылы қоғамның саяси шындығын жеткізу ауыз әдебиетінде бұрыннан бар әдіс болғанымен, Ә.Байбол қолданысында өзгеше көрініс тапқан. Сонымен бірге, әңгімелерінің бір парасынан қазақ әдебиеттануына ғылыми термин ретінде кешірек ене бастаған антропологияға тән көркемдік ізденістер кездеседі.

Жас әдебиет сыншысы Нұрбек Түсіпхан «Үш талшыбық» мақаласында Әлібек Байболдың 2012 жылы жарық көрген «Теміржол вокзалы» кітабы жөнінде мынадай пікір білдіреді: «Автордың жазу мәнерін «көркем суретті тіл» деуге келмейді. Күнделікті сіз бен біздің сөйленісіміз самсап тұр. Әдеби шығармаға тән тіл тазалығы сақталған дей алмайсыз. Шынын айту ләзім – Әлібектің терең білімдарлығына, әлем әдебиетін зерделеп, түсініп оқығанына таң қаласыз. Тіпті, өзіңіздің осы бір кітапта айтылған кей авторларды танымай, білмей қалатын кездеріңізде ұяттан өртене жаздайсыз. ...Бірақ Әлібек әңгімелерінің көбінде осы бір білімдарлықтың, көп оқығандықтың орынсыз әрі шектен тыс, көп қолданылғанын аңғару қиын емес» [7, 7]. Н.Түсіпханның осы сыни пікірімен әбден келісуге болады.

Әлібек Байбол шығармаларында қазіргі прозаға қажетті тың ой, жаңа ізденістер мен астарлы идеялардың көрініс тапқанын айтуға болады.

Сатира жанрында қалам тартып жүрген жазушының бірі Қанағат Әбілқайырдың «Қағаз қала» (2008) атты тұңғыш жинағына «Менің атым – Тимберлейк», «Жүз отызыншы атаман», «Қ-ның қасіреті», «Бәрін Басекем біледі», «Шректің қайынжұрты», «Құтипаш пен Сақыш», «Резюме» т.б. әңгімелері оқырман тарапынан жоғары бағаланды. Бұдан бөлек «Ұмыт мені»,

«Тырнақшаның ішіндегі әңгіме» деп аталатын екінші жинағын да Қанағат шағын жанрдағы шығармаларымен толықтырды.

Қанағат Әбілқайырдың алғашқы кітабының жарық көргеніне он шақты жылдың жүзі болса да, БАҚ беттерінде тұщымды ой-пікір мен ғылыми талдаулар жоқтың қасы. Тек [kitap.kz](http://kitap.kz) порталындағы жас прозашылардың шығармашылығына арналған «Құс қанаты» жобасында Әсия Бағдәулетқызының жазбалары бар.

Қ.Әбілқайыр – қазіргі қазақ әдебиетінде сатира бағытында қалам тартушылардың бірінен саналады. Әбілқайыр қозғамаған тақырыптың өзі жоқ деуге болатындай. Барынша сөзді үнемді қолданып, қысқа да нұсқа жолдармен жеткізуге тырысатын жазушы осы форманы әдейі таңдап алғандай.

«Қағаз қала» әңгімесі қазақ әдебиетінде жиі көтерілетін пәтер мәселесін қозғайды. «Қағаз қаланың» оқиға желісі былайша өріледі. Қаланың қақ ортасынан үш бөлмелі үй алуға бекінген кейіпкер 21 жасында берген өтінішіне 47 жасында бір бөлмелі пәтерге қолы әрең жетеді. Онда тек өзі не отбасы емес, бақандай он жанбасы тұрақтайды. Үй сатып алған күннен бастап 29-қабаттағы «жаңа» үйдің «бақытты күндері» басталады.

«Қабырғалары әлі толық сыланбаған немесе сыланған жерлері көтеріліп кеткен, жә, оны да қойшы, жаңбырлы күндері төбе мен терезелерден су өтіп, әрқайсысымыз бір-бір шүберекпен соны күрғатып ойнаймыз демесеңіз, алаңдайтын түк те жоқ. Бөлмемізде айқасып жатып ұйықтаймыз. Екі-үштен кезек күтіп тұрып... ауысып-ауысып тамақ ішеміз...» [16, 4]. «Айтпақшы, мен сіздерге үйге қақаған қыста көшіп келгенімізді айтпаппын ғой: қыс бойы жылудың болмай қалуы, газдың жиі өшуі, су құбырларының жарылып кетуі сияқты кез келген отбасын айналып өтпейтін проблемалардың бізді де ешкімнен кем тұтпай мазалап жүргені көңілге кәдімгідей-ақ мақтаныш сезімін туғызып, адамға «біз енді ешкімнен кем емеспіз, ел қатарлы өмір сүріп жатырмыз» деген бір тәтті көңіл күй сыйлайды екен» [16, 5]. Арадағы осындай «сәтті» күндердің бірінде жылу қосылмай, аяздан қатып тұрған батареяға баласының тілі жабысып қалып, одан әрең ажыратып алады. Сол-ақ екен жиырмасыншы қабаттан аяқ астынан өрт шығып кетіп, төрт қабат үй жанып кетеді. 29-қабатта тұрған кейіпкер отбасымен өрттен шөгіп кеткен қабаттардың орнымен сырғып-сырғып 25-қабатқа бір-ақ тоқтайды. Әңгіменің қысқаша фабуласы осындай.

Автор оқиғаларды баяндап отырып, уытты тілімен түйреп өтетін тұстар да кездеседі: «Өз үйімде отырмын, қорқамын ба, қолымдағы қорғасынмен әлгі шыбынды періп кеп жібердім. Дәл тиді ме, тимеді ме, оны шыбын айтпады, ал қорғасын әлгі жерді тескен күйі үстіміздегі көршіміздің үйіне өте шықты, ...әлгі үңірейіп қалған тесіктен сығалағанымша болған жоқ, қорғасыным төбенің тағы бір жерін өз үйімізге қарай түсті. ...Әлгі төбеден сорғалаған күйі келді де өзіміздің еденді де тесіп өтіп, төменге кетті. ...Құмалақтай ғана қорғасынымыз аман-есен подвалда жатыр екен, еденге құйылған цементті жартылай тесіп барып, бір жамбастай қисайыпты» [16, 4-5]. Осы детальдің өзі адамды екіұдай сезімге түсіреді. Біресе күлесіз, біресе қынжыласыз.

Жазушы қоғамда жауапты қызмет атқарушылардың жағымсыз мінез-құлқын сатиралық, ирониялық суреттеулерімен барынша әшкерелей түседі. Әсіресе, құрылыс саласындағы қанша айтылып, жазылып, ескертулер берілсе де сапасына мән берілмейтін, тіпті, жаңадан салынған үйлердің құлауы, талаптарға сай болмауы қалыпты жағдайға айналып кеткенін меңзейді. Халықтың тұрғын үйге қолжетімділігін қамтамасыз ететін мемлекеттік бағдарламалардың өзі осы күнге құрылыс материалдарының сапасына мән бермей келеді. Бұл БАҚ беттерінде журналистер тарапынан қанша айтылып, жазылса да, көркем әдебиет әлемінде де ерекше көрінген. Әлеуметтік, нақтырағы, үйсіз-күйсіз жүрген отбасылардың мәселесі қоғамды тығырыққа тіреп отыр.

Көлемі кітаптың бір бетінен аспайтын «Тіл», «Оқысаңдарсайшы» шығармалары Қазақстандағы мемлекеттік тіл – қазақ тілінің қолданылуындағы өрескелдіктер жайын көтерген. Әсіресе, көпшілік арасында қате қалыптасып қалған сөз тіркестері мен бұрмаланған тілдік қолданыстарды орынды сынайды.

«Жүз отызыншы атаман» сұхбат-әңгімесінде «Қазақстан – көпұлтты мелекет» ұғымын теріске шығарады, жазушының ойынша «қазақ қана – ұлт, қалғаны – ұлыс». Толеранттылықты берік ұстанатын елде байырғы ұлттан гөрі ұлыстарға көбірек, тіпті, мөлшерден тыс көрсетілетін әлеуметтік, саяси жеңілдіктер мен мүмкіндіктердің болуы әңгіменің басты мазмұнын құрайды. Сұхбат беруші лауазымды тұлғаның «Құлболған» есімі символдық мән үстейді.



Қоғамның келеңсіз тұстарын, адамдардың жағымсыз мінез-құлқын әшкерелейтін сатиралық, памфлеттік, публицистикалық жанрдағы әдебиеттің ирония, пародия, сарказм сынды көркемдік троптары кеңінен қолданылған.

Келесі авторымыз Серік Сағынтай өзімен қатарлас жазушылардың арасында сөздік қорының молдығымен, тілінің шұрайлығымен ерекшеленеді. Оны «Қарға» кітабындағы, интернет порталдарында жарық көрген бірқатар әңгімелерінен айқын аңғаруға болады. Оқиғаны бастан-аяқ рет-ретімен суреттеу барысында, көп жағдайда, осалдық танытып жататын жас қаламгерлерге қарағанда С.Сағынтайдың жалпының ішінен жалқыны, тұтастың ішінен жекені көре білу қабілеті мен суреткерлік шеберлігін танытатын шығармалары баршылық. Жазушы әңгімелерінде дәстүрлі көркем прозаға тән бейнелеу, суреттеу, баяндау стилі қалыптасқан.

С.Сағынтайдың әңгімелерінде фольклорлық, мифологиялық мотивтер, образдар, сюжеттер, қазақы ғұрыптық сипаттар жиі көрініп, түрлі көркемдік қызмет атқарады. Жазушының шығармалары ХХІ ғасырдың алғашқы ширегінде жазылып жатқандықтан, әдебиет пен фольклордың қазіргі кезеңдегі байланысын жаңаша сипаттайтын келесі ғылыми тұжырымды оның туындыларына да қатысты қолдануға болады: «ХХ ғасырдың соңғы ширегі мен ХХІ ғасырдың басында дүние келген біраз туындыларда фольклорды пайдалану мүлде жаңа үрдісте, жаңа сипатта көрінетінін айту керек. Әсіресе, екі ғасырдың тоғысында жарыққа шыққан шығармаларда фольклор әртүрлі мақсатта пайдаланылып, әрқилы қызмет атқарып тұрғанын байқаймыз. ... Фольклордың белгілі бір жанрын, яки сюжетін қолданумен шектелу жоқ, ендігі романдарда, кейде повестер мен әңгімелерде де, поэма-өлеңдерде де фольклорлық сана мен фольклорлық ойлаудың архетиптері, кейіпкердің санасынан көне жайттар, тарихи-генетикалық жадының түкпірінде жатқан фольклорлық-мифологиялық ұғым-түсініктер, кеңінен пайдаланылады» [17, 14]. «Дүр ененің тайпасы» (хикаят), «Теңіз жағасындағы кафе», «Қарға», «Жалмауыз» және тағы басқа әңгімелерінде жекелеген мифтік архетиптер мен фольклорлық элементтер кездеседі.

«Теңіз жағасындағы кафе» әңгімесінде қазақ және өзге ұлт ертегілерінде жиі кездесетін шикі өкпенің су бетінде (жағасында)

қалқып жүру мотиві қолданылған. «Бабалар сөзінің» 75 томында «Ертөстік» ертегісіндегі суда жүзіп жүрген өкпе мотивіне қатысты мынадай түсініктеме берілген: «Ертегідегі жан туралы көне анимистік ұғымдарда көрінетін, Төстік әкесінің суда жүзіп жүрген өкпені түрткенде оның жалмауыз кемпірге айналатындығы туралы мотив те көптеген ертегілер сюжетіне тән. Бұл қазақтың «су – о дүние, ондағы өкпе – өлген адамның жаны, ал жалмауыз кемпір – өлілер патшалығының күзетшісі» дейтін демонологиялық түсінігінің көрінісі. Өкпе түріндегі жалмауыз кемпір өлгеннің жанының тыныштығын қорғайды, оған біреу қауіп төндірсе, өзінің қалпына келіп, тиісушіні жазалайды» [18, 368]. Автордың әңгімеге суда қалқып жүрген өкпе мотивін қатыстыру себебін былайша топшыласақ болады: 1) автор санасында қазақ ертегілеріндегі фольклорлық сарындардың сақталып қалуы, оның қайта жаңғыруы; 2) ертегі оқымай өскен кейбір қазақ баласының бет-бейнесі және оның ертегілерді оқымағандығы себепті ежелгі қазақы санадағы ұғым-түсініктерден бейхабарлығы (мәселен, қосалқы кейіпкердің өкпені пышағымен қорықпай, сескенбей іліп алып кетуі). Мұнда жазушы судағы өкпе мотивін трансформациялау арқылы ертегі оқып өскен ауыл қазағы мен қазіргі шетелдік атыс-шабыс жанрындағы фильмдерден көз алмайтын буын санасының өз әдебиетінен, ұлттық таным-түсінігінен шеттеп қалу, ажырау үрдісін сипаттаса, жанның денеден бөлектенуі, яғни адамның жаны иесінен бөлек өмір сүре алады дейтін көне анимистік мифтік түсінікті жаңғыртып қолданып отыр. Кейіпкердің судың бетіндегі өкпеге кездесуі, оған жақындай алмауы айтылып отырған уақыттан он жыл бұрынғы, жастық шақта өткен қасіретті оқиғаны жадыдан шығара алмағандығын меңзейді немесе теңіздегі сол күнгі ішімдікпен өткен демалыстың соңы Назымның өліміне ұласып, ұзақ жылдардан кейін қыз бейнесімен (судағы өкпемен) қайта қауышып отыр. Желден кейінгі теңіздегі апатты оқиға кейіпкер санасынан әліге дейін өшпеген, көңіл жарастырған екі жұп – Назым мен Абзалдың (Абзал кейін қыздың ағаларының қолынан қаза табады) жанымен, рухымен (фольклорлық түсінік бойынша) кездеседі.

Шығармадағы автор идеясы адамдарды өмірде шалыс басудан, апатты толқындардың арасында жоғалып кетуден сақтандырады. Көп жағдайда адам өліміне ішімдік те себепші

болып жатады. Сонымен бірге, автордың шығармада аталатын америкалық жазушы Герман Мелвиллдің «Моби Дик» сияқты әлемдік әдебиеттің ірі жауһарларды жиі қолға алатыны байқалады.

Әңгіме аяқталған тұста автор оқырманға өзі ұқтырғысы келген жайды түсіндіруінің (соңғы абзацта) қажеті жоқ сияқты, шебер суреттелген оқиға өзінен-өзі түсінікті.

«Гүлмира» әңгімесінің мазмұнына жүк болған махаббат тақырыбы әдебиетте сан рет жазылған, қозғалған, тіпті, қаламына арқау етпеген ақын да, жазушы да жоқ десе де болады. Әрі ақын, әрі прозаик Серік Сағынтайдың махаббат хақындағы эстетикалық ойлары классикалық поэзия өкілдері Абай, Мағжан, Есенин т.б. ақындардың сезімді жырларымен тамырласып, рухани байланысып жатыр. Әңгіме фабуласы кейіпкер ақын бала мен Гүлмира қыздың арасындағы ғашықтық сезімге құрылған. Сүйгенінен қол үзіп қалу сынды махаббат трагедиясы көп шығармаға сюжет болғанымен, Серіктің әңгімесіндегі ақын баланың көркемдікпен өрілген махаббат сезімі оқырманды жалықтырмай, әдемі сезімге жетелейді. Әсіресе, балалық махаббат иелерінің арадағы 33 жылдық үзілістен кейінгі алғашқы телефондағы сөйлесуі өте әсерлі жазылған.

Жазушының «Қарғасы» этимологиялық-этнографиялық әңгімелердің қатарына кіреді. Құс атаулының ішінде қарға жайында толғануы, түрлі қазақы аңыз, мақал-мәтел, ғылыми болжамдарға ой жүгіртуі, реалды өмірде қарға қатысқан оқиғаларды Құран-Кәрім аяттарымен салыстыра өрнектеуі – оқырманды қазіргі адамзат тарапынан жағымды сипаттауларға ие емес, бірақ о баста қазақ кие тұтқан қарға туралы тәмсілдердің құпиясына үңілуге жетелейді. Мәселен, автор адам баласына ең алғаш өлген адамды көму үрдісін көрсеткен осы қарға деген болжамды Қабыл мен Абылдың өліміне қатысты аңызға сүйене отырып келтіреді. Адам-Атаның үлкен ұлы Қабыл диқаншылықпен, кішісі Абыл мал бағумен айналысып жүреді. Күндердің күнінде құрбандық шалған екеуінің ішінде Қабылдікі емес, Абылдікі қабыл болып, Қабыл туған бауырын қызғанышпен өлтіреді де, көмусіз қалдырады. Сол сәтте Алла Тағала туған туысының мүрдесін жасыру керектігін ұқтыру үшін өлген қарғаның денесін көму үшін екінші қарғаны жібереді. Жер қазып жатқан қарғаның әрекетін көрген Қабыл қатты өкініш білдіреді.

Міне, өлген адамды жерлеу дәстүрі осыдан қалған деседі. Бұдан бөлек, «Қарға қарғаның көзін шұқымайды» (адамдарды татулыққа, бірлікке шақыру), «Қарға баласын аппағым дер» (ананың баласына шексіз мейірімділігі), «Қарға тамырлы қазақ» т.б. тәмсіл мен мәтелдердің мән-мазмұнына үңіледі. «Қарға тамырлы қазақпыз дейміз. Сірә, қарғаның ұзақ жасайтынына қарап, тегіміз алыстан туысатынын меңзеп айтармыз. ... Ей, құзғын атам жайлы айтшы маған! Айтшы маған әжелерім жайлы, әкелерім туралы. Атамның мен көрмеген мыңғырған малы мен аңсақ төбеттерін. Қыс қыстауы мен жаз жайлауы қандай еді?!» [19, 79]. Тәмсіл бойынша басқа құс емес, осы қарғаның аты аталуының себебі де оның тамырының тереңде жатқанын, ғасырлап өмір сүретінін меңзесе керек.

Р.Барт, У.Эко сияқты постмодернист өкілдері әдебиетте бұрыннан бар, дайын сюжеттердің (Қабыл мен Абылдың өліміне қатысты аңыз) көркем мәтінде қолданылуын инстекстуалдылықтың бір белгісіне жатқызады. Аталған әңгімеде қазіргі замандық әдебиеттанудың бір бағыты – постмодернизмнің нышандары ептеп ұшырасады.

Жоғарыдағы аңыздағы Қабыл, Абыл есімдері осы әңгімеде сол өзгермеген күйінде аталады да, Абыл мұнда да өлім құшады. Оның өліміне ауылдағы Жәкем әкімнің пісте егінін қарға-құзғындардан қорғаймын деп, оларды аяусыз қорлап өлтіруі, жаны азапталып жатқан қарғаның қарқылын диктофонға жазып алып, басқа құстарға естірту арқылы жалпы құс атаулын ол аймақтан кетіруі және қарғалардың адамзатқа білдірген наласы, қарғысы себеп болуы мүмкін деген ойлар тұспалданады. Әңгіме ұлттық этнографиялық мазмұнының тереңдігімен құнды. Осы бағыттағы әңгімелерінің бірі – «Аңшы» да жоғары көркемдікпен суреттелген туынды. Аң аулаудың қыр-сырын жетік меңгерген әккі мергеннің бүкіл қаруынан айырылғандағы ашынысын, психологиясын жетік бере білген. Қанына сіңген ежелгі әдегіне салып, атып алатын мылтығы жоқ болса да, аңшы енді дала аңдарына қақпан құруға кіріседі. Жазушы осы тұста бір-бірінің жемтігіне (бумадағы етті жеу үшін түлкі барын салып жатқанда бір топ құс түлкіні құрыққа түсіреді) айналған тіршілік иелерінің арасындағы ұқсастықты көрсетуде әдеби параллелизмді сәтті қолданған. Тіпті, замандық құбылыстарды әңгіме сюжетімен астастыра суреттеген.

«Жалмауыз» әңгімесінің мазмұны сталиндік репрессияның құрбаны болған «халық жауларының» КарЛАГ-тағы (Қарағанды лагері) өмірінің ең сұмдық көріністерін баяндаудан тұрады. Бұл тақырып бұған дейін поэзия, поэмаларда болмаса, көркемдік талдауға лайықты прозалық шығармаларда қозғала қойған жоқ. Лагерлер жайлы, ондағы өмір жайында көп адам, әсіресе, лагерьдің азабын көрген тұтқындардың өзі ашылып айтқан жоқ. Осыған қатысты КарЛАГ тақырыбын арнайы зерттеген журналист Екатерина Кузнецова мынадай пікірді алға тартады: «Лагерьден шығарда олар 25 жыл ішінде еш ақпарат құралына сұқбат бермейміз деген қолхат беретін, жалпы айтқанда, бәрі де құпия күйі қалуға тиіс болатын. Ақпаратты жария қылғаны үшін ең қатал жазалау шарасына кесіліп кетіп, жаңадан қамалу қаупі бар еді» [20]. Журналист-зерттеушінің «Карлаг: по обе стороны колючки», «Карлаг: меченые одной метой» және «Книга скорби. Расстрельные списки» сынды кітаптарынан осы уақытқа дейін айтылмай келе жатқан құпия мәліметтерді алуға болады. Дәл осы тақырыптың Серік Сағынтайдың шығармашылығында сөз болуының өзін оның қазақ әдебиетіндегі тақырыптық-мазмұндық жаңалығы ретінде қабылдауға болады. Әдеби процесс уақыт өткен сайын өзгеріске ұшырап отыратындықтан, өткен ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың алғашқы онжылдықтарында қазақ жазушылары этнографиялық, этнологиялық, тарихи тақырыптарға көбірек қалам тартты, әлі де жалғасуда. Қазақтың ұлт ретіндегі түп-тегін тереңірек танытуға ұмтылуда. Бұл, әрине, кеңестік жүйенің құрсауынан босаған сөз бостандығының көрінісі еді. Бұл тұста тарихи оқиғаларға қайта үңілуге мүмкіндік берген Тәуелсіздік кезеңінің сыйы болды.

Әңгіменің жазылуына КарЛАГ тұтқыны-кейіпкер Иманмұса Жантоқовтың егіз шөбересі Ыбырай Мусин мен Мұсатайдың жүректегі шарбақталған қантамырлардан пайда болатын таңба жайындағы кереғар ғылыми болжамдары сеп болады. Кардиолог ол таңбаны арабша «Алла» деген жазу десе, оның сыңары түрколог Ыбырай Мусин оның көне түркі Орхон-Енисей жазбаларындағы «Алас» (Кет. Жолама. Аулақ) мәнін беретінін айтып, ұзақ дауласады. Әңгіме түйіні, тіпті, осы даулы пікірдің шындығын көрсетуді де мақсат тұтпайды. Автор адам жүрегін ашылмаған, оқылмаған кітапқа теңейді. Сол кітаптың сыртқы

мұқабасындағы жазуды тани алғанмен, әлі ішіне бойлаған, кітап-жүректі парақтап көрген ғалым түгіл ешбір пенденің болмағандығын айтады. Егер жүрек-кітаптың құпиясы ашылар болса, онда адамзат, тарих жасырған бүкіл сырлар да ашылар ма еді деген сипатта ой айтады. Өткен ғасырдың 20-30 жылдары бұрынғы КСРО құрамындағы түрлі ұлт өкілдерінен шыққан зиялы қауым сол кездің саяси идеологиясына қайшы келген көзқарастары үшін саяси айыпталып, «халық жауларын» қамап, қинап ұстайтын атақты лагерлерімен аты шыққан Қарағандыға айдалып жатты. Әңгімеде ұлты қазақ Иманмұса Жантоқұлы мен жойт Авраам Сенковкийдің қараңғы қапаста бастан кешкен күндерін, тіпті, адам етін азық қылуға амалсыздан барған халдерін баяндау арқылы бүкіл «халық жауларының» жағдайын көрсетуге тырысқан деуге болады. Өлген адам денесін сойып, талғажауды әдетіне айналдырған Иманмұса Жантоқұлының туған бауыры Тәңірбергеннің денесін байқаусызда тіліп жіберіп, жүрегін қолына ұстаған күйі өзін де жантәсілім етеді. Осы жұдырықтай жүрек автор үшін бүкіл құпия атаулының қоймасы секілді.

Ұлттың үлкен буыны осылай қиямет күнді кешкенде кейінгі ұрпақ бақытты ғұмыр кеше ме?.. Тіпті, сол күндердің қырғыны қарғыс болып, кейінгі буынға ұласпай ма деген сауалдар да авторды ойлантады. Х.Досмұхамедұлының «Бата мен алғысқа карама-қарсы түр – қарғыс. Қарғысты дұшпанына, әкесі көңілі әбден қалған ұлы мен қызына, молла – діннен безгендерге, рубасы – жаугершілік кезінде елін сатқандарға және т.б. береді» [21, 21] деп жазғанына сүйенсек, қарғыстың мирасқа айналуы әбден мүмкін.

Жалған факті, айыптау, куәландырумен талай жанның өмірін қиған КарЛАГ жайындағы оқиғаларды алғашқылардың бірі болып әңгіме жанрында көрсеткен Серік Сағынтайдың осы әңгімесі ерекше аталуға лайық.

Қорыта келгенде, бүгінгі прозаның жетістігі мен кем-кетігін саралау барысында жас мөлшері отыз бен қырықтың айналасындағы жазушылардың әңгімелері қолымызға көптеп ілікті. Ілікпегендері де жетерлік. Қаншалықты мазмұнды, ойлы, мағыналы болғанымен, бәрін талдап, талғап жатуды жөн көрмедік. Себебі «тек көркемдік сапасы жетілген, талдауға тұрарлық шығармалар ғана зерттеуге лайық» деген әдебиеттанушы,

жазушылардың сөзін құп көріп, екі-үш жинағы шыққанымен, бес-алты әңгімесінен басқасының атаусыз қалып жатқаны олардың көркемдік деңгейінің төмендігін білдіргені. Бәрін болмаса да, біразын шолып шыққаннан кейінгі аңғарғанымыз, бұл кезеңде жарық көрген прозалық туындылардың әдеби ортаның назарын өзіне аударып, оқырманның талап-тілегінен шыға алғандығына көз жеткіздік.

### *Әдебиеттер:*

1. Шүйіншәлиева М. Өкініш: Повесть, әңгімелер. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 2014. – 568 б.
2. Шарабасов С., Бақтығалиева Э. Өмірдің өзінен ой түйген // Жайық нұры. – 25 мамыр, 2006.
3. Қалибекұлы Ф. Үш тоғыс: Поэзия, проза, әзіл суреттер, фото шежірелер. – Алматы: Мерей, 2013. – 328 б.
4. Ақыш Н. Эстетикалық биіктер деңгейінен көрінейік // Қазақ әдебиеті. 2014. – №21 (3289).
5. Әбілқайыр Қ. Көршінің қызы. Хикаят // <http://zhasorken.kz/?p=9130>. 27.05.2014.
6. Әбілқайыр Қ. Атасының баласы. Әңгіме // <http://zhasorken.kz/атасының-баласы-әңгіме/>. 13.05.2014.
7. Түсіпхан Н. Үш талшыбық // Қазақ әдебиеті. – 2014. – 31 январь. – 1, 6-7 бб.
8. Әлмембет А. Режиссердің түстері. – Алматы: «Жалын» баспасы ЖШС, 2013. – 192 б.
9. Қоспағарова Ә. Қызыл орамал: Проза. – Алматы: Жалын, 2012. 160 б.
10. Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар. – Алматы: Evo Press, 2014. – 708 б.
11. Байбол Ә. Теміржол вокзалы. – Алматы: «Жалын» баспасы ЖШС, 2012. – 320 б.
13. Уалиханұлы Ә. Құлдар патшалығы. – Алматы: «Жалын» баспасы ЖШС, 2013. – 192 б.
14. Майтанов Б. Портрет поэтикасы. Ғылыми зерттеу. - Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 127 б.
15. Савельева В.В. Художественная антропология. Алматы : Изд-во АГУ им. Абая, 1999. – С. 281.

16. Әбілқайыр Қ. Қағаз қала. Әңгімелер. – Алматы: Жалын ЖШС, 2008. – 80 б.
17. Қазіргі әдебиет пен фольклор. Алматы: Арда, 2009. – 480 б.
18. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: Фолиант, 2011. – Т. 75: Батырлық ертегілер. – 424 б.
19. Сағынтай С. Қарға. Әңгімелер. – Астана: Профи Медиа, 2011. – 143 б.
20. Автор книг о Карлаге считает, что репрессии ушли в прошлое // <http://www.azattyq.org/a/>. 03.07.2012.
21. Досмұхамедұлы Х. Аламан. Алматы, 1991. – 176 б.



---

## БҮГІНГІ ДРАМАТУРГИЯ

---

Тәуелсіздік ұлттың өткен тарихын түгендеуге мүмкіндік туғызды. Қоғамның барлық саласында тарихымызды түгендеуде көптеген игілікті шаралар жүзеге асырылуда. Әдебиетшілер аңыз-ертегілер мен тарихи жырларға негіз болған оқиғалар арқылы тарихымыздың көркем шежіресін жасаса, тарихшылар күн өткен сайын халқымыздың тарихына қатысты құжаттарды алыс-жақын шет елдердің мұрағаттарынан іздеп табуда. Жаңадан табылған тың деректер қазақ даласында өткен ірілі-ұсақты шайқастарда сан мыңдаған батырлардың жанкешті ерлік жасағандығын дәлелдеуде. Бүгінгі тәуелсіздігіміз жолында сан ғасырлар бойы қаншама батырлар жаумен шайқасып кең жазира даламызды сыртқы жаудан қорғап қалды. Сол шайқастарда батырлардың қасынан табылған, олардың рухын жадымызда сақтауға көмектескен ақындар, жыршылар, күйшілер есімі де жетерлік. Мұрағат деректерін қарап отырсаңыз, әр шайқастың басы-қасында болып, оған етене араласып, сол шайқастардың белортасында жүрген жыршылар мен күйшілерді көруге болады.

Қазіргі таңда Қазақстан ғылымында тұлғатануға ерекше көңіл бөліне бастады. Өскелең ұрпақты жаңа Қазақстандық патриоттық рухта тәрбиелеу үшін тұлғатануға баса назар аудару қажеттігін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Осы бағытта қазағым, елім дейтін рухы мықты ұрпақты өсіру үшін батырлардың ерлікке толы өмірін насихаттайтын еңбектер керек-ақ. Балалар мен жасөспірімдер өздерінің сүйікті кейіпкерлерінің бойынан өршілдікті, батырлықты, Отансүйгіштікті үйренеді.

Халық пен ел бірлігі, ұлттың мәңгілік тарихи сахнасында қалуы тәрізді мемлекеттік өзекті мәселелерді шешуде әр ғылым саласында түрлі дәрежеде жасалып жатқан игілікті шаралар мен тыңғылықты зерттеулер де жетерлік. Ақын-жазушыларымыз бен ғалымдарымыздың осы саладағы еңбектері «жаңа қазақстандық патриотизмге» қызмет етуге, оның қағидаларын жүзеге асыруға дөп келетіндігімен маңызды. Тәуелсіздік жолында шаһид болған хандар мен билер, батырлар мен баһадүрлер туралы үлкенді-кішілі қаншама көркем шығармалар жазылды, тарихшылар тарапынан кешенді зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Бұл бағытта қазақ драматургтері де аянып қалған жоқ. Соңғы ширек ғасырда қазақ драматургтері сомдаған ұлт тарихында өзіндік орны бар хандар, батырлар, ақындар, жыраулар, өз аналар, белгілі қоғам қайраткерлерінің көркем образы театр сахнасынан да орын алды. Ә.Кекілбаевтың «Абылай хан», М.Байсеркеновтің «Абылайдың аманаты», Ш.Құсайыновтың (аударған – Қ.Ысқақ) «Томирис», «Қазақтар», Т.Әліпбайдың «Томағалы Томирис», С.Жүнісовтің «Тұрымтайдай ұл еді», «Кек», И.Оразбаевтың «Шыңғысхан», «Махамбет», Д.Исабековтің «Жаужүрек», Р.Отарбаевтың «Бейбарыс сұлтан», Д.Рамазанның «Аңсар» тәрізді туындыларында қазақ халқының әр дәуірдегі тарихының көркем шежіресі жасалды.

Ш.Құсайыновтың «Томирис» (қазақшалаған – Қ.Ысқақ) трагедиясына Сақ патшайымы Томирисінің жауынгерлікке толы күрескерлігі арқау болған. Шығармада Томирис ақылына көркі сай нәзік жан, елінің тыныштығы жолында өзін құрбандыққа шала білетін билеуші ғана емес, Спарғапистей ұл өсіріп отырған ана, кетіп қалған күйеуі Балқаштың жолын тосқан жар, түптің түбінде қателіктерге бой алдыратын қарапайым пенде ретінде танылған. Осы шығарма жөнінде Б.Құндақбайұлы: «Сақтың ұлы падишасы Томирисінің тұлғасын сахнаға шығару сол патриоттық сезім мен театрдың суреткерлік ұстанымын айқындай түскен» [1, 12], – дейді.

«Патшалардың патшасы» атанған Кир Сақ жеріне соқтыққалы жатыр дегенді білгенде, «Томирисінің елшісімін» деп Шұғыла атын жамылып, патшайым жалғыз барғалы жатқанда жаны тынбай Елес бірге барады... Ақылды патшайым өз елінің үш түрлі байлығы барын айта келіп: біріншісі – шексіз көк аспан, екіншісі – шексіз кең дала, үшіншісі жусан деп қураған шөпті ұсынған... «Жусан – жер қайысқан қалың Сақ, біз көк аспанның астында көз жетпейтін далада еркін өскен елміз. Егер тамырымыз жұлынса, біз де құрып жоқ боламыз. Бізді құл қып ұстау қиын, тұяқ астында тапталмайтын тәкаппар жұртпыз. Патшалардың патшасы саған қураған шөптің қажеті қанша?» [2, 11-12], – дейді. Шұғыла – Томирис. Әйел біткеннің көркемі Томирис Кирдің жүрегін ақыл-айласымен жаулап алғанмен, өзі де Кирге ғашық болып қалған еді. Драматургтің жетістігі – патшайымды ет пен сүйектен жаралған жан етіп көрсетуі. Оның тақтан да, Сақ елінен

де махаббатты жоғары қоюы шындыққа жақын. Себебі, ол – өмір бойы ат үстінде жүрген жаужүрек болғанмен, шындап келгенде, ол да өзге әйелдер секілді жар құшағында еркелегісі келетін табиғаты нәзік жан. Шығармада Кир, Мард, Ардашир, Балқаш, Спаргапис, Амага бейнелі қақтығыс, тартыс үстінде жақсы сомдалған.

Тұмар ханшайымның көркем бейнесін толықтыратын келесі туынды – Т.Әліпбайдың «Томағалы Томирис» тарихи драмасы. Мұндағы оқиғаға Томирис патшайымның ұлы Спаргапистің Жолбарыспен бетпе-бет келіп, Бұрым атты ер-апа қыздың (амазонка) оны садақпен атып сұлатуымен басталады. Негізгі оқиғаға Спаргапис, Томирис, Рүстем, Шаншар тәрізді кейіпкерлер қатысады. Алайда бұл туындыда Томирис патшайым елдің қамын жеген басшы, қайсар да қайратты жауынгер ғана емес, таққұмар, патшалықтың мол байлығының буынан кете алмайтын, әйел бақытынан тақтың үстемдігін жоғары қоятын билікқұмар жан ретінде суреттеледі.

Алайда Томирисің: «Бәріміз бір Тұранның ел жұртымыз, бір-бірімізге жаушы шаптырып жауласқанша, елші жіберіп елдесек-ақ деймін. Әзірге болмай тұр. Алтыбақан алауыздық қанымызға сіңген сияқты. Бірлігі жоқ елдің тірлігі де жоқ екеніне кеудесіне көже пісіріп жүрген кейбір хансымақтардың да түйсігі жетер деп үміттенейін» [3, 55], – деген сөзінен оның жаугершіліктен шаршағанын, бейбіт өмір сүруді мақсат еткені анық аңғарылады. Мұндай аңсар-арман тек Томирисіте емес, күллі адамзат баласына тән екенін ескеретін болсақ, автор оның бейнесін сомдауда жетістікке жеткенін көруге болады.

Шығармада Ордабасы кейпінде жүрген қызылбастың (парсы) тыңшысының аузымен айтылған: «Бұл халықтың мен өмір бойы түсіне алмай келе жатқан бір қылығы бар. Өзара айтысады да, шабысады да, қырқысады да, жұлқысады да... Әй, енді бұлар бет көріспес-ақ десең, сырттан жау шапқанда өздерінің қайдағы бір сүйегі курап қалған бабасының атын атап ұрандаса болды, тізе қоса атой салып шыға келеді. Менің қорқатыным да осы» [3, 59], – деген сөзі арқылы бұл халықтың мінез-құлқын, болмыс-бітімін көрсетуге тырысса, Лидия елінің патшасы, Кирдің бүгінгі уәзірі Крездің: «Олар – көшпелі жұрт. Балалары кішкентайынан ат құлағында ойнап өседі. Садақты мерген атады. Қылыштасуға, найзаласуға келгенде алдына жан салмайды. Сонан кейін олардың

жылқылары, біздің жабылардай емес, желмен жарысқан жүйріктер болып келеді. Жиналмалы ағаш үйлерімен қас пен көздің арасында түйелері мен өгіздеріне артып алып, құм арасына сіңіп, ізім-қайым жоқ боп кету деген олар үшін түк емес. Сондықтан оларды оңай оспақ жау екен деп опық жеп жүрмейік» [3, 65], – деген сөзінен Томирис бастаған Тұран елінің ат құлағында ойнаған жауынгер халық екенін аңғаруға негіз бар.

Ордабасының Томириске арналған білезіктен сумен бірге у шашып өлтірмек болған ниеті Шаншардың көрегендігі арқасында іске аспай қалады. Бұл көрініс арқылы да автор патшайымды өлтірмек жолдағы тың тәсілді ойлағаны тапқырлық. Пьеса оқиғасындағы сатқындық пен зұлымдықтың иесі Ордабасының бір-біріне айдап салып, Қабағанның қолымен от көсеп, туыс елдерді жауластырғанынан түк шықпайды. Кир әскері жеңіліс тапты. Қан аңсаған ниеті өзін жалмады.

Екі драматургтің де өзіндік ерекше қолтаңбамен қызықты оқиғаларды қиюластырып көркемдікке қол жеткізгені ақиқат. Ш.Құсайынов әспеттеген Томирис Кирге ғашық болып, бір уақыт отбасы ошақ қасындағы қарапайым әйел, сүйікті жар болғысы келетіндей кейіп танытса, Т.Әліпбайдың Томирисінде тақ құмарлық пен адуындылық басым.

Осы қатарды толықтыратын шығарманың бірі – Ш.Құсайыновтың «Қазақтар» (қазақшалаған – Қ.Ысқақ) трагедиясы. Оқиғалар желісі Жәнібек хан, Керей, Қасым, Әдік, Мұрындық сұлтандардың өмір белестерінен толыққанды хабар береді. Драматург Қасым мен Мұхаммад образдары арқылы да көп сырды ақтарады. Мұхаммадтың көздегені – тақты иемдену. Мұхаммад ұсақтау, китұрқы, жеке пайдасының құлы ретінде І.Есенберлиннің «Алмас қылышындағы» Шаһ Мұхаммад образымен үндес сомдалған.

Жәнібек ханның шатырындағы жиылыстан қазақтан береке кеткенін аңғару оңай. Оны автор: «Ұлы түркінің ұлысқа бөлініп, ұлы хан Әбілқайырдың ұлан-ғайыр елі бір-бірін шабысып, сұлтандары табысудың орнына атысып, тірісінде ордасын сыйламай, өлген соң обасында жылаған...» – деп сипаттайды [4, 15].

Қасым Мұрындыққа жаушы жіберіп, тақтан түсуін, Мұхаммадқа Сыр бойынан өз еркімен кетсін деген кесімін айтқан

кез – «Қасым ханның қасқа жолы» атты заң орнатып, ел тізгінін қолға алған тұсы. Шығармада ерекше көзге түсетін кейіпкердің бірі – Қасым тәрбиелеген жауынгер Мойынсыз. Қазақ тарихынан үлкен орын алған ескілескен шайқастардан хабар беретін туындының бірі – Думан Рамазанның «Аңсар» драмасы. Мұндағы оқиға Әбілқайыр хан мен Керей-Жәнібек арасындағы қақтығыс арқылы өрбісе, Ш.Құсайыновтың «Қазақтарында» оқиға Жәнібек ханның ордасында өтіп, Керей сұлтан шенінде көрінетіні, әрине, тарихи шындыққа сәйкес келмейді. Ал, бұл шығармада оқиға көбіне Дешті қыпшақ ордасын билеген алтын тақтың иесі Әбілқайыр төңірегінде өтіп жатады. Екі пьесаға да Әбілқайыр хан, оның қалмақтардан жеңілген қанды шайқасы негіз болғанмен, алғашқысында Әбілқайыр ешкіммен соқтықпай тыныш жатқан сырқат ретінде көрінсе, екіншісінде хан жеңіліс тапқанына ызаланып кегін қарапайым халықтан алып, шайқасқа шықпағаны үшін салық төлетіп, күн көрсетпей жатқанға саяды.

Пьесадағы ең шешуші сәт – Керей мен Жәнібек бастаған топтың бөлініп кетуі. Мақсаттары біреу, ол – бейбітшіл хандық құру. «Алғашқы тұяқ тіктер мекеніміз – Шу, Сарысу, Талас, Бадам, Қаратал өзендерінің бойы мен Қозыбас пен Қаратау өңірі болмақ. Ар жағында арқа сүйер үйсін, дулат, жалайыр, қоңырат, найман, керей, уақтың біраз елі жатыр. Ол жақтағы ағайындарды да қосып алып, бір тудың астына біріктіріп, жеке қазақ хандығын құрмақпыз! Біздің мұратымыз – айқын, жолымыз – сара, бағытымыз – оң! Бірігуіміздің басы, елдігіміздің бастауы осы болсын, ағайын!» [5, 341] –деген жалынды сөздер нық сенім ұялатады. Бұл – алауыздық пен берекесіздіктен зардап шеккендердің жүрекжарды сөзі. Ендігі мақсат – күш біріктіріп, қалың қолға айналу. Одан жұмылған жұдырықтай біртұтас болған кезде ғана жау алмайды дегенді ұғуға болады. Осылайша, Ш.Құсайыновтың «Қазақтарында» Жәнібек Хан ел басқарып, Керей сұлтан болатыны тарихқа қайшы келсе, Д.Рамазанның «Аңсарында» Керей хан сайланып, Жәнібек Керейді аға тұтып, ханның оң қолы, сенімді серігі ретінде суреттелетіні тарихи шындыққа сай келеді.

Ал М.Қожахметованың «Көшім хан – Сүзге» тарихи драмасына Сібір мен Солтүстік Қазақстанның Ертіс, Тобыл өзендері бойындағы 1580-1598 жылдардағы оқиға негіз болған [6,

393]. Шығармадағы бояуы қанық образдардың бірі – Көшім ханның әйелі Сүзге сұлу. Автор кейіпкер бейнесін іс-әрекет үстінде шыңдайды. Ермак бастаған топ қалаға басып кіретін тұста Көшім әскер жинауға аттанып, Орданың жайы Сүзгеге қарайды. Жас та болса бас болып, халықты аман сақтап қалуға барын салып, тіпті Ермактың өзімен мәмілеге келетіні оның білімі мен парасатын, ептілігін танытатын оқиғалар Сүзгенің образын толықтыра түскен. Көшім хан азаттық, бостандық жолындағы күресте танылса, Сүзге сұлу өзінің жарына адал да кіршіксіз, таза әйел ретінде суреттелгенімен құнды.

Тәуелсіздік тұсындағы драмалық шығармалардың ішінен ерекше көзге түсетін – үш жүздің басын қосқан хан Абылай бейнесі. Ә.Кекілбайұлының «Абылай хан» трагедиясы Ханның өмірін жас кезінен бастап билік құрған дәуреніне дейін толық қамтыса, М.Байсеркеұлының «Абылайдың аманатында» ханның фәнидегі өмірінің соңғы үш күні негіз болған. Ал, С.Жүнісовтің «Сабалақ Абылай – Хан Абылайына» балалық шағынан жігіттік кезіне дейінгі өмірі арқау болған. Әбіш Кекілбайұлы «Абылай хан» драмалық дастаны поэзиямен жазылған. Мұнда Абылайдың бейнесі Төле бидің босағасында жүріп Сабалақ болған кезінен бастап, алғаш жауға шапқан Әбілмансұр, кейін ақ киізге хан көтеріп сайланған Абылай ханның ел билеген тұсы кеңінен суреттеледі.

Абылайдың:

Ұрымталына іс үйретіп,

Ұғымталына сөз үйретіп,

Ұйытқылы жұрт қылам бұл елді! [7, 48-49], – деген сөзінен қайтсем қазақтың көзін ашамын, терезесін өзге елмен тең етемін деген арман-мақсаты менмұндалайды.

Оқиғаның шиеленісер тұсы – Әмірсананың: «Күлпаш шешем басыңа күн туса, сізге бар деген еді», – деп Абылай ханнан пана іздеп келуі. Абылайдың да, Топыштың образы да Әмірсана оқиғасы үстінде толыға түседі. Әмірсананы еліне қайтаруы керектігін айтып бас салған халықты: «Сайғақ құрлы сая таппаса, сауға іздеген саяққа қамқор бола алмаса, Алашқа абырой ма екен», – деп сөзбен басады Абылай.

Аталған шығармалардың бас кейіпкері – Абылай хан болғанмен, бұлар – бірін-бірі қайталамайтын, керісінше бірін-бірі

толықтыратын туындылар. Үйсін Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Кіші жүзде Әйтеке, батырлар: Керей-Жәнібек, сіргеліде Тілеуке, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Сүйіндіктен Олжабай, шапырашты Наурызбай, қарабұжыр Жанатай, шақшақұлы Жәнібек, қарақалпақ Құлышбек, Бағаналы Баянбай, Уақ Сары, Баян, Оразымбет Балталы, тарақты Байғазы, көкжарлы Барак, ер Елшібек, қанжығалы Үйсінбай, балта керей Тұрсынбай, ер Сіргелі тәрізді өмірде болған тарихи тұлғалардың бейнелері шығармалардың тарихилық сипатын толықтыруға қызмет етіп тұр.

Ал Иран-Ғайыптың «Хан тұқымы» атты жыр шежіресі – «Тәуелсіздік тағылымы» бәйгесінен бас жүлде алған, хан Абылайдың өмірін суреттейтін жырмен жазылған шығарма. «Жау шапты!» деген дауыс естілісімен қуғын-сүргін, үрен-сүрен, азан-қазан, жоқтау, сарнау, зарлаудай қайғылы келеңсіздіктер белең алып әп-сәтте қайғы мен қасірет жаулап алатын жаугершілік қиын заманның суретін бейнелейді драматург. Қазақ басынан көп азапты күндерді өткерді. Он жетінші ғасырда болған оқиға суреттеліп, қазаққа жасаған жоңғардың шапқыншылығы, Елім-айлап еңірей жүріп ел асып, үдере көшіп босыған қазаққа Әнет баба қимастықпен қош бол айтып: «Қарашаңырағың ортаңа түсіп кетіп барасың», – деп жүрегі қан жылайды.

Шығармада Абыз Дауыс, Әнет Баба, Қызыр Кие атты кейіпкерлердің, түптеп келгенде, көздегені мен ниеті бір, елдің тілеулес ақ пейіл рухани қамқоршысы, қорғаушысы ретінде алынған. Қазақ бұл жеңіске басы бірігіп жұмыла соғысқанда қолжеткізгеніне иланған атақты қырғын, Әбілмансұрдың Хан Абылай атанып таққа отыратын тарихи күн, жоғарыда аталған пьесалардағы оқиғалардай өзгеріссіз суреттелген. Драматург тарапынан, «Аңырақай» сияқты ірі шайқастар қазақ топарағында аз болған жоқ, сол жеңістің бәрі Ел бастаған көсемдер мен қол бастаған ер, батырлардың жан аямай шайқасып, төккен қанымен келгенін меңзеу басым.

Драматургия табиғатын терең зерттеген Р.Нұрғалидың: «Трагедияның ең басты ерекшелігі трагедиялық тартыста көрінеді. Трагедиялық конфликт кейіпкердің тартқан азабы мен өліміне де сабақтас. Ал трагедиялық тартыстың өзегі әлеуметтік-тарихи, қоғамдық-саяси қабырғалы күштердің шайқасында жатыр. Бұл қақтығыста кең құлаш, қоғамдық мағына, философиялық тереңдік

бар» [8, 260], – деген пікіріне сүйенетін болсақ, жоғарыда аталған шығармаларда Абылай хан бейнесі тартыс пен қым-қиғаш қақтығыстар арқылы сомдала түскені байқалады.

Қазіргі драматургиядан орын алған келесі тарихи кейіпкер – Бейбарыс сұлтан. Р.Отарбаевтың «Бейбарыс сұлтан» тарихи драмасы Кіші Азиядағы Сиуас қаласының Құл базарындағы оқиғадан басталады. Италиян саудагері Қазақ даласынан ұсталған қыпшақ екі баланы саудалап тұр. «Жасым он екіде. Есімім – Бейбарыс. Жайық бойында моңғолдар тұтқынға алды. Ұлым – қыпшақ, нәсілім – беріш. Жамақ ханның ұлымын» [9, 6], – деп, өзін таныстырған Бейбарыс пен Қалауынды «Алла айырмаған қос қыпшақты бөлмей» Сұлтан Салық Наджи-ад-диннің уәзірі сатып алуымен оқиға өрбиді. Арада уақыт өте Бейбарыс ер жеткен, әскербасы бейнесінде атақты «Крест жорығы» француздармен шайқасқа қамданып: «Барша әскердің үштен бірі Ніл өзенін байласын», – деп бұйрық беріп тұр. Бейбарыс – адал қызметші, соғыс ісіне білгір жауынгер кейпінде кестеленеді. Әскербасының бұйрықты сөздерімен қырғын төбелес орын алған. Драматургтың мақсаты Бейбарыс образын ашу болғандықтан да соғыс істеріне мән бере суреттегені құптарлық.

Бейбарыс Моңғол елшілерінің арасынан бала кезінде өзін құлдыққа сатқан адамды танып, дардың арқанын кестіріп, әдейі тірі қалдырып зынданға салғызады: «Ей, менің алағай да бұлағай ғұмырым, бір кезгі елімді шапқан, ерімді тұтқын еткен жауымды ақыр аяғында өз қолыммен талқандаттың. Шырылдатып жанымды жаралатқан, жауқазынымды үзген басқыншыны түптің түбінде аяғыма әкеп жықтың. Мұңды ғұмырыма да мың мәрте шүкірлік» [9, 30].

Өзге елде Сұлтан болып, өз елінің ұлтаны болғысы кеп ғұмыр бойы сағыныштан сарғайып, өз туған жерін аңсап өткен бабамызды кейінгі ұрпағы іздейді, өмірлік ғибратын алатыны сөзсіз деген қорытындыға келіпті автор.

Сахнада «Абай» трагедиясынан кейін, «Абай – Әйгерім», «Абай – Ділдә», «Абай – Тоғжан» төңірегінде сыр шертіп, ғұламаның өмірін суреттейтін Б.Римованың «Абай – Әйгерім», Б.Римова мен Б.Атабаев бірігіп жазған «Абай десем», И.Оразбаевтың «Мен ішпеген у бар ма?», И.Сапарбайдың «Абай –



Тоғжан» т.б. көптеген пьесалар қазақ халқын Абай сынды ұлы ақынымен қайта қауыштырды.

Абайдың бозбалалық шағын суреттейтін И.Сапарбайдың «Абай – Тоғжан» поэтикалық драмасы – өлең сөзбен өрілген лирикаға толы драма. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы негізгі оқиғаларға жан бітірген автор Абайдың өсу-толығу кезеңіне көңіл бөлген. Үштік одаққа құрылған Абай, Ділдә, Тоғжан арасындағы махаббат таргедиясын автор қоғам дерті ретінде суреттеуге тырысқан.

Абай бейнесін тағы бір қырынан толықтыратын И.Ғайыптың «Мен ішпеген у бар ма?» реквиемі – өлең сөзбен жазылған көркемдігі биік шығарма. Академик З.Ахметовтің: «Абай поэзиясы – ұлы ақын өмір сүрген замандағы қоғамдық өмірдің ең күрделі, ең жанды мәселелелерін қозғаған, толғаған поэзия» [10, 287], – деген пікіріне сүйенетін болсақ, Абай өлеңдері мен И.Ғайыптың поэзия тілімен жазылған шығармасы біртұтастанып, жымдасып, терең философияға айналып кеткен. М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы оқиғалар мен ақынның уытты өлеңдері шеберлікпен пайдаланылуда шығарманың көркемдік қуаты арта түскен.

Оразбайдың:

Аруақ аттаған – азсын!

Ағайын даттаған – тозсын!

Қанына тартпағанның – қары сынсын.

Жақынымен жат болғанның жағы қарыссын, Әумин! [11, 21], – деуі Абайға шығарылған үкімдей естіледі. Абай жау! Өйткені ол ғасырлар бойы қалыптасып қалған заңдылыққа қарсы шықты. Жаңа ұрпақтың өз пікірі бар екенімен келісе алмайды Оразбайлар.

Ә.Сығайдың: «Драматургия – қым-қиғаш интрига. Арбасқан сөздер, арпалысқан мінездер, мың құбылған қас-қабақ пен жан берісіп, жан алысқан әрекетті сөз, қара тасты қақ айырар отты да өткір тіл. Драматургия – сахна машығымен талмай айналысатындардың тірлігі...» [12, 3], – деген пікіріне сүйенетін болсақ, шығармада Абай бейнесі қым-қиғаш оқиғалар үстінде сомдала түскен.

Қазақ тарихынан үлкен орын алатын Исатай мен Махамбет көтерілісі туралы драмалық туындылар І.Жансүгіровтің «Исатай –

Махамбет» (1936) пьесасынан бастау алады. Бұл қатар кейінгі жылдары М.Ақынжановтың «Исатай – Махамбет», Ғ.Слановтың «Махамбет», Б.Аманшин, С.Жиенбаевтың «Махамбет» опера-либреттосы, Қ.Мырза Әлидің «Жаралы жолбарыс», С.Жүнісовтің «Махамбеттің өмірі-ай», Т.Әліпбайдың «Исатайдың барында», Иран-Ғайыптың «Махамбет» тәрізді драмалық туындыларымен толықты.

Қадыр Мырза Әлидің «Жаралы жолбарыс» (2002 ж.) драмасында Патша үкіметінің ордадағы қолшоқпары, орыс әскерінің полковнигі шенін иемденген Баймағамбет сұлтан мен Махамбет арасындағы қақтығыс шығармаға арқау болған. Махамбет – халық өкілі, халық батыры, халықтың сөзін сөйлеуші, мұңын мұндаушы ретінде көрінетін ірі тұлға. Ол Баймағамбетке келіп: «Жайықтың бойы толған қамал, бекініс. ...Ақ патшаға бодан болам деп, жері шүйгін Жайықтың жағалауын бердіңдер», – деп Хан ордасындағыларға наразылығын білдіруі арқылы даралана түскен. «Хиуадан, қалмақтан шапса не істейміз? Сонда бізге Ақ патша көмектеседі, Ресей керек бізге, Ақ патша қамқорлық жасап отыр» [13, 207], – деген Баймағамбет шарасыз. Бәрі Петербордың шаруасы, бәрі орыс әскерінің қолында деген Баймағамбетке Махамбет: «Біздер неге бола алмаймыз тәуелсіз? Әскер! Жоқ біздерде ол неге?!» [13, 211], – деген күтпеген батыл ой айтады.

Тағы бірде Баймағамбеттің: «Халық ит секілді: Басынан сипасаң, арсаландап, кеудеңе секіреді!» – дегеніне, Махамбет: «Ж-о-о-қ! Халық ит секілді емес, бала секілді: басынан сипасаң, бауырына кіреді! Халыққа тақ керек емес, бақ керек! Хан керек емес, жан керек!» [13,227], – деп жауап қайтарады. Осы диалогтар кейіпкерлердің бейнесін толықтыра түседі.

Әр қазақ бабалардың ұрпағына мұра етіп қалдырған жерді қорғауға міндетті. Оны аман алып қалудың, иелік етудің бірден-бір жолы білімді болу екенін, Махамбеттің білімді бағалағанын, оқи алмағанына өкінетіндігін автор астарлап жеткізген.

Исатай мен Махамбет батырлардың қым-қуыт өмірі жөніндегі тағы бір шығарма – Т.Әліпбайдың «Исатайдың барында» драмасы. Сюжет желісі бойынша Исатай дүрбелеңде оққа ұшып, негізгі оқиға Махамбет төңірегінде өрбиді. Басқа шығармалардағыдай мұнда да батырдың халықты езгіден құтқару барысында қарсы топқа бас көтеруі, қуғын-сүргін суреттеледі.

Бірақ мұнда Баймағамбет сұлтанның қарындасы Патшай бейнесі өзгеше реңк тапқан. Ол басында Махамбетті аға деп қиылып, Баймағамбетті атқалы тұрған оғын атқызбай бауырын өлімнен құтқарып қалса, кейін Махамбет Орынборда түрмеде жатқан жеріне ауылдың сәлемін ала келіп, орыс офицері Николайды араға салып ақша төлеп, Махамбетті түрмеден құтқаратын да осы Патшай. Осы ісінен-ақ оның жаны таза, екі арыстың қастасып қан төгілгенін қаламайтын нәзік жанды бейне етіп суреттелгені түсінікті.

Р.Отарбаевтың «Бас» драмасы Махамбет ақынның тағдырлы тарихынан сыр шертетін шығармалар қатарын толықтырды. Көркемдігі мен сюжет құрылымы әртүрлі пьесаларда дерлік Махамбеттің өмірі мен тарихына қатысты оқиғалар сөз болса, бұл шығармада ақынның кесілген басы жөнінде әңгіме өрбіп, Махамбет өмір сүрген заман мен бүгінгі уақыттағы жауынгер ақынның қадір-қасиетінің қаншалықты салмақты екендігі сөз болады. Уағында Махамбеттің өліміне себепші болған Баймағамбет, Қайыпқали, Қарауылқожадай байлар мен манаптардың аты-жөнін дәл сол күйі өзгертпей бүгінгі күнгі шенеуніктер мен атқамінерлердің атын атаған. Исатай есімін бүгінгінің оппозиция мүшесіне жатқызған. Екі дәуір адамдарының мінез-құлқы мен болмысынан ұқсастықтар іздеген. Бірақ бүгінгінің Махамбеті – мүлдем бөлек, маскүнем ақын.

Оқиға антрополог Ноель Жұмабаевичтің Махамбеттің бас сүйегі арқылы бет жүзін толық қалыпқа келтірген соң Республикалық мәдени және тарихи ескерткіштерді қорғау қоғамының басшысы Ықылас Төлеевичке алып келуімен жағдай өзгеріп сала берген. Ұлы ақын, қазақ халқының мақтанышы деп сайрап тұрған ол – көтеріліс көсемінің басынан сонша шошып, басты алып қалудан қашуы оның ұлттық рухтан жұрдай, таяз адам екендігінің белгісін білдіретін кейіпкер. «Тоқта, Ноэль, мен қазір... Баймағамбет Айшуақовичпен ақылдасып алайын. ...Академияның тарих және этнография институты алмай, Ноэльға қолтықтатып жіберіпті...» [9,134]. Ал профессор Қайыпқали Есімович:

Ханым, ханым дегенге

Көтере берме бұтыңды,

Көпірте берме ұртыңды, [9, 137], – деген ғой

қасқайып деп, өзі басқарып отырған Әдебиет және өнер

институтына алғысы келмей, бастың әдебиет пен өнерге қатысы жоқ, «Бұл сол тұрған, сақталған жерін де бүлдіріп кетуі мүмкін. Қиратқыш күш қой. Ал өлеңдері ше, оны зерттейміз...» [9,137], – деп салады. Профессор табан астында өзгеріп сала берді. Махамбет шығармашылығынан ғылыми жұмыс қорғап нанын жеп отырған оның ши шығаруы әлі де болса санасының тазармағанының белгісі еді. Алтын бастың қадір-қасиетін білмегендердің доп қып ойнап отырғанына ішің ашып отырады. Автор ұлттық рух пен иманның әлсірегенін осы бір сөйлемдер арқылы жеткізеді.

Пьесада Махамбеттің өзі жоқ, басы мен рухы бар. Және ол рухтар Дәуреннің жертөледе тұрып жатқан жеріне жұма сайын жиналады. Және мұны Дәурен мен Айымның естіп тұратыны фантастикаға құрылғанымен, Махамбет рухының айтарын беруде көркемдікке қол жеткізген. Махамбеттің өліміне себеп болған Баймағамбет, Қайыпқали, Ықыластардың рухы Махамбет рухының жанында жүріп кешірім сұрайды, тіл табыспақ болады. Ал, Махамбет рухы қылыш жасап әуре, ұрпағыма керек болады дейді. «Қала мен далада Баймағамбеттер мен Қарауылқожалар, Қайыпқалилар мен Ықыластар өріп жүр» [9, 147], – деп кейінгі ұрпақтың арасында да екі жүзді азғын топтың барлығын сөз ететіні адамзаттың ортақ проблемасы. Жасалып жатқан қару соларға бағытталған нәубет екенін айтуы – автордың Махамбет рухының өрлігін, әлі де халқына қызмет ететінін астарлай жеткізуі.

Қазіргі драматургияның келесі қаһармандары – Сталиндік репрессияның салдарынан қазақ даласындағы жаппай қудалаудың құрбаны болған алаш арыстары мен жазықсыз жапа шеккен жарлары мен бейкүнә періштелер. Халқым дегені үшін «халық жауы» атанып, елім дегені үшін итжеккенге жер аударылған алаш боздақтары бүгінгі таңда көркем әдебиеттің негізгі кейіпкерлеріне айналды. Рахымжан Отарбаевтың «Мұстафа Шоқай», «Нарком Жүргенов», Ерсайын Төлеубайдың «Міржақып», «Әли-Хан», «Жүсіпбек Аймауытов», «Мағжан», «Мәриям Илияс», «Ташенов», «Ыбырай», Дулат Исабекұлының «Әлдиле өмір, әлдиле», Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша», Жәркен Бөдешұлының «Шерата және шынбала» (Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» шығармасы бойынша жазылған), Армиял Тасымбековтің шығармасының

негізінде жазылған Болат Атабаевтың «Кебенек киген арулар», Мерғали Ибраевтың «Шәкәрім» («Қастандық»), Әубәкір Рахимовтың «Шәкәрім», Мәдина Омарованың «Ақтастағы Ахико», Мағира Қожахметованың «Азат алаш – даңқты алаш» тәрізді шығармалары – осы қатарды толықтыратын туындылар.

Р.Отарбаев – қазақ тарихынан үлкен орын алатын тарихи тұлғалардың көркем бейнесін жасап, оларды театр сахнасына шығарып жүрген драматургтердің бірі. Оның қаламынан туған Мұстафа Шоқай, Әміре Қашаубаев, Махамбет Өтемісұлы, Темірбек Жүргенов туралы шығармалар – бүгінде театр сахналарынан орын алған туындылар. Тәуелсіздік толғауы бәйгесінен бірінші жүлде алған Р.Отарбаевтың «Нарком Жүргенов» (халық комиссары) тарихи драмасында қоғам қайраткері Т.Жүргеновтің жұмыс барысындағы іскерлігі мен қуғындалып, жала жабылған қиын тағдырын бейнелейді. Драматургтің суреттеуінде бұл бейне елінің мүддесін жоғары қоюшы, өте әділ де көреген, айналасындағыларды ұйымдастырып ұйыта білетін, өз ісінің шебері ретінде сомдалған. Драматург Ғ.Мүсірепов либреттосын жазған «Қыз Жібек» операсына дайындық барысын көрсету арқылы қазақ өнерінің саңлақтары: Жамбыл, Күләш, Шара, Құрманбек, Қанабек, Брусиловскийлердің өнерлері арқылы олардың образдарын толықтыра түседі.

Тергеу изоляторына жауап бере келген Ғ.Мүсірепов Т.Жүргеновке: «Мейлі. Шықсақ бір төбеде, құласақ бір шұңқырда боламыз» [5, 253], – дегенде ел мен жұртқа иелік ететін де адамдар қалуы керектігін айтып аманат сөзін жеткізеді. «Халық жауы» деп жала жабылған Сәкен, Илияс, Бейімбет, Жүргенов, Құлымбетов, Рысқұловтардың портреті оқ атылған сайын біртіндеп сөніп, Жүргеновтің бейнесі еңселі ескерткішке айналуы – автордың тың шешімі еді.

Мағира Қожахметованың «Азат алаш – даңқты алаш» (Мәншүк-ғұмыр, 2015 ж.) драмасында Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан қазақ қызы, Совет одағының батыры Мәншүк Мәметованың қилы тағдыры сөз болады. Шығармаға ХХ ғасырдың отызыншы жылдарындағы жаппай аштық негіз болған. Мәншүктің әкесі – оқыған, көзі ашық, ақын, тілші, сыншы, дәрігер болған адам. Елінің бостандығы үшін күресіп, «Ақ алаш, азат алаш, даңқты алаш» деп жырлаған Алаш қайраткері. Драматург

оның жас күнінде медреседе білім алып, ислам қағидаларын ұғынған, «Қазақ», «Алаш», «Еркін қазақ» газеттерінде қызмет еткен тілші, атақты дәрігер болғандығын жадында ұстап, Мәншүктің он алты жасында Отан қорғауға аттанудағы басты мақсаты әкесін түрмеден босату болғандығын еске салады. ВКВ (б) Орталық комитетінің 1937 жылы февраль-март пленумындағы Алашордашыларды «Халық жауы» деп қаралағанда С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, А.Байтұрсыновтардың арасында А.Мәметовтің болуы шығарманың тарихилық сипатын арттыра түскен.

Драматург Мәншүктің соғысқа дейінгі қилы тағдыры мен қан майдандағы ерліктерін нанымды суреттеуде 1943 жылдың 14-15 қазанындағы Калинин майданындағы Невель қаласын босату үшін болған қиян-кескі шайқасқа жан бітірген. Автор жауынгерлердің батыр қызға деген құрметін: «Жалғыз Мәншүк бәріміздің жағдайымызды ойлап, пана, сая болғанда, мына тұрған жігіттер, бәріміз жиылып қамқорлық таныта алмадық» [5, 534], – деген жауынгер сөзіне сыйғызған. Автордың шығарма соңында Мәншүктің Жиенғалиқызы емес, Жеңсігәліқызы екендігін ескертуі тарихи шындықты қалпына келтіруден туындаған.

Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» романының желісі бойынша жазылған Жәркен Бөдешұлының «Шерата және Шынбала» драмалық поэмасы – «Тәуелсіздік толғауы» бәйгесінен үшінші орын иеленген шығарма. Осы поэманың негізінде дайындалған пьесаның оқиғасы Шерата бейнесіндегі кейіпкердің жас күніндегі басынан кешкенін немересі Шынбалаға әңгімелеуімен өрбиді. Шерата Аймен амандасып, «Айша анамның көзін көрген сенсің» деп, Аймен сырласып, қасіретке толы балалық шағын еске алады.

Мұртазаның 1937 жылы «Халық жауы» ретінде Итжеккенге айдалуы, артында қалған Айша мен Барсханның көрінгенге көзтүрткі болуы, түрмеде жатқан Мұртазаны іздеп баруы, өлместің күнін көріп титықтаған елдің сүреңсің күйі – барлығы халық басындағы сүргіннің драмалық көріністері. Драматург бас кейіпкердің есте қалған балалық шағына жан бітіру арқылы қазақ халқы басынан өткерген қасіреттен сыр шертсе, Еркін Жуасбектің «Айша. Мылтықсыз майдан» драмасы – Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» және «Мылтықсыз майдан» шығармаларының негізінде

жазылған туынды. Аталған екі шығармада да жазушының жас күні бейнеленген, Барсхан бейнесі жазушының өзі, прототипі ретінде алынған. Үш жетімегін жеткіземін деп титықтаған Айшаның тіршілігі жарлары «халық жауы» атанған жесірлердің қасіретті тағдырларын еске салады.

Тасыраңдаған бригадир Тасбеттің «Сиырың ауру, өртейміз» дегеніне қарсы шыққан Айшаны қамшының астына алуы, бұғанасы қатпаған Барсханның шешесін қорғап Тасбетті қылғындыруы, Айшаның қара сиырды сойып ауылдас тұрғындарға таратып беруі, күйеуі Орақтан қара қағаз келгендіктен әмеңгерлік жолмен жеңгесі Тотияға некелеп қоспақ болған әкесіне Айша мен Барсханның қарсы шығуы – бәрі де өмірден алынған боямасыз шындық.

Автор жалаңаш қасқыр туралы аңызға жан бітіру арқылы екі аяқты жыртқыштардың адам төзбес қанішерлігін әшкерелесе, Күн мен Ай жайлы аңыз да негізгі оқиғаны толықтыра түскен. Автор өмірде болған кейіпкерлердің қасіретті өмірлері арқылы қазақ халқының өткен ғасырдың 30-40 жылдарындағы қасіреттеріне жан бітірген.

Қазақ тарихынан үлкен орын алар тарихи тұлғаның бірі – Алаш қозғалысының белсенді мүшесі, Алаштың алдына қойған мақсат-міндеттерін жүзеге асырушылардың бірі ретінде тарих сахнасында қалған мемлекет және қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай. Тек қана қазақ емес, түбі бір түркі халықтарының азаттығы, бостандығы жолындағы күрескердің өмір жолын арқау ететін көркем туындылар соңғы ширек ғасырда жазыла бастады. Бұл қатарда Ә.Таризидың «Мұстафа Шоқай» романын, Р.Отарбаевтың «Мұстафа Шоқай» пьесасы мен Қ.Бегмановтың «Шерлі Түркістан» поэмасы мен «Мұстафа Шоқай» көркем фильмін атауға болады.

Драматург Рахымжан Отарбаевтың «Мұстафа Шоқай» пьесасында саяси қайраткер Мұстафа Шоқай өмірінің соңғы кезеңдеріне тап боламыз. Мұстафаның Маңғыстау арқылы Бакуге, одан Тбилисиге ат басын тірегені тарихтан мәлім. Алайда, Тбилиси қаласы Кеңес өкіметінің қолына өткеннен кейін Мұстафа Шоқай бұл жерде де тұрақтап қала алмай, жұбайы Мария Яковлевнамен бірге Францияға кеткен болатын. Драматургтің

пьесасына оның Ташкент, Орынбор, Түркия, Баку, Парижде жүрген уақыттары арқау болған.

Пьесаның оқиғасы ОГПУ тергеушісінің Әміре Қашаубаевты тергеп жатқанынан басталады. 1925 жылы Әміре Қашаубаевтың Парижде өткен халықаралық байқауға барып ән салғаны тарихтан белгілі. Олай болса, сол жақта Мұстафамен кездескені үшін Әміреге жасалып жатқан азаптаудың түрлері – отызыншы жылдардағы жаппай қудалаудың көркем суреттері. Осыдан кейін лирикалық шегініс жасалады да, Мұстафаның гимназияда оқып жүрген шағына ауысамыз. Драматург оқиғаға байланысты уақыт пен кеңістікті тиімді пайдаланған. ОГПУ, Ташкент, Орынбор, Түркия, Баку, Париж тәрізді қалалардың барлығы Мұстафа өмірінен үлкен орын алатын, маңызды мәнге ие мекендер екені белгілі. Ендеше, оның Ташкенттен саябыр таппай жолға жиналып жатуы, Орынборға мұсылман мемлекеттердің құрылтайына баруы, Алаш үкіметінің басшылары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Башқұрт үкіметінің басшысы Зәки Валидимен кездесуі – бәрі де тарихи деректермен үндестік табады. Осы құрылтайға Түркістан үкіметінің атынан Мұстафаның қатысуы, олардың болашақ жоспарды талқылауы, алаш зиялыларының жаппай тұтқынға алынуы, Кремльдегі Сталиннің Дзержинскийге Мұстафаның көзін жою туралы беріп жатқан тапсырмасы, Ұлы Отан соғысы басталғанда Мұстафаның тұтқындарға көмектесуі, Фюрердің Түркістан легионын үш айдан соң Совет Одағына қарсы соғысқа салмақ болғанына қарсылық танытқаны үшін Мұстафаның қасақана өлтірілуі тәрізді оқиғалардың барлығы да сол тұстағы уақытқа сәйкес белгілі кеңістік аясында жүзеге асырылады. Драматург осы оқиғалар барысында Мұстафаның елі мен жеріне деген шексіз махаббатын, оның азаттық, бостандық жолындағы ұлы армандарын дұрыс көрсете білген.

Бүгінгі тәуелсіздігіміз үшін бар саналы ғұмырын сарп еткен, тек қазақ емес, күллі мұсылман халықтарының бас бостандығын ойлаған қазақтың ардақты ұлдарының бірі Мұстафа Шоқай бейнесінің тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиетінде жан-жақты бейнеленуі қуантады. «Түркістан легионы шабуылды Сталинград, Волга, Каспий теңізі бағытында жүргізеді. Орта Азия мен Қазақстанды басып алу негізгі мақсат» [9, 262], – деген Розенбергке тұтқындардың әлі күш жинау керектігін айтып,



әзірше қираған аймақты жөнге келтіру жұмыстарына немесе мал бақтыруға жіберсек дегеніне ол көнбейді. Мұстафаның түркі ұлтынан құрылған сарбаздарды өз Отанына қарсы соғыстырғысы жоқ, өмірлерін сақтап та қалғысы келеді. «Екі жаманның бірін таңдар күн туды... «Әй, Мұстафа, бір жаудан құтқарам деп үстімізге жау құлатқаның не, Мұстафа?» – десе, ақсақалдарға не айтамын? «Тілегінді тілеп, осы күнге дейін орысқа текеметімізді тілгізіп келгенде немісті қайдан таптың, немісті?» – десе, ақ жаулықты аналарға не дермін? Тәуекелден басқа таңдау қалды ма? Жау шапқанда елімді бірге шабысқым жоқ» [9, 263], – деген сөздері Мұстафаның екі оттың арасында қалып, шарасыздыққа тап болғанының көрінісі. Мұстафаның жат елде, жат жерде, құпия жағдайда өмірден өтуі оның қасақана өлтірілгенінен хабар береді. Түркістаннан басталған ұзақ сапардың Парижде аяқталуы Мұстафа жүрген жолдың қашықтығын ғана емес, оны Азия және Еуропа елдерін мойындатқан тұлға ретінде танытады. Өмірінің соңына дейін қазақ елі мен жерін отаршылдардан құтқаруды, олардың жарқын болашағын арман еткен қайраткердің трагедиялы өлімі қазақ қалқының басынан кешкен қасіретті жылдардың көркем бейнесі екені рас.

Д.Исабековтың «Әлдиле, өмір, әлдиле» (2013 ж.) драмалық эссесі ұлы жазушы Максим Горькийдің досы, Мәскеу жоғары әдебиет институтының ұйымдастырушысы Валерий Брюсов: «Қазақ топырағында туған екінші Пушкин» атап бағалаған Мағжан Жұмабаевтың қилы тағдырынан хабар береді. Драма желісі Мағжанның жары Зылиха Жұмабаеваның рөлін ойнайтын актриса Мәдинаның оның үйіне іздеп келуімен басталады.

Пьесадағы әсерлі оқиғалардың бірі – ақынның туған елінен келген актрисаның Мағжанның ит көйлегін Зылихаға табыстауы. Мағжан ақынның бар болмысы жұбайы Зылиханың баяндауымен ашылады.

Армиял Тасымбековтың «Жан дауысы» деректі публицистикалық повесть. Алжир архипелагы» [15] атты еңбегінің негізінде жазылған, Б.Атабаев пен Қ.Шоңмұрынның «Кебенек киген арулар» қасіретнамасы [16] – «халық жауы» атанып, атылып кеткен боздақтардың әйелдері мен балаларының өмірін суреттейтін трагедия. Оқиға лагерьде бірге болған кейуаналардың бас қосып, өткенді еске алуымен басталады.

Әңгіме барысында айтылмаған сыр қалмайды. Бірінің өмірі ел қатарлы, бірі қарттар үйінде, енді бірі наркоман баласынан қорлық көрген, лагердегі тепкіде жатыры жарылып, ұрпақсыз қалған аналардың қапаста өткен сегіз жыл өмірі трагедия мазмұнын толықтыра түседі. Жазықсыз жапа шеккен арулар мен бейкүнә періштелердің қасіретке толы қилы тағдыры – қазақ халқының қасіретті жылдарына жан бітірген.

Драматургтердің қазіргі таңда кеңестік дәуір тұсында біржақты бағаланған дүниелерге сын көзбен қарай бастағандығы байқалады. Соның бір мысалы – Құдайберлі Мырзабектің «Науан Хазірет» атты тарихи драмасы. Мұнда Көкшетау дуанының указной молдасы Наурызбай Таласұлының халық берген «Науан Хазірет» деген ардақты да мәртебелі атақты алғандығы мен оның адами болмысы толық ашылады. Ең бастысы, Ғ.Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқты» трагедиясындағы Науаннан мүлдем бөлек, мінезі мен бітім болмысы кереғар адам болып кейіптелген. Ғ.Мүсіреповтің Науаны дүмше, жауыз, барлық жамандық атаулының бастаушысы, қатыгез молда болғанына Б.Құндақбайұлының: «Ол (Ақан) дінге қарсы емес, Науан Хазіреттің елдің сеніміне кіріп алып, дінді халыққа қол шоқпар етпек арам саясатына қарсы» [17, 98], – деген сөздері дәлел. Қ.Мырзабектің Науан Хазіреті білім парасаты асқан оқымысты, ислам дінінің қыры мен сырын толық меңгерген діндар да тақуа адам ретінде суреттеледі. Автор шығарма барысында Науан Хазіретті ақтап алу жолында Көкшетау жұрты малы мен жанын аямағанын алға тартады. Бұл жолда Әлихан Бөкейханов, Айдархан Тұрлыбаев, Ахмет Байтұрсынов, Сұлтанғазы Уәлиханов секілді көптеген марғасқалардың еңбек сіңіргенін сөз етеді.

Жолтай Әлмәшұлының «Ән – ғұмыр» тарихи драмасында жезтаңдай әнші, қазақ әнінің аққуы атанған Әміре Қашаубаев өмірінің саяси соқтығыстарға ұшыраған соңғы кезеңі сөз болады. Оқиға Астанада Елбасының Француз елінің беделді кәсіпкері Оноре де Базанмен жүздесіп, сонау 1925 жылы Парижде өткен дүниежүзілік этнографиялық көрмеден кейін араға 92 жыл салып қазақ жерінде «ӘКСПО-2017» халықаралық көрмесі өтетін аланды аралату барысында әнші Әміре Қашаубаев пен Мұстафа Шоқайды сөз етуімен басталып, уақыт артқа шегіндіріліп, сол уақыттағы

өмір суреттері көрсетіліп, оқиға ішіндегі оқиға әдісімен өріліп отырады.

Өміренің Парижде Мұстафа Шоқаймен кездесуі, оған Әлихан Бөкейхановтан хат апаруы, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтармен таныс-біліс болуы саяси қуғынға түсуіне себеп болғаны суреттелгенмен, оның халқының езгіден құтылып, көзін ашу мақсатында жұмыс істеп жүрген ерлерге қол ұшын бергеніне өкінбейтіні, қайсарлығы ашыла суреттелген. Мұстафаның: «Туған жерде тұрып, туған елдің ауасын жұту да – бір бақыт! Туған елге еркелеп, туған бауырлармен күліп-ойнау да – бір бақыт! Біздің қазақ ақындарына осыны айтшы! Мағжан Жұмабаевқа жеткізші өтінішімді! Осындай сағыныш туралы жыр жазсын...» [18, 7], – дейтіні елден жырақ жүріп туған жердің қадір-қасиетін ұққан адамның жүрек түкпіріндегі жан айқайындай әсер етіп, туған топырақтың қадірін біліп бағалауға үндейтін отты сөздер еді.

Сәкен Жүнісовтің «Кемеңгерлер мен көлеңкелер» атты драмалық эссесін қазақтың маңдайына біткен алып жазушылары Мұхтар Әуезов пен Сәбит Мұқановтың шығармашылық пен әдебиеттегі айтыстары, Кеңес үкіметінің құйтырқы саясатының екі мықтыны қырқыстыруының ішкі қырлары мен сырларын ашып беруде драматург адал тер төккен шығарма ретінде танимыз. Оқиға профессор Сығанақ Жолшыбаевич Жолшыбаев атты кейіпкерге бүгінгі жас жігіт пен қыздың ақиқатты жайып салуын өтініп қолқалауымен басталады. М.Әуезов театрының алдында тұрған мүсінге жан бітіп Мұқаң сөйлеп кететін фантастикалық оқиғамен өрбиді. Алғашында Сығанақтың С.Мұқановпен қалай танысқаны сөз болады.

Келесі көрініс Әуезовтің жеке үйінде бильярд үстелінің қасында өрбиді. Оқиға орнының атмосферасын беруге тырысушылық байқалады. Екі мықтының диалогтарында қазақы қалжың, достық әзіл, шымшып сөйлеу байқалады. Сәбит: «Білем, сен ұрсысуға келгенде сыпайысың да, қырқысуға келгенде ұпайыңды жібермейсің. Бетпе-бет айтысқанда мен дөрекі де, сен интеллигент... Мен дөрекі болсам пролетариаттан шықтым... Сен монтаны интеллигент болғаның – түбің шикі...» [19, 369]. Мұхтардың әкесінің мықты болып, Мәскеу, Ленинград, Ташкентте оқуға мүмкіндік бергенін айтып, Абайдың тәрбиесін алғанын,

өзіне келгенде Мұқа әкесін шынашаққа теңеп, басбармақтай Сәбиттің шыққанын астарлап жеткізеді.

«Ол халықтың болашақ Пушкині, Толстойы сіздерсіздер. Сол үшін өміріңізді ұзартқым келеді... Мен орыстың өркөкірек шовинисі емеспін, демократымын... Орыс халқының кеңдігі мен биіктігін сақтау үшін де мен сізге қол ұшын бергім келеді» [19, 378], – деген лебіздер Қабасақалдың сырын ашып берген. Оның Мұхтарға қойған үш шарты: Шыдамдылық, әділетсіз болса да қателерін мойындау, баспа арқылы ашық хат жазып, олардың ығына жығылып, кешірім сұрау. Осылайша ұлы жазушы бар жазғанынан бас тартып: «Бұрынғы әдеби-саяси істерімді осылайша айқын күйде айыптайтынымды ашық жарияламақ боламын», – деп ант су ішетіні тарихи шындық. Драматург М.Әуезовтің басында болған саясаттың сойқандарын осылай әңгімелеу әдісі арқылы сыр суыртпақтап отырып «сырсандықты» аша түседі.

Қазіргі драматургияда көп көңіл бөлінген тақырыптың бірі – 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі. С.Асылбекұлы «Желтоқсан түні», Ө.Ахмет «Желтоқсан ызғары», М.Байғұт «Жоғалған жұрнақ», Иран-Ғайып «Былыққа батқан қала», И.Сапарбай «Мәжнүн», М.Қайыңбаев «Желтоқсан жыры» атты драмалық шығармаларында Желтоқсан көтерілісін әр қырынан бейнелеуге ден қойды.

С.Асылбекұлының «Желтоқсан түні» пьесасы екі бөлімнен тұрады. Оқиғаға бар-жоғы алты-ақ адам қатысады. Алаңға бара жатқан бір топ жастар көрермендер отырған залдың ішін дүр сілкініп жүгіріп өтеді. «Держите! Не упускайте! Бей... Пни! Не жалейте!!...» «Апа!.. Апажан!...», «Ах, ты дикарь, тебе надо было пасти овец, а не демонстрировать тут свою грамотность!...» [20] деген сөздердің барлығы сол кезде, сол жерде айтылғаны анық. «Бүгін 1986 жылдың 18-желтоқсаны. Алматы уақыты бойынша кешкі сағат 22.00. Соңғы хабарларды тыңдаңыздар. Үстіміздегі жылдың 17 және 18 желтоқсан күндері астанамыздағы Л.И.Брежнев алаңында бір топ наркомандар мен олардың ықпалына ерген оқушы жастар ереуілге шықты. Олар қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің соңғы пленумының шешімдеріне наразылық білдіріп, ұлтшылдық, экстремистік, сепаратистік ұрандар көтеруде, сөйтіп, сүйікті партиямыздың

айбынды авангардының салиқалы, парасатты шешімдеріне шәк келтіруде», – деп, қазақ радиосынан берілген жаңалық шығарманың шынайылығын ғана емес, драматургтің шеберлігін танытса керек.

«Бар екен ғой, иә, Жасаған!..» – деп, ішімнен мың тәуба айттым жаратқанға түнімен. Сен оны қайдан түсінейін деп едің...», – дейтін кезінде қуғын-сүргіннің талайын көрген, Кенесары үшін он жыл жер аударылған Баймырзаның прототипі – тарихшы Ермұхан Бекмаханов. Драматургтің айтар ойы да айқын, көп қиындықты өткерген қазақтың ұрпағы аман, әлі де ұрпақ жалғаса береді дегенге саяды.

Ал, Мәди Қайыңбаевтың «Желтоқсан жыры» драмасында студент кездеріндегі достардың өткенді еске алып әңгімелесуімен прологтан басталып оқиға көріпкелдік қасиеті бар Әлішердің маңында өрбиді. Жатақханадағы студенттер оны Нострадамус атап кеткен. Әлішердің өз сөзіне қарағанда ол тас жетім болып балалар үйінде өскен. Өз бетінше талпынып жүріп оқуға түсіп студент атанған.

Әлішер алаңда діншілдігінен гөрі ұлтшылдығының басып кеткенін, ерекше сезім орын алғанын айтады. Мұнда Желтоқсаншы жастар өмірінің қайғы мен қасіретке толы өмірлері боямасыз суреттелген. Сотта: «1986 жылы желтоқсанда нашақорлар мен Кеңес әскері, ата жауындай арбасқанда, жастар жағы желіккен кезде, арақ буына еліккен кезде, аласапыран басталып кетті... Сол кезде мына Әлішер Шабайұлы бір топ жастың ортасында, арақ буының кесірінен, желіккеннің арқасында, айбынды Кеңес әскерінің бір солдатаның қаза болуына себепкер болды» [21, 99], – деп Әлішерге өлім жазасын кесу Қайрат Рысқұлбековтің трагедиялы өмірінен хабар береді.

Мархабат Байғұттың «Жоғалған жұрнақ» атты әңгімесінің желісімен жазылған Иманәлі Сапаровтың осы аттас трагедиясы Желтоқсаншы жас жігіттің тағдырлы өміріне құрылған. Мәскеудің мықты оқу орындарында оқып бітіруге бес-алты ай ғана қалған жігіт, Алматыға сүйген қызы Алманы іздеп келгенде 1986 жылдың қаңтарында болған жастардың көтерілісіне еріксіз араласып кеткен. Өйткені, сүйген қызын шашынан сүйреп, тепкілеп жатқанда еркектік намысы жібермеген Жұрнақ қылмыскер атанып, қолына шынжыр салынып кете барған. Оқиға Қазығұрт

ауданының Текемет кентінде өтеді. Ауылдық мектептегі әдебиет пәнінің мұғалімі Қонақбай ағайдың ұлы Жұрнақ қылмыс жасап ұсталып кетті деген хабар тарап кеткенде-ақ Қонақбай ағайды қайта-қайта шақыртып, ақыры екі жылға жетпей Қонақбай ағай күйіктен өлетіні Желтоқсан көтерілісінен кейінгі құйтұрқылықтардың қаншалықты өткір болғандығын суреттейтін шынайы оқиға [22].

И.Сапарбайдың «Мәжнүн» драмасында бүгінгі оқып білім іздеген жастар өмірінің бір парағы суреттелгенмен, жан мен ар мәселесі көтеріледі. Кезінде Желтоқсан көтерілісіне қатысқан Ғазиз атты суретші әрі ақын жігіттің төңірегінде оқиға өрбіп, түрлі қақтығыстар орын алады. Драмадағы Ғазизға қарама-қарсы алынған кейіпкер – Жарқын. Оның психологиясы мүлдем басқа, қалтаңда ақша болса, бәрін де сатып алуға болады деп есептейді. Драма оқиғасы милиция пунктінде өрбиді. Ғазиздің қазір генерал шеніндегі, Желтоқсан көтерілісі кезіндегі лейтенантпен кездесіп қалуымен жалғасады. Жас қыздың өліміне себепші болып, шені биіктеп жайлы креслода шімірікпестен отырған адамның бойында ар, ұждан деген сезімдердің болуы екіталай. Шығарманың соңында Сағыныштың Ғазизді іздеп келуі – есті қыздың дұрыс шешімі еді. Ол Ғазизді ақылды да намысты, ар-ұжданы биік азамат ретінде таниды. Автор шағын оқиға арқылы қолмен істегенді мойынмен көтеру керектігін, пенделердің тірлігіне әділ тарих төреші болатынын түсіндіреді.

Осы тақырыпты және бір қырынан толықтыратын Иранбек Оразбаевтың «Былыққа батқан қала» («Портмоне») драмасы. Автор үлкен қала тұрғындарының тыныс-тіршілігі арқылы біз өмір сүріп отырған қоғамның кемшіліктерін әшкерелейді. Біреу тойып, біреу тоңып секіретін заманда Жампоз Бураевич, Ақмая, Нарбота секілді кейіпкерлер күнін көре алмай, қоқыс жәшіктерін тінтікілеп тамақ іздеп жүрсе, енді біреулер шетінен ауыз да тимеген аппақ нанды қоқысқа тастап, аяқ асты етіп жүр. Жампоз Бураевич – зерттеу институты жабылып қалғанда далада қаңғып қалған профессор болса, Ақмая – оның аспиранты. «Ұлттық тұрмыс және экология» жөнінен диссертация қорғамақ болған әнші қыздың тағдыр тәлкегіне ұшырауын автор Желтоқсан көтерілісімен байланыстырады. Көтеріліс кезінде жазалаушылардың темір күрегі басына тиіп, ұзақ жылдар ұстамалы науқасқа шалдыққан

қыздың жұмыссыз қалуы – кешегі желтоқсаншылардың ауыр тағдырын еске салса, жап-жас баланың туберкулезбен ауырып тұра алмай жатқан шешесінің: «Талғажау ететін бірдеме тауып кел» [6, 207], – деуімен қоқыс жағалап жүруі оқырманды бейжай қалдыра алмайды. «Тәуелсіздіктің он жылдығын тойлап жатқандай», – деп, қоқыс алаңында қала халқының қарасы көп екенін кекесінмен суреттеген автор қоқыс жағалаған үш буын өкілі арқылы халықтың қазіргі мүшкіл хәлін ащына суреттеген. Кешегі үлкен ғалымның бүгінгі өмірі, Желтоқсаншы қыздың аянышты тағдыры, әкесі белгісіз, ауру шешенің ұлы – үшеуі де өмірден алынған кейіпкерлер екеніне дауласа алмайтының өкінішті.

Драматургтердің келесі топтағы шығармалары қазіргі қоғам өміріндегі сан алуан тақырыптарды арқау етеді. С.Балғабаевтың «Ғашықсыз ғасыр», «Мәңгілік махаббат әні», Б.Мұқайдың «Өмірзая», Р.Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне», С.Асылбекұлының «Күзгі романс», Р.Отарбаевтың «Нашакор туралы новелла», Н.Оразалиннің «Шырақ жанған түн», Ш.Мұртазаның «Ноқтаға басы сыймаған», Ж.Әлмашұлының «Жапон аруының арманы», Т.Жандәулеттің «Жұбай саудасы», Т.Әбдіктің «Ардагер» тәрізді шығармаларға замандастарымыздың тағдыр тауқыметі негіз болған. Замандас бейнесін жасаған туындылар қатарында Елбасы образын сомдаған Р.Отарбаевтың «Нұр жауған ғұмыр», Е.Жуасбектің «Терең тамыр» шығармаларын ерекше атаған ләзім. Ал, С.Тұрғынбектің «Мұқағали», Ә.Таразидың «Муза», «Ақын, періште, махаббат», Р.Мұқанованың «Муза» және Д.Исабековтің «Алтын тордағы тоты», «Тор», «Әлдиле, өмір, әлдиле», Т.Ахметжанның «Сұлу мен суретші», И.Сапарбайдың «Сыған серенадасы», Н.Ораздың «Адасқан жұлдыз» шығармаларына өнер қайраткерлерінің қилы тағдыры негіз болған.

Рахымжан Отарбаевтың «Фариза мен Мұқағали» атты үш көріністі драмасы – он үш беттен тұратын қысқа да нұсқа шығарма. Ішіп отырған жас ақын жігіттермен бірге Күшеншек ақын да бірге өлең оқып масайраған көңілді жиынмен оқиға басталып, күтпеген жерден осы топқа қосылған Фаризаны көрген масаң Мұқағали: «Шеңберден шық, бала!» – деп ақырып алып кететінінің терең мәні бар. Кейін ауруханада жатқан жерінен іздеп барған Фариза бұл шеңбердің сырын сұрағанда Мұқағали

құлашымен шеңбер сызып, оның ішінде бәрі бар: «Талантты мен тайыздар, алдамшылар мен алыпсатарлар, мансапқорлар мен жәдігөйлер – бәрі, бәрі. Сені де сол шеңбердің ішінен көргенде ақырып жібергенім рас» [9, 481] , – дейді. Ал өзі сол шеңберді мінезінің жұмсақтығынан бұза алмағанын айтады. Ал Фариза – өр. «Сен Махамбеттің, «Адырнасын ала өгіздей мөңіреткен, атқан оғы Еділ – Жайықты тең өткен» дейтін жалаугер Махамбеттің ұрпағы емес пе ең, а? Сол рух, сол күш сені шеңбердің тас талқанын шығарса екен дедім шырқау биікке!» [9, 482], – деп Фаризаны қайрай тіл қатады. Пьесада Фариза мен Мұқағалидың арасы аға мен қарындастай баға жетпес сыйластыққа құрылған. Ғашық болса, өлеңге ғашық, бір-біріне шын жанашыр қазақтың ақындарын көреміз. Олар бір-бірінің қадір-қасиетін біліп бағалаушы, жаңа өлеңдерінің тұсауын кесуші адал достық иесі ретінде көрінеді.

«Күзгі романс» – С.Асылбекұлының прозалық шығармаларына негіз болған оқығандар (интелигенция) өмірінің тағы бір қырын сахнаға алып келген пьеса. Екі бөлімді драмаға небәрі екі отбасының мүшелері, бар жоғы төрт кейіпкер қатысады. Драматург рухани құндылықтар екінші кезекке шығып, алдыңғы орынға материалдық құндылықтар шыға бастаған қазіргі өзіміз өмір сүріп отырған қоғамның шындығын екі отбасы тіршілігі арқылы көрсеткен. Назым – жеке кәсіппен айналысатын табыскер әйел, ал Сайлау – алдына жетсе, артына жетпейтін айлыққа қараған режиссер.

Өнер, ғылым мекемелерінің қоғамға көк тиын пайдасы жоқ деп түсінетіндер қазіргі таңда жетерлік. Сондықтан Назымның пікірін бір адамның емес, қазіргі қоғамда белең алған пікірлердің жиынтығы ретінде қабылдауға негіз бар. Ал Сайлау – сол ұлттық өнерге, қазақтың болашағына жанын пида етіп жүрген жанкештілердің типтік бейнесі.

Драматург көпке топырақ шашудан аулақ, сондықтан да ол Сюзанна тәрізді ғылым кандидатын оқиғаға араластырады. Сайлау мен Сюзанна шығармашылық адамдары болғандықтан, олардың пікірлері ортақ, жүректері тым нәзік. Олардың не болсын соған сеніп қалуы да сондықтан. Мәселен, Назымның қан қысымы көтеріліп, ауруханаға алып кеткен кезде Сайлаудың үйіне қарай



құстай ұшуы – оның сол нәзік жүрегінде өкпе, реніш дегендерге орын жоғын байқататын эпизод.

Оқиғаға араласатын келесі кейіпкер – Әлібек. Ол да Назым тәрізді жеке кәсіпкер. Сондықтан да олардың пікірлері бір-біріне ұқсас. Бұл екеуінің айырмашылығы Назым табысын таба жүріп отбасын сақтап қалуға тырысса, Әлібек «қазақ байыса қатын аладының» кебін киіп, қалтасы қалындаған соң, баласы мен әйелін тастап, екінші әйелмен кетіп қалған. Атам қазақ материалдық байлықты «Мал бір жұттық», «Дүние қолдың кірі» деп түсіндірсе, автор осы нақылға жан бітірген. Сондықтан да драматург осы шығармасы арқылы мәңгілік құндылықтардың рухани мұрамызда жатқандығы, материалдық байлықтың бізге мұра болмайтындығы жөнінде замандастарына ой салған.

Дәл осындай өмір суреттерін безбендейтін драматург Сұлтанәлі Балғабаевтың «Ғашықсыз ғасыр» шығармасы Қайырбай мен Фариданың үйінде дүркіреп күміс той өтіп жатуымен басталады. Қонақтардың бәрі көңілді, әсем музыка, әдемі ән, қонақтар, ырду-ырду қалжың әңгіме. Жиырма бес жыл отасқан жандардың тасыған көңілі тамаша берілген. «Саған қолым жеткен күні... саған қосылған күні дүниеде менен асқан бақытты адам болмаған шығар...» [23, 195], – деп ағынан жарылған адамнан жеңілтектік шығады деп мүлдем ойламайсың. Арқа-жарқа той өтіп жатқан отбасының шырқы Нәзікештің келуімен күрт өзгерген.

Сертте тұрмайтын ғасыр,  
Қыз намыс кумайтын ғасыр.  
Қызжібек келмейтін ғасыр.

Төлеген тумайтын ғасыр!...[23, 203], – деп өлеңдете тұрып көп сырды аңғартатын Нәзікеш те, Фарида да – Қайырбайдың жеңілтек ісінің құрбандары. «Мен Қайрекеңнен екіқабатпын... Ішімде Қайрекеңнің үш айлық баласы бар!...» – дей тұрып: «Кешіріңіз, мен қызбын!...» – дейтін оспадар сөзі – оның әбден шатаسقанын, жабыққағанын білдіретін деталь. Драмада екі әйелдің тағдырын бүлдіре отырып, өзінің де өмірін құртқан Қайырбайдың бейнесі оқиғаны шиеленістіре түседі.

Ал Баққожа Мұқайдың «Тоят түні» драмасы мүлдем басқаша өрнектелген. Балалар үйінде тәрбиеленіп, бірін-бірі сүйіп қосылған Асан мен Баян – баспанасыз, жадап-жүдеген жандар. Күйеуіне мансап іздеп жүріп, сол жолда құрбан болатын Баян –

өзінің істеген күнәсі мен Асанның мансап үшін өзін пайдаланудан тайынбайтынын сезгенде намыстың отына күйіп кететін таза адам. Сол үшін де ол таза жолмен келмеген дүниенің қызығын көргісі келмей, дүниемен қош айтысуды жөн санайды. Оны таза қалпында ұлы Мейрамның жанына мәңгілікке аттандыру – драматург тарапынан Баянды ақтау.

2015 жылы өткен Тәуелсіздік толғауы бәйгесінен екінші жүлде иеленген С.Балғабаетын «Мәңгілік махаббат әні» музыкалық пьесасы бүгінгі студент жастардың өмірін суреттейді. Білім алуға құштар олардың Алматы мен Астана қалаларына шоғырланатыны заңды. Бірі – еліміздің бас қаласы Астананы таңдаса, екіншісі – әсем қала Алматыға оқуға түсетіні шындыққа жақын. Теміржол вокзалында бірін-бірі қимай қоштасып, телефон арқылы сөйлесіп тұратын екі жұптың өмірі қатар жүріп отырады. Авторлық ұстаным дүниедегі махаббаттың кілті қыздарда, шыдамдылықпен күтсең, мәңгілік махаббат әнін шырқайсың дегенге саяды.

Замана дертін суреттейтін Роза Мұқанованың «Қызжылаған» трагедиясы Семейдегі Атом бомбасын жарып, сынақ алаңына айналдырған полигонның адамға жасаған қиянатын сөз етеді. Шығармада басты кейіпкер Ләйләнің бейнесі арқылы адам трагедиясы тереңдей түседі.

«О, жарық Ай! Мүсіркеме, сен мені. Сезімім бүтін, ақылым дұрыс, қыз боламын күнәсіз. Бірақ мынау кейпіммен... Мүгедекпін... Мүсәпірмін мен...» [24, 242] – деп құрысқан, тырысқан денесінен, жүрісінен ұялады ол. Бар сырын Айға айтады, Айдың сәулесінің шығуын асыға күтеді. Абай, Шәкәрім, Мұхтар дүниеге келген қасиетті топырақ уланып, адамы мен жануарынан радиацияның салдарынан құбыжық бейнелердің пайда болуы бұрын-соңды қазақта болмаған, адам көріп, құлақ естімеген масқара, қазақтың басына түскен ауыр нәубеттің бірі болды.

Б.Мұқайдың «Заманақыр» трагедиясы 1989 жылы жазылған. Семей полигонының тіршілікке келтірген зардаптарын көрсететін тағы бір шығарма 1953-1983 жылдар аралығын қамтиды. Яғни драматург оқиғаның басталуының арыда жатқандығын сөз етіп, сол нәубеттен зардап шеккен адамдардың отыз жылдан кейінгі тартқан азаптарын сол қалпында береді. Гүлзар баққа бөленген

дала, Шыңғыстаудың көк майса, жап-жасыл құраққа бөленген жұмақ жері, шат-шадыман күлген адамдарды айтып суреттелетін болса, кейін жарылыстан соң күйік шалған, қатпары қарс-қарс айырылып кеткен, астаң-кестеңі шыққан сұраусыз қалған қу мекенге айналғанын алға тартып, екі кезеңді салыстыра суреттейді. Осы шығарма жөнінде: «Бірде-бір кейіпкердің тағдыры көрерменді бейжай қалдырмайды. Ішінде ит өліп жатса да сыртқа шығармайтын, қасіретін жүрегінің құндағына бөлеген Салиха ананың тағдыры қандай ауыр. «Ажал жетпей өлмек жоқ» деген принциппен өмір сүріп жатқан Салиха ана құдайдың басқа салған тақсіретіне көніп болған» [25, 287], – дейді Б.Құндақбайұлы. Б.Мұқайдың бұл шығармасы Р.Мұқанованың «Қызжылаған» трагедиясынан біршама бұрынырақ жазылғанмен, екеуінің тақырыбы, идеясы, көтерген мәселесі бір.

Жолтай Әлмәшұлы «Жапон аруының арманы» шығармасын намыс новелласы деп атапты. Драматург өзінің «Режиссерге құлаққағыс» жазбасында осы күнгі қазақ елінің әлемдік өркениетке қол созғанын, дамыған елдермен терезесі тең дәрежеде пікірлесіп сөйлесе алатын білімді жастардың бар екенін алға тартып, мақтан ете суреттейді. Шығарма прологтан басталып, Мұсаханның екі жүз метрлік тереңдікте, жер астында өмір сүрген Қазанат туралы аңызды әңгімелеп тұруымен басталады. Ақыры Қазанат жұмысқа жарамай болдырып, шаршағанда жақсылық жасамақ боп көк шалғында жайылып жүрген үйірге әкеп қосады. Ол басында аң-таң болып тұрып қалып, кейін ерсілі қарсылы шаба жөнелетін көріністі берудің астарында автордың еркіндікке қол жеткізген адамның психологиясын, көңіл күйін беруі жатқанын түсіну қиын емес.

Тұрсынбай Жандәулеттің «Жұбай саудасы» комедиясы бүгінгі жұптардың өзінің өмірлік жарын таңдауға өте жеңіл қарайтынын, бірін-бірі бағаламай, қадірін түсінбейтінін тілге тиек етеді. Отбасылық өмірдің қызығы мен шыжығына бірдей қарап шаңырақтың шайқалмауы жолында барын салуы керектігі шығармаға арқау болған. Балқия мен Шолпан тәрізді оң босағада отырған кәрі қыздардың өмірін жеңіл әжуалау арқылы драматург қоғамдағы әлеуметтік мәселені көтерген. Төрт сүрбойдақтың дүкенде сатылатын «Робот қалыңдық» пен «Робот күйеу» таңдауымен шығарма желісі қоюлана түседі. Осы оқиғалар арқылы

драматург жеңіл комедияны көрсете отырып, жанұя құрған жұптарды бірін-бірі сыйлап құрметтеуге шақырған.

Мемлекеттік сыйлықтың лауреты Төлен Әбдіктің «Ардагер» шығармасында ұрлық тақырыбы қозғалады. Бұл шығарма драма театрда «Ұлы мен ұры» деп сахналанды. Түн кезген ұры қала пәтерлерінің бірін тонауға кіргенмен, жасы келген қарт ғалымды өлімнен құтқарып қалуымен басталады. Автор рухани ұрлық, материалдық ұрлықтың түрлерін санамалай келіп, он теңге ұрлаған ұрылардың жазасын өтеп, миллиондап ұрлағандардың сытылып кететінін бүгінгі қоғамның дерті ретінде суреттеген.

Нұрғали Ораздың «Адасқан жұлдыз» атты драмасында қарапайым адамның өмірін көрсету арқылы қоғамның көлеңкелі тұсындағы ащы шындықты жайып салады. Еліміздің социалистік жүйеден, капиталистік жүйеге көшіп жатқан кезінде халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы базарларға тәуелді болғандығын тілге тиек етеді драматург. Оқиға қайыршының рөлін ойнау керек болған театр актерінің өмірінен басталады. Режиссердің тапсырмасымен Көк базардың жанындағы қайыршыларды зерттемек болған актер сол жерде домбырамен ән айтып ақша табатын келіншектің өміріне қанығады. Драматург осы оқиға арқылы оқырман қауымды өмірдегі қиындыққа қасқайып қарсы тұруға, барынша күресуге, қандай нәубет болса да төзіп, адамдық кейіпті сақтап қалуға үндейді.

Д.Исабекұлының «Алтын тордағы тоты (актриса)» атты шығармасында оқиға, негізінен, бір ғана актрисаның маңайында өрбиді. Шығарманың идеясы бойынша актриса өзінің жан сырымен бөліседі. Отбасылық өмірі мен шығармашылықтағы қалтарыстар мен бұлтарыстарынан айтылмаған сыр қалмайды. Автор өнер иелерінің өмір жолдары ауыр екенін актрисаның тағдырына сыйғызуда жетістікке жеткен.

Қазіргі таңда драматургияға бір топ жас авторлар келіп қосылуда. Әннәс Бағдат (жаңаша бағыттағы «Бақтан өткенде», неміс театрының тапсырысымен жазылған «Рух» – «На Земле» лекция-спектаклі, Есенберлиннің тарихи трилогиясы бойынша «Алмас қылыш» сахналық жүйесі), Мәдина Омарова (Қарлағ хикаясын суреттейтін «Ақтастағы Ахико», «Көмбе нанның дәмі»), Ресейде тұратын қандасымыз О.Жанайдаров («Жұт», «Жастық», «Бір, екі, үш», «Магазин») атты жас қаламгерлердің пьесалары

еліміздің театр сахналарында қойылып, қалың көрерменмен қауышуда. Олар өздерінің тың әдістерімен, жаңаша көзқарастарымен, бүгінгі күнгі толғандырған мәселелерді ашық та өткір айтуымен құнды шығармаларын ұсынууда. Ал Мерей Қосын «Мен жоқ жердегі менің өмірім», Айдана Мұратқызы «Бір күндік ғұмыр» шығармаларымен «Тәуелсіздік толғауы» бәйгесінің жемісті жас драматургтері ретінде көрінсе, М.Нәсіпханұлы, Г.Хандина, Е.Серікбай сынды жастар бой көрсетіп, болашағынан үміт күттіруде.

Қорыта айтқанда, тәуелсіздік тұсындағы драматургия қалыптасқан дәстүрлі жолын жалғасырып келеді. Бұл жылдары қазақ сахнасы көптеген жаңа есімдермен толықты. Драматургтер сан ғасырлық тарих пен ХХ ғасырдағы түрлі оқиғаларға жан бітірді. Тарихи тақырыппен бірге бүгінгі өзіміз өмір сүріп отырған қоғам шындығы да жеткілікті дәрежеде қамтылғанынан жоғарыда сөз болған шығармалар мысал бола алады. Алайда, балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармалардың жоқтығы – бүгінгі қазақ драматургиясындағы үлкен олқылық.

### ***Әдебиеттер:***

1. Қазақ сахна өнері. Тәуелсіздік кезеңі. – Алматы: КИЕ, 2009. – 488 б.
2. Шахмарден. «Томирис» Тарту (жинақ). – Алматы, 2004. – 505 б.
3. Әліпбай Т. Аттила. Томағалы Томирис (пьеса). – Талдықорған: Алатау, 2008. – 390 б.
4. Шахмарден. Қазақтар (пьеса, қолжазба. М.Әуезов атындағы драма театрдың мұражайынан алынды).
5. Алаш тарихының ақиқаты (пьесалар жинағы). – Алматы: Ан арыс. –2015. –540 б.
6. Өрілген өмір өрнегі (Жүлде алған пьесалар). – Астана: Нұра-Астана, 2012. – 568 б.
7. Кекілбайұлы Ә. Абылай хан (пьеса) // Жалын., 11.12.1997. 4-103 бб.
8. Классикалық зерттеулер. Т.31. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2014 ж. – 412 б.

9. Отарбаев Р. Айна ғұмыр. – Астана: «Фолиант», 2013. – 511 б.
10. Классикалық зерттеулер. Т.15. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013 ж. – 412 б.
11. Иран-Ғайып. 13 томдық таңдамалы шығармалар жинағы. Т.5. – Алматы, 2006. – 429 б.
12. Исабеков Д. Бес томдық шығармалар жинағы, 4-том. Күрделі жанрдың жауынгері. – Алматы: Өлке, 2003. – 391 б.
13. Сахна желісі Махамбет. Махамбет әлемі. – Алматы: Арыс, 2003. – 344 б.
14. Сығай Ө. Театр тағылымы. – Алматы: Парасат, 2003. – 320 б.
15. Тасымбеков А. «Жан дауысы» деректі публицистикалық повесть. Алжир архипелагы». – Алматы: Жалын, 1994. – 175 б.
16. Б.Атабаев. Кебенек киген арулар. Авторы және реж. – Б.Атабаев. (қойылым диск. М.Әуезов атындағы театрдың Музейінен алынды).
17. Құндақбайұлы Б. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 8-том. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2004. – 520 б.
18. Әлмәшұлы Ж. «Ән – ғұмыр» (Қолжазба драматургтің жеке архивінен алынды).
19. Жүнісов С. Пьесалар. 2 том. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 416 б.
20. Асылбекұлы С. Шығармалары. II том. – Астана: Фолиант, 2008. – 413
21. Қайыңбаев М. Кісендеулі қолжазба. – Алматы: Жазушы, 2013.– 191б.
22. Байғұт М. Жоғалған жұрнақ. [http// baigut-uko.kz](http://baigut-uko.kz)
23. Балғабаев С. Ең әдемі келіншек. – Алматы: Ана тілі, 2006. – 272 б.
24. Мұқанова Р. Шығармалары. I том. Қызжылаған. – Алматы: Арда, 2014. – 319.
25. Құндақбайұлы Б. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 9-том. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2005. – 998 б.

---

## ПОРТРЕТТЕР

---

### ҚҰМАРОВА ШӘРБАНУ

*(1936 жылы туған)*

1936 жылы 13 мамырда Алматы облысының Есік қаласында туған. 1961 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің тіл-әдебиет факультетін бітірген.

«Мәдениет және тұрмыс» («Парасат»), «Қазақстан әйелдері» журналдарына қызмет еткен ол Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты (1999), «Құрмет» орденінің иегері.

1961 жылы шыққан «Қыз сыры» атты тұңғыш әңгімелер жинағынан бастап, «Терезелер», «Қос шынар», «Сәуірдің ақ таңы», «Қазбауыр бұлттар», «Қызыл қайың», «Өмірім менің – өнерім», «Әйел шырағы», «Жердің тұзы», «Құлжа жолы», «Сезім патшалығы» атты прозалық шығармалармен қатар бірсыпыра драмалық туындылар берді. Оның «Кімнің тойы», «Бір бойдақтың хикаясы», «Қара сандық», «Күләш – Шара» сынды туындылары қазақ театрларымен бірге басқа да халықтардың театрларының репертуарынан орын алды.

Жазушы шығармалары «Белое утро апреля» деген атпен орыс тіліне аударылып, «Жазушы» баспасынан 100 мың данамен шықса (1978), «Женщине сорок лет» Мәскеудің «Советский писатель» баспасынан жарық көрді (1980).

\* \* \*

Ш.Құмарованың алғашқы әңгімелері 1958 жылдан бастап «Қазақ әдебиеті», «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас» тәрізді республикалық газеттерде шыға бастады. Көпшілік арасында қызу талқыланып, әдеби жұртшылықты елең еткізген әңгімесі – «Бағиращ». Бұл әңгімені кезінде Б.Тоғысбаев: «Это – бесподобный рассказ», – деп бағаласа, «Қыз сыры» атты тұңғыш әңгімелер жинағы жөнінде жазылған «Жас талантқа жақсы пікір» мақаласында ақын Ж.Саин: «Тыңға түрен тартқандай қазақ әдебиетіне тұңғыш прозашы әйел келді...» – деп, жаз жазушыға ақ батасын берген болатын [1]. Ал 1961 жылдың 12 мамырында «Образ және образдылық» деген дипломдық жұмысының ресми оппоненті М.Әуезов: «Әсіресе, осы дипломның жазылу тілі аса

жатық, орамды, ылғалды келген. Ой да бар, оны таратып, нанымды-қонымды етіп берерлік сөз суреткерлігі мен кестесі де бар. Көбінше дұрыс, ұйтқылы ойды мөлдір түсінікті тілмен шебер тарата білу жақсы өнерді аңдатады. Сондықтан бұл еңбекті өте жақсы деп бағалау әділ болар деп санаймын» [2, 19], – деген пікір берген екен. Міне, осылайша әдебиетке деген қадамын нық басқан жазушы қыз ұстазы З.Қабдоловтың жетекшілігімен дипломдық жұмысын жаза жүріп бірсыпыра ақын-жазушы ағаларымен жақын араласты, ақ батасын алды. Олардың қатарында М.Әуезов, С.Мұқанов, Ж.Саин, Ә.Нұршайықов, Д.Әбілов, Ж.Жұмақановтардың есімдерін ілтипатпен атауға болады.

Замандастары жайында сыр шерткен жазушының «Терезелер» атты жинағына енген әңгімелерінің негізгі кейіпкерлері – болашаққа батыл қадам жасаған озық ойлы, өршіл рухты кеңес жастары болса, «Қос шынар» жинағынан ауылдың әсем суретімен бірге еңбек адамдарының жан сұлулығын көруге болады. «Шылым» әңгімесіндегі кейіпкердің «уһ» деп күрсінуі – оның жанын жеген күйініштің көрінісі. Әскерге кеткен жарынан айырылып, жалғыздықтың зардабын шеккен жандардың жайын сол бір күрсіністің өзі-ақ жеткізіп тұрғаны белгілі. «Замандастар» жинағының негізгі кейіпкерлері де еңбекшілер. Күрішші, шопан, ғалым, композитор әже тағы басқа маман иелері туралы әңгімелер жастардың болашақ мамандығын таңдауға өз септігін тигізери даусыз.

«Көк жұлдыз», «Самал», «Сәуірдің ақ таңы», «Ең сұлу қыз», «Сергелден», «Бастық», «Ауылнай әкеңнің баласы», «Әуеде ұшқан көкқұтан», «Қызыл қайың» атты повестеріне адамгершілік, махаббат, отбасы мәселелері арқау болса, «Жердің тұзы» атты үш таған повесіне қилы-қилы үш кезең оқиғасы негіз болған. Ләззат, Нұрсұлу, Кенжегүл сынды кейіпкерлердің тақсіретті тағдыры арқылы 1937 жылдың нәубеті ашылса, Айбану, Айна, Сұңғат кешкен өмір өткелдерінен кешегі сұм соғыстың ызғары еседі. «Жыңғыл бүр жарғанда» повесі кешегі тоқырау кезеңінің көріністері – адам жанының рухани жағынан жұтаңдауын, ойдың таяздануын, дүниеқоңыздық пен табансыздық секілді жағымсыз жат қылықтардың бой алуын ар талқысына салатын көркем туынды.

«Қазбауыр бұлттар» жинағына енген «Сәуірдің ақ таңы», «Биші», «Көк жұлдыз», повестері мен «Келін боп түскен жылы»,



«Хатшы», «Бозқырау», «Адамға адам керек» әңгімелерінде бүгінгі замандастардың жан дүниесін әр қырынан бейнелеп, олардың тұрмыс-тіршілігі, мұрат-мүддесі хақында өрнекті ой түйеді. Жинаққа енген «Ханым қыз» атты роман-толғау оның бұл уақытқа дейін жазып жүрген әйел-ана, отбасы, махаббат туралы шығармаларының жиынтығы десе де болғандай. Себебі, жазушы бұл шығармасына өзі өмірден көрген жайттардан түйін жасауға тырысқан. «Махаббатта да майдандағы сияқты әркімнің өз тағдыры бар» деген Теодор Драйзердің пікірін негізге ала отырып, махаббат туралы сыр шерткен жазушы бір-біріне ғашық болған Ұлан мен Кербездің оқиғасы арқылы сонау XX ғасыр басындағы оқиғаларға жан бітіреді. Хиуаның қызы Кербез бен 1918 жылы әкесінен бір жасында қалған Керімбаланың ұлы Ұланның бір-бірін жоғалтып алған бауырлардың табысуына септігі тиеді. Жазушы Мырзатай мен Ақжолтай, Кербез бен Сәлімгерей, Бұхарбай мен Мәнтай, Қамқанай мен Әмірәлі, Қамқанай мен Ораз линиялары арқылы махаббаттың тылсым сырларынан сыр шертеді. Арғы-бергі тарихқа шолу жасаған автор кеше мен бүгінді салыстырып, жиырмасыншы, отызыншы жылдардағы нәубатты еске алып, сол жылдардың салған жарасын нақты мысалдармен тұжырымдайды. Мәселен, отызыншы жылдардың құрбаны болған Дулаттың артында қалған балаларының араға көп жыл салып кездесуі кешегі қуғын-сүргін жылдарының зардабын аңғартса, соғыстың салған жан жарасы да бірнеше ұрпаққа өз зардабын тигізгені рас. Ал роман басындағы бөкесі топыраққа көміліп жататын Мырзатайдың жұбайы Ақжолтайды бір қызымен тастап кетуі өмірге деген салғырттықты, жауапсыздықты аңғартса, Қамқанайдың құдай қосқан жарының өмірден ерте озуы адам бар жерде өлім бар екенін еске салады. Ақжолтай – кешегі қырыққа жетпей кемпір болған жандардың жиынтық бейнесі болса, одан туған Қамқанай – тағдыр тәлкегіне ұшырап денсаулығынан айырылған ана. Ал Қамқанайдың қызы Гүлқадриша – жиырмасыншы, отызыншы жылдардың қуғын-сүргінін көрмеген, соғыстың зардабын тартпаған қазіргі заман жастарының жиынтық бейнесі. Олардың басынан өткен оқиғалардан жазушы мынадай тұжырым жасайды: «Күйеуі тастаған әйелдің қайғысын ол көрген – онысы Ақжолтай. Ал күйеуі өлгеннің күйігі одан да қиын ба деп қалды: біріншісі – ұзақ та жіңішке ауру сияқты, ішті үңгіп өле-

өлгенше жеп тынатын; екіншісі – бір-ақ әкететін опат ауру секілді». Жазушы осылайша әйелдердің жан сырын түсініп қана қоймай, оны көркем әдебиетке алып келіп оған жан бітірді.

Жазушының махаббат тақырыбын қозғайтын романының бірі – «Әйел шырағы» (1985). Автор романда әйел бақыты не, деген сауалға жауап беруге тырысқан. Оны екі-үш кейіпкер бойындағы ерекшелік пен олардың тағдыр тауқыметімен ашуға ден қойған. Тек әйел-ана ғана сезінер шынайы сезім иірімдері шығармада әдемі өріліп отырған, әйел затына ғана тән махаббат атты ынтық та ыстық сезім шарпуын жеткізуде автор жетістікке жеткен. Нәзік сезім иелері бойындағы сырлы да сыршыл сезімдерге үңілу әйел жазушылардың ғана қолынан келер жетістік болса керек. Романның негізгі жетістігі де оның сыршылдығы мен сыншылдығында. Автор тек әйел затына ғана тән физиологиялық өзгерістер мен адам жанындағы тебіреністерге жан бітірген. Шығармадағы үлкен жетістік – лиризм. Бұл – жазушының нәзік көңіл күйімен, сезім әсерімен суарылған эпикалық шығарма. Романның композициялық құрылымы да кейіпкерлердің жан тебіреністеріне қарай өріліп отырады. Ақтеңгенің бүкіл ғұмыры оның сыры ретінде романға арқау болған. «...Дүниеде бір қайталанбас нәрсе болса, ол – махаббат! Ол – құдіреттің құдіреті! Оны сезген, ыстық шербетінен татқан адам – бақытты! Ал сезбей өткен дүмшелерді аяймын», – деген Ақтеңге сөзінен оның бойын махаббат атты алаудың күйдіріп-өртеген құдіретін танимыз. Осындағы әрбір сөйлем соңындағы леп белгілер кейіпкердің көтеріңкі көңіл күйін ашу қызметін атқарып тұр. Шығарма желісінің күтпеген жерден күрт өзгеруі де лирикалық прозаға тән ерекшелік. Ақтеңгенің ең жақын сырлас сіңілісі бола білген Пәризатқа оның бұрынғы күйеуі Әбдіқайымның кездесуі – лирикалық прозаға тән ерекшелік. Ақтеңге сыры арқылы Пәризаттың өмірінің ұштасып отыруы оларды жалғастыра түседі. Ақтеңгенің бар сырына қанық Пәризаттың Әбдіқайымның қалыңдығы болуы – лирикалық проза қаһарманының күтпеген жағдайларды басынан өткеріп отыратынына мысал. Кейіпкерлердің басынан кешкен көңіл күйлеріне құрылған бұл роман лирикалық прозаның қатарын толтырары даусыз. Жазушының үлкен жетістігі – әйел затының болмыс-бітімі мен оның жан дүниесіне терең үңіле білуі. Кейіпкерлер бойындағы

шынайы нәзік сезімдер олардың сөзі мен ісі, бір-біріне айтқан сыры арқылы айшықтала түскен. Барша әйел затының тоқырайтын кезіндегі физиологиялық өзгерістерді автор шынайы түрде жете суреттеген. Сырт көзге жын ұрғандай өзгерген Ақтеңге бойындағы құбылмалы құбылыстың сырын жазушы табиғат заңдылығы ретінде көрсетуге тырысқан. «Қайда қашса да Қорқыттың көрі» дегендей уақыт шіркіннен қашып құтыла алмайтындығын дер кезінде ойламау – уақыт оздырудың бір белгісі.

Оқиға негізгі үш кейіпкердің төңірегінде жүріп жатады. Махаббат тек екі адамға ғана ортақ болса, үшіншінің біреуі артық екені белгілі. Осы негізгі кейіпкерлер төңірегіндегі оқиғаны толықтырып отыратын жанама кейіпкерлердің де атқарар міндеттері аз емес. Төл сөз бен төлеу сөзді орынды пайдаланған автор Торты ана болмысы, оның өмір тарихы, өмірден көрген бейнеті арқылы бүкіл әйел анаға ортақ қасиеттерді жинақтаған. Тортаның жастық шағына жасалған шегініс те оның бейнесін толықтырар қызмет атқарары даусыз. «Еркектің ісі үйде емес, түзде өнбек» дегенді сылтау етіп, бітірері болмаса да үйде дамыл тауып отыра алмайтын Бейсенбінің Тортаны жөнсіз қамшы астына алуы сынды шағын ғана эпизодқа автор үлкен жүк артып, мақалдың тозығы бар, озығы бар екенін әркім ескере білмейтіндігіне назар аударған. Түзде жүріп бала-шағасын асырап қызмет етсе, әйел адамның да шатағы бола қоймас, бірақ, атабабадан қалған мақалдың мәнісін қашырып бейберекет жүретін еркектердің әйеліне төмен етекті деп қарауы да өмірден алынған шындық. Ауылда таңның атысы, күннің батысы бір тынбайтын Тортаның екі қолы алдына сыймай «тезектің шоғына, табаға пісірген қолдан ашытқан нанды аңсауында» шынайылық басым.

Жазушы Пәризатты ес білгелі оңы мен солын танып әкешеше арасындағы орынсыз кикілжіңге, аға мен жеңге арасындағы жанжалдың шығу себебіне жаны күйзеле жүріп бойжеткен, өмірден тоқығаны көп жан ретінде бейнелеген. Кейіпкерінің жасы жиырма беске келгенше оң жақта отырып қалғанын былайша түсіндіреді: «Тұйықтығынан, әлде кісікіік тағы мінезінен көрсін, бұл жасқа шейін құйысқаны көтерілмей үйде отырып қалу нәзік әйел затына қиын-ақ. Енді қайтсін, «мені алғын!» деп көк атты көлденең біреудің мойнына асыла кетсін бе? Бұл дегенің – Пәризат үшін өрескел, жалпы қазақ қыздарына жат қылық» [3, 4]. Қазақ

қыздарына тән биязылық, тәрбиелілік, бұйығылық, ұялшақтық, үлкенге құрмет, кішіге ізет, сабырлылық сынды қасиеттердің бәрі де бір кейіпкер бойынан табылуынан олардың типтік дәрежеге көтерілгені байқалады. Ауылдық жерде өсіп, отбасында жақсы тәрбие алған, бойына тек жақсы қасиеттерді жинақтаған Пәризаттың көпшілдігі, еңбекқорлығы, кісі жанын ұға білетін нәзік сезімі арқылы оқиғаға жалғасып отырады. Ауыр операциядан жаны аман қалып, ауруханада жатқан Ақтеңгені бәйек болып күтуі, оның сырына қанық болып жан жарасын түсінуі махаббат атты тылсым күшке кедергі бола алмайды. Ақтеңгенің Әбдіқайымды қаншалықты сүйетінін білгенмен, бұл да өз бақыты үшін күресе білетін жан.

«Ана ақылы Пәризатқа ғұмыр бойы серік болғандай: өзіндегі барды базарлап ұстау, жоқты жасаймын деп жанықпау, барға тасымау, жоққа жасымау – бойтұмардай жадында сақтаған нәрсесі» екенін автор ана тәрбиесі арқылы түсіндіреді. Ендеше, Әбдіқайымның «Шешесін көріп қызын ал» деп жүргені де аяулы ана тәрбиесінің оң нәтижесінен болса керек.

Ақтеңгенің жан сырын бөлісер жаны Пәризат болғанына не дерсін: «Ақтеңгенің сырынан соң Пәризат теңселіп, салы суға кетіп қайтты. Әйелдің ақтарылған әр сөзі бұған шаншу болып қадалды. Мың ине сұққылағандай, тұла бойы түршігіп: «Несіне бардым?, несіне тыңдадым?» – деумен зар иледі...» [3, 139].

Ал уақытында жар тауып, күйеуге шыққан жеңгесі Шамшынұрдың да арманы аз емес. Қасында Құдай қосқан жары, басында баспанасы бар дегені болмаса, оның алдында төменшіктей беруінің де өз себебі бар. Ол өмірге нәресте алып келе алмағаны үшін жазықты. Пәризат оң жақта отырып қалғаны үшін өзін жазықты санаса, Шамшынұр бала таппағаны үшін кінәлі. Сонда, күйеуге шықты не, шықпады не? Көргені қос үрей, еститіні қаралау болса, әйел баласының көресісі көп екен-ау деген авторлық ұстаным кейіпкер ойы арқылы беріледі.

Романға арқау болған әр алуан оқиғалар мен монолог, диалогтар негізгі кейіпкерлердің бейнесін ашу үшін қызмет етеді. Бір көрген адамға не киемін, не ішемін деп бас қатырмайтын, қайда барамын деп қиналмайтын Ақтеңгеден бақытты жан жоқ тәрізді. Бірақ, оның ішкі дүниесіне үңілген сайын одан бақытсыз адам, сірә, тұмағандығына көзің жетеді. Бетінің әрі, бойының нәрі

уақыт өте кетерін байқамаған Ақтеңге – бір сәттік сезім құлы болғаны үшін барынан да, жарынан да айырылған бейбақ жан. Жазушы дүние-мүлік, атақ-дәреже, қызмет ешбір жанды бақытты ете алмайтындығын өмір шындығы ретінде көрсеткен. Ол ғылыммен айналысуға, жаз бойы экспедицияда жүруге мүмкіндік жасап, бала-шағасына қарап, үй шаруасын дөңгелетіп отырған Нақанның қадірін кеш түсінеді. Сол бір өмірде орны толмас шатасуды автор Ақтеңгенің өз аузымен айтқызу арқылы шынайылығын аша түскен: «Бірақ «түрт шайтаның түрт» деп тұрса, жаңылмайтын жерде жаңылады екен адам. Оны мен саған айта алмаймын, сіңлім, Пәризат, қысқасы, Нақанның бетіне қарай алмайтын күн туғанда ажыраспауға амал қалмады...» [3, 136]. Сезім жетегіне ерік берудің де өз орны болары, бір мезгіл сезім деген шіркінге де тежеу керек екендігі Ақтеңгенің істеген істерінен айқындала түседі. Махаббат атты нәзік сезімге ашқарақтық, қызғаншақтық сынды қасиеттердің опа алып келмейтіндігі де Ақтеңге ісімен ашыла түскен.

Орталық кейіпкердің бірі – Әбдіқайым. Ол – өзінің іскерлігімен, пысықтығымен, ашықтығымен көріне білген жан. Ағасы қайтыс болған соң, Ақтеңгенің қолымыздан келгенді аямаспыз деген сөзін медет тұтып қалаға оқуға келгенімен тынбай, онымен жақынырақ араласуы, әрине, артығырақ. Ағасындай болған Нақанның көзін ала бере жеңгесіне сөз салуы – оның жылтырағаннан құр қалғысы келмейтін көрсеқызарлығы. Жасы өзінен үлкен, балалы-шағалы, үйлі-баранды жанға сөз салуының өзі қазақ қауымы үшін жат қылық. Алаулаған ыстық сезімнің өзі жанға дауа бола алмайтындығын, бақыт атаулының негізі басқада болатындығын Әбдіқайым кеш түсінеді. «Балалы үй – базар, баласыз үй – мазар» екенін кеш ұққан ол жасы егде тартқан сайын жас нәрестенің иісін иіскегісі келетінін жасыра алмай, араларына кикілжің түседі. Ынтыға қосылған екеуінің аралары суына бастауының екінші себебі Ақтеңгенің өзіне байланысты. Оны ынтыға қосылған сүйіктісі Әбдіқайымның мына сөзінен байқауға болады: «Мүлік иесі әйелге ұқсамайсың, үйге ұсынықты, шаруашылыққа үпті әйелден айналып кетпеспісің? Қашан келсең де аузы-мұрнынан шыға ыбырсып, қоқсып жатқан үй, жуылмаған еден, шашылған төсек-орын, көшетін үйдейміз құдды...». Артық сөзі жоқ, үй шаруасына икемді Нақанның мойнына мініп, өз

міндетін ұмытуы – оның негізгі кемшілігі. Бір көрмекке көркі керек болғанмен, отбасының ынтымағы, бірлік-берекесі әйел көркімен шешілмесі анық. Сыртта қызметкер болғанмен әйел адамның үйде атқарар өз міндеті бар. Тапқан ақшасын міндет етіп, үй шаруасына қарамайтындығын Нақан көтергенмен ауылда өскен, оң-солын танып қалған Әбдіқайымның көтере алмасы анық.

Автордың бір жетістігі – үлкен әлеуметтік мәселелерді орнын тауып көтере білу, оқырманға ой салу. Ақтеңгенің шетелдік репартерларға берген сұхбатындағы мәселелердің күні бүгінге дейін шешімін таппай келе жатқаны белгілі. Ауыл-село тұрмысын қаламен теңестіру, ядролық апатты болдырмау, әйел теңдігі, экологиялық мәселелердің күні бүгінге дейін өзекті болып тұрғаны анық. Ел өміріндегі осындай мәселелердің қатарына Пәризаттың хатын інілерінің түсінбеуін (қазақша сауатсыз болуы) де жатқызуға болады. Қазақстанның астанасы Алматыда қазақша мектептің емге табылмауы да сол жылдардың ащы шындығы.

Шығармада көзге түсетін тағы бір ерекшелік – ұлттық нақыштар мен қазақ халқына ғана тән салт-дәстүрдің жеткілікті дәрежеде бейнеленуі. Оны ә дегенде Тортаның баласы Алмастың сөзіне еріп қалаға кеткелі жатқан тұсынан келтіруге болады: «Әншейінде арадай талайтын ағайынның кимас сөзі көбейді: «Қара орманды құлатып... ағайыннан жырылып... жылы орнынды суытып...» Бейсембінің үлкен әпкесі, бүгінде кебісін сүйреткен кәрі кемпір, қалтақтап әрең келіп, ал кеп Тортаны қарғасын. Сай-сүйегін сырқыратқан сұмдық нәлеті сөздерді төккенде, тура өлген шалының соңынан қоса аттандырып жіберердей» [3, 13]. «Бар болса – көре алмайтын, жоқ болса – бере алмайтын» ағайынның жақынын жатқа қимауы, ауыл адамдарының қала тіршілігіне көңілдері толмауы, қара шаңырақты иесіз қалдыруды жөнсіз деп қабылдауы – қазақы ұғым-түсініктің көрінісі.

Келін түсірудегі әдет-ғұрыпты Ақтеңгені ауылға алып барған сәттен кездестіреміз. Жаңа келген келіннің бетіне ақ орамал жабу, отқа май құю, босағаны оң аяқпен аттау, үлкендерге иіліп сәлем жасау, жаңа түскен келіннің төрге озбай босағада отыруы, жас келіннің үлкенге құрмет, кішіге ізет жасауы сынды әдет-ғұрыптардың бірін де Ақтеңгенің сақтамауы – оның шыққан ортасы мен тәлім-тәрбиесін, өнегесін көрсетер эпизодтар. Ал, Пәризат пен Әбдіқайымның қайын жұртын есік-төр көрсетуге

шакырып қонақ етуі, олардың әрқайсысына өздеріне арнайы алынған сыйлықтарды тарту етуі – қазақ халқының атадан-балаға жалғасып келе жатқан «Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз күйеу болмайтындығын» танытар көрініс. Шығарманың осындай ерекшеліктері жөнінде қазақ романының білікті маманы Ш.Елеуенов былай дейді: «Шәрбанудың кейіпкер тағдырына уақыт таңбасын салуға күштарлығы, ұлттық бояу, айшықтарға ерекше зер салатын мәнері әбден құптарлық».

Ш.Құмарова әйел бақыты неде, деген сауалға бір-біріне кереғар бейнелерді қатар ала отырып жауап бере білген. Әйел бақыты – нәресте сүйіп ана болу, шаңырақтың шайқалмауын, береке-бірлікті сақтау екендігін Торта, Ақтеңге, Шамшынұр, Пәризат бейнелері арқылы бейнелеген. Торта – өмірден көргені көп, балаларының ынтымағын, отбасының берекесін ойлаған ана. Ол – баласы Алмастың сөзін қимай өзінің қара орманын тастап, қартайғанда қалаға келіп, сырласар абысын-ажынын сағынған жан. Шамшынұр – үйі де, күйі де болғанмен, бір перзентке зар әйел. Ақтеңге – қолда барын бағалай білмеген, отбасының берекесін қызғаншақтықпен, көрсеқызарлықпен кетірген, бір сәттік сезім үшін бар бақытынан айырылған берекесіз жан. Пәризат – өмір атты теңізден жиганы мен тергені көп, сезімді ақылға билеткен саналы да сабырлы, көпті көрген, жаманнан жиреніп, жақсыдан үйреніп өскен жан. Әйел затының көрер бақыты да жақұты да бала екендігін автор роман соңында Пәризаттың толғауымен нақтылай түскен. Айдай сұлу Ақтеңгеге қыр көрсеткен Әбдіқайымның аяғына ілінген сүйретпемен көшеде далақтап шауып бара жатуының да негізгі себебі – дүние есігін ашқалы тұрған перзенттің құдіреті.

«Шылым» атты алғашқы әңгімелерінен бастап анасы туралы сыр шерткен жазушы қырқыншы жылғы келіншектердің қасіретті тағдырын бар шығармасына арқау етті деп айтуға да болады. Соның нақты мысалы – «Ханым күз» роман-толғауы. Бұл – алғашқы әңгімелерінен бастап кейінгі жылдары жазылған үлкенді-кішілі шығармаларына арқау болған ана туралы оқиғалардың заңды жалғасы. Романның негізгі идеясы жазушының оқырманмен сырласқан толғауынан-ақ аңғарылады. «Қырыққа келмей жатып қартайған апам туралы айтпақпын сіздерге. Иә, қырыққа келмеген кемпірлер туралы. Әйел қасіретін

әйел түсінбегенде, кім түсінер. Менің апам қырыққа келмей қартайса, ал біз қырыққа келсек те, өз жасымыздан жастау көрінеміз бе?.. Апамды уақыт қартайтты. Біз де... жоқ, біз қайта жасаңғырап барамыз, ал біздің аналарымыз біздің жасымызда қандай кәрі еді!» – деп толғанған автор сол бір алапат жылдарға шегініс жасайды. Иә, бүгінгі қырқында қылшылдап тұрған келіншектерді көріп жүрген жандар қырқында кемпір болғандардың қандай болғанын қайдан білсін? Осылайша оқырманға үлкен ой салар роман оқиғасы сонау қырқыншы жылдардан басталады. Осындағы «Қойныңа алмадың» деп, талай қыз-келіншекті сабаған Әли де, Солтүстік Кавказдан Қазақстанға эвакуацияланған Әзиз де, анасы шейіт болған жас нәрестені бауырына басқан Омекең де, тағдыр тауқыметін тартқан Ақжолтай да сол тұстағы типтік бейнелер. Жазушы қазақ романын мазмұны ғана емес, түрі жағынан да байытты. Роман-толғау арқылы өзінің өмір жайындағы түйіндерін жеткізе білген ол «Адал еңбек – бәрің де жеңбек» деген тұжырым жасайды.

Бұған дейін отбасы, махаббат, адамгершілік мәселелерін үзбей көтеріп жүрген Ш.Құмарова «Сезім патшалығы» (2003) атты романда махаббат тақырыбына қайта оралды. Ризат пен Жәнібек арасындағы кикілжіңнен басталған роман шытырман оқиғалармен ширай түскен. Ризаттың шамадан тыс қызғаншақтығы, дүниеқоңыздығы мен тәкаппарлығы Жәнібек екеуінің арасындағы сезімді от сепкендей сөндіріп тынады. Жазушы бір-біріне кереғар кейіпкерлер арқылы адам баласының бір қалыптан шыққандай мінсіз болмайтындығын түсіндіреді. Мәселен, Құдай қосқан жарының қадірін білмейтін Ризат пен дүниеқоңыз Сараның іс-әрекеттері Гүлмира мен Қызғалдақтың бейнесін толықтырады. Өке-шешесіз балалар үйінде өскен томаға тұйық Гүлмираның олардан қорқып жұмысын тастай қашуы оқиғаны ширатуға қызмет етеді. Балалар үйінде жүргенде Райхан апайының үйіне барып тұратын Гүлмираның сол үйге Қызғалдақты ертіп келуі арқылы көп сыр ашылады. Райхан отызыншы жылдары өзі ұсталып бара жатқанда жалғыз қызы Кәмешті Түсіпхан мен Үрсұлудың қолына ұстата кетеді. Араға жылдар салып немересінің алғырлығының арқасында қызын тапқан ол Алтайға барып, замандастарына сәлем беріп, алғысын алып қайтады.



Кәмеш пен Сланбек, Ризат пен Жәнібек, Жәнібек пен Қызғалдақ, Сағындық пен оның жұбайы арасындағы оқиғалар арқылы оқырманға ой салған жазушы Әзімнің опасыздығы үшін шаранасын алдырып тастаған Зарауканың ғұмыр бойы бала көтермеуімен не нәрсені де екі өлшеп, бір кесу керектігін ескерткенді. Отбасының тыныштығын, береке-бірлігін сақтау екі адамға да ортақ екенін романдағы оқиғалар растайды. Айрандай ұйыған отбасын іркіттей іріткен шайпыауыз Ризат, Зараука жолының жіңішке екендігін ойламаған Әзім, беті жылтыраған әйелді алдынан өткізбейтін Сланбек, бақытты дүниемен өлшейтін Саралар – махаббат пен отбасылық бақыттың қадір-қасиетін түсінбеген жанкештілер. Зараука жеңгесінің: «И-и, еркектің бәрі сол, сәл көзің тайса, басқа әйелдің құшағын аңсайды. Мына ағанды да... талайының үстінен аударып алғам... Қайтейік. Әйел сорлының киген кебі осы, маңдайдағы жазмыш деген де осы...» – деген сөзінен еркектердің ессіздігінен әйел баласының көретін азабының шексіз екенін аңғарсақ, Ризаттың өзінің есепшісімен Қара теңізге демалуға баруынан әйелдердің де бәрі бірдей мінсіз болмайтынын байқаймыз. Жазушы осындай мысалдар арқылы өмірдің адам ойлағандай мінсіз болмайтынын шынайылықпен бейнелеген.

Ал жазушының «Ғасыр нұры» [4] романына XX ғасырдың басынан бастап 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына дейінгі аралықтағы ел өміріндегі өзекті мәселелер негіз болған. Бірнеше хикаяттардан тұратын оқиғалар легі адам тағдыры, замана лебімен бірге суреттеліп, жеке-жеке оқиғаларға арқау болған адамдар тағдыры жинала келіп, өткен ғасырдың әр кезеңіндегі тарихи оқиғалардан хабар береді.

Роман XX ғасырдың сексенінші жылдарындағы Үкітай мен Шынарғұл арасындағы оқиғадан басталады. Жазушы адамдармен бірге құмырысқалар өмірін параллель суреттейді. Ондағы мақсат – Құмырсқа аталып кеткен қыздың өмірінде құмырсқаларға қандай ұқсастығы барлығы ғана емес, адамдар мен құмырсқалар тіршілігіндегі айырмашылықтарға назар аудару арқылы оқырманға ой салу. «Таза, қауымдастыққа үйір тіршілік иелерінің» жәндіктердің ішіндегі ең еңбекқоры екендігін баршамыз білетіміз жасырын емес, ал Ата құмырсқа мен Ана құмырсқаның ұрпақ өрбітудегі міндеттері, Ана құмырсқаға тамақ тасу, оны күзету тәрізді олардың өмір тіршілігінен адамдардың үйренері көп

екені ащы болса да шындық. Жазушы осындай мақсатпен адамдар мен құмырсқалар өмірін қатар суреттеген тәрізді. Елден келген бір қойдың еті таусылған күні Үкітай Шынарғүлді бөлмеден шығарып жібереді. Барар жер, басар тауы жоқ қыз қолына чемоданын ұстап шыға береді. Міне, адамдардың тіршілігі. Ал құмырсқалар бірі үшін бәрі жанталасып еңбек етуде. Сонда біздің жәндіктер құрлы болмағанымыз ба?

Лирикалық шегініс арқылы Бала батырдың мал бағып жүргеніне тап боламыз. Қалмақпен соғыс кезінде қолға түскен тұтқын бала Саймасай батырдың жылқышысы болып қазақ арасында жүреді. Жылқы баға жүріп төңіректегі ауылдардың біресе қойын айдап әкетіп, біресе шеткі үйлердің туырлығын тіліп, тыныштық бермегендіктен Бала батыр атанып кеткен-тін. Қалың малын төлейтін малы жоқ, алып қашып кетейін десе, барар жері жоқ болғандықтан, Бала батыр ауылды сырттан ғана торып жүріп көзі Елшібектің қызы Айнұрға түседі. Әкесі қажылыққа кеткенде жеңгесі Салиха екеуі «сабан арасында тебен көрінетіндей жап-жарық түнде серуенге шыққан Айнұрды қапыда Бала батыр бас салады. Тоқтыдай өңгеріп, аузын айқайлауға келтіртпей бөркімен басып, бөрідей сүйрей жөнеледі». Айдын-күннің аманында қарындасының масқара болып қалғаны үшін Омарғазы бар өшін Салихадан алады.

Жазушы Елшібек – Сұлукас, Мінұар – Шынарғүл, Нұрқасым – Биғаным линиялары арқылы махаббат мәселесін қатар алып отырған. Романның негізгі кейіпкері Шынарғүл болғандықтан, оның төңірегіндегі адамдарға қатысты шытырман оқиғалар жинала келіп, романның негізгі мазмұнын құрайды. Жеке-жеке хикаяттардың басын бір жерге қосып тұрған да Шынарғүл.

Жазушы Мінұар өмірі арқылы өнер мен өнер иелерінің жолы ауыр екенін нанымды бейнелеген. Белгілі әртістің бала-шағасы ауылда, өзі пәтер жалдап тұрып жатқаны – ХХ ғасырдың ғана емес, бүгінгі тәуелсіздік тұсында да шешімін таппай жатқан өзекті мәселенің бірі. Қанша талантты болса да, Мінұар – өз қоғамында көптің көргенін көріп, көппен бірге өмір сүріп жатқан жан. Өзіне берілген рөлді дұрыс сомдағаны үшін дұшпандарын төңірегіне көп жинаған оны өнер иелерінің, соның ішінде актерлердің жиынтық бейнесі ретінде қабылдауға болады. Алғаш көргенде «Осы ақарлы-шақарлы басыммен он екіде бір гүлі ашылмаған қыз

балаға қиянат жасасам, Аллаһ кешіре қоймас-ты» деп ойлаған Мінуардың мектепті жаңа ғана бітірген Шынарғүлге деген сезімі қалайша үлкен махаббатқа ұласуын жазушы олардың шынайы сүйіспеншіліктері арқылы ашуға тырысқан.

Қазан төңкерісінен кейін жаңа өкіметті орнатамыз деп ала шапқынға ұшырағандардың би-болыстар мен байларға, қажыларға, олардың әулетіне қырғидай тигені тарихтан мәлім. Елшібек қажының отбасы да осындай ойранды басынан өткеруі шынайы бейнеленген. Баласы Омарғазы айдап кеткен жылқысын қайтарып алып Қытай асса, соны қуып келгендердің Бижігіт бәйбішені атып кетуі, Елшібектің үдере көшуі, артынан жеткен баласы Токсейіттен бәйбішесі оққа ұшқанын естігенде жүрегі тоқтап қалуы – бәрі де сол бір содырлы жылдардың жанды картинасы.

Елшібектің үлкен ұлы Жансейіттің немере-шөберелері Жалағашты, Айсолтаннан туған Досымбековтер Кегенді мекен етіп жатқанда Салиха олардан осылайша көз жазып қалады. Бір-бірінен көз жазып қалған әулеттің бірін-бірі табуына бірден-бір себепкер – Шынарғүл мен Мінуар болса, айғақ – бір кезде Нұрқасым түсірген Елшібек, Сұлукас, Биғанымдардың суреті еді.

Романда кездесетін тарихи тұлғаның бірі – Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Қонаев. Д.Қонаевқа қатысты деректер озат шопан, Еңбек Ері Жүніс Досымбековтің естелігімен толықтырылады. 1970-1974 жылдары Республикалық ауылшаруашылық слетіне еңбек озаттары қатысқанын, жарыссөзге шығып, сөз сөйлеген озат шопан Жүніс Досымбеков, атақты комбайыншы Наталья Геллерт, шиелілік шопан Жұмабек Әлиев және басқа озат сауыншы, малшы, егіншілердің қатысуынан көруге болады. Осындай тарихи тұлғаның бірі – Қазақ ССР Министрлер кеңесінің төрағасы Бәйкен Әшімов.

1986 жылы Желтоқсан оқиғасына қатысқан жастардың сөзін сөйлеймін деп Мінуардың өзі де түрмеге түседі. Жазушы бұл жолғы нәубаттың 1937 жылғыдан кем соқпағанын жеткізе суреттеген. Қаржаудың қазған орына түскен Мінуар «Саржаз» жындыханасына алып бара жатқан жерде қашып құтылады. Тоқмурзин Дайырдың қолшоқпары болған Қаржау осы сәтті пайдаланып Мінуардан кегін қайтарып әлек. Әнші Жайнаны құрығына ілген Тоқмурзин оны қолы жетпей жүрген Қаржауға

ысыра қояды. Сол-сол екен Қаржау Тоқмурзиннің театрдағы жансызы болып шыға келеді.

Жазушы Желтоқсан оқиғасына қатысты біраз шындықты Мінұардың басынан кешкендері арқылы бейнелеген. Жастардың жазықсыз сотталуы, Мәскеуден келген Соломенцовтің «іскерлігі», ес-түссіз соққыға жығу, икемге келмегенін жындыханаға салып, ақыл-есінен айыру тәрізді сұмдықтардың барлығы да өмірде болғанын Мінұар басынан өткен оқиғалар растайды. Қол-аяғы үсіп қалған оны тоқсаннан асқан Салиха кемпірдің балалары тауып алады. Қайын сіңлісі Айнұрды Айсолтанға өз қолымен қосқан Салиха кемпір Мінұарға бар тарихты айтып береді.

Романда көзге түсетін негізгі мәселенің бірі – достық. Оны Мінұар мен Мәтиештің арасындағы достықтан көреміз. Алғашында Шынаргүл арқылы танысқан екі жігіттің сыйластығы үлкен достыққа ұласады. Олардың достығы хат-хабарсыз кеткен Шынаргүлді іздеу үстінде (Есік, Күрті аудандарынан), 1986 жылғы оқиға барысында шыңдала түседі. Осы тұста Мәтиеш Жүніс қарияның қасынан табыла біледі.

Осыдан кейін жазылған «Мың жылдық сағыныш» хикаятына Моншақтың басынан өткен оқиғалар негіз болған. Жазушы қолында бардың қадірін түсінбеген Айнагүл, Бекбосынның тапқанына марқайған Нұриша, ауылдан келген момақан қыз Моншақтың өмірі, Ферузаның күнделігі, Ақтеңге мен Сырғаның әңгімелері арқылы қырық шырақты қыз-келіншектердің мастықпен, жастықпен ойланбай басқан қадамдарынан бірі тағдыр тәлкегіне ұшыраса, бірі ерте есейіп ес тоқтататына кезігеміз. Ауыл қызы Моншақтың да бір отбасын шайқап барып отбасын құруы осының жарқын мысалы. Бар дүниесін бәйбішесі Нұришаға тастаған Бекбосын Моншақпен бірге пәтер жалдап тұрып жатыр. Қызыл билеттен айырып, қызметтен босатып жібереді деп қорқып жүрген Бекбосынға Кеңестік Империяның құлағаны тіпті жақсы болды. Содан кейін ол бәйбішесін қара шаңыраққа қалдырып, өзі Моншақпен қол ұстасып, пәтер жалдап шыға келді.

«Замана зары» атты хикаятын жақсы шығармаларын қатарына қосуға болады. Себебі мұнда өзіміз өмір сүріп отырған қоғамның эрозиясы негіз болған. Жалғыздықпен күн кешіп отырған кейіпкеріміз осыдан отыз жыл бұрынғы өміріне лирикалық шегініс жасалып, Ерекеңнің қосағына үй-жайын қалдырып, бір киер

киіммен қағаздарын ғана алып шығып кетуінен басталады. Семей жақта туған Ерубай вокзалда қайыр сұрап жүргенін көріп әкемнің ағасы Арынбай үйге алып келіп балаларымен бірге өсіреді. Кейін Назира екеуі үйленіп үйлі болады.

Бұл кезде негізгі кейіпкеріміз Айтжамал Ленин атындағы мемлекеттік педагогикалық институтына оқуға түскенмен, қаражаты болмағандықтан оқи алмай елге қайтады. Сайран екеуі бас қосып тұрып жатқанда қайын атасы қайтыс болады да, күйеуі еліне кетеді. Сол кеткеннен шешесі оны қайта қалаға жібермей қояды. Бұл күйеусіз босанып, тұрып жатады. Жеңгесі Сұлукас мұның күйеусіз босанғанын естіп, үйіне алып келіп, баласын бауырына басуға қолқа салады. Шаранасын жеңгесіне беруден бас тартқан ол шешесіне хабар жіберіп, баласын анасына елге беріп жібереді. Күндердің күнінде онкологиялық аурухананың жанынан Сайранды кездестіреді.

Тірі аруаққа айналған Сайран Айтжамалды таппай қалған соң шешесінің айтуымен үйленіп, екі қызды болады. Үлкені экологияның зардабынан тұрмыс құрмай, кішісі тұрмыс құрған, балал-шағалы. Тұрып жатқан жерлерінен бір күнде күштеп көшіріп, Нарын құмында адасып жүріп әскери базаға тап болады. Жүк артқан түйесі мен сауып ішер сиырын ауруға ұшыраған деп атып тастаған малдың өзі ауруға ұшыраған экологиялық аймақтан адам баласы қалай аман қалсын. Айтжамал оны баласы Дэуренмен таныстырады. Іздеушісі жоқ науқасты баласы дәрігерлерден сұрап алып, тұз-дәмі таусылғанша бағып-қағады.

Авторлық ұстаным қаңсыған Арал, сазарған сар дала, жан түршіктірер Семей мен «Капяр» полигондарынан зардап шегіп жатқан қандастарымыздың өмірден өтіп жатқанына жауап іздеген: «Қазақтың жері мен малы – Жаны десе де. Онсыз қазаққа тірлік жоқ» дегенге саяды. «Құйқалы қара жердің астын-үстіне шығара, тіршілік-тамырын қырқа, жер аптабын қуыра, онсыз да шақтаулы ғұмырды қысқарта адамдарды айықпас ауру-дерттің тәжірибесіне айналдырғанда шығар ұшпағымыз – ақырзаман болар», – деген автор «табиғат да адам баласына қастасады» деген тұжырым жасайды. Адам қолымен жасалып жатқан озбырлық пен қатыгездіктің салдарынан табиғат тозып, көз көріп, құлақ естімеген аурулардың түрі көбеюде. Қара жерге қолмен жасалған озбырлықтың, қатыгездіктің салдарынан адам баласы зардап

шегуде. Бүгінде қазақ жерінің қай жерін алсаңыз да экологиялық апатқа кез боласыз. Жер – ананы эрозияға шалдықтырған адамзат болса, оның зардабын көріп жатқандар өзіміздің қара көздер дегенге саяды авторлық ұстаным.

Хикаяттың негізгі жетістігі – өзіміз өмір сүріп отырған қоғамның шешімін күтіп тұрған өзекті мәселесін бір отбасы төңірегінде көтере білуі. Жер эрозиясы бүгінде адамзат эрозиясына айналууда. Адам қолымен жасалған қатыгездіктің зардабын жазықсыз жандардың тартып жатқаны ащы болса да ХХІ ғасырдың шындығы.

Ш.Құмарованың екі бөлімнен тұратын «Қостаған» хикаятына Кеңестік империя ыдырап, тәуелсіз Қазақстанның аяғынан тік тұра алмай жатқан өтпелі кезеңіндегі халықтың тұрмысы негіз болған. Жазушы ХХ ғасырдың соңғы онжылдығындағы экономиканың құлдырауынан халықтың әлеуметтік жағдайы тым төмендеп кеткенін бір отбасы төңірегінде суреттеген. Балаларының алды мектеп бітіргелі отырған, төртіншісі мектепке жаңа барған, төрт баласы да мектеп жасындағы жанұя мүшелерінің тұрмыс-тіршілігі арқылы сол тұстағы халықтың жағдайынан хабар береді. Алматыдан 150 шақырым жердегі «Жаңаталап» колхозы тараған кезде колхоз мүшелері қалай күн көрудің ретін таппай тығырыққа тірелгені белгілі. «Жаңаталаптың» бас агрономы болған Тұрлыбайдың: «Неге дерің бар ма, колхоз тарады, бас агроном – маған жұмыс жоқ, әркім колхоз егістігін талан-таражға салды, мал да әркімнің қолында. Егістік, жайылым жерлерді бөлшектеп қалталылар қағып алып жатыр. Жаның күйзелмей қайтерсің. Қарақан басымды сыналататын жер таппай жүргенде. Облысымыздың орталығына бара тұрармын, екі қолға – бір жұмыс, табылса егер» [5, 3], – деген монологу – сол тұстағы елдің хал-жағдайын танытар штрих.

Қорыта айтқанда, Ш.Құмарова шығармаларының негізгі өзегі ауыл өмірінің әсем бейнесін жасаудан, еңбек адамдарының жан сұлулығын бейнелеуден, қыз-келіншектердің қат-қабат сезім сырларын ашудан байқалады. Сондықтан да оның ұсақ әңгімелерінен бастап, кең құлашты эпикалық романдарына адамгершілік, махаббат, отбасы, еңбек мәселелері арқау болған.

### *Әдебиеттер:*

1. Саин Ж. Жас талантқа жақсы пікір // Социалистік Қазақстан. – 1961.
2. Әуезов М. ҚазГУ филология факультетінің студенті Құмарова Шәрбанудың «Образ және образдылық» деген тақырыпта жазған дипломдық жұмысы туралы // Жұлдыздар отбасы. – №5. – 2014. – 19 б.
3. Құмарова Ш. Әйел шырағы. Алматы: Жазушы, 1985. – 4-б.
4. Құмарова Ш. Ғасыр нұры. Роман, хикаяттар, лебіздер. – Алматы: Ан-Арыс, 2012. – 320 б.
5. Құмарова Ш. Қостаған // Жұлдыз. – №5. – 3-б.

## БЕЙСЕНОВА ШӘРБАНУ

(1947 жылы туған)

Шәрбану Бейсенова 1947 жылы 14-қазанда Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданында дүниеге келді. 1969 жылы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген. Еңбек жолын республикалық «Парасат» (бұрынғы «Мәдениет және тұрмыс») журналында 1968 жылы әдеби қызметкер болып бастаған, кейіннен бөлім меңгерушісі болды. 1980 жылы «Қазақстан әйелдері» журналына бөлім меңгерушісі болып ауысты. Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің Баспа істері жөніндегі департаментінде бас маман әрі жаңадан жарық көрген кітаптардың насихатымен айналысқан. «Қазақ әдебиеті» газетінде «Кітап әлемі» қосымшасының редакторы болды.

Алғашқы әңгіме, новеллалары облыстық «Дидар» (бұрынғы «Коммунизм туы») газеті мен «Қазақстан әйелдері» журналында тұрақты жарияланып тұрды. Көркем аудармаға араласып, украин жазушысы В.Дроздың, эстон жазушысы Е.Ермановтың, эзирбайжан жазушысы Анардың, латын жазушысы Д.Рукшаненің, армян жазушыларының жекелеген шығармаларын, Х.Андерсеннің ертегілерін, латын-американдық қаламгер Ж.Амадудың «Құм жағалаудың капитандары» атты романын қазақ тілінде сөйлетті.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен (1985) марапатталды. «Тағылымды тағдырлар» кітабы үшін Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығы берілді. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (2007).

\* \* \*

Шәрбану – өткен ғасырдың 70-жылдарының орта тұсында шығармашылық өмірін журналистикадан бастап, біртіндеп әдебиетке келген, қалам қызметін сыпайы бастап, әдепті мінезбен, даурықпасыз жалғастырып келе жатқан, бүгінгі көрнекті жазушыларымыздың бірі. Осы жылдар ішінде ол қазақ әдебиетіндегі әңгіме мен хикаят жанрларының әсем үлгілерін туғызып, шеберлігін жетілдірді. Бұған оның «Сүзгенің соңғы күндері», «Бір махаббат баяны» деген атпен жарық көрген хикаяттары мен әңгімелерінің екі томдығы куә.



Сүзге – Ібір-сібір жұртының соңғы ханы Көшімнің жас тоқалы, кіші ханымы. Қазақ ордасынан жырақтау жерде хандық құрған Көшім негізінде қазақтың қалың елі мен хандығына да арқа сүйеген тәрізді. Оның Арқада аты белгілі Сүйіндік сұлтан сияқты беделді адамның қызын алуы өз тұқымдасымен сүйек жаңғырту ғана емес, сол арқылы қазақтармен қарым-қатынасты ұлғайтуды көздеген ханның арғы ойы болуы ықтимал. Осыдан бастап Көшім билеген Ертіс жағасы мен Сүйіндік мекендеген Есіл өзені арасы жиі байланыс жолына айналады. Сүзге сұлу әрі жастығымен, әрі ақылды, сыпайы мінезімен Көшімнің ықыласына бөленеді. Әуелде бір сарайда тұратын алты әйел үстіне барған Сүзге хан пейілін иемденгеннен кейін Ертістің бір қойнауынан хан ордасы тұрған Ескер қаласынан бөлек жерге сарай салдыруды ойлайды. Оған жас, сұлу тоқалға жиі қадалған алты күндесінің, олардың қызметшілерінің, хан айналасының өсекші көздері себеп болады. Жайшылықта таласып жүріп қасқыр көрсе, бірігіп кететін ауыл иттері сияқты, алты күндесі де Сүзгеге қарсы бірігіп кетеді, оның жүріс-тұрысын, кіммен қалай сөйлескенін, кездесуін аңдып, ханмен арасын алыстатуға тырысады. Оңаша салынған сарай Сүзгеге осы ортадан бөлек, оңаша, тыныш өмір сүруге мүмкіндік береді. Жас ханым сарайды жұтындырып жасандырады. Хан да одан күтім мен құрмет көріп, жақындай түседі. Сарайға арнаулы қызметшілер мен нөкерлер, күзетші жасақ береді, серуендеу үшін желкенді кеме жасатып, таңдаулы тұлпарлар, мал бөліп, оларды ұстайтын, басқа шаруашылыққа қажет қоңсы, қосын көшіріп салады. Біртіндеп қора-қопсы көбейіп, сарай – қамалға, қамал – шаһарға айналады. Осындай бөлек ауыл болып басталған қарбалас тіршілік бір күні кілт тоқтап, хан ауылымен байланыс үзіліп қалады.

Хикаят Сүзгенің осындай бір азапты күндерін суреттеуден басталады. Ол арқандаулы аттай бір орында тұсалып, айналаны тыныштық басады. Талтүсте күнгірт тартып көңілсіздік орнайды. Үлкен ордадан хабар келмегелі неше күн?.. «Хан иемнен бір дерек болса керек еді... Әлде қосындарын ертіп, жер шетінде, қидаласқан майдан шебінде жүр ме екен?.. Алтын басы аман болса игі еді», – деп ойлайды Сүзге. Жазушы Сүзгенің соңғы күндері оқиғаларын осыдан бастап тереңдетеді де, ол бастап кешкен психологиялық сезім күйлерін, ой мен сезім арпалысын

образды ашуға әдемі пайдаланады. Шығарма сюжетін ішкі монолог арқылы дамытады. Жапан далада жалғыз қалғандай сезінген ханым ылғи да ой, сезім күйзелісі үстінде көрінеді. Жалғыздық бұрын да оның серігі болғанын ол ой үстінде аңғарып, есіне түсіреді. Ерке өскенмен, келген ошағын сыйлап үйренген қазақ әйелі әр қадамын санап басып, Аллаға күпірлік жасадым ба, жеке сарай салдырып, бөлектеніп, астамшылыққа жол бердім бе деп күдіктенеді. Құдайға тәубе келтіріп, дұғасын да оқиды. Әуелде елден ерек сән-салтанатымды асырайын, үлкен ханымдармен бақ таластырайын дегенін еске алады. Бар болғаны бұл түскен күннен-ақ оның жастығын, ханның бұған ықыласы ауғанын, ажар-көркін қызғанғандардың басқан ізін аңдыған тіміскі көздері мен сыпсың қаққан қаңқу сөздерінен шалғай отырсам деген ниеттен туған ой еді ғой. Үлкен ханымдардың айбынынан жасқанып, оңашалықты қалағаны, иелігіндегі алақандай қамалға бөгде көздер қадалмас, жат сөздер таралмас дегені болатын. Көңіл түкпіріндегі ең қастерлі тілегі – хан иесімен оңаша қалатын сәттерін әуес көзден тасада құпия ұстағысы келгені де бар. Ой үстінде ханым өз қылықтарын саралап талдап, Құдайға күпірлік жасайтын ештеңе таба алмай қиналады. Бірақ ой мен көңілді жайлаған күдік тоқтамайды. Ой мен сезім арпалысы шығарманың бүкіл тінін құрап, аяғына шейін әлсіремейді. Бір-екі рет сырттан келген Мұхамедқұл ханзада мен Бас сардармен тілдескені болмаса, басқа уақыттың бәрінде де осы ішкі монолог жалғаса береді. Жаңа хабарлар ойға ой жамап, дұдамалдықты көбейтеді де, ханым көңілін сейілте алмайды. Көп ой оны шаршатады да шатастырады. Көзі іліксе, неше түрлі түстер көріп, шошынуға жетеді. Жазушы эзезіл елесті араластырып, оны ханыммен тілдестіру арқылы психологиялық монологті белгілі бір кульминациялық нүктеге тіреп қояды. Осының бәрін басынан кеше отырып, ханым ақылынан адаспай, ұстамдылығын сақтап, ойлы шешімдер қабылдайды. Оқиғаның ара-арасында жеткен сырт хабарлар да көңіл тыншытпайды. Олар Көшім хан сарайына Жармақ (Ермак) бастаған орыс қарақшылары шабуыл жасағанын, Көшім хан бала-шағасымен Ескерден қашып шыққанын, кейін соңына түскен қарақшылар қолынан біраз адамдардың қайтыс болып, ханның өзі құтылып шыққанын жеткізеді. Кезекті шабуыл Сүзге ханым сарайына жетеді. Жармақ жас, сұлу ханшаны аман-

сау қолға түсіріп, орыс патшасына тарту ету жоспарын жасайды. Осыны сезген ханым өзін ұстауға келген қарақшылар тобының басшысы Грозаға шарт қойып, қарамағындағы халықты босатып, кемемен елге қайтаруды, шаһардың қарапайым халқына қаһар төкпей мейірбандық жасауды сұрайды. Сонда өзінің берілетіндігін айтады. Гроза ханым шартын орындайды. Бірақ ханымды қолға түсіре алмайды. Іздеп келген ол Сүзгенің өлі денесін ғана көреді.

Мұндай шешімге келудің өзі ұзақ ой арпалысының нәтижесі екенін түсінеміз. Сүзге, ең алдымен, адал жар. Ол тағдырына мойынсұнып, Көшім алдындағы жар борышын адал атқарып кетті. Қаңқу сөздерге де өріс бермеді. Көшім ханның жағдайын айтып, оны құтқаруға келген Мұхамедкүл ханзадаға да ол өсектен қорқып ермеді. Орысқа қолға түсудің артында да мұсылман әйелінің кәпір қолында зорлық көруі тұрғанын түсінді. Ол намысына шапты. Жанын арының садағасы етті. Қоластындағы жұртты да құтқарып, қалың еліне қосты, қырғыннан босатты. Өз киімдері мен әшекей бұйымдарын нөкер қыздарына үлестіріп: «Менің көзімдей көріп жүріңдер», – деп тарту жасады. Олармен соңғы кешін бірге көңілді өткізді. Сөйтіп Сүзге ханым о дүниеге адал, күнә мен қарыз арқаламай, пәк өтуге шешім қабылдады. Бұл әрине, жорық үстіндегі батырлықтан бір де кем емес, абыройын сақтап, намыс билеген адамның ерлігі екендігі де даусыз еді. Бұл қылықтан оның отаршылыққа тап болған ел тағдырымен ортақтасқаны, имандылығы мен махаббатын қорғағаны танылады. Қазақ әйелінің беймезгіл заманда, еркінен тыс жағдайда басынан кешкен осы ерлігін Шәрбану үлкен жазушылықпен суреттеп шыққаны қуантады. Оның қаламы Сүзге туралы аңызды тірілтіп, жанды бейнеге айналдырады. Елдің аяулы аруы қатарына қосты.

Шәрбану шығармашылығы негізінен қазақ әйелінің тағдырын зерттеуге, соны көркем бейнелеу арқылы оның қоғамдағы орнын, еңбегін танытуға арналады. Сүзге арқылы өткен тарих қойнауына кірген әйелдерді еске түсірсе, «Бір махаббат баяны» хикаятында кеше ғана, кеңес тұсында өткен оқиғаларға оралады, «Зағипа» хикаятында біздің замандастарымыздың жаңа бейнесін жасайды.

«Бір махаббат баяны» – кешегі күндері біз көрген, әңгімесін талай естіген, дәмдес болған, 1938 жылы жазықсыз ұсталып кеткен Мұқанын (хикая кейіпкері) іздеп Сібірге барып, тұтқындар

арасында солармен бірге тұрған, қазақтың әдебиетші-ғалымы Мұхамеджан Қаратаевтың әйелі Мархуманың (хикаятта Марғауа) өмірі жайлы хикаят. Шығарма негізінен тарихи желімен, өмірде болған оқиғалар ізімен дамиды. Онда басты қаһарманның жас кезі, үйленуі, Алматыда, Ленинградта оқудағы күйеуімен бірге болған күндері, елге қайтып қызметін бастауы қысқаша шолынып, негізгі әңгіме сталиндік зобалаң тұсында көрген қорлығы, азаптары, соларға өжеттілікпен қарсы тұрып, өмір үшін күресуі тақырыбына ауысады. Мұқан ұсталып жер аударылғаннан кейін оның бірден атылып кетпей тірі кеткеніне «мәз болған» отбасы (үш баласымен), оның туыстары бірігіп күн көруге ауылға кетеді. Әуелде күн көріс қиыншылығын күйеуінің киімдерін, кітаптарын сатып жеңілдеткен Марғауа кейін қол жұмыс істейді. Ауылда қызылша егіп, баптап өсіруге қатысады. Ұлы Отан соғысының қиын кездерін ол ауыл адамдарымен бірге қауырт еңбек үстінде өткізеді. Тапқан таянғанына сиыр сатып алып, бала-шағасын асырайды, артық сүт-айранын сатып, күнделікті қажетіне жұмсайды. Бірақ «халық жауының әйелі» деген ат оның соңынан қалмайды. Оның сатқан айран-сүті де саудагерлікке саналып, соғыс кезіндегі еңбегі де басқа жолдастары бағаланып жатқанда атаусыз қалады. Соның бәрінде де бір жұбаныш «тірі кеткен Мұқан келеді-ау» деген үміт болады. Шынында да, Құдай айдап, 8 жыл мерзімін өтеп, Мұқан елге оралады.

Отбасы түгенделіп, өмірге қайта араласамыз деген үміт оларды тағы да алдайды. Мұқанға әлі де сенім болмай, көп уақыт жұмыссыз жүреді. Жұмыс табылған кезде қайта ұстайды. Марғауа тері илейтін зауытта жұмыс істейді. Күйеуін алыс Сібірге ұзақ мерзімге қоныстануға жібергенін естіп, артынан іздеп барады. Сонда тұрақты қалуға бекінеді. Үй тұрғызады, сиыр сатып алады, құс асырайды, күн-көріске керек жабдықтарды дайындауға кіріседі. Олар бұл айдаудан елуінші жылдардың орта тұсында, Сталин өлгеннен кейін ғана қайтады.

Сібір деген жалғыз сөзден

Соғушы еді үскірік, –

деп Қасым ақын айтқандай, біздің Сібір жөніндегі ұғымымыз кешегі патша заманында да, кеңес кезінде де онша жағымды жайлармен байланысты қалыптаспағаны рас. Сібір патша өкіметі мен Кеңес жүйесіне жау саналған адамдарды жер

аударатын, зорлап еңбекке жегетін, Ресейдің қиыр шығысындағы алыс өлкесі саналды. Оның табиғаты қатал, орманнан басқа бос алаңы жоқ, жерінде тұрақты мекендеушілер де аз болды. Жер ауғандар сонда барып, елден жырақ өлкеге алыстатылды, әрі сол жердің ағаштарын кесіп игеруге тиіс болды, біразы рудниктерде жұмыс істеді. Орыс патшасы да сол жаққа кезінде декабристерді жер аударған. Декабристер 1825 жылы желтоқсан (декабрь) айында патша өкіметі мен басыбайлыққа қарсы көтеріліс ұйымдастырған дворяндар ішінен шыққан орыс революционерлері болатын. Кейін олардың соңынан күйеулерін іздеп орыс әйелдері барған. Олардың ішінде М.Н.Волконская, Е.Н.Трубецкая, А.Г.Муравьева сияқты дворян әйелдерінің аттары белгілі. Олар Забайкалье рудниктерінде кен қазған күйеулеріне жолдағы қиындықтарды, түрлі бөгеттерді жеңіп жеткен. А.С.Пушкин атақты «Сібірге хат» өлеңін декабрист достарына осы әйелдер арқылы жіберген. Декабрист әйелдердің қатары кейін көбейген. Орыс ақыны Н.А. Некрасовтың «Орыс әйелдері» атты поэмасы осыларға арналған.

Қазақтардың Сібірге жер аударылуы кейін, кеңес тұсында, отызыншы жылдардағы қуғын-сүргіннен басталды. Әуелдегі қатал режимдегі жылдарын өтеп, кейін жергілікті қоныстанушылардың қатарына қосылған кезінде олардың артынан іздеп барушыларға рұқсат етілді. Сонда Мұхамеджанның артынан Мархума барған еді. Кейін Хамза Есенжановтың әйелі Софья барды. Бұларды қазақтардың «декабрист әйелдер» санайтыны да сондықтан. Олар – күйеулеріне деген адал махаббатын осы сапар арқылы дәлелдеп өткен ержүрек, ер мінезді, табанды, күрескер, өмір үшін арпалысқан жандар еді. Әбділда Тәжібаев «Мархума» атты поэма жазды. Бұл сюжетті Ш.Елеукезов «Мұхамеджан – Мархума хикаясы» атты прозалық туындысына арқау етті. Шәрбану хикаяты бір материалға сүйенгенмен, аталған шығармалардан өзгеше мәнерде, негізгі кейіпкерін Марғуа ете отырып, соның көзімен, ойымен, пікірімен өзі өмір сүрген заман жөніндегі ұғым-түсінігін ашуға құрылады. Тоқсанға жасы келген ауру әйелдің аурухана төсегінде жатып, өткен өмірі жайлы толғануы да нанымды, әрі әсерлі шыққан.

«Марғуаның аз жасадым деп өкінерлік жайы жоқ. Қызық дәуренді кем көрдім десе, онысы да күпірлік болар. Пешенесіне

жазылған іске шек келтіруден де ада, өткенге салауат дейді ғой. Тәңірінің жақсылы-жаманды берген несібесіне қанағат. Оның ащысы да, тұшысы да, тәтті-дәмдісі де, кермек татитыны да болды. Баршасы – Алла ісі. Жақсылығыңды ғана бер, жаманшылығыңды қоя тұр деп қалайша айтсын! Түбінің қайырын тіледі ғой. Тілеуің ақ болса, тәңірінің алқайтынына оның көзі әлдеқашан жеткен.

Тек кейінгі кезде көңіл түкпірінен өкінішке, өксікке ұқсас әлдебір түсініксіз нәрсе бой көтеріп, жүрегінің басын дамылдамыл сыздатыны батады. Осыған аландайтын болып жүр. Осы бір күмәнді түйткілдің бірте-бірте түйіндей байланып, көкірек тұсына кептеліп тұрып алғаны қинайды. Кейде сыздатып-сыздатып, тарап кетуші еді. Енді ұзақ тоқталып, күйдіретінді шығарды. Күйіп тұрады-ау, күйіп тұрады көкірегі. Ойын осыншама қамықтырып, көкірегін сыздатып сырқыратқан не болды екен?!» – дейді жазушы.

Осы үзіндіде жазушы кейіпкерінің көрген қиыншылығына қарап, дүниеден түңілмей, оған масаттанып та кетпей, өмірін ойлы көзбен сараптаған ақыл-парасатына, Алла ісіне ризалық-қанағатына және жүрегін сыздатқан сырдың ауырлығына көңіл аударады. Оның әңгімесі өзі басынан кешкен оқиғалар арқылы заман сырын, адамды бағалауға жетпеген, оны ойыншыққа айналдырған «Сталиндік социализмнің» китұрқы саясатын танытуға арналады. Алайда адам – қашан да адам. Олардың ішінде саясатқа қолшоқпар болғандары да болды ғой. Дегенмен, адалдық, қайырымдылық, танысын-танымасын, бір-біріне жақсылық жасауға ұмтылатын мінез адамда мол кездеседі. Марғуа кешкен өмір жолында мұндайлар да аз ұшыраспаған. Жеке бір эпизодтарда Марғуа сондай адамдар жөнінде әңгімелейді. Тұрған үйінен шығарып жібергеннен кейін бір күні ол күйеуінің кітаптарын алуға сол үйге оралады. Үйге бір кезде өздерімен бірге жүрген ақын кіріпті. «Марғуаның қайта айналып келетінін ешкім күтпеген тәрізді. Мұны көріп бәрінің көздері шарасынан шығып, тілге келе алмай, состиып-состиып тұрып қалған. Әлде бір пәлесі жұғар деп қорықты ма, болмаса дау-шар жасар деді ме, қабақтары түсіп кетті. Бұл да тапжыла алмай, сол тұрған жерінде қаққан

казықтай қатты да қалды. Не алға өтерлік, не кейін шегініп, шығып кетерлік дәрмені жоқ.

Көпті көрген адам ғой, әуелгі ақынның анасы есін жиды.

– Кір, кіре ғой, қарағым, – деп жатыр. – Ішке кіргізбейсің бе? – деді баласына қатқыл сөйлеп.

... Кенет әлдекім тамағын кенеп, жеңіл жөткірінгендей болды. Бұл демін ішіне тартып, қалт тына қалды. Жып-жылы үнмен:

– Марғуа, шырағым, амансың ба? – деген өзіне қаратып айтылған майда қоңыр дауысты есітті. Бірден таныды. Тек сол кісі ғана бұның атын атағанда «у» қаріпін созып ерекше әуенмен айтушы еді. Бұл басын сәл көтеріп еді, қақ төрде отырған кеменгер Мұханды – Мұхтарды (Әуезов) сонда көрді:

– Рахмет, аға. Мен аманмын ғой, ал... – деп барып әрі қарай сөйлей алмай бұлығып қалды».

Мұқаң қайда тұрып жатқанын, балаларын тәптіштеп сұрайды. Ғұлама бұның хал-жағдайын іждаһаттап сұраған соң басқаларға да тіл біте бастайды.

Марғуаның Мұқаңның кітаптарын алуға келгенін естігенде, Мұқаң:

– Иә, шырағым, ол кітаптарды қайтпексің, – деп сұрайды.

– Сатып, үш балаға нанға айналдырсам деп едім...

Дайын көлігі жоқ, көмектесетін адамы жоқ кісіге көп кітапты алып кету, сату оңай еместігін Мұқаң түсінеді. Ол ойланып отырып:

– Әй, Жәпек, сен осы маңайда тұратын орысы бар, қазағы бар, жазушылардың бәріне телефон соқшы. Осында келсін. Мен шақырып жатыр деп айт! Келіп, мына кітаптарды көрсін. Қалағандарын сатып алсын, – дейді.

Келген қонақтар кітапты қыл үстінен бөліп алады. Олардың бағасын Мұқаңның өзі қойып, ақырында:

– Міне, қарағым, Марғуа! Балаларыңның қажетіне жарат, айналайын, жоғалтып алма, – деп жиналған қаражатты қолына ұстатады. – Босама, құдайдың басыңа салғанын көресің. Берік бол!».

Мұқтар сияқты өмірдің ащы-тұщысын ерте татқан кеменгердің осы бір кішкентай ілтипаты Марғуаға үлкен демеу болғанын байқайсың. Көп жазушының жиналып келіп, кітаптарды

бөліп алғанының өзінен Марғуа күйеуінің жазықсыз кеткенін сезіп, кітаптардың кішкентай да болса қайырымдылық жасауға сылтау болғанын түсінеді. Сібірге баратын сапарында кездескен қарапайым адамдардың мейірбандығын да ол жылы әңгімелейді. Мұндай ауыр жолға бірінші шыққан, жер аударылған күйеуін іздеп бара жатқан жас әйелге ақылын айтқан поезд үстіндегі егде әйел, Красноярск вокзалында кездескен арбакеш қарт, Сухобузим бекетіндегі мосқал әйел, Таежный тупикке барғысы келмеген машина жүргізушісіне жабыла шулап, Марғуаны баратын жеріне жеткізуге көмектескен жолаушылар – бәрі де осы мейірімді халықтың өкілдері. Қарапайым адамдар Марғуа күйеуімен табысқанда бірге қуанады. «Қандай бақыттысың, жарыңды әйтеуір іздеп таптың», – дейді олар.

«Күйеуінің бір емес, екі емес, елінен, жерінен аласталып, итжеккенге айдалғаны, жанын шүберекке түйіп оны іздеп, «Тәуекелдің жел қайығына» мініп, неше күн, неше түн жол бейнетін арқалап, нәр сызбастан бір түйір тәтті-дәмді болса да, соның аузына тосайыншы деп, ерні кезеріп, таңдайы кеуіп, жүйкелеп, діңкелеп сапар шеккені бақыт болып па? Аң-құсқа жем болмай, қашқан-пышқандардың қолына түсіп, зорлық-зомбылық көрмей жеткені, шынында да, бағы болса, бағы шығар, кім білген...

Маруа шынында бақытты ма екен? Бұл оған анық жауап таба алмаған еді».

Шәрбану осылай кейіпкерлерінің әңгімеші ғана емес, ойлы, сезімді толғаныстарын хикаят бойында қоса өріп отырады.

«Зағипа» хикаяты – бір отбасының – әкесі, ұлы (ішетін), келіні – үшеуінің – ортақ өмірі жайлы әңгіме. Негізгі кейіпкері Зағипа – сол отбасын ұстап отырған жас келін.

«Балам, мен сенің атаңның да, енеңнің де орнындағы адаммын. Мен айтпасам, бұл әңгімені саған ешкім де айтпайды. Осы үйдегі екі еркек саған қарап бой түзеп, саған қарап бас-аяғымызды дұрыстауға үйренбейміз бе? Әйел адам – отбасының көркі. Саған біріміз – әкен, біріміз – жарың ретінде, ажарыңа, ақылыңа, мінезіңе, қыл аяғы шаш қойысыңа дейін қарап көзіміз қуанып, қызықтап отырсақ дейміз. Біздің қуанышымыз да, уанышымыз да өзіңсің. Сенің нәзіктігің, сенің жүріс-тұрысың,



сенің күлкің, сенің сөзің бізге қуат, осы үйге жылы шуақ», – дейді енесі жоқ үйге түскен келіні Зағипаға атасы Байбол.

Бұл сөздерде келіннің таза киініп жинақы жүріп-тұруына, атасы мен күйеуі алдында жарқын отыруына, үй-ішіне жылылық сеуіп жүруіне деген талап бар еді. Оны айтуға Болаттың түнде кеш қайтқаны, ішіп келгені, содан Зағипаның ұйқысы қанбай, таңертеңгі шайды атасына қалай болса солай киініп, көңілсіз бергені себеп болған-ды.

– Саған қарап мен шаршап отырмын. Жас адам жайраң қағып, айналасына шуақ төгіп отырмай ма? Тегінде, қарағым, әйел адамның үйде күліп жүргенінің өзі – үлкен бақыт. ...Әлде бір жерің ауырып отыр ма? Әлде жолдасың ренжітті ме?.. Болаттың жүгенсіз, жосықсыз қылықтары көп, оны кезінде де ескерткенмін... Оны түзейтін – өзіңнің нәзіктілігің мен төзімің, қалқам, – деген-ді.

Осыны айтып, атасы шайын шала ішіп тұрып кеткен-ді. Бұл жағдайлар Зағипаға ауыр тиген. Ол айна алдында өзіне қарап, қатты қорланған. «Атам айтса, айтқандай бар екенмін-ау! Мына ұсқыным бес-алты бала тауып, жөргектердің арасында иленіп, күні-түні пысылдап ұйықтай беретін салбөксе, сарықарын болған егде әйелден де сорақы ғой. Япырау, маған сонша не болды жүнжитіндей», – деп өзін-өзі қатты жаздырған. Атасы тәлімін өмір бойы сақтауға бекінген.

Хикаят желісі Байбол отбасының тарихы, Мәрзиямен жарасымды өмірі, Болаттың дүниеге келуімен байланысты оқиғалармен толығып, характерді аша түседі. Әкелі-балалы екеуі еліне барып, туыстары мен ескі достарын кездестіреді. Бұрынғы бір досының әйелі Маржан мен қызы Зағипаны көреді. Үйінде қонақ болады. Зағипаны ұнатады, Болатпен таныстырады. Кейін Байбол Маржанға:

– Маржан-ай, менің көзім тірі тұрса, Зағипаш ешкімнен кем бола қоймас. Болат та жас емес, арыны басылар. Ат айналып қазығын табар. Біздің үйдің алтын қазығы болып, басқа емес, Зағипа отырса деймін. Жаксыдан қалған көз ғой. Енді маған қыз болса екен» деген тілек білдіреді.

Сөз аяғы өзіне тірелгенде:

– Кезінде көкемнің көзін көрген, дәмдес болған адам екенсіз, сіздің босағаға барсам, ешкімнен кем бола қоймаспын, – деп Зағипа да ойламаған жерден батылдық танытқан.

Осы сөзі есіне түссе, Байболдың әлі күнге іші елжіреді. Осы бірауыз сөзден ол әке атымен тәуекелге тұрған келіннің адамдық қалпын ұққан. «Жақсыдан қалған көз» деген осы деп түсінген.

Осындай ұғым-түсініктер, бірін-бірі бағалау мен сыйлау хикаяттағы ата мен келіннің қарым-қатынасын белгілейді. Бір карағанда, автор өмірді тым жұмсартып, жеңілдетіп жібергенге ұқсайды. Зағипа көретін қиыншылық тек Болаттың тәртібімен байланысты ғана көрінеді. Оған да ол үлкен үмітпен қарайды. Тұтастай алғанда, шығармада келіннің жап-жақсы образы жасалған. Жақсы, мінезді адамның бақытына, болашағына сенесің. Атасы да түсінде алтын кездік ұстап, оны еркек балаға жориды. Бұл – олардың бақытты болашағының белгісі.

Шәрбану әңгімелері де тартымды, оқуға жеңіл көрінгенмен, ойлы, өмір сабағын алға тартар проблемалылығымен қызықты. Ол адамның іс-әрекетін, оқиғаны тәптіштеп созбай, сюжетті кейіпкердің бастан кешкен психологиялық сезімдерін – қуанышы мен мұңын, сырын, ойын ашуға құрады. Олардың бәрінің де тақырыбы – әйел өмірі, соның тағдыры. Кейде ел мен жер сүю сезімімен байланысты суреттер молырақ көрінсе, кейде жеке адамның ой-сезімі, тіршілік сырлары басым жатады.

Әйелдер де әртүрлі. Әрқайсының өз мұңы, сыры бар. Күйеуге шықпай, еркек күтуден алыстап, еркекшора боп кеткендер де, күйеуі ерте өліп, бала-шаға тіршілігін күйттеп, әйелдік сезімді ұмытқандары да бар. Шәрбану осылардың сырын аша отырып, олардың бойындағы әйелдік сезімді қозғауға, сол арқылы өмірге құштарлықты оятуға тырысады.

«Қамсыздандыру агенті» атты әңгіменің кейіпкері күйеуге шықпаған кәрі қыз Нәзира диссертациясын табысты қорғап, үйіне қонақ шақырады. Бірақ қонақтары тез тарап кетіп, артында қалған ол ыдыс-аяқтарын жинай жүріп, жалғыздығы жайында ойланады. Осындай қамкөңіл отырғанда, ол үйге қамсыздандыру агенті кіріп, екеуі біраз сөйлесіп қалады. Ер адаммен сөйлесу оның жалғыздығын ұмыттырады. Екеуі музыка қойып, би билейді. Көшеге шығып қыдырып қайтады. Сөйтіп Нәзираның тойын өткізеді. Тамақ ішіп кетіп қалған қонақтар емес, оның қызығын кездейсоқ келген жалғыз ер адам – қамсыздандыру агенті бөліседі.

Нәзіраның жарымжан көңіліне жан кіреді. Бұдан артық шешімнің әңгімеге керегі де жоқ.

«Мизамшуақ» әңгімесінің кейіпкері Ақжамал – күйеуі өлген, баласының қолында немересін бағып отырған бақытты әже. Ерте тұрып үй шаруасына көмектеседі, үлкен немересін мектепке, кішісін балалар бақшасына апарды, кешке алып қайтады. Олардың жиналыстарына қатысады. Баласы мен келіні жұмыста болған соң базарға барады. Өміріне риза, күш-қуаты бар кезде балаларына көмектескеннен рахат табады. «Жарықтарым-ау, мен тұрғанда несіне алаңдайсыңдар, қызметтеріне сөз келмесін, жұмыстарыңды істей берсеңдерші», – дейді. «Тәңірден бауырынан өрген ұрпағының жапырақ жайып, желі тартқан бақытын ұзағынан сүйіндіруді нәсіп етуді тілейді». Жазушы Ақжамалдың бір жолы базардан қайтарда таксиге мінуін суреттейді. Машина иесі егде тартқан, өзі қатарлы, келісті еркек екен. Екеуі машина үстінде тілдесіп, жеңіл әзіл-қалжың айтысып қалады. Еркек әйелге, әйел еркекке іштей ұнап қалған сияқты. Осы екеуінің диалогі, аз уақыт ішіндегі көңіл күйі адамдық сезімді оятып кетеді. Еркектің есіне өлген жары түссе, Ақжамал Секенін ойлайды. Әйелдік сезімнің оянуы да адам бойына жылылық дарытатын ғанибет шақ қой. Сөйтіп Ақжамал тек баланың анасы, үйіндегі қызметін атқарушы емес, әйел екендігін сезінеді. Бірақ ана ғой, сезімін тұсай білетін қазақ әйелдері табиғатынан жаралған ана тәуба келтіріп, кездейсоқ кездескен еркектен құтылып шығады. «Тек осының жақсылық екенін де, не жамандық екенін де Ақжамал ажыратып ұға алмай, енді өз бойындағы өзгерістен жаны үркектеп, жүрегін үрей биледі. Ол жеңіл жуынып-шайынып, өз бөлмесіне өтіп, бетін құбылаға беріп, жұмсақ креслоға тізе бүгіп, өзімен-өзі болып біраз отырды. Сосын тәңірге жалбарына бастады: «Пендесіне мейір шапағаты шексіз жаратқан ием, менің біліп істеген, білмей істеген, тілімнен жазықты болған күнеларымды өзің жарылқай көр, өзің есіркей көр. Менің көкірегіме тауфық бере көр, сабыр бере көр. Ашық күнде адастыра көрме, оң жолына бастай көр. Ей, Алла! Менің ұятты жерлерімді өзің бекіт, менің жүрегімді қорқыныштан ада ет!».

Әңгіменің бұлай шешілуі тек қазақ әйелінің табиғатынан туындаған.

Қазақ әйелінің қилы-қилы тағдырын Шәрбану «Махаббаттың кермек дәмі» атты әңгімесінде де жақсы суреттеген. Бұл әңгіменің кейіпкері Мағия – ойы ұшқыр, іске де, сөзге де шапшаң шешім қабылдай алатын, қайратты, өмір қиындықтарына мойн бермейтін жан. Тіршіліктің талқысына да сан түсіп піскен. Тынымсыз еңбекқор, зерек әйел. Осы қасиеттерімен ол ғылым жолына түсемін деген күйеуіне жағдай туғызып, күнкөріс қамын өз мойнына алады. Бірақ күйеуі ғылымда жолы болмай, ішімдік, ойын-күлкімен әуестеніп кетеді. Бір орында тұрақтай алмай, жұмыс ауыстыра беретін болады. Мағия мұның бәріне шыдам жасап, оны тәрбиелеуге тырысады, «Азаматтың басында не болмайды» деп қарайды. Күйеуі түзеле қоймайды, қонаққа барса, ішіп алып, елдің мазасын алатынды шығарады. Ақыры жұмыссыз қалады. Үш баланы асырау тауқыметі Мағияның мойнына түседі. Олар біртіндеп елден алыстап, тұйық өмір сүруге көшеді. Сөйтіп жүргенде Керімбек үйден кетіп қалады. Оны әрқилы түсініп, өсектеушілер көбейеді. Мұның бәрі Мағияның жүйкесін тоздырады. Еңбегі ақталмағанына кейиді. Балалары ержеткеніне қарамастан, оның аузынан махаббаттың кермек дәмі кетпейді. Осы оқиғалар легін жалғап, әйелдің махаббатына беріктігін, сабырлы, ойлы мінезін суреттеу оның психологиялық толғаныс, сезім сырларын еске алуы арқылы дамиды.

«Неге шаңырағымды шайқалтпай ұстап қала алмадым? Қай жерден мүлт кеттім?» ...Енді ойласа, оның сыры тереңде сияқты. Отбасының бүтіндігін сақтайын деп неше жыл жауырды жаба тоқып, сырт көзге күйеуін «Керім десе Керім» дегізіп, ешнәрсесін білдіртпей шыдап бақты емес пе? Сол төзімінің қайтымы қайда? Әйелдің бақыты жанындағы азаматына байланысты екенін енді анық ұққандай. Бұның маңдайына жазылғаны осы-ау, шамасы. Қапысыз сүйіп-ақ еді, бірақ адамын дәл таппады ма, қайтымы болмағанын қайтерсің?».

Шәрбану кейіпкерлері – үлкен қайраткерлер емес, қазақтың қарапайым әйелі. Әр салада еңбек ететін, әр қилы отбасылық өмір кешкен топтың өкілі. Автор солардың тұрған ортасы мен қарым-қатынастары, тіршілігі негізінде шын бейнесін танытуға, көзқарасын, өмір туралы ұғым-түсінігін ашуға ұмтылады. Адам бір қалыппен құйылмаған. Бірі түсінгенді екіншісі түсінбейді. Бұлар – көзқарастың, түсініктің қайшылығы. Шәрбану осыған

көбірек көңіл аударады. «Апалы-сінділі екеудегі» Жарқынай мен Қанат, «Күләйхан мен кемпірлер» әңгімесіндегі Күләйхан – осы топтың әйелдері. Қанат туған әпкесінен бөлек, жалғыз өмір сүреді. Шешесі қайтыс болған. Еркекшора, мотоцикл жүргізеді. Алып кетейін десе, әпкесіне ермейді. Қарапайым, еңбекші әйел Жарқынаймен көзқарасы үйлеспейді. Күйеусіз жүріп қалған Күләйхан еркек күтуден алыстап кеткенін сезіп, күйеуге тию дегенді ойламайды да. Оның есесіне өсекші кемпірлердің жеміне айналып жүр. Осылардың бәрі де өмірде бар типтер, Шәрбану әңгімелерінде характер есебінде танылады. Журналистік қызметіне, тапсырылған іске жауапты қарап үйренген Ақжамал («Аманат арқалаған сапар»), қайнын үйлендіруге ауылдан қалаға келген Шәркүл («Тойға келген келіншек»), автобус үстінде кездескен қыз бала («Бәкене қыз»), жазушы жігіттің шығармасын машинкаға басып жүрген қыз Мақта («Мақта қыз») – бәрі де дара характерлер. Ақжамалдың шығармашылық ізденімпаздығы («Әр сапардан бірдеме іздеп» шығатыны, «Шытырманды оқиғаға тап келіп, ауыз тұщырлық сүбелі дүние жазсам» деген ойы), тойға келген келіншектің өзіне тән ауылдық психологиясы, қала тойына көзқарасы, Бәкене қыздың бауырмалдығы, Мақта қыздың бір сәттік сезімі олардың бейнесін танытарлық детальдарды айқындайды. Автор кейде оларды бейтарап көзқараспен суреттесе, кейде лирикалық кейіпкердің (бірінші жақтан сөйлейтін) танымы арқылы ашуға тырысады. Қайткенде де оның дара тұлғасын, өзіндік өзгеше сипатын көрсетуге ұмтылады. Әр әңгіменің өзіндік шешімі, айтар сабағы бар.

«Тылсым», «Туған жердің түтіні» сияқты әңгімелер адамның туған жеріне, үй-ошағына байланған сезімін, психологиясын суреттеуге арналған. Жанғаным туған ауылына – Даратыға барамыз деп шығып, табиғат тылсымына кезігеді. Алдарынан көпірді бұзып, су тасқыны өтеді. Жете алмай жолда қалады. Осы сапар үстіндегі ел, жер, Дараты жайлы әңгімелер, оны сүйген құмарлық сезім оқырманды да бейжай қалдырмайды. Дараты жайлы сөз Жанғанымның енесін еске алғызады. Осы әсем табиғаттың аясында өскен, еңбек еткен адамның Даратыға деген махаббаты бұлардың отаншылдық рухын байытады. Тасқын алдында алдарынан шыққан ақ үкі ана рухындай елестеп, бұларды өлімнен қорғайды. Ана мен рух ұрпақтың тілеушісі, сақтаушысы

екенін ұғындырады. Екінші әңгімеде табиғат аясындағы ауылдың күзгі тіршілігіне қатысқан елдің сол табиғатты жанартуы, тоқтаусыз, ағып жатқан өмірге деген қуанышы сияқты. Онда үй сылау науқаны, елдің жиналып бір-біріне көмектесуі, сонымен байланысты тұрмыс, тіршілік суреттері, қазақы психология, әсіресе, осы істерді атқарушы әйелдердің қызметі мен ой-сезімі жарқын берілген.

Шәрбанудың «Мөлтек әңгімелер» деген атпен берілген шағын этюдтері де бас-аяғы тұтас, белгілі бір ой мен жеке көрініс тұтастығын сақтаған туындылар екен. Олар балалар өміріне де, ересектерге де арналып жазылған.

Шәрбану шығармаларының көркемдігі де көңіл тойдырарлық. Ондағы суреттер мен баяндау әдісі жақсы жымдасып, характер ашуға, оқиға өткен ортаның шындығын тануға мүмкіндік береді. Суреттер де жарқын.

«Бұл өңірде көктем кеш шығады. Көктем кешіккен соң жаз қайдан тез келе қалсын, ол да асықпай жетеді. Қазір маусым айының басы болғанмен, жаздан гөрі көктем дерліктей. Ертеңгілік маужыраған дүние тегіс балауса көкке малынып тұр. Күн жанға жайлы шуағын төгіп, лүп еткен жел жоқ, түп-тұнық. Төңіректе жып-жылы қызғылт сарғыш нұр шуақ уыздай ұйып қалғандай. Жаймашуақ күнге бетінді төсеп, бала кездегідей жүгіре берсе, жүгіре берсе ғой...».

Бұл – Жанғанымның туған далаға шыққан сапарында көрген суреті.

«Қыркүйектің тамылжыған күні бүгін шуағын аяусыз-ақ төгіп тұрғандай. Төңірек сағым нұрға бөленіп, ақ сары сәулеге шомылғандай. Тотияйындай зеңгір көк аспан таза жуылған кірдей өңі ашылып, биіктеп кеткендей. Ұлбіреген жібек орамалдай ақша бұлттар әр жерде бір қалықтап жеңіл сырғиды». Бұл – Ақжамалдың немересін балабақшадан алуға келгенде бақ ішінде отырып андаған табиғат суреті.

Журналистік қызметте жүріп өмір таныған Шәрбанудың шындықты терең түсінуі мен адамдарды тануы оның жазушылық қаламына жел бергені оның шығармашылығынан анық байқалады. Қаламгерге тән байқағыштық, құбылысты сурет күйінде көру де оған көмектескен. Сүйтіп Шәрбанудың сәтті шығармашылық еңбегіне жол ашқан. Оның характерлері де дара, суреттейтін

оқиғалары (сюжет, фабула) да нанымды, тілі де құнарлы, ойлы. Айтары бар, ұсынар сабағы мен ғибраты да мол. Оны қазақ әйелі табиғатының жыршысы деуге әбден болады.

### ***Әдебиеттер:***

1. Бейсенова Ш. Әдебиет порталы // [adebiportal.kzhttp://adebiportal.kz/kz/authors/view/1154](http://adebiportal.kz/http://adebiportal.kz/kz/authors/view/1154)
2. Бейсенова Ш. Сезімтал жүрек. Повесть және әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1988.
3. Бейсенова Ш. Тағылымды тағдырлар. – Астана: Елорда, 2000.
4. Бейсенова Ш. Қамсыздандыру агенті. Әңгімелер. – Алматы: Қайнар, 2003.
5. Бейсенова Ш. «Мизамшуақ». Әңгімелер жинағы. – Алматы: Өлке, 2006.
6. Бейсенова Ш. Сүзгенің соңғы күндері. Хикаят, әңгімелер жинағы. – Алматы: Ан Арыс, 2008.

## НҮРЖЕКЕЕВ БЕКСҰЛТАН

*(1941 жылы туған)*

1941 жылы 22 ақпанда бұрынғы Талдықорған облысының Октябрь ауданында туған ол 1965 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітіргеннен кейін еңбек жолын мұғалімдіктен бастайды.

Кейінгі жылдары «Жалын», «Жұлдыз», «Парасат» журналдарында бөлім меңгерушілігінен бастап бас редакторға дейінгі қызметтерді атқарды. Қазіргі таңда «Жалын» баспасының директоры. Осындай еңбектері ескеріліп, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен (1970), «Құрмет» орденімен (2000) марапатталды.

\* \* \*

Ол 1972 жылы шыққан тұңғыш «Күй толғақ» атты повесть және әңгімелер жинағынан бері қазақ әдебиетін «Күтумен кешкен ғұмыр», «Кінәлі махаббат», «Өзендер өрнектеген өлке», «Ерлі-зайыптылар», «Жау жағадан алғанда», «Әйел жолы – жіңішке», «Әй, дүние-ай!» атты үлкенді-кішілі прозалық шығармаларымен байытты.

«Күй толғаққа» енген әңгімелері негізінен ауыл жастарының өміріне арналып, олардың азаматтық есеуі мен үлкен сүйіспеншілігіне арналған. Кейіпкерлердің жан толғанысы мен мақсат-мүдделері оқушысын өршіл рухқа баулиды. Осындағы «Кінәлі махаббат» повесі мен «Күй толғақ», «Сағынғаным-ай», «Жастық – жыл құсы емес», «Балалықтан бір адым», «Бауырлар», «Қиын сұрақ», «Жолтөбелес», «Не үшін?», «Күләштің соңғы көктемі» атты әңгімелеріне арқау болған оқиғалар шынайылығымен, шымырлығымен баулиды. Жазушы қазақ әйелдерінің басынан өткен шытырман оқиғаларды олардың өздеріне айтқыза отырып өрбітуге шебер. «Кінәлі махаббат» повесі негізгі кейіпкер Зереннің аузымен бірінші жақтан баяндалады. «Әңгімеді әйел болған күнімнен бастайын» дейтін Зерен мен оның замандасы Жаңыл екеуінің басынан өткерген оқиғалары махаббаттың не екендігін аша түскен. Әсіресе, әйел баласының құрсақ көтермеуінің ол үшін қандай қасірет екендігі мен қыркыншы жылғы жесір қалған келіншектердің басынан өткерген тауқыметті тағдырларын жазушы негізгі кейіпкерлердің



өз аузымен баяндатуда жетістікке жеткен. Үш баланы үш адамнан тапқан Зеренді оқушы кінәламайды, керісінше әке-шеше мен ата-енесінің қас-қабағына қараған жанның тағдырының ауыр болғандығына күйзеледі. Жазушы авторлық ұстанымды «Бейкүнә періште сендерде не жазық бар?» деп Әтім ақсақалдың аузына салған. Кейіпкер жан дүниесіне үңілген автор қыркыншы жылдардағы өмірдің жанды картинасын жасаған.

«Кінәлі махаббат», «Арыз», «Жайлаудағы жиырма күн» атты повестері мен «Күтумен кешкен ғұмыр», «Ерлі-зайыптылар», «Бір өкініш, бір үміт» атты романдарында туған жерге деген сүйіспеншілік, адамдар арасындағы қарым-қатынас сынды мәселелер қамтылған. «Күтумен кешкен ғұмыр» атты романда жазушы бірнеше мәселені қатар көтере білген. Оның біріншісі – өнерге, екіншісі – туған жерге, үшіншісі – сүйген жарға деген махаббат. Орталық желінің бірі – өнер болса, қандай алапаттың да, қандай қара күш иесінің де жөнсіз жаласы өнердің үнін өшіре алмайтындығын жазушы жеткізе суреттеді. Қолдан жасалған қиянаттың бәрі уақытша екендігін, халықтың, көптің жүрек түкпірінен орын алған өнердің өміршеңдігін, мәңгілігін араға отыз тоғыз жыл салып елге қайта оралған «Баркөрнеу» әні растай түсті. Романдағы негізгі желілердің бірі – туған жерге деген махаббат болса, сол бір ештеңеге бергісіз үлкен сезімнің аяқасты болып, «Алтын бесік дейтін туған жер олар үшін тозақ отындай болып кетуі» – сол тұстағы заман қасіреті. Баркөрнеуін албанға айырбастамаған Әтіке сол жерден бір күннің ішінде-ақ қашқын болып шыға келді.

Романдағы оқиғалардың негізгі арқауы – махаббат. Жазушы махаббат атты тылсым күштің қуанышы мен қасіретін, қайғысы мен бақытын өмірден алынған шынайы кейіпкерлердің қарапайым өмірі арқылы көрсете білді. Бір қарағанда, Қайныкеш – қарапайым ғана қазақ қыздарының бірі. Бірақ, оның бойындағы шынайы сезім күйлері – екінің біріне бұйырмайтын асыл қасиет.

Бұған дейін қазақ прозасындағы махаббат тақырыбын «Күтумен кешкен ғұмыр», «Бір ғана махаббат» т.б. әңгіме, повестерімен байытқан Бексұлтан Нұржекеев ерлі-зайыптылар арасындағы тылсым сырды «Ерлі-зайыптылар» (1987), «Бір өкініш, бір үміт» (1993) атты романдарына арқау етті. Жазушы 1986 жылы шыққан «Беу, қыз дәурен» атты шығармасын Ілескүл,

Мұқан, Зеріптердің сырларымен, өзінің ойымен толықтырып, 1989 жылы «Ерлі-зайыптылар» атты ерлі-зайыптылар туралы толық романын көпшілік оқырманға ұсынды. Романның құрылымы өзгеше. Сырт қарағанда бір-біріне ұқсамайтын негізгі бес бөлім жинала келіп, тұтас бір ойға қызмет етеді. Романның тағы бір ерекшелігі – автордың оқырманға өзі туралы мағлұмат беріп отыруы, монологтің шығармамен астаса өріліп жатуы.

Автор романды бес тарауға бөлген. «Беу, қыз дәурен» бөліміне жер жәннаты Түлкібастың Күмісбастауында туып-өскен Гүлбаршынның балалық, жастық шағына шегініс жасалған. Жазушы өмірдің тек қуаныштан, бақытты сәттерден тұрмайтынын, күн артынан түн, түн артынан күн туатынын негізгі кейіпкерлердің өмірі арқылы түсіндіре білген. Өз бақытынан ауыл-үйдің сөзін, әке-шеше намысын жоғары қоятын қазақ қыздарының өз басын құрбандыққа шалуы – өмірде көп кездесетін жайт. Жазушы, ерлі-зайыптылар арасындағы күйбең тірліктен туған сан-сауал арқылы сол тұстағы ғана емес, өмірдегі келеңсіздіктерді, үлкен мәні бар әлеуметтік мәселелерді көтере білген. Жас отау құрған жастардың отбасының шырқы бұзылуына бірден-бір себеп әлеуметтік мәселе болса, шағын мемлекетті сақтап қалу – біздің үлкен мемлекеттің бірінші кезектегі өзекті мәселесі болмақ. Бір қарағанда бір отбасы ішіндегі жайды арқау еткен шығарма кейіпкерлері типтік характерлер. Себебі, олардың бойында бір адамның емес, сан мыңдаған жастардың өмір тіршілігі жатыр. Жоғары оқу орнын бітіріп, өмірге жаңа жолдама алған жастарға мемлекеттен көмек болмаса, шалғайда жатқан зейнеткер әке-шешеден нендей материалдық жәрдем болмақ.

Жазушы ерлі-зайыптылар арасындағы сырды ашудың жаңа әдісін ойлап тапқан. Әйел бойындағы физиологиялық, биологиялық ерекшеліктерді терең білмегендіктен, әйел сырын оның өзіне айтқызуы ұтымды шыққан. «Беу, қыз дәурен» атты бірінші тараудан кейін автор өзі туралы біраз мағлұмат береді де, алдағы оқиға өз аузынан айтылады. Ол Қызылорда қаласына барып, Мұқа мен Ілескүлдің үйінде қонақ болып, қыздары Зеріптің сұрауымен және бір күн олардың үйінде болады да, Алматыға олжалы қайтады. Романның негізгі оқиғасын сол жазба күнделіктер құрайды. «Ілескүлдің сыры» атты тарау негізінен Ілескүлдің өмір тәжірибесінен жинақтаған сырынан тұрады.

Ілескүл өзінің шыққан тегі, өскен ортасы жөнінде қызына мол мағлұмат беруді көздеген. «Ақылы жоқ адам қанша жақсы сөз естісе де жамандығын жасай береді, ақылды адам жаман сөзден басқаны естімесе де жақсылығынан жазбайды. Соған қарағанда, бар гәп адамның өзінде, яғни негізінде. Ал адамның негізі, менің өз шешімімнің айтуынша, анасының сүтінен, әкесінің қанынан, ата-бабасының рухынан, ішкен суы мен жеген асынан, жұтқан ауасы мен басқан топырағынан, естіген әні мен тыңдаған күйінен, қыл аяғы есіктің алдындағы иті мен үйдің төбесіне қонған торғайдың үнінен де үлес алып құралатын көрінеді. Сен қазір негізі әлдеқашан қаланған адамсың, қызым. Ендігі сенің серігің – сенім. Жақсылыққа, адалдыққа сенім. Тіршілікте жақсылықтың, адалдықтың болатынына сенбейтін адам өзі қайтіп адал болады, қайтіп өзгеге жақсылық жасайды?» [1, 71]. Міне, осы тектес өмір жайындағы тұжырымдары қызына ғана емес, оқырманға да үлкен міндет жүктейді.

Ерлі-зайыптыларды азғыратын ібілістің аяқ астынан сап ете салатынына Ілескүлдің де көзі жетеді. Күйеуіне ерегесіп қыдырып кетсе, шаңырағының шайқалатынын ұққан ол бар ашуын ақылға жеңдіреді. Алты балалы кезінде де оған сұқтана қарап, өлердегі сөзін айтқан жан кездесті. Бірақ, ондайларға төзімділік танытып, ақылмен жауап беру әйел адамның, әсіресе, қазақ әйелдерінің еншісіне тиген қасиет екенін көрсетті.

Ілескүл қызына айтқан сырын былай деп қорытады: «Менің де саған айтарым сол, қызым. Ақтанмен қосылдым, бітті, енді татулық өз-өзінен орнай қалады, қазіргі махаббат, ыстық сезім осы қалпы өле-өлгенше сақтала береді деп ойлама. Махаббатты сақтау үшін үнемі өсіп, ылғи рухани жоғарылап отыр. Тәніңді тәрбиелемесең, жаныңды тазаламасаң, ақылыңды көбейтпесең, махаббат та тоқтау судай тобарсиды. Махаббат үшін де күнделікті күрес, қарапайым еңбек керек, қызым» [1, 274-275].

«Мұканың сыры» деген тарауда да нақты оқиғаларды баяндау барысында өмір жайлы тұжырымдарға, ақыл-кеңестерге орын беріліп отырады: «Қазақ әйелінің бір басты миссиясы – ағайын-туыс, құда жекжат арасын жарастыру, қызым, «Ағайын тату болса – ат көп, абысын тату болса – ас көп» деуі соған байланысты. Сол міндетін Ілескүлдің ойдағыдай орындағанына

менің еш күмәнім жоқ» [1, 355], – дей келеді де, оған бірнеше мысалдарды келтіреді.

Мұқа өз отбасылары туралы Ілескүл жазған болар деп, көбіне өзіне белгілі жандардың өмірі туралы жазуды жөн санаған. Бір емес, бірнеше жанның басынан өткен оқиғаларды салыстыра сөз ету де жақсы қызмет атқарып тұр. «Зеріптің сыры» да өмірде кездесетін жайттардан алынған. Ерлі-зайыптылардың өмірінен алынған шынайы оқиғалар желісі махаббаттың біз ойлағандай сәтті бола бермейтіндігін көрсетті. «Ерлі-зайыптылар» – жекелеген кейіпкерлердің жан-дүниесіне терең үңілуде психологизмді шебер игерген туынды. Бұл – философиялық, психологиялық, әлеуметтік мәселелерді бір жерге тоғыстыра отырып жасалған жиынтық форма. Жазушы әйел адамдардың бойындағы ешкім біле бермейтін жасырын құпияларын күнделік жазбалары негізінде оқушы қауымға ұсынған. Ондағы мақсат – өмірдің бәрі сәттіліктен тұрмайтынын жас буынға түсіндіру, керегін алып, өмір жолдарына азық ету. Жазушы алдына қойған мақсатына жеткен. Себебі, кітаптың бетін жапқанда сан түрлі тағдыр иелері көрген қуаныш пен қайғы, қасірет пен жұбаныш, көз алдыңнан тізбектеліп өтіп жатады. Ержан сынды ұзақтағы сүйгенін аңсағандардың сағынышы қасындағы адамға ауып жатса, оның арты, әрине, өкінішке ғана соқтырады даусыз.

«Бір өкініш, бір үміт» атты романда «өткенді өкінішпен, алдағыны үмітпен қарсы алатын» адамдардың өмірлеріне үлкен сабақ болған үлкен өкініштерінің артынан да үміт отының жылт етуі, өмір үшін күресуі сөз болған. «Өз әйелімді сүйе тұрып, тағы басқаны ұмыта алмауым, тіпті, сағынуым; бала күннен бірге өскен досымды бар пейіліммен сыйлай тұрып, онымен қырғи-қабақ жандармен де жылы сөйлесуім – осының бәрі не қылық, адамгершілік пе, екіжүзділік пе?» деген терең мағыналы сауалмен басталған роман оқырманын ә, дегеннен еліте жөнеледі.

Өмір жайлы жауабы жоқ, шешімі жоқ ойлар мазалап жүрген кейіпкерге бес жыл бірге оқып, кейін де дәмдес болып жүрген жолдасының Жазушылар Одағындағы: «Тәп-тәуір тілі, қызықты оқиғасы болғанмен, автордың айтқандары адамды иландырмайды. Жалпы, Шегеннің жазғандарынан замана рухы сезілмейді» [2, 3-4], – деген ащы сыны қамшы болса, болашақ романның дүниеге келуіне Райбек ұстазының: «Бойда емес, баста қалады. Бастың бас

екені рас болса, ол бас болмайды. Тіпті, тақырып таппасаң, бала күнін ді жаз. Бала күн деген – жазушының таусылмайтын шикізаты: топырақтың астында қалған ағаштың шіри-шіри кенге айналатыны тәрізді, бала күнгі әсерлер есте сақтала-сақтала жүріп нағыз асыл ойларға айналады. Жалпы, өзінің сәби күнін зерттемеген адам сәбиліктен ұзай алмайды, ессіз балалықтың байыбына жетіп көрмеген кісінің есті болып ержетуі екіталай» [2, 7], – деген сөзі түрткі болады. Романның осындай кішігірім кіріспесінен кейін автор негізгі оқиғаны «Балаң сезім», «Бір өкініш, бір үміт», «Бүбіш», «Шәзия» деген тарауларға бөлген. Тараулардың аттарынан көрініп тұрғандай бірінші тарауға оның балалық шақтағы қылт етіп бой көрсеткен алғашқы сезімдері арқау болған.

Осыдан кейін-ақ балалық шаққа саяхат жасаған кейіпкер мазалаған сауалдарына жауап іздей бастайды. Шындық керек болса, көрген-білгенін сол қалпында қағазға түсіруді көздеген автор өмір шындығын бар болмысымен оқырманның алдына табиғи қалпында жайып салады. Романның негізгі жетістігі де оның өмірден алынған шынайылығында. Көркемдік-эстетикалық жетістігі – психологиялық, әлеуметтік, философиялық мәселелердің жинақтала келіп бір ойға қызмет етуі. Романдағы лиризм жекелеген кейіпкерлер мен жазушының ойы арқылы байқалып отырады. Шегеннің ес білген балалық шағы соғыстан кейінгі жылдарға тура келеді. Яғни, бұл жылдар – әрбір жанұядағы соғыс қасіретінің асқынып тұрған шағы. Жазушы негізгі кейіпкердің балаң сезімі арқылы қыркыншы жылғы келіншектердің қасіретін дөп басып көрсете алмағанымен, олардың істері арқылы оқырманға ой тастап отыруды жөн санаған. Әйелдер, соның ішінде, қазақ әйелдерінің бейнесін сомдауда, олардың жан-дүниесіне үнілуде шеберлігімен танылған жазушы сол бір сәттердегі өмір шындығын шынайы бейнелей отырып, талай сырдың астарына үңіле білген.

Аналарының бақытсыздыққа душар болып, тағдыр тауқыметін тартуы, жардан өлідей, баладан тірідей айырылуы сол бір сұрапыл соғыстың қасіретті дерттерінің белгісі еді. Бірінші бөлімде соғыс қасіретін тартқан жандардың жүрек жарасының сыздауы басымырақ аңғарылады. «Өлдіге қия алмай, тірілігіне сене алмай, сергелденде қалғанымыз-ай! Не өлі хабарың жоқ, не

тірі хабарың жоқ, ойын-күлкіден айырып, өмірімізді өкінішке толтырып кеткенің-ай, қу құдай!» [2, 81] – деп өткеніне өкінген Бәтжан ана Сәтімнен қалған жалғыздың тілеуін тілеп сабыр сақтайды. Осындай ел өміріндегі соғыс салған жараның зардабынан туындаған шындықты көріп өскен Шегеннің бейнесі балалық шағына шегініс жасау арқылы қалыптаса бастайды.

Негізгі оқиғалардың арасын жалғап тұрған жазушының түсініктері, мәліметтері, өмір жайлы толғамдары романның жазылу барысынан, авторлық ұстанымнан хабар беріп отырады. «Бір өкініш, бір үміт» деп тарауға бөлуге қарағанында негізгі оқиғаны осы жерден де бастауға болатын тәрізді. Себебі, бұл тарауда Бүбіш пен Шеген арасындағы балаң сезім емес, үлкен махаббаттың жаңа қырына, яғни қыз бен жігіт арасындағы шынайы махаббатқа кезігіміз.

Адам баласы қызық, өзін сүйгенге емес, өзі сүйгенге ынтығып тұрады. Әңгімесі жарасқан, ой-өрісі де талғамы да қарайлас, өзімен бірге оқитын Мағираның Шегенге деген махаббаты да қызық. Оның Бүбішті сүйетінін білсе де, Мағира Шегенді өмір бойы күтуге бар. Ал, Сара ше? Өзі сүйе тұрып, қасындағы әпкесінің сөзінен шыға алмауы, келген кезде жігітке шықпағанымен қоймай, артынан іздеп барып таба алмай сандалуы да сол бір сөзге ерген шалалықтан туған тәрізді. Адам баласының бойында үлкен сезіммен бірге өткінші бір қылаң берер сезімдердің де болатынын Шегеннің Мағира мен Сараға деген көңілі аңғартады.

Романдағы негізгі оқиғаның шарықтау шегі – Шегеннің Шәзиямен танысып, екеуінің бас қосуы. «Шәзия» атты тарауда «Үйлену оңай, үй болу қиын екендігін» қос ғашық өз бастарынан өткізеді. Жазушы романның басында: «...Достық пен жаулықтың ежелден келе жатқан аражігі бар емес пе? «Араласып жүріп арамдық жасады», – деп Нұртайға ренжимін, сол арамдыққа өзім де белшеден батып бара жатқаннан қалаймын? Кеше ғана Жағдаға жамандық жасаған Елдосты бүгін үйіме сыйлап отырғаным қай қылық? Осы мен не боп барам өзі? Бүбішті еске алғаным – ол Шәзияға опасыздығым емес пе? Елді сөгемін, байқамай өзім де бірте-бірте батпаққа бара жатқам жоқ па?» [2, 11] – деп өзіне сауал қояды. Осындай мазалаған сауалдарға автор шығармасымен

жауап бере білген және оның төрелігін оқырманның еншісіне қалдырған.

«Күтумен кешкен ғұмыр» (1982) атты романы «Ойда жоқта ұшырасқан келіншек», «Тағы да ойда жоқта ұшырасқан басқа келіншек», «Жайма базардағы жолығыс», «Қыз алып қашу», «Үзілмей келе жатқан үміт», «Отыз тоғыз жыл өткенде» деген тараулардан тұрады. Тараулардың аттарынан көрініп тұрғандай олардың бәрі әйел затымен тікелей байланысты жайттардан хабар береді. Алғашқы тарауда өнер жайында кеңірек әңгіме болғанмен, жазушы жас жігіт пен сұлу келіншек арасындағы сезім шарпуының сырын ашуға үңілген. Автор олардың іс-әрекеттері арқылы Адам ата мен Хауа ана жаралғаннан бері әйел бар жерде махаббаттың, махаббат бар жерде өмірдің болатындығын түсіндіруге ден қойған.

Жазушының «Әйел жолы – жіңішке» (1998) атты жинағына енген шағын шығармалары түгел дерлік Тургеновтің «Әйелдің іші – қалың орман, қыздікі одан арман» деген сөзінің астарына үңілуге қызмет етеді. Бұл шығармаларында ол әйел құпиясын ашу үшін олардың жүрек түкпіріне бойлап, сырына үңіле білді. Адам бойындағы бір сәтте келіп-кететін құмарлықтың үлкен өкінішке соқтыруын, үлкен сезімді аялай білмесе, өмір бойы қасірет болуын да автор өмір шындығы, табиғат заңдылығы ретінде нанымды суреттеді. Бексұлтан Нұржекеев қазақ әдебиетінде әйел-ана, әйел, махаббат мәселелерін биік дәрежеге көтеріп, әйел өмірін жеткізе суреттеген жазушы ретінде дараланбақ.

Қазақ даласындағы ұлт-азаттық көтерілісі бұған дейін де әртүрлі жанрдағы әдеби-көркем шығармаларға азық болғаны рас. Осылардың ішінде Жетісу жеріндегі Қарқара көтерілісінің орны ерек. Б.Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай» романы Жетісу өңіріндегі ұлт-азаттық көтерілістің бар бояуын нанымды көрсете алуымен құнды. Роман екі – «Дейін» және «Кейін» деген бөлімдерден тұрады. Шәйі, Тазабек, Қалиша, Жүзік, Табай, Қапез, Жомарт, Кобзев т.б. сынды негізгі кейіпкерлер төңірегінде өрбитін оқиғалар желісі сол дәуірдің қалпы мен салтын тануға жол ашады. Сондай-ақ, қазақ ұлтының өзгеге ұқсамайтын қайталанбас қасиеттерімен бірге, жалпы адамзатқа ортақ құндылықтар жүйесі жөнінде де жорамалдар жасап, ой қорытуға мүмкіндік береді. Кесек туындының бойында жалпы адамзаттық құндылықтардың

көрініс табуы табиғи заңдылық. Сондықтан, біз Б.Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай» романындағы мәңгілік мұраттарды талдау нысанына алып, шығарманы оқу барысында ең жиі кез болған мынадай жалпы адамзаттық құндылықтарға тоқталуды жөн деп санадық: сенім, уәде, өмір, ұрпақ өрбіту, Отан, мейірім, достық, құрмет. Бұдан романда жалпы адами құндылықтардың басқа түрлері кезікпейді деген тұжырым шықпаса керек.

Екі сөйлеген ерді өлдіге санайтын халық сол ерлердің басын ұйыстыратын патшаның екі сөйлеуін тіпті ақылға сыйғыза алмады. Романда сенім мен уәде ұғымдары параллель жүріп отырады. Өйткені, уәденің орындалмауы жұрттың жүрегінде берік орныққан сенім құндылығының жоғалуына себеп болды. «Әділ деп сенген ақ патшасының алақол шыққанына» күйінген жұрт майданға адам алуға қарсы шығып, намысы үшін өліспей беріспеуге бел буды. Автор кейіпкерлер аузына мынадай сөз салады: «Уәде – Құдайдың үйі. Өз уәдесін сыйламаған патшаны біз де сыйламаймыз... Бізді аяйтын патша жоқ болса, патшаға жалтақтайтын албан да жоқ» [3, 14]. Сондай-ақ, жиылған топ алдында сөз бастаған Өмірәлінің: «Шындық», «әділдік» дегенді алдымен солар айтады, бірақ түптің түбінде «шындық» дегені шырмау, «әділдік» дегені арбау боп шығады», – деген сөзі патша әмірінің ел ішіне әсерін көрсетеді [3, 15]. Кейіпкерлердің сенімі екі жақты – үкіметке және қарапайым жақындарына деген сенімі боп көрініс табады. Патша үкіметі әскерлерінің жазықсыз жұртты есепсіз қыруы көңілдегі сенім дейтін қасиетті құндылықты ысырып шығарды. Алайда, совет әскерінің Қытай ауған халықты туған жерге қайтарып, кешегі зұлымдық көрсеткен патша әскерінің атаманын көздерінше атып тастауы және кедейге жақ болып, қамқорлық көрсетуі шайлығып қалған ағайын жүрегіне там-тұмдап сенім ұялата бастады. Сондықтан, сенім артқан жаңа үкіметінің гүлденуі үшін әркім шама-шарқынша үлес қосты. Тіпті Тазабек колхозда жауапты қызмет атқарды. Алайда, шығарманың басынан аяғына дейін сенім құндылығы өзінің шынайы биігіне көтеріле алмайды. Ашаршылықта да, соғыс жылдарында да кейіпкерлердің сенімі нық орныға қоймады. Қайта Желтоқсан көтерілісіне қатысқан Кәусеннің өз әжесінің азапты тағдырын қайталап, совет әскерлерінің қорлығын көріп өлуі Шәйінің жүрегіндегі ондаған жылдар бойы біртіндеп қалыптасып келген сенім құндылығын



біржолата жойып жіберді. Автор тарихтағы совет үкіметінің қазаққа әзірлеген өтіріктерін тізбектей келе бас кейіпкерге мынадай ой салады: «Өтірікке сеніп келген жастар: «Неге бүйттің?» – деп танданып еді, оларды жаппай жазалады. Енді елден сенім кетті. Сенім кеткен жерден бәрі кетеді» [4, 137].

Кейіпкерлер арасындағы сенім, әсіресе, ерлі-зайыпты Тазабек пен Шәйінің бойынан айрықша көрінеді. Тазабектің бет бұрып кетпей, қайта қамқорлық танытып, сенім артуына кейде өз жары да күдікпен қарайды. Бұл да шығармадағы құндылықтар жүйесінің салмағын арттыра түседі. «Қаншама сенейін десе де түбегейлі сендірмейтін бір түйткіл Шәйіні үнемі шырмайды да жүреді: орыстың қорлағаны анау, қалмақтың зорлағаны анау, бәрін біле тұрып бір кейістік айтпайды; шыны ма, шыдамдылығы ма?» [4, 97]. Біріншіден, автор оның себебін Тазабектің қайын атасына берген уәдесінен таймай, сертіне адалдығы деген емеурінмен білдіреді. Екіншіден, Тазабек ер боп қорғай алмағаны үшін өзін кінәлайды. Үшіншіден, тұтас қазақ халқы Шәйінің тағдырын кешіп жүр. Шәйі бейнесі – қазақ ұлтының бейнесі. Қорлайтындар көп, қорғаныш болары жоқ. «Зорланған қатын, қорланған қарындас тұрмақ, бүкіл халық қорған таппай қырылып, қор болып жатқан жоқ па? Қырылып жатқандарға қарағанда, тірінің өмірі тәубә емес пе!?» – деп ойлайды ол [3, 52]. Тіпті, өз әйелінің абыройын таптап кеткен екі орыстан кек алам деген ойынан айныды. Өйткені, өмір қымбат. «Кек бәрібір өткеннің олқылығын толтыра алмайды. Қайта одан бетер қаусатып кетуі мүмкін» [3, 63]. Яғни өмір атты құндылық үшін ол бүкіл ыза-кегін кешуге әзір.

Өмірдің қымбаттығы, өмір құндылығы шығарма басынан-ақ тілге тиек етіледі. Қарқара жәрмеңкесін шабуға бет алған халыққа Жақыпбердінің: «Бәріміз бүгін намыс үшін біріктік, сол үшін атқа қондық. Біріккендіктен, біз күштіміз. Жәрмеңкеде мылтық көп, бізде аз. Сондықтан, елді қорғайтын адам алдымен өзін қорғасын», – деуі адам өмірінің құндылығын танытып тұр [3, 21]. Өмір сүру, өмірін жалғастыру бірді-екілі адам үшін ғана емес, тұтас бір халық үшін алғы планға шығады. Жазушы оны былайша жеткізеді: «Жайсыз, күйсіз жұрт жалаңаш ағаштай жұтаған. Аштан қырылғанша жыбырлай тұратын көбі аз күннің ғана адамы. Бұларға не қытайдың, не орыстың жаны ашымайды. Бұралқы иттен бетер бейнет тартқан халық. Иесі де жоқ, елі мен жері де

жоқ. Жанашыры да жоқ. Не көкке ұшып кете алмайды, не жерге кіріп кете алмайды. Ешкімге керексіз» [3, 47]. Өмір мен өлімнің арасында күн кешкен халықтың «астан-кестені шықса да, аман-есендігіне тәубә деген», «тірі қалған соң, тіршілігін жасауға» [3, 60] бекінген. Романда өмір өлімге қайшы ұғым ретінде келеді де, ұрпақ өрбіту құндылығымен ұштастырыла, сабақтас ұғым ретінде суреттеледі. Мысалы, Тілеулі өлім аузында жатса да, Қытайға аууға бекінеді. «Мен үшін емес, ана үш күшігімді аман сақтау үшін қашамыз. Мен үшін олардың өмірін қауіп-қатерге байлағанша, солар үшін мені құрбан етіндер» [3, 29]. XX ғасыр басындағы қазақ үшін өмір бәрінен құнды десек те, ұрпағы үшін оны да қиюға бар. Өйткені, өз «өмірін» жалғастыратын – ұрпағы.

Шығармада Қалиша отбасылық құндылықтардың қорғаушысы ретінде танылады. Ол әулеттің көбеюі үшін түрлі тәуекелдер жасайды. Шәйіні қалмақтар тартып әкеткенде де Тазабекке «ішінде ұрпағы қалған әйелді жауда қалдырмауды» [3, 51] міндеттеп, замана ырқы туыс еткен қырғыз Табай мен марқұм құдасының жесір келіні Жүзікті қосады. Мақсаты – көбею, ұрпақ өрбіту. Қалиша оның себебін: «Сөйтіп көбейіп септеспесек, бізге сырттан біреу келіп сүйеу бола ма?» – деген риторикалық сұрақпен түсіндіреді [3, 59]. Романның «Дейін» бөлімінің соңындағы Тазабек пен Шәйі арасындағы диалогтан ұрпақ өрбіту құндылығының маңыздылығы арта түседі.

Кейіпкерлер үшін ұрпақ жалғастығының үзілуі трагедиямен пара-пар. Ашаршылық жылдарында халық қисапсыз қырылып жатқанда Шәйі ағасы Ағынтайдың жалғыз көзі – Сәмен өлмесе екен деп тілейді. Өйткені, бауырының аты өше ме деп қауіптенеді. Жалпы адамзаттық мәнге ие болғанмен, ұрпақ өрбіту құндылығының қазақ ішінде айрықша әспеттеліп, ұлттық бітім-болмысқа сіңіп кеткенін көреміз. Сонымен қатар, шығармада адам өмірінің құны ұрпағының ұялмай өмір сүре алу жайымен өлшенетіні айтылады. Автор өлім аузында жатқан Қалимен бақұлдасарда Шәйінің аузына мынадай сөз салады: «Ез боп өмір сүрген жоқсың, аштықта да, тоқтықта да, қиналғанда да, қарық болғанда да елден бөлектенген жоқсың. *Ұрпағың* елдің бетіне именбей, еңкеймей қарайды. Уайымдама» [4, 137]. Көңілге медеу, жүрекке демеу болған құндылық – осы.

«Әй, дүние-ай» романында кездесетін жалпыадамзаттық құндылықтардың бірі – қайырымдылық. Мейірім, жақсылық, қайырымдылық құндылықтары Тазабек бейнесі арқылы жан-жақты ашылады. Себебі, ол өз отбасы мен туыс жақындарына ғана емес, тырнағы батқан қас жауына да қайырымдылық жасауды парыз санайды. Өз басына қауіп төніп тұрғанмен, Тұнық қарияның үйіндегі тойда қамшының астына түскен Қалиға араша түсті [4, 95]. Сол үшін арызға ілігіп, туған елінен алыстаса да, оған бір сәт өкініш білдірмейді. Кейіннен Қалидің әке-шешесін де бауырына басып, қамқорлық жасады. Өзі өлместің күнін кешіп жүргенмен, аштық пен қуғынның тақсіретін тартып, жанұясынан айырылған Табайды үйіне кіргізді. Кәсіп тауып беріп, кейіннен оған Жүзікті қосты. Сондай-ақ, сайдың түбінде бүктетіліп жатқан Сергейчуктің інісін аяғы сынып, майып боп жатқан жерінен құтқарып, үйіне әкеледі. Оқырман романның жалғасын оқып отырып оның, асылында, Тазабекті өлтіруге шыққан теріс пиғылды адам екенін меңзейді. Бірақ ол «адам ғой деп адалдық жасады [4, 101]. Тазабектің елге жасаған қайырымдылығының қарымы да аз болмайды. Өйткені, басына іс түскенде ел-жұрт қарап қалмай демесін болады. Арыз бойынша тергеуге алынғанда, Амалбайдың көмек көрсетуі, ашаршылық жылдарында үйлерді тінтіп жүрген партия адамдарының Шәйіге жасаған жақсылығы – бәрі Тазабектің он алтыншы жылғы дүмпу тұсында елге жасаған қайырымының қайтарымы болатын. Үйі өртеліп, түгі қалмаған Тазабекке ауыл адамдарының көрсеткен қамқорлығы былайша баяндалады: «Көрпе-жастық, киім-кешек, төсек-орнынан жұрдай болған Тазабек шешесі мен әйелін қалай үйге әкетерін білмей дал еді, жағдайын естіген алыс-жуық жұрт үйге төсейтін текеметін де, жататын көрпе-жастықты да – бәрін жарты күнде жыйып әкеп бергенін көргенде әрі риза болды, әрі таңғалды, бұл қазақ біліп болмайтын халық екен, бірде тасбауыр жауың секілді, бірде бәрін бір сенен аямайтын бауырың секілді» [4, 99]. Ағайынның қайырымдылығын тек ол кезде ғана емес, Кітіңге көшіп келгенде де көп көрді. Тәуірбек өзінің киіз үйін тарту етіп, қиын күнде қасынан табылды.

Қазақ танымында туған жер, Отан, Атамекен ұғымдары қасиетті болып саналады. Өмірдің түрлі қалтарыс-құбылыстарына арналған мақал-мәтелдердің көбі туған жер туралы болуы осыны

аңғартса керек. Тарихшы ғалым Х.Әбжанов бұл мәселе жөнінде мынадай пікір білдіреді: «Ел – байырғы түркі заманынан бері желісі үзілмей келе жатқан, қадірлеп, қастерлеп ұстауды талап ететін, қазақтың санасында берік орын тепкен құндылық. Ал елдің негізі – жер» [5, 10]. Б.Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай» романында да осы құндылық аз аталмайды. Қыстың азапты аязында Қытайдан кері қайтқан елдің жағдайы былайша суреттеледі: «Мамырдың басында Аттың тауындағылар елге бет бұрды. ...Үйі де, малы да жоқтардың ұсқыны адам шошырлық: көздері шүңірейген, жақтары суалған, мойнында іші қабысқан дорбасы немесе ыйығында мыжтыж қоржыны ғана бар; ілбіп жүреді, ыбылжып сөйлейді, кеудесіндегі жаны қалай шығып кетпей тұрғанына қайран қаласың. Осыншама азап пен аштыққа төтетіп келе жатқан бар қуаты – тек «Туған елге жетсек, туған топырақта өлсек!» қана. Адам сенбейтін ақиқат» [3, 58]. Өмірден күдер үзіп, өлім құшатынын сезген жұрт туған жерге жерленуді ғана армандайды. Сонымен бірге, Тазабектің қоныс аударуының негізгі астар-сыры Сергейчуктен алыстау ғана емес, Китіңнің де қазақтың жері екендігінен деген емеурін байқалады. Яғни роман кейіпкерлері үшін туған жер ұғымы тек руластары қоныстанған белгілі бір шектеулі аймақ емес, тұтас қазақтың территориясы дегенді аңғартып тұр.

Достық құндылығы қазақтың өз ішінен ғана емес, сондай-ақ өзге ұлт өкілдерімен болған қарым-қатынасынан да айқын көрінеді. Тазабек, Жомарт, Қожақ, Қапездердің арасындағы достық пиғылдың ақ екені оқырман біліп отырады. Ал өзге ұлт өкілдерінен – орыс, қалмақ, қырғыз, тараншы (ұйғыр) бар. Алайда, осының бәрі қазақ – орыс, қазақ – қалмақ, қазақ – қырғыз байланысында көрінеді де, орыс пен қалмақтың қазақпен қатынасы екіжақты, ал қырғыз адал дос ретінде алынады. Қырғыз Табай адал дос қана емес, туыс бауырдай боп кетеді. Ал қалмақтың көшбасшысы Қарға қазақ арасында өскен ағасы Дәулетбай ақсақалмен қауышқан соң ғана жақсылық жасайды.

Әділетсіздікке тап болған халықтың мұң-мұқтажын көре тұра бет бұрып кете алмаған орыс қызы былай дейді: «Мына қырылып жатқан өліктердің қасында тұрып өтінем: мені бұдан былай орыс демендерші! Бүгіннен бастап мен қазақпын. Қожақ қабылда десе, мұсылмандықты да қабылдаймын. Қазақтың

келінімін. Албанмын. Софья да емеспін, Сопыйамын. Мен білсем, қазақтың көретін күні әлі алда» [3, 27]. Зұлымдыққа ұшыраған қазақтың сөзін сөйлеп, Қожаққа тұрмысқа шыққаны үшін оны өз туғандары – орыстар елден аластап, ақырында өлтіріп кетті. Достық құндылығы үшін құрбан болған Сопыйа қайсар, бірбеткей, әділетті жақтаушы қыз боп суреттеледі. Ал шығарманың сюжеттік желісіне бастан-аяқ қатысып, қазақтың шаруаларымен мұндас боп көрінетін кейіпкер – Кобзев. Ол да қазақ секілді өз орысынан қорлық көрген. Шәйінің намысын қорлаған Сергейчуктың екі інісі оның қызын да зорлап кеткен. Кобзев пен Тазабекті әділетсіздік біріктірді. Арадағы жылылық Тазабек, Қапез, Қаратай – үшеуі Тұйықтың төрінде отыратын Тұнық ақсақалдың тойына кетіп бара жатқан жолда бір шоғыр орыспен кезіккен тұста анық байқалады. Бір-бірін қимай қоштасады. Бұдан кейінгі эпизодтарда да Кобзевтің Тазабекке ғана емес, оның төңірегіндегілердің бәріне достық қолдауын көрсетуі аталмыш құндылықтың салмағын арттыра түседі. Ол Тазабекті Китіңге көшіріп алды. Бірақ Кобзев пен Тазабектің көшуінде айырма бар. Кобзев Сергейчуктен қауіп келетінін ойлап көшсе, Тазабек Сергейчуктің өліміне себеп боп, қолын былғамау үшін көшуге мәжбүр болды. Кобзев өзінің достық пиғылын Тазабек қаза болғаннан кейін де тоқтатқан жоқ. Әсіресе, Шәйінің ашаршылық жылдарының қыспағынан аман шығуы тікелей Кобзевтің көмегімен болды. Ол колхоздың малын ұрлап әкеп, түн ішінде сиырдың бір сан етін Шәйіге әкеп тастады [4, 126]. Орыс пен қазақ арасындағы достық құндылығы қарапайым шаруалар арасында көрінеді. Көбіне-көп екі жақ та орыс қолының қыспағын көргендер. Тек Сопыйа мен Кобзевтің ғана емес, сонымен бірге Тазабектің өртеніп жатқан үйінен отбасы мүшелерін тегіс аман алып қалған да – орыс шаруалары. Автор аталмыш шығармада достықтың ұлтқа, дәстүр мен дінге байлаулы құндылық емес екенін осылайша шебер көрсете білген.

Адамзат атаулыға ортақ құндылық болып саналатын құрметтің Б.Нұржекеұлы романындағы көрінісі ерекше назар аударуды қажет етеді. Шығармада аға мен іні, ер мен әйел, үлкен мен кіші, ана мен бала, жеңге мен қайын сіңлі және достар арасындағы өзара құрмет, сыйластық әспеттеледі. Шығыстық ділдің әсері бірден білінеді: әйел кісілердің ер адамдарға деген құрметі айрықша көрінеді. Ер кісі басшы, әйел қосшы деген ұғым

алға шығады. Тіпті Тазабектің анасы да өз баласына еріп, оның шешімдеріне құрметпен қарайды. Бұдан анаға деген құрмет кемиді деген түсінік шықпаса керек. Қайта Қалиша дүние салғанда оның салмағын автор былайша көрсетеді: «Үстінде аспаның, астыңда жерің, ортасында ауаң – бәрі бар. Тек жер-көкте сені ең жақсы көрген, сен үшін жанын қиюға да дайын анаң жоқ. Ешқашан орны толмайтын, орнын ештеңе ауыстыра алмайтын, ешбір асыл мен қымбатқа ұқсамайтын, еш нәрсемен салыстыруға, ауыстыруға болмайтын күдірет!» [4, 100]. Өзге елдердің әдебиетінде көп кезіге бермейтін тағы бір құндылық – құрметтің жоғарғы түрі – эруақтарға деген құрмет шығармада бірнеше рет тілге алынады. Кейіпкерлердің көз алдында жүрген адамдарды ғана емес, дүниеден озып кеткен туыстарына деген құрметі алабөтен. Шығармада ата-бабаны ұмытқан адамды кейін өз ұрпағы да ұмытады деген тәмсіл айтылады [4, 118].

Жоғарыда аталған жалпы адамзаттық құндылықтардың мәні қарсы мәндегі ұғымдармен салғастырыла ашылады. Өмір – өліммен, уәде – сөзден таяумен, сенім – сенімсіздікпен, ұрпақ өрбіту – біржолата құрып кету қаупімен, достық – қастықпен қатар суреттеледі. Шығарманың өн бойында егемендік құндылығы ашық айтылмағанымен, романның басынан аяғына дейін еркін ел болу арманы үздіксіз жалғасын тауып отырады. 1916 жылдан басталған оқиға желісін автордың 1991 жылғы Тәуелсіздікке қол жеткізген сәтке дейін созуының сыры жоқ емес. Әрі өлім аузында жатқан бас кейіпкер – Шәйінің осы қуанышты естіп дүниеден өтуі романның көркемдік қуатын арттырмаса, кемітпеген.

Зұлмат жылдардың қазақ прозасындағы көрінісін зерттеген ғалым Н.Ақыш мынадай ой айтады: «Түптеп келгенде, осы жиырмасыншы-отызыншы жылдар тақырыбына жазылған шығармалардың барлығының көздеген көркемдік мақсаты, жинап айтар ойы – халық басындағы ауыр нәубетті жекелеген адамдар тағдыры арқылы көрсету, сөйтіп халықтық үлкен трагедияға көркемдік топшылаулар жасау» [6, 44]. Б.Нұржекеұлы да Шәйі мен оның төңірегіндегі бір шоғырдың тіршілік-тағдырын көрсетіп, тұлғасын таныту арқылы тұтас қазақ ұлтының басынан кешкен ауыр кезеңнің шынайы шындығын ашып беруге талпыныс жасаған. Сонымен бірге, жазушының өзі тарихи деректерден барынша алыстамауға, әр деталін өмірде болған шынайы

деректерге сүйене отырып суреттеуге тырысады. Автордың өзі де қолдан тарих жасаудың қылмыс екенін және аталмыш романды жазу барысында түгелдей нақты архивтік материалдарға сүйенгендігін алға тартады [7]. Расында да, тарихи деректер мен шығармадағы эпизодтар сәйкесіп жатады. Мәселен, Ораз Жандосов, Қапез Байғабылұлы, Ахмет Байтұрсынұлы сынды қазақтың көрнекті тұлғаларының аты-жөндері еш өзгеріссіз қолданылған.

Шығарманы оқу барысында жалпы адамзаттық құндылықтармен қатар ұлттық құндылықтардың да мол көрініс тапқанына куә болдық. Атап айтсақ, ұлттық құндылықтардың ажырамас бөлшегі болып табылатын салт-дәстүрдің көптеген элементтері – бата беру, құдаласу, қыз айттыру, жоқтау, сүйінші сұрау, естірту, өкіл іні (аға) болысу, қонақасы беру, көңіл айту, ат тергеу, сәлем салу т.б. кездеседі.

\* \* \*

Б.Нұржекеевтің шағын әңгімелеріндегі кейіпкерлер бойындағы сыршыл сезім кең құлашты романдарға да арқау болды. Қазақ жазушылары бара бермейтін интимдік – ішкі (ашыналық) жағдайларға нәзік сезімталдықпен үңілу – жазушы қаламына тән дара сипат. Ол әйел мен еркек арасындағы үлкен сезім мен бір сәттік өткінші құмарлықтың, адал махаббат пен жымысқы сезімнің арасындағы жер мен көктей айырмашылыққа терең үңіліп, суреткерлік шеберлікпен жеткізді. Бұл романдардың бүгінгі қоғамдағы жас отау құрып жатқан жастардың болашақ өміріне қажетті ақыл-кеңес беретіні оның тәрбиелік-танымдық қызметтерінен көрінеді. Екі адам арасындағы махаббатты үлкен әлеуметтік мәселе ретінде көтеріп, адам бойындағы сан-алуан сезім күйлеріне үңілуде психологизмді шебер игерді. «Әй, дүние-ай» романы ірі тарихи оқиғаларды арқау етуімен, XX ғасырдағы қазақ халқының бойындағы құндылықтар жүйесін терең ашып беруімен ерекшеленеді. Жазушы шығармаларында өмір, уәде, сенім, ұрпақ өрбіту, қайырымдылық, достық, құрмет секілді құндылықтармен қатар, бірлік, қонақжайлылық, білім, өнер, қанағат, әділет, тектілік сынды жалпы адамзатқа ортақ құндылықтар жиі көрінеді.

### *Әдебиеттер:*

1. Нұржекеев Б. Ерлі-зайыптылар. Алматы: Жазушы, 1989.
2. Нұржекеев Б. Екітомдық. Таңдамалы шығармалар. Екінші том. Роман, әңгімелер. Алматы: Жазушы, 1993.
3. Нұржекеұлы Б. Әй, дүние-ай (роман) // Жұлдыз. №6. – 2015.
4. Нұржекеұлы Б. Әй, дүние-ай (роман) // Жұлдыз. №7. – 2015
5. Х.Әбжанов. Азаттық мұраттарының асқақ рухы // Қазақ көтерілістері: Энциклопедия / Бас ред. Ж.Н.Тойбаева. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2015. – 616 бет. Қазақ тілінде.
6. Ақыш Н. Зұлмат жылдары қазақ прозасында (1928 – 1933 жылдар қасіретінің қазақ прозасында көрініс табуы). Монография. – Алматы: Нур-Принт 75 ЖШС, 2005. – 136 б.
7. Қолдан тарих жасау – қылмыс (жазушы Бексұлтан Нұржекеұлымен сұхбат) // kitap.kz, 28.01.2016.



## РАФАЭЛЬ НИЯЗБЕКОВ

*(1943 жылы туған)*

Ақын Рафаэль Ниязбеков 1943 жылы Жамбыл облысы, Талас ауданы, Тамабек ауылында дүниеге келген. 1961 жылы мектепті бітірген соң, аудандық «Ленин жолы» газетінде еңбек жолын бастаған. 1967 жылы Қазақ Ұлттық университетінің филология факультетін тамамдаған соң, Қазақ радиосының әдебиет редакциясына қызметке орналасқан. 1971-1977 жж. «Жұлдыз» журналында, 1977-1991 жж. «Жазушы» баспасында редактор болып істеген. 1972 жылы сыншылардың Бүкілодақтық кеңесіне қатысқан.

Қазақстан Жазушылар одағының І.Жансүгіров атындағы сыйлығының иегері. Шешен Республикасы Жоғарғы Мемлекеттік «Ұлт намысы» орденінің иегері. Шешенстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Б. Момышұлының 90 жылдығына арналған республикалық ақындар мүшәйрасының бас жүлдегері. Тараз қаласының 2000 жылдығына арналған республикалық ақындар мүшәйрасының бірінші жүлдегері.

Рафаэль Ниязбеков – қазақ әдебиетіне елеулі үлес қосып, ұлттық рухани қорымызды поэзия, проза, публицистика жанрларымен байытқан қаламгердің бірі. «Келер күндер», «Қаратау мен Алатау», «Жалын кешкен», «Жер жанары», «Өркен», «Биіктей бер, тауларым!», «Бәйтеректер жел өтінде тұрады», «Шешендер», «Ичкерия», «Тыңда мені, замана!», «Махамбет майданы» сынды жыр жинақтары қазақ поэзиясын жаңа биікке көтерді.

Кез келген ақын шығармаларына өзі өмір сүрген қоғамның өзекті мәселелері арқау болатынын ескеретін болсақ, Рафаэль ақын да өз қоғамымен бірге өмір сүріп келеді. XX ғасырдың үлкен қасіретіне айналған Арал тағдыры ақын жанын бейжай қалдырмады. Оны ақынның «Бір кеменің үстінде» топтамасына енген «Арал құрып барады», «Арал мұңы», «Арал қызы», «Теңіз қайда», «Ыстығында аптаптың», «Жігіттер-ай!», «Көш немесе әже зары», «Екі көрініс», «Түйелер», «Қалима», «Бір кеменің үстінде» өлеңдерінен көруге негіз бар. Ақын бірде «Қайран – Арал жүрегі ел деп соққан Бір перзенті емес пе табиғаттың» деп тебіренсе, енді бірде Арал болып «Қайдасындар мені емген қарақтарым,

Перзенттік парыздарың қайда қалған?!» деп адамзатқа мұн шағады. Ал, табиғат экологиясына ұшыраған Арал халқының халі тым мүшкіл. Ақын замандастарының қасірет-қайғысын «Арал қызы» өлеңінде:

Тумай жатып бөбегім жер жастанды,  
Естімедім үнін де іңгәлаған...

Заманында жарқылдап жалындаған,  
Кезім бар ма бөпе үнін сағынбаған?

Тұзға айналған Аралдың зауалы ма

Тұз татып тұр ақ сүтім сауылмаған, – деп, бір перзентке зар болған, көтерген құрсақтарының бірін де қолына ұстай алмаған, бала сүйіп ана болу бақытына жете алмай етегі жасқа толған Арал қызының аузына салады. Бұл зар тек аралдықтардың ғана емес, күллі қазақтың қасіреті екені белгілі. Шөлге айналып, тұз астында қалған Аралдың тағдыры неше буын ұрпақтың қасіретіне айналуға. Бұл – өзіміз көріп жүрген шындық. Қоғамдағы болып жатқан қуаныш пен шаттық, қайғы мен қасіретке алдымен үн қосатын ақындар болса, Рафаэль ақынның өз қоғамының қасіретін жеткізе жырлауы өмір заңдылығы. Айдыны тартылып, құм ішінде қайрандап қалған кемелерді шөккен түйеге балау поэзияда бұған дейін кездескенмен, сол кемелерді «Құмда қалған кемелер – тірі аруақ, Арса-арса сидіған қаңқалары» деп тірі аруаққа теңеу, суы қайтқан жерлердің борпылдақ тұзды сорға айналып бара жатқанын «Нар өлкенің ұқсайды кебініне», «Тұздай салған түйенің терісіндей» деп кебінге, тұздаған теріге теңеу Рафаэль ақынның еншісі екені жасырын емес. Аптап ыстықта тілім-тілім болған даланың таңдайына жаны ашыған ақын «Жігіттер-ай!» өлеңінде «Бұлт төнгенде Аралды тастай қашқан» деп туған жерден үдере көшкендерге ренжулі.

Кенестік дәуір ақындардан өмірдің көлеңкелі жақтарын емес, күнгейін жырға қосуды талап етті. Бірақ ақиқат пен әділдік іздеген ақын көріп жүрген шындықты бүркемелеп, жалған сөйлеуге бармады. «Жер бетіне шындықты сепкен жақсы, Ойға-қырға сүйрелеп желге шашпай» деп өзі өмір сүрген қоғамнан Шындық іздеген ол өтірік ақпар мен жалған мәліметтерді кешіре алмады. Сондықтан да ақын «Уақыт» атты өлеңінде сол кезеңнің кемшілігін сынады:

Үй тонаған ұры жоқ па бұл күнде,  
Кісі өлтірген сұмдар жоқ па бұл күнде?  
Қазынаның есебінен байыған  
Арамтамақ, жемқор жоқ па бұл күнде?  
Бәрі де бар,  
Әлі де бар,  
Ендеше,  
Соларменен күрес аспау мүмкін бе?

Өткен ғасырдың сексенінші жылдары жазылған өлең күні бүгін де өзектілігін жойған жоқ. Себебі, ұрылар да, сұмдар да, жемқорлар да, арамтамақтар да, қылмыскерлер де қазіргі таңда тайраңдап арамызда жүр. Ақын осындай алаяқтарға қоғам болып қарсы шығу керектігін ескертіп, қанымызды қуалап жанымыз бен тәнімізге жайылып бара жатқан жемқорлықтың тамырына балта шабуға шақырады. Бұл – қазіргі таңда Елбасы көтеріп отырған тәуелсіз елдің де өзегіне түскен күрт екені белгілі.

Осыдан қырық жылдай бұрын шыққан «Жалын кешкен» жыр жинағында «Тасты әкеліп жігіт ем тасқа ұрмаған, Өсек-ғайбат жолдарға бас бұрмаған. Тірі жанға түйірдей залал түгіл, Қасқырға да пенде екем қас қылмаған» деген екен. Міне, осы ерекшелік ақынның бүгінгі шығармаларына да тән. Осы тұрғыда «Шындық», «Адамдар-ай!», «Кеш айтылған шындықтар», «Әділет айғағы» өлеңдеріне тоқталуға болады. Бұл өлеңдерге ақын кешіре алмайтын, адам қолымен жасалған екіжүзді қоғам Шындықтары негіз болған. Өтіріктің өрге баспайтынын «Подвалдарға тығылған архивтерден Түрегелді Шындықтар шаңын қағып» деп еске салса, «Шаштан сүйреп Шындықты сабап кеткен» зұлымдардың арамызда жүргеніне күйінеді. Әділет пен Шындықты іздеген тау жүректі ақынның ұстанымын «Жер бетіне Шындықты сепкен жақсы» деген жолдардан аңғару оңай. «Кеш айтылған шындықтар» топтамасында қазақ халқының өткеніне лирикалық шегініс жасап, тарихымызға көз жүгірткен ақынның «Жер бетінде қасірет қанша болса, Сонша азаптың өр халқым бәрін тартқан» деген жолдары «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқының тағдыр тақсіретін көп тартқанын еске түсіреді. Қазағым, халқым деп соққан бұл өлең жолдары – қазақ поэзиясындағы Отаншылдық рухтың жалғасы.

Қазақ поэзиясында туған жерге, жекелеген қайраткерлерге, ақын-жазушыларға, туған-туысқа өлең арнау – қалыптасқан дәстүр. Осы дәстүрді ақын поэзиясынан да байқауға болады. Оның «Махамбет», «Қызғыш құс», «Махамбетке», «Ақан серінің ел ағасына шағынуы», «Абай мұңы», «Қара сойыл» (Оразбайға), «Ақын хақында» (І.Жансүгіровке), «Мұхтар Әуезов ескерткіші және Алатау», «Сырласу», «Ағажан» (Қасым Аманжоловқа), «Мұқағалидың рухымен әңгіме», «Шыңғыс Айтматовпен сырласу» өлеңдері – арнаудың жақсы үлгілері.

Туған жер туралы өлеңдердің ішінен «Талас», «Ата мекенмен сырласу», «Тайтөбе», «Талас жағасында» өлеңдерін атау ләзім. Ашаршылық жылдары балығымен қанша адамның жанын сақтаған Талас өзенінің бүгінгі күйі оны алаңдатады. Алатаудан бастау алатын Таластың өткел бермей жойқынданып жататынын көрген ақын «қысыр жылан секілді жіңішкеріп» кетуіне «Таласыма қайғырып көңіл айтам, Өзендердің бірі деп ағысы өлген» деп көңіл айтады. Мұң-шерге толы өлең – туған жердің бір түйір тасы үшін күрескен ата-бабаларымыздың бүгінгі ұрпағының жанайқайы. Сондықтан оны бір ақынның емес, барша қазақтың зары деп қабылдауға негіз бар.

Осы қатарды «Жер жәннаты – Жетісу» топтамасына кірген «Ару – Дала», «Жеті арғымақ», «Он төрт ғашық», «Жеті ене», «Сараның Айна көлі», «Заманның боз інгені», «Алтын меңді ару қыз», «Жасыл орман», «Жер толғасын...», «Ақша бұлтпен...» өлеңдері толықтырады. Бейнелі сөзбен жансызға жан бітірген ол Жер жәннаты – Жетісуды жеткізе жырлаған ақындардың қатарынан орын алады. Жетісудың жеті өзені туралы ақын біткеннің бәрі де жырлады. Дегенмен жеті өзенді «Жетісу – жеті шылбыр, жеті арғымақ Атырылып кермеден жұла қашқан» деп арғымаққа, немесе «Айып па, айтшы, Жеті өзен жеті ару боп Жеті алыптың мойнына тұрса асылып?!» деп сылаң қаққан аруға, немесе Айна көлді «Ақын қыздың Сала құлаш өрілген бұрымындай» деп қыз бұрымына теңеу Рафаэль ақынға ғана тән болса керек. Сонымен бірге «Бұл жалғанда сұлу жоқ сенен өткен, Қанатқа ұқсап қиылған бұлақ – қасың», «Алтын алқаң ақ мұхит болса егерде, Жалт-жұлт еткен айдын көл – алтын сырғаң» деген образды бейнелер ақын қаламының қуатын айшықтай түсері анық. Заманының бозінгеніндей болып елінің мұңын боздап өткен

Молықбай шалдың күйі тіршіліктің бәріне қан болып тарап жатқанын жеткізе жырлаған ақын «Молықбай шал емес пе Талғар шыңы Тұра қалған жан болып тас кеуделі» деп оны Талғарға теңейді.

Кез келген қаламгер өз дәуірінің жырын жырлайтыны белгілі. Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, ақынның «Асу-асу белдермен» топтамасына енген өлеңдерінен кеңестік дәуір тұсындағы ел өміріндегі өзекті мәселелерді байқауға болады. Тың және тыңайған жерлерді игеру кезіндегі егіс даласындағы еңбек адамының бейнесін жасау кеңес әдебиетінің негізгі міндеттерінің бірі болса, ақынның «Егіс даласынан хат», «Қызылшашы апайға», «Тың төсінде жауған қар» өлеңдері осы мақсатта жазылғаны жасырын емес.

Ақынның «Бәйге», «Шабандоздар», «Палуандар», «Күйші», «Жайлау қазағы», «Тұлпарын алыс жолға баптағанда», «Жігіттердің он жетіге толғаны» тәрізді өлеңдерінде этнографиялық бояу басым болса, табиғат лирикаларының да өзіндік айтары бар. Емендерді қан майданда қаза тапқан ерлерге, бұлақтарды аналардың көз жасына теңеу бұған дейін де болған, ал найзағайдың жарқылын Амангелдінің қылышының жарқылына, көк дауылды Құлагердің қарқынына теңеу Рафаэль ақынның еншісіне тигенін баса айтқан жөн. Ақын қаламына тән ерекшелік мына жолдардан да байқалады:

Мына таулар белді бұған батырдай,  
Шын ұрысқа кірісетін тартынбай.  
Сағынышты жас арудай көк белдер  
Ұйықтаған боп төсегінде жатыр жай.

«Боран», «Жел» өлеңіндегі боран мен жел туралы ойлары да қызғылықты. Боранды:

Жұлынып енді бірде күй іздейді,  
Басыңа қардан қалпақ кигіз дейді.  
Жиналған қорадағы көк шөпті де,  
Жынданып боран-өгіз мүйіздейді, –  
деп өгізге теңесе, желді түні бойы көз ілмей бойжеткен қызын күзеткен кемпірге, не болмаса жеңгесінің орамалын алып қашқан қайнысына теңеу ақын поэзиясындағы жаңашылдықты танытады:  
Тербетіп баяу әнмен бұл ағашты,  
Үрледі қобыраған бұла шашты.

Ойнаған қайнысы боп жеңгесімен,  
Әжемнің ақ шәлісін жұла қашты.

Ақын қаламына тән негізгі жетістіктің бірі – тыңнан жасалған бейнелі тенеулер. «Шеберлік хақында» өлеңіндегі оқ жыланның тілінен қамшы өрген, түтіннен түкті кілем тоқыған шеберлер туралы тенеулердің қазақ поэзиясына қосылған жаңа тіркестер екені анық. Осындай жаңа бейнелер мен жаңа тенеулерді ақын өлеңдерінен көптеп келтіруге болады.

Ақынның тек қазақ даласына ғана емес, Адамзат баласына тыныштық тілеген бейбіт үні Қап тауында жатқан шешен халқының да құлағына жетті. Шешендердің ауыр қайғысына ортақтасып, олардың жан жарасын қағаз бетіне қалтқысыз түсірген ақынның табиғат берген талантына Шешен елі бас иіді. Шешен елінде ақын жырлары жоғары бағаланып, Шешен Республикасы Жоғары Мемлекеттік «Ұлт намысы» орденінің иегері, Шешенстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанып, Шешенстанның қаһарманы болды. Бір елді мойындатқан ақын жырлары – өзінің ғана емес, сөз құдіретіне бас иген қазақ елінің де табысы. Олай болса, Рафаэль ақынның бұл сыйлығы – қазақ әдебиетінің де сыйлығы.

\* \* \*

Р.Ниязбековтің 1996 жылы жарық көрген «Тас құдай» атты прозалық туындыларының жинағына «Тас құдай» романы, «Жалғызбасты әйел» повесі, «Қосарыс шыңы», «Киелі жылқы», «Мақпал тон», «Концерт», «Пәтер» тәрізді әңгімелері еніпті. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жазылған шығармаларды оқып отырып, жазушының кеңестік дәуір тұсында айтуға да, жазуға да тыйым салынған тақырыптарды еркін қаузағанына көзіміз жетті. Жазушының прозалық туындылары тәуелсіздіктің алғашқы бесжылдығында жазылғандығынан оның қаламының жүйріктігін аңғару оңай.

1988 жылдан бермен қарай сталиндік репрессия, отызыншы жылдардағы ашаршылық туралы талай шындықтың беті ашылып келеді. 1993 жылы Захардин Қыстаубаев пен Балжан Хабдинаның құрастыруымен «Қызылдар қырғыны» атты естеліктер жинағы жарық көрген болатын. М.Қозыбаев, Қ.Алдажұманов тәрізді тарихшылардың зерттеулерімен бірге көптеген көнекөздердің

естеліктерін оқып, отызыншы жылдардағы жаппай ашаршылық пен қызылдар қырғынына қаныққан болатынбыз. Еліміз тәуелсіздік алған ширек ғасыр ішінде XX ғасырдың басындағы Қазан төңкерісі, жаппай колхоздастырудың салдарынан қандастарымыздың елден үдере көшуі, қызылдар қырғыны, жаппай ашаршылық, сталиндік репрессия, коммунистік тоталитаризм, Ұлы Отан соғысы, тылдағы ауыр тұрмыс, шаруашылықты қалпына келтіру, тың және тыңайған жерлерді игеру тәрізді ел өмірінен үлкен орын алар ұлт тарихының қасіретті жылдары қазақ әдебиетінде біршама игерілді. Бұл оқиғаларға ақын-жазушылардың шығармаларынан қанық оқырманның Р.Ниязбеков қазақ әдебиетінде біршама қаузалған бұл тақырыпқа нендей жаңалық қосты деп сын көзбен қарауы да мүмкін. Ендеше жазушының аталған жинағына енген шығармаларға үңіліп көрелік.

«Тас құдай» романында Голощекиннің қазақ даласына жасаған «Кіші октябрінің» салдарынан кең жазира даламыздың өлік сасып, адам қаңқаларының шашылып жатқанына куә боламыз. Жазушы жаппай ашаршылықтан қынадай қырылған қазақ халқының басынан өткерген ауыр күндерін Жамбыл облысына қарасты Талас ауданының екі-үш ауыл тұрғындарының адам төзгісіз тіршілігі арқылы нанымды бейнелеген.

Жазушы кейіпкерлерінің ұлттық мінез-құлықтарына да мән берген. Наркескеннің басқарма болса да астындағы сүлікқарасын Құтыбасқа сыйлауы – оның үлкен сыйлай білетін ізеті мен аталы сөзге тоқтай білетіндігін танытып тұрса, Ақжігіттің оны жаяу жібермей, тоғайда тұсаулы жүрген аттардың бірін артынан шауып барып мінгізіп жіберетіні дарқан қазақ халқының кең пейілін танытуға қызмет етеді. Роман басында осындай жомарттықпен танылған халықтың көп ұзамай үрерге иті, сығарға биті қалмай, аштықтан қырылуы «Ұлы дауыл қазақ ауылдарына соқпай, тұсынан құйындай өте шыққан» деген Голощекиннің қазақ даласына жасаған ойранын айшықтай түскен.

Романдағы орталық кейіпкердің бірі аудандық сұр мекеменің (ішкі істер бөлімі) бастығы – тұзкөз атанған Иван Петрович. Ол жөнінде автор мынадай сипаттама береді: «Содан кейін де талай кісіні банды деп шыбын жанын жаһаннамға сан жөнелткен. Бірақ оның бірінде де қолы қалт етіп дірілдеп көрген жоқ-ты. Бертін келе тіпті оқ шығындамаса тұра алмайтын болды.

Құрығанда, ақ қағазға адам суретін сап соны атады» [3, 35]. Иван Петрович бейнесінің толығы түсетін тұсы – Иман екеуіне қатысты оқиға барысында. Иманның қандалаға таланған қарияларды құтқару үшін неге де даяр екенін білген ол өмірі ішпеген арағын ішкізіп, өзін орыс маржасының қойнынан бір-ақ шығарады. Бұл иттігі аздай, қағаздағы суретті атамын, ағашқа апарын іліп кел деп жұмсағанда, Иман қолындағы қазақ суретін өз қалтасындағы Сталиннің бейнесімен ауыстыра қояды. Сталиннің бейнесін мазақ етіп атқылағаны үшін Иманның айтқанынан шықпай, түрмедегілерді босатқан ол суретті қолына түсірген соң аяғы ауыр Иманның жас келіншегін ит қорлықпен зорлап, азаптап өлтіреді. Бұл қасіретті оқиғалар сол кездегі қазақ даласын сеніп тапсырған өкілдердің кімдер, қандай адамдар болғанын ашуға қызмет етіп тұр.

Романдағы орталық кейіпкердің бірі – Наркескен. Оқыған көзі ашық, сауатты жанның кезінде Т.Рысқұловтың қамқорлығында болғаны, шет аудандарда шеттеп жүрген оның сәті түсіп өз туған жеріне қызметке келуі, тұралаған шаруашылыққа жан бітіруі, салықтан қиналған шаруаларды ақылға шақыруы, ел ішінің бүлінбеуін ойлауы, ауылын аштыққа ұрындырмау үшін қолынан келгенін аямауы – ел қамын ойлаған азаматтардың әрекеті. Алайда, әйелі Мархабаның шаруашылықта қалған үш-төрт сауын сиырды жас балалары бар үйлерге уақытша бергені, суық өтіп өлім аузында жатқан баланы ажал тырнағынан арашалау үшін колхоз қорасындағы қолына ілінген бір қазақы қойдың құйрығынан ойып кесіп алғаны, егін екпеген елдің астық салығын орындамағаны үшін жазықты болған оны қыстың көзі қырауда үстіне су құйып, қол-аяғын ағашқа байлап, қасына адам баласын жолатпайтын күзет қойып суыққа қатырып өлтіреді. Ел басына күн туған қиын қыстау сәтте басқарманың жұбайы Мархабаның қиыннан қиыстырып, ауыл адамдарын аштыққа ұрындырмай жаз бойы шөптің тамырын теріп жеп, қыста барын бөле ішіп жүрген тірлігі кезінде дүние мүлкі тәркіленіп, өзі итжеккенге айдалған бай қызының тектілігін танытып тұр. Осы оқиғадан авторлық ұстанымды аңғару оңай. Авторлық ұстаным – елді болашақты болжар, өмірден көрген-түйгені бар тектілер басқармаған соң, жарлы-жақыбайлардан не қайыр не үміт дегенге саяды. Бұл – ел қамын ойлаған жандар итжеккенге айдалып, қалғаны оққа ұшып



жатса, Қарасейіт тәрізді көрсоқырлардың дәурені жүріп тұрған шақ еді. Бір ауылды аштыққа ұрындырмай жан пәрменін салған Мархабадан күйеуі өлген соң тірі адамның хабар алмауы, әрине, өкінішті. Қалаға ілбіп жылжыған келіншекті арбасына отырғызған қауға сақал оны үйіне алып келіп, үй шаруасына салды. Бірақ әкелі-балалы екеуі жас келіншекке таласып, әкесі баласын өлтіріп қойғанына күйініп, Мархабаның жас баласын ойық мұзға тыр шалаңаш тастап жібереді. Осындай оқиғалар бір шаңырақтан қалған жалғыздардың тағдырынан хабар берсе, күйеуінен өлмей, баласынан тірідей айырылған ананың күйігін бейнелеуде автор психологизмді терең игергенін байқатты. Ол қайғы мен қасіреттің қандай болатынын Мархабаның жанына терең үңілу арқылы шынайы бейнеледі.

Қазақ жеріне аяғы тигеніне екі жарым ай өтпей жатып-ақ, Голощекин: «...ауылда, шын мәнінде, Кеңес өкіметі жоқ, тек байлар үстемдігі, рулар үстемдігі ғана бар», – деген қорытынды шығарды. «Ауылдарды кеңестендіру» ұранын бетке ұстаған бірінші басшы жаппай ұжымдастыруға қарсы болғандарды «жаппай сипат алған антисоветтік қарсы әрекеттер» деп бағалады. Бірінші басшы «Бұрын сән-салтанаты келіскен ақ туырлықты киіз үйлерде иісі жұпар аңқыған қымыз ішіп, дәмі таңдайдан кетпес майлы жылқы еті мен қазы-қарта жеп, үйірлеп жылқы айдап, мыңғырған қой, түйе мен сиыр өсіріп, бақытты өмір сүрген... қазақтар енді шөп-шаламмен, иісі мұңкіген сасық шыбын-шіркеймен, иттің, тышқанның етімен коректенуде...» – деген Ғ.Тоғжанов; «Қазақстан жаппай егіншілікке өтуге дайын емес», – деген Т.Рысқұлов; «Егер бізде тері бар болса, оны Москваға тасудың қажеті жоқ, Қазақстанда завод салып, өзіміздің қазақтық жеке (күлкі) ұлттық терімізді өңдеуіміз қажет (күлкі)...» – деген С.Садуақасов сынды өзіндік пікірі бар қайраткерлерді «ұлтшыл-жікшілдер» деп әшкерелеп, оларға ашықтан-ашық қарсы шығып, «ұлтшылдармен» күрес науқанын үдетті.

Ф.И.Голощекин капиталистік 16 елде орналасқан көмекке өте мұқтаж 36 түрмеге қамқорлық жасау мақсатында жергілікті кулактармен күрес науқанын қызған үстіне қыздырып, мал, ет, жүн, сүйек, астық, тағы басқа толып жатқан салықтарды қапталып жіберді. Аша тұяқ қалдырмай сыпырып алған олар ендігі кезекте тұқымға сақтаған астыққа ауыз салды. Жерге себер тұқым таппай

тұралаған елге астық салығын салған соң, өздері аш отырған халық ауыл-ауылды аралап, қайыр сұрап дала кезіп кетті. Тарихшылардың айтуына қарағанда «1929 жылы республикадағы 44 миллион 723 мың 200 бас малдан 1934 жылы 4,5 миллион бас мал ғана қалғанын» еске алатын болсақ, сол малдың есепсіз қырылуының басты себептеріне осы романда қаныға түсеміз. Жазушы оны «Есек қырған» сайы арқылы нанымдылықпен бейнелеген. Алғашында ауыл иттерін қуып жүріп атқан мергендердің көзі ендігі жерде еңбегі адал, еті арам есекке түсті. Есек біткенді жиып алып, ауыл жанындағы сайға апарып қырып салу «шаш ал десе бас алатын» жандайшаптардың ісін айқындай түскен.

Жазушы елдің басына келген зұлматты Сталиннің көзіқарақты Т.Рысқұлов, С.Садуақасов тәрізді азаматтарын елден ұзақ ұстауымен, Қазақстанды басқаруға қазақтың жерін де, елін де білмейтін жанның жіберілуімен, жаңа өкіметтің басына келгендердің Голощекин, Иван Петрович, Қарасейіт тәрізді қанішерлігімен баяндаған.

Ақарыс, Құтыбас, Федор Абрамович, Сұлтан-шер, Ақжігіт, Наркескен, Мархаба, Иман, Иван Петрович, Қарасейіт тәрізді кейіпкерлердің төңірегінде жүріп жатқан оқиға қызыл империяның елді қан қақсатып орнағанынан, асыра сілтеудің салдарынан қазақ халқы жойылып кетудің аз-ақ алдында қалғанынан толыққанды хабар береді. Сондықтан отызыншы жылдардағы аштыққа жан бітірген шығарма тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қазақ романына қосылған үлес болып табылады.

Жазушының «Жалғызбасты әйел» повесіне әлеуметтік мәселе арқау болған. Оқиға Патшакүлдің көшкелі жатқанынан басталады. Оның көшу себебін автор: «Патшакүл сорлының астынан су шықты деймісің. Отырса опақ, тұрса сопақ етіп күн көрсетпеді ғой ана көк көз қатын», – деген кейіпкер сөзімен толықтыра түскен.

Жеңешесінің туған-туысы, өзінен туған баласы жоқ екенін білетін қайнысы Ақылбай қария жөн сұрай барғанда, оны көк көз келіннің күн көрсетпей үйден қуып шыққанына куә боламыз. Осы екі әйелдің өміріне лирикалық шегініс жасаған автор текіден текті туатынын, құдайдың ықыласы түспеген адамның өмірі

жарымайтындығын өмірден алынған шынайы кейіпкерлердің тағдыры арқылы көрсеткен.

Майданнан оралмаған жарының артын күткен Патшагүлдің өмірі жалғыздықтың тақсиретін тартумен өтіп жатады. Жалғызбастылықтың көкесін қорашыларға тамақ істеуге барып, сонда жал-жал құм ішінде екі-үш күн жалғыз қалып, анталаған аш қасқырларға талана жаздағанда көріп еді. Содан кейін «жалғыздық құдайға ғана жарасқанын» түсінген Патшакүл кемпірі қайтыс болған Абыралыға жалғыздықтан құтылу үшін күйеуге шыққанын.

Жазушы малына мал қосылып, әп-сәтте қоралы қойға айнала кететін Патшакүлдің құт-берекесін оның іскерлігімен, еңбекқорлығымен суреттеген. Өзінен тумаса да, туғандай етіп немерелерін бауырына басқан Патшакүл оларға шытып көрген емес. Шалы екеулеп жүріп бау-бақша өсіретіні, жаман немелер ағарған ішсін деп үйден ағарған, желіден бие үзбейтіні, ауыл ортасынан даңғарадай үй салып алғаны – сол мектепте оқитын немерелердің қамы.

Оның дәулетті үйде дәуірлеп жүретіні шалы барда ғана екен. Шалы өмірден өткен соң, көк көз келін енесін көпсіне бастады. Аяқ астынан баласы Түзеубек өмірден өткен соң, Патшакүлдің көрген күні қараң болды. Келе-келе сол үйдің отымен кіріп, күлімен шығып жүрген енесін келіні отырса опак, тұрса сопақ етіп өз үйіне өзін сыйғызбауға айналды. Кезінде шалы екеулеп басын көбейткен малын сатып жүріп салған үйі өзіне пана болудан қалып, бар билік көк көз қатынға өте бастады. Шалдан қалған дүниеге малданған салақ келіннің енесін қуып шыққандағы ойы – дүниеге ортақтастырмау еді. Бірақ, кезінде жақсылығын көрген ауыл адамдары бірді-екілі тоқты торымын сүйрелеп қорасына кіргізіп берген соң, Патшакүлдің малына мал қосылып, әп-сәтте қорасы қойға толды.

Ш.Мұртаза айтқандай, «Бір кем дүние» қай пенденің де алдынан шығып тұратыны бар. Осындай кем дүние болмаса, жоқтың қадірі аспайтын да шығар. «Адам аласы ішінде» дегендей, Алла тағала адамдарды әртүрлі етіп жаратқан. Олардың бірі Патшакүл тәрізді кеңпейіл болса, енді бірі дүниеқоңыз жандар. Бірақ мал мен мүлікті, үбірлі-шүбірлі бала-шағаны кімге, қалай беретінін жаратқанның өзі біледі. Алайда Алланың бермегенін

ешкім де тартып ала алмайды. Мұндайда атам қазақтың «Адам құраса – құралмайды, Алла құраса – құралады» деген даналығы еске оралады. Екі аяқты пенделерден жәбірленген жандарға жаратқанның ықыласы түсуі – әрбір пенденің назардан тыс қалмайтынын байқатады. Ата-анаңа не істесең, қартайғанда алдыңа келетінін еске салған автор екі әйелдің тағдыры арқылы оқырманға ой салған. Мұндай шығармаларды шайпауыз келіндер оқып, одан үлгі-өнеге алса, нұр үстіне нұр болар еді.

Өзіміз өмір сүріп отырған қоғамның әр қатпарынан сыр суыртпақтаған жазушының әңгімелеріне де қызықты оқиғалар негіз болған. Бір қызығы, әңгімелердегі оқиғалар бір-бірін қайталамайтын, әралуандығымен қызықты. Мәселен, «Қосарыс шыңы» атты әңгімесіне XX ғасыр басындағы тарихи оқиға арқау болған. Оқиға болған мешін жылын автор былай деп суреттейді: «Жер де, көк те күйіп, өртеніп тұрған. Елдің көбісі тамақ іздеп, жаужұмыр қазып жеп, құм ішін кезіп, тентіреп кеткен бір кез-тұғын. Сол тұста Қызылжиектің жықпылды қойнауында оншақты қазақ үйі күнделікті ырзығын жер бетінен теріп жеп, өлмес тірлік етіп, бейғам отырған. Ақтар жеңіліп, қызылдар жеңіп, заман беті түзелсе, «жегеніміз марка, кигеніміз торқа, мінгеніміз жорға болар» деп іштей арманда қиял кешетін бәрі де» [3, 427]. Әңгімеде қызылдар жеңіп, ақтар қаша бастаған кездегі қашқындардың кепкаларына бес жұлдызды тағып алып, қой терісін жамылған бөрілердей ауыл адамдарын бөрліктіріп жүргеніне кезігеміз.

Қызылжиекте бұғынқы отырған он шақты қазақ ауылының үстінен ойда жоқта шаңдатып жетіп келген бір топ әскер аяқ астынан ауылдың ойран-ботқасын шығарады. Өздерінен жөн сұрағаны үшін ауыл ақсақалы Баймұқанды атып салып, ендігі бас көтерер төртбақ жігіт шалдың баласы Нұрмұқанбетті күштеп байлап арқасынан таспа тілгелі жатқаны мынау. Қолын байлап тастаса да, бағындыра алмағанына күйінген ұзын сары алты атардың тұмсығымен қанын бұрк еткізіп, сол көзін ағызып түсіреді.

«Соқыр: «Ал, енді мені қайтесің» деген кісіше қайтпай еңсесін тік ұстап, тұрған жерінде шаншылып қатып қапты. Құдды қаққан қазықтай тікесінен тік тұр», – деген жолдардағы Нұрмұқанбеттің қайсарлығы мен бұл сұмдыққа шыдай алмай қолындағы шапа шотпен жіберіп ұрған он үш-он төрт жасар

Шернияздың ерлігі – ержүрек қазақ халқының бойындағы намысы мен өрлігін байқатар эпизод. Жазушы оны кейіпкер сөзі арқылы нақтылай түскен: «Мал баққаннан басқа түк білмейтін надан қазақ» деуші еді бұларды. Немене пәле, шал-шауқаны да, балашағасы да шетінен «кек», «кек» деп өре түрегеліп, шиыршық атып тұр ғой» [3, 434].

Нұрмұқанбет пен Шерниязды өздерімен бірге ала кеткен қашқындар тау-тасты аралап, бой тасалап жықпыл-жықпылмен қаша жөнеледі. Туған жерінің тау-тасына дейін танитын Нұрмұқанбет олардың қай жерге тоқтағанын Шернияздан сұрап алып, оларды алдаусаратып тұрғанда қалай қарап қашып кету керектігін інісіне ұқтырады. Тауды паналап жатқан қашқындардың күні бойы бой тасалап, қараңғы түскен соң төңіректегі ауылдарды тонап жүргенін, оларды шошаңдаған мылтықтарымен қорқытып бопсалап жүргенін білген тұтқын көзі көрмесе де оларды тілдей бірген соң, біржола құтылмақ болып тілін кесіп алады. Онымен де қоймай Шернияздың көзінше ағасын қойша бауыздап, басын кесіп, оны доп етіп тепкеніне шыдамай, кесек таспен ұрып, ұзын сарының басының қанын бұрқ еткізеді. Бұған төзбеген көк көз ендігі кезекте Шерниязды соққылап бет-аузын қызыл қанға бояйды. Осы тұста балаға араша түскен екі-үш кексе солдаттың офицерге басу айтуынан олардың бәрі бірдей қанішер, жауыз еместігін аңғарамыз.

Осы оқиғалар тұсында жазушы тіліне қатысты бірер мысал келтіруге болады. Ол – жазушының образды теңеулерді шебер пайдалануы. «Айғыр талаған сәуірік бара салып жуас биелердің сауырынан тістелеуші еді. Сен де со құсадың-ау, бейшара байғұс. Әйтпесе, шуын шұбалтқан жаман қатында нең бар. Еркек болсаң менімен еркекше неге сөйлеспейсің. Жана әзірде тілімді түбінен қыркып түспек болғаның қайда? Немене, ұмыттың ба? Әй, есі ауысқан мәңгүрт», немесе «Қазақта байлаулы бұзау бұқа болмайды деген ұлы қағида бар. Сен де басына нөкта киген бұзау секілдісің. Айналшақ жегендей қара үңгірден айналып ұзап шыға алмай жүргенің сол. Сонда сен қалай бұқа боласың?» – деген үзіндідегі «айғыр талаған сәуірік», «шуын шұбалтқан жаман қатын», «байлаулы бұзау», «нөкта киген бұзау», «айналшақ жегендей» деген тіркестердің шығарманың шырайын келтіре

түсетіні жасырын емес. Сонымен бірге мұндай образды теңеулер өмір тіршілігі малмен байланысты қазақ халқының не нәрсені де малмен теңеудегі ұлттық ерекшелігін аңғартады. Ал, «бөрінің бөлтірігі ме десем, көкжал қасқырдың нағыз өзі екенсің, сен бала!», немесе «Ал беделім түсті дегенше – белі кеткен жолбарыстан күнім қараң дей бер – не өзінді тыңдайтын жан табылмай бәрі де жер астынан өніп өскен жіктей құлағы тікірейіп, жалын күдірейтіп, дөң айбаттанып шыға-шыға келеді» деген жолдардағы бөрі мен жолбарыс тәрізді жыртқышқа балаған образды теңеулер жазушының негізгі ойын толықтыруға қызмет етіп тұр.

Жазушының «Мақпал тон» әңгімесінің айтары мүлде бөлек. Әңгімеге бүгінгі өзіміз өмір сүріп отырған бейбіт өмірдегі қала тұрғындарының тіршілігі негіз болған. Бір отбасы арқылы өз замандастарының жай-күйінен хабар берген жазушы «адам аласы ішінде», «дәніккеннен құныққан жаман» екенінен хабар береді. Ал «Концерт» әңгімесінде студент жастардың өмірінен хабар алсақ, «Пәтер» әңгімесінде ата-анасын керек етпеген замандастарымызға олардың мұрасы қажет болғанына кезігеміз. «Пәтер» әңгімесінің айтары мүлде бөлек. Төсек тартып жатқан әкесінен бір хабар алмай, өтірік айтып, іссапарда жүрмін деп жалтаратын Азаматтың әкесі өлген соң, жалғыз мұрагері менмін деп қарындасымен үйге таласуы оның бейнесін таныта түседі. Құрбысы үйіне қонаққа шақырып, күйеуі Мұсаханды өзінен тартып алған соң, Балым балашағасын жалғыз өсіріп, ауру әкесін бағып-қағып, сүрініп-қабынып жүргенде әкесі өз үйіне қызын мұрагер етіп заңдастырып қояды. Баласына сенбеген әке жиған-терген қаражатымен бірге аманат хатын жолдасына табыстап кете барады. Тірісінде керек болмаған әкесі өлгеннен кейін керек болғандай, Азамат келіншегі екеуі жетісі мен қырқында қатты қызмет жасаған болып көрінеді. Бірақ олардың бар ойы – осы қаралы сәтті пайдаланып, үйдің құжатын қолға түсіру. Жазушы осы оқиға арқылы «Адамның айтқаны емес, Алланың дегені болатынын» оқырманға түсіндірген.

«Қосарыс шыңы» әңгімесіндегі қызылдардан қашқан ақтардың ауыл тұтқындарына жасаған басқыншылықтары, «Тас құдай» романындағы сталиндік репрессия, «Киелі жылқы» әңгімесіне Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тыл өмірі,

«Жалғызбасты әйел» повесіне жары майданнан қайтпаған қыркыншы жылғы келіншектердің кейінгі жылдардағы тағдыр тауқыметі, «Мақпал тон», «Концерт», «Пәтер» әнгімелеріне замандастар өмірі негіз болған. Бұлардың бәрі жинала келіп, жазушының прозалық шығармаларында ХХ ғасырдың панорамасы ел өміріндегі басты-басты тарихи оқиғалар арқылы жасалғанын көрсетті. Жоғарыда келтірілген мысалдардан көргеніміздей, жазушы теңеу арқылы жанды картина жасауға шебер. Әсіресе адамдардың іс-әрекетін, қылығын жан-жануарларға теңеуде алдына жан салмайды. Мұның өзі жазушы тілінің шеберлігін танытып тұр. Олай болса, көркемдік талаптарға сай жазылған бұл шығармаларды тәуелсіздіктің алғашқы бесжылдығындағы қазақ прозасының үлкен табысы деп бағалауға әбден болады.

Р.Ниязбеков – қазақтың азаттығы жолында күрескен тарихи тұлғалар туралы шағын жанрдан бастап, кең құлашты эпикалық туындылар жазған қаламгер. Ол кеңестік дәуірде өмір сүрген, ХХ ғасырдың зобалаңдарын басынан өткізген, кеңестік дәуірде отаршылдықпен күрескен, елі үшін жанын пайда еткен абзал азаматтар өмірі туралы көп жазды, солардың бірі – Қазақстан Республикасын ұзақ жылдар басқарып, көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналып, халықтың алғысына бөленген Д.А.Қонаев болса, келесісі – Социалистік Еңбек Ері Асанбай Асқаров.

Жазушы «Тауқымет» [4] романында Жамбыл, Алматы, Шымкент облыстарын ширек ғасырдан аса басқарған Асанбай Асқаровтың өмірінің соңында қуғын-сүргінге ұшыраған трагедиясына тап боламыз. Өзінің «Жұмақ пен тозақ жырлары» атты жинағында:

Жамандардан емеспін,  
Мұқата алмас мені ешкім.  
Елім жаман демеспін,  
Жерім жаман демеспін.  
Жаным тірі тұрғанда  
Мұқата алмас мені ешкім, – деген болатын

Асанбай Асқаров.

Талай қазақтың басын жұтқан кеңестік империяның бұғауынан аман шыққан жанкешті азаматтың бойындағы осы өршілдік рух Рафаэль Ниязбеков романында өз жалғасын тапты. Жазушы Одақ көлеміне танымал тұлғаның зейнет жасына

жеткенде бейнеттің зейнетін емес, азапты өмірді басынан кешіргенін көркем шығармаға арқау етті. Романның негізгі оқиғасы 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінен басталады. Бүкіл Одақты дүр сілкінткен айтулы оқиға отыз жылдан бері ұлттық әдебиеттің негізгі үш жанрында біршама қаузалды. Ақын-жазушылардың барлығы дерлік Желтоқсанда қуғын-сүргін көрген жастардың көркем бейнесін жасап, сол оқиғаға жан бітіргені қазіргі қазақ әдебиетінен белгілі. Бұған дейін жазылған туындылардан бұл романның ерекшелігі – әміршіл империяның тек жастардың ғана емес, Одаққа танымал тарихи тұлғалардың да сағын сындырмақ болғандығын Асанбай Асқаровтың тағдыр тауқыметі арқылы көркем суреттеуі. Оқиға басталғанда сырқаты меңдеп, «ақындар ғана жүректен кететін еді, маған не жоқ» деп ауруханада «бір жапырақ жүрегін инемен шабақтап, піспелеп, қырық жамау етіп, тоздырып жібергендей» болып жатқан кейіпкерімізбен алғаш кездесеміз. Іргелес палатада жатқан көршісінің: «Естідің бе, Асанбай? Жастар алаңға қаптап шығып, қарсылық білдіріп жатқан көрінеді. Қарсылықтың соңы қанды соғысқа ұласып кетпесе жарар еді», – деген сөзіне қатты абдырап, аузына жөнді сөз түспей қалған ол: «Арандап босқа қырылатын болды-ау, қайран боздақтар!» – деп өкініштен аһ ұрып, санын соғып, төсегіне отыра кеткен» болатын.

Кейіпкер бейнесін толықтыратын көркемдік детальдің бірі – кейіпкер сөзі. Оны кейіпкеріміздің төмендегі жауабынан көруге негіз бар: «Сендер мені жазықсыз тұтқындап, жанымды азаптағанша Желтоқсан көтерілісі неге бұрқ етті, жастар жалаулатып алаңға неге шықты, ашу-ыза неден туындады? Осының себеп-салдарын саралап, ақ-қарасын анықтап, зерделі зерттеп, сыр-сипатын ашып, сыздап жарылған жараның аузын емдеп жазғанда жағдай бұлай ушықпас еді». Мұндай терең ойды ұзақ жыл ел басқарған, қызыл империяның отаршылдық саясатын түсінген азаматтың ғана айта алатыны белгілі. Осының өзі біздің кейіпкеріміздің терең парасат иесі екенін байқатып тұр.

Осындай көркемдік тәсілдің бірі – сипаттау. Романның алынған: «Күндер жылжып өтіп жатты. Жамбыл, Алматы облыстарын басқарып, тіршіліктің көзіне айнала білген Асқаров өзіне де, өзгеге де тыным бермеді. Осы тынымсыз мазасыздығы аз



жылдың беделінде мәдениет сарайы, қонақ үйі, ресторан, стадион, ипподром, кинотеатр, кітапхана, тағы сол сияқты ірі-ірі ғимараттар боп, жолдарына асфальт төселіп, қара таспадай тұзу тартылған көшелер боп, бау-бақша, парк боп салтанат құрып, өмірге келген еді. Сөйтіп, Шымкент қаласы әп-сәтте құлпырып, ұзатылатын қыздай жасанып, сұлуланып, бау-бағы жайқалған алып шаһарға айналған. «Асқаровқа бұл да аз боп көрініп, Алатау пойызын Алматы мен Шымкент аралығына арқыратып жүйткітіп қойды», – деген үзінді оның халқына сіңірген еңбегін, үлкен қайраткерлігін толықтыруға қызмет етеді.

Романның негізгі кейіпкерлерінің бірі – Асанбайдың жары Фатима. Фатима анамыздың образы эпостық жырлардағы батырларға ақыл-кеңес беріп отыратын Гүлбаршын мен Құртқаның ХХ ғасырдың соңындағы жалғасындай бейнеленген. Келесі кейіпкер – романның бас жағында ғана көрінетін, ҚазМУ-дің филология факультетінің 1-курс студенті, ақмолалық қыз Гауһар. Жендеттерден қашып, шырылдап жан сауғалаған қызды Асанбай өз пәтеріне кіргізіп, арашалап алып қалады.

Шығарманың негізгі жетістігі – оқиғаның да, кейіпкерлердің де бүгінгі өзіміз өмір сүріп отырған қоғамнан алынғандығы. Негізгі кейіпкеріміздің қасынан табыла білетін Акеділ ақынның осы романның авторы екені де күмән туғызбаса керек. А.Асқаровтың қасына жақын жүріп, оның басынан өткен оқиғаларға куә болған ол осы шындықты ұлттық әдебиетке алып келуді өзіне парыз санаған тәрізді. Сондай шәкірттерінің бірі, ҚР Ұлттық ғылым Академиясының академигі Көпжасар Нәрібаев «Елін сүйген ер тұлға» атты мақаласында: «Қазақтың қамын, халқының бағын ойлаған, ұлтының рухын байытқан, жұртының жоғын жоқтаған азамат Асекеңдей-ақ болсын», – деген болатын. Осы пікірге сүйенетін болсақ, Р.Ниязбеков бұл романында ұлтын, елін, халқын сүйген біртуар азаматтың өр рухын, білікті білімін, терең парасатын, тектілігі мен зиялылығын, кең эрудициясын көркем бейнелей білді.

### *Әдебиеттер:*

1. Ниязбеков Р. Қаратау мен Алатау. Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1971.

2. Ниязбеков Р. Тыңда мәні, замана. Өлеңдер. – Алматы: Сөздік-словарь, 2001.

3. Ниязбек Р. Тас құдай: Роман, повесть, әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1996. – 560 б.

4. Ниязбек Р. Тауқымет: Роман, поэма, өлеңдер, мақала. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2016. – 416 б.

## **ТЫНЫМБАЙ НҰРМАҒАНБЕТОВ** *(1945 жылы туған)*

Жазушы Тынымбай Нұрмағанбетов 1945 жылы 10 маусымда Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданында өмірге келген. «Жазушы» баспасында редактор, Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясының сценарийлік коллегиясында қызмет атқарған. Алғашқы әңгімелер жинағы 1971 жылы «Қауын иісі» деген атпен шықты. Содан бері бірқатар туындылары жарық көрді. Біраз туындысы орыс тіліне аударылып, жеке кітап болып басылды. «Қош бол, ата», «Қарлығаштың ұясы» повестері Қазақ КСР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитеті, Қазақстан Жазушылар Одағы, «Жалын» альманахы бірлесіп өткізген жабық конкурста жүлде алған. Орыс тілінде шыққан «Қауын иісі» кітабы үшін Бүкілодақтық М.Горький атындағы конкурстың дипломына ие болды (1981). Халықаралық Қазақ ПЕН клубы сыйлығын алған (2000). «Құрмет» орденінің иегері (2006). «Табалдырығына табын», «Жоғалған көл», «Кемпірлер үкімі» пьесаларының, «Тырнарлар ұшып барады» телефильмі сценарийінің авторы.

«Қош бол, ата», (1972), «Қарлығаштың ұясы» (1975), «Ата қоныс» (1980), «Дарияның арғы беті» (1981), «Ата қоныс» (орыс тілінде) (1984), «Бәйтеректер» (1986), «Туған ауыл түтіні» (1989), «Балалық шақтың әндері» (1994), «Айқай» (2000) «Ауғандық құстар» (2009) т.б. прозалық жинақтары жарық көрген.

Т.Нұрмағамбетов «Ата қоныс» («Туған ауыл түтіні», 1989) әңгімесінде атақонысқа деген ыстық махаббаттың адамда ғана емес, жануарларда да болатынын тартымды суреттейді. Талтоғаннан көшкеніне он жыл болса да, Аймүйіз солай қарай бошалағанын қояр емес. Төрт жыл бұрын Мұқан оны іздеп әуре болмай Шашубай көршісіне алдыртып еді. Енді, міне, өзі іздеп шықты. Ал Мұқан болса, жас тоқалдың дегенін істеп, аудан орталығына келгелі бірде-бір рет атақонысқа ат басын бұрмапты. Аймүйіз болмаса бұл да келмес еді. Бірақ Мұқан ескі жұртқа келгенде өткеннің бәрін кешегідей көз алдынан өткізді. Етікші Шашубай мен бір ауылға жетерлік отынды жалғыз жинайтын Бидайгүл кемпірдің қоралары оларды еріксіз еске түсірсе, өз

ошағы Дәнекерін жаңа жоғалтқандай әсер етті. Мұқанның шынымен-ақ осыларды ұмытқаны ма?

Құрдасын көрген Шынарғұл өз құрбысы Дәнекерді, жастық шақтарын ғана еске алған жоқ, ат ізін салмай кеткеніне өкпесін де айтып жатты. Әсіресе, оған қатты батқаны – Қайыпбегінің құрдасы Белжігіттің осы ауылға директор болып келгенде кірмей кеткені. Сонда Шынарғұлдің соямын деп алдырған қойы да, жастығын есіне түсірейін деп істеген күймесі де атаған иесіне жетпей қалды-ау. Шынарғұлдің Дәнекердің көзін көрген Аймүйіздің бұзауына нөқта есіп беруі, атақоныстан алып келген өрікті бал татиды деп тамсануы – бәрі де сол бір өткен шаққа деген ыстық сағыныштың белгісі.

Автор өз идеясын кейіпкер монологімен берген: «Он жыл. Ал мен сені ұрмақпын! Біздер қандай опасызбыз. Аймүйіз, кешіре гөр... Бізді құдайтағала дүниедегі ең мықты, сонымен бірге, ең осал мақұлық етіп жаратыпты».

Балаларына әкелген өріктің шашылып қалғаны аздай, Торғын олардың біразын езіп кетті. Кеше ғана осы өрікті Шынарғұл бал татиды деп тамсанғанына таңдана қараған Мұқан езілген өрікті көргенде өзінің де ет-бауыры езіліп бара жатқандай болуы – атақоныс, туған жерге деген ыстық сезімінің көрінісі. Жол-жөнекей ойға батқан Мұқанның аузына салған өрігі де бал татып тұр еді. Автор сары өрікті сағыныштың символы етіп алған.

С.Мұратбековтің Аяны тәрізді ерте есейген ұрпақты Т.Нұрмағамбетовтің «Он төрт жасар жігітінен» көреміз. Мұндағы майдандағы ағасын мақтан етіп жүрген Саян одан қара қағаз келгенде ол да Аян секілді елге көз жасын көрсетпей ауыл сыртында кешке дейін жыласа, автор сол бір жігерлі де қайсар балалардың мінез ерекшелігіне ерекше көңіл бөледі. Саянның соғысқа барам деп сұрануы, «сөз жоқ, мен оларды жеңіп барып ауылға келемін» деген сенім мен шешімі – кейіпкер бейнесін толықтырар штрихтар. Ал, Қияс – әкесі майданға кеткен соң ауру ана, іні-қарындас, бір отбасының арқасүйері болғандығын сезініп ерте есейген ұрпақ өкілі.

Т.Нұрмағамбетовтің «Мінездері» («Туған ауыл түтіні», 1989) – циклді әңгіме. Бірінші бөлімінде («Жүрек жылуы») қаладағы балаларына көмектесуге барған Қамқа кемпір қыстыгүні көк мұзда тайып жығылып, аяғын сындырып алады да, содан ауылға

қайтады. Автор шал мен кемпірдің бір-біріне деген сезімдерін олардың ісі, диалог, монологтарымен әдемі жеткізген. Қаракеңнің жанына батқаны – оразаның кезінде сәресіні жалғыз ішуі. Кемпірімен шүйіркелесіп отырып ішпеген шай қайдан бойына дарысын. Әсіресе, Сағаділләнең машинасын көргенде қойын тастай салып үйге асығуы да кемпіріне деген сағыныштың көрінісі. Ал, Қамқа кемпір аяғы жазылған соң Сағиділләнекіне бармақ ойы бар. Автор қартайған шағында үлкен кісілердің екі жақты болуы мүмкін емес екенін шынайы көрсете білген.

«Жалғыз шартак» атты бөлімде Қаратемірдің зейнетке шыққан соң қол қусырып отыра алмай қауын егуі арқау болған. Оған баласы Нағиділланың басына жетсе, аяғына жетпейтін, тойып бір жеуге жарамайтын қауыны себеп болды.

Атасының қауынына ұрлыққа түскен Жарқынбек пен Қарқынбекті көргенде: «Ой, сендер-р. Күшіктер-ау, қайдан жүрсіндер!» – деген шалдың немерелерін «күшік» деп сөйлеуі де қазақы мінездің көрінісі.

Қаладағы баласы немерелерімен келіп қауын жесін десе, олар Қырымға демалысқа кететін болған, мол салған қауынды қак тіліп те игере алмасын білген ол сиыр бағатын Бұхарбек деген жігітке тоғыз тартады. Әміркен, батсайы, ақ шыртылдақ, ала торлама, сулы басыбалдылардан таңдап жүріп екі тоғыз жіберсе, ол көргенсіз ондай рәсімнен бейхабар болып шығады. «Ау, мен тоғызды жоқтығымнан тартыппын ба? Ата-бабамның, диканшылықтың салты. Бәлі-і. Мен жаңылған екем. Бәсе-ау-а...» – деп күйінуінен, салт-дәстүрден жұрдай болып, ескінің бәрін ұмытып бара жатқан жастарды көреміз.

«Бәсе-ау, бұл жер неге азсын. Бұл қара жер азбас та, тозбас та» деп түйген шал жетпістен асқан шағында жасаған мына тірлігін түсінбеген өз балаларына, ағайын-жұртына ренжулі. Олардың «баяғыдай қауын қайдан болсын, жер азған, тозған» деген сылтауын Қаратемірдің ағып-төгілген қауыны «жалқау қырсыздар-ай» деп әшкерелеп жатқандай.

Әңгіменің үшінші бөлімі «Базаршылар» деп аталады. Қара темір мен кемпірі ағып-төгілген қауынды жеп игере алмасын білген соң, ата-бабасы кәсіп етпеген базарға алып шығады. Нағиділдасы анау – апарып бермесең, хабар алып, көмектесуді білмейтін жалқау. Қаладағы Сағиділлә бала-шағасымен келер деп

жолға қарап жүрсе, ол Қырымға демалуға кетпек. Осыдан кейін кемпір мен шал қауынды Жаңақорғанның базарына алып шығады. Өмірі жасамаған кәсібі болған соң қалай көзін тапсын. Біразын елге үлестірсе, жартысын Жантас деген алаяқ көмектескен болып, жымқырып ол кетті. Бірақ, шал мен кемпір балаларына базарлық алғанына риза. Автор қарапайым жандардан «саудагерлер» шықпайтынын көрсеткен.

Осы тақырыпты толықтыра түсетін тағы бір шығарма – Т.Нұрмағамбетовтің «Бөрібайдың тұмағын ит алып қашқан қыс» әңгімесі. Ауыл ақсақалдары Алданбек пен Нұрқабылдың бейнесі де өзімізге таныс қарияларды бір қырынан толықтырғандай. Құжатына 1931 жылы туған деп жазылған Әлмәмбет өзінің қай жылы туғанын ауылдың үлкен кісілерінен білмек болып, қой сойып оларды қонаққа шақырады. Олардан да жорамалдан басқа ештеңе біле алмай дал болады.

Алданбек пен Нұрқабыл «Бөрібайдың тұмағын ит алып қашқан қыстан» басқа ештеңе айта алмады. Жастық шақтың елесіндей болып қалған қыс оларды сол бір шаққа жетелей берді. Құжатқа дейін жыл санай білген қазақ қарияларының арамызда қалмағанына қынжыласың. Үлкен кісілер ертеректе ондай жайттарды қой жылы, сиыр жылы деп-ақ дөп басатын. Бұл ауылда жастарға жөн сілтер қариялардың шынымен-ақ қалмағаны да. Автор ауыл психологиясын зілсіз күлкімен ашқан.

Т.Нұрмағамбетовтің «Қорашылар» әңгімесінен қорашылардың шалағай ісін көрсек, «Сушыдан» «шаш ал десе бас алатын» шенеуніктерді көреміз. Ал, сушылар жарысындағы әділетсіздік – қай уақытта да кездесетін өмір шындығы. Адам баласының мансап қуып азғындағанын, жан құмарлығын тән құмарлығына айырбастағанын Т.Нұрмағамбетовтің «Әлі шалдың қыздары» әңгімесінен кездестіреміз.

XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап қазақ прозасы өзінің тақырыптық аясын кеңейтті, идеялық мақсаттарын түбірімен өзгертті. Әдебиетке жетпіс жыл үстемдік етіп келген социалистік реализм әдісі келмесе кетті. Бұрын талай қаламгерлеріміз айта алмаған, айтамын деп талайлары соның жазасын тартқан тақырыптарға еркін жазуға жол ашылды. «...Бодандық жағдайында көп шындықтың қозғаусыз қалғаны да белгілі» болатын [1, 99]. Бұрын кеңес өкіметі жүргізген саяси

үлкен оқиғалардың тек жақсы, жағымды жақтары ғана айтылып, біржақты баға беріліп келсе, енді ол оқиғалар мен құбылыстардың көпшілік біле бермейтін екінші қыры, коммунистік билік халықтан жасырған шынайы сипаттары реалистікпен суреттеле бастады.

Патшалық Ресей мен Кеңес өкіметінің бодандық құрсауынан босаған қазақ әдебиеті тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары бірден даңғыл жолға түсіп, нақты өз позициясын анықтап алды десек артық болар. Алғашында қай бағытта жазып, нені насихаттау керек дегендей аңтарылып қалған өтпелі кезеңнің болғанын жадымыздан шығармағанымыз абзал. Әсіресе, проза саласында қалам тартып жүрген авторларымыз Жазушылар одағы тарап, өздерін далада қалғандай сезініп, кейбірінің тіпті қаламнан суып кеткендері де болды. Бұрын тек тапсырысқа, белгіленген бағыт-бағдар мен бір ғана әдіспен жазуға үйренген кейбір қаламгерлер жаңа дәуірді тосырқап, ескі заманға сағынышпен қарайтын болды десек, ешкім де ол ойымызды теріске шығара алмас. Нарықтық жүйеге негізделген жаңа өкімет оларға жағдай жасап, жол сілтейтіндей халде емес еді. Сондықтан да әркім білгенін жазды, әркім өзіне ұнаған тақырыпқа қалам тартты. Бұл жалпы дүниежүзіндегі барлық елдерге тән құбылыс болатын. Бірақ бізге бәрі де тосын дүние сықылды болып көрінді.

Тарихтағы ақиқат шындықтың астарын ашып, барынша көркем суреттеген шығармалар тек қана тәуелсіздік алған соң ғана пайда болды деуге болмайды. XX ғасырдың сексен бесінші жылы басталған қайтақұру саясатының желеуімен талай шығармалардың жазылып, кеңес өкіметінің құйтырқы саясаты сол кезден бастап-ақ әшкерелене бастағанын әлі ешкім ұмыта қойған жоқ. Бұрын аттарын атауға тыйым салынып келген алаш арыстарының көпшілігінің шығармалар жинағы Кеңес өкіметі құламай тұрып-ақ жарық көрген болатын.

Жетпіс жыл өз өктемдігін жүргізіп келген коммунистік жүйе келмеске кетті. Қазақ елі өз тәуелсіздігін жариялады. Соған сай өз идеологиясын қалыптастыруға кірісті. Бірақ аталған жиырма жылдың ішінде ұлттық идеология нені мұрат тұтады, нені мансұқтайды деген мәселеге біздің зиялы қауым өкілдері де, жекелеген саяси тұлғалар да, билік өкілдері де нақты өз ұстанымдарын білдіре алмады. Сондықтан да осы уақытқа дейін қоғамдық ғылымдар қай бағытта дамитынын анықтай алмай әрі-

сәрі күй кешіп келгенін жасыра алмаймыз. Бұл көркем әдебиетке де әсер етті. Біздің прозада, егер зер сала қарайтын болсаңыз, әлі күнге шейін ұлттың мерейін көтеріп, жігерін жанитын шығармаларды сирек кездестіреміз. Замана шындығын танытуда оны мадақтаудан гөрі, қоғамның көлеңкелі тұстарын сынау, жерсіз қалған шаруа мен жұмыссыз қалған адамдардың ауыр тіршілігін суреттеу, күнкөрістің құлы болып кеткен азғындаған адамдардың өмірін арқау еткен шығармалардың көп жазылып жатқаны жасырын емес.

Көптеген қаламгерлеріміздің көтерген тақырыптары негізінен елдің тәуелсіздік алып, енді-енді аяғынан тұра бастаған кезіне сәйкес келеді. Сол өлірара кезеңдегі қиыншылықтар, адамдар арасындағы бұрыннан қалыптасқан рухани қатынастардың бұзылып, барлық мақсат дүние табуға, ақшаға, нарықтық қатынастарға бейімделу жолындағы өзгерістердің сырын ашуға бағытталғанын аңғарамыз.

Тынымбай Нұрмағамбетовтің «Мешкей» романы сол аласапыран уақыттағы адамдар бойындағы ашкөздік, дүниеге тойымсыздық, болашағына сенбеген үмітсіздік мәселелерін сөз етеді. Шығарма фабуласын қысқаша баяндай кетер болсақ, ауылдан он баласын ертіп қалаға көшіп келген Алыпхан пәтерден пәтерге көшіп жүріп, ақыры қуықтай екі бөлмелі жертөлеге де қол жеткізеді. Әртүрлі жұмыстың басын бір шалып жүріп тапқан табысы ішіп-жеулеріне де жетпей жүрген ерлі-зайыпты Алыпхан мен Бифатыманың алдарына қойған нақты мақсаттары да жоқ. Тойып тамақ ішу арман болып жүрген үйдің қожайыны Алыпхан шынашақтай болған түріне қарамай, тамаққа тоймайтын мешкей. Ашқарақтығы сондай, балаларының аузынан жырып ұрлап жеуден де тайынбайды. Уақыт өте келе бір баласы рәкеттікпен айналысып, соңынан фирма ашып, алаяқтықпен аяқ астынан байып кетеді. Жоқшылықтан ыңыршықтары айналған бейшара отбасы не ішем, не жеймін демейтін байлыққа белшесінен батып шыға келеді. Алыпхан да тойғанша тамақ ішіп, аз уақытта семіріп, домаланған тұлыпқа айналады. Ақыры баласының құдалығына барғанда обырлықпен қомағайлана жеген тамақтан жарылып өледі. Бұл – автордың идеялық шешімі. Алыпхан – сатиралық астары терең символдық образ. Романдағы бас қаһарманның бейнесінен өз



халқының аузынан жырып, жымқырып жеуді ар санамайтын билік басындағы тоғышар жемқорлардың бейнесін айқын танимыз.

Алыпхан – өз атына заты қарама-қайшы кішкентай адам. Жазушы сомдаған образдың мінезінен де қарапайым адамға тән бала-шағасына, ағайын туыс пен жолдас-жораға деген адамгершілік, ар-намыс, махаббат, қайырымдылық деген ізгі қасиеттерді кездестіре алмайсыз. Романды оқығанда оған күле қарағанымызбен істеген әрекеттерінен жаның түршігіп, әрдайым жиреніп отырамыз. Оның сыйласатын бірде-бір адамының болмауы, туған-туыстарының артынан іздеп келмеуінің өзі кейіпкеріміздің қандай адам екенінен хабар берсе керек. Қарабасы мен құлқынының ғана құлы болған Алыпханның мінезі романдағы мына бір эпизодта реалистікпен бейнеленген. «Төленбеген мың сом әлі тұр. Оны да ойлап, кейде сыбырласып, кейде күңкілдесіп, араларында аз-кем жүз шайысу да шығып қалып жүрген кезде әлгі мың болғыр көршілерінің ойда жоқта қайтыс бола қалғаны. Сонда өзге көршілер жылап қайғырып жүргенде, бұл екеуінің қуанғанын көрсең... Қуаныш деген де өзгенің басындағы қайғысына қарамайтын арсыз нәрсе екен-ау, марқұмның денесін шығарғанда, жерлегенде өзгелер ах ұрып күрсініп, жылап-сықтағанда бұл екеуінің қуаныштан көздері оттай жанып жүрді. Қарқылдап күлкілері келді... Жарқылдап сөйлегілері келді», – деп суреттейді [2, 10]. Бұл үзіндіден тек Алыпхан ғана емес, оның Құдай қосқан қосағы Бифатыманың да өзіне сай әйел екенін танығандай боламыз. Алыпхан туғаннан солай бола қалған жоқ, жазушының айтпағы замана қиындығы, қоғамдағы берекесіздік Алыпхан сияқтыларды туғызды. Олар үшін қарын тоқтығынан артық мақсат та, мұрат та жоқ. Нарықтың жаңа орнығып жатқан өтпелі кезеңі сондай опасыздардың, тек күні үшін неге де болса арланбай бара алатындардың өмір сүруіне ыңғайлы келетінін айтқысы келген сықылды. Алыпхандар үшін достың, жолдастың, туыстың қайғысы деген ұғым жоқ, оларға тек өздерінің жағдайы жақсы болса болғаны, қалған адамдар күл болмаса, бүл болсын. Оның бойынан ұлттық намыс, имандылық, адамгершілік деген қасиеттерді көре алмайсыз. Оның құрбандыққа мал әкеліп, оны құрбан айт намазынан екі-үш күн бұрын сойып тастауынан да сондай дөкірлікті, кешелікті, ештеңенің байыбына бара бермейтін тоғышарлықты аңғарамыз. Рухани жағынан жұтандаған

Алыпхандар қазір де арамызда жүр. Ондайлар баршылық және бола да бермек. Оларды күнделікте өмірде көріп те, біліп те жүрміз. Сондықтан да Алыпхан образы – жинақталған типтік образ.

Т.Нұрмағамбетовтің «Мешкей» романы жанрлық жағынан сатиралық романға жатады. Аталған шығармада жағымды іс-әрекетімен көрінетін кейіпкер жоқ десек те болады. Алыпхан араласатын адамдардың бәрінің де ішкі есептері бар, шетінен дүние жинауды басты мақсат тұтқан көрбілте пенделер. Оның құдасы да, құдасының құдасы мен құдасының ағасы да Алыпханға тек байлығы үшін ғана құрақ ұшып құрмет көрсетеді. Құдалықта Алыпханның сөзді неден бастарын білмей, ыңыранып әрең сөйлеп отыруының өзін олар бұрын үлкен лауазымды қызмет атқарғандығынан қалған әдет деп топшылайды. Оның шамадан тыс семірген сыртқы кейпі де, анау-мынау әңгімеге араласа бермейтін (әңгімеге араласа алмауы оның сауатсыздығынан, ешнәрсенің парқын білмес топастығынан екенін олар, әрине, бірден сезе қоймайды) жасанды салмақтылығы да алғаш көрген адамдарға сондай ой қалдырары шүбәсіз. «Бәрі де кезінде аудандық мекемелер басшысы дәрежесінде қызмет істегендер екен... Тіпті отағасы жаңсақ естімесе ... бәрі бір ауданда, әлде көрші аудандарда қызмет жасағандар болды ма, немене... Әйтеуір бір жақсысы, олар Алыпханға «енді өзіңізді таныстырыңыз» дей алмады. Олай деуге аудандық мекеме басшылығы дәрежесінде ғана қызмет атқарған әлгі ұзынтұра, шикілсары, қара домалақтардың батылдары жетпеді. Жетпегені бұл кезде, соңғы қонақтың қабағы кезінде обкомның екінші хатшысы болған кісідей (біріншісі деп жіберуге де болар еді, шіркін...) шын мәнінде жауар күндей түнеріп отыр еді де, оның осылай отыруын әлгілер «бізді көзіне ілмеуі, менсінбеуі» деп ойлап, еңселері түсіп қалғанды» [2, 91].

Жазушы тоғышарлықты тек қана Алыпханның отбасы арқылы ғана көрсетіп қоймайды, оны бұрын ел басқарған, сол халықтың мұңы мен зарын бір кісідей біледі деген адамдардың ой-өрістері мен көзқарастары арқылы да танытып өтеді. Мұны ғалым А.Ісімақованың М.Мағауин шығармашылығы туралы айта келіп: «Заманға көңілі толмау – шынайы суреткердің әр кездегі дерті екені айқын», - деген пікірімен толықтыра кетуімізге де болады [3,

336]. Балаларының қандай жолмен болса да тапқан дүниесіне тоқмейілсіген ақсақалдардың осынау қысқа үзіндіде келтірілген мінез ерекшеліктерінен олардың кім екендерін, ой-өрістерінің қай деңгейде екендігін анық аңғарғандай боламыз.

Шығарманың тілі жазушының бұрынғы шығармаларындағыдай төгіліп тұр деп айта алмас едік. Негізі аталған шығарма Т.Нұрмағамбетовтің сатира жанрына тілінің шорқақтау екенін аңғартады. Дей тұрғанмен де, нарықтық экономикаға өту кезеңіндегі ақиқат шындықты көркем жинақтап бейнелеуде талантты қаламгер өзге қаламдастарына карағанда біршама жетістікке қол жеткізген. Біріншіден, бір қоғамдық формациядан екінші қоғамдық формацияға өту кезеңіндегі аласапыранда ешқандай себепсіз, ғайыптан байып кеткен адамдардың арамызда көптеп кездесетінін жоққа шығара алмаймыз. Осы шығармасында жазушы аталған шындықты тап басып, шынайы суреттеп жеткізе алған.

Екіншіден, жазушы барлық мақсат дүние мен ақшаға ғана негізделген қоғамда адамгершілік пен рухани байлықтың екінші орынға ысырылып қалатынын да барынша сенімді дәлелдейді.

Үшіншіден, ең жексұрын әдет болып табылатын мешкейлік арқылы қоғамдағы жемқорлықты, тойымсыздықты сатира тілімен өлтіре сынайды. Жинақтай айтқанда, Т.Нұрмағамбетов «Мешкей» романында біз өмір сүріп жатқан қоғам шындығын реалистікпен бейнелеп, қазіргі замандастар тұлғасының көбімізге сырттай ғана таныс қырларын суреткерлікпен танытқан.

Орыс ғалымы Ю.Борев: «Комедия – дамушы өркениеттің жемісі. Күлкі өз болмысында демократиялық болып келеді. Ол иерархияға (бағыныштылыққа) беделділер мен шенділердің алдында тізе бұгуге қарсы. Ол барлық теңсіздік атаулы мен зорлық-зомбылыққа, жеке дара билеушілікке кереғар күш ретінде өмір сүреді», – дейді [4, 84]. Сол айтқандай, жазушы өз шығармасы арқылы біз өмір сүрген 90-жылдардағы зорлық пен зомбылықты, адамдар арасындағы теңсіздікті, ақша үшін белділер мен шенділерге құл болған қуыс кеуделікті, намыссыздықты сынайды. Мұның бәрі – жазушының аталған романында қол жеткізген табыстары.

Жазушы Тынымбай Нұрмағанбетовтің 2008 жылы жарық көрген «Ауғандық құстар» кітабына соңғы жиырма бес жылда

жазылған «Ауғандық құстар», «Анасын сағынған бала», «Күнді жек көру», «Күпия кездесулер», «Мылжындар», «Күрес партиясы», «Ұлттың дерті», «Әулеттің иесі» т.б. әңгімелері кірген. Осы кітаптағы және «Қазақ әдебиеті», «Жас Алаш» газеттерінде жарық көрген шығармаларының ішінде еркіндігі толық мойындалған ерікті елдің ширек ғасырдағы саяси, әлеуметтік, қоғамдық проблемалары баса көрінген біршама әңгімелер талдауға ілікті. Жазушының тұтас шығармашылығынан екі бағытты айқын аңғаруға болады: алғашқылары (1970-1990 жж.) – юморға құрылған таза қазақы мінез бен болмысты сақтаған қарапайым жандар өмірі, олардың ауылдағы тіршілігі мен жағдайы әңгімелерінің басты тақырыбы болса, кейінгілерінде (1990-2016 жж.) өзі бірде жек көріп, бірде ұнатқан қазағының ауылдан қалаға ауысып, өзгерген, еліктегіш психологиясы көрінген. Әсіресе, бұрынғы КСРО тарап, урбанизация дәуіріне аяқ басқанда қазақтың болмысы қалай өзгерді, бұрынғы қазақ пен қазіргі қазақтың арасында қандай оғаш қылықтар пайда болды, кедей таптың өкілдері 1990 жылдары қалай байып шыға келді – осы мәселенің барлығы қазіргі әңгімелерінде көрініс тапқан. Қазіргі күні шығармаларының (бұрынғы, кейінгі – аралас) жинақтарда бірнеше рет басылып жариялануы немесе әдеби ортада көп ауызға ілігуі – Т.Нұрмағанбетовтің өз замандастарымен салыстырғанда оқырмандарының әлдеқайда көптігімен ерекшеленетінін байқатса керек.

«Ауғандық құстар» әңгімесінде мазмұны терең оқиғалар кездеспегенімен, оқырманды еліктіріп алар қызықты ситуациялар мол. Елдің территориясын жайлаған ауғандық құстар кейбір саяси шындықтарды көрсетуде символдық мән үшін алынған. Мұндай тәсіл М.Мағауин шығармаларында да кездеседі. «Құмырсқа-қырғындағы» кара құмырсқалар да қазақ жеріне көз алартқан қарақытайлардың дәл бейнесін көрсетсе, мұндағы ауғандық құстар Арыстан байдың шешесін теуіп өлтіріп, Жолбарыс деген бизнесменнің тұрмыс құрғалы жатқан қызының той көйлегін нәжісімен бүлдіріп, иә болмаса, Қасқырбай байдың баласының бетін тырнап кетіп, қазаққа деген жаулық ниетін айқын аңдатады. Тіпті, балконға тығылып отырып, ақша санап отырған Қасқырбай бай мен әйелінің қолынан 200 еуроны тістеп алып кетті деп

мысқылдауының өзі – қоғамдағы саяси-әлеуметтік шындықты танытудың тәсілі.

Әңгіменің бастауындағы мынадай авторлық ремарка назар аудартады: «Осы жұрт: «Біз отырған мекенде қандай құстар өмір сүреді?» – деп бір сәтке ойлана ма екен өзі? Әй, ойланбайды-ау? Әй, өңшең ойсыздар-ау, өңшең тұлабойын ұйқы басқан жайбасарлар-ау, сендер неге құстар туралы ойламайсындар?» [5, 3]. Бұл авторлық ишара, интервью мен пікір алмасуларға жиі келісе бермейтін Т.Нұрмағанбетов ұлт тағдырына жауапты ресми өкілдерге үндеу жариялағандай. «Ауғандық құстар» – ХХІ ғасырдағы Қазақстан қоғамына қойылған жазушының диагнозы. Қазақстан елі Тәуелсіздік алған тұстағы бизнесмен-кейіпкерлердің әдеби образын жазушы былайша суреттейді: «Қасекең ендігі жерде Алатау ауданындағы өздерінше мықтымыз деп жүрген емхананың дәрігерлерін менсінбей қойыпты. Сөйтіп, республикаға аты белгілі дәрігерлерді ғана шақыртыпты (Қасқырбайдың баласын ауғандық құстар теуіп кеткенде)» [5, 7]. «Оның үстіне самолетпен кісі жіберіп, басына салар фатаны Дубайдан, үстіне киер көйлекті осыдан бір жеті бұрын Парижден алдырған еді (Жолбарыс байдың қызы күйеуге шығарда)» [5, 7]. Бұл тұста оқырманға байларға тән біржақты ұғым қалыптастыруға болмайды.

Т.Нұрмағанбетовтің көп кейіпкерлері – кедейлік шымбайына батып, жұпыны тұрмыстың қамытына оранғандар. «Күнді жек көру» әңгімесіндегі қарызға белшесінен батқан Бектай да ХХІ ғасырдағы жұмыс іздеп, табанынан тозған көп қазақтың бірі. Әңгіменің шарықтау шегіне жетер тұста қарызын сұрағандардан, әсіресе, өз әйелінің зәрлі сөздерінен қашып құтылудың бір жолы өлу ғана деген шешімге келеді Бектай. Өлудің бірнеше жолын қарастырып жүріп, ақыры, мерзімі өтіп кеткен консервіге уланып өлген адам туралы естіп, мұның да осы жолмен өмірімен қоштасқысы келеді. Бірақ консервіден де тірі қалады. Осындай өз жанымен өзі арпалысқа түскен сәтте жазушы бір қызықты ситуацияны сәтті қиыстырады. Ол – күн жүйесіндегі өзгеріс еді. Бұл құбылысты көршісі Бектайға Жер өз осінен ауып кетіп, ақырзаман жетті деп түсіндіреді. «Ақырзаманға» дейінгі және кейінгі адамдар психологиясындағы өзгермелілікті көрсетуге тырысқан. «Ақырзаманды» естіп, ақшамен емес, өміріне алаңдай

бастаған адамдар Бектайдың қарызын кешіре бастайды, егер күн көзі қайта көрінбегенде, бәлкім, барлық қарызынан құтылар ма еді... Бұған Бектай жек көріп кеткен «ақырзаманның» артынан жарқырап шыққан Күн кінәлі еді.

Мазмұны тұтасымен саясат мәселелерін қамтитын әңгімелері – «Ұлттың дерті», «Какаду», «Маскүнемнің малқорасы», «Күрес партиясы» т.б.

«Ұлттың дертінде» министрліктің орынбасарлығынан түсіп қалып, аяқ астынан зейнеткерлікке шыққан Керімкұл Алтайұлының образы арқылы биліктен қол үзген адамдардың алғашқы сәттегі көңіл күй көрінісін шындықтан алыстамай нанымды бейнелеген деуге болады. Қызметімен ойда жоқта қоштасқан шенеунік, спортшылар түрлі дертке шалдығып немесе о дүниеге аттанып кетіп жатады. Кейіпкердің ауруы басқаша. Сөйлеуден қалады. Алғашқыда айлап сөйлемей қалу «ауруына» ұшыраса, үш-төрт айдан кейін керісінше, мыжыма әңгімешілге айналады. Бұл «ауру» баласы Марленге, тіпті, немересіне де жұғады. Бір әулеттің-ұлттың дертін дөп басып айтатын еуропалық емші-көріпкелдің бейнесінің славян ұлтынан емес, «түрік тұқымдас мұсылман елдерінің біріне» ұқсауы сәтті сомдалған. Емші-көріпкелдің мына болжамдарын сөзбе-сөз келтірген жөн болар: «Ұлтыңыздың жағдайы аянышты халде екен». «... Дәл қазір сіздердей қиын халге түсіп отырған ұлт дүниеде жоқ шығар». «... Өзге бір ұлттар азып-тозса, жоқтықтан... қатарға ілесе алмағандықтан... Сіздің ұлтыңыз» [5, 257]. Бұл – жазушы Т.Нұрмағанбетовтің қазіргі Қазақстанның саясаты жайындағы жеке көзқарасы мен пікірлері. «Сіз ұлтым тәуелсіздік алды дейсіз... Дұрыстап ала алмаған тәуелсіздік тәуелді болудан да жаман. Сол тәуелсіздікті дұрыстап ала алмаған, өз көшін өздері алып жүре алмаған елдегі берекесіздіктер адамдарды әлгідей әртүрлі кеселдерге душар ете алады» [5, 258-259]. Ұлтқа тәуелсіздіктің мазмұнын өз деңгейінде сезіндіре, түсіндіре алмай отырғандар да мақтаншақтық, жалқаулық, даңғойлық, жылауық, қорқаулық дертіне ұшырағандар. Егер елді басқарушыларда ұлтты алға бастар ортақ мұрат, ұлттық ізгілік сияқты ой-мақсат мүлде жоқ болса, тәуелсіздікті өз тұғырында ұстап тұру да өте сенімсіз екенін ескертеді. Жазушының ойынша халықты бұл қиындықтан алып шығатын тек ер азаматтар ғана, «егер әйел адамдар да әлгіндегідей кеселдермен ауыратын болса, онда ол ұлттың біржола

біткені... тозғаны. ... Өйткені қай ұлттың да сақтаушысы – әйел» [5, 260].

Әңгімені талдаудағы ойды қорыта айтар болсақ, көріпкелдің болжамынша әр отбасы мүшелерінің жағдайына қарап-ақ сол ұлттың хал-ахуалын біле беруге болады. Ел басқарудағы жүйе берекесіздіктен құтылып, бір ретке түссе ғана ұлтты нұрлы болашақ қарсы алуы әбден мүмкін. Ұлттың болашағы емші-көріпкелге «болжатып», қоғам дертінің диагнозын өзінше анықтауы – қазіргі прозаның жаңалығы ретінде бағамдауға болады.

Қазақ хандығының 550 жылдығына орай Қазақстан Жазушылар одағы мен Еуразиялық топ мекемелері бірлесіп, көркем әдебиетіміздің тың туындылармен толығуы және жаңа шығармалардың дүниеге келуіне ұйытқы болуы үшін 2015 жылы «Алаш тарихының ақиқаты» атты арнайы шығармашылық бәйге жариялаған-ды. Проза жанры бойынша бас жүлде Тынымбай Нұрмағамбетовтің «Какаду» әңгімесіне берілді. Әңгіме комедияға құрылғандай болғанымен, шын мәнінде, қазақ трагедиясы көрінген. Какаду арқылы Тәуелсіз Қазақстан қоғамының билікпен арақатынасын, қоғамдық проблемаларды, қазақ болмысындағы кейбір кезеңдік құбылмалы өзгерістерді сипаттайды.

XXI ғасырдағы замана шындығын танытуда оны мадақтаудан гөрі, қоғамның көлеңкелі тұстарын сынау, жерсіз қалған шаруа мен жұмыссыз қалған адамдардың ауыр тіршілігін суреттеу, күнкөрістің құлы болып кеткен азғындаған адамдардың өмірін сөз өнеріне арқау ету – Т.Нұрмағамбетов шығармаларының негізгі сюжеттік желісі.

### ***Әдебиеттер:***

1. XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті. (2001-2011 ж.ж.) – Алматы: Арда, 2011.
2. Нұрмағамбетов Т. Таңдамалы. Т.1. – Алматы: Өлке, 2006.
3. Ісімақова А. Асыл сөздің теориясы. – Алматы: Таңбалы, 2009.
4. Борев Ю. Эстетика. – 3-е. издан. – М.: Политиздат, 1981.
5. Нұрмағанбетов Т. Ауғандық құстар: Әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 2008. – 288 бет.

## **НАҒАШЫБЕК ҚАПАЛБЕКҰЛЫ** *(1950 жылы туған)*

Нағашыбек Қапалбекұлы – белгілі қоғам қайраткері, жазушы, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі. 1950 жылы 16 наурызда Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қызыләскер ауылында туған. 1968-1970 жылдары әскери борышын өтеп жүргенінде Приморье өлкесіндегі 1969 жылы Даманск аралы үшін болған соғысқа қатысқан.

1971 жылдан құрылысшы, автоклуб меңгерушісі, Жамбыл аудандық «Екпінді еңбек» газетіне (қазіргі «Атамекен») газетінде корректор, әдеби қызметкер болып жұмыс істеген. Ал 1973 жылы Қазақтың әл-Фараби атындағы ұлттық университетінің журналистика факультетіне оқуға түсіп, оны 1979 жылы бітіріп шықты.

Бұдан кейінгі жылдары атқарған қызметтері – «Екпінді еңбек» газетінде тілші, жауапты хатшы, радиоұйымдастырушы, редактордың орынбасары, 1980-1986 жылдары осы газеттің бас редакторы, 1986 жылдан аудандық ДОСААФ-тың төрағасы, халықаралық Жамбыл қорының бас директоры сияқты жұмыстар атқарып, қоғам қайраткері ретінде де көрінді. 2000 жылғы 1 қарашадан Республикалық кітап музейінің директоры болып жұмыс істеген.

Бұл күнде қаламгер қырықтан астам кітаптың авторы, көптеген ғылыми еңбектер жазып, бірнеше кітаптар құрастырған.

«Құрмет» орденімен және оннан астам мемлекеттік медальдармен марапатталған. Ресейден 3 арнайы медальмен наградталды. Н. Қапалбекұлы – Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының екі мәрте лауреаты. Ұлы Отан соғысының ардагеріне теңестірілген құрмет иесі.

Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының, халықаралық «ТҮРКСОЙ» халықаралық ұйымының Т.Сатылғанов атындағы сыйлығының, Халықаралық Жамбыл сыйлығының лауреаты, сонымен бірге Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының екі мәрте, СССР Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты атанған.

Алматы облысының Құрметті азаматы, Алматы облысы, Жамбыл және Еңбекшіқазақ аудандарының Құрметті азаматы. Халықаралық Экология академиясының, Салт-дәстүр академия-



сының және Құртқа тәуіп атындағы ғылыми академиясының академигі. Т.Жүргенов атындағы ұлттық өнер академиясы, Д.Қонаев атындағы заң гуманитарлық университеті, Статистика және экономика академиясы мен М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті Н.Қапалбекұлына профессор атағын берген. Жазушының кітаптары мен шығармалары Ресейде, Түркияда, Қытай, Моңғолия, Қырғызстан елдерінде жарық көрген.

Бірнеше мәрте аудандық кеңеске депутат болып сайланған.

Ұлы Жамбылдың 150 жылдығын, Қарасай батырдың 400 жылдығын, Төле бидің 350 жылдығын басқа да көптеген тарихи тұлғалардың мерейтойларын өткізуді ұйымдастырып, кітаптарын шығарып, ғылыми іс-шаралар өткізуге белсене ат салысып жүрген белгілі қоғам қайраткері.

Бұл күнде ол Құртқа тәуіп атындағы академияның бірінші вице-президенті, Қазақстан Жазушылар одағы Алматы облыстық филиалының директоры.

2015 жылы Нағашыбек Қапалбекұлының 3 томдық шығармалар жинағы (повестер мен әңгімелері) жарық көрді.

\* \* \*

Нағашыбек Қапалбекұлының шығармалары көбінесе тілінің жеңілдігімен, айтар ойының нақтылығымен және өмір шындығының сол қалпында суреттелуімен назар аудартады. Көркем әдебиеттің басты талаптары жазушы шығармаларының үнемі қамтылып келеді десек, артық айтқандық емес. Оның туындыларындағы негізгі тақырыптың бірі — дүниежүзін дүр сілкіндіріп, халықтың басына қара бұлт үйірген қатыгез де сұрапыл кезең Ұлы Отан соғысының, зұлмат жылдарының әр сипаттағы көріністері.

Жазушы шығармаларындағы негізгі идеялардың, оқиғалардың барлығына дерлік осы кезеңдерді арқау ете отырып, сол кездегі ашаршылық, жетімдік дәмін де көре білген, бірақ оның барлығына төзе біліп бүгінгі жарқын тәуелсіздікке қол жеткізе білген қайсар қазақ халқының ерлігін, төзімділігін, олардың көрген бейнеті мен зейнетін жарыстыра суреттеуге бейім.

Нағашыбек Қапалбекұлы оқырмандарының көзіне алғашқы кезде мазмұны тартымды, тілі жатық, қызыға оқылатын әңгімелерімен назарға іліге бастады. Алғашқы әңгімелер жинағы «Еңлікгүл» деген атпен «Жалын» баспасынан 1980 жылы шыққан болатын. Арасына 5 жыл салып «Дос жүрегі», тағы бір жылдан кейін «Қызыл елік» атты жинақтары жарық көрді. Содан бері «Таудан түскен тұман», «Махаббатсыз өмір жоқ», «Бойтұмар», «Жерошақтың түтіні», «Біздің ауыл тау жақта», «Құт пен жұт», «Ақ шымылдык» сияқты повестер мен әңгімелер жинақтары – оқырман қауымның жүрегіне жол тапқан дүниелер.

Сөйтіп, өз кезінде «Еңлікгүл» атты әңгімелер жинағымен оқырманын елең еткізген болашақ жазушы мұнан кейін де бірнеше көркем прозалық кітап шығарды. Осыларға енген повесть, әңгімелердің баршасын талдап, талқылап жатуға шағын мақалада мүмкіндік аз болатыны белгілі. Бұл шығармалардағы ауылдың қарапайым адамдары жас-кәрісіне, әйел-еркегіне және т.б. элеуметтік, қоғамдық жағдайларына қарамастан, ең алдымен талғамға сай сомдалған көркем тұлға ретінде есте қалады.

Олардың сюжеті де, кейіпкерлері де өмірдің өзінен алынған, өмірде болып жатқан құбылыстарды жинақылықпен, нақтылықпен бейнелеуге бейім.

Қаламы қарымды жазушы тарихи тақырыптарға да батыл барып, елін, жерін қорғап, омырауын оққа тосып, толарсақтан қан кешкен бабаларымыздың биік мұратты тұлғасын жасауда да өнімді жұмыс жасап, жақсы жетістікке қол жеткізіп жүрген жазушы. Әсіресе, ол жазған Қарасай, Шапырашты Наурызбай, Өтеген, Сұраншы, Саурық, Сыпатай, Бекболат, Райымбек секілді ат үстінен түспеген, құс ұйқылы, айбарлы батырлардың ерен ерлігі мен биік рухы бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге екені даусыз.

Жазушының тағы бір құнды еңбегі «Қызыл жолбарысты Сарыбай би» деп аталады. Жетісу өңірінің сөз бастаған шешені, қол бастаған көсемі, жалық батыры Сарыбай би Айдосұлы – халық қорғаны болған Сұраншы, Саурық батырлардың үзеңгілес серігі. Жетісу ақындарының алтын діңгегі Сүйінбай ақынның жан серігі. Оның ерлігі, ақындығы көпшілікке кеңінен мәлім.

Сондай-ақ олардың арасында көрнекті қайраткерлерге, ақын-жазушыларға, өнер адамдары мен ғұламаларға арналған еңбектер бар. Нағашыбек жазып шығарған кітаптарының тең жартысы осы тұлғаларға арналған. Ал тоқсанға тарта мақалаларын тұлғалар өмірін зерттеу, олардың көмескі тұстарын ашып, көпшілікке таныстыру, дәріптеу материалдары деп бағалау керек.

Нағашыбек Қапалбекұлы тарихи тақырыптарға жиі барады. Атақты бабамыз Жамбыл және оның ақындық төңірегі жөнінде ізденіп зерттеп, ел мен жер, өткен мен бүгін жайлы сабақтастыра отырып, танымдық тағылымы мол дүниелер жазды. Оның кейіпкерлері – қазақ елінің біртуар перзенттері: Қарасай, Шапырашты Наурызбай, Өтеген, Райымбек, Сұраншы, Саурық, Сыпатай, Бекболат секілді дулығалы батырлар, Сүйінбай, Жамбыл, Кенен, Үмбетәлі, Өтеп, Өмірзақ, Әбдіғали, Есдәулет, Саяділ секілді дуалы ауызды ақындар, Төле би, Балуан Шолақ, Сарыбай би, Андас датқа, Тезек төре, Медеу Пұсырманұлы, Мақыш балуан, Құртқа тәуіп, Досмайыл бақсы, Түктібай қобызшы, Сәт болыс, Қырбай сал және тағы да басқа тарихи тұлғалар.

Қарасай батыр жайлы «Қарасай, Қарасай», Жамбыл жайлы «Жамбыл ата», «Киесі – қызыл жолбарыс», сондай-ақ, Сарыбай би Айдосұлы, Мақыш балуан туралы жеке кітаптары да оқырмандарынан өз бағасын алды. Жамбыл бабамыздың балалық шағы жайында жазған «Киелі қызыл жолбарыс» повесі, «Мақаш балуан», «Қарасай, Қарасай», «Ұлағатты үш ардақты» сияқты кітаптарының өзінің көркемдік жетістігімен ғана емес, тарихи фактілерді кестелеп жеткізе білуімен де оқырмандар үшін бағалы болып табылады.

Жазушының кеңінен көсіліп, төгілте баяндауға табан тіреген күрделі туындысы – «Бала Жамбыл» [1] повесі. Бұл шығарма тарихи оқиғаларға толы. Жамбылдың дүниеге келгенінен бастап, жастық шағын кең қамтып суреттеуге арналған. Жамбылдың Жамбыл тауының баурайында дүниеге келгендіктен Жамбыл атануы, сол кездегі жаугершілік заман, одан кейінгі Жамбылдың өмірі тарихи оқиғалармен терең сабақтастықта өрнектелген. Шығармадағы Шотай, Ұзынағаш өзендері, Аюлы, Көктөбе, Алаяқ-Сарысай таулары мен Әйтек сайы, Сәтімбай жазығы жазушының өзі туып-өсіп, табиғатын

күнде сезініп өскендіктен шынайы әрі тартымды суреттелген. Ал, Сұраншы батыр, жыр дүлдүлі Сүйінбай ақын, Жамбылдың әкесі Жапа, Сарыбай би, Бөлтірік шешен, Тезек төре т.б заманындағы елді бірлікте ұстаған тарихи тұлғалар да повесть ішінде бой көтереді. Сол кездегі барымта, түрлі дау-дамайлар, қазақтың тұрмыс-тіршілігіне қатысты қарым-қатынастар, салт-дәстүр, т.б барлығы да әсерлі бейнеленген. Шығармада ел аузында аңызға айналған Жамбылдың «қызыл жолбарысы», Жамбылдың ұлы ұстазы Сүйінбайдан, аузы дуалы, қара қылды қақ жарған әйгілі Бөлтірік шешеннен бата алуы тарихи оқиғалармен астас, нақты кейіпкерлердің іс-әрекеттері арқылы терең ашылады [1, 120].

Нағашыбек Қапалбекұлы повестерінің ішінен көзге ерекше түсетіні – осы «Мақыш Балуан» [2] повесі. Бұл туынды өзі балуан, өзі әнші, өзі ақын Мақыш Райымбекұлының қилы-қилы тағдыры да әр қырынан баяндалған тартымды дүние. Бұрынғы Қастек болысы, қазіргі Жамбыл ауданының тұңғыш ревкомы болған, өнерімен қазақ-қырғызға аты кеңінен таралған, кейін репрессия құрбанына айналған Мақыш балуан бейнесі қызғылықты ашылған.

Жазушы балуанның өмірі туралы ел аузындағы, естіген аңыз-әңгімелерден түйгенін көркем тілмен қағаз бетіне түсірген. Шығарманың жазылу тарихы жайлы автор: «Сіз түрмеден қайтпай, атылып кеткеніңізде, бұл фәни жалғаннан өтіп кеткеніңізде жалғыз бауырыңыз Ыбырайым қан құсып, оңашада ғана жылап алып, сіз жазған қоштасу хатыңызды көкірегіне тұмардай сақтап, бір уыс топырақ та бұйырмады-ау деп өле-өлгенше күйініші мен өкініші ішінде түйнек боп кетті. Сол қоштасу хатты Сарқытбай көшіріп алды, одан мен... Сарқытбай – мені бірінші сыныпта оқытқан ұстазым әрі өлең-қиссаларды жатқа айтатын жыршы еді, жарықтық!» [2, 99] – деп ой толғайды.

«Өрік ерте гүлдеген жыл» повесіндегі оқиға желісі соғыс азабының кесірінен интернатта оқыған балалардың ата-анасынан, бауырларынан айырылғаны төңірегінде өрбиді. Бұл өмірде баланың қамқоршысынан айырылып, ботадай боздап қалған сәттегі жан күйзелісінен ауыр не бар? Сол сәтті жазушы оқырманға көркем тілмен тұла бойды шымырлата

әңгімелеп қана қоймай, оны замана қиыншылығы мен баланың жеке басының жанкүйзелісімен үйлестіре отырып, оқушы қауымды оқиғаға еріксіз ілестіреді.

Осы туындылары турасында айта келіп, академик К.Нәрібаев: «Осылай сезімді оятып, балалық шақтағы болған соғыс кесепатын еске түсіруі Нағашыбектің әңгімесінің мықтылығы деп түсіндім мен. Егер әрбір оқушыға ой салып, терең сезімге бөлей білсе, онда автордың мақсатына жетіп, асыл арманының орындалғаны емес пе» [3, 20], – деп, тұжырымды ой түйеді.

Жалпы жазушының қай-қай шығармасын оқысаң да, оқырман өзіне сол шығармалардан рухани азық боларлық дүние алып, тоят табары анық.

«Ақ шымылдық», «Соғыстың соңғы құрбаны», «Періште көңіл», «Бір тілім нан», «Қайран тау гүлі-ай», «Жұлдыз ғұмыр», «Шырайлы жыл» әңгімелерінің кез келгені қилы-қилы тағдырлар туралы баяндайтын нәзік лиризмге құрылған дүниелер.

Халықтың басынан өткен ауыр тұрмысы, аянышты тағдыры еске түсіп, көз алдына сол кездегі қатал да қилы өмірді елестетеді. Нағашыбек шығармаларында сол қиыншылықтарды бастан кешетін кейіпкерлердің кісі жанын тебіrentетін махаббат пен сүйіспеншілікті суреттейтін жарқын тұстары да жеткілікті.

Соғыс кезінде дастархан басында бас қосатын негізінен қыз-келіншіктер ғой, арасында бірен-саран кәрі-құртаң еркектер немесе жараланып, әрі қарай әскерге жарамай майданнан оралған жігіттер ғана. Сонда әйелдер жағы мұңлы сезімге жол беріп, аңыратып тұрып зарлы әндер айтушы еді. Нағашыбек Қапалбекұлы айтпақшы «Ән айтып отырып, пора-пора болып жылап та алатын». Сөйтіп іштегі толған шерді шығаратын.

Нағашыбектің әңгімелер тақырыбы алуан түрлі. Ешкім аттап өте алмайтын махаббаттан бастап, отбасындағы психологиялық ахуал – жұбайлардың ара-қатынасы, балалы болу, ұрпақ өсіру, әке мен бала арасы, салауатты өмір-салты сияқты өзекті тақырыптарды қамти отырып, қазіргі қазақ ауылының жай күйі, өзіміз өмір сүріп жатқан қоғамның әлеуметтік тынысы туралы да тереңнен сыр шертеді. Әңгімелерінің ұтымды тұсы – олар ел

арасында кең тараған накыл сөздерге, мақал-мәтелдерге өте бай. Автор оларды өте орынды қолдана білген, дер кезінде және керек кейіпкерінің аузына салады.

Жалпы алғанда шығармаларында жазушының кемелденгенін, өзіндік стилінің қалыптасқанын, тілдік қорының мол екендігін аңғара аламыз. Оның туындыларында есте қалатын – көбінесе, халықтың басынан өткен кешегі ауыр кезеңдердің адам болмысының нәзік қырларына әсер ететін кесек оқиғалары мен аянышты тағдырлары. Сондай қиын шақта да адамгершілік туын биік ұстаған азаматтардың жарқын бейнесі нанымды да табиғи күйінде өрнектелген. Повестері мен әңгімелерінде тек қиыншылықтарды көрсете бермеген, оған қоса адам жанын тебіrentетін махаббат, сүйіспеншілік, адам жанының нәзік сезімін қозғайтын тұстары да жетерлік.

Нағашыбек шығармаларының көбісі дерлік ұлттық сипат пен ауыл өмірін суреттеуге, бейнелеуге арналған. Мәселен, жазушының «Біздің ауыл тау жақта» атты жинағына енген шығармаларының барлығы дерлік қарапайым қазақ ауылының қазақи тұрмысынан хабар береді. Жазушының «Таудан түскен тұман», «Жерошақтың тұманы», «Өрік ерте гүлдеген жыл», «Ақ шымылдык», «Махаббатсыз өмір жоқ», «Соғыстың соңғы құрбаны», «Періште көңіл», «Дос жүрегі», «Қара жол», «Бір тілім нан», «Бір уыс нан», «Жарты дорба ұн», «Қос күлше», «Із жоғалмайды», «Аққудың сыңары», «Қайран тау гүлі-ай», «Жұлдыз ғұмыр», «Еңлікгүл», «шешім», «Таңсәрі», «Шырайлы жыл», «Бәйшешек дүркіреп шыққанда», «Біздің ауыл тау жақта» т.б шығармалар ауыл өмірі мен ұлттық сипаттан хабар беретін шығармалар жиыны.

Мысалы, «Қос күлше» атты шығарманы алатын болсақ, бұл шағын әңгімеде жазушы ауыл өмірін толық суреттеумен қатар, қазақтың ырым, тыйымынан көрініс келтіреді. Шығарманың бас кейіпкері – кезінде үлкен бастық болған, қасиетті қара нанның қадірін білмеген, кейіннен нанның қасиетінің шексіз екендігіне көзі әбден жеткен қарапайым ауылдың зейнеткер қарты. Нанның киесі тигендіктен болар, мүгедек болып қалған қарт жас балаға кезінде өзінің қалай екі бірдей аяғынан айырылғаны жөнінде қинала баяндап береді.

Бану әженің үйіне келген қонаққа қара қос күлшеден басқа берері жоқтығынан болып ұсынған дәнін менсінбей, аяққа тепкендіктен, нанның қасиеті тиіп сол күні түнде аттан құлап мүгедектер арбасына таңылған бұрынғы ауыл бастығының басынан кешкен оқиғасы туралы бұл.

Танымдық сипаты мол келесі бір шығармасы «Құт пен жұтта» жазушы ауыл қазағы мен қала қазағын салыстыра отырып, бүгінгі мен кешегі қазақ ауылын көз алдыға алып келеді. Атагелді мен Темірбек атты екі кейіпкердің арасында болған ауыл мәселесі, ұлттық сипат өнегесі оқырман қауымның көкейіне қонымды ой түйеді. Ауыл ақсақалы Темірбек пен қаланың оқыған саналатын азаматы Темірбек ауыл өмірінен кеңінен сыр шертеді. Ауылдағы асыр салып ойнаған құлынтайлар, маңырап шулаған қозы-лақ, бес түлік мал, сауыны дәрі болар қасиетті жылқы тұқымының саумал мен сары қымызы, ішсең дәрі, мінсең көлік болар түйе мен оның шұбаты – бәрі-бәрі қазақ ауылының байырғыдан бергі келе жатқан ұлттық дәстүрі мен сипаты. Осындай қазақтың кең даласында асыр салып ойнаған бала-шағасының қызығын көріп, әйелінің жанында болып, ауыл өмірінің көркеюіне өзіндік үлес қосу – әр азаматтың азаматтық борышы, қазақылықтың белгісі екенін айтып отырған да ауыл адамы. Ал қалалық ше? Оған не тән? Әрине, қалалық азаматқа тәні бір бала мен бір әйел, таңертең кетіп кешке келетін, білетіні ақша табу мен сауда жасау сияқты мәселелерге таңылып қалған, қазақылықтан айырылып бара жатқан әйелі. Қазіргі жас ұрпақ – күндіз-түні теледидар мен компьютерден бас алмайтын, «сәлемнен» басқа білетін қазақшасы жоқ, орыстанып бара жатқан, қазақтың салт-дәстүрінен ада қалған. Міне, осылардың бәрі қала баласына тән қасиет болып бара жатыр бүгінгі таңда.

Жазушының авторлық баяндауы қарапайым тұрмыстық детальді сәтті пайдалана біледі. Оқушыны оқтын-оқтын езу тартқызып отыратын ұтымды әжуасын аңғартады. Яғни, қоғамдағы келеңсіздіктерді, адам бойындағы бойкүйездікті сипай қамшылап, мақтамен бауыздай отырып, өмірден ойып алынған шыншыл суреттерді жасау — Нағашыбек шығармаларына тән қасиеттер. Жақсы сомдалған кейіпкер бейнесі, қапысыз тартылған оқиғалар желісі, ең бастысы,

қоғамның әлеуметтік тіршілік-тынысын дөп басып айта салу сияқты сипаттар да Нағашыбек шығармаларына тән.

Қаламгер өз оқырманының жан дүниесіне кіре отырып, адам тағдыры, қоғам келбеті, кейіпкерлердің психологиялық жиынтық болмысы сияқты қасиеттерді аса бір сыршылдықпен ашып көрсетеді. Домбыраның қос ішегіндей «Адам-қоғам» деген қос мүддені назардан тыс қалдырмайды. Мысалы, Нағашыбек Қапалбекұлының «Дос жүрегі», «Қайран тау гүлі-ай», «Соғыстың соңғы құрбаны», «Еңлікгүл», «Аққудың сыңары», «Ақ шымылдық» сияқты т.б шығармаларында нәзік, сырлы лирика да, асқынған трагедия да, қарапайым сауал да, риторикалық сұраулар да бәрі-бәрі көркем әрі нақты көрініс тапқан.

Жазушы әңгіме, хикаяттарынан байқаған басты ерекшелік жалғыз дәлдік емес. Басты ерекшелігі – қаламгердің қазақша ойлау қабілетіне сызат түспегені. Жоғарыда атап өткен жазушының «Дос жүрегі» әңгімесі осы үдеден шыққан. Бір ауылда тай-құлындай тебісіп бірге өскен Қайыркен, Танат, Ермек атты үш жігіттің достығы туралы жүрек сыздатар сыр. Сал болып ауруханада жатқан Қайыркенге кіріп шыққан балалық шағының досы Ермек ауылдағы қарапайым шопыр. Қашан көрсен машинасының астында май-май болып жататын досы. Ауылға екеуіне ортақ дос Танаттың келгеніне бір ай болғанын айтады. Содан сал болып жатқан Қайыркен ауруына ауру жамайды. Ауылға келгеніне бір ай болса да кешегі өмірдің ыстық-суығын бірге көрген Танаттың ауруханаға бас сұқпағаны қалай? Көңіл сұрамағаны қалай? Қайыркеннің жүрегі ауырды. Ауылда кәрі кемпір-шалдың баласы таңат үйленгенде осы Қайыркен мен Ермек емес пе еді ашқұрсақ жүріп ауыздағысын жырып берген! Енді, міне, бар болған кезде өзгеріп шыға келгені ме?

Жазушы осы әңгімесі арқылы бүгінгі күннің бір жан ауыртар тақырыбын қозғайды. Ер адам үшін достан көрген назадан өткен азап бар ма?! Бірақ, сұрқылтай уақыт, сұм есеп, құрғыр құлқын адамды өзгертеді. Төсекке таңылып жатқан Қайыркеннің көз алдынан үшеуінің достық тарихы өтеді. Неткен таза сезім!. Сол аппақ сезімге, міне, өшпес дақ түсті.



Ол шығармаларында көлемді портреттің жұптық, топтық портрет түрлерін де барынша мол пайдаланады. Сонымен қатар жазушының баяндау мәнеріне қарай статикалық, динамикалық портрет түрлері де мол ұшырасады. Кейіпкердің портретте бейнелену сипатына қарай Нағашыбек Қапалбекұлы портрет-сурет және портрет-мінездемені ұтымды қолданады. Портрет-сурет (фотографиялық) кейіпкердің биологиялық, физиологиялық ерекшеліктерін, сонымен қатар, оның киімін суреттеуге құрылады. Ал портрет-мінездемеде адамның сырт бейнесін суреттеу арқылы оның ішкі жан дүниесін сипаттау көзделеді. Осындай құндылықтар мен елеулі ерекшеліктер, көркемдік тәсілдер, заман мен өмір шындығын көркем шындықпен ұштастыра суреттеу – Нағашыбек шығармаларының қайсысын алсаң да тайға таңба басқандай айқын көрініп тұрады.

Есімі жалпақ оқырманға жақсы таныс прозашы Нағашыбек Қапалбекұлы бұл күнде қырықтан астам кітаптың авторы. Олардың ішінде көркем шығармалар да, тарихи зерттеулер де, этнографиялық туындылармен бірге деректі повестері де бар. Осы жанрлық әр алуандылықтың өзі-ақ қаламгер талантының әр қырынан, шығармашылық қоржынында қордаланып қалған көркемдік идеяларын оқырманға ұсынудағы құлшынысының қаншалықты күшті екендігінен хабар беретіні анық. Жазушының біраз уақытын қазақ журналистикасын көркейтуге жібергені, соның нәтижесінде оқырмандардың бірнеше буыны сүйсіне оқыған мақалалар мен очерктерді өмірге әкелгені бүгінгі таңда да ұмытыла қойған жоқ.

Қаламгердің қазақ халқының тұрмыс-салтын, дәстүрін зерттей жазған еңбектері де оқырманды ойға қалдыратын парасаттылығымен, байсалдылығымен назар аударады. Оның қазақ поэзиясының тау тұлғалы өкілі Жамбыл Жабаевтың балалық шағынан алып жазған повесінде немесе «Мақыш балуан» [2] атты еңбегінде де этнографиялық этюдтер кездесіп отырады. Жазушының бұл бағыттағы еңбегі, әсіресе, оның «Құт пен жұт» атты кітапшасында айқын көрініс тапқан. Бұл дүниесінде ол қазақ халқында көп әйел алудың сырына үңіле келіп, бұл тақырыпқа қоғамдық-әлеуметтік, тіпті биологиялық тұрғыдан қонымды талдаулар жасайды. Жігітке бірінші әйелді алуға ата-анасы ықпал жасаса, екіншісін балалары, ал үшіншісін немерелері алып

беретінін этнографиялық қисындармен дәлелдеп келтіреді және онысы оқырман көкейін нақ басатын логикалық дәйектілігімен сенімді.

Жазушының тарихи тақырыпқа арнаған туындылары бірсыпыра. Олардың қатарында жоғарыда айтылған бала Жамбыл туралы повесі, «Қарасай, Қарасай» драмасы, «Ұлағатты үш ардақты», «Мақыш балуан», «Құртқа тәуіп» және т.б. еңбектері бар. Бұлар бүгінгі оқырманға ең алдымен тарихи деректерді, мағлұматтар мен фактілерді көркемдеп жеткізе білуімен қымбат екендігі сөзсіз. Сол арқылы жазушы өзі зерттеп жүрген тұлғалардың қазақ халқының саяси-мәдени тарихында алатын орындарын айқындап, кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болатын жақтарын да баса көрсетуге тырысады. Олардың кейбір жекелеген адами қасиеттерін бойларына біткен дарынымен ұштастыра отырып суреттеуі көркемдік тәсіл ретінде қабылданатыны сөзсіз. Жүрдек, жатық баяндаулар шаршатпайды, аталған шығармалардың кейбір тұстарының көркем шығармадай тартымды оқылуы осы ойдың айқын дәлелі десек те болады. Жалпы тарих қойнауына кеткен тұлғалар өмірін зерттеу жұмыстарының өзіндік ерекшеліктері болатынын және бір адамды қаншама зерттеген күннің өзінде оған қатысы бар фактілердің баршасын қамтудың өзіне тән қиындықтары кездесетіндігін жазушы жақсы сезінген.

Бір назар аударатын фактор – аталған зерттеулерді оқыған кезде, олардың жазушы қаламынан шыққандығының аңғарылып тұратындығы. Оларға тән болып келетін жекелеген көркемдік үрдістерге автордың жазу машығын, бейнелілікке ұмтылысын, баяндаудың ықшамдылығын, көркем кеңістікті суреттеулерді, тіпті кейіпкерлер арасындағы диалогтардың берілу сипаттарын жатқыза аламыз.

Жас жазушылардың «Арман қанатында» атты әңгімелер топтамасының бірінші кітабы 1978 жылы шықты. Соған жиырмашақты жас автормен бірге Нағашыбектің де «Соңғы түн» деп аталатын әңгімесі жарияланып, жас жазушы кәдімгі кәнігі жазушыдай қалам сілтеп еді. Бір әңгімедегі адамдар тағдырлары, олардың күйініш-сүйініштері психологиялық тартыс арықылы өрбіп отырады да, сюжет соңы күтпеген шешіммен аяқталады.

Әңгіме фабуласына арқау болып тұрған өмірлік материал – Әбу есімді соғыс ардагерінің өз өміріндегі жіберген қателіктері. Жас автор адамдар арасындағы түсініспеушіліктің тамыры қайда жататындығына психологиялық талдау тұрғысынан үңілуге тырысады. Ағайынды Әбу мен Сыздықтың тағдырлары да, өмір жолдары мен көзқарастары да ұқсас. Сөйте тұрып өмір белесінде кездескен бір оқиғаға бола екеуі бір-бірін мүлде түсінбей қалады. Әбудің кешірім сұрағысы келгенін інісінің қабыл алмауы, ақыр соңында сонысына бола опық жеуі имандылық тұрғысынан әсерлі.

Жазушы оқырманды толғандырып қана қоймай, өмір жайлы әр тарапты ойларға жетелеп отырады. Бұндай шығармашылық ұстаным – Н.Қапалбекұлының негізгі жазушылық кредосы десек, артық айтқандық бола қоймас. Араға көп жылдар салып жарық көрген «Дос жүрегі», «Жер ошақтың түтіні», «Таудан түскен тұман», «Біздің ауыл тау жақта», «Махаббатсыз өмір жоқ», «Құт пен жұт» және т.б әңгіме-повестерінде жазушы осындай көркемдік ұстанымды ұдайы өзіне жол сілтеуші маяк сияқты етіп ұстайтыны аңғарылады.

Аталған кітаптарының басым бөлігі оқырмандар тарапынан жылы лебізге ие болып, әріптестері тарапынан қолдау тауып отырды. Автор қаламына тән бір ерекшелік – шығарманың көркемдік идеясын, кейіпкерлерінің ішкі жан-дүниесін ашу барысында ұзын-сонар оқиғаға, жалықтыратын құрғақ баяндауларға бой алдыра бермейтіндігі. Көркем құрал ретінде көбінесе қолданатыны – шағын штрихтар, қысқа диалогтар мен монологтар, метафора мен эпитеттер сияқты сөз құнарын арттыра түскен тіркестер болып келеді. Әрине, кейде өзі көрген өмір шындығын оқырманына мейлінше айқын жеткізу мақсатында шығарманың фабуласын созыңқырап жіберетін тұстары кездескенімен, бүкіл шығармашылық болмысын жинақтай алып қарағанда, қаламгердің көбінесе ықшамдылыққа ұмтылып отыратыны байқалады.

Оның әр туындысының мазмұны бас-аяғы жұмырланып, тұйықталып, діттеген ойы оқиға шешіммен түйінделіп, қорытылып отырады. Жазушының кейіпкерлерінің басым көпшілігі тағдырдың әрқилы құбылыстарынан – махаббаттың, достықтың және адамдар арасындағы күрделі қарым-қатынастың салдарынан ғана емес, тіршілік тауқыметінен де қиындық көріп, жапа шегетін жандар

болып келеді. Қай шығармасында да күнделікті өмірдің жарқылы басым әшекейі көп саласында тіршілік кешіп жатқан адамдардың өмірлерінен гөрі қолдары қысқа, материалдық тұрғыдан қиындық көріп жүрген тақсіретті жандардың образдары басымырақ. Осы тұрғыдан алып қарағанда, Н.Қапалбекұлының шығармашылығы таптық сипатқа ие деп айтатын болсақ, әлдекімдер дауласуы да ықтимал. Жазушының шығармашылық әлемін көктей шолып, сын көзімен талдап шығу барысында осындай бір тосын қорытындыға келгенімізді жасыра алмаймыз. Егер де оның әңгіме, повестерінде қолында билігі бар шенеуніктер немесе адамдар суреттелсе, көбінесе жағымсыз жақтарымен сипатталып отырады. Бұның өзі жазушы шығармашылығына деген жаңағы көзқарасымызды дәйектей түсетін факті екені сөзсіз. Кәнігі қаламгерлерге тән үрдіспен Н.Қапалбекұлы өз кейіпкерлерінің жан-дүниесін қайшылықта бейнелейді.

Шешесі қайтыс болғанан кейін мүгедек әкесі мен кішкентай қарындасын жеткіземін деп жүрген Қайыржан сияқты жас жігіттің махаббат пен достыққа да уақыт табуы және онымен шектеліп қалмай, айналасындағы адамдарға жақсылық жасауы үлгі боларлықтай [«Махаббатсыз өмір жоқ», 1995]. Өз қолдары өз ауыздарына жетпей жүрсе де, мұндай жандар имандылық бастауларын, басқа адамға жақсылық жасау сияқты қайырымдылық қасиеттерін бір сәт те ұмытпайды. Нақ осындай жомарт жүректі, бірақ өздері кедей кейіпкерлер жазушының «Бір тілім нан», «Қайран таугүл-ай», «Жұлдыз ғұмыр», «Дос жүрегі» [4] және т.б. әңгімелерінде кездеседі. Жазушының «Таудан түскен тұман» повесінің бас кейіпкері Ыдырыс Қалиев те осы санатқа жататын ізгі жандардың қатарында. Бұл шығармада өмірбаяндық штрихтардың басым болып келетіндігі байқалады.

Жазушының тілі қарапайым болғанымен, көркемдік сипаттары да мол. Мысалы, «Көктемнің жылбысқы жауыны бүркіп тұрғанына бүгін үшінші күн. Даланың миы шығып, ылжырап жатыр. Аяққа жабысқан ми батпақты былш-былш кешіп, үн-түнсіз үйге қайттық» [5,3].

«Ауызғы бөлме төбесінің бір бұрышы көкаязданып, шып-шып тамшы тама бастапты».

«Ондық шам да тұтанбай сықсияды. Ауыр қозғалып шешем ас жылытқан болды».

«Ыстықтап далаға шықсам, боран әлі ұлып тұр, әлдеқайдан аждаһаның қырылындай зәрлі-запыран тұла бойынды тітіркендіретін жаман үн сарнайды. Тасырлап жылқылар үріккендей болады. Қап-қара түнектен бозарған қар көмген далада Аңырақайдың әңгүдік желі жын-ойнақ салып есерленеді» [6, 47] т.б сияқты сөйлемдер көз алдына жанды картиналарды әкелетіні сөзсіз. Шығармаға көрік мен көркемдік, тартымдылық пен эстетикалық бояу қосатын тіркестер мен бейнелеулер Нағашыбек шығармаларына жат емес.

Нағашыбектің көркем туындылары бейнелі де нақыл сөздерге бай. Олардың ішінде кейбіреуін келтіре кетейін: «Жақсымен жүрсең – жақсы боласың, жаманмен жүрсең – жын ұрған бақсы боласың», «Жақсы адам жел соқса – қалқан, күн өтсе – пана болады», «Шын жақсыда тарлық жоқ, әділ сөзде зорлық жоқ», «От жалыны отыннан, үй берекесі қатыннан» тәрізді татымды тіркестер мен қанатты сөздер бар.

Сонымен бірге жазушы «Жамбыл әлемі» атты үш тілдегі фотоальбом, «Төле би», «Балуан Шолақ», «Сыпатай батыр», «Ғибрат», «Ата тағлымы», «Оспанханнан қалған сөз», «Іңкәр сезім – сырлы әуен», «Кітап әлеміне саяхат», «Батаменен ел көгерер», Үмбетәлі Кәрібаевтың 2 томдығы тағы да басқа жинақтар құрастырып, баспалардан шығарды. Бірнеше теле-бейнефильмдердің, сценарийлер мен пьесалардың авторы.

### ***Әдебиеттер:***

1. Қапалбек ұлы Н. Киесі – қызыл жолбарыс. Алматы: Жалын, 1996. – 126 б.
2. Қапалбек ұлы Н. Өнер биігінде, Алматы: 2013. – 264 б.
3. Нәрібаев К. Талантты жазушы, танымды тарихшы // Н.Қапалбекұлы. Алты белес. – Алматы: 2011. – 250 б.
4. Қапалбек ұлы Н. Ақ шымылдық. – Алматы: Дәуір, 2009. – 384 б.
5. Біздің ауыл тау жақта. Алматы: Өнер, 2007. – 448 б.
6. Қапалбекұлы Н: Өкілдер. – Алматы: 2014. – 220 б.
7. Елубай С. Нағашыбек нақыштары // Н.Қапалбекұлы. Алты белес. – Алматы: 2011. – 250 б.

## **СЕРІК АСЫЛБЕКОВ** *(1951 жылы туған)*

Серік Асылбекұлы 1951 жылы Қызылорда облысының Қазалы ауданында дүниеге келген. 1973 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының (қазіргі Қазақ ұлттық педагогикалық университеті) филология факультетін тәмамдаған. 1973-1980 жж. мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, 1980-1986 жж. республикалық «Жалын» баспасының редакторы, 1986-1992 жж. «Жалын» журналының бөлім редакторы, 1992-1993 жж. Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің жетекші маманы, 1993-1998 жж. «Жазушы» баспасының көркем проза бөлімінің меңгерушісі, 1998-2001 жж. «Парасат» журналы бас редакторының орынбасары, 2001-2008 жж. Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық Өнер академиясының аға оқытушысы, доценті, профессоры болып қызмет еткен. Қазір Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қазақ әдебиеті кафедрасында қызмет істейді. Қазақ повестері жөнінде докторлық диссертация қорғады.

Жазушының қаламынан туған «Кешігіп қайтқан тырнарлар» (1981), «Оттан да ыстық өмір» (1984), «Мұғалімдер күні» (1986), «Зимние каникулы» (1989), «Прощальный бал», (1993), «Сағыныш» (1994), «Ата жұртта» (1996), «Сырдария кітапханасы» сериясымен екітомдық «Шығармалары» (2008) тәрізді кітаптары әр жылдарда жарық көрді.

Еңбек жолын шалғайдағы ауылда ұстаздықтан бастаған ол қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарған. Ұзақ уақыт Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық Өнер академиясының аға оқытушысы, доценті, профессоры болса, қазіргі таңда Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қазақ әдебиеті кафедрасында шәкірт тәрбиелеуде.

Оның әдебиетке қызығушылығы бала кезінен бастау алады. Мектеп қабырғасында жүргенде кітапханашы әпкесіне көмектесе жүріп, алғашында қазақ, татар, башқұрт, түрікмен халықтарының ертегілері мен жырларын құмарта оқыған бала келе-келе Даниель Дефонның «Робинзон Крузо», Стивенсонның «Қазына арал»,

Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повестеріне ауысты. «Байқожа» теміржол стансасы кітапханасына түскен кітаптарды екі-үш қайтара оқыған баланың кітапқа деген сүйіспеншілігі уақыт өте әдебиет әлеміне алып келді.

Ол 1970 жылы алғашқы әңгімелерінен бастап-ақ өзінің әдебиетке икемінің бар екенін танытты. Жазушы туындыларының кейіпкерлері де, оған арқау болатын оқиғалар да алуан түрлі. «Қоңыртаудың басында бір топ жусан» әңгімесінің кейіпкерлері де, оқиғасы да ерекшелігімен есте қалады. Бір отбасы төңірегінде өрбитін оқиғаға әлеуметтік талдау жасаған жазушы кейіпкерлерінің жан дүниесіндегі психологиялық иірімдер нанымдылықпен таратылады. Әңгімеде Түркісіб (Түркістан – Сібір) темір жолын жағалай қонған бекеттердің (станция) бірінде байпағынан су өткен Елтайдың тоқсан бесінші нөмірлі поездан әртістің оқуын оқып жүрген әпкесін күтіп отырғанына кезігіміз.

Өкпесі алқымына тірелгенде демі бітіп, қиқылдап, шеке тамырлары білеуленіп жатқан атасының қиналған түрін көргенде Елтайдың жанын қоярға жер таппай бүк түсуі арқылы олардың жан дүниесіне үңілуі – автордың психологизмді терең игергендінің мысалы.

Жазушы он бір құрсақ көтерген ананың жалғыз қызының жолын тосып жүруі арқылы сол бір ел басына түскен ауыр күндерден хабар беруге тырысқан. Титтей баланың бетіне қарап отырған бұл шал мен кемпірдің өмірден көргені аз емес. Екі-үш бала жасына жетпей шешектен, үш-төртеуі обадан, қалғаны ер жеткен шағында Ұлы Отан соғысына кетіп қайта оралмаған он баланың артында қалғаны – Алматыдан әне келеді, міне келеді деп жолына қарап отырған жалғыз қыз.

Елтай – шалдың жалғыз балдызының баласы. Жасына жетер-жетпес кемпір мен шалдың бауырына салған Елтай бүгінде онның үстіне шығып қалған. Сондықтан ол атасының баласы екеніне кәміл сенеді. Жазушы осы жалғыздардың бәрін бір отбасының төңірегіне тегін жиып отырған жоқ. Бұлар – кешегі отызыншы жылдың ашаршылығынан, сталиндік репрессиядан, Ұлы Отан соғысынан әр әулеттен аман қалған жалғыздар еді. Иә, сол бір ауыр жылдардың екі-үш ұрпақтың тағдырын тәлкекке салғаны да жасырын емес. Ел өмірінен үлкен орын алған бұл мәселе сол үшін де қазақ әдебиетінде көптеп қаузалды. Себебі осы

бір аумалы-төкпелі кезеңдерден қазақтың бірде-бір шаңырағы аман шықпағаны тарихтан мәлім. Атасының терең күрсінгенін түсінген титтей Елтайдың: «О, Құдай, мені осы шалдың баласы қылып неге қоя қоймадың», – деп барлық ынта-шынымен налитыны» да сондықтан. Ауру шалдың көкірегін қарс айырып отырған жанына батқан тән жарасы емес, жан жарасы екендігін автор осылайша нанымды бейнелеген. Жазушы атасының «Қоңыртаудың басында бір топ жусанды» сырнайға қосып айттыруы арқылы шал өмірінің қайғы-мұңмен өткендігіне көңіл аударса, мұңлы әуеннің көңілі жарым шалдың жанына жақындығы да содан.

Автор адам мен табиғатты тығыз бірлікте қарау арқылы, табиғат-ананың сүйікті пендесін қимай, алай-дүлей мінез көрсетіп жатқанына сендіреді. Он баласынан айырылған, артында тай ұстары қалмаған шалдың өмірге келгені де, кеткені де белгісіз болуын орынсыз көрген автор марқұмның соңғы сапарға атанар алдындағы табиғаттың тосын дүлейімен толықтыруды дұрыс деп шешкен.

Ауылдың қарапайым тіршілігі мен қарапайым тұрғындарының өмірін нанымды суреттеген жазушылар қатарына қосылатын С.Асылбековтің келесі туындысы – «Сағыныш» атты лирикалық әңгіме. Мұнда да атасы мен әжесінің қасында жүрген ойын баласы Жасұланға кезігеміз. Әңгімеде небәрі үш-төрт қана кейіпкер бар. Әңгімедегі негізгі оқиға Жасұланның көзқарасымен суреттеледі.

Қосқұдықтың басында кемпір мен шалдың баласы болып, әкесі мен шешесін аға-жеңге деп қабылдап жүрген Жасұланның бір күнде әжесінен айырылып, жетімдікке душар болғанына кезігеміз.

Автор бір эпизодқа Жасұланның әжесіне деген сағынышын, қала тіршілігіне деген наразылығын сыйғызған, ал түсті екі дүние арасындағы тылсым байланыстың жібі ретінде пайдаланған. Қазақтың ұғымында жақын адамдары қиналғанда аруақтар келіп, желеп-жебеп жүреді деген наным-сенім бар. Олай болса, автор фольклорлық наным-сенімді шығармаға киюластырып отыр.

Осы әңгіме жөнінде Айгүл Кемелбаева «Сағыныштан» «Рәбиғаның махаббатына» дейін...» деген сұхбатында: «Қыр баласы енді қала тұрмысына, тар, шектеулі дүниеге бейімделуі



керек. Осы әңгіме арқылы 1975 жылдары қазақ халқы үшін урбанизация процесі шапшаң дендей бастаған дилемманы шынайы көрсетесіз», – деген болатын.

«Қысқы каникул» әңгімесінің бас кейіпкері – қыстауда отырған қойшының интернатта оқитын баласы Таңатжан. Қысқы каникулға үйіне келген баланың күн ұзаққа ойын соңында жүретіні ойын баласының ойынға тоймайтынының белгісі ретінде алынып отыр. Жазушы интернат балаларының әке-шешенің мейірімін аңсап тұратынын Таңаттың бірсәттік сезімімен нанымды бейнелеген. «Жетінші «А-ның» «бикеші» әңгімесін оқып отырғанда қазақ әдебиетіндегі балалар мен жасөспірімдер әдебиетінің үлгілері ойға оралады. Мұнда «Қысқы каникул» әңгімесіндегі күні бойы сырғанақ теуіп жүретін Таңатпен және кезігеміз. Таңат Жайлыбаев – жетінші «А» сыныбының оқушысы. Ол – қатардағы көптің бірі емес, бірегейі, оқу озаты. Әңгімеде «Тумысынан тұйық мінезді момақан» баланың бір күнде азан шақырып қойған атынан айырылып, «жетіншінің бикеші» болып шыға келуі қызғылықты баяндалған.

Жетінші «А-ның» старостасы Мұрат Байсариннің бірде-бір ойынға икемі жоқ, қыз мінезді Таңатты «бикеш» деп атауы мұн екен, сол ұзын тұра қылжақбастың сөзін күллі мектеп балалары бір-ақ күнде бір-біріне жайып үлгерді. Бұл қорлыққа төзбеген намысқой баланың өз қатарларын бұрышқа апарып, екінші рет айтпайтындай еткенмен, өзінен төменгі сыныпта оқитындардың аузына қақпақ бола алмауы өкінішті.

Әңгіме соңында ел ұйқыға кеткенде Таңаттың теңбіл добы қақпа торын ауық-ауық бүлк-бүлк еткізіп жатқанын көреміз. Бұл – үлкен қуаныштан кейін ұйқының қашып кететінін танытатын көркемдік деталь.

«Мектеп бітіру кеші» әңгімесіне мектеп бітірушілердің кеші негіз болған. Әңгімеде өзімізге таныс ұяң жігітпен және кездесеміз. Староста Айбар сияқты көптің алдында шешен сөйлеп өзін таныта алмағанмен, Нұраш та оқу озаты. Оның бар кемшілігі – ұяңдығы, ұялшақтығы. Сол мінезінің қырсығынан Бибіжанға деген махаббатын жеткізе алмай жүрген жайы бар. Бүгін оған аяқ астынан батылдық пайда болып, Алмагүлді бір-екі рет қапсыра құшақтап сүйіп алуы шынында да балаң жігіт үшін үлкен ерлік еді. Жастардың осы сәттегі көңіл күй сезімдері «Бір сәтке екеуінің де

басы айналып, дүние өз-өзінен дөңгеленіп жүре берді...» деп әсерлі бейнеленген. Бұл жағынан келгенде, автор адам жанын, оның ішкі ирімдерін суреттеуге шебер-ақ.

Жазушы кейіпкерлері жөнінде бірді-екілі әңгімелерді еске түсірген бола отырып, ол туралы толыққанды мағлұмат беруге ұста. Мәселен, Рақат Жағыпаровичтің осы ауылға мұғалім болып келуінің де үлкен сыры бар. Автор оны Нұраштың: «Папамдар айтады: «Ертеректе тәуір-тәуір қызметтерде болған. Анық басы істейтін жігіт. Бір себептермен төмендеп келген жері ғой», – деп», – деген сөзіне сыйғызған. Оның негізгі себебін білмегендіктен, баланың аузымен айтылған әңгімеге мән бермеуге де болады. Мұның өзі – жазушының негізгі ойды жанамалап жеткізе білетіндігінің белгісі. Балалардан жасырын ішкенмен, дүйсенбі күндері көзі қып-қызыл болып келетін ағайларының өмірінде құпия сырлардың бар екенін екі оқушының осындай сөздерінен байқауға негіз бар. Осы сөздерге қарағанда Рақат Жағыпаровичтің отызыншы жылдары қуғын-сүргінге ұшырап, шалғайда жатқан ауылға жер аударылуы ықтимал. Кеңестік дәуір тұсында мұндай құпияларды айтуға болмағандықтан, жазушы оны екі баланың түсініксіз әңгімелері ретінде беруі орынды.

Ақындардың шығармаларын оқып отырғанда олардың лирикалық кейіпкері уақыт өте келе толысып-толғанына көзіміз жетеді. Сол сияқты С.Асылбеков әңгімелерінен де бес жасар жұқалтаң сары баланың келе-келе үлкен азамат болғанын байқау қиын емес. Сондықтан да жазушы әңгімелерін бір-бірінен бөле жармай, тұтас күйінде қараған орынды тәрізді. Жазушы әңгімелерінің бірсыпырасына әртүрлі жастағы балалардың өмірі негіз болған. Осындай ерекшеліктеріне қарап, бұл әңгімелердің бірқатарын балалар мен жасөспірімдер әдебиетіне жатқызуға болатын тәрізді. «Сағыныштағы» бес жасар Жасұлан, «Қоңыртаудың басында бір түп жусан» әңгімесіндегі он жастағы Елтай, «Қысқы каникулдағы» 5-6 сынып оқушысы Таңат, «Жетінші «А-ның» «бикеші» әңгімесіндегі Таңат – бәрі де мектеп жасындағы балалар болса, «Мектеп бітіру кеші» әңгімесінде сол ойын балаларының бозбала болып, қыздарға көңіл бөле бастауына кезігеміз. Осы әңгімелері жөнінде автор: «Қоңыртаудың басында бір топ жусан» деп аталатын туындыдағы шалдың прототипі 5-сыныпқа дейін қолында өскен атам Қани Қосымұлы болса,

«Қысқы каникулдағы» шеше мен бала – менің анам Ләтипа мен менің өзім», – деген болатын.

Ал, «Үшқара» әңгімесінде оқуға түсе алмай қаладан келген жұқалтаң сары баланың Оқас қойшыға көмекші болған сәті негіз болса, «Сарықызда» сол тапалтақ баланың институтқа түсіп, Сарықызға гүл сыйлап тұрғанына жолығамыз. Осылайша жазушы кейіпкерлері біртіндеп қала тіршілігіне араласа бастайды.

Әңгімеге өзіміз өмір сүріп отырған қоғамдағы мал шаруашылығына қатысты өзекті мәселелер негіз болған. Мұңлы да зарлы «Үшқара» күйін сүйіп тыңдайтын Оқастың тіршілігі де сондай ауыр екенін автор күй құдіретіне сыйғызғанын жадымызда ұстағанымыз жөн. Сонымен бірге автор шығармада туған жерге деген сүйіспеншілік сезімдерді кейіпкер сөзімен, ісімен беруді көздеген. Көмекші қойшының: «Мен орнымнан тұрып, бір ауық төңірекке көз жіберемін! Неткең кең дала! Ата-бабаларымыз атынды қалай тауып қойған. Дала десең – даласың ғой: далиып жатысыңды қарашы мынау!..» – деген сөзінен авторлық ұстанымды аңғаруға болады.

Әңгіменің шешімі – қатты сырқаттанған қойшы баланың елге қайтуы болса, оның Үшқараны, сары атанды, ақылды Ақтөсті, кәрі бүркітті, даланың мамық жүн қояндарын, Жазира мен Оқасты, Үшқараны қимай қоштасуы – достыққа, туған жерге деген ыстық махаббатының белгісі. Жоғарыдағы сұхбатында жазушы: «Қазақ Анасы мен өзін сонау есте жоқ ескі заманнан бүгінге дейін азық-түлікпен қамтамасыз етіп, асырап келе жатқан Қазақ қойшысына айрықша қарыздар. Ендеше Алматы мен Астананың басқа да ірі қалаларымыздың ең көрнекті жерлерінің біріне осы екі тұлғаға арнап еңселі ұлттық ескерткіштерімізді асқақтатып қоюымыз керек, өйткені дүниедегі қазақ атаулының бәрі – қара да, хан да, батыр мен би де – қазақ анасының қойнына өрбіп, өркендеді, ал қойшылыққа келетін болсақ, біздің бәріміз сол алдынан құт-береке кетпеген қасиетті қазақ қойшысының ұрпағымыз, жеті атамызды алсақ, солардың кем дегенде екі-үшеуі заманында мал баққан бақташы болып шығады, өйткені, мал шаруашылығы дала көшпенділерінің, номадтардың ең басты кәсібі болған. Сондықтан да ата-бабаларымыз бір-бірімен амандасқанда: «Мал-жаның аман ба?!» – деп, әуелі малдың амандығын сұраған, мал аман болса, жанның да аман болатынын олар жақсы білген», – деген болатын.

Қаламгердің осы сөзіне сүйенетін болсақ, ол сол шілінгір шілде мен қақаған қыста қой соңында жүрген малшылардың жағдайы қандай екендігіне жан бітіріп, сөзден ескерткіш соғып отырғаны анық.

Осы қатарды толықтыратын әңгіменің бірі – «Шеше». Күйеуінен ерте жесір қалып, ұлы мен қызын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсірген Толқынның тағдыры арқылы «Ананың көңілі – балада, Баланың көңілі – далада» екендігін ұқтырса, келесі топтағы әңгімелер қатарына шалғайда жатқан қазақ ауылдарының қарапайым тіршілік иелерін жатқызуға болады. Солардың бірі – «Алдош – Алданыш, Алдекең» әңгімесі. Әңгімеде өзімізге таныс ферма меңгерушісі Шардарбекпен тағы кездесеміз. Әңгімеге арқау болған – Алданыштың қоңыр өгізі. Жазушы Алданыштың тірлігі арқылы қарапайым ауыл тұрғындарының тұрмыс-тіршілігінен сыр суыртпақтайды. Сондықтан бұл да ұлттық әдебиеттегі ауыл тақырыбын толықтыруға қызмет ететін туындылардың қатарына қосылады.

Жазушының тәуелсіздік жылдары жазылған әңгімелерінің де қазақ әдебиетінен алар орны ерекше. Олардың қатарында «Әке», «Шер тарқату», «Дүние жарты» (автобиографиялық әңгіме) тәрізді әңгімелерін атасақ та жетіп жатыр. Бұл әңгімелерде автор жалпыадамдық құндылықтар туралы ой қозғайды. Әңгіме кейіпкерлері – өзіміз өмір сүріп отырған қоғамдағы замандастар. Бірі өмірден көргені көп көнекөздер болса, екіншілері өмірді жаңа бастап жатқан жастар. Жазушы жастардың ұлттық әдет-ғұрыптан аттап бара жатқандығын бүгінгі жаһанданудың кері әсері ретінде тұжырымдаған. Ал, Бауыржан Момышұлының өмірбаянына арналған «Дүние жарты» әңгімесінде батыр бейнесінің жаңа бір қыры ашылған. Жазушы Ресей империясының 250 жылға жуық жүргізген отаршылдық саясатына қарсы болған батыр бейнесіне тағзым жасау арқылы бүгінгі тәуелсіздігіміздің қадір-қасиетін түсінуге шақырады.

Шағын жанрдағы жоғарыдағы типтік характерлер келе-келе хикаяттарға (повесть) жол аша бастады. Бұл тұрғыда жазушының «Қалқаш», «Рабиғаның махаббаты», «Жезкиік», «Ақ қарға» хикаяттарын атауға негіз бар. «Қалқаш» хикаятында өзімізге таныс мектеп оқушыларының жазғы каникулды қалай өткізетіні арқау болған. Жаз бойы үйде қарап жатпай, әке-шешелеріне қолғанат

бола білген балалар ферманың егіс даласында үлкендерге қолғанат бола жүріп еңбекпен шындалатыны кешегі өзіміз куә болған ұжымдық шаруашылықтардың тіршілігін еске салады.

Хикаят 13-14 жасар баланың көзқарасымен баяндалатындықтан негізгі кейіпкерлердің өзі де осы Қалқаштын көмекшілері. Мұнда да өзімізге таныс бұрынғы кейіпкерімізбен қайта жүздесеміз. «Жасымыз қатар болғанмен, бой жағынан бұлардың қай-қайсысы да менен сойлылау. Сондықтан бірдеңе жүгіріп келу керек болғанда, үлкендер сұғын бірінші маған қадайды», – деген сөзінен өзімізге таныс кейіпкерімізді тани кетеміз.

«Рәбиғаның махаббаты» хикаяты Ұлықпанның жаман түс көріп шошып оянуымен басталады. Жазушы түсінде тісі ақсқан қасқырмен алысып жүрген Ұлықпанның өміріндегі сондай арпалысқан сәтіммен кездестіреді.

Шығарманы оқып біткенде тұз тағысына қарағанда екі аяқты қасқырлардан сақ болу керектігін жадына түйесін. Авторлық ұстаным оқыған, көзі ашық қасқырлардың зымияндығы мен залымдығынан ешкімнің құтылмайтынына меңзейді. Оны бас кейіпкерінің тағдыр тәлкегі арқылы нанымдылықпен бейнелеген. Хикаятқа «Қайрақты» орта мектебінің оныншы «Б» сынып оқушысы Жанұзақова Рәбиғаның сірке суын ішіп, мезгілсіз қаза табуы негіз болған. Аяқ астынан болған бұл іс мектепті ғана емес, бүкіл ауыл-аймақ пен аудан басшыларының бәрін дүр сілкіндіреді.

Авторлық ұстаным отызыншы жылдардың қуғын-сүргінін көріп, Ұлы Отан соғысының қан майданын кешіп келген, бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы Дәулет Бүркітбаевтың: «Міне, біздің бәрімізді советтің әділ заңы ақтап алып отыр. Бірақ адамның ар-ұжданы, ұяты – осыған ұқсас барша қасиетінің бәрі заңға сыя бере ме? Кешегі Рәбиғаның қапия қазасы соны дәлелдеп кеткен жоқ па? Былығымыз бен шылығымызды бетімізге басып кеткен жоқ па?» – деген сөзі арқылы берілген. Жазушы осы арқылы өз замандастарын ар сотының алдында тізе бүктіреді. Кеңес соты ақтағанмен ар сотының алдында олардың ақталмайтындығына оқырман да сенеді. Жазушы «айран ішкендердің құтылып, тостақ жалағанның тұтылатынын» сынып жетекшісі Ұлықпанның жұмыстан босатылуымен нанымды

бейнелеген. Осы оқиға үстінде аудандық оқу бөлімі меңгерушісінің бейнесі жан-жақты ашылады.

Ал «Жезкиік» хикаятының айтары басқа. Жазушы онда да параллелизмді пайдаланған. Оқиға бастауыш сыныпты жаңа бітірген Қанаттың көзімен суреттеледі.

Жазушының бір жетістігі – кейіпкерлерінің бар болмысын олардың іс-әрекеттері, сөйлеген сөздері арқылы беру болса, оны қалаға келген шалдың «Бот суда!», «Бісматри», «Бізнаю» деген сөздерінен аңғару оңай. Сонымен бірге жазушы тіліндегі юморды аңғару да қиын емес. Оны атасының поезға отырар сәттегі және купедегі көршілерінің тамағына ашқарақтана кіріскен кезіндегі: «Жарты билеті несі?.. Шырағым-ау, біз бұны бір үйдің азаматы деп, әдейілеп қалаға оқытқалы әкеле жатырмыз ғой. Берсең, бүтінін бер, қарағым» немесе: «Же, тойып ал...» – деп, менің алдыма қарай тықпалай береді. Ай, мәдениетсіздік-ай!.. Әншейінде шаруаның жайына келгенде ешкімге дес бермейтін атамның осыған шынымен миы жетпей отыр ма екен?» – деген сөздері растайды.

Жазушы кейіпкерлерінен ұлттық мінез-құлық анық байқалады. Оны немерелерін бауырына басқан кемпір-шал мен өз балаларын иіскей алмайтын аға-жеңгенің іс-әрекеті айғақтайды.

Жазушының туған жерге деген ыстық сезімді: «Шіркін, дүниеде жайлауға жетер не бар екен?! Шіркіннің ауасының өзі неге тұрады? Әжемнің тілімен айтқанда, кісіні ішпей-жемей мас қылады ғой. Мен қазір сусыма ақ шағылдың үстінде ішпей-жемей мас болып отырмын», – деген кейіпкер көзімен сипаттауы орынды. «Тасқарадағы» бастауышты бітірген Қанат осындай жер жәннатын қалайша қаланың асты да тас, үсті де тас суық қабырғаларына айырбастасын. Жазушы ауылдан ұзап шықпаған баланың алғашында Ақтау қаласына барғанша асыққанмен, атасынан қалмай жанталасып вокзалға қарай шаба жөнелгенін нанымды әрі қызғылықты етіп баяндайды. Баланың жас ерекшелігіне қарай психологиялық иірімдерінің сақталуы көңілге қонымды.

Қанат жайлауда қой бағып жүргенде қақпанға түскен киіктің жәудіреген көздерін аяп, босатып жібергенмен, қорқынышты үлкен қалада атасынан айырылып жалғыз қалған кездегі аянышты көздеріне қарап Қайыркен ағасы оны ауылға жібере қойған жоқ. Аяушылық тәрізді нәзік сезімдерді Алла тағала екі аяқты

пенделеріне бірдей етіп бермеуі өкінішті. Жазушының аталған шығармалары қаламгерлер тарапынан жоғары бағаға ие болды. Олар жөнінде Н.Қазыбек, Қ.Жиенбай, А.Мантаева, Р.Әбдіғұлов, Қ.Мәдібай, Д.Төлебаев, Ж.Қорғасбек, Б.Тұрсынбайұлы, А.Кемелбаевалардың мақалалары мен сұхбаттарында жан-жақты әңгіме болды.

\* \* \*

Соңғы ширек ғасырдағы қаламгер шығармаларын сөз еткенде оның бұл жылдары драматургияға бет бұрғанын байқау оңай. Оны «Рәбиғаның махаббаты», «Желтоқсан түні», «Күзгі романс», ««Империядағы» туған күн кеші» пьесаларынан көруге негіз бар. Бұл туындылардың барлығы да облыстық және Ғ.Мүсірепов атындағы Жастар мен жасөспірімдер, М.Әуезов атындағы Академиялық драма театрларда сахналанып жүрген қойылымдар.

Жазушы 1985 жылы жазылған «Рәбиғаның махаббаты» хикаятын тоқсаныншы жылдары еліміз тәуелсіздік алған соң, сахнаға ыңғайлап, пьесаға айналдырды. Бала тәрбиесі арқау болған шығармада ар-иман мәселесі қоса көтерілгендіктен, оның қай қоғамда да өзектілігін жоймайтындығы белгілі. Қазіргі таңда мектеп бітірушілер арасында өзіне-өзі қол жұмсау (суицид) көбейіп тұрғандықтан, жалпыадамдық құндылықтарды көтерген шығарманың біздің замандастарымыз үшін де ауадай қажеттілігі белгілі.

Пьесаға негізінен мектеп мұғалімдері мен оқушылары ғана араласқан. Сахнаға икемдеп жазғандықтан хикаяның ықшамдалғаны көрініп тұр. Екі актілі, төрт суретті пьесаға қатысушылар бізге хикаятан таныс кейіпкерлер. Автор совхоз директорының жиналысқа келмеуі арқылы оны адам тағдырынан гөрі малдардың жағдайы қатты алаңдататына көңіл аударған. Авторлық ұстаным адамын керек етпеген қоғамның кімге керегі бар дегенге саяды. Түймедейді түйедей қылған қыздар кеңесінің төрағасы Розаның «тексертеміз» деген сөзін жанына ауыр алып, сүйген ағайының опасыздығына төзбеген Рәбиғаның өзіне-өзі қол жұмсауы – оның тығырыққа тірелуі. Осы оқиға арқылы автор бала тәрбиесімен балалардың психологиясын түсінбейтін жандардың айналысуына болмайтындығына сендіреді. Мадриддің

көрсөкырлығы мен Розаның шайпауыздығы он екіде бір гүлі ашылмаған қыздың түбіне жетсе, оның әке-шешесі Алланың жазуына мойынсұнған иманды жандар ретінде есте қалатын кейіпкерлер.

«Күзгі романс» – жазушы шығармаларына негіз болған оқығандар (интеллигенция) өмірінің тағы бір қырын сахнаға алып келген пьеса. Драматург көпке топырақ шашудан аулақ, сондықтан да ол Сюзанна тәрізді ғылым кандидатын оқиғаға араластырады. Сайлау мен Сюзанна шығармашылық адамдары болғандықтан, олардың пікірлері ортақ, жүректері тым нәзік. Олардың не болсын соған сеніп қалуы да сондықтан. Мәселен, Назымның қан қысымы көтеріліп, ауруханаға алып кеткен кезде Сайлаудың үйіне қарай құстай ұшуы – оның сол нәзік жүрегінде, өкпе, реніш дегендерге орын жоғын байқататын эпизод.

Оқиғаға араласатын келесі кейіпкер – Әлібек. Ол да Назым тәрізді жеке кәсіпкер. Сондықтан да олардың пікірлері бір-біріне ұқсас. Бұл екеуінің айырмашылығы Назым табысын таба жүріп отбасын сақтап қалуға тырысса, Әлібек «қазақ байыса, қатын аладының» кебін киіп, қалтасы қалыңдаған соң, баласы мен әйелін тастап, екінші әйелмен кетіп қалған. Бұл жағынан алғанда олардың арасында жер мен көктей айырмашылық бар. Драматург оны әйелана мен еркек кіндіктілердің психологиясындағы ерекшелік ретінде көрсетуге тырысқан. Әйел жандарының көпшілігі құмырсқалар тәрізді үйге тасыса, енді бірсыпыра еркектер қауымы тапқанын далаға шашып жүретіні белгілі. Сол тәрізді Әлібек те өзі тәрізді кәсіпкер әйелмен тіл табысып, қол ұстасып кеткенмен, ол өзінен де асып түсіп, жарының бар кәсібін өзіне аударып алып, мұны жүрдай етіп бір чемоданымен үйден қуып шығады. Автор мұның өзін көп асқанға бір тосқан етіп көрсеткен.

«Қолда бардың қадірі жоқ» дегендей, кезінде Сюзаннаның қадіріне жетпеген Әлібек басына таяқ тиген соң, оның аяғына жығылып, қайта келіп тұр. «Аузы күйген үрлеп ішеді» дегендей Сюзанна екінші рет адасудан аулақ. Себебі Әлібектің дөкір мінезі мен дүниеқорлығы өзгермегені анық.

Атам қазақ материалдық байлықты «Мал – бір жұттық», «Дүние – қолдың кірі» деп түсіндірсе, автор осы накылға жан бітірген. Сондықтан да драматург осы шығармасы арқылы мәңгілік құндылықтардың рухани мұрамызда жатқандығы,



материалдық байлықтың бізге мұра болмайтынығы жөнінде замандастарына ой салған. Себебі бұл бүгінгі тәуелсіз қазақ елінің «Мәңгілік Ел» идеясының негізі болып табылмақ.

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасын арқау еткен «Желтоқсан түні» пьесасы екі бөлімнен тұрады. Оқиғаға бар-жоғы алты-ақ адам қатысады. Желтоқсан оқиғасының 20 жылдығы қарсаңында аталған спектакльдің Жастар мен жасөспірімдер театрында тұсаукесері болды. Бұл туынды сол уақыттан бері үздіксіз қойылып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Мұнда автор 30 жыл бұрынғы сол бір атышулы қаралы күндерді қайта тірілткен.

Драматург сол қаралы күннің бар шындығын көрсету үшін алаңға жақын мандағы бір бөлмелі пәтерді таңдап алыпты. Ондағы мақсат – алаңдағы оқиғаны терезе жарығы арқылы перденің арғы бетінен көрсету. Оқиға өтетін жерді дұрыс таңдай білген, бұл – екі күнге созылған қырғынның шешуші сәті болып табылатын 1986 жылдың 18 желтоқсан түні. Оқиғаға қатысушылардың әрқайсысы жекелеген әлеуметтік топтардың өкілдері. Оның бірі – сталиндік репрессияның қуғынын көрген, Сібірге жер аударылып, өмірінің он жылын азаппен өткізген қарт зейнеткер.

Пәтер иесі – бүгінде зейнетке шыққанымен білікті ғалым, Одаққа танымал тарихшы Баймырза. Екіншісі – зейнет жасындағы Баймырзаның жұбайы Талшын. Келесі кейіпкер – әскерден жаңа келген, демонстрацияға қатысушы жасы 21-дегі студент жігіт Қайсар. Келесі демонстрантымыз – жасы 24-тегі аяғы ауыр жас келіншек Ақмарал. Ал, жасы 45-50 шамасындағы Баймырзаның көршісі Мария Петровна Қазақстандағы өзге ұлыс өкілі. Жасы 45-тер шамасындағы беймезгіл қонақ Тимур Қалдыбаевич – Коммунистік партияның мүшесі. Бұл буын өкілдері кешегі сталиндік қырғын мен екінші дүниежүзілік соғысты (Ұлы Отан соғысы) тарихтан ғана білетін, бір аяғы социализмде, екінші аяғы коммунизмде тұрған бақытты ұрпақтың интеллигенциясы. Көріп отырғанымыздай автор оқиғаға қатысушыларды әртүрлі ортадан, әртүрлі жас шамасынан таңдай білген. Бірақ бәрі – кәмелетке толған өзіндік көзқарасы қалыптасқан жандар.

Екі бөлімнен тұратын шығарма «Алматы. 1986 жыл. 18-желтоқсан. Қысқы кеш. Ел орынға отырған мезгіл. Бір бөлмелі қалалық жайлы пәтер. Үстіне пижама киген Баймырза залдағы

диванның үстінде электр шамның жарығымен кітап оқып отыр», – деп, Баймырзаның пәтеріндегі жайма-шуақ өмірден басталады. Осы көріністің өзі-ақ қазекемнің маңдайының соры бес елі екендігінен хабар береді. Оның біріншісі – көп қабатты үйлердің тек бірінші не бесінші қабатының қазақтарға ғана берілуі. Міне, Баймырзаның үйі де тек қазақтарға тиесілі болған бірінші қабатта тұр. Бірінші қабаттың астынан қысы-жазы сыз өтіп, едені еш уақытта жылымайды. Ондай денсаулыққа зиянды үйлерді өзге ұлт өкілдеріне беруге болмайды. Қазақтар қонақжай халық болғандықтан, жылы жұмсағын қонақтың аузына тосатыны белгілі, бірінші қабатта тұруға өздері еш арланбайды. Сол үшін де жоғары қабатты келімсектерге беруге қарсылық білдірмейді.

Екінші ерекшелік – кең далада еркін өскен қазақтарды қаланың да өзгерте алмайтындығы. Ол – есіктің қашанда ашық жататыны. Қала халқы әдетте есікке бірнеше ілгіш салып, қоңырау соғылғанда сығалап қарап отырады емес пе? Ал қазақ – сығалауды білмейтін, есігін шалқасынан ашып тастап, құдайы қонағын күтіп отыратын дархан халық. Міне, оқиға басталмай жатып осындай ұлттық ерекшеліктерге жолығамыз.

Қуғыншылардан қашып келіп, есігі ашық пәтерге жансауғалаған Қайсар мен Ақмарал – екеуі бір-бірін танымайды да. Бұл да сол кездің шындығы. Жайма-шуақ өмірде бір-бірімен ісі болмайтын жастар, сол бір ауыр күндерде бір-біріне бауырмалдық танытып, ағалы-қарындастай жақын болғаны белгілі. Мұздай қаруланған әскерді бірде тықсырып, бірде шегініп кезек-кезек шегініс жасап отырған кездерде әртүрлі қақтығыстар болды. Сойылға жығылған қыздарды қорғамақ болып, олардың үстіне құлаған жігіттер ол қыздарды шын мәнісінде танымайтын еді. Үдере қашқан кездерде аяғы мұзға тайып, сүрініп жатқан қыздарды екі қолтығынан сүйемелдеп ала қашқан да өзіміздің бауырларымыз екені рас.

Шығармадағы Ақмарал есімді кейіпкеріміздің Қайсармен өз сіндісін таныстырғысы келетін әңгімесі де шындыққа саяды. Біздің түсінігімізде алаңға барып, өздерінің қазақ екенін сезінген патриоттар мен үйде бұқпантайлап, терезеден қарап отырғандардың айырмашылығы жер мен көктей еді. Алаңға шығып келгендер ол жердегі қырғынды көрген соң, саябыр тауып үйде отыра алмай, сол жаққа қайта барып қолға түскені белгілі.

Ал, алаңға бармағандар ол жақта не болып жатқанына басын қатырып әлек болмай, үйлерінде шайларын ішіп, жылы көрпеге оранып, қара басын сауғалағанына мәз-мейрам болды.

Қайсар мен Ақмаралдың ашық тұрған пәтерге тығылатыны да шындық. Ит жетектеген жендеттер қоқыстың арасына дейін тінтіп, демонстранттардың соңына түсті. Сол сәтте әр подъездің есігін бір қағып, тығылатын тесік таппай қиналған құрбыларымыз да болды. Меніңше, автор осындай оқиғалардан қорытынды түйін жасап, Қайсар мен Ақмаралды Баймырзаның үйіне алып келген. Баймырза мен Талшын – өмірден алынған шынайы кейіпкерлер.

«Әй, сен қоясың ба, жоқ па?! Біле білсең, бүгін маған бақ пен бақыт қонған күн!.. Кенесары бабамның аруағын тірілтем деп, сонау Сібірде отырған он жылда «Апыр-ай, бұ қазақтың аяққа тапталған ар мен намысын жақтайтын ерлер қашан туады, не қылған сорлы елміз, ез елміз...» – деп, көкірегім шерге толатын еді. Кешеден бері сол сорлы елдің намысын қорғауға бел буған мына балалардай мыңдаған ұл-қызды көріп, төбем көкке екі елі жетпей тұр. «Бар екен ғой, иә, Жасаған!..» деп, ішімнен мың тәуба айттым жаратқанға түнімен. Сен оны қайдан түсінейін деп едің...» – дейтін, кезінде қуғын-сүргіннің талайын көрген, Кенесары үшін он жыл жер аударылған Баймырзаның прототипі – тарихшы Ермұхан Бекмаханов.

«Құт па, жұт па – оны бір Жаратушының өзі ғана біледі. Сен менің өйтіп тілімді қышытпа, білдің бе!.. Қазақ-қазақ дегенде көкірегің қарс айырылады. Сол қазақтың намысын жартып, он жыл түрмеде, айдауда жүргенде солардың біреуі артында қалған жесірін, мына мені мен ана қызылиек, ашқұрсақ шиеттей үш балашағана қол ұшын беріп пе еді? Соларды енді екі көзінен қанды жас ағызып, иттей тістелеп жүріп, кәмелетке жеткізген сол сенің айта беретін қазағың ба еді, әлде мына мен бе едім? Елуінші жылдың аяғында түрмеден арып-ашып келгенінде саған қызмет тауып бермек түгіл, кеңсенің есігін сығалатпай қойған төрелер де сол сенің айта беретін қазақтарың емес пе еді? Енді бүгін келіп... О, несі, жүдә, көсемси қалғаны», – деп, қайдағы шерді қозғап күйінетін Талшын әкелері мен жарлары «халық жауы» ретінде ұсталып кеткенде, «халық жауының баласы», «халық жауының жары» аталған, балаларын бағып-қағып, қатарынан қалдырмай өсірген мыңдаған ардақты аналарымыздың жиынтық бейнесі.

Баймырза мен Талшынның мектепте оқитын немересі әкешесін алдап, алаңға қашып кетеді. Тектіліктің қанмен келетіні тәрізді, Отаншылдық, патриоттық сынды қасиеттердің қанмен берілетіні белгілі. Ол – қалада орыс мектебінде оқып, қазақша шала сөйлегенмен, жүректері қазақ деп соққан ұлтжанды қазақ жастарының жиынтығы. Ұлтжандылық ауыл, қала тұрғындарына олардың тұрғылықты жеріне қарай берілмейді.

Шығармадағы келесі кейіпкер Баймырзаның көршісі – Мария Петровна. Басқа ұлт өкілі болғанмен алаңдағы оқиғаға бейтарап қарай алмағандықтан, басы шытынап ауырып тұрғандай әсер береді. Себебі, бұл – өздері қазақ елінде отырғандықтан ұлтаралық қақтығыстарға үрке қарайтын өзге ұлыс өкілі. Ол бәрін де білгісі келеді, Баймырзаның үйіне тұңғыш келіп отырған қонақтарының алыс туыстары екеніне сенгісі келмей отырғаны да сондықтан.

Келесі кейіпкер – Тимур Қалдыбаевич. Автор осы кейіпкер арқылы қазақтың құрдымға кетіп бара жатқандығын көрсеткісі келген. XX ғасырдың соңғы ширегіне шейін қазақтың оқығандары елім, ұлтым, жерім деп еңіресе, Тимурдың қазақтың жастары алаңда қырылып жатқанымен шаруасы жоқ. Ол жолдасының кандидаттық диссертация қорғанына куә болып, сол дастарханның басында ішкеніне мәз болып отырған кеудесі қуыс жан.

Шығарманың шешімі – жендеттерден үрейі ұшқан Ақмаралдың мерзімінен екі ай бұрын босануы болып табылады. Өмірге келген сәби өмірдің жалғастығын байқатса, осы оқиға үстінде дүниеге келген шарана «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқының болашағы алда екенінен хабар береді. Шығарма Баймырзаның: «...Бар екен ғой сендердей ержүрек ұл-қыздарым! Тек мұнымды жаратқан асылық көрмесін...» – деп жас ұлтшылды далаға ертіп кетуімен аяқталады. Бұл XX ғасырдың басындағы және соңғы ширегіндегі «ұлтшыл» атанған азаматтардың тілегінің бір жерден шығуы болса, олардың барлығы да қазақ халқының бостандығы, тәуелсіздігі үшін күрескен күрескерлер екенінің белгісі.

Шығармадағы әрбір кейіпкер өз ортасының, сол әлеуметтік топтың, замандастарының жиынтық бейнесі болып табылады. Драматург жоғарыдағы оқиғаға қатысқан кейіпкерлерінің барлығын да типтік бейнеге көтерген. Баймырза кеңестік

идеологияның теріс саясатын қолдамағаны үшін жазықты болып, қуғын-сүргін көрген мыңдардың бірі болса, Талшын – қиын-қыстау күндерде күйеуіне сүйеу болған, шиеттей бала-шағасын асырап шаңырақты шайқалтпай арды ойлаған қазақ әйелдерінің жиынтығы. Өзінен екі мүшел үлкен адамның жағасына жармасып жүрген Қайсар өзгеге намысын таптатпаған қазақ халқының қайсар ұланы болса, Ақмарал – жігіттердің намысын қайрап, оларға күш-қуат беріп, елге жау шапқанда атқа қонған жауынгер қазақ халқының батыр қыздарының бүгінгі таңдағы жалғасы.

Көпшілік оқырман мен көрермендерге ой салған шығарманың бірі – «Империядағы» туған күн кеші». Пьесаға жазушының прозалық шығармаларына арқау болған оқығандар өмірі негіз болған. XX ғасыр басындағы оқығандар өмірі Ж.Аймауытов, М.Әуезов шығармаларынан мол орын алса, С.Асылбеков біздің қоғамның оқығандары туралы көп жазатын қаламгер ретінде кеңінен танымал. Драматург бір кештегі оқиға арқылы бүгінгі өзіміз өмір сүріп отырған қоғамдағы өзекті мәселелерді бір жерге жинақтаған. Сондықтан да бұл шығармада замандастар бейнесі жақсы сомдалған. Автор әртүрлі жастағы әртүрлі ортада жұмыс істейтін жеті-сегіз кейіпкер арқылы бірнеше мәселелеге көңіл аударуды жөн деп тапқан тәрізді. Оның біріншісі – бүгінгі таңда бір басып, екі асап жүрген жекелеген кәсіпкерлер ісінің өрге домалауы. Қазақта «семіздікті қой ғана көтереді» деген аталы сөз бар. Мұнда Айдар тәрізді кәсіпкердің сол семіздікті көтере алмай, ең жақын достарының, туыстарының алдында масқара болғанына куә боламыз. «Империя» атты екі қабат мейрамхананың қожайыны Айдарды туған күнімен құттықтап келіп отырғандар – өзінің бұрынғы әріптестері, дәлірек айтсақ, кафедра меңгерушісі Сұлтанбек Ертуғанұлы мен оқытушы досы Тойболды. Сұлтанбек Ертуғанұлы аспиранты Гүлденмен, Тойбол жары Нұрсұлмен бірге келіп отыр. Қонақтардың ішінде елден келген інісі Берікбол және ұлы Болат пен жары Ұлжалғас бар.

Бұл отырысқа Айдардың туған күнімен бірге ұлы Болаттың мектепті жақсы көрсеткішпен бітіруі, дәлірек айтсақ, ұлттық бірыңғай тестілеуден 95 балл алып отыруы себеп болған. Оқиғаға негіз болған диалогтар мен эпизодтардың барлығы да белгілі бір мақсатпен алынғанын аңғару оңай. Мәселен қонақтардың сыйлығы (балықшының киімі) Айдардың қолы бос уақытта балық

аулауға әуестігін байқатса, екі-үш рюмкеден кейін қызып қалып Гүлденді мазалауын, оны қапсыра құшақтап дастарханның үстіне көтеріп қоюын мастанғандық деп қабылдауға болады. Оның тіпті үлкен қалаға елден келіп, даяшы болып істеп жүрген Сәниядә көңілі бар екені жасырын емес. Жап-жақсы отырған қонақтарының берекесін алған ол құттықтап келушілерді қуып шыққандай болады. Бұл әрекеті – ақшаның буына мастанып, адамшылықтан кете бастағанының мысалы.

Ал Берікболдың жайы бөлек. Елден қонаққа келген інісінен ауыл-аймақты, туған-туысты сұраған болып отырған ол інісіне үйге қон деп айтуға жарамайды. Ішіп алған ағасының жоқ жерден бәле іздейтінін түсінген ол қонақүйге кетіп қалады. Баласы Болат Қазақ политехникалық университетіне түскісі келгенмен, әкесі оны еркінен тыс рейтингі (көрсеткіші) жоғары деп есептелетін Гарвард университетінде оқытқысы келеді. Себебі Жанбайдың баласы Асқар Кембридже үшінші курста оқып жатыр, Айдардың одан қай жері кем? Автор кейіпкер сөзі оның бейнесін толықтыруда үлкен қызмет атқаратынын дәлелдей түскен. Осы тұрғыда Айдардың: «Барасың... Білсін, Айдардың кім екенін ана біреудің жетістігін көре алмайтын, іштеріне шынашақ айналмайтын қызғаншақтар...» – деген сөзінен оның ішінде қызғаныш деген қызыл иттің ұлып жатқанын байқау оңай. Осы сөздің өзі қазіргі таңда ақшалылардың баланы шетелде оқытуды бәсекеге айналдырғанына мысал. Ондайларды не білім, не баланың тағдыры қызықтырмайды, бастысы – бәсекелестерінен басып озса болғаны.

Тойболдының жағдайы мүлде бөлек. Автор Тойболды арқылы бүгінгі ғылым-білімнің жағдайынан хабар беріп отыр. Кеңестік дәуір тұсында қазақ халқының тарихы теріс түсіндірілгендіктен, еліміз тәуелсіздік алған соң мыңдаған зерттеулердің қажетсіз болып, пайдаға жарамай қалғаны белгілі. «Жетісуда Совет өкіметін орнатудағы Коммунистік партияның рөлі» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғағалы жүргенде Кеңес үкіметі құлап қалып, диссертациясы жарамсыз болып табылған Тойболдының енді «Алаш» партиясының тарихын зерттеп жүрген жайы бар. Сондықтан да ол кафедра меңгерушісіне, яғни ғылыми жетекшісіне күні түсіп тұрған адам. Бірақ ақшалы досын да қимайды. Мол қаражат керек болып

тұрғанда Айдар досының он мың долларды қолына ұстата салғанын қалай ұмытсын. Екі оттың ортасында қалған Тойболдының кімнің сөзін сөйлерін білмей, екеуіне де жағынуды ойлап жүргенінің сыры осында. Олай болса, Тойболдының бейшара күйі қазіргі таңда алған айлығы шайлыққа жетпейтін оқытушылардың жай-күйінен толық хабар беріп тұр. Драматург осылайша бір эпизодпен қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеруге болатындығын байқатады.

Алматы мемлекеттік университетінің «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Сұлтанбек Ертуғанұлы – олардан мүлде бөлек жан. Ол – нағыз зиялылар қауымына жататын ескінің көзіндей, өмірден көргені мен жиғаны мол тәжірибелі ғалым. Алғаш көргенімізде қолынан портфелін тастамай жүрген ол соңғы көріністе сол портфелін іздеп қайта келеді. Себебі, қара портфельде кафедраның біржылдық есебі жатыр. Қызметкерлерінің жылдық еңбегін бағалағандықта, меңгеруші портфелін көзінің қарашығындай сақтауда. Мұның өзі оның әріптестеріне деген құрметін, еңбекті бағалай білетіндігін, жұмысына деген жауапкершілігін байқатады. Қайта келгенде өзіне басқаша сайраған Тойболдың: «Манағы... әлгі ана шалдың сөзін сөйлеп, сені біраз ренжітіп алғаным үшін... Өзіңнен кешірім өтінейін деп қайта келіп отырмын. Кешір...» – деп лепіріп тұрғанының үстінен түседі. Осылайша автор кейіпкерлерінің табиғи болмысын қас қағым сәттегі пендешіліктері арқылы тұжырымдаған.

Шығарманы оқып біткенде кеш басталғанда «Айдар Сейтқалиевичтің мынау «Империясы» жасасын!» деп тост көтерген қонақтардың көз алдында сол «Империяның» күйрегеніне көзіміз жетеді. Автор оның басты себептерін Айдардың жеке басынан таба білген. Айдардың бұл «Империясы» шындап келгенде маңдай термен келмеген табыс екенін Сұлтанбектің: «Шатпа! Кәдімгі емес! Ол арақтардың бәрі қайдағы бір белгісіз сасық «подвалдарда», жертөлелерде антисанитарлық жағдайда жасалған «самопал», арақ-шарап болатын!.. Сенің капиталың, сенің байлығың, сенің империяң өмірге осылай келген болатын! Бұл ұрлық емей немене сонда?!» – деген сөзі айғақтап тұр.

Автор арам жолмен келген ақшаның адамды қалай бұзатындығын, екі аяқты пенденің қалай хайуанның дәрежесіне түсетінін Айдардың тірлігі арқылы дәлелдеген. Бұл да өмірден алынған шынайылығымен баурайтын шығарма. С.Асылбеков – жалпыадамдық құндылықтарды сахнаға да алып келіп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленген драматург. С.Асылбеков қойылымдары жөнінде М.Жұмабайдың, С.Ковальдың, С.И.Қалқаның, И.Сатбаеваның, А.Есалидың, А.Қорғанбаевтың, З.Жылқыбаеваның мақалалары жарық көрді.

Қорыта айтқанда, жазушының жетпісінші, сексенінші жылдары жазылған прозалық шығармаларына ауыл тақырыбы негіз болса, сол ауылдың кішкентай тұрғындарының тіршілігі келе-келе үлкен қалаларға қарай ауысқанына куә боламыз. Соңғы ширек ғасырда жазылған туындылардың дені қазіргі замандастарымыз, соның ішінде зиялы қауым өкілдерінің өмір тіршілігінен сыр суыртпақтайды. Автор оқығандар өмірі арқылы бүгінгі таңдағы өнер-білім мен ғылымның жай-күйінен толыққанды хабар береді. Ауыл өмірі, мектеп тіршілігі, білім-ғылым саласы автордың өзіне етене жақын болғандықтан, бұл тақырыптарда жазылған шығармалар да, олардың кейіпкерлері де шынайылығымен баурайды. Әртүрлі жастағы, әртүрлі тағдыр иелерінің бәрі де бізге жақын, етене таныс, себебі олардың барлығы дерлік біздің жанымызда жүрген жандар. Бұл тұрғыдан келгенде автордың бас кейіпкерлерін типтік бейнеге көтере білгендігі даусыз.

### ***Әдебиеттер:***

1. Асылбекұлы С. Шығармалары. Бірінші том. – Астана: Фолиант, 2008. – 400 б.
2. Асылбекұлы С. Шығармалары. Екінші том. – Астана: Фолиант, 2008. – 416 б.



## ДИДАХМЕТ ӘШІМХАНҰЛЫ

(10.06.1950 – 23.05.2015)

Дидахмет Әшімханұлы 1950 жылдың 10 маусымында Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Жаңаұлгі ауылында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген соң (1978), еңбек жолын Шығыс Қазақстан облысы «Коммунизм туы» (1975-1976) газетінде бастады. Облыстық газеттен тәжірибе жинақтаған ол республикалық «Лениншіл жас» (1978) газетінде тілші, кейін «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») (1978-1980), «Қазақ әдебиеті» (1980-1992) газеттерінде бөлім меңгерушісі, «Заман – Қазақстан» (1992-1993), халықаралық «Түркістан» (1994-2015) газеттерінде бас редактордың орынбасары қызметтерін атқарды.

1986 жылдан Қазақстан Жазушылар одағының және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. 2003 жылдан өмірінің соңына дейін «Ел-шежіре» қоғамдық қорының президенті, «Алаш» баспасының директоры қызметтерін атқарды.

Жазушы-журналист ұлттық әдебиеттің қоржынын әр жылдары «Аққабаның толқыны» (1981), «Он бірінші күз» (1987), «Каменная падь» (1990), «Жер аңсаған сары атан» (1998), «Самырсын сазы» (2000), «Әңгіме емес әңгімелер» (2004) тәрізді әңгімелер мен хикаяттар, публицистикалық шығармалармен байытты.

Төл туындылары өзбек, қырғыз, қытай, моңғол, орыс, украин, мари тілдеріне аударылса, А.Курчаткин, Т.Минулмен, А.Аширов, Х.Абдуллин, П.Пурзверу, тағы басқа қаламгерлердің шығармаларын қазақ тілінде сөйлетіп, көркем аудармаға өз үлесін қосты.

\* \* \*

Әдебиетке жиырмасыншы ғасырдың 70-80 жылдары келген қаламгер қаламынан туған туындылар оның проза мен публицистикаға қатар қалам тербегенін аңғартады. Қай жанрда жазса да қазақ халқының жоғын жоқтап, мұңын мұндаған ол

қоғамның көкейкесті мәселелерін көтере білді. Облыстық газетте тәжірибе жинақтаған ол алғашқы «Жетпіс апа» әңгімесінен бастап өзінің суреткерлік қырын танытты. Ол жөнінде автор: «О бастан әдебиеттен таңдап алған жанрым – әңгіме. Шындығында, таңдайын дегем жоқ, үйренейін деп бастап едім, үйренген соң қалай бауыр басып кеткенімді білмеймін. Кейін... роман деп қолға алғаным да, повесть деп бастағаным да әңгіме боп шыға келетін болды», – дейді [1, 4]. Айтса айтқандай, ол – әдебиетте шағын жанрдың шебері ретінде танылған жазушы.

Алғашқы «Жетпіс апа» әңгімесіне Ұлы Отан соғысы салған жазылмас жараның шындығы арқау болған. Бір жерден түтін түтейік деген інісі Хамитке Жетпіс апаның: «Жоқ, – деді жетпіс апа, – сенің орның бір төбе. Жеркепеде отырсам да, мен де бір шаңырақпын. Бұл ауылға келін болып түскенде осы үйде бетім ашылған. Жетпісіме қанат байлаған да осы үй. Топырағы торқа болғыр кешегі жезденді де мәңгіге шығарып салған осы қара шаңырақ. Бір ұрпақтың түтінін өшір дегенің бе?» [2, 203], – деген сөзінен қазақ халқындағы қара шаңыраққа деген үлкен құрмет аңғарылса, Жетпіс апаның азан шақырып қойған Камила атының ұмытылып кетуі – қазақ халқының адамның жеке болмысына, іс-әрекетіне қарап ат қойғыштығын байқатады.

Кебенек киіп кеткен баласы Жетпісті өмір бойы күткен кейуананың тіршілігінен екі нәрсені ұғуға болады. Оның біріншісі – өле өлгенше бір әулет шаңырағының түтінін түтетіп өткен қазақтың қайран аналарының төзімділігі, екіншісі – қазаны дер кезінде жеткізу керектігі. Кезінде інісінің Жетпістен келген қара қағазды бермей қалуы не нәрсені де дер кезінде айту қажеттігін көрсетеді.

«Зауал» әңгімесіне Мұзбелдің ең биік шыңы Дарадағы қайғылы оқиға негіз болған. Кәрім мен Кемел аңшылардың тірлігімен автор біреуге ор қазғанның өзі соған түсетінін нанымды бейнелеген. Кемелге көмек қолын созбаған жанның өзі де сол шыңнан құлап мерт болуы пенделер арасындағы бақастықты әшкерелеп тұрса, «Жалғанда жолың болмас сенің» дейтін Кәрімнің өзі құздан құлап өлуі «Жақсы сөз – жарым ырыс» екенін ойға салады.

«Жұлдызды белбеу» әңгімесіне Сарымсақтыдағы Мырзабек нағашысының әскерден келгенін естіген Тәмпіштің қыстың көзі қырауда бірнеше шақырым жүріп жұлдызды белбеуді алуға келген оқиғасы негіз болған. Бір күн бұрын машинада орын жоқ деп тастап кеткен Мықты ағасының артынан жаяу шыққан баланың аң-құсқа жем болмай, жол азабын тартып нағашысының үйіне жетуі, барған бойда қолына түскен белбеуден қас пен көздің арасында айырылып қалуы адамның айтқаны емес, Алланың қалауы болатынын көрсетеді. Жазушы осы оқиға арқылы жұлдызды белбеудің құны балалар арасында өте жоғары болғанын нанымды бейнелесе, «Шымырбайдың шындығында» қазақ радиосынан Шымырбай қойшы туралы берілген журналист Сағидолла Болатжановтың очеркінен дамыта суреттеу мен асыра әсірелеуді көреміз. «Тон» әңгімесіне қайырымдылығы үшін өмір бойы азап шеккен Жоламан қойшының тоны жүрегіне тоң болып қатқаны негіз болса, «Тасқала» әңгімесінен қалаға келген Сэнтайдың бір күнгі ит қорлығына, жөн сұрар адам таппай далада түнеп шыққанына қанығамыз. Қазақша бір ауыз сөз білмейтін қала қазақтарынан қайыр таппай, бір кезде қазақ ауылында тұрған Кирилл атты орыс шалынан қайырымдылық көрген Сэнтай үшін тасқаланың адамдары да қара тас секілді көрінуі заңдылық. Жазушы адам аяғымен таптауға болмайтын көк шөптің үстінде ойқастап жүрген иттің саруымен қалалықтарға екі аяқты адамнан гөрі иттің артық саналатынын көрсеткен.

«Естірту» әңгімесінен құрдастар арасындағы қалжың менмұндалайды. Тоқсаныншы жылдары жұмыссыз қалғандардың сауда-саттықпен айналысып көзін тапқандары кәсіпкер болып кетті де, жолын білмегендер барынан айырылып, банкрот болғаны өмірден белгілі. Міне, сол тұста Ресей асып кәсіп іздеген Кәкімнің Әлиханға жазған хатынан оның азапты өмірі байқалады. Жырақта жүріп өліп қалам ба деп қорыққан ол досы Әлиханға менің мәйітімді алып кету үшін 220 мың керек, ал 50 мың салса, өзім барам деуінен құрдастар арасындағы қазақы қалжыңды көрсек, хат соңында көрсетілген уақыт пен мекенжай оқиғаның өмірден алынған нақтылығын, деректілігін байқатады.

«Дәме» әңгімесіне шағын кәсіп иесі Естай Нұркеновичтің қол астындағы қызметкерлерге көңіл аудармауы, хатшысы Қыдырбаеваның үйге қонаққа шақырғандығын жеңілдік деп

ойласа, ештеңеден хабары жоқ қыздың бүкіл ұжымды қонақасы беруге шақырғаны күлкі үйіреді. Әйелі шипажайдан қайтарда туған-туыстарын аралап кешіккен бастықтың хатшысына жігітшілік жасамақ болған ойынан өзі ұялуы жігіт-желендердің қыз-қырқынды қия жібермейтіні аңғарылса, «Ағайындар» әңгімесіндегі ағайынды Дүйсен, Сейсен, Бейсен арасындағы оқиғалардан әр шаңырақтың өз тіршілігі, өз қажеті болатынын байқау оңай. Ұзақ сапарға жүргелі отырған інісін шығарып салуға жарамай, әйелін тасып жүрген ағасы Сейсеннен көңілі суып келген Дүйсеннің ауылдағы Бейсен ағасының үйіндегі шайпауыз жеңгесі Бибіштен көңілі қалып қайтуы – «Бірге тумақ болғанмен, бірге жүрмек жоқ» екендігінің мысалы.

«Бәкен» әңгімесіне де ағайынды Бәкен мен Омаштың қызықты оқиғалары арқау болған. «Және менің білуімше, жалпы, адамдарды ел мен жер, ру мен жүз, ағайын-туыстық табыстырмайды, ең алдымен оларды мінез сәйкестігі, сосын мақсат бірлігі қосады. Бәкен мен Омашты да, міне, осындай мінез бен бірлік қосқан да, қосақтап қоя берген. Оған алғаш мұрындық болған да Бәкеннің өзі...», – деген автор сөзінен ағайынды екі жігіттің бір-бірінен аумай қалған ұқсастығын көруге болады. Інісін де өзі секілді шофердың оқуына түсіріп, қасына серік етіп алған ағасы мен інісі арасындағы оқиғалар автолавка жүргізген аңғал Бәкеннің істі болуымен аяқталған. Адам баласының көңілін қалдырып, қолын қайтарып көрмеген Бәкеннің әңгіме соңында ұзын жолдың бойында аяғын сүйреп басып, әрең келе жатқанына тап боламыз. Астында көлігі барда Бәкен болған жігіттің енді ешкімге керек болмай қалуы киналтады. Әңгіменің соңында Заготконтордың директоры Тоқанның Бәкенді көрмеген болып машинасымен зулап өте шығуы Бәкеннің де дәурені біткенін меғзейді. Машинасы жүріп тұрғанда бір жанның көңілін қалдырмаған, Тоқанға жайлаудан қой алып келемін деп, жол апатына ұшыраған ақкөңіл жанның мүсәпір халін көргенде жаның ашиды. Автор осындай кереғар кейіпкерлердің әрекеттері арқылы «адам аласы ішінде» екенін есімізге салған.

«Тас монша» әңгімесінде еңбегі еш болған Әзімхан қойшымен қайта кезігеміз. Жыл сайын жайлауға шыққанда ағаштан монша салып жүретін Әзімханның жаз бойы бір тыным таппай салған тас моншасына бір түспей қоныс аударып, көшіп

бара жатуы адамнан малдың қамы артық болғанын Дөненбаевтың сөзі мен ісі растаса, «Аққабаның толқынындағы» Нұрлыбектің жайы мүлде бөлек. Ол – аңшылықты кәсіп етемін деп жүріп, аңқұстың терісіне құныққан тоғышар жан. Қымбат теріні саудалағаннан артық ештеңе жоқ деп түсінетін аңшының елден саяқ жүруі де содан.

«Ақшоқы» әңгімесінде өлім аузында жатқан Оқаспен кездесеміз. Қалада науқасы меңдеп жатқан жанның ұйықтаса – түсінен, ояу жүрсе – есінен шықпайтын Маралдыбұлақты шөліркей, аңсап сағынуынан туған жердің теңдесі жоқ құдіретін аңғарсақ, «Жо-жоқ, бәрібір өлімнен қорқуға болмайды!» Ол – хақ. Ол – Құдайдың ісі. Ерте ме, кеш пе, бұның да баратын жері сол ғой. Бірақ алатын жанын Құдай қинамай-ақ алса екен», – дейтін Оқастың пікірі өмір бар жерде өлімнің болатындығын есімізге салады. Алайда, автор айтары ол емес, әңгіменің идеясы жердің киесінде. Туған жерге жете алмай сал болып жатқан кейіпкердің негізгі кінәсы – әйелінің сөзіне еріп күйбең тіршіліктен шыға алмауы. Кіндік кескен жерін ұмытып, туған жерге жат болып кеткен замандастарына ой салған жазушы Оқасты Маралдыбұлақтың киесі ұрғанын: «Әттең-ай! Сол жолы Дүйсенмен бірге елге кетіп қалсам ғой, дәл мынадай күйге түсер ме едім», – деген сөзімен растайды. Тоғыз ай төсек тартып жатқан кейіпкерге тосыннан тиген екінші соққы – «Ақшоқының орыстар жағына қарап кетуі». Бұл – кейіпкердің соңғы үмітінің үзілуі еді.

«Құдайсыздар» әңгімесінде кеңестік дәуір тұсындағы Құдайсыз коммунистердің имансыздығына кезігеміз. Колхоз бастығы мен жандайшаптардың үйінде Құран ұстайтын, шешесі намаз оқитын Әзімханға шүйлігуі – өмірден алынған шындық.

«О, Құдай! – деді апам оның соңынан. – Маған осындай Құдайсыз ұл бердің, ана Сақыштай имансыз қыз бердің. Бірі алдындағы жайнамазға қарайды, бірі қолындағы жалғыз сиырға қарайды. Бүйтіп мені бұл екеуіне жалтандатып, қор қылып қойғанша, алмайсың ба, Құдай!» [1, 46], – деп зарлаған кейіпкердің жүзден асқан шағында күн құрғатпай жүн түтіп, намаз оқып отыруы – оның Алланың сүйген құлы екендігін көрсетсе, кішкентай баланы қорқытып Құранның бетіне кіш еткізіп жүрген Нұрым бастаған комсомолдар кешегі коммунистік партияның Құдайсыз өскен жандайшаптары еді.

Намаз оқу мен жүн түтуін қойған күні мәңгілік өмірге аттанып кеткен кемпірдің көзінің қарашығындай аялап сақтағаны – Құран кітап болатын. Оң жақта жатқанда баласы барып, өмір бойы сақтаған Құранды маңдайына тигізсе, арада қырық бес жыл өткенде көргенін істеген бала әкесінің маңдайына төс қалтасынан шыққан Партбилетін тигізді. Себебі, Әзімханның төс қалтасынан шыққаны – қызыл билет еді.

Қызыл сиыры барда сөзін өткізіп, ұлдың да, қыздың да қолына қарамаған кемпірдің сиырынан айырылған соң, ұлға да, қызға да, келінге де керек болмай көзтүрткі болуы арқылы Құдайсыз өсіп келе жатқандардың пиғылының бұзылуы нанымды суреттелген. Жазушы осылайша үш ұрпақтың өмірімен қазақ халқының басынан өткен тарихынан сыр шерткен.

Жазушы кезінде: «Көкіректеріңізге өмір шөлі қанбас Сағыныш, жүректеріңізге қанша сүйсе де, құмары басылмас Сүйіспеншілік тілеймін. Өйткені... Құдай дегеніміз – Сүйіспеншілік қой!..» [1, 10] – деген еді. Өзі айтқандай, ол замандастарына Аллаға сүйіспеншілік болған жерде бәрі оңынан болатындығын, оны мойындамаған жерде оның құрығы ұзын екендігін, екі аяқты пенделердің одан құтыла алмайтындығын «Құдайсыздар» әңгімесінде есімізге салады. Атеизм идеологиясымен тәрбиеленген буын бүгінгі таңға дейін Құдайсыз өсіп келе жатқаны қазіргі біз өмір сүріп отырған тәуелсіз Қазақстанның өзекті мәселесі екенін есімізге алатын болсақ, жазушы шағын шығармасына осындай көкейкесті мәселені арқау еткені байқалады.

«Тасқорым» әңгімесінде бес жыл қатар қонған Әзімхан қойшы мен Жаппас бақташы арасындағы бітпейтін бақталастық пен күндестікті олардың тіршілігімен бейнелеген. Әңгімеге Тасқорымның тұсындағы үлкен тас негіз болған. Кезінде Әзімханға көмектесіп, жолдан алып тастауға құлқы болмаған Жаппастың аты сол тасқа сүрініп құлап, қарға-күзгынға жем болғаны бейнеленген. Әңгіменің идеясы – адамдардың пендешілігі мен тойымсыздығы. Әзімханнан палатканы қызғанып, оны алып кетпек болған Жаппастың астындағы атынан айырылуы оның пендешілігін, тойымсыздығын әшкерелеп тұр.

Алас тайпасы туралы аңызды арқау еткен «Жынды жел» әңгімесіне ұрпақ тәрбиесі негіз болған. Бір тайпаның көркейіп

дамуы да, оның азғындап жер бетінен жойылып кетуі де әйел-аналарға байланысты екенін көрсеткен жазушы ұлттың болашағына, ұрпақтың тәрбиесіне болашақ аналардың жауапты екендігін еске салуда есте жоқ ескі замандағы аңызға жан бітірген. «Ел боламын десең, бесігінді түзе» деп М.Әуезов айтқандай, ұлттығымызды сақтаудың көзі тал бесіктен басталатындығы рас.

\* \* \*

Д.Әшімханұлы – ұлттық әдебиетті шағын жанрымен бірге «Жер аңсаған Сарыатан», «Он бірінші күз», «Босаға» атты ұштаған повестерімен байытқан жазушы. Оның шығармаларының дені ауыл өміріне арналғанмен, тақырып жағынан бір-біріне мүлде ұқсамайды.

Мәселен, «Он бірінші күз» повесіне малшылардың тіршілігі негіз болған. Кеңестік дәуір тұсындағы жоспар қуған басшылардың, жыл он екі ай далада жүретін малшылардың тұрмыс-тіршілігіне көңіл бөлмейтіні, оларды адамның тағдыры емес, мал басы аландатыны шынайы бейнеленген. Жазушы жекелеген кейіпкерлердің тағдыр тауқыметі арқылы сол ортадағы қоғам тіршілігінен хабар беріп, негізгі оқиғаны орта мектепті кілең үздік бағамен тәмамдап, алтын медаль алған Бөкеннің төңірегінде өрбіткен. Жоғары оқу орнына түсе алмай қалатын медалист жігіттің өмірі сол тұстағы оқу-білім саласындағы келеңсіздіктерді әшкерелеп тұрғаны анық. Ол кезде мектепті медальмен бітіргендер алғашқы екі емтиханнан жақсы баға алмаса, байқаудан өте алмай қалатын. Біздің кейіпкеріміз де өзі жақсы білетін емтихан сұрақтарына керемет жауап бергенмен, аты-жөні алдын ала дайындалған тізімде болмағандықтан, үштік бағаға ие болады. Жазушы мектепті жаңа бітірген жасөспірімдердің тағдырынан қалтаның түбін тескен қағаздардың құны жоғары екендігін, олардың жауабы үштен жоғары бағаланбайтындығына сыйғызған. Шалғайдағы ауыл мектебінен білім алған жігіттің арман қуып Алматы сынды үлкен қалаға келгенде маңдайы тасқа соғылады. Жазушы осы оқиға арқылы «Ел үміт артқан көзі ашық профессорлардың істеп отырғаны мынау болса, басқадан не үміт, не қайыр?!» деген сауал тастайды.

Оқуға түсе алмай қалғанына намыстанып, қалаға кетпек болған оны совхоз директоры Тоқанның бір ауыз сөзі тоқтатып,

бір жыл шопанға көмекші болуға қалып қояды. Сол жылғы күз мұның өмірінен үлкен орын алғаны сонша, оны мәңгілік ұмыта алмасы анық. Ендеше, сол он бірінші күздегі оқиғаға оралып көрелік.

Зоотехник Жұмабектің өзінен басқаға мінгізбейтін сүліктей қара жорғасына шалмасын иіре лақтырып тұзақтағанда: «Жә, саған жорға не керек, өзің де жорға емессің бе? – деп, Тоқан ағай кеңк-кеңк күліп алды да, – Жасың қырықтан асқанда жорғаны қайтесің, Жұмаш? Мінсін де мына жастар...» [2, 60] – деп Бөкенге мінгізіп те жіберді. Арқасы тақтайдай, аяғын билей басатын, мойны доғаша иілген нағыз желмаяның үстіне қонған Бөкен сол бойы Кеңөрістің Бұлғындысайында отырған Жәмеш ағасына көмекші болып шыға келеді. Алыстан күз-шоқылары хас батырдай қасқая қалған Көксеңгірдің етегінде атасы зейнетке шыққанша беткейлі-сайлы мол аңғардың қай аңғарында қой бағып, қай төскейінде қозы жамыратпады?

Жәмештің жаз бойы қойларды сайдағы асты бырш-бырш езілген сасық сазға қамап, шетінен ақсақ-тоқсақ, көтерем етіп отырғанын жазушы былай суреттейді: «Көзі қара сазды бырш-бырш езген қаптаған қара тұяқтарда. Қара тұяқтардың сояудай басы қайқайып, бақайларымен қоса добалдай-добалдай боп ісіп-кеуіп кеткен. Сол шіріген тұяқтарын қаттырақ басуға қорғанып, бейшара қойлар шетінен қиралаң қағады, бастары қақшандап, екі аттап, бір тоқтайды. Неткен аяусыздық десеңші! Шетінен ақсақ, шетінен арық. Бірінің арқасы, бірінің құйрығы құрттаған. Осындай ит өлексе ететіндей, жарықтық, бұлардың не жазығы бар еді! Жоқ, бұны қолға алмай болмас!...[1, 73].

«Жамбыл» совхозына көтерем көк сиырын жетелеп келіп, бір отар қой алған Жәмештің бес жылда құны бес мың тұратын қып-қызыл «Запорожецті» тізгіндеуін ел сан-саққа жүгіртсе, көмекші тұрақтамайтын қойшының мән-жайына Бөкен арқылы қаныға түсеміз.

Қаладан тауы шағылып қайтқан жігіттің малшылар өмірінен көргені де аз емес. Қайда барса да сыбайлас жемқорлықтың белең алғанына тап болған ол келесі жылы тарих факультетіне емес, заң факультетіне түсіп, қоғамға іріткі салып жүрген жылпос, алаяқтарды тізгіндеп, олардың қылмыстарын әшкерелеу керектігіне көзі жетеді. Тарих пәнінің мұғалімі болып елге келіп



бала оқытқаннан гөрі, заң орнында қызмет істеп, жазықсыз жаза тартқан жандардың күнәсіз екендіктерін дәлеледеудің әлдеқайда қажеттілігі артып тұрған қоғамда өмір сүріп жатқанын түсінген Есілбеков Бөкенді енді Қасым ағайы тәрізді ешкім де «Ой, азамат!», «Айналайын!» деп маңдайынан сипамайтыны анық. Медициналық институтты үшінші курсынан тастап, Ауыл шаруашылығы институтының агрофагіне түсетін Тоқан ағасы тәрізді бұл да ҚазПИ-дің тарих факультетіне келесі жылы қайта баруы неғайбіл.

Бұл повесте мектеп жасында жүрген балалардың қоғам жайындағы қалыптаспаған түсінігінің өздері өмірге араласқан соң толыға түсетіндігі Бөкен бейнесі арқылы ашылған. Аңқау да аңғал баланың тірлігі бірде «балалы үйдің ұрлығы жатпайтынын» еске салса, енді бірде әділет іздеп шарқ ұрғанына тап боламыз.

«Жер аңсаған Сарыатан» повесі: «...Ұшы-қиырсыз сары дала. Сары даланың бір ұшында – сары бел. Сары белдің бауыры – сағым ба, әлде шалқар көл. Шартабақ күн төбеде. Шалқыған ыстық жер-көкте. Табанын тасқа тілдіріп, жанарын жасқа жудырып, маңдайын жел күнсітіп, таңдайын шөл қаңсытып, сар желіп келеді Сарыатан. Таусылмайды сары дала, жеткізбейді сары бел. Сары белдің ар жағы – бота күнгі мекен. Бота күнгі мекенін боздап іздеп келеді, жүректегі бар шерін қозғап, іздеп келеді» [2, 20], – деген үзіндімен басталып, осы жолдармен аяқталған. Автор осы жолдарды бір шығармада бірнеше рет қайталау арқылы оған көңіл аударуға ден қойған. Ол – туған жерге, ата қонысқа деген шексіз де телегей түпсіз сағыныш. Жазушы өз сөзінде: «Ұлтты ұлт ретінде ұстап тұратын төрт қазық бар: тілі, жері, саны, салт-дәстүрі. Бұлар қай ұлтқа болмасын аса қымбат та қастерлі дүние. Дегенмен... қазақ үшін жөні тіптен бөлек...» [1, 5] – деген болатын. Сондықтан да оның шығармаларынан осы мәселелер басты орын алады. Шығармаға аталған төрт қазықтың бірі – туған жер негіз болып отыр. Негізгі оқиға: «Аға-ау, сорладым ғой!.. Шынымен, сорлап қалдым ғой!.. Күреңқасқа ерін сындырып тастапты...» – деп, сырттан ентіге кірген Қожықтың еңкілдеп жылауымен басталады. Иә, оның ердің екі қапталы сынғанына осыншама езіліп отырғаны оқырманға да ерсі көрінері рас. Алайда, ұзақ сапарға жиналып жатқан жүргіншінің атқа ерсіз жайдақ мінуі оңай шаруа емес.

«Сен мені тастап кетпейсің ғой, а?! Тастамаймын деші, аға», – деп егілген Қожық пен «Өй, ынжық! Ақжол тілеп алысқа аттанғалы тұрғанда, әкесі өлгендей өкіруін бұның!..» – дейтін Есберген арасындағы диалогтің өзі-ақ олар туралы толыққанды мағлұмат береді. Он жасына дейін Метрейдің шошқасын баққан Қожықты Есбергеннің бауырына басқанына да он бес жылдың жүзі болған. «Қалай сені мына иен тауда иттей ұлытып жалғыз тастап кетем мен?!» деген сөзіне қарағанда оларды Құдай айырмаса, адам айырмайтыны белгілі. Бөренелерден қиып жасаған жатаған үйшікті мекен еткен бұл екеуінен басқа иен тауда тірі пенденің жоқ екені белгілі.

Лирикалық шегініс арқылы иен тауда қалған екі кейіпкердің өмір тарихы толығып, олардың өскен ортасы туралы толыққанды мәлімет беріледі. Қолына мылтық ұстаған аңшы жігіттің сүйген қызы Ғазизаны әкесінің батасымен қасына алып, елден үдере көшіп кетуі ел қынадай қырылған ашаршылықтан хабар береді. Қиын-қыстау кездерде туған жерден қоныс аударған Есбергеннің жер ортасы жастан ауғанда туған жерге бет түзегенімен, оның алдынан ешкімнің күтіп отырмағаны белгілі. Көзкөргендердің қалмағанын білгенмен, сүйегінің жат жерде қалуынан, кемпірі мен баласының қасында бір төмпешік болудан гөрі туған жерге жетіп жығылғанды мақсат етуі – туған жерге деген шексіз құштарлықтың белгісі. Жиырма жылдан аса қоныс тепкен қарашаңырағын, жар сүйіп, бала құшқан құтты шаңырағын тастап кету оған да оңай еместігі қуықтай ғана бөлменің әр қуысын адақтап, ішке қарай қайта-қайта мойын бұра бергенімен нанымды суреттелген. Көкентауда жүргенмен көз ұшындағы өркеш-өркеш тауларға әлсін-әлсін сүзіліп қарай беретін Есбергеннің көз алдынан Бұқтырманның сұлу көркі мен аузынан жағасындағы мойылдардың дәмі кеткен емес.

Ал Қожықтың жайы мүлде бөлек. Оны Есбергеннің мына сөздерінен аңғаруға болады: «Қожық, – деді Есберген оны сынамақ болып. – Мен болсам, атақонысымды іздеп барам. Ол жерде әкемнен қалған із бар, шешемнен қалған көз бар. Ал сенде ше? Ықылымда өткен батыр бабаң Көкеннен бастап, кешегі сері әкең Сейдәліге дейін анау қырдың басында – ескі қорымда жатыр. Мынау тауды Көкентау, іргедегі мына бұлақты Көкенбұлақ дейді. Бәрі де сенің ата-бабаң ат байлаған, қазық қаққан жер. Бұларды

сен қалай қиып кетесің? Қалмайсың ба осында? Мылтық, қақпан, керек-жарағынды түгел тастап кетемін. Бірдеме етіп күнелтерсің өзіңше...» [1, 30]. Иә, Қожықтың ата-қонысы – Көкентау. Оның тарихы Есбергенге қарағанда өзгешелеу. Бір кездері батыр бабасы Көкеннен бастап мекен еткен жердің бүгінде Көкентау, Көкенбұлақ деп аталуы да содан. Алайда ата-баба қонысының Қожықтың қолынан шығып қалуына оның өзі емес, сері әкесі кінәлі еді. Серәлі серілік құрып, думандатып жүріп атақонысын бір уыс сөлкебай мен он бұлғынның терісіне Метрейге сатып жіберді. Кейін үйірлі жылқыны айдап келіп, қонысын қайта алмақ болғанда шұрайлы жер, шүйгінді қойнау-қолаттың қызығын көріп, торайларын қаптатып өсіріп отырған Метрей оны өзіне қызметші етіп алды. Туған жерді тастап кете алмай, осылайша бір күнде қожайынға малай болып шыға келген Сейдәлі серінің өзі өмірден өткен соң, баласы да оның қол астындағы малайы болып қалды. Міне, ес білгеннен Қожықтың көргені – Метрей мен оның қорсылдаған шошқалары. Жасы онға келгенде ғайыптан Есберген келіп, Метрейден Қожықты күдірдің шыбығына айырбастап алғаны бар. Текті әулеттің тұқымы екенін білетін Ақсопы шал Метрейге ауадай қажет болып тұрған осы бала үшін саудалаған болатын. Қазақстанға Кеңес үкіметі орнаған кезде кәмпескеден қашып, тауды сағалаған Метрейдің қазақтың сері жігітін алдап соғып, ата-қонысын сатып алып, енді мейманасы тасып отырысы мынау.

Қожықтың Есбергенге жата жабысып, онымен біраз жолға дейін еріп келгенмен, жол-жөнекей ойланып, кейін қайтуында үлкен сыр жатыр. Ақылы кіресілі-шығасылы болғанмен, оның да намысы бар. Бір жастан жаңа асқанда жасын түсіп мерт болған анасынан, жетіге толар-толмаста асқар таудай әкесінен айырылған Қожық ес білгелі Метрейдің шошқасын баққанымен оның да шыққан тегі тегін емес. Жол бойы өткен-кеткенді ойға алған Қожықты әкесінің Метрейдің үйіне келген орыстармен карта ойнап, астындағы күмістелген ерін, аяғындағы әмірқан етігін ұттырып алып, қатты қапаланғаны есіне түсті. Сонда әкемнің аяғына шәркей киіп отырып: «Ерден айырылдым – жайдақ болдым, етіктен айырылдым – маймақ болдым, жерден айырылдым – бейбақ болдым. Сірә, мен оңбайтын шығармын» дегені бүгін тақымым қажалып, құйрығым ойылып келе жатқанда есіме түсті. Таңертең жолға шықпай жатып

ерім сынды. Бұл жақсы ырым болмас, аға. Сосын... ата-баба жерін тастап кетсем, мен де оңбайтын шығармын?! Рұқсат берсең, мен кейін қайтайын, аға» [1, 47].

Шығармадан көзге түсетін бір жайт – наным-сенімдер туралы түсінік. Оның бірі – Қожықты асырап алған ерлі-зайыптыларға Алланың бала беруі. Яғни жетімді есіркесең – Жаратқанның пендесін жарылқайтындығы. Екінші бір мысалды туған жерін саудалаған Сейдәлінің трагедиялы өмірінен көрсек, үшіншісі – ұзақ сапарға шығарда ерінің сынғанын жаман ырымға санаған Қожықтың «ата-баба жерін тастап кетсем, мен де оңбайтын шығармын» деп кейін қайтуы.

Жазушы авторлық ұстанымды кейіпкер сөзімен бергенін мына мысалдан көруге болады: «Жерін сатқан, елін сатқан адамдар екі дүниеде оңа ма?! Немереге несібе, шөбереге нәпақа еді ғой Көкентау... Жоқ. Көкентауды ешкім алып кеткен жоқ. Сеніңдағы күнің туар бір кезде. Тарт, балам, туған жеріңе, қайт қалқам, Көкентауыңа! Менен рұқсат, қайыр-қош!» [1, 48]. Шығарманың негізгі идеясы да осы жолдарға сыйып тұр. Повестің басы мен аяғындағы «Табанын тасқа тілдіріп, жанарын жасқа жудырып, маңдайын жел күнсітіп, таңдайын шөл қаңсытып, сар желіп» туған жерге тартып бара жатқан Сарыатан Есберген мен Қожықтың кіндік қаны тамған ата қонысқа қарай желіп бара жатқанымен ұғындырылған. Шығарманың басында ұзақ сапарға жиналып жатқан Есбергенмен кездессек, соңында жарты жолдан кейін қайтқан Қожықтың ісі «Өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол» деген халық даналығына жан бітіріп тұр. Ата-баба қонысына бет түзеген кейіпкерлердің тірлігі туған жерге ту тігу керектігін ұғындырады.

«Босаға» атты повесін жазушы үштаған (триптих) деп атаған екен. Повестің мазмұнын үш оқиға құрағанмен, олардың орталық кейіпкері біреу. Сондықтан Телжан өмірінің әр кезеңінен алынған оқиғалар бір-бірінің заңды жалғасы болып табылады. Өңгімелердің барлығы да жоғалып бара жатқан жалпыадамдық құндылықтардан сыр шертеді. «Ақниет» әңгімесіне Терісбұлақ деген ну орманды, қойнау-қолаты мол аңғарды қоныс еткен малшылардың өмір-тіршілігі негіз болған. Телжанның әкесі – жаз жайлауда, қыс қыстауда жүз қаралы тайыншаның жем-суымен әлектеніп, көшіп жүретін малшы болғандықтан ауыл дегенді

көрген емес. Жазушы малшылардың жыл он екі айда бір толас таппайтын қым-қуыт тіршілігі арқылы олардың жанкешті тіршілігін, сол еңбектің өз дәрежесінде бағаланбайтындығын назарда ұстаған. Қабдеш мұғалім болмаса, баласының жетіге толғанынан хабарсыз әкені балаларының тағдырынан гөрі совхоз малының амандығы алаңдататыны рас. Көзден таса етсе, бір қараның құнын төлеу үшін бір жыл ақысыз еңбек ететінін білген ол малын бір күн де тастап кете алмайды. Ал, балалары мектепке он-он бес күн кешігіп баруына болады.

Кейіпкерлердің бір-біріне мүлде ұқсамайтын жандар екеніне қарап отырып, жазушының образ сомдаудағы шеберлігін тануға болады. Балаларының қай сыныпта оқитынын, қандай киім киетінін білмейтін Әзберген мен бөлесі Жоламан салыстыруға келмейтін кейіпкерлер. Жоламан – совхоздың кіріс-шығысын ғана емес, отбасының да есеп-қисабын санап үйренген бухгалтер. Оларға малшы бөлесінің баласынан гөрі, көтеріп келген тоқ қоржын ыстық. Құрт-ірімшігі мен ет-майы таусылған күні Телжанның да керегі шамалы. Сол тәрізді мектеп директоры мен Қабдеш мұғалім де екі әлемнен келген жандар тәрізді. Мектеп директорына керегі малшының баласы емес, оның соғымы болса, Қабдешті малшы балаларының болашағы көбірек алаңдатады. Авторлық ұстаным: «Менен ұялма. Әзеке, ұрпағыңнан ұял. Ұрпағыңның болашағынан ұял. Біз жетпеген биікке осылар жетсе бопты да», – дейтін Қабдеш мұғалімнің сөзіне сыйып тұр.

Ал «Жылыжайдың қияры» тарауында араға неше жыл салған соң, көпке белгілі болған талантты Телжан суретшімен қайта кезігіміз. Мұндағы оқиға қалада өтетіндіктен, біз енді қала тіршілігінен хабардар боламыз. Төртінші қабатта тұратын етегіне сүрінген жалғызбасты кемпірдің тағдыры арқылы қала тұрғындарының көкейкесті мәселелері суреттелген. Ұлды ұяға, қызды қияға қондырған кемпірдің балалары жоғары білікті қызметкерлер болғанмен, безбүйрек болып тәрбиеленуі өкінішті.

Жазушы аталған тарауларда бір отбасының тұрмыс-жағдайы арқылы сол тұстағы әлеуметтік мәселелерді көтерген. Бірінші тарауға малшылардың аянышты тұрмысы, екіншісіне бойдан күшқуаты кеткенде ешкімге керексіз болып қалған қарияларға салынып жатқан Қарттар үйіне (пансионат) кез боламыз. Болашағымыз жастар екенін еске алатын болсақ, «Қарттары бар

үйдің – қазынасы бар» деген халық даналығын тәрк еткен қала жастарының адамгершіліктен жұрдай болуы – бір отбасының емес, бір ұлттың, қазақ халқының қасіреті. Жазушы жекелеген кейіпкерлерін типтік бейнеге көтергенін инженер ұлы Рәш пен кандидат қызы Алмашқа керек болмай, төрт қабырғаға қарап қалған кейуана тіршілігіне сыйғызған. Авторлық ұстаным «Адамгершілік», – дейміз үздігіп. Адам болсақ, артымызға неге бір қайырылмаймыз? Адам болсақ, жыланның баласындай неге жан-жаққа зыта қашамыз туа сап?» деген кейіпкер сөзіне сыйып тұр.

«Сары самауыр» тарауына суретші Телжанның үйленгеннен кейінгі кезеңі арқау болған. Әжесінің бауырында өсіп, әкешесіне жат болып өскен титтей Айжанның ойларына тәнті боламыз. Гүлсанның: «Құдайым-ай, не бақша жоқ, не бағатын адам жоқ, осы қызды сүмендетіп сүйреумен-ақ жүйкем тозып біттім ғой», – деген сөзінен екі нәрсені аңғаруға болады. Оның біріншісі – Гүлсанның өз баласынан суынып қалғаны, екіншісі – үлкен қалалардағы балабақша мәселесі.

Жазушы Айжанның «Тарағым-ай!» деп үздігіп жылауына әжесіне деген сағынышты сыйғызса, тістері түсіп қалған мүйіз тарақты ескінің көзі ретінде алған. Ұлттық құндылықтарымыздың күн санап жоғалып бара жатуына әжесінің «Үйімнің берекесі, дастарханымның падишасы ғой» деп әспеттеген сары самауырының отқа балқып кетуі мысал. Өмір бойы оттығын бір үзбей, шайын бұрқылдатып қайнатып отыратын әжесінің сары самауырын іздеген Айжанның қала тіршілігіне, газбен қайнайтын шәйнектің шайына үйрене алмай жүргені де содан. Оны біреулер кемпірдің тәрбиесі деп ұғуы мүмкін, бірақ жазушы оны арамыздан күн санап азайып бара жатқан кейуаналармен бірге жоғалып бара жатқан ұлттық құндылықтарымыз ретінде суреттеген. Шәйнекті дәрет алатын құмған деп танитын қыздың «сыртқа су жылытып шықпаған адам харам болады», «самауыр – кісі шақырады, кісі – үйге ырыс-несібе шақырады» дейтін апасының сөздерін әкешесіне айтып отыруынан әжесінің тәлімін алған қыздың бойындағы ұлттық тәрбие байқалса, енесінің көзіндей болған самауырды отқа балқытып жіберген Гүлсанның газға қоятын шәйнектің орнына ток самауыр алып келсе де қыздарының бабын таппауы, токты үнемдеймін деп самауырды жалғамауы – қалалық жастардың ұлттық құндылықтардан айырыла бастауының көрінісі.

Автор Айжанның апасын, апасының иісі сіңген тарағын, сары самауырды іздеп қыстыға булығып жылауына ұлттық құндылықтарымыздың «алтын мүйізді киік әкелем деп кеткен» апасымен бірге кеткенін сыйғызған.

\* \* \*

Д.Әшімханұлы қаламынан туған публицистикалық шығармаларды да өз ішінен бірнеше топқа бөлуге негіз бар. Осы қатарда оның қаламынан туған әдеби эсселердің алар орны ерекше. «Жүсіпбектің сыншылығы туралы» әдеби зерттеу еңбегі мен «Қара сөздің қайталанбас шебері», «Редактор-генератор», «Жауапты хатшы Жәмішев», «Мекемтас аға», «Профессор. Редактор. Корректор» тәрізді әдеби эсселерінде жекелеген қаламгерлердің шығармашылығы, азаматтық болмысы, өмір сүрген қоғамы, сол дәуірдің шындығы туралы толыққанды мәлімет алуға негіз бар. Қалихан Ысқақов туралы әдеби эссені оқып отырып, жазушының әдебиетке келген алғашқы қадамы мен «Жетпіс апа» әңгімесінің тарихына қанық боламыз. Қалиханның өткір қайшысының тарауынан аман қалған әңгіменің жазушының кейінгі туындыларына үлгі болғаны анық. Д.Әшімханұлының тұңғыш қарлығышы жөнінде Қ.Ысқақов сол кезде: «Сырты сұлу болғанмен, ішінде бір түйір дәні жоқ нәрсеге мен уақытымды итрәсуа етпеймін. Ал сен шамаң келгенше ешкімге ұқсатпай жазасың. Біреулер айтпағанды айтқың келеді. Бұған қоса тіл білесің. Маған керегі – осы. Ал бұл жазғаныңды мен тек стилистикалық жағынан ғана қарап шықтым, түсіндің бе?» – деген болатын [1, 186]. Шебер қаламгердің стилистикалық сүзгісінен өткен Дидахметтің өзі де кейін ағасы тәрізді стилист болып шыға келгені жазған-сызғандарынан белгілі.

Сексенінші жылдардағы «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Ш.Мұртаза туралы жазылған эссенің де қалам ұстаған жас қаламгерлерге берері көп. Газетте жарияланған ұлттың тілі мен рухы, ділі мен діні, тәрбиесі мен мәдениеті, тағдыры мен тарихы туралы өзекті мәселелерді көтерген ұлттық рухтағы мақалалардың кеңестік дәуір тұсында жеткілікті дәрежеде жарияланғандығы бас редактордың ерлігі екендігі нақты мысалдар төңірегінде өрбіген.

«Жауапты хатшы Жәмішев» эссесінде журналистикада оқитын студент жастардың іс-тәжірибеден (практика) өту үшін газеттерге барып, ысылып шығатындығына қанығамыз. Оны Д.Әшімханұлының «Коммунизм туы» газетіндегі Манап Салықбаев тәрізді «ұстараға» бергісіз ағасының бір жыл бойы иін қандырып дайын тауарды Алматыға жібергенде, «Қазақ әдебиеті» газетіндегі жауапты хатшы Әбіраш (Жамаладдин) Жәмішев деген қайшыдан қалай аман шыққанынан көруге болады. Мұндай естелік-эсселер мен өмірден жинақтаған тәжірибенің журналистиканың төңірегінде жүрген жастарға берері мол.

«Даму мен дағдарыс», «Ажалдың да адамға берері бар» тәрізді эсселерін проблемалы дүниелер қатарына жатқызсақ, «Жердің шеті бір сөгілмесін! Бір сөгілсе – жібек жіптей ыдырай беруі оңай ғой» [1, 403] дейтін журналистің жер тағдыры мен ел тағдыры туралы қазіргі қоғамдағы көкейкесті мәселелерді тарих, этнография, салт-дәстүр аясында көтерген «Әттең, сайлау», «Жалғыз бала», «Жерің – жүрегің», «Тәуелсіздікке тәуба», «Киелі өнер иелері» мақалаларын оның журналистикадағы батыл қадамдары деп айтуға болады.

Кезінде ол Әбіраш Жәмішев туралы: «Әбекең сияқты газетке жан-тәнімен берілген жанның көркем шығарманы да өндіріп жазуы – ЕРЛІК, тек қана ЕРЛІК дер едім», – деген-ді. Осы сөзді Дидахмет Әшімханұлының өзіне де қарата айтуға негіз бар. Алғашқы қадамынан бастап, журналистика мен прозаны қатар алып жүрген қаламгердің қаламынан туған повестер мен әңгімелер қазақ әдебиетінің аяқ алысын байқатумен бірге, жазушының жеке стильдік ерекшелігін танытты.

\* \* \*

Жоғарыда сөз болған шығармалардан көргеніміздей, Д.Әшімханұлы көркем шығармалары мен публицистикалық туындыларында жалпыадамзатқа ортақ құндылықтарды көтере білді. Жазушы туындыларының негізгі өзегі – ел тағдыры, жер тағдыры. Алас тайпасы тәрізді қазақтың азғындауынан қорыққан жазушы негізгі кейіпкерлерінің тағдыры арқылы мәңгілік мұраттарды насихаттады. Ана тілі жоғалса, ұлттығымыздан айырылатынымызға алаңдаған жазушы тіл мәселесін («Тасқала»),



жер киесі мен туған жердің құдіретін («Ақшоқы», «Жер аңсаған Сарыатан»), кеңестік дәуір тәрбиелеген имансыз ұрпақты («Құдайсыздар»), сыбайлас жемқорлықты («Он бірінші күз»), асыра сілтеуді («Шымырбайдың шындығы») ешқандай боямасыз, өмірден алынған қалпында нанымды бейнеледі.

Ауыл өмірі, соның ішінде қойшылардың қарбаласқан тіршілігін бүге-шүгесіне дейін зерттеген қаламгер туындыларынан көп орын алған да малшылар өмірі. Қойшы Әзімхан мен бақташы Жаппас («Тас монша», «Босаға»), радиодан өзі туралы берілген очерктен ұялған Шымырбай («Шымырбайдың шындығы»), жазықсыз қылмыскер атанған Жәмештер («Он бірінші күз») – бар өмірін мал соңында өткізген малсақ жандар. Ал, жеті жасқа толғанша жайлау мен қыстаудан басқа ел көрмеген Телжан («Босаға»), пендешіліктен аспайтын ағайынды Сейсен, Бейсен, Дүйсендер («Ағайындар»), аңқылдаған аңғал Бәкең («Бәкең»), кәсіпкер Естай Нұркенович («Дәме»), сыбайлас жемқорлықтың құрбаны болған Кәрібек («Жолдас генерал»), өмірін тау-тастың арасында өткізіп жатқан аңшы Нұрлыбек («Аққабаның толқыны»), Гагариннің космосқа ұшқан күніне қос терек отырғызған Наурызбек («Қос терек»), жер киесі ұрған Оқас («Ақшоқы»), құт-берекенің қадір-қасиетін түсінбейтін Гүлсан («Сары самауыр»), апасының көзіндей жоғалып бара жатқан құндылықтарды іздеп булыға жылайтын Айжан («Сары самауыр») – бәрі де өмірден алынған шынайы кейіпкерлер.

### ***Әдебиеттер:***

1. Әшімханұлы Д. Көптомдық шығармалар. Т.2. Ақшоқы. Әңгімелер мен әдеби эсселер, мақалалар. – Астана: Нұра-Астана, 2016. – 480 б.
2. Әшімханұлы Д. Көптомдық шығармалар. Т.1. Ақшоқы. Әңгімелер мен әдеби эсселер, мақалалар. – Астана: Нұра-Астана, 2015. – 480 б.

## ҚУАНЫШ ЖИЕНБАЙ (1952 жылы туған)

Барша қаламгерлердің өздеріне етене таныс, қыр-сырын жақсы білетін тақырыптарын шығармаларына арқау ететіні белгілі. Сондықтан да олардың шығармашылығының өзегі бір арнада тоғысып жатады. Тәуелсіздік тұсындағы қазақ прозасына үлес қосып, өзіндік үнімен танылып жүрген жазушының бірі – Қуаныш Жиенбай. Жазушы шығармаларын қарап шыққан адам оның Байқоңыр космодромы мен Арал теңізі төңірегіндегі балықшылар өмірі мен темір жолды жағалаған ауыл қазақтарының тіршілігіне қанық екенін жазбай таниды. Сондықтан да жазушы шығармаларының дені Байқоңыр космодромы, Арал, Көкарал, Барсакелмес оқиғаларына құрылған. Осындай шығармалардың қатарында «Ән салуға әлі ерте», «Даңқ түрмесінің тұтқыны» романдары мен «Токта, өлемісің?» повесін және бірнеше («Мылқау», «Өгей», «Байқоңыр мен Ватиканның арасы», «Аралқұмның Абромовичі») әңгімелерін атауға болады.

«Ән салуға әлі ерте» романының оқиғасы Байқоңыр космодромының жанындағы «төрткүл дүниеге белгілі Төретам бекетіне дария тұсынан келіп жапсарлай қоныстанған» қырық шақты түтіні бар шағын ауыл Сұлутам әйелдерінің айлақ (космодром) басшыларына наразылығымен басталады. Ұзыннан-ұзақ созылған рельс бойындағы тосын жайтқа тап болған тепловоз машинисінің сигналды қатты басқанына шімірікпеген ақ орамалды жандарды өлімге не итермелеп тұрғаны оқырман үшін құпия. Осы сырды ашу үшін автор лирикалық шегініс жасайды.

Роман оқиғасына қатысатындар саны санаулы ғана. Бірақ олардың барлығы да – үлкен міндеттер атқарып тұрған кейіпкерлер. Оқиғаның басында ғана көрінетін тепловоз машинисімен оқырман қайта кездеспейді. Алайда бір эпизодтан-ақ оның ғұмыр бойғы тіршілігін аңғару оңай. Тіркемелі вагондарды ғарыш айлағының темір қақпасына дейін жеткізіп отыратын машинистің жауапкершілігі өте жоғары. Темірдей тәртіпке үйренген оған бір минут кешігуге не ерте баруға тыйым салынған. Бәрі де өз уақытымен, қатаң кестемен қадағаланады. Оны былайғы жұрт қайдан білсін? Темір жолды бөгеп, ереуілге шыққан

әйелдерді басып кетпей, паравозды тоқтатқаны үшін жұмыстан босатылған кейіпкердің жағдайы айтпаса да түсінікті.

«Бұқпантайлап, бейшараның күйін кешіп жүре бергенше, өлсек те – өстіп, алысып-жұлысып бір өлейік», – деген ауыл әйелдерінің әрекеті – шарасыздық белгісі. Сол үшін ғарыш айлағының жұртшылықпен байланыс департаменті ұзақ жыл жемісті еңбек еткен қарт мәшинисті шұғыл түрде зейнетке шығарып, Төретам бекетінің бастығы Қаражан Есболайұлы мен Әбдімәлік Саржанұлына қатаң сөгіс жариялады. Авторлық ұстаным «Әлемдік жаңалық, әлемдік жаңалық!.. Ұрып қойыпты бүйткен әлемдік жаңалығын!» деген кейіпкер сөзінен байқалады.

Орталық кейіпкер – бұрынғы Төретам совхозының директоры, космодромның жергілікті тұрғындар арасындағы өкілі Әбдімәлік болғандықтан, негізгі оқиға соның төңірегінде жүріп жатады. Бір қарағанда ұзақ науқастан қайтыс болған әйелінің орнына жас әйел алған, бала-шағасын аяқтандырған, қаракөл кеңшарындағы шаруашылығы дөңгелеп тұрған жанның космосқа ұшу мен жер асты құбыр жолы арқылы Қамбаш көліне шығудан басқа арманы да қалмаған тәрізді. Әйелі екеуі ғана үш қабат үйде тұратын, шілденің шіліңгір ыстығында үш қабатты коттеджінің алдындағы құдықтан тартылған әуіттегі суға түсіп жан сақтайтын Әбдімәліктің мамыражай өмірінің астан-кестенін шығарған – ауылдың бассыз әйелдері.

Айлақта (космодром) қаза тапқан жігіттердің әйелдері ереуілге шықпаса, олардың жоғын жоқтайтын сабазың Әбдімәлік емес. Ол енді ауыл әйелдерінің «бассыздығы үшін» жауап беру керек. Сөгіс алғанымен тынбай, енді олардан түсінік хат алу үшін ыстық күнде сүмендеп жүрісі мынау.

Жергілікті тұрғындар өкілінің космодромға өзі жетектеп алып барған Жарылқағанның өліміне көңіл айтпауы – мұсылман халқы үшін кешірілмейтін күнә. Баласын жоқтаймын деп су қараңғы болып қалған кейуананың келініне: «Соған бола несіне басынды ауыртасың, сұрап тұрғаны сол болса, бер де жібер! Жолынан қалмасын, білеміз ғой бұларды... Күні үшін жүрген бейшаралармен есептесіп қайтесің!...» деген сөзі өмірді белшесінен басып жүрмін деп ойлайтын Әбдімәлікті қолхат сұрай келгені үшін тірідей жерге тығып тұрғаны анық.

Жазушы Төретам бекетінің бастығы Қаражан Есболайұлы арқылы да біраз сырға қанықтырған. Жергілікті тұрғындардың өкілі болып саналатын ол да Әбдімәлік секілді құстың сүтінен басқаның бәріне қолы жетіп жүрген жан. Жазушы бір өңірдің пысықай жігіттерінің тіршілігі мен бұқара халықтың тұрмыс-тіршілігін бір-біріне қарама-қарсы суреттеген. Қаражан мен Әбдімәліктің тіршілігі және Базаргүл мен ауыл тұрғындарының тұрмысы контраст ретінде бейнеленген. Кеңестер Одағы ыдырап, еліміз тәуелсіздік алған жылдары қоғам меншігі ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кеткені белгілі. Осындай сәтті пайдаланып, совхоз директорлары өздеріне тиімді дүниелерді басып қалғаны да – ел өмірінен алынған шындық. Кезінде ауылды аймақ үшін қазылған артезиан суы мен қаракөл елтірісін өндіретін атақты қой совхозын Әбдімәліктің өз меншігіне айналдырып алуы – осының көрінісі.

Алайда қызметте жүрген жергілікті екі жігіттің бір-біріне сүйеу болмақ түгіл бір-біріне ор қазуға даяр тұратыны өкінішті. Жазушы билік пен мансаптың ешкімге опа әпермейтінін, билік үшін олардың не нәрсеге де даяр екенін Әбдімәліктің үйіне Мәскеуден Байқоңырға келетін әскери шенді дөкейлер үшін наукас баласынан бас тартуы, Қаражанның Әбдімәлікпен бақталас болуы арқылы нанымды бейнелеген. Ресейге барғанда Әбдімәліктің баласының үйінде қонақта болған, бар шаруасын інісі Әнуарбек тындырып берген Қаражанның оның әкесіне тісін қайрауы – екі аяқты пенделердің тірі жүргенде қара жерге сыймайтындығына мысал.

Ғарыш айлағының ішіндегі жұмақ өмірге үйренген Әбдімәлік бір қарағанда төрт құбыласы түгел тәрізді көрінгенмен, оның да жан-жарасы жетерлік. Оң жақ мойнына біткен жұдырықтай ісік дендеген үлкен баласы Әнуарбектен тірідей бас тартқаны, радиациялық сәуледен сақтанған келіні мен баласы Әділбектің немерелерін ауылға жібермейтіні, қызының ғылым қуып, күйеуге шықпай жүруі – бәрі де Әділбектің жан жарасы болса, оған Патшагүлдің бала көтермей жүргенін қосыңыз. Әділбектің ержеткен ұл-қыздары болғанмен, Патшагүл де ана болу бақытына лайық жан емес пе?

Астаналықтардың «Апталап соғатын құм суырған дауылы басылар-ау, дарияның лай суына да іш үйренер-ау. Әлгі аты өшкір,

соқыр жаңбырмен бірге төпелеп жердегілердің түгін қоймай қуырып түсетін радиациялық күлгін сәулесіне қалай шыдарсың?! Ол үшін Төретам топырағында туып, сол жердің табиғи ерекшелігімен ерте бастан ет үйретуің керек шығар» [1, 149], – дейтін пікірінен Төретамның жай-күйін аңғару оңай. Осындай іс сапарға Биология ғылыми-зерттеу институтында жұмыс істейтін Әбдімәліктің қызы Мейрамкүл таптырмайтын қызметкер, өзі жас, өзі жалғызбасты. Оның үстіне «Экологияның ауырлық нүктесіндегі көбелектердің тыныс-тіршілігі» деген тың тақырыпты зерттеп жүргені тағы бар. Туған жерге іс сапармен келіп жүрген Мейрамкүлдің Тоғызыншыдағы жылқышы Жасағанбергеннен аяғы ауыр болып тағдыр тәлкегіне ұшырап, романның соңында есі кіресілі-шығасылы күйге түскен қыздың күйін көргенде әкесінің кім үшін, не үшін дүние жинап жүргеніне таңданасың.

Романдағы кейіпкерлердің бірі – айлақтағылардың «Тоғызыншы учаскеге қойған қожайындары» жылқышы Жасағанберген. Ғарышқа ұшырған зымырандардың мемлекеттік құпияларын сақтауға жауапты болған Жасағанбергеннің адам танымастай болып өзгеруі – айлақтағылардың жергілікті халық өкілдерін шеберлікпен басқаруының мысалы. «Мұнан былай металл сынықтарын жинаушыларды осылай қарай аттатсам, атым өшсін!» – деп ант-су ішкен Жасағанбергеннің ол құпиялардың артында елдің, халықтың қасіреті жатқанын білмейтіні өкінішті.

Жазушы туған жерден артық жер жаннаты жоқ екенін Ресейде жүрген Әнуарбектің туған жер туралы тебіреністеріне сыйғыза суреттеген. Төретам есіне түскенде екі көзі боталап уайымға салынып кететін Әнуарбекті туған жерге деген сағыныш қаншама сүйрелегенмен, әкесінің өзінен бас тартқаны оның елге қайтуына бөгесін болады. «Мені қиян шеттегі елді мекенде ұмыт қалдырды. Саналылықпен әдейі істеді деп, әкемнің де жағасына жармаспаймын. Ол – жүрекке шор болып біткен балқымайтын қорғасын», – дейтін Әнуарбекке елден келген әрбір адам ыстық. Қаражан көкесін күллі Төретам көшіп келгендей күтіп, оның алдында құрдай жорғалап жүруі сондықтан. Қаламгерлердің барлығы да өз туған жерін екінші Меккеге балайтыны белгілі. Ал жазушының ерекшелігі – Арал өңірін шынайылықпен бейнелеуінде. Жаздың кезінде көлеңкедегі сынап бағаны 40-тан жоғарыны көрсетуі сол өңірдің жазын бар болмысымен көз алдына

алып келеді. Жазушы туған жердің құдіретін Әнуарбектің бет қаратпас аптап ыстық жерге деген құштарлығымен бейнелеген. Романның соңында Қамбаш көлін жекешелендіру жөнінде аукцион жүріп жатқанда оны Астраханнан келген Әнуарбектің ұтып алуын туған жерге деген құштарлықтың белгісі ретінде қабылдауға негіз бар.

Жазушы Әбдімәлік тірлігі арқылы қолыңмен істегенді мойынмен көтеру керектігін пенделердің есіне салады. «Кеміс ұлдың кесірінен аулақ болайын» деген ниетпен «өмірі іздемеймін» деп қол хат беріп, Астрахандағы пансионатқа тастап кеткен баласы Әнуарбектің әкесінен асып түсіп, Қамбаш көлін жекешелендіруі, ата-баба қонысын шет елде жүрген баласының сатып алуы оны тығырыққа тірейді. «Жақсы ит өлігін көрсетпейді» дегендей машинасына мініп кеткен Әбдімәлік қарасын қайта көрсетпеді. Бұл – Әбдімәліктің ар сотының алдындағы үкімі болса, үкімнің қылмысқа пара-пар екені дау туғызбаса керек. Өмір болмысын шынайылықпен бейнелеген автордың негізгі жетістіктерінің бірі – психологизм. Әрбір кейіпкерінің жан дүниесіне терең үңілген жазушы олардың жан күйзелісіне жан бітіруде жетістікке жеткен.

Жазушы космодромның адамзат баласына тигізген зиянын бір отбасы төңірегінде көрсетуге тырысқан. Одақ тұсында дүркіреген қаракөл совхозының директоры болған Әбдімәліктің үлкен баласының иод тапшылығынан мойнына ісік бітуі, әйелі Қалампырдың ұзақ науқастан қайтыс болуы, жас әйелі Патшагүлдің бала көтермеуі, қызы Мейрамкүлдің жылқышы жігіттің мазағына айналуы – бір адамға аз тауқымет емес. Осындай қасіреттерді бір отбасына жинаған автор Байқоңырда тұрып жатқан халықтың қай-қайсысы да осындай қасіреттің құрбаны болып жатқанын ұқтырғандай.

Бүгінгі таңда радиацияның салдарынан адам айтса нанғысыз жағдайлар болып жатыр. Шарапалардың ана жатырында жатып өлуі, әйел-аналардың нәресте сүю бақытына жете алмауы, балық қабыршақты баланың туылуы, кемтар балалар санының көбеюі, жас нәрестелердің сан мыңдаған ауруларға ұшырауы, жергілікті халықтың мезгілінен ерте қартайып, денсаулықтарынан айырылуы – бәрі де қазіргі өзіміз өмір сүріп отырған тәуелсіз қазақ елінің адам айтса нанғысыз қасіреті. Осындай қасіретті басынан кешіп отырған ел қалай ән салмақ. Ол – қазақ жерінің төрінде толассыз

зымыран ұшырып жатқан ғарыш айлағы тұрғанда қазаққа ән салуға әлі ерте екендігі. Себебі, космодромның зардабын тартып жатқан жергілікті халықтың жан-жарасы бүгінде адамзаттың проблемасына айналып отыр. Романды оқып шыққан адам кез келген жанның әнді қай уақытта салатынын түсіне алады. Автордың айтып отырғаны бір Әбдімәлікке қатысты емес, роман жалпы қазақ халқына ән салуға әлі ерте екендігін санаңа сіңіреді.

Жалпыадамдық құндылықтарды арқау еткен шығармалар қатарында Қ.Жиенбайдың «Даңқ түрмесінің тұтқыны» романы мен «Тоқта, өлемісің?!», «Апполон көбелегі» повестерін атауға болады.

«Даңқ түрмесінің тұтқыны» романының негізгі кейіпкері – Баймырза Нұртайұлы. Оқиға қатерлі ісіктер ауруханасының ауласында отырған науқастарға газет сатып жүрген журналист жігіт пен науқас жандардың әңгімесінен басталады. Науқастарына қарамай әзіл-қалжыңмен отырған жандарға қарағанда, ауруханада жатқан келіншегіне мысықтабандап ұрлана басып келіп жүрген Баймырза Нұртайұлының ісі оқырманның көңілін өзіне аударады. Жазушы еңбегін тиын-тебенге бағалаған журналист жігіттің тірлігі арқылы еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдардағы ел экономикасының тұралаған күйінен хабар берсе, біреу көріп қоймаса болғаны деп мысықша басып келетін Баймырзаның тірлігі арқылы оқырманға ой салған.

Бұрынғы министр, зейнетке шыққанша Мәжіліс депутаты болған Баймырза қатерлі ісіктерді емдейтін ауруханаға кіруге арланғанмен, онда өзінің жары емделіп жатыр. Осы ауруханада жатқан науқастардың дерттеріне шипа іздеп жатқандары белгілі. Алайда сол аурудың бәрі қалай пайда болды деген сауалға жауап іздеген жазушы қазақ жерінің бәрі де экологиялық апатқа ұшырап, жер эрозиясынан адамзат баласының зардап шегіп жатқанын ұқтыруға тырысқан. Салтанаттың Қызылордаға қатысы болғанмен, басқа науқастардың Қазақстанның әр түкпірінен екенін ескеретін болсақ, ғасыр дертіне айналған осындай қасіреттердің алдын алу – бүгінгі қоғамның кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі.

Бұрынғы шенеунік Баймырзаның өмір бойы жалған даңқтың жетегіне еріп жүруі ащы болса да шындық. Кеңес Одағы тұсында олар коммунистік партиядан қорықты. Дегенмен партиядан қорқып қарап жүрмей, қыз-келіншектерге көзін сала білді. Бірақ

колмен істегендерін мойынмен көтеруге шыдамады. Өмір бойы Салтанатқа халықаралық симпозиум, Мәскеуге шұғыл шақыруда деп Қара теңіздің құм жағалауында демалып үйренген сабазын «адамды алдауға болғанмен, Алланы алдауға болмайтынын» білген жоқ. Жас Ұмытханды ермек еткен министрдің өз баласы әкесіз өскеніне жаны қиналмайтыны аянышты. Жазушы туған жердің тосын табиғаты оның атақ-даңқына қарап құрмет жасамайтынын еске салған. Кіші теңіздің ақ бас толқындарына күздің қара суығы қосылған соң не оңсын. Бөгеттегі апатты жағдайға тап болған қаланың ақсаусағы үсті малмандай су болып, сүйегінен өткен суықтан бір апта тілден қалып, облыстық ауруханаға түседі. Көкарал бөгетінің ашылу салтанатына қатыспақ болған, Байқоңыр айлағы жерасты суларының жобасын шетелдіктерге сатпақ болған Баймырзаның тірлігі «адам-қасқырлардан басқасының бәрімен күресуге болатынын» еске салады.

Барсакелместің тұрғыны Ұмытханның өмірі де талай тарихтан сыр шертеді. Жас медбике келіншектің астаналық министр мырзаны күтемін деп жүріп аяғы ауыр болып қалуы, тоқал тамда тұратын жалғызілікті әйелдің баласын өсіріп азамат етуі, кісінің ала жібін аттамаған баласы Қабыланның жазықсық сотталуы, аты бар да, заты жоқ әкеден баласына қайыр болмауы – бәрі де шынайылығымен баурайтын оқиғалар.

Романдағы әрбір кейіпкердің өмір тағдыры тәуелсіздік тұсындағы қазақ өмірінен хабар берер оқиғаларға толды. Сондай кейіпкердің бірі – атақты кинорежиссер Ғафиз Тұңғатарович. Мәскеуде білім алған талантты жігіттің еңбек жолын бастамай жатып сағы сынуы – 1986 жылғы Желтоқсан қозғалысының өмірді жаңа бастаған талай жастардың болашағына балта шапқандығының көрінісі. Жазушы осындай тарихи шындықтарды көркем шындыққа айналдыра отырып, қоғам өміріндегі адам тағдырын көтерген. Желтоқсан туралы түсірген алғашқы тырнақалдысынан тауы шағылып, үш әріптің қадағалауында болған өнер иесінің ішімдікке салынып жүруі – тығырыққа тірелген шығармашылық иелерінің дағдарысқа ұшыраған сәттегі жанкүйзелісінің көркем бейнесі.

Ғафиздің ендігі ойы – жеті атаға дейін қыз алыспайтын қазақ халқының қанының тазалығы, тектілігі жөнінде материал



дайындап, қазақ деген ұлы халықты әлемге таныту. «Қазақ халқы жерасты мұнайының көптігімен емес, түбі қан тазалығымен де әлемдік аренаға көтеріледі ертең-ақ!» – дейтін режиссердің ендігі кейіпкері – тас қапаста жатқан «қазақтың тарзаны» атанған Қабылан. Әкімқаралардың ішімдікке тойып алған балаларына Барсакелместің аңдарын атқызбағаны үшін өзі кінәлі болып түрмеде жатқан қорықшының тағдыры – біздің қоғамдағы «кішкентай адамдардың» титімдей де құны болмауының мысалы.

Жазушы Қабылан бейнесі арқылы қазіргі таңдағы донор болып жүрген, яғни іш құрылыстарын ақшаға саудалап күнелтіп жүрген замандастарымыздың өмір тіршілігінен хабар берген. Қазақтар үшін бағасы түкке тұрмайтын Қабыланды шетелдік миллионердің аса жоғары бағалап, оған бар құрметін жасауы қазақ деген халықтың тектілігін танытуға саяды. «Әлем мойындаған қаны таза халықтың құлдық психологиядан арыла алмай, әлі күнге дейін ел соңында салпақтап жүруі – ұят және өлім! Арба сүйреткен ауруларымыздың күс-күс алақандарын ыстық суға салып отыратын күндері таяп қалды. Осылардың жиынтық бейнесін экранға шығару оңай шару ма?!» – дейтін Ғафиздің бар арманы – қазақтың таза қанын әлемге паш ету. Сол арқылы қазақтың көшпелі, оқымаған надан, бұратана халық емес, сан ғасырлық тарихи бар аса зиялы, мәдениетті халық екенін таныту.

Төрт сағатқа созылған операцияда төс сүйек тұсынан бұрғылау әдісімен алған Қабыланның кемік майын бейкүнә періштенің жанына жіберіп жатты. Брунейлік миллионер тұңғыш ұлының денсаулығынан барын аямай, Ұмытхан мен Қабылды Барсакелместен Алматыға ұшақпен алдырып, қошеметін жасап жатса, «Үкімет адамы деген атымыз бар. Атағымыз бар...» – деп баласынан бас тартқан Баймырза: «Иә, Қабыл менің ұлым еді», – деген сөзді айта алмай жалған даңқтың жетегіне ере барды. Жыл сайын ақшалы алпауыттардың есімін анықтайтын американдық «Форбс» журналынан Қабыланның есімін көргенде Баймырзаның талып қалуы да сондықтан. Осы оқиғаларға қарап отырып, асты қара алтынға толы жерде отырған қазақ халқының мүшкіл халіне еріксіз налсың. Ел ерге қараған заманда Баймырза сынды ерлердің жерге қарауы әрине өкінішті. Жазушы брунейлік миллионердің баласы үшін жасаған мырзалығы мен Баймырзаның

өз баласынан бас тартуы арқылы бүгінгі таңдағы азғындаған замандастарымыздың шынайы бейнесін жасады.

Қаны таза, текті халықтың бүгінгі ұрпағы осылайша даңқ түрмесінің тұтқынына айналуы – тәуелсіз қазақ елінің қазіргі қасіреті. Оқырманды «Тәуелсіздігіміздің құны адам құқын аяқ асты ету болғаны ма?!» деген ой мазалайды. Қоғам мен адам арасындағы асқынған қасіретке шипа іздеген қаламгер оның дәруін табуды оқырманға қалдырған.

«Тоқта, өлемісің?!» повесінде бір отбасының өмірі арқылы үлкен қаланың тыныс-тіршілігінен хабардар боламыз. Қаладағы маршруттардың бірінің жүргізушісі болған Бөрібайдың тіршілігі домалана жөнелгеніне қарап оның шаруақор екенінен хабардар болсақ, тапқанына иелік ететін Гүлжәмиланың Бөрібайды тырп еткізбейтініне қарап жұмыртқадан жүн қырқатын пысықайдың үйінде отырғанын сезінеміз. Қала сыртынан зәулім үй салып, қоныс тойын тойлауға асығып жүрген ерлі-зайыптылардың өмірі бір қарағанда әп-әдемі үйлесіп тұрғандай көрінгенмен, мұның бәрі жай ғана сырт көзге жағылған сырлы бояу екеніне лирикалық шегіністен қанығамыз.

«Байқоңыр іргесіндегі қазақы ауылда өмір сүрді, тәп-тәуір өмір сүрді. Содан кешегі Кеңес одағы құлаған соң бұлардың тіршілігі де тақырға шашылған шілдің боғындай жан-жаққа пышыраған. Қаракөл елтірісін өндіретін атақты қой совхозының зәулім шаңырағы бір-ақ күнде ортасына топ ете түсті. Білдей механизатор Бөрібай және ондаған Бөрібай секілділер қу тізелерін құшақтап, ошақ бұтын күзетіп қалды да барды» [2], – деген жолдардан кешегі Кеңес одағы ыдыраған тұстағы шаруашылықтардың тас-талқан болғанынан хабардар болсақ, Бөрібайдың қалаға қоныс аударуының басты себебі арыда жатыр. Жұмыссыз қалған жігіттердің космодромнан шай-пұл тауып жүргені әдірем қалсын, бәрінен де Бөрібайдың қасындағы серігінің сол алюминий бөшкесінен уланып өлуі емес пе мұны туған жерден кетуге мәжбүр еткен. Болмаса бұл да басқалар секілді өлместің күнін көріп, сол туған ауыл төсінде жүрер еді. Қалада жүрген қашқынның ендігі жүрісі мынау. Біреу-міреу танып қоймасын деп, кепкасын баса киіп, адам баласына жуымайды. Жақындап әңгіме айтқандардың өзіне ашылып әңгіме айтқанын тірі жан көрген емес. Иә, осындай бұйығы өмір кешіп жүретін Бөрібайдың өмірі

өте берер еді, егер салып жатқан үйін тездете бітіру үшін жалға келген жігіттердің өзі үш-төрт жылдан бері көрмеген анасын көргені болмаса. Бірсыдырғы өмірдің бір күнде күрт өзгеруі де содан.

Ауылға деген сағынышын ауылдан келген жігіттермен әңгімелесіп баспақ болған Бөрібай ойының күл-талқанын шығарған да Гүлжәмила. Ауылдан алып кеткен де, ел туралы айта қалса, зәресін зәр түбіне түсіріп, елмен хабарласудың қауіпті екенін миына құйып отыратын да сол – өз бәйбішесі. Елдегі анасының өтініші бойынша қорасын жаңалап берген жігіттер енді өз үйінің құрылысын жасап жатыр. Бұдан артық қандай туысқандық керек. Қоныс тойында осы жігіттерді елден келген інілерім деп төрге отырғызып бір сыйламақ болып жүрген Бөрібайдың бар арманының күлін көкке ұшырған да Гүлжәмила. Енді онымен бірге тұрғанша, жол апатына ұшырап өлгенді артық санаған Бөрібайды әйелінің «Токта, өлемісің?» деп айқайлағаны да тоқтата алмады. Себебі ол сол өлімге бас тігіп бара жатыр еді.

Бөрібай – дүниеқоңыз әйелінің сөзіне еріп, елден, елдегі анасы мен қарындасынан біржола қол үзіп қалған жан. Ауылдың әңгімесін есту, туған-туыстың хабарын білу – ол үшін үлкен бақыт. Сол бақытынан айырылу оны өлімге итермелеп тұр. Гүлжәмила үшін өмірдің қызығы да, бақыты да – дүние. Елдегі ене, туған-туыстың құны ол үшін түкке тұрмайды. Тіпті енесі естіп қалса қоныс тойға келіп қала ма деген қорқынышы да бар.

«Аполлон көбелегі» повесі он-он бір жасар Қырмызының әңгімесі арқылы өрбиді. «Адам баласы күнмен бірге күліп оянуға тиіс қой» деп ойлайтын Қырмызының «Күнмен күліп ояну» қағидасын қасындағылардың түсінбейтіні өкінішті. «Терезенің пердесі ашық. Ақ бетіңнен аймалап жатқан ала мысықтың құйрығы еместігіне енді көзің жетеді. Шаң-тозаңға әлі араласып үлгермеген күн сәулесі бетіңнен, кірпігіңнен, маңдайыңнан шөп-шөп сүйеді-ай келіп, сүйеді-ай дейсің! Ал көршілер болса, осыны да түсінбейді. Күн көзіне суарылған кірпіктің ұзын әрі әдемі болмасына шарасы қайсы» [1, 200], – дейтін авторлық ойтолғақ күн көзін сүйетін кейіпкердің ойын толықтырып тұр. Күнмен бірге оянып, күнмен бірге күлетін кейіпкеріміздің өмірлік ұстанымдарын төңірегіндегілердің бәрі түсіне бермейді.

Қазір бір үйдің тірлігіне жарап қалған қыздың осыдан үш-төрт жыл бұрын түк түсінбей Аполлон көбелегін көргендегі күйіне назар аударыңыз: «Оу, Кәрібоздың бүгінгісіне жол болсын, кісі бола қалыпты ғой, жүдә. Шынымен Аполлон көбелегін көрмей тұрғаны ма? И...и, кепкесімен баса салсашы» деп ойлайтын кішкене қыздың қызыл пүліштің астындағы табытпен де, оның ішіндегі мүрдемен де ісі жоқ. Содан ғой оның: «Аполлон, біздің ауылға Аполлон келді», – деп тұншыға дауыстап жүргені.

Аполлон көбелегінің аулаға келгені үшін қуанған қыздың сол қуанышына ешкім де ортақтаспады. Ортақтаспақ түгіл әкесі бүйір тұсынан солқ еткізіп жұдырығымен қойып қалды.

Үсті-басын бүлдіріп келетін ойын баласына болысатын әжесі еді бір кезде: «Мұндайда шыр-пыр боп араға түсетін әжесі еді. «Аяқтарың салбырап, осы күйлеріңше аспаннан түсе-түсе қалып па едіңдер! Өй, өншең найсап, тәйт әрі! Шәрипа, ие бола алмайтындай қырық қызың өріп жүр ме немене?! Өнесі-ай, жалғыз баланың жанын қуырып?!» – деп болыса кететін. Әжесі кеткелі мұның жанын түсінетін кім бар, әке-шешесінің жүрісі анау күні бойы далада. Әжесін ойлап мұңаятын қыздың, үш бөлмелі пәтерде күні-бойы жалғыз қалатыны жаман. Біріншіден, оның не аға-әпкесі, не іні-сіңлісі жоқ. Жазушы оны Қырмызының жалғыз қалғанда елегізуі арқылы нанымды бейнелеген. Жалғызсыраған қыз үшін көршінің баласын балабақшаға апарып-әкелудің өзі үлкен бақыт. Бірақ бұл қуанышын да әкесі көп көріп, қала сыртына көшкелі жүр. Мұның бірі де оған ұнамайды. Ұнамайтыны мұнда жақсы көршілері бар, үйде жалғыз қалғанда Тамара Леонтьевнамен әңгімелесіп уақытын өткізеді. Жаз шықса аяғы ауыратын жалғызбасты кемпірге таудан түйежапырақ теріп келіп, аяғын емдемек.

Жазушы Қырмызының тіршілігі арқылы қала тұрғындарының кейбір тірлігі мен олардың өмірлік ұстанымдары, көзқарастарынан толыққанды хабар берген. Соның бірі – өзінің отбасы. Әке-шешесінің күні бойы далада жүретіні, қыздарымен ісі болмайтыны үлкен шаһар адамдарының қым-қуыт тіршілігін байқатса, кішкентай қыздың өзі өмір сүріп отырған қоғамнан орын таппайды. Қоғам түгіл өз үйі өзіне жат. Себебі Қырмызыға әкесі, не шешесі уақыт бөлген емес. Сондықтан да ол кішкене қошақандарды өзіне серік етеді.

Күнтуғанның Алматыда 5-6 балдық жер сілкінісі болатынын газеттен оқып, ондағы қауіпті аймақтарды көрсеткені сол еді, оның зәресі зәр түбіне кетті. Сол-ақ екен, Қожамсейіт қаладағы үш бөлмелі пәтерін тау бөктеріндегі жеке үйге айырбастады да жіберді. Ондағы ойы жер үйге барған соң, онда құндыз асырап, әйеліне құндыздан тон кигізбек. Бірақ ол мектеп жасындағы қызының жағдайын ойлап бас қатырмайды. Ең бастысы, жеке үйдің аты – жеке үй. Онда көп пәтерлі үйдегідей есікпе-есік отырып, кіріп-шыққандарын қадағалайтындар болмайды. Не істеймін десе де өз еркі.

Қожамсейіт серігі Күнтуғанды қала сыртына шыққан сапарларында тастап кетуді көздейтін. Оның басты себебі – жолда кездескен олжасына ортақ етпеу. Дегенмен бір сапарға бірге шыққан Күнтуған оның айдың-күннің аманында жасаған ұрлығына еріксіз куә болады.

Авторлық ұстаным «Дап-дардай басымен және айдың-күннің аманында ұрлық жасамақшы, ә! Не жетпей жатыр? Ең құрыса, жалғыз қызыма біреу-міреудің қарғысы тиіп жүрмесін деп те тәубесіне келер. Жолда жатқан дүние болса, атамнан әрмен! Алсын, ала берсін! Оу, отардан жырылып қалған қозылы қойдың иесі бар ғой. Жо-жок, алдынан жеті басты жылан шыға келгендей, қос қолымен ауа қармап, кейін шегінді...» деген кейіпкер ойымен қоса өрілген. Саулығынан ажыратып алған қос қозыға араша түскен Күнтуғанның өзі түн қараңғысында далада қалған жоқ па? Түз тағысына жем бола ма деп қос қозыны аяған Күнтуғанды Қожамсейіттің аямайтыны белгілі. Осы эпизодтың өзі-ақ, «дәніккеннен құныққан жаман» дегендей, Қожамсейіттің көзіне түскенді жымқырып кететін ашкөздігіне мысал. Оның тілегені – үйдегі жалғыз қызының денсаулығы емес, ХХІ ғасырдың байларының қатарына қосылу. Сол байлықтың мұрагері бар ма, жоқ па, ол дүние кім үшін деген сауалдарға басын қатыратын сабазың ол емес. Мұның сырын «Сананы тиынның сылдыры билеген жерде қиял байғұс қайтіп опа табушы еді? Кетеді лағып...» деген авторлық ұстанымнан байқау оңай.

Шығарманың прологі: «Бір тікұшақ, екі «жедел жәрдем» машинесі және білікті дәрігерлерден жасақталған оперативті топ Қырмызының өлі денесін келер күннің түс әлетінде бастауға тақау жердегі бір шоқ арша бұтағының түбінен тауып алды. Бейкүнә қыз

сол күнге қарап күлген қалпында көз жұмыпты. Қайдан тап болғаны белгісіз, шашына сарғыш Аполлон көбелегі келіп қонақтапты...» – деп аяқталады.

Еуропаның таулы аймақтарында Кавказ, Батыс Сібірде таралған желкенділер тұқымының көбелегі қызыл кітапқа енгендіктен жазық далалық аймақтарда сирек кездесетінін ескеретін болсақ, авторлық ұстаным мұны көбелек кейпіне енген Қырмызының жаны ретінде түсіндіретін тәрізді. Шығарма басында табыт үстіндегі қызыл пүлішке қонатын көбелек пен Қырмызының шашына қонып отырған көбелектің негізі осыған саяды.

Ел ағасы жасқа келген Қожамсейітті бүгінгі өзіміз көріп жүрген біздің замандастардың жиынтық бейнесі ретінде қабылдауға негіз бар. Автор оның пиғылын былай сипаттайды: «Иманды ұмытқалы қашан, Құдайды ұмытқалы қашан. Мешітке барып, қайыр-садақа беруден қашқақтайды. Күнәһар да болғысы келмейді. Тас шауып жатқандай, бәрін жиып-теріп «қол тимейді ғой» дегенге итере салғысы-ақ келеді» [1, 257]. Бұдан шығатын түйін, Күнтуған – тәуелсіздік тұсында дүниеге келген, Ислам дінін түсініп өсіп келе жатқан ұрпақ өкілі болса, Қожамсейіт – кешегі кенестің дәуір тұсында атеистік тәрбие алған буынның өкілі. Сондықтан да ол Алла, Құдай деген сөздерге сене бермейді. Ал, Қырмызы – біз өмір сүріп отырған қоғамның былығымен ісі жоқ бейкүнә періште. Сондықтан да оның «Күнмен бірге күліп ояну керек!» деген ұстанымын басқа түгіл өзінің әке-шешесі де түсінбейді.

Қожамсейіттің тірлігінен туралап келген ажалдан қашып құтыла алмайтынымызды ұғынуға болады. Ол – зілзаладан қашып, үй ауыстырғанмен, жалғыз қызына ажалдың қайдан келетінін түсінбеген көрсоқыр жан. Жүрегі ауыратын сезімтал қызын ашуландыруға болмайтынын біле тұрып, оларсыз бір күн өмір сүре алмайтын қозыларын қолма-қол сатып жіберу арқылы қызының жанын жаралап тұрғанынан бейхабар. Содан кейін бір аптадан соң болған зілзаладан қала тұрғындары аман қалғанмен, сұм ажалдан Қырмызыны ешкім аман алып қала алмады.

«Етектегі ескі зират» әңгімесіндегі алмағайып заманда Жоғарғы Кеңеске депутат болып сайланған Өтеағанның үлкен үйде ұзақ қызмет істеуіне кезігіміз. «Өсетін бала жағына туады»

дегендей, Өтекең өсу үшін бастық біткенге жағына жүріп, өзі де қызметтен айырылмай табандап жүріп зейнетке ілігеді.

Зейнетке шыққан соң, өзінен кейінгілердің қошеметіне үйренген ол «Сіз жұртты таңғалдыру үшін жаралғансыз» деген елдің көпіртпе сөзіне имандай сенді. Алайда оның елден өзгешелігі жоқ екені өмірден өткен соң белгілі болды. «Елді таңғалдыру үшін жаралған жан» деген сөзді жанындай жақсы көретін Өтекеңнің жаназасы өзі ойлағандай болған жоқ. Жүрек талмасынан кенеттен қайтыс болған оны қыс айында Кеңсайдың ұшар басына алып шыға алмағандықтан ағайындары мен балалары етектегі елеусіз зиратқа жерледі. Бұл жолы «Төбенің ұшар басынан лайықты орын дайында» деген Өтекеңнің аманаты жүзеге аспай қалды. «Адамның басы – Алланың добы» дегендей, кімге қай жерден орын бұйыратынын бір Алла ғана біледі.

«Күн түспейтін терезе» әңгімесіндегі қырық жылдай математикалық теңдеулер теориясынан дәріс оқыған Әбдірәсіл – туа бітті ғылым адамы. Қызы Бибіажардың кесірінен аяқ астынан зейнетке шықты. Ендігі жүрісі мынау, бизнесмен баласының үш қабатты коттеджінің күзетшісіне айналып. «Күн түспейтін терезе секілді ішкі әлемі барған сайын күңгірт тартты» деп аяқталатын әңгімеден ректордан әкесіне күн түсетін терезе даулап жүрген қызының қылығы «мүйіз сұраймын деп, құлақтан айырылған» жанның кейпін танытады.

«БББ» әңгімесінде тоғаннан тәжірибе жасау үшін банкіге тірі бақа салып әкелетін биолог Базарбектің алғашында «Бақа баққан Базарбек», кейін «БББ» атануына кезігіміз. Бақаларына ғаламтор арқылы Пенсильвания штатындағы бір ғұламаның назары түскені Базарбектің өміріне өзгеріс алып келді. Бірақ «Арқарлыны» «Бақалыға» ауыстырағанмен, оның жолы да оңбады, ісі де өнбеді, ғұламалармен кездесуі де болмады.

«Байқоңыр мен Ватиканның арасы» әңгімесінде де Космодромның сенімді өкілі мен Есберген арасындағы оқиғалардан біраз сырға қанамыз. Есберген жергілікті тұрғын ретінде айлақтың зиянды жақтарын жасыра алмайтын кейіпкер болса, Құлмұрат «көрмес – түйені де көрместің» кейпін танытатын жан. Ватиканнан келген дінбасылардың делегациясына қызмет жасаған олар «Байқоңыр мен Ватикан – бауырлас қалалар» деген құжатқа қол қойылуына куә болады.

«Беймәлім диагноз» әңгімесінде жүрегіне ота жасатып, жан сақтау бөлімінде жатқан Жарылқапбердіге кезігеміз. Мәскеуден білім алып, шетелдік клиникадан тәжірибеден өткен Махаббат Әбдісәлімовна – жүрек қан тамырларына ота жасаудың шебері. Оның Жарылқапбердінің үш жерден бітелген қан тамырларына жасаған отасы сәтті шықты. Алайда дәрігерлер Жарылқапбердінің жүрегіне домбырамен салған әні шипа болып жатқанын білген жоқ.

«Күйік» әңгімесінде жалғызбасты қала тұрғыны Нұржамалға кезігеміз. Өз әкесін білмей өскен қыздың әнші әкесін біреулердің қастандығымен өлтірілгені өкінішті. Алайда әкесінің әндерін тыңдаудың орнына шет елдіктердің музыкасына үйір жастардың қылығы қазіргі жастардың өмірінен хабар береді. Көлік апатынан қайтыс болды деп жаба салған істі жалғызбасты әйелдің өтініші бойынша кім қайта қарасын?

«Үңгір» әңгімесіндегі «Рақымбектің ранчосы» атанған атшаптырым аулада тұратын Рақымбектің мазасын алған ұрылар еді. Жұмағалидың сарайына түскен ұрылар ендігі бас көтерер Рақымбектің үйіне түсетінін іші сезеді. Ауладан үңгір қазып, бар бағалы дүниесін сонда тыққыштаған Рақымбердінің ел ішіндегі дағдарыс өткенше мазасы болмайтыны белгілі.

«Аралқұмның Абрамовичі» әңгімесіндегі екі супермаркет ұстайтын Керімқұл, бекет бастығы Қайыпберген – Байқоңырдан алпыс шақырым жерде жатқан Аралқұмның тұрғындары. Теміржолшы кезінде тапқан жалақысына бүйірі томпаймаған Керімқұл осы супермаркеттерін ашқалы жағдайы түзеліп, жаһандануға қарсы қадам басқан жан. «Ата-баба әруағына Құран бағыштауды екібастан жылы жауып қойған. Сараң, шығайбайға айналып барады Керімқұл. Елден бөлектенеді де жүреді, әлденеден үрейленеді де жүреді» деген жолдар оның дүниеқоңыздығын танытады. Бойқоңырға барған Рим папасын күтпек болған әкімнің қадірлі қонақты Керімқұлдың үйіне түсірмек болуы, Рим папасының онда бармай Ватиканға ұшып кетуі, жайған дастарханына өзі бөлектеніп жүрген ауыл жігіттерінің қонақ болуы – шығарманың шырайын келтіре түскен. Жаһандану заманының бизнесмендерін жазушы осылайша Абрамовичке теңеу арқылы оның жарқын бейнесін жасаған.

«Сатқын» әңгімесіндегі суретші Өмірзақ, «Үрей» әңгімесіндегі Қорқыт кесенесінің шырақшысы Қайыпжан да бар



болмысымен шынайы бейнеленген кейіпкерлер. Тракторист Қайыпжанның оншақты адамның ішінен Қорқыт кесенесіне шырақшы болуы, оның жан дүниесіндегі бір-біріне кереғарлық, санасының екіге не үшке бөлінуі, екі тонна бидайды Әзбергеннің үйіне әкеп төгіп тастауы күмән туғызбайды. Себебі, Қайыпжан – көлденең олжаға үйренбеген Құдай деген жан.

Жазушының «Мылқау», «Өгей», «Байқоңыр мен Ватиканның арасы», «Аралқұмның Абромовичі», «Қашқын», «Үрей» әңгімелеріне Байқоңыр, Арал, Көкарал, Қорқыт кесенесі туралы оқиғалар негіз болса, «БББ», «Етектегі ескі зират», «Күн түспейтін терезе», «Үңгір» әңгімелеріне адам баласының пендешілігі, қанағатсыздығы, дүниеқоңыздығы арқау болған. «Мылқаудағы» зейнеткер теңізші Шымберген, «Өгейдегі» Мөңкебай, «Байқоңыр мен Ватиканның арасындағы» зейнеткер Есберген, «Аралқұмның Абромовичіндегі» кәсіпкер Керімқұл, «БББ-дағы» «бақа баққан Базарбек», «Етектегі ескі зираттағы» «жұртты таңғалдыру үшін жаралған» Өтеған, «Күн түспейтін терезедегі» зейнеткер математик Әбдірәсіл, «Беймәлім диагноздағы» жүрегін домбырамен емдейтін Жарылқапберді, «Үңгірдегі» ұрыдан қорыққан Рақымбек, «Айың тусын оңыңнандағы» пақыр Жарылқапберді, «Тас құдықтың тұнығындағы» Шуақ, «Қашқындағы» ерлі-зайыпты Төремұрат пен Жұмагүл, «Үрейдегі» шырақшы Қайыпжан, «Сатқындағы» суретші Өмірзақ – бәрі де өмірден алынған, өзіндік болмысымен ерекшеленетін кейіпкерлер. Аталған әңгімелерге арқау болған оқиғалар мен оның кейіпкерлерінің тіршіліктеріне қарап отырып, адам баласының тіріде көзі тоймайтындығына иланасың. Себебі бұл шығармалардың негізгі кейіпкерлері бүгінгі таңда арамызда жүрген замандастарымыз. Автордың Құдайдан безген, ата-баба рухына құран бағыштамайтын, қайыр-садақа бермейтін замандастарын, имандылыққа, қанағатшылдыққа, сабырға шақыру арқылы қазіргі қазақ әдебиетіндегі мәңгілік мұраттарды көтеруі қуантады.

### *Әдебиеттер:*

1. Жиенбай К. Жизнь в глазах кулана. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Балауса, 1992;
2. Жиенбай Қ. Жер сілкінісінен бір жұма бұрын. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1996;
3. Жиенбай Қ. Өн салуға әлі ерте. – Алматы, 2008.
4. Жиенбай Қ. Таңдамалы. II томдық. II том. Роман, повесть және әңгімелер. – Астана: Фолиант, 2013. – 432 б.
5. Жиенбай Қ. Таңдамалы. II томдық. I том. – Роман, повесть және әңгімелер. – Астана: Фолиант, 2013. – 480 б.

## ҚУАНДЫҚ ТҮМЕНБАЙ (1955 жылы туған)

Қуандық Түменбай 1955 жылы 22 тамызда Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, қазіргі Ыбырай Жақаев ауылында туған. Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде, Мәскеудің М.Горький атындағы Әдебиет институты жанындағы Жоғары курста (1991) білім алған.

«Лениншіл жас» («Жас Алаш») газетінде тілші, «Жалын» баспасының редакторы, Алматы облыстық «Жетісу» газетінің тілшісі, «Жұлдыз» журналының бөлім редакторы, «Алматы ақшамы» газеті Бас редакторының орынбасары, ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің Бас редакторы, «Қазақстан» баспасының Бас редакторы, Халықаралық журналистика институтында оқытушы болып қызмет атқарған. Қазіргі таңда жастардың әдеби-мәдени, қоғамдық-саяси «Үркер» журналының Бас редакторы қызметін атқарады.

Жазушының тырнақалды «Қайың сапты кетпен» атты шағын әңгімесі 1974 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрді. Студент кезінен осылайша көріне бастаған оның «Шоқты көрік» атты әңгімесі жастардың «Арман қанатында» (1978) атты прозалық тұңғыш жинағында жарияланды. Осылайша жетпісінші жылдардың соңынын жаза бастаған ол – сексенінші жылдардан бері әдебиетке белсене араласып келе жатқан қаламгер.

Жас жазушылардың Мәскеуде өткен Бүкілодақтық ІХ кеңесіне қатысқан оның жекелеген шығармалары араб, орыс, неміс, ұйғыр тілдеріне аударылды.

Әдебиетке сіңірген еңбектері жоғары бағаланып, Халықаралық «Алаш», «Сорос – Қазақстан» сыйлықтарының лауреаты, Балалар мен жасөспірімдерге арналған республикалық жабық бәйгеңің бірнеше мәрте жүлдегері.

Әр жылдары оның «Қайың сапты кетпен» (1982), «Жүрдек поезд» (1987), «Каникулды күткен қыз» (1990), «Жігіттің көктөбесі» (1995), «Қанаты күйген қызғыш құс» (1995), «Сотталған домбыра» (1998), «Көз» (1999), «Жасыл жанып тұрғанда» (2001) атты үлкенді-кішілі прозалық кітаптары жарық көргені белгілі. 2008 жылы Қызылорда облысының әкімдігі мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

шығарып жатқан Сырдария кітапханасы сериясынан «Қобыздың мұңы» атты жинағы жарық көрді. Бұл жинаққа соңғы жылдары және әр жылдары жазылған шығармалары топтастырылды. Ертеректе жазылған туындылардың бірсыпырасы қайта қаралып, толықтырылғандығын да баса айту керек. Қуандық Түменбай – тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиетінің өмірдің көлеңкелі жақтарын сынап, қоғамдағы келеңсіздіктерді арамызда жүрген замандастарымыздың өмір тіршілігі арқылы әшкерелеп жүрген, қаламы ұшқыр, тілі уытты қаламгерлеріміздің бірі. Осы айтылған ойымызды аша түсу үшін оның «Қобыздың мұңы» [1] атты жинағына енген шығармаларына үңіліп көрелік.

Жазушы шығармаларына тән бір ерекшелік – өмірдің көлеңкелі жақтарына үңіле отырып, қоғамдағы кері кеткен мәселелерді әшкерелеу. Осындай шығармалардың қатарында «Түрмедегі торғай» атты хикаятын атауға болады. «Түрмесіз өмір жоқ. Адамзат бостандықта қалай өмір сүрсе, түрмеге де солай көндіккен. Бірақ, адамның болмысы қызық. Олар өздерін емдеп, сәбилерді өлімнен алып қап жүрген ақ желеңді дәрігерлерден гөрі қызыл жаға тәртіп сақшыларын артық көреді. Тіпті бірге отырған жерде дәрігердің дәрежесін төмен санап, әлгілерден именеді» деп қоғам, адам, өмір жайындағы толғаныстан басталған әңгімеде автор қос мамандық иесінің өмірі мен тіршілігі арқылы олардың қоғамдағы орнын көрсетуге тырысқан.

Қоғамдағы прокурор мен дәрігердің орны мен оларға деген көзқарастың алшақтығына жазушы көңіл аудара отырып, қазіргі өзіміз өмір сүріп отырған тұстағы қоғам дертіне шипа іздейді. Ол не? Ол – бір айлық еңбекақының күнкөріске жетпейтіндігі, тапқан табысыңның пәтерақыдан артылмайтындығы. Жазушының негізгі жетістіктерінің бірі де осы – өзекті мәселелерді иірімін тауып қиюластыру. Оны мына жолдардан байқауға болады: «Бір апта бұрын мешітте некелерін қиды. Алдын ала Неке сарайына барып еді, неке туралы куәлікке қол қою үшін төленетін ақша мұның бір айлығынан асып жығылды. Америка ақшасымен есептегенде 100 доллар айлығының 50-і пәтерақыға кетеді. Адам болғасын ауыз бен асқазан төлеуі тағы бар. Мешітке келіп еді, «Сәрсенбінің сәтті күні келуіне болады», – деді басына даңғарадай сәлде ораған бет-аузы бір шөкім жас имам» [1, 9]. Алматы қаласындағы орталық

Неке сарайының шарықтап кеткен бағасы біздің қоғамда бай мен кедей сынды екі тап өкілінің қатар өмір сүріп отырғандығынан хабар берсе, төменгі тап өкілдері кеңестік заманда еңбегі жоғары бағаланған дәрігерлер мен мұғалімдер екені жасырын емес. Арамызда жүрген капиталистердің көптігінен бағаның көтеріліп кетуі де заңдылық. Ал жас отбасылардың баспанасыз, келімсектердің жертөлесін паналауы – біздің қазақтың ғана сор маңдайына жазылғаны да қазіргі қоғамның шындығы. Қоғамдағы осындай әділетсіздіктер асты мен үсті қазба байлыққа толы қазақтың маңдайының соры неге бес елі болып отыратындығына назар аудартары даусыз. Ал, Алланың үйі саналатын мешіттің төңірегіндегі қызметкерлердің де көптің ойынан шыға бермейтіні жасырын емес. Оны автор дағарадай сәлде мен бет-аузы бір шөкім жас имамның келбетіне сыйғызған. Осы тәрізді жайттарды автор емеурінмен мезеп жеткізген. Оны дәрігер жігіт Есенбайдың өз карауындағы мениншома деген диагноз қойылған наукас Барболсын Әйтшуовтың мидағы ісігіне операция жасау алдындағы сөзінен де байқауға негіз бар. «Мынау – дәріңіз. Екі құты. Бөлімшеде бары осы ғана. Мұны да меңгерушіден сұрап алып отырмын. Қалған екі құтысын өзіңіз табасыз. Өте қымбат. Цифзол деген дәрі», – деп қолына рецепт қағасыз ұстатты» немесе «Осы облыстық аурухана киімге жарымай-ақ қойды. Ескі-құсқы көнетоз киімдерді ескі бюджеттің еншісінде қалдырып, қаңтардағы жаңа бюджетпен жаңалап отырса қайтеді екен» [1, 9] деген жолдар – емханалар мен ауруханаларға мемлекет тарапына дәрі-дәрмектің мардымсыз бөлінетіндігінің мысалы. Қымбат дәрілердің ақшаға табылмай, наукас жандардың жанын күйзелту ХХ ғасырдың тоқсаныншы жылдарының еншісінде болса, бюджетке өгей баласындай қарау ХХІ ғасырдың үшінші онжылдығында да қыр соңымыздан қалмай келе жатқандығы жасырын емес. Қояншық ауруымен ауырған жігітке зейнетақы тағайындайтын комиссияның оның жүйкесін тоздырып, құжатын дер кезінде бермей әуре-сарсаңға салуы да өмірден алынған шындық. Кез келген адамның өз ауруын заңдастыру үшін қаншама тер төгетіні де жасырын емес. Осы сюжет азаматтардың денсаулығын тексеріп, сараптама жасайтын комиссия беретін бір жапырақ қағаздың Американың бірнеше көк қағазымен айырбасқа келетінін еріксіз еске түсіреді.

Осындай қоғам дертін шенейтін мысалдарды шығармадан көптеп келтіруге болады. Мұның өзі жазушының аз сөзге көп мағына сыйғыза білетіндігінің нышаны.

Дәрі таба алмай қиналған науқасына жанашырлық танытқан дәрігердің екі құты Цифзолдың құны – 500 теңгені алғаны үшін қызмет үстінде пара алды деп айыпталуы тәуелсіздік тұсындағы көп сырды алдымызға жайып салған. Тәуелсіздік деп айтуымызға 500 теңгенің сыртындағы әл-Фараби бабамыздың келбеті мысал. Ал, өте қымбат дәрінің екі данасы 500 теңге тұруы өткен ғасырдағы теңге құнының жоғалмаған тұсы. Күн өткен сайын ұлттық валютамыздың құнсызданып бара жатқандығы осындай мысалдардан да байқалады.

Келесі бір көркемдік штрих – қапастағы Есенбайдың терезесінің түбіне қараторғайдың ұя салуы. Жазушы осы көріністі әдемі ойната білген. Ол, біріншіден, «Адал адалды аңсайды, тірі жанның киесі болады. Құмырсқаның да киесі бар. Оны өлтірсең есесі бұралаң жолда басқаша қайтады». Екіншіден, құстар кез келген жерге ұя салмайды. Қарлығаштың ұясын бұзбайтын қазақ оны жақсы ырымға балайды. Сол секілді басқа жер құрып қалғандай түрменің терезесіне салған қараторғайдың ұясы да Есенбайдың бұлыңғыр күндерінің артында жарық сәуле тұрғандығынан хабар береді. Жазушының әңгімені «Түрмедегі торғай» деп атауы да тегін емес. Әңгіме түрмеге ұя салған қараторғай жөнінде емес, қоғамдағы орны торғайдай ғана жас дәрігердің қыл үстіндегі тағдырына құрылған. Ешкімге зияны жоқ, күнкөріспен ғана жүрген екі кішкентай тіршілік иесінің өмірін салыстыра білген жазушы параллелизмді шебер пайдаланған.

Жазушының ұстанымы тірі жанның киесі барына саяды. Оны нағашысының тағдырынан байқауға болады. Кезінде аңшы болған нағашысының көңіл сұрай барғанда: «Маған ақбөкеннің киесі жолықты. Үш рет атып құлата алмадым, сосын машинамен қуалап жүріп таптап өлтірдім», – деді еріндері дірілдеп. – Бүркіт атып түсіргеніңді білесің бе? – деді кемсеңдей қойып. – Басымды изедім. Өңінен өкініш пе, әйтеуір, бір күйікті көңілдің табы сезілді» [1, 22], – дейді автор. Бір бүркітті атқан Есенбай осынша қырсыққа душар болса, аңшы болған нағашысының баласының өз оғы өзіне тиіп, әйелі соның уайымынан өліп, өзі ақбөкеннің

киесіне ұшырап, төсек тартып жатуы нанымдылықпен суреттелген.

Алайда автор Есенбайдың тірі жанға титтей де қиянат жасамағандығын оның өз кәсібімен ұштастырған. Отан алдындағы борышын Ауған соғысында өтеген ол Политехтің автоматикасында оқитын студент жігіттің өмірін сақтап, елге қайтарғаны, түрмеде жатып өлім аузындағы адамды ажалдан арашалап алғандығы – оның дәрігерлік борышын адал ақтап жүргендігінің мысалы.

Жазушы шығармада қазіргі таңда төңірегімізде болып жатқан оқиғалар арқылы оқырманға ой салған. Ол – сыбайлас-жемқорлықтың шегінен асқандығынан «кішкентай» адамдардың құрбандыққа шалынуы. Бұл – өзіміз куә болып жүрген түйені түгімен жұтатындардың судан құрғақ шығатынын, енді біреулердің болмашы тиын-тебен үшін бірнеше жылға бас бостандығынан айырылып, түрменің тар қапасына түсетіндігінің нанымды да шынайы бейнеленуі. Түрмеде өзіне қол жұмсаған бір фирманың бас есепшісінің ату жазасына кесілуі Қазақстанды сүлікше сорып, шетел асып кеткен миллиардер жерлестеріміздің талтандап, өмірді белшесінен басып жүргендігін еске салады. Жазушы қоғамдағы осындай сорақылықтарды жекелеген кейіпкерлер өміріне қатысты нақты деректермен, оқиғалармен әшкерелеген. Ол жекелеген кейіпкерлер арасындағы тартыс пен қақтығысқа қоғамдағы үлкен әлеуметтік тартыстарды сыйғызған. Аталған әңгімеде «Адамның торғайлары неге торға түсіп, алаяқтар неге бостандықта жүреді?» деген сауалды адам, қоғам алдында көтерген автор сол сауалға жауап берген.

Осы ойды жалғайтын жазушының келесі шығармасы – «Құлыпашар» әңгімесі. «Ақиқатты аяқ астынан мілитса алып кетті» деп басталатын әңгімеде оның сырын ашу үшін лирикалық шегініс жасалады. Түрме төсегінде жеті жыл жатқан Ақиқаттың басына не келіп, не кетпеді. Тіпті бір кездері «500-1000 доллар арасында бізде жұмыс істейтін қыздар керек» деген хабарландыруды көріп, жұмыс іздеп бара жатқан қыздарды жолдан қайтарғанын да есіне алды. Ел өміріндегі осындай мәселелерді автор кейіпкер монологі арқылы жеткізген.

Аудан әкімі сейф кілтін жоғалтып алып, онда қалған құжаттарын алу үшін тізімде тұрған құлып ашқыштардың тізімін

тексергенде жалғыз Ақиқаттың аты-жөні кездеседі. Жапон сейфін ашу қалай болар екен деп күдіктенгенімен қолының ебі бар ол оны эп-сәтте ашып береді. Сол бәлеге қалай икем екенін өзі де білмейді. 10-сыныпта оқып жүргенде мектеп директоры сейфінің кілтін жоғалтып алып, қолының икемі бар деп осыған аштырғаны бар. Бүкіл ауыл «мәстір бала» атап кеткен оның қолы неге де епті. Қай тірлікті қолына алса да көзін тауып, қиюын қиыстыра білетін Ақиқатқа осы шектен шыққан ептілігінің зияны тиеді.

Телевизордан көргенін істемек болған сыныптасы Сейітқали оны қоярда қоймай жүріп үгіттеп, аудандық тұтынушылар одағы төрағасының сейфін ашып, бар ақшасын алмаққа бел буады. Бірер күнде Алматыға оқуға кетіп қалған соң кім мені іздеп жатады, ашсам ашып берейін деген аңғалдығы оның басына сор болып жабысады. Осындай оймен сейф ашылғанда оның ішінде құжат пен «Сарыағаш» минералды суынан басқа ештеңе жоқ болып шығады. Бірақ осы сәтте дабыл қағылып, олар ұрлық үстінде тұтқындалады. Бар жасаған қылмысы – осы. Сөйтсе, мұндай қылмыспен адам баласы өмір бойы тізімде тұрады екен. Осы әңгіме арқылы жазушы не нәрсені де орнымен пайдалану керектігін ескертеді.

Қ.Түменбайдың тыңғылықты сөз етіп, үнемі қайта-қайта оралып отыратын негізгі тақырыбының бірі – дүниежүзілік рекорд жасап, ақ күріштің атасы атанған Ыбырай Жақаев туралы. Бұл тақырыпта ол «Қайың сапты кетпен» әңгімесінен бастап, үлкенді-кішілі бірталай шығармалар жазып, Ы.Жақаевтың көркем бейнесін қазақ әдебиетіне алып келді. Осы жинаққа енген «Ағаш ескерткіш» хикаятындағы Сатай қарттың да прототипі Ыбырай Жақаев. Сатай әулетінің бүгіні мен кешегісі көз алдынан өткен Асқардың атынан баяндалған оқиға қаладан келген немеренің көзімен зерделенеді. Сексенге келген атасының туған күнін аудан, облыс қана емес, республика, тіпті одақ (КСРО) көлемінде атап өткеніне куә болған Асқар әулеттің киесі – жылан екенін білмей абы жыланды өлтіріп қояды. Жылан өлген күннің ертесіне атасынан айырылған ол қыстай жарманы, жаздай «Сатай түбегіндегі» егістікті күзеткен абы жылан өлген соң бұл әулеттің басынан бағы тайғандығына куә болады. Оның басы Сатайдың мүрдесіне таласудан басталып, ауыл ортасында тұрған атасына қойылған қола мүсіннің, оның төңірегіне қойылған қара темір,



кара шынжыр, жылтыр керамиканың ұрлануымен суреттелген. Өмір бойына халқына, еліне қызмет еткен жанның аруағына тыныштық бермей оның басын жалаңаш қалдырғандардың тірлігі мызғымас Одақ ыдырап, Қазақстан өз алдына дербес ел болған тұстағы шаруашылықтардың таратылып, тығырыққа тірелген елдің ішінде ұры-қары көбейген кезімен тұспа-тұс келеді. Шығарма соңында ағаш сапты кетпеннен басқа басында ештеңе қалмаған Сатай қарт жоңышқа иісін иіскеп, қар мен жаңбыр суымен сусындап жатқандай әсер береді. Мұның өзі о дүниелік болған адам үшін табиғат ананың суы мен желінен артық ештеңе жоқ екендігін байқатады. Автор осы хикаят арқылы «Өлі риза болмай, тірі байымайтындығын» екі аяқты пенделердің есіне салған.

Сыбайлас-жемқорлықты әшкерелейтін келесі хикаят – «Депутат Аязби». Майор Мылтықбай өзінің бас пайдасы үшін інісі Аязды депутаттыққа өткізгенмен, оның қояншық ауруы бар қылмысты әшкерелеп береді. Осылайша депутатты ұсынған аудан, облыс басшылары да, оны дәрігерлік тексеруден өткізген дәрігердің де қылмысы ашылып, жауапқа тартылады. Авторлық ұстаным – сыбайлас жемқорлықтың тамырын тереңдетпей, дер кезінде балта шауып отыру керектігін байқатады.

Қаламгер шығармаларынан үлкен орын алатын тақырыптың бірі – ХХ ғасырдың соңғы ширегінде 15 республикадан құралған мызғымас КСРО-ны дүр сілкіндірген Қазақстанның астанасы Алматы қаласындағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы. Кеңестік дәуір тұсында өзінің ұлтжандылығымен танылып, ұлтының асыл құндылықтарын жоқтағаны үшін саяси қуғын көрген Хасен Қожахметтің бұл тұста да ерекше көзге түскені мәлім. Қазіргі арамызда жүрген замандасымыз Хасеннің көркем бейнесін жасаған Қ.Түменбай оның саяси көзқарастарын «Қанаты күйген қызғыш құс» [2] атты деректі хикаят пен «Мұнар күн» атты әңгімесіне негіз етті.

«Желтоқсаннан кейінгі бұйығы күндер он алтыншы жылғы шілде жарлығы кезіндегі күндерге ұқсап, ұясына талаурап батып жатты» деп басталатын хикаятта нақты деректер мен құжаттар жетерлік. Оны әу дегеннен көзге түсетін «Бір күні Алматы облыстық «Жетісу» газетінен Қ.Рысқұлбековтің – ату жазасын, Ж.Тайжұмаев пен Т.Тәшеновтің – 15, Қ.Күзембаевтың – 14 жыл

алғанын оқып, жағамызды ұстадық. Хасен де көп ұзамай 4 жылды мойнына іліп кете барды» деген деректен, немесе «Жастарды итке талатып, қыстыгүні салқын су шашу – шектен шыққандық. Жастардың толқуын онсыз да жайбарақат жолмен басуға болар еді ғой» [2, 140] деген майдангер акын Жұбан Молдағалиевтің сөзінен анық байқауға болады. Жазушы 4 жылды арқалаған Хасеннің саяси көзқарасы қашан, қалай қалыптаса бастағандығына назар аударады. Чайковский атындағы Алматы музыка училищесінің 3-курсынан әскерге алынған Х.Қожахметов Төретам бекетіндегі құрылыс батальонына түседі. Байқоңырдағы ракета ұшатын алаңның құрылысын салумен айналысатын «молодой» екі-үш айдың ішінде «ледтардың» (ақсақал) тізе батыруына қарсы шығады. «Ақсақалдардың» әсіресе ауылдан шыққан қазақ балаларын «калбит», «қаракөтен» деп, кезектен тыс нарядқа қойып, еден жуғызғанына қарсы шығып, олармен төбелесе берген соң, әскердегі басшылар оны екі жыл бойына гауптвахтада ұстамақшы болады. Оған төзбеген Хасен 1970 жылдың 13 ақпанында әскерден қашып кетеді. Жүк поездарының көмір, бөрене тиеген вагондарына тығылып Алматыға жеткен ол Бауыржан Момышұлына барып, бар шындықты айтады. Батыр сол кездегі республика әскери комиссары, генерал-майор Н.Байкеновке хат жазып береді. Бірақ ол хат иесіне жетпей Хасеннің қалтасында қалып, өзін Орта Азия әскери округінің комендатурасы бір ай гауптвахтада ұстап, «соғыс жағдайында жарамды, бейбіт уақытта жарамсыз» деген баппен әскерден босатады. Жазушы негізгі кейіпкердің буыны қатпай жатып саяси көзқарасының осылай қалыптаса бастағандығына назар аударады. Әскердегі оқиғалар оның жеке басын емес, ұлтын кемсіту үшін жасалған құйтырқы саясат екенін түсінген ол өліспей беріспеуге бел байлайды. Осылайша өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында, яғни тілі басқа, тілегі бір көп ұлтты Кеңес одағының дәуірлеп тұрған шағында азаттық іздеген ол 1972 жылы училищені бітірген соң, неге Мәскеудегі «Жас тұлпар» тәрізді қазақ жастарының «Жас қазақ» ұйымын ашпасқа деп ойлана бастайды. Бұл – оның саяси көзқарасының қалыптаса бастағандығы еді. Оны жазушы Хасеннің «поселок имени Джансугурова» деген жазудың «Д» әрпін өшіріп, «Жансүгіров» деп өзгертіп кеткендігімен, «СССР тарихы» атты оқулықтың

ішінен Қазақстан тарихы туралы мардымды ештеңе таба алмағандығымен, ұлттық стильдегі музыка жаза бастағандығымен, «Оян, қазақ, оян, елім!» атты 10 баптан тұратын листовка таратуымен нанымды бейнелеген.

– Сен қазақша, жалпы ұлттық стильдегі музыка жазба. Жазсаң, авангарттық стильде жаз, – деді ұстаз.

– Жок, әр ұлттың музыкасы сол ұлт тілінде жазылуы керек. Қойыртпақ космополиттік музыка ұлтқа рухани азық бола алмайды... [2, 141] – деген диалог Хасеннің белгілі стандартқа сыймайтындығын, өзіндік көзқарасы қалыптасқандығын ашуға қызмет етеді. Құрманғазы атындағы консерваторияның қақ маңдайындағы «Өнер – халықтікі» деген жазудың мән-маңызына түсінбеген консерватория оқытушысы А.Бычковтың түсінбегеніне күйінген ол ұлттық музыкаға өз үлесін қосуды арман етті. Өзінің қалыптасқан саяси көзқарасын музыка тілімен жеткізуді көздеген Хасен бұл тұрғыда да аз еңбектенген жоқ. 1974-77 жылдары «Жас қазақ» ұйымының бағдарламасы, конституциясы, болашақ мүшелерінің антын жазумен әлектенген ол 1977 жылы тағы да тұтқынға түсіп, 2 жылға бас бостандығынан айырылады. Болашақ үлкен күрескердің Хельсинкидегі саяси тұтқындар тізіміне сол кезде енгендігіне көңіл аударған автор оның Қазақ ССР Қылмысты істер кодексінің 170-1 бабымен 2 жылға бас бостандығынан айырылғанын нақты дерек ретінде көрсеткен. Сонымен бірге жазушы негізгі кейіпкердің тарихшы не болмаса саясаткер екендігіне ғана емес, оның музыка зерттеушісі, композитор екендігіне де көңіл аударған. Оның зерттеулері мен шығармашылығы жөніндегі мәліметтер Хасеннің осы қырын толықтырып тұрса, балалық шағы мен «Хасен Кәрімжанұлы Қожа-Ахмет 1949 жылы тамыздың 9-ында Талдықорған облысындағы Матай стансасында дүниеге келіпті. 1956 жылы Ақсу ауданына қоныс аударғандықтан, Хасеннің балалық шағы осы ауданның Көктөбе-Қарасу, Бүйен өзенінің жағасындағы Қызылту ауылында өтті. Ол төрт жасқа толмай-ақ әріп танып, ата-анасы, көрші-қоланды таңғалдырған еді. 8-9 жасында-ақ қазақтың батырлар жырын, «Рүстем-Дастан» сияқты кітаптарды, ал 11-12 жасында В.Янның «Шыңғыс хан», «Бату», М.Шолоховтың төрт томдық «Тынық Дон» сияқты ірі шығармаларын оқып үлгерді» деген өмірбаяндық деректер негізгі кейіпкердің сом бейнесін жасауға

көмектескені белгілі. Көркем шығармада болашақ күрескерге тәлім-тәрбие берген ата-анасы мен өскен ортасы жөнінде толығырақ мағлұмат беру орынды. Бұл кейіпкер бойындағы патриоттық сезімнің қазақтың бай ауыз әдебиетіндегі қаһармандық эпостардағы елі мен жерін сыртқы жаудан қорғаған батырлардың ерлігі арқылы қалыптасуын байқатады.

Үш әріптің бақылауына алынған ол саяси мақала жазуға тыйым салынған соң, жүрегіндегі дертін мысал-ертегілер мен сықақ-әңгімелерге сыйғызды. 1986 жылы Қазақ теледидарының музыкалық хабарлар редакциясында редактор болып жүрген ол 16-18 желтоқсан күндері шерушілерге ақыл-кеңес бергені үшін және саяси қылмыскерлер қатарынан орын алды. Саясаттан хабары жоқ жастарды алаңда тұрып, қолға түскенше көше-көшені аралап шеру жасау керектігін түсіндірген әккі саясаткер осы сөздерінің өңін айналдырып, өзіне айғақ етерін білген жоқ еді. Жазушы сол кезде белсенділігімен танылған С.Түсіпбекованың тергеушінің айтуымен жалған куәлік бергенін мысалға алу арқылы Желтоқсан оқиғасына жағылған күйелердің көпшілігі қолдан жасалғандығына назар аудартады.

«1992 жылы 9 мамыр – Ұлы жеңістің 47 жылдығы күні «Желтоқсан» партиясының мүшелері Алматыдағы Дзержинский ескерткішін құлатты» [2, 159] деген дерек Хасеннің ғұмыры күреспен өткенін көрсетсе, 1992 жылы ойда жоқта тұтқындалуы Хасен Қожа-Ахметтің төртінші рет саяси қылмыскер ретінде камалуы еді.

Жазушы деректі хикаятқа бас кейіпкердің өмірін толықтыруға қызмет ететін деректер мен құжаттарды молынан пайдаланған. Жылы мен күні нақты көрсетілген оқиғалар бас кейіпкердің тарихи тұлғасын ғана емес, қазақ әдебиетіндегі көркем бейнесін толықтыруға қызмет етіп тұр.

Жазушының «Мұнар күн» әңгімесі де аталған тарихи оқиға құрбандарына арналған. Он жеті жасында соғысқа қатысып, бір аяғын берген, қос Қызыл Жұлдыз орденінің иегері Абылай 15 жыл алып, Маңғыстаудың күшейтілген тәртіпті сым қорасынан бір-ақ шықса, алаңда домбырамен ән салғаны үшін Қолқанаттың ату жазасына кесілуі арқылы жазушы сол оқиғаға жан бітірген. Шау тартқан шал мен он тоғыздағы балаң жігіттің бір күннің ішінде әке мен баладай болып құшақтасып жатуы – олардың мақсаттарының

бір екендігін байқатса, Қолқанатқа қылмысты күштеп мойындату жолындағы сорақылықтар Желтоқсанның ең жас құрбаны Қайрат Рысқұлбековке тағылған 60-65-88 бапты, яғни өлім жазасын еске түсіреді. Абылайдың «Мұнар күнді» сұратып алып, түнімен Қолқанатты түсінде көргісі келгенмен түсіне енбеуі – оның бұл өмірден озып кеткендігін мегзейтін деталь. Осындай көркемдік детальдың бір түрін жазушы Абылайдың ажал камерасынан шығатын күні түсінде сәйгүлік мініп жүргенін көрумен берген болатын.

Осы оқиғаның және бір қырын ашатын шығарма – «Қобыздың мұңы». Он тоғыз жасар жігітті жалған жаламен өлім жазасына кескен қанды қолдардың өз перзенттеріне берген жеңілдіктері бір оқиға үстіндегі бір-біріне қарама-қарсы тағдырлардан хабар береді. Қолқанаттың мойнына өлім жазасын ілгендер өз баласын қалай-қалай арашалайтындығы мына мысалдан көрінеді: «Бәла, сен енді жас емессің. Мен сенің фамилияңды РОВД-дағы тізімнен өшірттім. Ол МВД-ға жетсе, сен – оқудан, мен жұмыстан қуыламын» [2, 197]. Бірақ осындай жаннан туған Бәланың ұлттық намысын қоздырған Желтоқсан оқиғасы оның қолындағы скрипкасының қобызға ауысымен суреттелген. Алматы қаласындағы №12 мектепте оқыған Бәланың «Отырар сазы» оркестрін көрген соң қобызға деген қызығушылығы артып, Қорқыт туралы деректердің барлығын жинап, қобыздың арғы-бергі тарихынан мол мәліметтер жинайды. Өткенге салауат айтқан Бәла болашақтың сыйын Қорқыт баба қобзынан іздейді. Ботадай боздаған, жан түршіктірер қобыз мұңы Бәла әкесін ғана емес, Алматының Төлебаев көшесін тітіркендірді. Бұл – сан ғасырлар бостандықты аңсаған халықтың мұңы мен зары ретінде әсер береді.

Қ.Түменбай – шағын жанр арқылы да ел өміріндегі өзекті мәселелерді дер шағында көтере білетін қаламгер. «Періште» әңгімесіне Қазақстан жерінің экологиясын шалғайда жатқан Шерлі ауылының тыныс-тіршілігімен суреттеген. Кеңестік дәуір тұсында жасалған атомдық сынақтың салдарынан қазақ жерінің төрт бұрышы да экологиялық аймақ болып отырғаны белгілі. Жазушы жер асты байлығының жергілікті халық үшін қасірет болып отырғандығын уран өндірісі арқылы нанымды бейнелеген. Кезекті әкім мен депутат сайлауы қарсаңындағы кандидаттардың ауыл

тұрғындарымен кездесуінен басталған әңгіме ә дегеннен ширай түседі. Әкімнің кандидаты: «Ауыз суды мен әкелемін, мойныма аламын», – деп елді алдаса, журналист жігіт ол жерде одан да өзекті мәселенің бар екендігіне назар аударады. Журналист жігіт: «Бұл ел уран деген улы қазбаның үстінде отыр. Бір жылда Шерліде төрт сиам егізі, екі қазанбас, төрт үш аяқты бала өмірге келген. Осының бәрі – уран деген удың кесірі. Жер астына телегей-теңіз кислота деген сұйық жіберіп, уран шығарады. Сол кислота сіңген жердің суын сіздер ішіп отырсыздар», – деп шырылдайды [2, 175]. Бірақ әкім уранның ешқандай зияны жоқтығын дәлелдеп әлек. «Алматыдан келген депутаттыққа кандидат бағдарламасын толықтырғанда «Мен осы уран өндірісін тоқтату жөнінде үкімет алдына мәселе қоямын. Оған шамам жетеді», – деп түйіндеді сөзін» [2, 175].

Осындай екі ұдай қызу тартыспен басталған әңгіме жоғарыдан келген өкілдердің пайдасына шешіліп, жергілікті халық әдеттегідей астанадан келгендерге үміт артады. Бірақ араққа бусанған халық қалаулысы: «Урандарың көп екен, тынысым тарылады», - деп, ол жерге түнемей кетіп қалады. Осыдан кейін оқиға отбасына қарай ауысады. Екі қыздан кейін ай-күні жетіп отырған әкімнің жары толғатып, перзентханада жатыр. Барып хабарын алса босанбаған. Таң атқанша босанар деп, үйіне барып демалған әкім таңсәріден тағатсыздана перзентханаға келеді. Таңқараңғысында келіп жүргенінің бір себебі – екі қыздан кейін, арыстандай ұл туса деген үміт болса, екіншісі – ел-жұрт оянбай жатып көзге түспей барып қайту. Ел көрсе, әкімнің перзентхана жағалап жүргені ыңғайсыз болар деген ой. «Бекшора таңертең ертелетіп перзентханаға келді. Сыртқы сылағы түсіп, ішкі қабырғасы да таздың басындай ала-құла аудандағы айтулы мекемеге бас сұғам деп ойлап па еді?» деген жолдар уранның уын жұтып отырған елдің әлеуметтік жағдайының қандай екендігінен хабар береді.

Уранның уын ішкен бар халықтың алатын ақшасын бір өзі қалтаға басып жүрген әкімнің жары Қайырниса қасқыр басты, кіндіктен төмен екі аяқты адам-перзентті болады. Халықтың зары мен мұнына пысқырып та қарамай жүрген әкімнің өзі куә болған бұл шындық журналистің жар құлағы жастыққа тимей айтып жүрген уран деген удың кесірі еді.

– Бұл не? – деді тағы да күйеуі.

– Бұл – сенің перзентің. Алты аяқты лақ, жабысып туған бала, енді міне, арлан. Байқоңырдан адам ұшырып, ауылда арлан асыраймыз [2, 181]. Бұл диалогтан қолмен істегенді мойынмен көтеру керектігі, мың асқанға бір тосқан болатыны байқалады.

«Іштен шыққан шұбар жыланын» өлімге қимаған ананың періштесін орманға апарып тастаса деген арманын жазушы «Мауглиді асыраған қасқыр құрлы болмағанымыз ба?!» деген кейіпкер сөзімен жеткізген. Қазіргі таңда Қазақстанның түкпір-түкпірінен күн сайын естіп, мерзімді басылым беттерінен оқып, теледидардан көріп жүрген осындай шындықтардың бір қырын нанымды бейнелеген жазушы алдыңғы қатарлы елу елдің қатарына қосыламыз деп ұрандап жатқан елдің жазылмас дертіне шипа іздеп шарқ ұрады.

Оның әңгімелеріне арқау болған негізгі мәселелердің бірі – «қызға қырық үйден тыйым салған» қазақ қыздарының үшінші мыңжылдықта сан ғасырлар қалыптасқан ұлттық тәрбиеден, ар-ұяттан аттап, ар-ожданын жоғалта бастауы. Мұның өзі – келешек аналардың өмірі ұлт болашағына үлкен қауіп алып келетіндігінің белгісі. Қоғамдағы осындай белең алған дертке шипа іздеген жазушы жезөкшелікпен күресу қажеттігін түсіндірген. Оны жалаң сөз, жалаң оқиға арқылы емес, сол жолда жүрген жандардың жан күйзелісімен нанымды бейнелеген.

«Бұқа баққан қыз» әңгімесінде жиырма екідегі қазақ қызының алғашында өзінен қырық жас үлкен қатыны өлген орыстың үйінде пәтер жалдап тұрып, кейін оның әйелі болған жанның дертінен сыр шертеді. Әңгімедегі жастай солған Аяжан мен «Ұябасар» әңгімесіндегі Салтанат, Кәмшат, Мүнира тағдырлары оқырманға ой салады. Он жыл бойы АХБК-да (Алматы мақта-мата комбинатында) еңбек еткен Салтанаттың өмірі бір күнде фабрика жабылғанда аяқ астынан өзгеріп сала береді. Үш ай құрылыста сылақшы болып еңбекақысын ала алмай дал болған ол тағдыр тауқыметімен жеңіл жүрісті қыздардың қатарына қосылып кетеді. Қыздар педагогикалық институтына оқуға түсе алмай, ата-анасына жұмыс істеп жүрмін деп алдаусыратып жүрген Кәмшат, институттың филология факультетін бітіріп, айлығы пәтеріне жетпегендіктен АХБК-да істеген Салтанат, Мүнира –үшеуінің Саин көшесінде жолығып,

арын сатып жүруі олардың күнкөріс жолындағы әрекеттері ретінде көрінеді. Жазушы қазақ қыздарының мұндай іске баруын мұғалім мен дәрігердің тапқан ақшасы пәтерақыға жетпейтіндігімен түсіндіруге тырысқан. Сондықтан да ол әр кейіпкерінің жан дүниесін ашуға ден қояды. «Өмірім бір-ақ күнде өзгеріп шыға келгені ме? Мен тұрмысқа шығып, үйлі-баранды болсам деуші едім...» – деп ойлайтын Салтанаттың түсіндегі мыжырайған ескі қара етік – оның өмірінің теріс жолға түскенінің айғағы ретінде алынған көркемдік деталь. Жазушы бұл жолға үш қыздың үш түрлі тағдырмен келгендігін олардың өмірлері арқылы түсіндіруге тырысқан. Салтанаттың әкесіз туатын шарананы ойлағанда өксіп жылауы – тән жарасы емес, жан жарасы еді. Күндердің күнінде Сандро, «полк баласы» атанған Салтанаттың баласы ештеңемен ісі жоқ уілдеп жатты. Оның анасы баласы түгіл өзінің баспанасыздығын ойлап шер төгуде.

«Құл иеленуші» әңгімесінде қазіргі қоғамда екі таптың орнығып қалғандығына көңіл аударған жазушы құл мен құл иеленуші өмірінен там-тұмдап хабар береді. «Ташкенде танысқан Эргаш Түркістанда екі бірдей құл иеленіп отырғандай көрінді» деген жазушы оның қазақ әйелін де құлша жұмсайтындығын меңзеп отырса, сыз сасыған тоқал тамды мекен еткен Митрей иығын арқан қажаған бурлактарды еске түсіреді.

«Қазанама оқушы» әңгімесіндегі еңбегі сіңген құрылысшы Рахманның газет беттерінен оқыған қазанамадан кейін бетін сипап, соған арнап Құран оқитынына кезіксек, газет бетін жайлаған қазанамалардың көбейіп кетуі ХХІ ғасырда адам баласының өз ажалынан гөрі тапсырыспен көбірек өлтірілетіндігін меңзегендей. Оны жазушы ХІХ ғасырдағы Махамбет өлімімен ұштастырған.

Қаланы сағалаған қазақ жастарының аянышты тағдыры «Орыс пеші» әңгімесіне де арқау болған. Мұнда өз астаналарында өгей баланың күйін кешкен дәрігер жігіттің бір күнде қос перзентінен айырылуына кезігеміз. Дәрігерлік кезекшіліктен шыққан хирург Тосын жылы болады деп паналаған орыс пешінің ішінде жанбай қалған көмірдің шаласы Мұңлығы мен Зарлығын бір түнде алып кеткенінің үстінен шығып, жарын ауруханаға жеткізіп аман алып қалады. Отын тез жанып кетпесін деп пештің мұржасын көмір толық жанбай жатып тығындап жүретін орыс



қожайынға олардың өлімінен гөрі отынын үнемдеу артық еді. Қос мұңдығын Астанаға қалдырған Тосын мен Айжарық бүйткен Алматысы құрысын деп, ауруханадан тура вокзалға тартып, елге қарай бет түзеді.

Қорыта айтқанда, Қ.Түменбай шығармаларының тақырып ауқымы кең. Ол – аз сөзге көп мағына сыйғызатын, үлкен әлеуметтік мәселелерді шағын оқиғалармен суреттеуге шебер қаламгер. Жазушы қаламына негіз болған шығармалардың бірсыпырасына Ыбырай Жақаев өмірі негіз болса, енді бірқатар шығармаларында 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы, оның қоғам мен адам өміріне тигізген зиянына көңіл аударды. Жоғарыда әңгіме болған шығармалардың барлығы дерлік ел өміріндегі өзекті мәселелерді арқау еткен туындылар. Жазушы шағын жанрмен де қоғамдағы шарықтау шегіне жеткен мәселелерді көтеруге болатындығын көрсетті.

#### *Әдебиеттер:*

1. Түменбай Қ. Қобыздың мұңы. – Астана: Фолиант, 2008. – 360 б.
2. Түменбай Қ. Өлілер мен тірілер. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2011. – 380 б.

## РАХЫМЖАН ОТАРБАЕВ

(1956 жылы туған)

Бүгінгі тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиеті тарихында дара стилімен, жазушылық қолтаңбасымен өзіндік орнын қалыптастырған қабырғалы қалам иелерінің бірі – Рахымжан Отарбаев. Жазушы-драматург проза, публицистика жанрларымен қатар, әдебиет тектерінің ішіндегі күрделісі һәм кірпиязы саналатын драматургия саласында да өнімді еңбек етіп, үлкен табыстарға жетіп келеді. Бүгінгі күннің өзекті тақырыбын шығармаларына арқау еткен, адам жанының моральдық-этикалық мәселелеріне терең үңілетін талантты суреткердің қай туындысында да ұлттық идеологиялық мәселелер айрықша көзге түседі. Сонымен қатар, өмірдің түрлі бұралаңында, қым-қуыт соқпақтарында адасқан, жол тапқан сан алуан кейіпкерлер тағдыры суреттеледі. Яғни қаламгер шығармаларында көрініс беретін көркемдік-идеялық, тақырыптық ізденістерге қарап, суреткердің үлкен концепциялы жазушы екеніне көзіміз жете түседі.

\*\*\*

Рахымжан Қасымғалиұлы Отарбаев 1956 жылы 19 қазанда Атырау облысы, Құрманғазы ауданында дүниеге келген. 1977 жылы А. С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының (қазіргі М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің) филология факультетін бітірген. Институт қабырғасында жүріп-ақ еңбек жолын облыстық «Орал өңірі» газетінде тілші болып бастап, кейіннен туған жерінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып еңбек етеді. Көрнекті прозашы, талантты драматург Рахымжан Қасымғалиұлы кейінірек Алматыға қоныс аударып, Қазақ телерадио комитетінде редактор, «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Жалын» альманахында бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарады. Сонымен қатар жазушы-драматург 1993-1998 жылдары Қазақстанның Қырғызстандағы елшілігінің атташесі, Маңғыстау облыстық радио-телевидение компаниясының төрағасы, Атырау облыстық Махамбет атындағы қазақ драма театрының директоры, ҚР Президенті Әкімшілігінің

сектор меңгерушісі, Астанадағы Ұлттық академиялық кітапхананың Бас директоры сынды жауапты қызметтерде болған.

Шығармашылық жолын өлең жазудан бастаған Р.Отарбаевтың «Соғыстың соңғы бомбасы» атты тырнақалды әңгімесі Д.Исабековтің алғысөзімен 1985 жылы «Жалын» журналында жарияланады.

Жазушының әр жылдары жарық көрген «Құпия түн» (1987), «Жұлдыздар құлаған жер» (2000), «Шер» (2006), «Қараша қаздар қайтқанда» (2006), «Отверженный мир» (2007), «Дауысынды естідім» (2008), «Аспандағы ақ көбелектер» (2009), «Біздің ауылдың амазонкалары» (2012), «Шыңғыс ханның көз жасы» (2014) атты прозалық жинақтары мен Таңдамалы шығармаларының 2 томдығын, «Айна-ғұмыр» (2013) атты пьесалар жинағын ұлттық сөз өнеріне қосылған мол рухани қазына деуге болады. Бүгінде қаламгер-драматургтің көркем шығармалары әлемнің көптеген тілдеріне тәржімаланып, Англия, Франция, Түркия, Моңғолия, Египет, Қытай мен Ресейдің маңдайалды баспаларынан бірнеше мәрте қайта басылды. Атап айтқанда, Ресейдің «Художественная литература» баспасынан орыс тілінде бір томдығы, Қытайдың «Ұлттар» баспасынан қытай, қазақ тілінде 2 томдығы, қырғыз тілінде бірнеше кітаптары және 2016 жылы Түркияда «Бас» романының таныстырылымы өтіп, «Ақ көбелектер» әңгімелер жинағы жарық көрді. Сонымен қатар, Рахымжан Қасымғалиұлы Қазақстан елшілігінің «Қазақстан-Түркия» бауырластық медалімен, «TÜRKSOY» тағайындаған «Haldun Taner» халықаралық медалімен марапатталды.

Бүгінде Р. Отарбаевтың «Бейбарыс сұлтан», «Мұстафа Шоқай», «Сырым батыр», «Бас», «Абай: сот», «Мұқағали мен Фариза», «Аяулым Анфиса», «Нашақор жайлы новелла», «Двойник» атты драмалық туындылары еліміздің бірқатар академиялық, аймақтық, республикалық театрларымен қатар, шетел театрларында сахналанып жүр. Көрнекті суреткер, талантты тұлға Р.Отарбаев – Махамбет сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Иван Бунин атындағы халықаралық әдеби сыйлығының, «Парасат» орденінің иегері, Халықаралық Айтматов академиясының академигі.

Р.Отарбаев тәуелсіздік жылдарындағы прозаның шағын түрі – әңгіме жанрының өркендеуіне үлкен үлес қосқан айтулы автордың бірі. Жазушы-драматург қаламынан туған көркем образдар мен шығармаларында көрініс беретін өмірлік проблемалар жалаң авторлық ремарка арқылы емес, ұтымды штрихтар, тапқыр детальдар арқылы өрнектеледі. Жалпы жазушы әңгімелері тақырыптық жағынан әр алуан. Мәселен, өткен ғасырда-ақ қазақ прозасының тақырып арқауына айналған өнер адамдарының бейнесіне жазушы Р.Отарбаев өз шығармаларында ерекше ден қояды. Бұл қазақ әдебиетіндегі тақырып жалғастығын көрсетеді. Ұлттық сөз өнерінде «Абай жолынан» бастап, Ж.Аймауытұлының «Әнші», Ғ.Мүсіреповтің «Атақты әнші Майра», С.Бақбергеновтің «Күй», С.Жүнісовтің «Ақан сері», З.Ақышевтің «Жаяу Мұса» т.б. ірілі-ұсақты көркем туындыларда қазақ өнері мен өнерпаздарының өмір жолы, қилы тағдырлары жазушыларымыздың шығармашылық көзқарасымен әдеби кейіпкер ретінде сомдалды. Тәуелсіздік жылдарында да қазақ өнерінің құдіретін танытқан атақты күйшілер тұлғасы жазушы Р.Отарбаев шығармаларында кеңінен суреттеледі. Қаламгер «Күй – «Кербез» әңгімесінде (1987) әйгілі күйші-композитор Дина Нұрпейісованың күйшілік дарынымен қоса адамгершілік қырларын бейнелейді. Әңгімеде асқан талант иесі Динаның 75 жасында Алматыдағы ұлт таланттарының бас қосқан жиынына шақырылған игі сапары жайлы өмірлік деректер баяндалады. Автор цирк пен театры жоқ, сахнасы мен өнер мектебі болмаған қазақ даласының тума таланттарын, рухани байлығымыз – күй өнерінің құдіретін Дина бейнесі арқылы жеткізеді. Шағын ғана шығармада қазақ ауылының көрінісі, күйші Динаның өмір сүрген ортасы, «Кербез» күйінің дүниеге келу тарихы ықшамдылықпен, реалистікпен көрініс табады. Сонымен қатар, тарихи тұлғалар мен өнер адамдарының тағдырын арқау еткен «Аман бол, шешем...» (1987), «Кездесудің бір сәті» (2002), «Махамбет пен Пушкин» (2002) туындылары да көркемдік-идеялық тұрғыдан назар аударуды қажет етеді. Жазушы «Аман бол, шешем...» әңгімесінде күй атасы Құрманғазы мен күй өнері шеберлерінің ішінде ешкімге ұқсамайтын өзіндік қолтаңбасымен дараланған Сейтек күйші жайлы сыр шертсе, «Кездесудің бір сәті» әңгімесінің кейіпкерлері

– қазақ ғылымы мен мәдениетінің тарихында құйрықты жұлдыздай ағып түскен қайталанбас тұлға Ш. Уәлиханов пен орыс географиялық қоғамына мүше болған белгілі этнограф-ғалым Мұхамед Салық Бабажанов. Қаламгер бұл әңгімелерінде осынау тарихи тұлғалар мен көрнекті өнер иелерінің басындағы оқиғаларды бейнелей отырып, сол тұстағы заман шындығын көз алдымызға әкеледі.

«Аман бол, шешем...» әңгімесі Сейтек күйшінің бала кезін суреттеуден басталып, Құрманғазы тағдырының қиын да күрделі кезеңіне келіп ұласады. Әңгіменің экспозициясында бала Сейтектің ауру үстіндегі жағдайы, науқас баланы ұшықтатуға анасы мен әжесі арнайы алдыртқан тәуіп шал Қорабайдың құлқын қамын ойлаған жиренішті әрекеттері баяндалады. Қараңғы жұрттың арасында үшкіру мен түшкіруді кәсіп қылған Қорабайдың надандық әрекеті бала болса да Сейтекті ашындырады. Оқиға желісі одан әрі қазан аңдығыш қыдырма ауыл көксақалдарының диалогтарымен өрбиді. Кенет осындай көңілсіздікті бұзған сүйінші хабар естіледі. «Орынбор мен Арқа бойын аралап жалды Құрманғазы келе жатыр. Сүйінші, сүйінші!» – деп шауып ала жөнелді.

Бие сауым уақыт «әліптің артын бағып» құлақ қойған әңгімесінің соңы жаны сүймес Құрманғазыға келіп тірелген соң ба, тәуіп кіржің ете қалды...» [1, 155]. Елдегі жақсы мен жайсанды өзі секілді дүмше молда мен елге тізесі батқан Ақбай мен Шәуәтөрелер деп білетін тәуіп шалдың іс-әрекеті дәулескер күйші-композитордың қуғын-сүргін мен сергелденге толы өмір жолын, сол замандағы қоғам келбетін көрсетеді. Жазушы Құрманғазының атақты «Сарыарқа», «Аман бол, шешем...» күйлерінің тууын осындай аласапыран заманмен байланыстыра келіп, екі жыл айдауда жүрген күйшінің азапты да ауыр тағдырымен сабақтастыра суреттейді. Жалпы әңгіменің идеясы күй өнерінің киесі мен қасиетін әспеттеуге келіп тірелсе, ежелден осы өнерді қастер тұтқан бабаларымыз сонау Қорқыттан бастап, Шыңғысханға ұлы Жошының өлімін естірткен Найман Кетбұға күй тілімен толғанғанда небір адам санасы жете бермейтін жұмбаққа толы терең сырды ұқтырған.

Жазушының тарихи тұлға тағдырына арналған келесі әңгімесі – «Кездесудің бір сәті». Шығарманың басты қаһарманы –

казактан шыққан алғашқы білімді азаматтардың бірі, Махамбет пен Исатай көтерілісінде есімі жиі аталатын Жәңгір ханның қайын атасы Қарауылқожаның ұлы Мұхамед Салық Бабажанов. Әңгімеде Мұхамед Салықтың жастайынан ғылым-білімге, орыс әдебиеті мен мәдениетіне ерекше ден қойғаны, туған халқының өнер-білімін өркендету жолындағы еңбектері тарихи шындықпен, өмірлік деректермен сабақтаса баяндалады. Сол білімінің арқасында жас талап қазақ депутатиясының құрамына еніп, Ресей патшалығының астанасы Петерборға барады. Осы сапарда талапты жастың талантын таныған орыс зиялысы П.И.Небольсин оны Ш. Уәлихановпен таныстырады. Шығарманың айрықша сюжетке құрылған тұсы да осы. Кемеңгер Шоқан болашақ ізбасарын құшақ жая қарсы алады. Бір-бірімен ғылым табыстырған, рухани ұғысқан үш азаматтың ел мен жер, қоғам, заман тынысын сөз еткен ғылыми-көркем ойлары ашылады. Автор кейіпкер бейнесін ірілендіре түсу үшін көбінесе Мұхамед Салықты сөйлетеді. «Мұхамед Салықтың өз ойын әсерлі де бүкпесіз жеткізгеніне қос ғалым «әңгіменді жалғай түс» дегендей бас изесіп, тыңдай беруге құлықты екендіктерін білдірісті» [3, 149]. Шығармада Шоқан мен Мұхамед Салық арасында рухани үндестікпен қатар тағдырларындағы өзара ұқсастық та айқын сезіліп отырады. Дегенмен Мұхамед Салық Бабажанов туған халқының рухани мәдениетіне өлшеусіз үлес қосқан Шоқан тәріздес көрнекті тұлға болғанымен, ол туралы арнайы мамандардан басқа көпшілік біле бермейді. Бірақ халық арасында қанатты сөзге айналған «Салық өлді дегенше, халық өлді десейші» деген тіркес Мұхамед Салықтың өмірі жолы, қоғамдық қызметі кейінгі ұрпаққа үлгі етуге әбден лайық тұлға екенін айғақтайды. Небәрі 39 жыл өмір сүрген халқымыздың аяулы перзентінің әдеби бейнесін сомдау арқылы жазушы Р.Отарбаев елеусіз қалған тұлғаны қайта «тірілтті». Халқының осындай асыл туған перзентінің есімі мен еңбегі ұлт тарихынан өзіне лайық орын алса, автор мұратының орындалғаны деп білеміз.

Жоғарыда аталған үш шығарманың ішіндегі салмағы мол кесек туындысы – «Махамбет пен Пушкин». Негізінен қазақ әдебиеті тарихында қазақ өлеңінің алдаспаны Махамбет Өтемісұлына арналған шығармалар баршылық. Дегенмен Махамбеттей от ауызды, орақ тілді күрескер ақынның әдебиетте

сомдалуы да күрделі әрі әр алуан. Қаламгер Р.Отарбаев жасаған Махамбет образы батыр-ақынның ұрыс-қақтығыстарда суреттелетін бейнесінен гөрі өзгеше тың арна тапқан. Махамбет тағдырына арналған өзге тарихи шығармалардан айырмашылығы да, біздіңше, осы болса керек. Яғни өзге әдеби шығармалардағы Махамбет бейнесі «қара қазан, сары баланың қамы үшін» үнемі жорықта, ел қорғаны әрі қызба адам ретінде суреттелсе, мұндағы Махамбет батырлығымен қатар ұстамды, байсалды кейіпте көрінеді. Әңгімеде А.С.Пушкиннің қазақ жеріне Емельян Пугачев көтерілісіне қатысты дерек жинауға келгені айтылады. Пушкин «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын Махамбеттің серігі, жалынды жырау Жанкісінің орындауында жазып алады. Осынау тарихи шындықтың көркем шындыққа айналуы шығарманың көркемдік қуатын арттырып, әңгіменің эстетикалық әсерін күшейте түседі. Әсіресе шығармадағы орыстың ұлы ақыны Пушкиннің Махамбеттен есінде қалған ерекше шайқасын сынай сұраған сәті оқырманын ерекше толқытады. Махамбет қай қанкешуін айтарын білмей, іштей арпалысқа түсуі де нанымды, терең психологизммен көрініс табады. Әрине, Р.Отарбаевтың бұл туындысын тарихи мәліметтермен дәлме-дәл, реалистік түрде суреттелді дей алмаймыз. Өйткені, Махамбет пен Пушкиннің өмірде ұшырасуы туралы тарихи нақты мәлімет жоқ. Дегенмен көркем шығармада өмірлік деректер мен суреткер қиялының араласып келуі заңдылық. Сондықтан да қаламгер Р. Отарбаев өзі сомдаған тарихи тұлғалар бейнесін, олардың қилы тағдыры мен адамдық, азаматтық тұрғыдағы принципті көзқарастарын биік көркемдік деңгейде жеткізеді. «Адам тағдыры жазушы үшін шығарма арқауы ғана емес, өмірді танудың өзгеше тәсілі де» [4, 78], – деген академик З. Қабдоловтың пікірін ескерсек, қаламгер қазақ даласындағы аса күрделі һәм қилы саяси-әлеуметтік оқиғаларды кейіпкерлерінің талайлы тағдырымен тұтастыра баяндайды. Шығармашылық шеберліктің шыңына жеткен жазушы Р.Отарбаев аздаған детальмен-ақ Құрманғазы, күйші Сейтек, Махамбет, Мұхамед Салық, Шоқан образдарын қазақ әдебиетінде жаңа қырынан танытады. Романға жүк болар тұлғалар бейнесін шағын әңгіме шеңберіне сыйдырған жазушы шеберлігі тамсантады, таңдай қақтырады. Қарасөзді шығармашылықтың шебері Р.Отарбаев қаламынан туған бұл туындылар қазақ әдебиетіндегі

тұлғалар тақырыбын толықтырған іргелі, үздік шығармалар қатарынан орын алады деп сенеміз.

Жазушының өнер адамдарының бейнесін арқау еткен «Мұқым салған ән» (1987), «Актриса» (2012) әңгімелері де сентименталистік сарындағы үлгі тұтарлық шығармалар деуге болады. «Актриса» әңгімесінде театр өмірі, ондағы әртістер арасындағы бақталастық пен қызғаншақтық, алауыздық сияқты жағымсыз қылықтар ирониялық, сарказмдік леппен өрнектеледі.

«Бар пәле Гогольдің «Үйленуінен» шықты.

Қаламының сиясына бойдақтардың мұңы мен пендешілігін езіп, құйып жазған пьесасы ғой. Николай Васильевич некесін қия алмаған бейбақтардың бағын ашамын деп қазақ драма театры жанталасып жатты. Жанталасатындай да жөні бар. Мәдениет министрлігінен «Ұлы жазушының осы пьесасын сахнаға шығарыңдар, шығарыңдар да Агафья Тихоновнаның рөлін ойнаған актрисаны дереу «Құрмет» орденіне ұсыныңдар» деген пәрмен кеп түскен...» [5, 278]. Әңгіменің экспозициясынан-ақ контекстегі ойдың ойнақылығы, сатиралық сарын, ирониялық көзқарасты білдіретін кекесін мен мысқыл іздері аңғарылады. Шығармада театр атмосферасы, сахна әртістерінің жан дүниесі мен сыртқы пішіні, жалпы өнер адамдарының өлермендігі психологиялық тұрғыда бейнеленеді. Әсіресе, автор – антрополог Р.Отарбаев Агафья Тихоновнаның рөліне таласқан Галя, Таня, Даша мен Қызтуғанның ішкі дүниесіндегі арпалысын көрсетуде өткен өмірлеріндегі баянсыз оқиғаларды еске түсіруі арқылы кейіпкер мен оның қиялындағы елес арасында сана қақтығысын тудырады. Яғни әңгімедегі кейіпкерлердің ойы мен іс-әрекетінің кереғарлығы, рухани күйзелісі, сезім мен эмоцияға берілуі автордың психологизмнің бейнелеу тәсілдерін барынша жетік меңгергенін көрсетеді. Қаламгер «Актриса» әңгімесінің оқиға желісін жанрлық шарты қатал пьесаға айналдырады. Демек жазушының осы аттас драмалық шығармасын инсценировкаланған көркем дүние деуге болады.

Жазушының «Торшақыз бен тотықұс» (2012) әңгімесі де бүгінгі өміріміздегі моральдық атмосфераны дәл бейнелейді. Әңгімеде ғылым мен білімнің соңына түсіп, салт басты жүрген қыздың жалғызділік өмірі авторлық, лирикалық шегіністер арқылы баяндалады. «Қаланың тау беткейінде орналасқан екі бөлмелі



жиһазды пәтерде қартайып қалған мылжың тотықұстан өзге басынды сүйер, сеніп сыр айтар тірі пенде болса ше?.. Титтей ғұмырында көрінгенге көзтүрткі боп жүрсе де, қам көңіліне медеу тұтары – жалғыз қарашығы. Оның өзі де осындай алмағайып сәтте ит арқасы қиянда. Әкесіне тартқан оқымысты неме «кіші мистер Айсарин» атанамын деп Чикаго университетінің табалдырығын аттағанына екі жыл толған» [6, 93]. Қарап отырсаңыз, Торшақыз соншалықты кісі аяйтын күйде емес тәрізді, материалдық жағынан мұқтаждығы байқалмайды. Ғылым кандидаты, біреуден ілгері, біреуден кейін тіршілік кешіп жатқан Торшақыздың неліктен жаны күйзеледі? Өмірден түңіліп, өлім тілеуіне не себеп? Торшақыз да өзгелер секілді арман қуып оқуға келеді. «Жаратқан жетім көңілге иіп» жұлдызы жанып оқуға түседі. «Асфальтта ойнап өскен қаланың небір жігіт-желеңінің аузының суын ағызып, ындынын құртқан» «ауылдың әдемі қараторы қызы» жер ортасына таяғанда өзінің жалғыздығын сезінеді. Автор бір ғана қыздың басындағы жағдайды суреттеу арқылы бүгінгі мансап жолындағы қыздардың тағдырын, өмірлік шындықты боямасыз терең психологизммен жеткізеді. Торшақыз бен ғылыми жетекшісі академик Айсариннің арасындағы байланыс, бәйбішемен арадағы жанжал әсерлі де нанымды баяндалады. Жанжал академиктің өлімінен кейін одан әрі өршиді. Ақыры өмірдегі жалғыз тірегі болған адамның бейітіне жақындай алмаған Торшақыз өзіне заңсыз зират салдырып алады. Соңы сот шешімімен аяқталады. Жазушы бұл шығармасы арқылы өмірде шаңырағы бір болғанымен тіршілігі бөлек, арманы бөлек адамдардың қосақталған ғұмырында мағына болмайтынын көрсетеді. Шайпау мінез, адуын әйел тіпті өлі аруақты да аямайды. Аяушылық сезімнен мақұрым қалған қаракер бәйбішенің іс-әрекетін суреттеу арқылы автор кейіпкерінің жан азабын ашады. Оның да жалғыздықтың зарын тартып, жабығуы эгоизмнің, әу баста отбасылы адаммен байланысқан өзімшілдігінің «жемісі» екенін астарлап жеткізеді. «Тек көрші келіншектердің басы байлаулы, аяғы тұсаулы еркектерін көргенде мұның бойында әйелдік қызғаныш па, кемдікүн өкініш пе – бірде сөніп, бірде маздап жататын» [6, 99]. Шығармадағы бұл үзінді Торшақыздың өзегін өртеген өкінішін, ішкі мұңын дәл сипаттайды.

Жазушы Р.Отарбаевтың заман тынысын нанымды бейнелеген тың көркемдік ізденісін танытатын әңгімелерінің бір көрінісі – «Аяқталмаған хикая» (2014) туындысы. Шығарма автордың атынан әңгімеленеді. Әңгімеде соғыс жылдары жазушының елінде болған оқиға сюжеті баяндалады. Туындыдан соғыс жылдарының атмосферасын, сол қысылтаяң шақтағы әйелдер тағдырын айқын сезінесіз. Және шығармада кейіпкер психологиясын ашатын диалог, монолог сынды көркемдегіш құралдар да орынды қолданылып, шығарманың поэтикалық ажарын келтіруімен қоса, астары қалың әлеуметтік-философиялық, идеологиялық ой қозғайды. Оны мына бір мысалдан айқын аңғаруымызға болады:

«Түс ауа тілші қыз есік қақты...

– Ағай, Алматыдан келдім. «Ақиқат» газетінен, – деді имене басып...

– Сұрағың дайын ба, қоя бер.

– «Шетелдік күйеу» деген тақырыпты зерттеп жүр едім.

– ...Түрікмендердің қызын шетелдік алса, үкіметке елу мың доллар қалыңмал төлейді. Әйтпесе, жоқ. Қолынан сипатпайды. Сол сияқты ақалтекесі де, алабайы да – ұлттық бренд. Көзтаса етпейді...» [6, 70-71]. Шығарманың сыртқы құрылысы нәзік, «бейкүнә» юморлық баяндауға құрылғанымен, іші астыртын зарға толы. Автор бүгінгі қоғамдағы өзекті тақырыпқа айналған аралас неке мен өзге ұлтқа тұрмысқа шыққан қазақ қыздарының тағдырына ғана емес, ұлттық идеология мәселелеріне назар аударады.

Кез келген қаламгер оқырманын баурап алуда баяндаудың айрықша ритмін таңдап, шығармаларын қазіргі өркениетті, заманауи көзқараспен пайымдауға ұмтылады. Осы орайда жазушы Р.Отарбаевтың қаламгерлік ізденісін, шығармашылық потенциалын айрықша танытатын кесек туындыларының бірі – «Шыңғыс ханның көз жасы» (2014) хикаяты. Тарихи хикаят төрткүл дүниені тітіреткен ұлы қағанның өмірі туралы тарихшылардың еңбектері мен қазақ аңыз-әпсаналары арқылы бұрыннан белгілі сюжет, эпизодтарды, ой-тұжырымдарды лаконизм әдісімен суреттеуге арналған. Автор әлем тарихындағы қайталанбас тарихи тұлғаның әдеби бейнесін ұлттық прозада жаңа қырынан өрнектейді. Автор «Киевті шауып, Еуропаны еркін

кезген» Шыңғыс хан феноменін ерекше пафоспен әсірелеп, әспеттемей, керісінше, қаһарлы қағанның пенделік күдігін, өкініші мен өксігін жеткізуді шығарманың басты концепциясы етіп алады. Хикаяттағы оқиғалар желісі аң аулап жүргенде найзағай тиіп жарақаттанған Шыңғыс ханның өлім мен өмір арасында арпалысып жатқандағы түсі арқылы өрбиді. Шығармада әр бөлімнің негізгі оқиғаларын баяндау алдындағы «Осыдан оянып кетейін! Жылнамашы түрік қайда жүр? Өлі де айтары көп. Аманаты аз емес», «Құйрық-жалы сүзілген мың сәйгүлік мың тарапқа бас бермей ағызып бара жатыр екен дейді...» деген анафоралық қайталамалар кейіпкердің ішкі толқынысын, жан дүниесінің диалектикасын сипаттаумен қатар, туындының поэтикалық, эмоционалдық-экспрессивтік әсерін күшейтіп тұр. Қаламгер Р.Отарбаев ішкі монолог тәсілі арқылы аңыз адам Шыңғыс ханның өсиеті ретінде ұрпаққа сабақ боларлық философиялық пайымдаулар, оқырманға ой саларлық түйін-тұжырымдар жасайды. Хикаятта әкесі Есукей мен анасы Олуэннен бастап Жошы, Бату, Сүбедей баһадүр, Ақбура әулие, Қоқан ханы Мұхаммед Хорезмшах, Отырардың шаһарбасы Қайыр хан т.б. тарихи тұлғалардың көркем бейнелері, көне моңғол шежіресін зерттеушілердің еңбектерінде жиі ұшырасатын салт-дәстүрлері мен соғыс тактикаларының шындықтан алшақтамай, реалистікпен суреттелуі туындының тарихи сипатын арттырады. Және жазушы аталмыш туындысында Шыңғыс ханға қатысты тарихи деректерді жетік білетін әрі сол тарихи шындыққа зор жауапкершілікпен қараған қаламгер екенін байқатады. Авторлық ремарка арқылы әлем әміршісі болған ұлы қолбасшы туралы тарихи тақырыпты жаңғырта отырып, қалыптасқан дәстүрлі үлгіге қарама-қарсы поэтикалық пайымдаулар, рәміздік-символдық образдар тудырады. Туындыгер шығармадағы пейзаж бен бас қаһарманның жан дүниесіндегі катарсисті психологиялық параллелизммен, аллегориялық астармен бейнелейді. Шығармадағы бірде «ақ бураның шудасындай боп қалқып тұрған», бірде «алау-далау боп аударылып-төңкерілген ақша бұлт», «желге қарсы көшкен қара бұлт», «кұлақ кескен күн күркірі мен найзағайдың жарқылы», «күн мен түнді алмастырып алғандай» шаңқай түсте шақырған байғыз үнінің символдық мәні бар. Яғни автор кейіпкер характерін айқындап, алдағы болатын оқиғаларды паш етуде табиғат

құбылыстарына символикалық тұспалдау арқылы ишаралық сипат дарытады.

Жалпы «Шыңғыс ханның көз жасы» хикаятындағы автордың ұстанған шығармашылық принцип, шығарманың жазылу стилі каламгердің өзге туындыларынан анағұрлым ерекше. Тіпті туынды атауының өзі поэтикалық тосындығымен оқырман назарын бірден аударады. Әлемді бағындырған әйгілі қолбасшы неге жылады, неден қасірет шекті деген психологиялық құпияның жауабын туындыгер Р.Отарбаев натурастік шындықпен жеткізеді. Және хикаятта ұлы қаған бейнесі авторлық баяндаудың тасасында бірде бұлыңғырланып, бірде «жасырынып» анық көрінбейді. Автор Шыңғыс ханның балалық шағын лирикалық тәсілмен суыртпақтап суреттегенімен өмірінің соңғы сәттерін элегиялық сарынмен баяндап береді. Хикаятта айрықша орын алатын көркемдік тәсіл – психологизм. Жазушы Шыңғыс хан тұлғасын, ондағы сана қақтығысын, ой арпалысын психологиялық иірімдер арқылы нанымды бейнелейді. Автордың «Шыңғыс ханның көз жасы» хикаятын дүниежүзінде біртұтас мемлекет құрған реформатор тұлғаның көркем бейнесін қазақ әдебиетінде жаңаша өрнекпен тұлғалаған ұлы туынды деуге болады.

Жазушының философиялық ойға құрылған «Дүние ғайып» (2009) повесінде мұз құрсауын мекендейтін, ақ түтек боранда ит жегіп жүретін эскимостар өмірі суреттеледі. Шығармадағы адами болмысы, мінез-құлқы, кісілік-тұлғалық қасиеттері бір-біріне қарама-қарсы қос кейіпкер – Айнан мен Емрон бейнесі арқылы жазушы өмірдегі ақ пен қараның айқасын, жақсылық пен жамандық, мейірімділік пен зұлымдық арасындағы бітіспес күресті көрсетеді. Ақ қар, көк мұзда иесіне сенімді серік болған ақ иттің өлімі туындының кульминациялық шыңына айналған. Шығармадағы Емрон мен Айнан арасындағы конфликт осы ақ иттің өлімінен басталғанымен, жазушы негізгі тартыстың тамыры тым тереңде екенін ұқтырады. Үскірік аязда өлген итінің өлекесін өзге иттерге беруден бас тартқан Айнан образы жақсылықтың, адамгершіліктің жақтаушысы екендігін танытса, Емронның сақылдаған сары аязға қарамай, айдалада орманда жолдасын жалғыз тастап, аңшының лашығына кетіп қалған опасыздығы, жан түршіктірер қатыгездігі ізгілігін жоғалтқан адамдардың бет-бейнесін жайып салады. Міне, балықшылықпен күн көретін

өмірлік кәсібі бірдей қос азаматтың ұстанған адамдық мұраты бөлек болуы шығармадағы қақтығыстың тууына себеп болады. Автор адамдық пен айуандық арасындағы тартысты суықтан әбден қалжырап, өлуге айналған Айнанның есі кіресілі-шығасылы күйіндегі тозақ пен жұмақты елестетуі арқылы нақты штрихтармен жеткізеді.

Ал автордың «Бесқасқа Беріштің хикаясы» (2009) повесі – ертеректегі қазақ ішіндегі жөн-жоралғы, салт-дәстүрмен қатар, руаралық қарым-қатынастарды, халқымыздың дархан пейілін терең бейнелеген ғибраты мол, айрықша туындысы. Повесте Серәлі датқаның қызы Бөлекей сұлу орнына алданып, Күнікей күнді алып қашқан ер Жүсіптің бұралаң тағдыры суреттеледі. Яғни шығармада Жетісуды мекен еткен жалайырдың бір баласы Кіші жүздің бел баласына айналып, «Бесқасқа Беріш» атануы тарихи фактілермен қабыса отырып, ұтымды эпизодтармен өрнектеледі.

Жалпы «Бесқасқа Беріштің хикаясы» шығармасы жазушының трайбализм трагедиясын ұлттық сана мен ұлттық мүддеге орай түсіндіретін ұлағатты туындысы деуге болады. Әсіресе шығарманың финалындағы төрт құбыласы түгел Жүсіп өзінің етінен өтіп, сүйегіне жеткен «кірме» атануы ұрпағының сүйегіне таңба болмауын ойлап, алыс жолға аттанып, жан тәсілім етерде танымайтын аңшыға «жалайырдың таңбасын» аманаттауы қазақтың қанына сіңген тек, тектілік феноменін көрсетеді. Жазушы шағын ғана сюжет арқылы осындай ұлттық мәселелерді ұрпақ санасына сіңіруді мұрат тұтады.

Ал жазушы Р.Отарбаевтың «Бас» романының Қазақстандағы жарық көрген нұсқасы әзірге табылмады. Бір білеріміз ақын, тарих ғылымдарының кандидаты Сұраған Рахметұлының Моңғолияның Баян-Өлгий аймағынан жолдаған «Бас» романы хақында» атты мақаласынан туындының Махамбет Өтемісұлына арналғанынан хабардармыз. Мақала «Қазақ әдебиеті» газетінің 2016 жылдың 28 қазанындағы № 43 санында автордың «жазушының әлі де жарық көруге асықпай жүрген тосын шығармаларының бірі» деген ескертпесімен жарық көрген. Дегенмен жазушының осы аттас драмалық туындысы еліміздің аймақтық театрларында сахналанып жүр.

\*\*\*

Жалпы жазушы-драматургтің «Айна-ғұмыр» драмалық шығармалар жинағына енген пьесалық туындыларын тақырыптық-мазмұндық жағынан шартты түрде хан-сұлтандар мен батырлар, ақындар образын сомдаған тарихи және бүгінгі қоғамдық-әлеуметтік өмір шындығына құрылған заманауи туындылар деп бөлуге болады. Мәселен, қаламгер-драматургтің тарихи тақырыпқа арналған «Бейбарыс сұлтан», «Жәңгір хан», «Бас», «Абай: сот», «Сырым батыр», «Махаббат мұнарасы», «Мұстафа Шоқай», «Фариза мен Мұқағали» драмалық шығармалары қазақ тарихындағы белгілі тұлғалардың өмірін жан-жақты бейнелеуге арналса, «Нашақор жайлы новелла», «Двойник» пьесаларында жекелеген адам тағдыры арқылы бүгінгі қоғамның трагедиясын көрсетеді.

Туындыгер Р.Отарбаевтың драма жанрындағы шығармалары қазақ халқының әр кезеңдегі қайғылы жағдайы мен дәуір шындығын ашуымен ерекшеленеді. Әсіресе қаламгер-драматургтің тарихи эпикалық жанрдағы екі актілі, төрт көріністі «Бейбарыс сұлтан» пьесасында Алаш тарихында ғана емес, әлем тарихында айрықша дара тұлға Бейбарыстың 12 жасында құл базарында италиян саудагерлеріне 800 дирхамға сатылған сәтінен, өмірінің соңына дейінгі кезең ширьққан драмалық, психологиялық тартыстар арқылы тамаша өріледі. Пьесадағы мәмлүктер, елшілер мен Шейх, Құтіз т.б. драмалық бейнелер, олардың арасындағы полемикалық тартыс басынан аяғына дейін тастүйін қалпынан ауытқымай, шебер қиюласқан. Драматург-жазушы жат жерде жүріп, құлдықтан хандық дәрежеге көтерілген ұлт мақтанышы сұлтан Бейбарыс бейнесін жөнсіз асқақтата идеялизацияламай, керісінше жан-жақты көркемдеп жарқырата жеткізеді. Драма оқиғасы басталатын Кіші Азияның Сиуас қаласындағы құл базарында туған жердің бір түп жусанын отқа тастаған уәзірге көрсеткен өжеттігінен-ақ тұтқын бала Бейбарыстың болашақ тұлғасын танимыз. Жалпы тарихи драмада сұлтан бейнесі әр қилы драмалық тәсілдермен түрлі әрекет үстінде ашылады. Бірде мейірбан әке, бірде көзсіз батыр, енді бірде мықты стратег қолбасшы ретінде тұлғаланатын Бейбарыс образын драматург Р.Отарбаев тарихи детальдармен дәлме-дәл айшықтайды. Пьесада сұлтан Бейбарыстың туған жерге, ата

жұртына деген сағынышы айрықша лейтмотивтік мәнге ие болған. Драманың соңында Бейбарыс сатқын шаһар әкімінің у қосылған қымызын ішіп, қаза табады.

Р.Отарбаевтың драматургия саласына олжа салған «Мұстафа Шоқай», «Жәңгір хан», «Сырым батыр», «Бас», «Абай: сот», «Махамбат мұнарасы» пьесаларының да негізгі лейтмотиві – тарихи тұлғалар мен ұлттық идеология мәселесі. Драматург «Жәңгір хан» пьесасында қазақ тарихында қайшылықты тұлға Жәңгір бейнесін қайта танытуды, хандық-азаматтық болмысын салқынқандылықпен бағамдауды мақсат етеді. Пьесада бір жағынан патша үкіметінің қыспағы, екінші жағынан ел ішіндегі Махамбет бастаған топтың ханға қарсы наразылығынан екіұдай күйге түскен Жәңгір хан образы жаңа қырынан сомдалады. Сондай-ақ, туындыда айрықша дараланып көрінетін кейіпкердің бірі – ханның жары Фатима бейнесі. Фатиманың Николай патшаның таққа отыру рәсіміне арнайы шақырылып, орыс патшасымен би билеген тұңғыш қазақ әйелі әрі орысша да сауатты болғаны жайлы тарихшы, әдебиетші мамандардың еңбектерінде жиі айтылады. Осы тарихи мәлімет пьесаның өн бойында негізгі желі болып өрілген. Тіпті ашынған халықтың қаһары мен патша отаршылдарының бұғауынан шығар жол іздеп аласұрғанда, хан Жәңгірдің өзі Фатиманы мият тұтып, әйеліне арқа сүйейді. Сонымен қатар, тарихи драмадағы Жәңгірдің тыншу бермеген көп армандарының бірі – мектеп ашып, ондағы түлектерді Неплюев кадет корпусына оқуға жібергендегі қуанышы, елдің амандығы үшін жазалаушы отрядтан сақтандырып, билерге астыртын кісі шаптыруы, Исатай қазасын естігендегі аһ ұрған өкініші мен Махамбетке қайғыра көңіл айтуы, Қазан, Уфадан келген татарларға таза туысқандық ниетпен бауырластық танытуы пьесаның көркемдік-идеялық деңгейін көтерумен қатар, Жәңгір ханның тұлғалық болмысына қатысты бүркемеленіп, біржақты айтылып келген айыптауларға қарсы тарихи ақиқатты ақтарады.

Автордың түбі бір түркі халықтарының тұтастығын жүзеге асыруда аянбай еңбек еткен Алаштың аяулы ұлдарының бірі Мұстафа Шоқайдың өмір жолын арқау еткен «Мұстафа Шоқай» пьесасы да қайраткер өмірін бейнелеу арқылы сол кезеңдегі саяси-мәдени жағдайларды терең ашып көрсетеді. Тарихи драмада М. Шоқайдың 22 жыл бойы Түркиядағы, өзге де жат елдердегі

эмигранттық өмірі, күрескер азаматтың туған елі мен атамекеніне сыймай, Парижге жер аударылған аянышты халі пьесаны оқыған әрбір оқырманды бейжай қалдырмайды. Пьесада Сталиннің зымиян саясатын, фашизмнің сойқанын әшкерелеуде автор-драматург А.Байтұрсынұлы, Т.Рысқұлов, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов сынды Алаш қайраткерлерінің аян беруі арқылы сәтті шешім тапқан. Арда туған Алаш ұлына арналған пьесада Мұстафаның әйелі Мария Яковлевнаның образы да ерекше тұлғаланады. Басына іс түскенде жарына адалдық танытып, қамқор бола білген Мария бейнесі пьесада нағыз қазақ әйеліне тән болмысымен көрінеді. Мария өте дарынды опера әншісі бола тұра, жары Мұстафа Шоқай үшін өз мансабын құрбан етеді. Пьесаны оқығанда халық қамы үшін жапа шеккен М.Шоқай тағдырындағы сұрапыл драматизмді шағын ғана драмалық пьесаға сыйдырған автор-драматургтің сан қырлы талантына еріксіз тәнті боласың.

Р.Отарбаевтың тарихи драмалары ішіндегі шоқтығы биік туындыларының бірі – «Бас» пьесасы. Драмада қазақтың от ауызды, орақ тілді күрескер ақыны Махамбет Өтемісұлының жендеттер қолымен кесілген басының тағдыр-талайы баяндалады. Антрополог Нояль Шаяхметов ақынның бас сүйегін көрден қазып алып, қалпына келтіретіні тарихи шындық. Міне, осы факті пьесаның негізгі арқауына айналған. Пьесада Махамбеттің бас сүйегінен ат-тондарын ала қашқан, ақын өлендерінен диссертация қорғаған профессор да, Академияның Тарих және этнография, Әдебиет пен өнер институттары да, тіпті министрліктің іс-әрекеті арқылы автор ақынның өлі басына деген құрметсіздікті ғана көрсетіп қоймайды, бүгінгі ұлттық болмысқа, рухани құндылықтарға деген құлықсыздықты осындай аллегориялық, символдық астармен жеткізеді. Автор Махамбет тағдырына тікелей қатысы бар Қарауылқожа, Исатай, Ықылас Төлеевич, Баймағамбет Айшуақович образдарын бүгінгі қоғамдағы адамдар бейнесімен алмастырған. Яғни Махамбет заманындағы Исатай позициясы пьесада оппозиция өкілі ретінде, ақынның басын кескен қандықол топтың басшысы болған Ықылас Төлеев – бастық, Бөкей ордасының старшыны болған Қарауылқожа – ауыл әкімі ретінде көрінеді. Жалпы айтқанда, қазақ тарихындағы өлшеусіз ерлік пен өрліктің символына айналған Махамбеттің қилы тағдырындағы тарихи ақиқатты бейнелеген бұл туынды



көтерген тақырып, идеясымен құнды. Бұған дейінгі қазақ әдебиетінде Махамбет образына арналған үлкенді-кішілі шығармалар ақынның өмірін, күрескерлік рухын, аянышты өлімін суреттегенімен, бұл туынды – ақынның жылдар бойы ешкімге керексіз боп жатқан кесілген басы жайлы тарихи шындықпен жазылған тұңғыш пьеса.

Автордың екі бөлім, төрт көріністен тұратын «Махаббат мұнарасы» пьесасы – Ә.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романының сахналық нұсқасы. Р.Отарбаевтың шығармашылық шеберлігі қара сөзбен сомдалған Ақсақ Темірдің қым-қуыт тағдырын тартысқа құра отырып, ұлы қолбасшының тарихи бейнесін сахнаға шығарады. Пьесаның фабуласы, оқиғасы, характерлер қайшылығы көркем мәтін желісінен ауытқымай, тұтаса бейнеленеді. Яғни автор-драматург психологиялық-философиялық жанрдағы әдеби шығарманы сахнаға лайықтап инсценировкалайды. Жазушы-драматургтің тарихи тұлғалар тақырыбына арналған «Сырым батыр» пьесасы да ұлт-азаттық көтерілістің негізгі ұйымдастырушысы әрі қолбасшысы болған Сырым образы арқылы орыс отаршылдарының бет-бейнесін әшкерелейді. Тарихи драмада Сырымның ерлік істері мен шешендігінен гөрі, халық қамы үшін тығырықтан шығар жол іздеген көсемдік бейнесі кеңінен көрінеді. Пьесалық шығармада жанр талаптарына сай интрига, Нұралы мен Сырым, Сырым мен орыс офицерлері – казактар арасындағы коллизиялық тартыстар шашырамай жымдаса өріледі. Пьеса «Пайғамбар сынды жігіттер бар елде, мінетін есегі жоқ, есек сияқты біреулер бар, малының есебі жоқ. ...Аспаның әрқашан биі болғай, туған ел! Ата жұрт! ...Хош!» [7, 233] – деп Сырымның Хиуаға аттануымен аяқталады.

Автордың шағын ғана үш көріністі «Фариза мен Мұқағали» пьесасы қазақ поэзиясының қос алыбына арналған. Драмалық туындыда «сырласарға қазақтың жігітінен дос таба алмай» сергелдеңге түскен ұлы ақын Мұқағалидың Фаризаға мұң шаққан психологиялық күйі трагедиялық, лирикалық сипатпен жазылған. Пьесада Мұқағалидың ауру меңдеп, аурухана төсегіне таңылған сәті, Фаризаның ақындық, қарындастық қасиеті терең психологиялық штрихтар арқылы бейнеленеді. Автор қос кейіпкердің образын ашып, мінез-болмысын танытуда аз-кем драмалық шегініс тәсілін ұтымды кіріктіреді. Және екі ұлы ақын

арасындағы диалог арқылы олардың жан дүниесіндегі арпалысты, адамгершілік-моральдық сапаларды ашады. Сондай-ақ пьесадағы ағалы-қарындасты сыпайы сыйластыққа құрылған диалогтар қазақ поэзиясының қос бәйтерегі жайлы көптің көкейіндегі күмәнді сейілтп, екі алыптың образын биікке көтере түскен.

Р.Отарбаевтың «Нашақор жайлы новелла» пьесасы драматизмге толы бүгінгі қоғамның өзекті проблемасын, адамзат қасіретін арқау еткен. Автор пьесада бір отбасының трагедиясын бейнелеу арқылы оқырманды әр қилы ойларға жетелеп, түрлі сезімге бөлейді. Драмада отбасының әлпештеген жалғызы Жалқытай есімді жігіттің нашамен ауызданып, ата-ана, сүйген жар, бауыр еті бала деген адами түсініктен ажыраған мәнгүрт хәлі мейлінше шынайы, әсерлі баяндалады. Пьесада Жалқытайды есірткіге еріксіз тәуелді еткен Бозөкпе, Жанна, Камилла мен олардың сыбайластары – полиция қызметкерлерінің опасыз бейнелері де драма оқиғасын қоюлатып, бүгінгі қоғамдағы бүкпесіз шындықты ашып береді. Драмалық шығарманың соңында жалғыз ұлдың күйігіне шыдамаған байғұс ата-ана өмірден өтеді. Мерзімді уақытын өтеп, абақтыдан шыққан Жалқытай ата-анасының бейітінің басында Тоғжаны мен ұлы Барысты кездестіреді. Және өзіне арнап тұрғызылған символдық қабірді көреді. Өзінің осы тұрғызылған белгіге де лайықсыз тірі өлік екеніне көзі жетіп, өкініш өзегін өртеген жігіттің монологімен пьеса аяқталады.

Ал драматургтің «Двойник» пьесасының мазмұны өзінің бизнес партнерін киллер жалдап өлтірткен Байдың қаржы полициясының тергеуінен құтылу үшін «двойник» іздеген әлегін суреттеуге құрылған. Әсіресе жаңа заман адамдары – бүгінгінің кәсіпкері мен аңғал қазақтың, ашкөз, арсыз алаяқтардың өмір сүру салты өткір сатира мен юморлық сарын арқылы көзге ұрады. Бұл пьеса да адам бойындағы мінді, оспадарлықты күлкімен сынап, келекеге айналдырғанымен қазақ халқының ұлттық байлығы жатжұрттықтар қолымен тоналып жатқанын, қыздарымыздың шетел азаматтарының арбауына түсіп, аузы күйгенін көргенде жаның шыжғырылады. Яғни автордың бұл аталмыш драмалық шығармасында ұлттық идеологиялық мәселелерге басымдық берілген.

\*\*\*

Қорыта айтқанда, жазушы-драматург Р.Отарбаев шығармалары тарихи, философиялық, бүгінгі заманауи өмір көріністеріне ілесе алған әртүрлі пландағы соны туындылар. Яғни автор шығармалары бүгінгі адам мен қоғамды, ескі мен жаңаны, өткен мен болашақты тұтас қамтиды. Демек, қаламгер-драматург Р.Отарбаев өзіндік шығармашылық болмысымен, тарихи шындық пен өмір шындығын, заман, замандас бейнесін асқан дәлдікпен ұтқыр бейнелеген қаламгерлік қуатымен бүгінгі қазақ әдебиетіндегі үздік қаламгерлердің бірі десек қателеспейміз.

### ***Әдебиеттер:***

1. Р.Отарбаев. Жұлдыз құлаған жер (повестер мен әңгімелер). А., «Өлке», 2002. – 456 бет.
2. Отарбаев Р. Таңдамалы шығармалар жинағы. А. Өлке, 2006, 1-том.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Санат, 1995. – 456 бет.
4. Отарбаев Р. «Біздің ауылдың амазонкалары». Астана: Фолиант, 2012. – 424 бет.
5. Отарбаев Р. Шыңғыс ханның көз жасы: хикаят және әңгімелер. – Астана: Фолиант, 2014. – 224 бет.
6. Отарбаев Р. Айна-ғұмыр. Пьесалар. – Астана: Фолиант, 2013. – 512 бет.

## ҚАСЫМХАН БЕГМАНОВ

*(1958 жылы туған)*

Қасымхан Бегманов 1958 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Кентау қаласында дүниеге келген. Қазақ политехникалық институтын (қазіргі ҚазҰТУ) тәмамдаған. Әр жылдары Түркістан қалалық мәдениет бөлімінің жетекшісі, «Жалын» журналының жауапты хатшысы, Қазақстан Жазушылар одағы хатшысының орынбасары, Қазақстан Жазушылар одағы жанындағы әдебиетшілер ассоциациясының бас директоры, Алматы қаласы Бостандық ауданы «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы, Қазақстан Үкіметі Премьер-министрінің кеңсесінде бас маман, референт, аға референт, Қазақ мәдениет және өнертану ғылыми-зертхана институты директорының орынбасары қызметтерін атқарған. «Бастау» (1980), «Қарашық» (1990), «Бесіктен бейітке дейін» (1997), «Сағыныш» (2000), «Күреңбел» (2014) т.б. жыр жинақтары жарық көрген. Қазақстан Жастар одағының және Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері.

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ поэзиясының жетістіктерін саралағанда, ең алдымен, жекелеген қаламгерлердің шығармашылық әлеміне көз жіберіп, қайталанбас қолтаңба-мәнерін анықтауға талпынатынымыз рас. Өйткені, тұтас бір ұлттың әдебиетін санаулы дарындар қалыптайды. Қазақ лирикасының бүгінгі биігі жөнінде сөз өрбітіп, таланттар тұлғасын тілге тиек еткенде Қасымхан Бегманов есімін де қоса атауға тиіспіз.

Ақын шығармашылығы туралы осы уақытқа дейін көрнекті әдебиет зерттеушілері мен өз дәуірінің белгілі қаламгерлері – алдыңғы толқын мен кейін буын өкілдері татымды сөз, тұщымды тұжырымдар айтып, баспасөз бетінде жылы лебіздерін білдірген болатын. Олардың қатарында Т.Молдағалиев, Қ.Мырза Әли, М.Қойгелдиев, А.Ісімақова, Б.Алдияр сынды елге есімі таныс руханият өкілдері бар [1].

Қасымхан Бегманов – сағыныштың ақыны. «Сағыныш» деген атпен ғасыр басында арнайы жыр жинағын жариялағаны да көпке аян. Оның шығармашылығына көкей көзімен үңілген әр оқырман тұтас бір сағыныштар цикліне куә болады. «Өзің жайлы ойлаймын бүгінде мен» атты өлеңінде өзі де бар өмірінің

сағыныштан тұратынын айтады. «Сағыныштан тұрады тіршілігім», - дейді келесі шумағында [2, 137]. Басқа бір өлеңінде:

Жаңбыр жауғанда әйнекке,

Сағыныш болып шертілдім! – десе [2, 142], «Жас тұрды қара көзімде» атты өлеңінде былай деп ақтарылады ақын:

Он сегіздегі сезіммен,  
Сүйдім мен қоңыр күзімді.  
Тағы бір көктем көзімнен  
*Сағыныш* болып үзілді.

Көңілде сыр боп қалатын,  
*Сағыныш* бойды тербейді.  
От болып жүрек жанатын,  
Жастық шақ қайтып келмейді [2, 141].

Жоғарыдағы екі шумақтан Қасымхан ақынның поэзиясындағы сағыныштың басты арналары көрінеді. Оның өлеңдерінің дені жастық шақтағы махаббатына арналады. Елуді еңсергенмен, бозбала шақтағы бойжеткенге деген сезімі әлі суыған емес. Махаббатқа кіршіксіз көңілмен қарайтын Қасымхан ақын оған барынша адал болуға тырысады. Ауыл аруының бейнесін өз жүрегінде мәңгілікке қонақтатқан ақынның көптеген өлеңдерінде бұл сарынды бірден байқауға болады.

Ол он алтыдағы бозбала кезін ғана емес, балалық бал дәурені өткен Бабайқорғанын, ежелгі қазақ тағдырын, оның қыраты мен суын, өзені мен өрін, ұлы тұлғаларын сағынады. Сөйтіп, өзі де шынайы қазақ болғысы келеді. Өткен күннің бар нақышын жүрегіне қондырғысы келетіндей. Біз осы сипатты Қасымхан Бегмановтың ақындық әлеуетін танытқан өлеңдерінің бірі – «Ташкентпен қоштасуынан» анық байқадық. Ақынның аталмыш өлеңі жөнінде қазақтың көрнекті қаламгері Қадыр Мырза Әли өзінің оң бағасын берген-тін [1]. Ол «Ташкентпен қоштасу» өлеңін қазақ поэзиясындағы құбылысқа балап, өлеңнің тамыр-түбі «өткен ғасырларда өмір сүрген көне қазақ ақындарының жырларында, қопарыла айтылатын телегей толғауларында жатқанын» тілге еткен еді.

Ташкенге қарап жылағым келді,  
ардақтым,  
Әлденелерді өзіңнен қайта сұрағым келді,

ардақтым, - деп басталалатын өлең оқырманды өз ұйығына тартып әкетеді. Бұл өленде қазақтың тұтас тағдыры бар. Тарих пен тағылым қатар суреттеледі.

Шулы шаһардың самаладай боп  
шамдары жанды жарқырап,  
Көшелерінде даладай дарқан  
қазақтың көне салты қап.

Алшандай басып алашордашыл  
осында жүрді-ау асылдар,

Асылдарымды біздерден бөліп

түбіне тартты ғасырлар, - деп жырлайды ақын. [2, 58]. Өлеңге өзек болған тарихи қала десек те, мұнда туысқан жұрттың меншігінде қалып қойған құнарлы жерлер мен тұлғалар тағдыры да тасада қалмайды. Ақын Төле би, Әйтеке би, Жалаңтөс, Жолбарыс хан сынды қазақтың елдік жолында қызмет еткен айтулы тұлғалардың арғы бетте қалып кеткен молаларын, Ташкент қаласы мен оның төңірегіндегі Шыршық, Шыназ, Сіргелі, Бостандық, Қыбырай сынды аудандарды – қазақтың байырғы жерлерін жоқтайды. Сағынады. Өлеңнің поэтикалық өрісі кең, көркемдік қуаты мол. Ташкент қаласы Мағжан жырлап өткен Түркістанның астанасы болса, алаш арыстарының жолын жалғаған Қасымхан Бегманов та Түркістан жерін тамсанумен жырлап келеді. Жоғарыдағы өлең – осының айғағы. Сондай-ақ, Қ.Бегмановтың шығармашылығында Түркістан тақырыбы өзінше бір соқталы да салмақты салаға айналған деуге болады. «Шерлі Түркістан» поэмасын айтпағанның өзінде, Түркістан шаһары мен киелі қаланың маңындағы ауыл-өңірлер жөніндегі жырлардың өзі бір шоғыр. «Төрт қақпалы Түркістанға тағзым», «Түркістан ием, тарихы түпсіз тереңім», «О, Түркістан, шапағат бер, сабыр бер» т.б. сынды өлендерінде бұл тақырып кеңінен ашылып, терең қауалады. Ол өзінің «Төрт қақпалы Түркістанға тағзым» деп аталатын өлеңінде аталмыш қаланың бабалар салған сара жолдағы орны мен маңызын айта келіп, өз ойын былайша сабақтайды:

Нұрға шомылмай бабалар,

Жайнамаздарын жаймаған,

Көне бір тарих айналам, қараймын-дағы

ойланам.

Қазақтарымның Намысы, ғасырлар бойы  
сақылдап,

Тайқазанымда қайнаған.

Бір шумақта ұлт тағдырының бір бөлшегі жасырынып  
жатқандай. Осындай өлеңдеріне қарап, біз ақынды Алаш идеясын  
ту қып өткен Мағжан ақынның ізбасары дей аламыз.

Қасымхан Бегмановтың поэзиясында қазақ таным-түсінігіне  
ғана тән кейбір концептуалдық ұғым-категорияларды көп  
кезектіреміз. Ұлттық құндылықтарды ұлықтайтын ақын  
мұрасының ішінде біздің назарымызды өзіне еріксіз тартқан  
өлеңнің бірі – «Қоңыр». Бұл өлеңнің жөні бөлек, бағамы биік.  
Бірге оқиық:

Қоңыр ұл ем, қоңыр үйде ержеткен,  
Қоңыр ырғақ жүрегімді тербеткен.  
Қыратында гүл теретін қоңыр қыз,  
Қалды артымда қоңыр ауыл, қоңыр күз, - деп

жырлайды ол.

Өлеңнің құрылымы туралы сөз өрбітпегеннің өзінде,  
аталмыш өлеңге Қасымхан Бегманов «қоңыр» сөзімен бірге  
келетін 25 тіркес – 25 эпитетті кіріктіреді. Қазақ тілінің байлығы  
ғана емес, бұл өлеңде қазақ тіршілігінің де тұтас палитрасы  
оқырман көз алдына келеді. Осы дәстүр ізін біз оның «Ақын  
зиратындағы ой» өлеңінен де байқадық. Сонымен бірге, Қасымхан  
Бегмановтың шоқтығы биік өлеңдерінің санатында «Шүберек»  
өлеңін айтуға тиіспіз. Ақынның жан-сезімін, ой-наласын, аңсар-  
мүддесін білдіретін бұл өлеңді оқып отырып оқушысы да ауыр  
ойлардың астында қалатыны рас. Өйткені, лирикалық  
қаһарманның толғаныс-тебіренісімен бірге оқырманы да тербеледі,  
терең ойға шомады.

Мұзды шайна, отты жұт, шыдамасаң шоқты аса,  
Ел деп соққан бейкүнәм талып барып тоқтаса.  
Естілмесе кеудемнен жүрегімнің дүрсілі,  
Шүберекке оранып кетіп қалсам бір күні.  
Кешіріңдер, қайран ел, қардай аппақ арым бар,  
Шүберекті көргенде мені де еске алыңдар... –

дейді Қасымхан ақын. Бұл – ақынның шынайы бейнесі, имандай  
шыны. Нәзік те сырлы лирика тілімен өмірдің үлкен ақиқатын  
алдыңызға жайып салады.

Жоғарыда айтқанымыздай, ақынның өлеңдерінен қазақтың ірі тұлғаларына деген ілтипат-құрметі, ықылас-пейілі ерек екені бірден білінеді. Ол таутұлғаларды түгендеуге тырысады, жақсыларды жоқтайды. Кенесары, Махамбет, Абай, Қаныш Сәтбаев, Нәзір Төрекұлов, Дінмұхаммед Қонаев, Саттар Ерубаев, Төлеген Айбергенов, Асқар Сүлейменов, Кеңшілік Мырзабеков т.б. сынды нарғасқалар өмірін өлең өрнегімен кестелейді. «Тәуелсіздік немесе Нәзір Төрекұлов жайлы жыр», «Академик Қаныш Сәтбаев жайлы жыр», «Ақын зиратындағы ой», «Асқар Сүлейменовті еске алу», «Құбылыс» өлеңдерінде тұлғалар тағдыры бар бояуымен суреттеледі. Дегенмен, осы сарындағы өлеңдерінің ішінде Қасым ақынның жөні де, орны да бөлек тұр. Ол былай жырлайды:

Дәуірлер жайлы толғай да толғай толғаған,  
Заманалардан ұрпаққа жырын жолдаған.  
Қасқа жол салған, басқа жол салған қашанда,  
Қазақта біздің Қасымдар осал болмаған [2, 203].

Нәзік емеурін, жарасымды наз. Қасым Аманжолов есімі бірнеше өлеңінде ауызға алынады. Өз тағдыры мен әйгілі ақынның өмірін салғастыра, салыстыра қарайтыны бар. Ол ұлы ақын есімін еске алып мұңға батады. Сағыныш дерті өзегін өртейді. Жалпы, қазіргі ақындарда, әсіресе, жас қаламгерлердің өлеңдерінде мұң бар. Қайғы бар, ыза мен кек бар. Әйтеуір, ауыр күрсініс бар. Бұл әуелі Қасымхан ақында да жоқ емес. Бірақ оның шығармашылығында өзінше бөлек сипат бар. Кәдуілгі қайғы-шерге батырып жіберетін, еңсеңді түсіріп, жаныңды жабырқататын мұң емес, нәзік сезім мен ақеділ сағынышқа көмкерілген мұң мұндағы. Алайда, ол үкілі үмітінен айырылмаған.

Халқым кешке бақытты боп көз ілсе,

Бақытты боп оянамын таңертең, - деп, еңсесін езген мұңның бар сырын ашып бергендей болады [2, 54]. Ақынның қай өлеңінде де ұлттың мұраты, өткені мен келешегі сарапқа салынады. Қасымхан Бегмановтың «Сиқырлы еді-ау жаңбырлы көктем», «Абай», «Шүберек», «Ана бейітінде», «Көше ақындары», «Төрт қақпалы Түркістанға тағзым», «Дүние», «Ол көктем оралмайды», «Қараойдағы Махамбет қабірі басындағы ойлар» сынды өлеңдері оның шығармашылық әлеуетін арттырып, ақындық тұлғасын ірілендіріп тұр деуге негіз бар.



Қазақ әдебиетінің поэма жанры еркіндік алған тұста кенересін кеңейтіп, ертеректе жабық тақырыптардың санатында болып келген ұлттық мәселелерді қопара толғағанымен, дәл осы Алаш тағдыры, Алаш шындығы жөніндегі эпикалық шығармалар некен-саяқ. Әсіресе, Түркістан Республикасының негізін қалаушы, ірі саясаткер Мұстафа Шоқайдың тарихи қызметін көркемдік шындық аясында жырлау жағы кемшін түскені жасырын емес. Ұлттық сананы поэзиядай тез көтеретін бірде-бір құбылыс жоқ. Ол, әсіресе, ұлттың тарихы мен тағдырына суарылып жазылған өнер туындысы болса, тіптен бөлек. «Шерлі Түркістан» – қазақтың қасіреті мен қасиетін қатар көрсеткен рухты шығарма. Бұл – Қасымхан Бегмановтың эпикалық жанрдағы алғашқы туындысы. Поэмаға арқау болған – ХХ ғасыр оқиғалары. Өткен ғасырдың бас кезінен орта шеніне дейінгі ірілі-ұсақты өзгерістер Мұстафа бейнесі арқылы танылады. Ірі тақырыпты ірі жанрмен ғана ашуды мақсұт тұтқан қаламгердің қадамы жеміссіз болды дей алмаймыз. Өйткені, шығармада қазақтың ірі тұлғасының өмірі мен қызметі тарихи-хроникалық тұрғыдан ғана танылып қоймай, оның азаматтық-адамгершілік болмысы мен ішкі жан әлемінің небір әлемет қалып-күйі психологиялық штрихтермен ашыла түседі. Дүние дүбірі басылмай, түрк жұрттарының тағдыры қыл үстінде тұрғанда, Мұстафа бастаған тұлғалар Түркістан мемлекетінің негізін қалайды. Отан Тәуелсіздігін бәрінен биік санаған ол Совет өкіметінің талап-шарттарын қабылдамай тастайды. Мұның соңы қуғындағы азапты күндерге ұласады. Қоқан моласында жасырынып, бейіттер ішінде бірнеше күн бойы жан сақтаған қайраткердің Еуропа төріне жетіп, тарихқа мәлім істерін атқаруына дейінгі ұзын-сонар оқиға желісі көркем де әсерлі баяндалады. Қасымхан ақынның:

Өмірді шексіз сүйеді,

Өлікпен қатар жатқандар, – деп жырлайтыны осыдан [2, 244].

Ойды беру тәсілі де ерек. Бас қаһарман бейнесін сомдаудан бұрын қазақтың, түркі елінің жауынгерлік һәм қайсарлық қалпы мен салты сөз етіледі. Көркем туындыдан Мұстафа Шоқайдың ғана емес, күллі тұрандықтардың қилы тағдыры көрінеді. Мұстафа-қазақ, Мұстафа-түркі ұғымдары тұтастанып кетеді. Өлең

өлшемдері ғана емес, стильдік һәм сюжеттік ағыны құбылып отырады. Автордың ұлы тұлға ізімен жүріп өткен сапарының әсерлерін кіріктіріп отыруы һәм Мұстафа Шоқай мен Мәриям Шоқайдың бір-біріне жазысқан хаттары мен естеліктерінен үзінділер келтіріп отыруы шығарма құнын арттыра түспесе, кемітпек емес. «Шерлі Түркістан» поэмасында Мұстафаның ғана емес, оның жары Мәриямның бейнесі де үлкен маңызға ие. Автор екі ғашықтың – екі алыптың бейнесін астастыра, қабыстыра жырлайды.

Елінің ертеңі үшін құрбан болған жарының қайғылы қазасын мұсылмандық салт-жоралғылармен өткерген Мәриямның, ең аяғында, қазақтың дәстүр-салтына берік орнығып, қырық күн толғанда өлімге құрмет есебінде берілетін арнайы асты Париж мешітінде беруі – оның бейнесін ажарландыра ашып, тұлғасын биіктете түседі. Ол Мұстафа басына құлпытас орнатқызып, оған үш латын әрпі мен төрт сан жазғызады. Бұл Инжілдің бесінші тарауындағы: «Нет больше той любви, как если кто положит душу свою за друзей своих» («Жаныңды сенің тапсыратын ол достар және ол махаббат енді жоқ» – автордың аудармасы) деген 13-өлеңін меңзегені екен. Автор аяулы жардың дәл осы ісіне құрметпен қарап, былай деп жазады:

Өмірдің мынау жалғаны,  
Түркінің тұтас арманы,  
Төрт санға қалай сыйып тұр! [2, 262].

Мәриям – ірі тұлға. Ұлтының ұлы перзентінің жан-сыры, арман-аңсары, мақсат-мүддесі осы аяулы жарының естеліктері арқылы жетті. Мұстафаның аманатындай болған айтулы жүкті көтеріп жүріп өзі де ұлылар санатына қосылды. Ол тек қазақтың ғана емес, тұтас Түркістанның анасы ретінде тарихта қалды.

Поэманың өне бойында түрк бірлігі идеясы сайрап тұр. Қамшының сабындай қысқа ғұмыр кешкен Түркістан мемлекетінің, тұтас түрк жұртының күні әлі де туатынына еш шүбә келтірмейді ақын. Ол:

Шырқарың әуелетіп бір ән болып,  
Жаттайтын ұлы сөзің Құран болып.  
Түркістан, Түркі сөзі ұран болып,  
Туларың көкте самғар қыран болып.

Қайтадан дәуірлейтін заман келіп,  
Түркілер, бірігіндер Тұран болып! – дейді [2,  
275].

Автор осылай үндеу тастайды. Оқиғаны баяндап қана қоймай, кезі келгенде өзінің ішкі жан-күйзелісін ақтарып, кейде өз көзқарасын да ашып айтады. Тарихқа айналған ХХ ғасырдың сындарлы сәттеріне ХХІ ғасыр биігінен көз тастайды. Архив құжаттарымен жырының салмағын арттырып, шындықтан алшақ кетпеуге барын салады. Өз Отанының бағы мен бақыты үшін өзге жұртта сабылған саясаткердің қабірі басында ақын мына толғауды төгілте жырлайды:

Бермейтін асу шың жатыр,  
Бұйра да бұйра құм жатыр.  
Түркінің ұлы үміті,  
Осынау шағын зиратта,  
Сағыныш жатыр, мұң жатыр [2;262].

...Адал сүт емген төл жатыр,  
Мөп-мөлдір ғажап көл жатыр.  
Таппайтын ешбір картадан,  
Осынау шағын бейітте,  
Баяғы Тұран-Түркістан,  
Бөлшектелмеген ел жатыр [2, 263].

Мағжанның «Жатырымен» үйлес, бірақ жөні бөлектеу «жатырлар». Символизмнің хас шебері Мағжан «Жатырында» замана бәйгесінде оза шапқан елдердің жеткен мәресі жайында өкінішпен жыр жазса, оның бүгінгі ізбасары сол жолда шейіт кеткен бабаның бүтін бітімін аңсап, сөзден рухани ескерткіш тұрғызады. Бұл – сол кездегі рухқа деген сағыныш пен ілтипат-құрметтің туынды-жемісі. Ойды жеткізудегі ақынның дәл осы градациялық тәсіл мен эпифоралық тіркестерді қолдануы қай жағынан да шебер, ұтымды шыққан.

Жоғарыда біз Қасымхан Бегмановты сағыныштың ақыны дедік. Шығармашылық әлемін тұтас қарастырсақ, ақын жырларындағы сағыныш сарыны мынадай үш арнада түйсетініне көз жеткізуге болады:

Бірінші, жекелеген тұлғаларға деген сағыныш. Ақын, ең алдымен, бозбала шақтағы бойжеткенді сағынады, осы дертке кез қылған да – ауыл қызы. Тіпті, өлеңдерінің дені ауылда қалған мәңгілік махаббатына арналады деуге болады. Сондай-ақ, асыл ана мен сырлас жеңгеге деген сағыныш сезімі жыр боп төгіледі. Қарапайым ауыл тұрғындары мен қазақтың қабырғалы қайраткер ұлдарына деген ықылас-пейілі сағыныш болып хатқа түсіпті. Хан Кене, Махамбет, Абай, Нәзір Төреқұлов, Қаныш Сәтбаев, Асқар Сүлейменов, Төлеген Айбергенов т.б. сынды ұлт ұлыларына арналған өлеңдер осының дәлелі.

Екінші, белгілі бір территориялық аймаққа деген сағыныш. Ең алдымен туған жер – Бабайқорған, Түркістан шаһары, Кентау, Жиделі Байсын, Ташкент, Шыршық т.б. сынды бұрынғы һәм бүгінгі қазақтың төл қоныс-мекендеріне деген аңсар айқын байқалады. Әсіресе, өзгенің қанжығасында кеткен Жиделі Байсын мен Ташкентті аңсайды. Оның туған жерге деген сағынышы Қарасу мен Қарашықтың (Түркістан маңындағы өзен аттары) арасынан, Бабайқорғаннан басталып, күллі қазақ жерін қамтиды. Сөйтіп, ол қазақтың жерін тұтас қалпында сүйеді.

Үшінші, ар мен адамилыққа деген сағыныш. Біз мұны тазалыққа құмарту мен рухани-мәдени кемелдікке ұмтылудан туындаған өлеңдер деп бағалаймыз. Осы орайда, ақынның жалпыадамдық құндылықтарға құлаш сермегені анық байқалады. Өтірік пен жаладан, әділетсіздік пен арсыздықтан бойды аулақ ұстауға үндеп, адалдыққа, жақсылыққа баулиды.

Түйіндеп айтар болсақ, жоғарыдағы айтылған пікірлердің бәрі де ақынның өткен күн – уақыт ағзам мен ұмыт болған ұлттық құндылықтарға деген сағынышының үлкен екенін көрсетеді.

Қасымхан ақынның поэзиясы қазақы қалып аясындағы рух пен ғұрыпқа суарылған. Ұлттық құндылықтар ұлықталады әр өлеңінде. Дәстүр мен дін, діл мен тіл, ел мен жер – Қасымхан Бегманов өлеңдерінің лейтмотиві. Сондай-ақ, ақын арды, адамдықты, адалдықты, аманатты жырлайды. Ол мұңайған кезде ғана, сағыныш дерті дендеген кездерде ғана қолына қалам алатын секілді. Өйткені, өлеңдерінің қай-қайсысында да сағыныштың, сағынышпен астасқан мөлдір мұңның нышан-белгісі байқалмай тұрмайды.

### *Әдебиеттер:*

1. Қ. Мырза Әли. «Ташкентпен қоштасу» – поэтикалық құбылыс // Ана тілі, 28 ақпан, 2008 жыл.; Т.Молдағалиев. Махаббат ақыны // Ана тілі, №9, 28 ақпан, 2008 жыл.; М.Қойгелдиев. «Шерлі Түркістан» тарихи дастаны жайлы бірер сөз // Бегманов Қ. Күреңбел: Өлеңдер, дастан, толғаулар. – Алматы: «Каратау КБ» ЖШС; Дәстүр., 2014. – 296 б.;

2. Бегманов Қ. Күреңбел: Өлеңдер, дастан, толғаулар. – Алматы: «Каратау КБ» ЖШС; Дәстүр, 2014. – 296 б.;

3. Бегманов Қ. Сағыныш. Жыр кітабы. – Алматы: «Өлке» баспасы. – 2001. – 96 бет.

## БАҚЫТБЕК БӘМІШҰЛЫ (1958 жылы туған)

Ақын, жазушы, публицист Бақытбек Бәмішұлы 1958 жылы 25 маусымда Баян-Өлгей аймағындағы Бұлғын сұмының Үлкен темірлі деген жерінде дүние есігін ашқан. Ленинградтағы Теміржол инженерлік институтында автоматика, телемеханика және байланыс мамандығын тәмамдаған. Еңбек жолын Ұланбатыр қаласында монеторлықтан бастаған ақын шығармашылықтан алшақ салада қызмет жасап жүрсе де, өнерге деген адалдықты әсте есінен шығармағаны байқалады. Тырнақ алды өлеңдерін мектеп табалдырығында жүргенде жаза бастаған қаламгер өткен ғасырдың сексенінші жылдарынан бері прозаны да өлеңмен қатар алып жүре бастаған. Алғаш рет Баян-Өлгейдің «Шұғыла» журналына әңгімелері жарияланған. Алғашқы жыр жинағы 1998 жылы «Мәңгі көк аспан астында» атпен Алматыда жарық көрсе, одан кейін «Тұмарлы таң» (2003), «Бай бұлғын жерім-ай» (2008), «Оспан батыр» (2008), «Айторы ғұмыр» (2012) атты өлең-толғаулары мен поэмалары оқырманымен қауышса, «Азанбай абыз» (2013), «Зуқа батыр – аласапыран замана арыстаны» (2016), «Ажалсыз адам» (2016) атты прозалық шығармалары көпшілікке жол тартты.

Атажұрттан жырақта түлеген қаламгердің туындылары ә дегеннен-ақ сағыныш сазын шертеді. Бабаларының ен жайлап, еркін төстеген топырағына табан тіреуді бала шағынан арманы еткен есті көңіл жүректің сөзін қаламның ұшына түсіре білді. «Алғашқы махаббатым» өлеңіндегі өзекті ойлар осы пікірімізді толықтыра түспек:

Тауда тудым, таудың нар тақтасында,  
Ай да, күн де, жұлдыз да тап қасымда.  
Қайдан білем бір дәннің өнетінін,

Көкірегімнің көк орай бақшасында» [1, 24], – деп, көкіректің бақшасында өнген сағыныштың дәні елге деген махаббатын ұлғайта түсті. Үйірін аңсаған құлынның кісінегеніндей, кіршіксіз сезімнің отанға қаратылуы ақын шығармашылығының мәнін тереңдете түспек, «Қызған мейлі, қызғанба, Менің Сүйген – Қазақстан – Алғашқы махаббатым!» деп түйіндеуі де ақын көңілінің нәзіктігін, сезімталдығын көрсетеді.

«Туған жерге, қазақ топырағына деген сағыныш сезімінің қандай болатынын сыртта жүрген бауырластар жақсы біледі. Өз елінде жүрген жандардың өзі туған жерден ұзаған сайын оған деген сағынышы аса түсетін болса, сыртта жүргендердің жайы мүлдем бөлек» [2, 265], – деген Г.Орданың пікірі Бақытбек шығармашылығына да тура келетін секілді.

Елді аңсаған, жерді аңсаған сезімтал жүрек қаламгерді тарихи отанына 1991 жылы жетелеп әкелді. Атаның тері, ананың сүті сіңген қасиетті топырақты басқан шақтағы ақын лирикасы:

«О, тоба,

Бабамның мен іздеп жүрген

Тұрғаным жоқ па басып топырағын», – деп, шаттық жырын шартарапқа жайған, сезімге толы көңілдің шынайы бейнесі. Ақын бірде: «Ана отанға оралды аңқылдаған, Ақиқаттың ақырғы балапаны», – десе, енді бірде: «Басқа көштен бұл көштің орны бөлек, Қазақ көшті қазаққа елім-айлап», – деген жолдардан бұл көш қуаныштың көз жасы төгілген, ақ түйенің қарны жарылған көш екендігін, сол бір тарихи шындықты көркем мәтінге көшіріп баяндайды. «Қазақ келді, ағайын, қазағым деп, Қайғы-шерін жүректің жазамын деп» деуінің де мәні ерекше. Ақынның «Жаңа қоныста» өлеңі ата жұртқа ағылған қандастардың елімнің өркениетіне үлесімді қосамын деген, тілім мен ділімді берік қыламын деген игі ниеттерін байқатады. Өмірлік шындықты көркем туындыға айналдырып, ұтымды шешім шығара білген.

Туған жерге табанын тіреп, түтінін түтеткен ақынның елмен бірге біте қайнасып, «Тағдырын тасына шегелеп», қайыспас қара нар ретінде қиыныңа салсаң, қиырыңа шығуға дайын мінез көрсетеді. Бойында қалған бабалардың рухымен елге қызмет етуді мақсат тұтады. Ел мен жерсіз «... салыдай судан шыққан, Бүгін жанып ертең-ақ сөнер едім» деп отанның қадір-қасиетін тереңнен толғаған ақын:

«Әкеге – ұл, атаға – немеремін,

Сенен таптым туған ел шемен емін.

Арт арқама, аяма, ауырыңда,

Атаныңда алдыңа шөгеремін

Тағдырымды тасыңа шегеледім» [3, 3], – деп, елге берген сертіндей кестелі жолдары төрт аяғына тең тұрған тайпалған жорғадай сұлу суреттеген. Ақынның туған топыраққа

оралғандағы шаттығымен қатар, ақсаған тұстарын да ішіне сақтамай, ақ қағазға сыр ашқандығы байқалады. «Берсең бер, бермесең қой азаматтық» өлеңі бір қарағанда Қасымды еске түсіреді. Десек те, ол заман мен бұл заманның әні де, әуезі де басқа. Айтылған тақырып та екі түрлі. Отанға келген орда бұзар азаматтың жұрт мейіріне қанып, пейіліне иіп жүрсе де азаматтық ала алмай ашынуын, дегенмен қандай құқай көрсем де, Атажұрттан іргемді бөлмеймін деген өрлігін ақын «Өзіңмен бірге ал! – деп – әкең үшін, Кетемін ұрпағыма аманат қып» деуі де талай қандастарымыздың бүгінгі ақиқаты. Қаламгер өлеңдерінде өмірлік шындықтар мен замандас бейнелері сомдала отырып, олардың көркем шығармадағы образдарын жасап шығарады.

Сақ пен ғұннан сабақтасқан шежіреміз, Көк түріктің ерлігі мен өрлігі, бабалар мұрасы да ақын назарынан шет қалмаған. Мен қазақпын деп толғатқан ақынның жырларынан сонау көне ғасырлардың иісі аңқып, лебі келеді. «Мәңгі көк аспан астында», «Тұмарлы таң» жинағындағы сол заман таңбалары айқын бейнеленген. Ақын Қазақ халқының Азияның ортасына ту тіккен, күллі түріктің шаңырағын ұстап қалған айбарлы мемлекет екендігін, Тәңірден басқаға бас имес тарпаң мінезділігін жырына арқау етеді. «Қазағымның даласы» өлеңінде:

«Тұяғы тасты үгіткен,

Тағыны туды қанатты.

Тебіні ерен түріктен,

Тегімізді жаратты» [1, 14] – деп келетін

шумақтардан жылқы мінезді қазақтың ноқта, жүген көрмеген қанатты тұлпардай құлашын кеңге жая білетін тектінің тұқымы, тебіні мықты түріктің бүгінгі айбары екендігімізді жырына желеу етеді.

Өзгеден оқшау шығар даралығы мен даналығын, елінің елдігі мен өрлігін жырлауда ақын қаламының қарымы арта түсетіндей. «Таңба» өлеңінде төкпе жырдың тиегін ағытқан ақын ерлік пен елдікте, мәрттік пенен кеңдікте, балбалы мен тасында, қан мен көздің жасында, қасиетті жерінде, қазыналы белінде, өлеңі мен жырында, елтаңбасы, туында сақ пен ғұнның таңбасы қалғандығын, алты алаштың ежелден қонысы болғандығын кестелі жырмен жеткізе біледі. Өлеңде поэзияға тән айшықтауларды да шебер қолданады.



«Қазақпын» өлеңінде тарихын тасқа жазған айбарлы ай таңбалы елдің ұлы, Күлтегін мен Тоныкөктің тұқымы екендігін ескерте отырып, басқа халықтан оқшау қасиеттерімізді алдыға тартады. «Есікте емен мен енді төріндемін, Ылдиыңды қайтейін өріндемін» деп еңсесі биік елге айналғанымызды, тамырымызды теренге жайып, ешкімге еңсе бастырмас терезесі тең, айбары асқақ ұлт екендігімізді ұрандайды.

Болмасын деп байлығы басқаға азық,  
Кеткен бабам тарихты тасқа жазып,  
Бес-ақ ғасыр жасаған қазекем деп

Қоймақ біреу өзінше масқара ғып [1, 16], – деп, тарихымызды тар шеңбермен бағамдаудың жаңсақтығын көрсетеді. Осы өлеңге М.Әлімбаевтің «Мәңгі көк аспан астында» кітабының алғысөзінде берген бағасы да ерекше: «Омыраусоқтықтан туған желік емес, жел ұран емес, орынды мақтан сезімі уәжді әрі өрнекті өлеңмен әдіптелген соң, мені, оқырманды, толғанып-тебіренгенді: «Ау, мен осындай ұлы халықтың баласы екенмін! – дегізеді», – деп, жақұт жырға жарасымды бағасын береді.

Өзге де ақындар сияқты қоршаған ортаның, заманның тыныс-тіршілігі Бақытбекті де бейжай қалдырмайды. Қуанышына балаша қуанып, әттең-ай дегендері болса, көңілі құлазығанын жырларынан байқауымызға болады. Еліміз азаттық алған күннен бастап барша ақын-жазушылардың қаламына арқау болған Тәуелсіздік тақырыбы да ақынды айналып өтпеген. «Тәуелсіздік» өлеңінде әр қиырдан Ата жұртқа ағылған қазақтың шаттығын, туғаны оралып толысқан өлкенің «Айдай жаңа жаңғырған, Жолына шалам жан құрбан» деп, тәуелсіздіктің бағасын биіктетеді.

Елдіктен өзге  
Ендігі  
Алты Алашта жоқ арман

Бәрінен де сол арман [3, 23], – деп, татулыққа үндейді. Патриоттыққа шақыратын осы тектес өлеңдердің қатары ақын шығармашылығында жиі кездеседі. «Құдай сөзі – Құраным, Ұлы Тұран – тұрағым» десе, халықтың биіктігін «Халық таудай, мен түйір тарыдаймын» – деп, ақынмын деп асқақтыққа

салынбайды. «Қазақия» өлеңі де бастан аяқ өршіл рухқа толы өлеңдерінің бірі.

Көгінде алғыр – хас қыраны,  
Жерінде барыс – сақ, қырағы.  
Басып кірмек дұшпанының,  
Басын жұлып лактырады [3, 53] – деп, елі мен жерін қорғауда қайсар болмысты ту етеді. Барыс боламыз деген елдің тамырында бүлкілдеген отаншыл қан кез келген тасқынға төтеп берер күш екендігін айта отырып, оқырманын өршілдік пен батырлыққа тәрбиелейді.

Қоғамда орын алып жатқан сүреңсіз жайлар да ақынды толғандырмай қоймаған. Табиғатынан сезімтал келетін, ұшқыр қиял иелері болып саналатын ақын жаны заманның қалтарыстарын, адам пиғылының өзгерістерін:

Құрау жаным, қыртысы қабына ма?  
Қу заманым – құйтырқы, қағына ма?  
Қазақпын деп тұрсам да төсімді ұрып,  
Күдіктеніп қараймын қаныма да?!  
Тамырымнан өз қаным табыла ма?

Ұрланды ма?  
Яки уланды ма?  
Былғанды ма?  
Бұралқы буданды ма?  
Намазыңды былай қой,  
тәнімізді,  
Қойып алдық дәрет ап жуғанды да.  
Ағарды қан, қызылы буланды да.

Зұлымдықтан жыланын есіп алған,  
Адамдар жүр жерінген есіл ардан.  
Аран ашып, ақситып азуларын,  
Дүние ғой, олардың есін алған.  
Несі баян, біле ме, несі жалған! [1, 57] – деп толғаған ақын, жең ұшынан жалғасып, бір-бірімен арбасып жүретін, тоңмойын тоғышарлықты да аяусыз сынайды. Шекпендінің құқайынан зәрезап болған халықтың жалпы мұңын да тыс қалдырмайды. «Асан Қайғым, Арылар қашан қайғың?» деп

азаттық тұсындағы әділетсіздікті, тәуелсіздіктегі тәубесіздікті, қиналған жұртқа тасынғанның басынғанын көркем шындықпен бейнелейді.

Дауылпаз ақын өз заманының бет пердесін айтуда туралықты қазық етеді. «Кілкіген қаймақ» өлеңінде жан-жақтан қазақ даласына көз тігіп, қызығушылардың сұғанақтығын сөз етіп, бар болса, байлығыңды басып қалуды ойлайтын жымысқы әрекетін әшкерелейді. «Әлемге Семей әйгілі» өлеңі бір аймақтың ғана емес, күллі қазақтың жанын сыздатқан удың әсері әлі күнге зардабын тигізіп келе жатқандығын, шақалақ шағынан замана зардабын татқан сәби тағдыры суреттеледі. Одан бөлек «Қоғам мынау, торындай өрмекшінің», «Өткен ғасыр табанға шөгір кірді», «Аспаннан ара-тұра ақша жауып» т.б. өлеңдерінде солақай тірліктің сойылын соққандарды поэзия тілімен өткір сынайды.

Ел болып еңсе түзесек те, тіліміз әлі де болса тұғырына толыққанды жайғаса алмауын ақын өліммен тең деп санайды. «Тілсіз қазақ, біз қалайша тіріміз» деп ұрандаған ақын, езгіде болған кездің өткендігін, бой түзейтін уақыт жеткендігін айтады.

Көктеп талай, көктей бырт-бырт жұлындың,  
Жанатым-ау жарғағындай құлынның.

Қоқандайды қазақшасы қортықтар

Тілі тиіп, тілі емес деп ғылымның [3, 41], – деп, ана тілімізді екінші сатыға қоюшылардың, ғылым мен білімнен арасын ажыратып, ауызекі сөйлеуден ары аспайтын тіл деушілерге наразылық танытады, ондайлар рухани қортықтар деп баға береді. Бабадан қалған асыл мұрамызды мәйегіне келтіріп, мәртебесін көтермесек, онда өз қолымызбен құрдымға жіберетінімізді көркем мәтінмен баяндайды.

Көркем тілді ақын сыршыл лирикаға да құр алақан емес, сезім мен аңсарға толы сағыныш суреттері, табиғат лирикасы кең сипат алады. Ақын тамырында атажұртқа махаббат, туған жерге деген сағыныш қатар тулап, домбыраның қос ішегіндей қатар шертіледі. «Бай бұлғын жерім-ай» кітабы – сағынышқа тұнған көркем туынды, атауының өзінде аңсау айқын байқалады. Бұл ретте Г.Орда «Ж.Бөдеш шығармаларынан Т.Айбергеновпен үндестік байқау оңай. Төлеген ақынның туған жері Қарақалпақстан мен атажұрты Қазақстан арасында шарқ ұрып, үнемі сағынышта жүретіні секілді, Жәркен де кіндік қаны тамған

өлкесі мен Қазақстан арасында үнемі екіге жарылып әлек» [4, 414], – десе, осы аталған екі ақынмен Бақытбек шығармашылығынан да үндестік табылатынын айтқанымыз абзал. Ақынның «Базына» өлеңінде:

Отыз жылда бір келсең нең кетеді?!  
Осы сөзің жанымды меңдетеді.  
Туған жердің назының ауырын-ай,  
Тартылыстың қуаты сенде тегі.

Ай, жыл сайын аңсатып, шөлдетеді [5, 5], – деп, жыл санап артқан сағынышы ақынды ақ қағаз бетінде тілдестіруге мәжбүрлейді.

Туған жердің табиғатын, сұлу көріністерін кестелі жырға қосып, көркем сюжет жасаған ақын мөлдір бұлақ, қатпар тастар, тізілген теректерге сиқырлы сөзбен жан бітірген. Бірде салқар шынды аялы анаға теңеп, «Салқар шыңның сыздаған омырауы» десе, енді бірде «Мұзар шыңға мұңлы жел тиіп қашып» деп желмен тауды үндестіреді. Ерке желдің таңғы тәтті ұйқынды қашырап еркелігін де «Түртеді кеп тұр-тұрлап самал аудан» деп тамаша кейіптейді. Таудың сәнін келтірген аршаны нәзік қызға теңеп «Арша бүрме көйлегі тобылғыдан» десе, діңіне құлашын жетпес ағаштарды «Ыңыранып бұл ағаш не айтады» деп көпті көрген қарияның кейпіне келтіреді. Осындай кейіптеулердің қатары ақын шығармаларында жиі ұшырасады.

Ақын поэзияға тән көркемдік құралдарды табиғат лирикасына келгенде түйдек-түйдегімен келтіреді. «Асау Күрті» өлеңінде:

Асау бұның арыны қылығы анық,  
Қисаймайды түгінің қылы да нық.  
Бұлғын өзен қайыса қайқайып бір,  
Ақ бурадай шабады қыбы қанып [5, 19] – деп,  
арқыраған өзеннің ағысын ақ бураға теңесе, «Аңсау» өлеңінде:  
Өзенің ту биедей,  
Бұлақтарың  
Бұла құлын секілді ед байланбаған....

...Сағымды бел, салқын тау, белестерің,  
Ер тоқымды бестідей көрінетін [5, 27] – деп,  
табиғат бейнесін көркем суреттейді.

Ақын тағдырынан сыр шерткен тағы бір көркем туындысы – «Айторы ғұмыр» кітабы. Өмірі өлеңінде өрілген ақынның тағдырындағы дауылды кітап бетіне түсірген. Кітаптың негізгі мазмұны ретінде жиырмаға толар-толмас жасында бақиға аттанған қызының қайғысы, жоқтау өлендері топтасқан. Аққан жұлдыздай жылт еткен ғұмырды көркем әдебиетте жалғастыруды мақсат еткен ақын «Ғұмырыңды ұзартам өлеңіммен» деп серттеседі. Ақын трагедиясы бұнымен шектелмейді.

Оны «Жиырмаға толған жасында» өлеңінен байқауға болады.

Қорықпай өлім нарқынан,  
Өмірдің шығып шартынан.  
Аптаға толмай арасы,  
Апасы кетті артынан [6, 8] – құлдырандаған құлынымен, «тар кұрсағын кеңітіп, тас емшегін жібіткен» ананың қазасы құсаға толы жүректен мұңлы ғазалдарды тудырады. «Талқан болды қайтейін, Тірлігімнің тал түсі» деп тағдырдан баз кешеді. Дүние жалғандығын айтып, пәлсапалық ойларды ортаға шығарады.

Азалы жырларын жазған ақын өлеңге тән ерекшеліктерді де пайдалануды жадынан шығармайды. «Қоңыр» өлеңінде бірыңғай «қ» әрпінің қайталануы арқылы аллитерациялық тізбек құрады.

Қоңыраулы тұмарлы,  
Қоңыр қозым қайда екен?  
Қоңырайған топырақ,  
Қоңыр салқын жай ма екен? [6, 8] – деп, іштегі шерін тарқатады. Өлеңді серік еткен ақын мұңдасына «Қара өлең шіркін, қайғымды неге қозғадың» деп қатуланса, бірде «Өлең мені уатып, әлдилейді, Өлгенімді еске алып сағынғанда» деп көркем бейнелер құшағына енеді. Ботасын жоқтау арқылы көркем бір образ тудырып, көркем мәтінде белгілі бір кейіпкер тудырады.

Азалы күндердің әр сәті ақынға ауыр соққанын жоқтау жырындағы күн санаған сәттері аңғартады.

Күн өтті жетпіс тоғыз соқпағалы,  
Жас жүрек жазатайым тоқтағалы...

...Тоқсан күн болды толғанып,

Токсан күн толды тонғаным [6, 25-42] – деп, әр күннің ауыр күрсіністерін көркем туындыға айналдырып отырады.

Ақын азалы жырдан боркеміктеніп таусылып кетпейді, керісінше қатал тағдырға қасқая қарсы тұрып, өткір тілмен, кестелі жырмен өмірдің жалғандығын, бес күндік фәниде мәңгі тұрақтаған жан жоқтығын айтып, пәлсапалық ойларға жиі тоқталып отырады.

Кез келген дүниенің басы және аяғы болатыны секілді, Айторы ғұмырда ақын өзіне-өзі жұбату айтып, тоқтауға шақырады.

Түнектің кіріп ішіне,  
Жүректің жасын шұбатып.

Айторы ғұмыр жырымен,

Өзімді жүрмін жұбатып [6, 78] – деп, кестелі шумақтар құрайды.

Лирикада еркін көсілген ақын эпикада да кең құлаш сермейді. Оның «Аттап өткен өмірдің бала жасын», «Кім толтырар орныңды, қайран баба?» толғаулары, «Зуқа батыр», «Тәңір сынағы», «Оспан батыр», «Рух жыры – Ер Жәнібек», «Сары домбыра» атты тарихи поэмалары ақынның кең тынысын байқатады.

«Аттап өткен өмірдің бала жасын» толғауында әкесі Бәміштің қазаққа туған нәубетті жылдарда елмен бірге кешкен оқиғаларын көркем образ арқылы көрсетеді.

Сонда Бәміш тоғызда жас па еді,

Қанды жұтып, мұз жастық жастап еді.

Балалықты біржола тастап еді.

Менің әкем жалқы емес, мыңның бірі

Жазылған балғын жүрек – тасқа кегі [3, 95] – деуі – ақынның сол зұлмат заманда әкесінің бейнесі арқылы мыңның халін жеткізу. «Менің әкем жалқы емес» деуі, бұл зұлматты жалғыз өзі көтеріп, азап кешпегендігін, бүкіл халық болып кегін тасқа жазғанын баяндайды. Ата жұрттан жан сауғалап, дін мен тілді сақтаймыз деп босқан жұрттың бейнесін, атқан оқтың ортасында ат сауырына жабысып шекарадан өтуін ақын кестелі жырмен көркем жеткізеді.

Ел жолында басын беріп, азаттық үшін арпалысқан батырлардың ерлігі кімде-кімге өнеге болары анық. Азаттықтың қан кешіп, мұз жастанған бабалар ерлігімен келгендігін бүгінгі

ұрпақ білуі шарт. Ал Қытайда болған ұлт азаттық жолындағы күрестің қолбасшысы болған Зуқа батыр есімі жалпақ жұртқа әлі де әйгілі бола берген жоқ. Ақын Зуқа батыр тағдырын кестелеген тарихи поэмасында оның ерлігін, азаттық үшін арпалысқан батырдың шынайы образын жасайды. Есімін халық ардақтаған батырдың атынан Қытай билігіндегілер жасқанғандығын:

Зуқа тірі тұрғанда: көн, тулағын илетпес,  
Кеудесіне көк қанжар, көбесіне ине өтпес.

Жотасынан жосылтып, жыра тартып келсек те,  
Алтын аймақ, арасан – Алтай бізге билетпес [3, 112] – деген шумақтардан аңғаруымызға болады. Қаһарлы батырдың айбарынан сескенген жауы айламен алып, тұзаққа түсіруі, ел ішінен шыққан сатқын «Жақия» сынды жағымсыз кейіпкерлердің тарихи, шынайы бейнелерін де тудырады.

Батырдың басын Қара көпірге іліп, көтеріліс жасаймын деушілердің күйі осы деген ескертулерінен шошынған елдің бейнесін шебер суреттейді.

Қара жерді қап-қара аспан басып қалғандай,  
Арулардың ажарын ажал сорып алғандай,  
Үрейленіп көз ілсе, бас көреді бәрі де,

Көжек-ғұмыр қаралы, күндер келді жалған-ай!  
[3, 126] – деп, Қара көпірді айтса, жылаған бала тынып, кәріден сабыр кететін суреттерді көз алдына әкеледі.

Халық жолында құрбан болған бастардың қатары тарих беттерінде есепсіз екендігін толғаған ақын, осының бәрі ел жолындағы ерліктер екендігімен түйіндейді.

Тарихи тақырыпта толғаған туындысының бірі – «Тәңір сынағы» поэмасы. Тәуелсіздік кезін суреттеуден басталған поэма, азаттық таңын қадірлеу – өткенді естен шығармау екендігіне тоқталып, Хан Кене ерлігімен сабақтасады. Поэмада Хан Кененің сертке беріктігі, сатқындыққа қаталдығы жыр болады. Нақты тарихи деректер мен сол заман тұлғаларының бейнесін сомдай отырып, олардың көркем шығармадағы образын жасайды.

Азаттық жолында жан берген ерлердің есімін дәріптеген тарихи туындысы – «Оспан батыр» поэмасы. Поэмада ХХ ғасырдың 40-50 жылдар аралығында Шығыс Түркістанда өткен ұлт азаттық қозғалысы кезіндегі Оспан батыр мен қасына ерген ұлт қайраткерлерін жырлайды. Поэманы жазуға ақын ұзақ

дайындалғанын «Келмейтін оңай орайға, Оспанды жазу оңай ма?» деп бастаған туындыны оқыған сәтте, тарих тереңіне бойлай түскенде аңғарасың. Бұл – тек қиялдан құрастыра жырлаған көркем туынды емес, нақты деректерге иек артқан тарихи көркем шындық.

Оспан батыр хақында Жақсылық Самитұлының «Қаһарлы Алтай» трилогиясы прозада кеңінен суреттесе, поэзияда Бақытбектің поэмасы өлең тілінде батыр бейнесін ашып береді. Алпыс бес беттен тұратын поэма бастан аяқ жеті-сегіз буыннан құралған шұбыртпалы ұйқаспен жазылған. Төгілте жырлап бастаған ақын шығарманың көркемдік деңгейін сақтай отырып, нақты деректерге тоқталады:

Жеті өзенде жетілген,  
Жеті жігіт бірікті.  
Жеті атасын сұрасаң,  
Жүректерін түк басқан,  
Көк бөрі текті түрікті.  
Естіген өлген үрейден,  
Сұрмерген сұсты Сүлеймен...  
...Кашапат, Қапас, Тоқтаған.  
Бесінші ері Шертиман,  
Ішіне қара шер тұнған...  
... Алтыншы кемел Келесті,  
Алынбас ол бір белесті.  
Жетеуі атқа қонғанда,  
Айдарынан жел есті.  
Жетінші батыр Оспанды,  
Жұртымен жымдас, досжанды.  
Құбыға құмға жасырып,

Жетеуін Тәңір қосқанды [7, 8], – деп, ел жолында бас берген ерлер есімін тізіп өтеді. Поэмада белгілі нормалар болуына байланысты әр кейіпкерге жеке-жеке тоқталу мүмкін емес, сондықтан Оспан бейнесін дара көрсете отырып, тоқалы мен балаларының аяусыз өлтірілуі арқылы қатыгез жаудың әрекетін әшкерелесе, қарша бораған оқ астындағы айқас арқылы жалпы халықтың тағдырын сипаттайды.

Атыстан көз ашпаған,  
Алтай деген аймақ бұл.



Анау атам заманнан,  
Азиядағы қаймақ бұл.  
Аруақты қозғама,  
Атады деп киесі,

Аңырап қырда сайғақ тұр [3, 51] – деп, тірілердің тағдырына көрдегілердің көзінен жас аққандай суреттеп, сайғақты аңыратуы көркем әдебиеттегі тамаша бір кейіптеудің үлгісі болмақ.

Поэмадағы тарихи шындықтың бірі Кеңес өкіметінің де бармақ басты, көз қысты әрекетін Дәлелхан образы арқылы жеткізеді. Поэмада елі үшін басын тіккен батыр бейнесі «Күлтегіннің көктасындай» болып халық жадында қалатынын айта отырып, ой қорытады.

Бұған дейін қазақ поэзиясында сөз болмаған тарихи тақырыптарға поэма жазу Бақытбек Бәмішұлы шығармаларын өзге қаламдастарынан ерекшелейді. Өмірі өлеңінде өрілген ақынның қаламынан тамған әр туындысы ақиқатты суреттеуге тырысады. Қоғамның кез келген бейнесін көркем туындыға айналдыра білген ақын қазақ поэзиясында өз қолтаңбасымен ерекшеленеді.

### ***Әдебиеттер:***

1. Бәмішұлы Б. Мәңгі көк аспан астында. – Алматы, 1998. – 150 б.
2. Орда Г. Сөз құдіреті. – Алматы: «Дәстүр» баспасы, 2016. – 384 б.
3. Бәмішұлы Б. Тұмарлы таң. – Алматы: «Көркем» баспасы, 2003. –160 б.
4. ХХІ ғасыр қазақ әдебиеті. – Алматы: «Арда» баспасы, 2003. – 640 б.
5. Бәмішұлы Б. Бай Бұлғын жерім-ай. – Алматы, 2008.– 72 б.
6. Бәмішұлы Б. Айторы ғұмыр. – Алматы: «Ақ-Шағыл» баспасы, 2012. – 192 б.
7. Бәмішұлы Б. Оспан батыр. – Алматы, 2008. –131 б.

## НҮРҒАЛИ ОРАЗ (1960 жылы туған)

Нұрғали Ораз 1960 жылы 25 тамызда Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданындағы Монтайтас ауылында дүниеге келген. 1982 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. «Жалын» баспасының жетекші редакторы, «Парасат» журналында бас редактордың бірінші орынбасары, «Оңтүстік Қазақстан» газетінің Бас редакторы, «Қазақ әдебиеті» газеті бас редакторының орынбасары, «Ақ желкен» журналының бас редакторы қызметтерін атқарды.

Алғашқы «Долана» әңгімесі 1979 жылы «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде, «Арман қанатында» атты жинақта жарық көрді. Шығармалары орыс, саха тілдеріне аударылған. Д.Голсуорсидің, Х.Л.Борхестің, И.Кавабатаның, И.Иноуэнің шығармаларын тәржімалаған. «Жалын» баспасының балалар мен жасөспірімдер тақырыбына арналған дәстүрлі жабық бәйгесінің, «Қазақ әдебиеті» газеті, «Парасат» журналы сыйлықтарының, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты (2003). «Соқпақ жол» (1985) «Бақыршаның балалары» (1988), «Қазығұрт оқиғалары» (1995), «Аяқталмаған ертегі» (2002), «Даладан қалаға келгендер» (2006), «Биіктегі сұлулық» (2008), «Түнгі жалғыздық» (2008) атты прозалық жинақтары жарық көрген.

\* \* \*

Еліміз азаттыққа қол жеткізген соңғы жиырма жылдан астам уақыт ішінде ұлтымыздың дүниетанымы барлық жағынан үлкен өзгерістерге ұшырады. Жүздеген жылдар бойы отарлық жүйеде санамызға күшпен сіңіріліп, әбден орнығып қалған қасаң таным-түсініктерді ұлттық мазмұнға сай түбірімен өзгертуге, жаңаша пайымдауға, табылып жатқан тың деректермен, басқа халықтардың ойлау дәстүрлерімен салыстыра зерделеуге мүмкіндіктер ашылды. Бұл, ең алдымен, ұлттық тарихымызды қайта таразылаудан, әдебиетіміздің болашақ бағыт-бағдарын анықтау қажеттілігінен туындаған еді. Сондықтан да тәуелсіздік жылдары тарихи шығармалар көптеп дүниеге келді. Бұрын айта алмаған, емеурінмен танытқан ақиқат шындықты енді атын атап, түсін түстеп жазуға жол ашылды. Оның үстіне бір кездері

коммунистік жүйе таптық қоғам деп айыптаған капиталистік дүниенің материалдық құндылықтарымен қатар рухани құндылықтары да ашық есіктен именбей еніп жатты. Жаһандану дәуірінде олардан тартынып, көрпенді қымтайтындай мүмкіндік те жоқ еді. Томаға-тұйықтық баяғы Кеңес өкіметімен бірге келмеске кеткен. Сондықтан да қай елден үйренесің, кімге еліктейсің, қай ағымды қолдайсың – бәріне де еркіндік берілді, қаламгердің қалауына шектеу қойылмады. Бірақ қазақ әдебиеті солардың бәрімен де араласа жүріп өзінің ұлттық табиғатын түбірімен өзгерткен жоқ. Үйрену, еліктеу бар – бірақ сол үйренгенінің өзін ұлттық мүддемен сәйкестендіру басымрақ секілді.

Әрине, біз әдеби шығармашылықтың көбіне бір бағытта дамуына қоғамды кінәлап жатамыз. Ал жиырма жылда адам танымастай өзгерген дәуір құбылысы мен өзгерістерге біздің қаламгерлер ілесе алып жүр ме? Бұл да ойланатын мәселе. Мысалы көптеген сыншыларымыз біздің жазушылардың жаһанданудан кенде қалып, оған тек қарсылық білдірумен ғана келе жатқанын тілге тиек етуде. Олардың ойынша, қазіргі қазақ қаламгерлері шарықтап дамып жатқан әлемдік ғылыми-техникалық үдеріске, дүние жүзіне ортақ мәдени, әдеби-философиялық интеграциядан оқшауланып қалғандай. Сондықтан да олар кез келген жаңашылдыққа, постмодернистік үлгілерге үрке қарайды. Бірақ сол жаңа үлгілер бізге нақты керек пе, немесе ол да бір кезеңдік қана процесс пе дегенге де толық жауап табу қиын.

Қазіргі прозада өзіне тән стилімен, образ сомдаудағы шеберлігімен, ерекше баяндау тілімен көзге түсіп жүрген жазушының бірі – Нұрғали Ораз. Оның шығармалары әдебиетсүйер қауым арасында кеңінен танымал деуімізге болады. Ол сексенінші жылдары жарық көрген алғашқы «Долана» әңгімесімен-ақ өзінің қазақ прозасында айтары бар қаламгер екенін дәлелдеп берген еді. Кішкентай бала мен өмірдің ащысы мен тұщысының дәмін татқан қарт адамның психологиялық иірімдерін суреттеудегі жазушының талпынысы сол кездің өзінде-ақ қазақ прозасына талантты қаламгердің келіп қосылғанын аңғартқан болатын.

Нұрғалидың шығармаларына арқау етіп тандаған тақырыптарын бұрын сөз болмаған тың тақырып дей алмаймыз.

Бірақ жазушының шеберлігі сонда, кішкентай оқиғадан да адамға ой салатын, сезіміне әсер ететін детальдарды тауып, мөлдіретіп, жинақы баяндап беруге икемді. Оның қай әңгімесін оқысаңыз да әйтеуір бір өкінішіңіздің, ойыңызды көптен бері мазалап жүрген сұрақтардың жауабын табатыныңыз кәміл. Бұл жағынан алғанда жазушы өзі өмір сүріп отырған кезеңді, заманды терең зерттеп білген, сол туралы толғана ой айтатын абыз секілді. Өмірді, өзімізбен бірге өмір сүріп жатқан адамдардың көкейкесті армандары мен мақсаттарын дөп басып танымай тұрып қолға қалам алудың керегі жоқ екенін Нұрғалидың шығармаларын оқығанда байқағандай боламыз. Оның сомдаған образдары да өзіміз күнде көріп жүрген, бізбен қатар өмір сүріп келе жатқан замандастырымыз. Сондықтан да ол мейлі бала болсын, мейлі қарт адам болсын, жазушы бейнелеген әр образ жанымызға жақын, мінез-құлықтары мен іс-әрекеттері де түсінікті болып келеді. Мысалы, айдалада өсіп тұрған долананың құрап қалғанына жаны күйзелген атасының көңіл толқынысын кішкентай немересі толық түсіне де бермейді. Бірақ байыбына бармаса да іштей сезеді. Қария ата-бабаларынан қалған баудың көзіндей болған долананың көктемей қалуын неге жоруы мүмкін? Оның орнында өзіміз болсақ қандай күйге түсер едік? Жазушы оны тәптіштеп түсіндіріп жатпайды. Бірақ өтпелі өмір, тоқтаусыз уақыт деген философиялық ұғымдарды осынау шағын деталь арқылы ұтымды түсіндіреді. Өз ойымен әуре болған қарт іштегі сырын біреуге айтып, сыртқа да шығармайды. Бірақ оның жанын күйзелткен оқиғаның себеп-салдарын қаламгер шағын психологиялық суреттеулер арқылы нақты ашып көрсете алған.

Біз осынау зерттеу еңбегімізде Н.Ораз шығармаларындағы образдар жүйесіне әр қырынан талдаулар жасап, жүйелі ғылыми пікір айтуға тырысамыз. Ол үшін бізге образ деген не, оның көркем шығарма жүйесіндегі рөлі қандай, шығарма мазмұны мен пішініне қатысы туралы теориялық мәселелерді еске түсіре кеткеніміз жөн. «Ақын образбен ойлайды, ол ақиқат шындықты дәлелдемейді, көрсетеді», – дегенді В.Г. Белинский осыдан бір жарым ғасыр бұрын айтқан болатын. [1, 157] Көркем образ мәселесі – әдебиеттанудың ең бір күрделі мәселелерінің бірі болып келеді. Образ – жазушы-суреткер үшін тек материал ғана емес, өмірді танудың жолы. Қаламгер өз санасында жасаған

образдардың іс-әрекеті, болмыс-бітімі, өмірге қатынасы, ой-өрісі арқылы ақиқат өмірді суреттейді. Ол ғалым секілді өмірдегі алуан түрлі оқиғалардың себеп салдарынан ой қорытып, оның мәні мен мағынасына талдау жасап жатпайды, керісінше сол оқиғаларға тікелей қатысушылардың шынайы бейнесін, анығырақ айтқанда, күллі шындықты тікелей көз алдымызға алып келетін адам бейнесін сомдайды. Ал әр образ – өзінше жеке тұлға, қилы-қилы мінездер жиынтығы. Әрбір образды сәтті мінездеу үшін қаншама ой мен қиял, жанкештілікпен іздену керек екендігі туралы жазған қаламгерлер естеліктері қаншама. Мұнан байқайтынымыз, кез келген кейіпкер тұлғасының қалыптасуы қажырлы еңбекті қажет етеді екен. Сонда ғана көркем шығарманың шынайылық сипаты арта түспек, сонда ғана кез келген оқырман өзі іздеген ақиқатты өзі сияқты өзге жанның бойынан айқын тани алмақ. Ганчаров: «Тек ақылмен он том дүние жазып, бір «Ревизор» сияқты шығармадағы он кейіпкердің айтқанын жеткізе алмайсың», – дегенде сол кейіпкерлердің болмыстарындағы әр алуан сыр мен ойдың күрделі бірлігін білдіргісі келсе керек.

Көркем бейне, образ дегенде біз тек (персонаж, персон-лицо) кейіпкер (кейіп, бет-әлпет) туралы ойлап қоймаймыз, оның құрамында табиғат суреті, метафора мен теңеу т.б. бөлшектер тұтасып жатады. Бірақ ең бірінші автор санасында адам суреті, оның сыртқы портреті мен мінез-құлқы орныға бастауы тиіс. Ол көркем шығарманың өн бойында мынадай сипатта көрінеді

- 1) Образдың өмірдегі адаммен байланысы (прототип)
- 2) Образдың ішкі мазмұны (характер)
- 3) Оның сыртқы келбеті (портрет)
- 4) Өмірдегі адамның көркем шығармадағы қызметі, орны (тип).

Жазушы шығармаларындағы барлық образдар өмірде болған адамдардың көркем бейнелері деуге болмайды. Н.Ораздың «Жылқының көз жасы» деген әңгімесінде әбден қартайған, өзіне көптеген жыл серік болған қасқа биесін өлімге қимай, іштей мұңға батқан Абат қарттың көңіл-күйіндегі арпалысқан сезім шырғалаңы сөз болады. Мал да болса қарияның өмірінде маңызды із қалдырған Қасқабиенің өлімі, расында да, саналы адамды әртүрлі ойға жетелеп, мына жарық дүниедегі адамдық парыз, достық, адалдық сияқты адами құндылықтарды өзге қырынан тануға

мүмкіндік береді. Заты мал болса да ешқашан иесін жолда қалдырмаған, тіршілігіне тірек болған биенің өлімі Абатты үлкен ойға қалдырады. Сондықтан да оның өліміне қайғырып, бауыздауға да қимай, ауылдан жырақ жердегі қыратқа апарып көмеді. Жол бойы Абат қарт өткен өмірін, қасқа биенің ерекше қасиеттерін еске алумен болады. Шығарманың осы тұстары Ш.Айтматовтың «Қош бол, Гүлсары» повесін еске түсіретіндей.

Н.Ораздың шығармаларында адам мінезінің терең қатпарларына үңілу, қарапайым пенделер арасындағы қатынастардың астарын ашып көрсетуге деген ұмтылыстары көбірек байқалады. Жазушының баяндауындағы жан тербетер ырғақ, фольклорлық ауыз әдебиеті желісіне ұқсас сарындар, жеке өзіне ғана тән поэтикалық синтаксис, іштейгі ұйқастар мен қайталаулар Нұрғали Ораздың шығармаларын өзгеше бір әуенмен әрлейді, психологиялық қуатын арттыра түседі. Оның шығармаларындағы логикалық паузалар мен көңілкүйдің іштейгі әуенін жеткізіп тұрған инверсиялар, пейзаждың мағыналық рөлі, адам мен табиғат арасындағы психологиялық қарым-қатынастар баяндаушы-автордың адамгершілік-эстетикалық позициясын айқындайтын элементтер.

Жалпы, Нұрғалидың әңгімелерінде негізінен адамның ішкі толғаныстары, монолог жиі көрініс беріп отырады. Бұл жағынан оның әңгімелерін лирикалық әңгімелерге жатқызуға болатын сияқты. Мысалы, «Тазқара» хикаясында кеңес дәуірінде үлкен қызметте болған Кәрім Меңдіғалиевтің адами болмысы кейіпкердің өзінің ішкі толғаныстары арқылы жан-жақты ашылған. Кәрім шағын ауылдан шыққан үлкен лауазым иесі болғанымен, тек өзінің қара басының қамын ойлайтын мансаптың құлы ғана. Жазушының «тазқара» деп атауының да сыры – ол қыран емес, өлексеге үйір күшіген дегенге келеді. Оның бойында елге деген махаббат, туысқа деген жақындық, ұлтқа деген мейірім, сүйіспеншілік деген атауымен болған емес. Ол үшін ең қымбат нәрсе астындағы орынтағы ғана. Одан өзге оның ойында ешқандай мұрат та, мақсат та жоқ. Өзімен бірге өскен ағайыны Тағайдың қызы сексен алтының ылаңында жаламен ұсталғанда да қолынан келіп тұрған көмегін жасай алмауы соның дәлелі.

Қазіргі қолына қалам ұстаған қауым арасында өзінің шығармашылық шеберлігімен көпшілік оқырманның көңілінен

шығып жүрген Нұрғали Ораздың «Қайыршының жұлдызы» әңгімесінің сюжетінің қазақ прозасында бұрыннан қалыптасқан өзге екі адам арасындағы әңгіменің желісі арқылы басталуы да шығарманың алабөтен жаңалығы бар дүние екенін байқата қоймайды (Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» хикаятынан бері келе жатқан дәстүр). Бірақ көлемі оншақты беттен сәл-ақ асатын осынау шағын әңгімені оқып шыққанда қасымызда жүрген адамдар туралы, өзіміз өмір сүріп отырған заман туралы ойға шомып, іштей мүжіліп, өзгеше бір көңіл күйді басымыздан өткізетініміз рас. Бұл жазушының тақырыпты ұтымды таңдай білгендігі, шығарма идеясының біз күтпеген тұстан байлам жасап, соны ойға жетелеуінен десек қателесе қоймаспыз. Талантты актердің қайыршыға айналып кетуін жазушы сенімді бейнелей алған. Өмірде жолы бола қоймаған жас жігіттің қоғамдағы ең бейшара топ өкілдеріне қосылу себептерін де, яки шығарма сюжетіндегі логикалық байланысты да өмірдің өзінен бұлтартпастай сенімді етіп ала білген. Бүгінгі өнер адамы кім, оның дарыны мен талантын бағалап, өнерге сіңірген еңбегін елеп жатқан кім бар? Осы қоғамда бізбен қатар өмір сүріп жатқан қарапайым өнер адамының өзгелерден айырмасы қайсы? Біз көрген, біздің замандастар көрген қиындықты олар да көріп келеді. Етектен тартқан жоқшылық қасіреті оларды да айналып өтіп жатпағанына әңгімені оқи отырып көз жеткіземіз.

Қайыршының рөлін сомдап, атағы шағын қалада дүркіреп тұрған азаматтың адами тұрмысы жан төзгісіз қиын. Оны жазушы былайша суреттейді: «Өнер адамдарының күнкөрісіне қазір кім көңіл бөліп жатыр, сахнадан жарқырап көрінгеніне қарап, е-е, бұларда бәрі бар, нағыз бақытты жандар осылар ғой деп ойлайсыз. Ал шындығында олардың бір айда алатын арзымайтын жалақысы – базардағы саудагердің бір-ақ күндік табысына тең. Маркс дұрыс айтқан: «Сананы тұрмыс билейді». Биік рух әрі кетсе бір-ақ күнге азық болады...» [2, 40]. Бұл ақиқат шындық болғанымен, шағын әңгімеде оны публицистикалық сарында баяндаудың керегі жоқ еді, онан гөрі сол жоқшылықтың сырын ашатын айшықты бір деталь тапқанда әлдеқайда ұтымды шығар еді. Ал одан кейінгі актердің қызының пальтосын мектепте ұрлатып алып, суық тиіп ауыруы да жалаң баяндау сарынынан аса алмаған сықылды. Осы екі эпизод болмаса, шығарманың тілі жатық, сюжеттің даму

сатылары да бір бірімен композициялық тұрғыда әсем үйлесім тапқан. Шығарма ішіндегі шығарманың сюжеті түгел дерлік баян етілмесе де, автор театр сахнасында қойылған туындының идеялық мұратын мынадай бір екі сөйлеммен-ақ нақты ашып, дәл таныта алған. «Оу, халайық! – деді ол спектакльдің соңында залға қарап екі алақанын жайып отырып. – Сендер менің ойымда не бар екенін қайдан білесіңдер?! Құдайға шүкір, жетеді... бәрі де жетеді. Қайғы да, сор да, қуаныш та, бақыт та кезектесіп өтіп жатады алдымнан. Иә... иә, мен сендерді сынау үшін отырмын осы жерде!», – дейді [2, 38]. Осы актер аузымен сахнада айтылған сөз Н.Ораздың да әңгімесінің идеялық тұғыры іспетті. Жазушы заман жайлы, оның қызығы мен қуанышы жайлы айтпақ болған ойын қайыршының сөзі арқылы осылайша жеткізген деген ойға тоқталдық... Шын талант иесі қоғамдағы экономикалық қиыншылықтардың құрсауынан шыға алмай арпалысып жүріп, ақыры ақша табудың жолына түсіп кетеді. Қарын тоқтығы мен дүниенің буы оны түптің түбінде рухани қайыршылыққа әкеліп соқтырады. Ең соңында қу дүниенің құлына айналған бір кездегі атпал азаматтан әйелі де, бала-шағасы да безіп кетеді... Бұл жазушының замана шындығын суреттей отырып жеткізген идеясы, қазіргі кезеңнің трагедиясы.

Жалпы Нұрғали Ораз шағын әңгімеде адам сезімінің алуан қырлы толқындарын мөлдіретіп беруге төселген қаламгер. «Біз, ол, «мерседес» және махаббат» деген әңгімесінде түкпірдегі ауылға нағашы әжесі Сағираға келген бойжеткен қыз Бибіжардың мінезін айшықты да әсем суреттейді. Әңгімеде адамды елең еткізерліктей оқыс оқиға да жоқ, шырғалаң сюжеттік тартыстан да ада. Бірақ шағын шығарманы оқып шыққанда оқырман көңілінде бір қимастық сағыныш, екі-үш күн ғана сырттай таныс болған ақжарқын қыздың ерке қылығы ұмытылмастай болып жатталып қалады. Расында да, түкпірдегі ауылға келген өнерлі қыздың әрбір әрекеті, әрбір қимылы, сөйлеген сөзіне шейін тартымды, ешқандай да жасандылық жоқ. Бірақ сонысына қарамай қазақы тәрбие алған бұйығы ауылдың балалары үшін оның барлық әрекеті жаңалыққа толы, тосын да қызықты болып сипатталған.

«Бибажар келгелі біз құдық басында бір-бірімізге су шашысып, қуаласып ойнайтын болдық. Сайдағы жалғыз құдықтың суы да көбейіп кеткен секілді. Бұрынғыдай емес, өзімізді біртүрлі



еркін сезініп, жарық дүниеге шыр етіп түскелі бері жанымызға батып, иінімізді басып келген бір ауыр жүктен құтылғандай жеңілдеп қалдық.

Бибажар мал суаруға күнде келсе екен деп тілейміз іштей. Мейлі, ол сәмбі талдай майысып, құдықтан су тартпай-ақ қойсын. Сағира шешейдің қойларын өзіміз-ақ томпаңдап жүріп суарып береміз. Тек біздің ортамызда сықылықтап күліп, мәз-майрам болып жүрсе болғаны. Шынында да оның мінезі бала сияқты еді. Ол біздің ауылдың барлық қызынан сұлу болса да, тәкәппарлық, паңдық дегенді білмейтін. Екі беті бал-бұл жанып, бізбен бірге асыр салып ойнап жүретін-ді», – деген үзіндіден Бибажарға деген ынтызарлықты аңғарамыз және оған имандай сенеміз [2, 99]. Бұл жазушының шағын әңгімеде өз оқырманын ұйыта білген шеберлігінен деп білеміз.

Ораздың кейбір әңгімелерінің сюжеттік желісі ойламаған жерден тосын басталып жататын кездері де жиі ұшырасады. Ондағы қаһармандар да өзімізге таныс бүгінгі замандастарымыз. Бірақ аталған шығармалардағы әйелдер образдары арқылы нені насихат еткісі келді, қаламгердің позициясы қандай деген сұрақтарға жауап таба алмаймыз. Мысалы, «Оңаша арал», «Бақ құсы» деген әңгімелеріндегі оқиғаның өрбуі, адамдар арасындағы байланыстың күтпеген жерден басталуы осыған дәлел бола алады. Ақыл тоқтатқан жігіт пен жас келіншектің кафеде таныса салып бірін-бірін қимай, сырласа кетуі оқырманды иландыра алмайтын сықылды. «Бақ құсында» да жас қыздың өзін танымайтын жазушы жігіт ағасын мейрамханаға шақырып, артынша оған барлық сырын ақтарып, жақындаса кетуі моральдық жағынан ғана емес, логикалық тұрғыдан да сенімсіз дер едік. Дей тұрғанмен де, қанша жерден заман өзгерсе де, адамгершілік қасиеттің әрдайым биік тұрғаны абзал шығар... Бұл тұрғыда Н.Ораздың әлі де болса өзіне талапты жоғарырақ қойғаны жөн. Себебі оның жаман жазуға қақысы жоқ. Мөлдір де сырлы әңгімелері оның сол биіктен түспеуін талап етеді. Осы жерде Асқар Сүлейменовтің мына бір сөзі ойға оралады: «Жазушы да, жазушының геройы да басқаға, басқалардың өз-өзіне деген сындық талаптың іштей піскенін етене түйсініп жүр. Талап – қоғам талабы, қоғам иесі адам талабы. Ұлыққа да, кішікке де, оның жақсы-жаман қылығына алақан астынан қарауға келісімпаздыққа, әй, қойшы соны, әйтеуір

бірдемесі болар деген бойкүйез бұйығылыққа көк сүңгі болып шүйлігетін талап. Әркімнің серігі де, көлігі де осы талап болу керек. Бірінші кезекте – талап, басқа түк те емес» [3, 28].

Н.Ораздың прозасында ерекше көзге түсетін тақырып – балалар өмірі тақырыбы. Академик И.А.Виноградов «Тақырып категориясы өте қарапайым ұғым секілді көрінгенімен, байыптап қараған кез келген адам оның өнертануда орнықты орнын әлі де дұрыс таба алмағандығын аңғармауы мүмкін емес» [4], – деген болатын. Онан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, жағдай әлі де болса айтарлықтай өзгере қойған жоқ. Тақырыпты көбіне біз «тақырып» деп қана түсінеміз, былайша айтқанда, шығарманың негізінде жатқан шындық арқауы дейміз де қоямыз.

Біздіңше, тақырып қаламгерге «философиялық, әлеуметтік, идеологиялық проблемаларды» айқындау үшін ғана керек сияқты. Тақырыптың өте күрделі процесс екендігін, оның тек қоғамдық санаға әсері туралы ғана айтып қоймай, керісінше, авторға қатыстылығы туралы өте аз жазып, аз айтамыз.

Мысалы, орыс әдебиетінде В.Шукшин қала мен деревня арасында орныға алмай жүрген берекесіз адам бейнесін жасаған жазушы ретінде бағаланып, ал шындығында оның орыстың ұлттық мінезін сомдаған өзгеше талант иесі екенін кейін білдік.

Мұнан шығар қорытынды, кез келген жазушының шығармасындағы тақырыпты айқындау, ол сол қаламгер шығармашылығын жете білуді ғана емес, оның өмір сүрген ортасын, сол өзі өмір сүрген ортадағы құбылысқа көзқарасын, мінезіндегі дара сипаттары мен жеке тұлға ретіндегі моральдық, адамгершілік қасиеттерін жете зерттеуді қажет етеді.

Жазушы Нұрғали Ораз шығармаларының тақырыптық сипатын ашу жолында біз де жоғарыда айтылған тұжырымдар төңірегінде ізденуге тырыстық. Әрбір шығармасының көтерген жүгі мен айтар ойын тереңнен толғап, жан-жақты қарастыруды мақсат тұттық. Кез келген қаламгерде өзінің өндіріп жазар оңтайлы тақырыбы болады. Әрине, Н.Оразды тақырып таппай тапшылық көрді дей алмаспыз, оның қаламы қай құбылыстың болсын бұрын жұрт байқай бермейтін қат-қабат сырын ашып, образды ой түюге жүйрік-ақ. Шығармашылық процесті зерттеушілердің айтуларынан, кез келген қаламгер өзі көп білетін, бала күнінен таныс өмір құбылыстарына қалам тартуға әрқашан

дайын тұрады екен. Нұрғали Ораз шығармашылығын зерделей келе біз де жазушының өзінің балалық шағы («Долана», «Колониядан қашқан бала») мен өскен ортасы («Қазығұрт оқиғасы», «Қайыршының жұлдызы») туралы шабыттана қалам тартқанының куәсі болғандаймыз. Егер Н.Ораздың ең биік тұрған шығармалары қайсы десе, біз ойланбастан осы шығармаларды атаған болар едік. Өйткені бұл шығармалардың тақырыптары жазушының өзіне жас күнінен таныс, баяндауға да жеңіл, өзі терең түсінетін, жан-жақты зерттеген, білетін тақырыптары. Сондықтан да бұл шығармаларды жазушы жан-жақты қырпап, бар шабытымен әсерлі етіп жазып шыққан.

Жазушының бала психологиясының қыртыстарын барынша терең ашқан шығармасы «Колониядан қашқан бала» повесі. Біз негізінен бала тәрбиесіне, оның адам ретінде дұрыс қалыптасуына қалай мән беріп жүрміз? Көп жағдайда баланың өз қиялына өзі ерік беріп, сезімнің жетегінде кететіндігіне үлкендер өзіміз кінәлі сияқтымыз. Аталған әңгімеде осы мәселенің себеп-салдары жан-жақты ашылған. Қалай десек те, адам әрқашан да адам болып қалмақ. Оны қанша жерден қинағанымен оның сезіміне, ойына, ақыл-парасатына билік жүргізіп, өктемдік ету мүмкін емес сықылды. Нұрғали Ораздың әңгімесін оқи отырып біз де сондай ойға келіп тірелдік. Бұл шығарманың мазмұны терең, құрылысы қарапайым. Жазушының өмірдегі, өнердегі, шығармашылық белестеріндегі шыншылдығы, нақты оқиғаның шынайылығын бұзбай, қаз-қалпында беру ерекшелігі мұнда да нақты көрініс тапқан. Тілі жатық, әсерлі, сюжеті тартымды, өмірдің өз өрнегі бұзылмай әсерлі әрі нақтылы баяндалған. Бұл туынды жазушының шеберлігін, өзгеге ұқсамайтын өзіндік өрнегін аңғартады.

Тағы бір көз жіберіп, тексеріп алатын нәрсе, біздің қаламгерлер қазір қандай тақырыптарды көтеріп жүр? Айналдырған бірнеше белгілі тақырыптарды таптап, жауыр болған ескі ойлармен оқырман қауымды жалықтырып алған жоқпыз ба? Осы мақсатпен жүргізген ізденістеріміз біздің прозада сан алуан тақырыптардың көтеріліп жүргенін айғақтап берді. Мысалы, тарихи және махаббат тақырыптарынан басқа еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдар пайда болған сауда-саттық тақырыбы, жұмыссыздық тақырыбы, ауылдан қалаға көшу, яғни урбанизация тақырыбы, оралмандар тағдырын суреттейтін шығармалар, шет ел

тақырыбы, өнер тақырыбы, спорт тақырыбы, діни тақырыптар т.б. Сонымен қатар сыншылардың біздің жазушылар қазіргі қоғам дамуына ілісе алмай келеді дегенінің де жаны бар сықылды. Өйткені, қазіргі қаржы жүйесін, әлемдік инвестициялардың елімізге ағылуын, банк саласындағы құйтырқы әрекеттерді, ірі компаниялар мен холдингтердің арасындағы шым-шытырық байланыстарды суреттейтін шығармалар бізде жоқтың қасы. Себебі жазушыларымыз ол саланы әлі толық білмейді, зерттемеген. Ал білмеген нәрсеге қалам тартудың қиын екені белгілі. Болса да сол саланың барлық құйтырқы әрекеттерін әшкерелеп беруге қауқарсыз, тек бетін қалқып қана өз топшылауларын бейнелемек болады. Ал оның қазіргі биік интеллектуалды оқырманды толық қанағаттандыра алмасы әмбеге аян.

Қорыта айтқанда, жазушы Нұрғали Ораз – ұлттық әдебиетімізге соны мазмұн мен форма әкелген, жаңа жанр мен бағытты ұлттық дүниетаныммен шебер қиюластырып, өзіндік бетін тапқан қаламгер. Бүгінде Нұрғали стилі қалыптасқан жазушы, ол өз замандастарының өмірін шығармаларына өзек ете отырып, әлі де талай бізге беймәлім көркем образдардың бейнесін жасайды деп сенеміз.

### ***Әдебиеттер:***

1. Белинский В. Г. Взгляд на русскую литературу. — М.: Современник, 1983. — 606 с.
2. Ораз.Н. Сиқырлы көл. Әңгімелер. – Алматы: Қаз. Ақпарат, 2011.
3. Сүлейменов. А. Көп томдық шығармалар жинағы. –Алматы: Қазығұрт, 2008
4. Виноградов В.В. Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. -М., 1963.

## **БАУЫРЖАН ЖАҚЫП (1963 жылы туған)**

Бауыржан Өміржанұлы Жақып 1963 жылы 1 мамырда қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Аққора ауылында туған. 1985 жылы қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірген. Еңбек жолын Қазақ теледидары әдеби-драмалық хабарлар Бас редакциясында, «Жалын» баспасында редактор болып бастаған.

1986-1988 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде стажер-зерттеуші, 1988-1991 жылдары ассистент, 1991-1994 жылдары аға оқытушы, 1994-1995 жылдары доцент, 1995-2001 жылдары деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары, журналистік шеберлік және әдеби редакциялау кафедрасының меңгерушісі, баспа ісі кафедрасының меңгерушісі, мерзімді баспасөз кафедрасының меңгерушісі, 2001-2009 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің деканы, 2009 жылы «Қазақ энциклопедиясының» Бас директоры – бас редакторы.

Б.Ө.Жақып – Қазақстан Журналистер одағының мүшесі (1991), Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (1994), Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма мүшесі (2002), Қазақстан Журналистика Академиясының академигі (2006), Халықаралық Жазушылар мен Публицистер Ассоциациясының мүшесі (2006), Қазақстан Республикасы Жоғары мектеп ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі (2007).

Оның «Аудитория» (1984), «Баспалдақтар» (1987), «Бір кеменің үстінде» (1987), «Парусь времени» (1987), «Аралым – арым, Балқашым – бағым» (1988), «Көзімнің нұры» (1990), «Айдындағы аспан» (1996), «Мұхтар Әуезов – публицист» (1997), «Ақ лақ» (1997), «Қолтаңба» (2001), «Уақыт ұршығы» (2004), «Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары» (2004), «Публицистикалық шығармашылық негіздері» (2007), «Қызыл қайың» (2008), «Абайдың Қасқабұлағы» (2012) т.б. кітаптары жарық көрді. Оның шығармалары орыс, түрік, украин, македон, түркімен, қырғыз тілдеріне аударылды.

Бауыржан Жақып – Қазақстан Журналистер одағының С.Садуақасов атындағы сыйлығының иегері (1998),

Республикалық жастардың «Жігер» фестивалінің лауреаты (1984), «Дарын» мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1999). 2004 жылы Бакуде өткен Бүкіл түркі дүниесі ақындарының 11 «Хазар шеир ақшамдары» фестивалінің лауреаты. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдениет қайраткері» төсбелгісімен марапатталған (2006). Түркияның Елазыг шаһарында өткен әйгілі жазушы Шыңғыс Айтматовқа арналған бүкіл түркі дүниесі ақындарының XV «Хазар шеир ақшамдары» фестивалінің дипломанты (2007). Македонияның Скопье, Косованың Приштина қалаларында өткен бүкіл түркі дүниесі ақындары фестивалінің лауреаты (2007), «ЖОО үздік оқытушысы» республикалық байқауының жеңімпазы (2009).

2009 жылдан бері «Қазақ энциклопедиясының» директоры. «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Қоғамдық Кеңестің мүшесі.

2011 жылы сәуірде Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Алғыс хатын алды. Мамыр айында Халықаралық Шыңғыс Айтматов академиясының академигі атанды. 2011 жылғы 10 қарашадағы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы бойынша «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалімен наградталды. 2012 жылы маусым айында Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі болып сайланды.

\* \* \*

Ақындық өнерге сексенінші жылдары келген ақындар өздерінің алдындағы толқынды керемет жоғары бағалап, шығармашылық жолдарын соларға еліктеп бастаған, барлығы да М.Мақатаевты, Т.Айбергеновті, Ж.Нәжімеденовті, Қ.Мырзалиевті, Т.Молдағалиевті пір тұтқан ұрпақ өкілдері болатын. Поэзия есігін алпысыншы жылдары ашқан, қазақ поэзиясында үлкен өзгеріс жасаған, өздерінің алдындағы толқынды ерекше талантымен мойындатқан алпысыншы жылғы толқын болса, ол тұста енді өздерін ешкім қайталай алмайтын биікке көтеріліп алғандай көрінетін. Олардың шығармалары өзгеше тақырыптарымен, мазмұн тереңдігімен, формадағы ерекшелігімен, тың ұйқастарымен, өлең түрінің қай жағынан болса да көркем де қуаттылығымен әсем де сұлу саздылығымен есте қалатын.

Ақындық өнерге сексенінші жылдары келген жас ақындар олардың шығармаларын сүйсіне оқыды, солардан үйренді, еліктеді, олардың жырларын жаттап өсті. Сексенінші жылдардағы жас толқын қалай болғанда да ақын болу керек екенін, оның ішінде басқаларды қайталап ақын бола алмайтындарын да жақсы түсінген ұрпақ өкілдері еді.

Ақындық өнерге сол сексенінші жылдары келген толқынның ішінде өзінің асау жырларымен есте қалған, лирикалық жанрда да, эпикалық жанрда да өндіріп жазып жүрген бүгінгі белгілі ақынның бірі – Бауыржан Жақып. Бауыржанның алғашқы жырлары өз дәуірінің барлық ақындары секілді Отан, туған жер, комсомолдар, тың игерушілер, ғарышкерлер туралы болып келеді. Жас ақын айнала қоршаған ортадан нені көрді, кеңестік идеология нені қалай ұқтырды, ол солай жаза бастаған еді. Оны басқаша жазбады деп өткен уақыт үшін кіналай да алмаймыз. Өйткені, кеңес заманында кез келген құбылысқа өзінше ой айту, субъективті пікір білдіру ол қоғамның мүддесіне жат болатын.

Ол тұстағы ақындардың негізгі тақырыптары жарқын болашақ туралы, алдарында өткен аға ұрпақтың, ата-бабаларының ерліктері жайлы ғажайып оқиғалардан сыр тую, коммунистік идеологияның арқасында бала күнінен санаға орныққан бақытты өмірді жырлау болды. Кез келген адамды өмір мен өлім, айнала қоршаған орта мәселесі толғандырмай қоймайды. Қолына қалам ұстаған ақын ешқашан да өзінің айналасында өтіп жатқан құбылыстарға риза болған емес, ол әрдайым жақсылық пен жамандық туралы, зұлымдық пен әділдік туралы, өмірдің мәні мен мазмұны туралы толғанып, ой айтуға бейім тұрады. Оның ой толғаған тақырыбы көбінесе өз тағдырымен, өз өмірімен сабақтас болып келеді. Сондықтан да Бауыржанның алғашқы шығармаларының өзінен-ақ оның туған жері, өскен ортасы, білім алған, алғаш қадам басқан аймақтары жайындағы алғашқы таным-түсініктерін, солардан түйген ойлары мен жылт еткен сезімдерін көре аламыз. Бұл Тек Б.Жақыпқа ғана емес, шығармашылық жолын сол тұста бастаған барлық талант иелеріне тән құбылыс. Кез келген талант иесі – ол қашанда болса өз дәуірінің ұлы болып қала бермек. Бауыржан да қолына қалам ұстаған бозбала шағынан бастап-ақ өзіне таныс оқиғаларды өз өлеңіне арқау етеді. Оның балаң кезіндегі жырларынан кеңестік дәуірге тән саяси

ұраншылдықты, комсомолдарға тән патриотизмді айқын аңғарамыз. «Бір гитара, бір сыбызғы, тың күркесі...», «7 ноябрь. Алматы кеші» өлеңдерінен сол дәуірдің саясатының лебін сеземіз. Ол лирикалық шығармалардан сол заманның сазын ұғамыз, ақынның өмір жолының кейбір қалтарысын тап басып танығандай боламыз.

Мереке қуанышын алып келіп,  
Отаным жатыр бүгін салют беріп.  
Сол салют нұрландырып айлы аспанды,  
Тағы бір таңғажайып той басталды, – дейді [1].

Бұл – ақынның мереке күніне шынайы таң қалуы. Ақынның алғашқы өлеңдерінің «Туған жерім», «Ауыл түні», «Бәйге», «Семей», «Алатау», «Қара шаңырақ», «Қостанайға барсаң егер» деген тақырыптарына қарап отырып-ақ оның жүрген жерлерін, көрген, білген, көңіліне түйген ойлары мен құбылыстарын тануға болады. Ақынның алғашқы жырларындағы көркемдеуіш құралдарының өзі де сол өзі көрген аймақтың «шөкімдей ақ бұлтты» мен «көк өрім шыбығы» болып келеді.

Кел, күнім, кел, жылдарым, кел, айларым!  
Жатқандай дүбір күтіп кең аймағым.  
Шөкімдей ақ бұлт көрсең, көк жүзінен,  
О, жұртым, менің жырым деп ойлағын.

Ұзатқан қыздай өзен сыңсып аққан,  
Таттың-ау сен де талай жыр-шұбаттан.  
Көк өрім шыбық көрсең көктемеде,  
Ойларым ол да менің бүршік атқан [1].

Аталған өлең жолдарынан жас ақынға тән жоғары пафосты, өзінің ақындық өнеріне деген сенімді, жас талант иесіне тән асқақ арманды тануға болады. Өлең мазмұны өзінің алдындағы ақындардың ойларымен үндес екендігін де жасыра алмаймыз. Жас ақынның бұл өлеңінен өзгелерге еліктеуден әлі де болса арыла алмай жүргені аңғарылады.

Ақынның кейбір өлеңдерінде өзін қоршаған ортаның сырларына, өзін толғандырған құбылыстардың әр алуан мәні мен мазмұнына өзінше баға беріп, ой толғауға машықтана бастағаны байқалады. Мысалы, өзі оқыған оқу орны КазГУ-ге арналған «Қара шаңырақ» деген өлеңін алып қаралық:



Атыңды қайталаудың керегі не,  
От бердің, шабыт бердің өлеңіме,  
КазГУ-ім теңіз бе едің? Қойныңа еніп,  
Білімнің сүңгіп барам тереңіне.

Жастықтың шертіледі күйі күнде,  
Арманның арналмайды сыйы кімге?!  
КазГУ-ім аспан ба едің? Мен бір құсың,  
Білімнің шырқап келем биігінде [1].

Мұнда да өзі көрген, өзіне таныс құбылыстарға сүйсіну, соны дәріптеу басым. Бұл – ақынның сол кездегі өзіндік ойы, жасаған тұжырымы. Бірақ философиялық лирика емес.

Әрине, кез келген ақынға философиялық ой толғау оңай дей алмаймыз. Онда табиғат лирикасындағыдай өзінің сезімін, көңіл күйін ғана беріп қоя салмайды, философияға бару үшін қаламгерге оқырманды ойландыратын өмірлік тәжірибе, терең білім керек.

Поэзия жанрында қай халықта болмасын табиғат лирикасына соқпай кеткен ақынды кездестіру қиын. Әлем әдебиетінің тарихын парақтай отырып сонау ежелгі мысырлықтар мен вавилондықтардың да, шумерлер мен антикалық дәуір әдебиеті өкілдерінің шығармаларынан да әсем пейзажды, басқа да гимндер мен көне жырлардың астарынан табиғат туралы толғаныстарды кездестіре аламыз. Ол ақындар үшін сұлулықты сезінудің, сол сезінген таным-түсінігін поэтикалық тілмен әдемілеп бейнелеудің бір тәсілі болып қалыптасып қалған еді. Әрине, дәуірлер дүбірі, замана доңғалағы ауысқан сайын ол пайымдаулардың аздап та болса өзгеретіні белгілі. Бауыржан Жақып та өз өлеңдерінде табиғат анаға деген сүйіспеншілігін, оның әсемдігі мен тылсым сырларын өлең өріміне айналдырып, көңілге қонымды жырлар жазды. Ақынның алғашқы жырларының көбі негізінен өскен ортасы туған жеріне, атамекеніне, ауыл тақырыбына арналған. «Бозторғай», «Ымырт», «Ауыл түні», «Көкпекті», «Табиғат спартакиядасы», «Көктем келсе...», «Таңсәріде», «Ақ нөсердің астында», «Түнгі Ертіс жағасында», «Жаңбырдан соң», «Шілденің ыстығы», «Күз», «Жаңа жылда жауған қар» деген лирикаларынан жас ақынның табиғаттың әр алуан өзгерістерін көркем бейнелеуге деген ұмтылысын аңғарамыз. Сол бозбала кезінің өзінде-ақ Бауыржанның қаламынан туған:

Бұлт – әже ақ кимешек киіп алып,

Тоқиды кемпірқосақ – алашасын, – деген өлең тармақтарынан ұлттық дүниетанымдағы қарапайым көріністердің өзін сұлу суретке айналдыруға машықтана бастағаны анық байқалады [1]. Ақ кимешекті әжені бұлтқа, ал өзіміз күнде көріп жүрген кемпірқосақты алуан түсті алашамен салыстыра бейнелеуі ұтымды метафора екенін ешкім де теріске шығара алмақ емес. Бұл сол кезеңдегі жас ақын үшін үлкен жетістік болатын.

Ақындар тек қана жақсы өлең ғана тудырады, оларда қателесу, көркемдігі солғын шығарма болмайды деген түсінік жоқ. Қандай шығармашылық тұлға болса да оның шығармалары тек қана біркелкі ғажайып туындылардан тұрады деп кесіп айта алмаймыз. Шығармашылық – күрделі процесс. Кез келген шығарманың өмірге келуі адам сезімінің толқынысы ғана емес, оның ақыл-ойының да жемісі. Сондықтан да онда кейде мінсіз таза асыл туындылармен қатар бір қайнауы ішінде, шала дүниелердің де жүруі заңдылық. Ол шығармашыл тұлғаның көңіл күйіне, шығармашылық қабілетінің сол кездегі деңгейіне, білімі мен ақыл-парасатына, керек болса, сол күнгі оның психологиялық жағдайына да қатысты болатынын бүгінгі ғылым дәлелдеп отыр. Мысалы, «Ақ нөсердің астында» деген лирикасында Бауыржан тың метафора табам деп өзінің негізгі ойын жоғалтып алған сияқты. Көз жеткізу үшін оқып көрелік:

Шежіресі шындықтың –  
Фотограф бұл аспан.  
Суреттері тірліктің  
Тарихымен ұласқан.

Фотограф түсінді,  
Жетті ме екен, талып үн?!  
Мені де бір түсірді,  
Жарқ еткізіп жарығын [1].

Мұнда, біздіңше, ешқандай да жаңалық жоқ. Найзағайдың жарқылын фотографқа теңеу ұтымды шыққан образды сурет дей алмаймыз. «Фотограф түсінді, Жетті ме екен, талып үн?!» деген екі тармақ келесі екі тармаққа ұйқас үшін ғана алынған сықылды. Әлсіз аллегория, мағынасы күңгірт. Бұл –Бауыржан Жақыптың поэзия табалдырығын аттаған алғашқы адымдарындағы шалыс басқан тұстары. Қателік – өнер жолындағы сабақ; одан тағылым

алу, өзінді-өзін қайрау, жаңа жетістіктерге қол созу – шығармашылық тұлғаның басты міндеті.

Ақынның көптеген өлеңдері өзін бағып-қаққан, өсірген, еркелеткен әжесіне арналады. Өзінің жақсы көрген адамына өлең арнау ертеден келе жатқан дәстүр. Оған А.С.Пушкиннің «Нянясын» мысалға келтірсек те жеткілікті шығар. Бауыржанның бір топ өлеңдері әжесіне деген сағыныштан туғанын аңғарамыз. Ақын өз көңіліндегі сағынышты поэзия тілімен образды түрде жап-жақсы жинақтап жеткізе алған. «Мәңгілік сағыныш» деген лирикасында жас ақын:

Отырушы едің ұршықпен  
Уақытты қоса иіріп,

немесе,

Сен жоқта көңіл серги ме,  
Сағындық аңсап, бұл – шыным  
Иесіз қалды төргі үйде,

Киелі сенің ұршығың, – деген өлең мазмұнынан Бауыржанның ақындық қарымын, ойының тереңдеп, сөз талғауда үлкен жетістікке жете бастағанын байқаймыз [1]. Бауыржан – өзінің лирикалық шығармаларында қарапайым адамдардың психологиялық болмысын, сұлу да сырлы мінезін, адам жанының терең толғаныстарын шағын ғана детальдар арқылы ашып беруге шебер машықтанған ақын. Оның тоқсаныншы жылдардағы шығармаларына арқау болған адамдар – өзі таныған, араласқан, күнде көріп жүрген таныстары, достары, ауылдастары. Бірақ солардың әрқайсысының тағдыры, олардың қоғамдағы орны ақын үшін ерекше. Мысалы, «Ескі арба» деген лирикасында:

Тірлік атты өткелден,  
Тірілердің бәрі асар,  
Шөбін шапқан көк белден,  
Өтті өмірден қара шал.

Шөп таситын ой қырдан,  
Жегіп алып торы атын.  
Жүрген жері той-думан,  
Әзіл-күлкі болатын, – деп адамның мына пәни жалғанда мәңгілік емес екенін білсек те, соны күнде ұғып, «тірлік атты өткелден» әйтеуір бір асатынымызды пайымдап жүрсек те

оның философиялық мәнін дәл танып, тереңіне ой жібере қоймағандаймыз. Ақын шағын лирикасында ауылдағы қарапайым ғана қарияның өмірден өткенін хабарлай келіп, оның сол ортадағы орнын, өзгеше болмысын, мінезін өлеңнің екі тармағына шеберлікпен сыйғызып жіберген. Кейінгі өлең жолдарынан сол қарияны еске алу арқылы берілген ақынның ішкі монологін, лирикалық кейіпкердің психологиялық толғанысын сезінеміз. Зерттеушілер психологизмнің басқа жанрларға қарағанда лирикада әлдеқайда басым болатынын дәлелдеп келеді. Бауыржанның мына шағын лирикасынан да екі адамның көңіл күйін қатар тануға болады. Өлеңде айналасындағы адамдардың есінде өзінің әзіл-күлкісімен, ақкөңіл ашық мінезімен есте қалған арбакеш шал мен сол қара шал арқылы өзінің өткенін сағына еске алып отырған ақынның өзі, яки лирикалық қаһарман бейнесі елес береді.

Ескі арбаның есімде,  
Сағым бойлап жүзгені.  
Сайын дала төсінде,  
Сайрап жатыр іздері.

Жан-дүниеме енеді,  
Сағыныштың сиқыры,  
Құлағыма келеді,  
Ескі арбаның шикылы.

...Менің бала кезімдей,  
Қайтып күндер қонар ма?!  
Қара шалдың көзіндей,  
Көрінеді сол арба [1, 145].

Қоғам дегеннің өзі өзімізбен қатар өмір сүріп жүрген адамдар екеніне көз жеткіземіз. Ойға қаламыз, ақынмен бірге сағыныштың сырын бөлісеміз. Бауыржанның психологиялық лирикасы тек қана мұң, тек қан егілу емес. Оның ақындық сезімі бұл жерде терең де алуан қырлы, оны бір ғана сипаттамамен түсіндіре салу қиын.

Б.Жақыптың 1996 жылы шыққан «Айдындағы аспан» жыр жинағындағы өлеңдер ақынның тоқсаныншы жылдары әлдеқайда өскенін, әрбір құбылысты жай ғана суреттей салмай, айнала қоршаған ортадан өзіне ғана тән сыр түйіп, философиялық

толғанысқа бара алатын қарымының бар екенін танытады. Оның бұл тұстағы табиғат лирикасының өзінен табиғат сұлулығына тамсанып, сұқтануды ғана емес, айнала тіршіліктің мәңгілік қозғалыста болатыны туралы философиялық толғанысын айқын танимыз. «Тірі бәрі» деген лирикасында:

Сурет көріп туған жер келбетінен,

Табиғат бесігінде тербетілем.

Жел жүгіріп барады су бетімен,

Су жүгіріп барады жер бетімен, – деп өзі көзімен көрген құбылысты ақындық қиялымен өзгеше сипатта ойната суреттейді [1]. Жеңіл оқылады, жүрекке жылы тиеді. Кеңістіктегі жел мен судың қатар жүгіріп бара жатуы, бір жағынан, қозғалыстағы әсем параллелизм, екінші жағынан, айшықты аллегория. Ал тіршіліктегі осынау үйлесімді үдерістің, әдемі суреттің соңын ақын түйіндей келіп оймақтай ойға айналдырады, содан мазмұны терең философиялық тұжырым жасайды.

...Қозғалыс бар үздіксіз сондықтан да,

Тіршілікте бәрі ояу, тірі бәрі [1]. Рас, өмір, тіршілік көзі – қозғалыс. Күллі әлем белгілі бір заңдылықпен шырқөбелек айналып тұрғанда қалай оны тірі емес дей аламыз. Бізге ғылым да солай үйреткен. Ақын соны әдемі жыр жолдармен көз алдымызға әкеліп отыр.

Қаламгер қай кезде болмасын көзімен көргенді, санасына түйгенді, өзін алаңдатқан мәселелерді, ойына қозғау салған проблемаларды жазады. Ел тәуелсіздік алғаннан кейінгі тұстағы қоғамдағы өзгерістер, адамдардың арасындағы қарым-қатынастардың бұзыла бастауы, экономикамыздың тұралап, күллі халық базар жағалап кеткен тоқсаныншы жылдардың шындығы қандай еді? Оны да Бауыржанның өлеңінен тауып алуға болады.

Жүре тыңдап ел сөзін жөнелгендер,

Көбеюде байлыққа кенелгендер.

Халық қамын ойлаудың орынына,

Өз күйлерін күйттеген өлермендер.

Түсіме енді арқарлар саны азайған,

Бала азайған! – деп жатыр, - мал азайған.

Көрдім және өнімде көңілі жүдеу,

Көбейгенін аналар қаны азайған.

Қалаларға жастарым жатса ағылып,  
Соқыр сезім серік боп, ақсақ үміт.  
Білім алу орнына сол шіркіндер,  
Көшелерді кезіп жүр ақша қуып, – дейді [1, 25].

Бұл біздің қоғам басынан өткізген сол тұстағы таза ақиқат шындық болатын. Ақын уайымы бұл жерде орынсыз дей алмаймыз. Жүрегі елім, жұртым, Отаным деп соққан әрбір азаматтың сол тұста болып жатқан келеңсіз оқиғаларға бейжай қарауы мүмкін емес еді. Біздің поэзиямыздың тарихында бодандық кезеңде туған «Зар заман» деген кезең бар. Бұл қолынан келер қайран болмай өкінуден, іштегі сары уайымнан туған толғаныс, ащы запыран өксік, қанжауыр қайғының ізі болатын. Біздіңше, сол зар заман толғауы әр дәуірде қайталанып отыратын сияқты. Токсаныншы жылдардағы ақындар поэзиясынан да аталған сары уайымның арнасын нақты байқауға болады. Тәуелсіздігіміз баянды бола ма, егемен ел болып кете ала ма екенбіз, экономикамыз дамып, өзге елдердің қатарына қосыла аламыз ба, деген мәселелер ол кезде кімді де болса толғандықаны рас. Ал сол күрделі кезеңдегі Б.Жақып өлеңдеріне назар аударатырып, оның да іштей торығып, «Сатулы бәрі», «Бағасын өзің, тарих, бер», «Жауар бұлттай бауырын шыңға басқан», «Әлдекімдер зіркілдеп», «Күндер өтіп барады, күндер өтіп», «Ақырзаман» деген өлеңдерін соның әсерімен жазғанының куәсі боламыз. Оған айналасында болып жатқан өзгерістер қатты әсер етеді. Жұрттың бәрінің сауда жасап, базар жағалап кеткенінен шошынған ақын «Сатулы бәрі» деген өлеңінде өз ойын былайша жеткізеді:

Сатулы бәрі бұл күнде,  
Сол күйге халқым ұрынған.  
Не дерсің заман шіркінге,  
Бағасы күнде құбылған, - деп сол кездегі өмірдің  
ақиқат шындығын жайып салады [1, 21].

Бірақ ақынды ылғи да сары уайымға салына берді десек, артықтау болар. Елдегі экономикалық жағдайдың түзеліп, халық еңсесін көтере бастаған ХХІ ғасырдың басы Б.Жақыптың шығармашылық тақырыбына да өзгерістер әкелді. «Тәуелсіз Қазақстаным» деген өлеңі соның айғағы. Халық санасында

ғасырлар бойы өшпей келе жатқан тәуелсіз ел болу арманын ақын былайша толғайды:

Ұрпаққа жетті өзгермей  
бәз алыстағы үн.

Қазақстаным,  
Тәуелсіз Қазақстаным!

Ұлы Отанымыздың өзге елдермен иық теңестіріп, егемен ел ретінде әлемге таныла бастауы, елдің экономикалық әлеуетінің дамуы, ұлттық санадағы оң өзгерістер, ұлт рухын көтеретін іргелі істердің жүзеге аса бастауы да ақын назарынан тыс қалмайды. Алғаш рет Байқоңыр айлағынан ғарышқа қазақ азаматының көтерілуі ақын шабытын оятып, Отаншылдық рухы күшті жыр болып құйылады.

Бостандығымның күн санап,  
асқақтап әні,  
Нұрлы болашаққа рухымыз  
бастап барады.  
Ғаламға жайдың аспанға  
қазақ ұшқанын,

Қазақстаным,  
Тәуелсіз Қазақстаным!

Кеудені кернеген қуаныштан, еліне, жеріне деген мақтаныштан туған өлең асқақ пафоста жазылған.

Жаңа ғасыр белесінде Б.Жақып шығармашылығы жаңа биікке көтерілді, қаламынан болмысы бөлек жыр жолдары туды, жаңа тақырыптарды игере бастады. Елімізде бостандық алған діни таным-түсініктер, бұрын айтуға тыйым салынған тарихи тақырыптар ақын санасында екшеліп, өлең болып туып жатты. «Қожа Ахмет Яссауи», «Қылует», «Сеңкібай қажы», «Шапқырашты Наурызбай батыр», «Жамбылдың киесі» деген өлеңдерінде ақын өзін толғантқан халықтың ұлттық дүниетанымы мен тарихына қатысты мәселелерді көтереді. Бауыржан Наурызбай батыр туралы жырын дәстүрлі 7-8 буындағы жыр үлгісімен жазып шыққан. Бірақ көркемдігі жағынан тың теңеулер мен метафораларды үйлесімді етіп әдемі пайдаланады.

Бұлдыр да бұлдыр бұлт көшіп,  
Бұлыңғыр жолды күрт кесіп,  
Бұлағай заман болғанда.

Бұл орнынан жұрт көшіп,  
Қалың қалмақ қаптаған,  
Қазақтың жерін таптаған,  
Қартының сүйегін күйретіп,  
Қатынды шаштан сүйретіп,  
Қызыл қарын баланы,  
Найзасына түйретіп  
Адымдап алға аттаған

Сонау бір қиын заманда, – деген жыр жолдары сол баяғы көне жыр үлгісін еске салатыны жасырын емес. Яки, автор шығармасында Наурызбай бейнесін таныту үшін сол көне үлгіні әдейі таңдап алған. Бірақ автордың өзіне ғана тән стильдік ерекшелігі, сөз саптау тәсілі бірден байқалып тұрады. Әрине, мұнан Бауыржан ежелгі жыр үлгісімен тағы бір батырлар жырын жазып шықты деген ой тумаса керек. Ондай жырды ақын жазбайды да. Қазір ежелгі дәуірдегідей жыр, толғау, мысал өлеңді ешкімнің жазбайтыны белгілі. Оны ақындар жаза алмағандықтан емес, ондай жырдың пішіні қазіргі мазмұнға сәйкес келмейді. Кез келген автор ондай жырды бүгінгі ойлы оқырманның қабылдамайтынын да жақсы түсінеді. Қазіргі поэзия – әсемдікпен астасқан әуезді дүние ғана емес, ойдың, білімнің поэзиясы. Сондықтан да ескі жырдың дәстүрлі ерекшеліктерін пішін жағынан да, мазмұн жағынан да өзгеше өрнекпен дамыту қазіргі поэзияның бір ерекшелігі деуімізге болады.

Бауыржан Жақып шығармаларының ішінде шоқтығы биік туындыларының бірі «Абайдың Қасқабұлағы» лирикасы болып саналады. Бұл – таза лирикалық толғаныстан, әдемі әсерден туған әсем де мазмұны терең өлең.

Абайдың Қасқабұлағы  
Сағасы інжу-маржаннан  
Жағасы жасыл пүліштен,  
Тамшысы алтын, күмістен,  
Жапырақ сүйген бетіңнен

Суыңнан сұлу гүл ішкен, – деп өңшең айшықты метафоралардан басталатын өлең шумақтары, расында да, бір деммен оқылатын әдемі лирика. Ақын Қасқабұлақтың қазақтың даналары Абаймен, Әуезовпен қатысын сөз ете келіп, оның қасиетін барынша жан-жақты ашуға тырысқан.



Біздің қазақтың өлең жүйесі силлабикалық екені жалпыға аян. Ол бізде атамзаманнан келе жатқан дәстүрлі жүйе. Орыс әдебиетінде де силлабикалық жүйе фольклорынан бастап он сегізінші ғасырға дейін негізгі түр болып келген. Ұйқас, ырғақ мәселесі қазақ поэзиясында әлі күнге дейін басты мәселе болып табылады. Соңғы жылдары басқа халықтардың жыр үлгілеріне қарап қазақ өлең жүйесіне де өзгеріс енгізгісі келетін жаңашылдардың пайда бола бастағаны байқалады. Әрине, жұмыр жер бетіндегі халық мидай араласқан мына заманда оны теріске шығаруға да болмас. Өйткені, адамзат баласы қадым заманнан бері бірінен-бірі үйренуден, біріндегі жаңалықты екенші бір халықтың алуымен мәдениеті байып, дамып келеді. Дамуға тосқауыл қоюдың мүмкін емес екені белгілі. Бүгінгі күні орыс әдебиетінде баяғы Державин мен Радищев, Пушкин жазған силлабикалық жүйені, яғни ұйқасқа құрылған өлеңдерді «ұйқасты проза» деп атап жүр. Нағыз поэзия деп олар қай өлеңде троптар неғұрлым көп болса, соны ғана мойындаған жөн деген көзқарасты қолдауда. Олардың ойынша поэзияны поэзия ететін – оның образдылық сипаты, былайша айтқанда, онда қолданылатын көркемдеуіш құралдардың молдығы.

Олай болса өлеңнің тек мазмұн жағынан ғана емес, форма жағынан да өзгеруі, сол тарапта әрбір ақынның ізденіс жасауы заңдылық. Қазір қазақ поэзиясында ұйқасынан мін таба қоятын өлеңді кездестіре қою қиын. Әсіресе қазіргі жас ақындар өлең ұйқасын керемет меңгеріп алған. Ал өлең мазмұнын прозалық үлгіге жақындатып беру тәсілі Бауыржан Жақып шығармаларынан да байқалады. Мысалы, ақынның соңғы жылдары жазған «Харпут тас қорғаны. Көне қала», «Евфрат өзені» өлеңдерінен соның ізін айқын аңғарамыз.

Хэттер салған іргетасын тас қорған,  
Византия мен Ұрымға болған хас қорған.  
Одан кейін Селжүктерден қалған бас қорған,  
Мұра боп жеттің бүгінгі күнге Османнан.

Отырар, Сауран, Ясыны білесің бе Харпут,  
Сақтар, ғұндар, түркілер ұрпағына құлақ түресің  
бе, Харпут.

Әрбір келген адамды жүрегіңе сақтағаныңдай,  
Мені де ойыңа алып жүресің бе, Харпут.  
Сол үшін қалсын осы жыр есінде, Харпут,

немесе:

Менің бабаларымды көргенсің сен, Евфрат,  
Ауыздығың алғанда атын суарғансың сен,  
Евфрат.

Солардың жалғасы болып сен маған келгенде,  
Көзіңе жас іркіп қуанғансың сен, Евфрат [1].

Қазір қазақ поэзиясында да басқа елдердегі секілді өлең сөздің ешқандай өлшемдері мен формасына сәйкес келе бермейтін верлибрлер пайда бола бастаған секілді. «Верлибр» деген француздардың «vers libre» еркін өлең деген сөзінен шыққан. Оларда өлеңге тән ұйқас та, ырғақ та, қайталанып келіп отыратын өлшем де кездесе бермейді. Олардың өлеңге ұқсайтын бір жері – тек қана бірінің үстіне бірінің текшеленіп өлең сықылды жазылуы. Бірақ оқығанда жай әншейін айтылатын ауызекі сөз сипатты. Мұның пайда болу себебі керемет ұйқасты өлеңдердің шектен тыс троптармен өрнектелуінен, сонымен қатар көп жазылуынан және арнайы әдебиеттанушылар болмаса, басқа қарапайым адамдар үшін түсінікті болмай қалуынан деп ойлаймыз. Бұл жерде шектен асқан шеберлік пен өлеңнің әдемілігі, көркемдеуіш құралдардың молдығы өлеңнің мазмұнын тереңдетіп, көпшілік қауым оларды түсінбейтін халге жетуінде. Осыдан келіп өлең мазмұнын әдейі оңайлату, саналы түрде жалпыға түсінікті етіп жазу мақсатынан верлибрлер пайда бола бастады.

Ойымызды қорытындылай келгенде, Бауыржан Жақып қаламынан өзі өмір сүріп отырған бүгінгі әлемдік өзгерістер, сол қоғамда өмір сүріп жатқан жеке адамның тағдыры, қоршаған орта, табиғат мәселелері қағыс қалмаған. Б.Жақып қазіргі қазақ лирикасының жаңа сапаға көтерілуіне, көркемдік жағынан кемелденіп, мазмұнының заман талабына сай дамуына үлес қосып жүрген көрнекті ақындарымыздың бірі.

### *Әдебиеттер:*

1. Жақып, Б. Шығармалары. Т.1. Еліккөрген: өлеңдер, балладалар, поэмалар – Астана: Фолиант, 2013. – 352 б.
2. Жақып Б. Қызыл қайың: өлеңдер, балладалар, поэмалар. – Алматы: Жазушы, 2008. – 216 б.
3. Жақып Б. Абайдың қасқабұлағы: Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 2012. – 216 б.
4. Жақып, Б. Менің далам: өлеңдер, балладалар, поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2014. – 256 б.

## СВЕТҚАЛИ НҰРЖАН (1962 жылы туған)

Светқали Нұржан 1962 жылы Маңғыстау облысының Түпқараған ауданы, Қаңға баба мекенінде дүниеге келген. Ауылдағы орта мектепті бітірген соң совхозда жылқышы, мұнай өндірісінде жұмысшы болған. ҚазМУ-дың филология факультетінде оқыған. 1986-87 жылдары «Пионер» газетінде жұмыс істеген. Одан еліне оралып 1987-94 жылдары Қарақия аудандық мәдениет бөлімінде, «Өнер» қорында қызмет істеген. Алғашқы өлеңдері облыстық және республикалық басылымдарда, студенттердің жыр жинағында жарық көреді. 1993 жылы алғашқы «Аруана» жинағы, 2002 жылы «Таң қауызын жарғанда» деген атпен үш томдық шығармалар жинағы жарық көрген. 1996 жылы «Дарын» сыйлығының, Қазақстан Жазушылар Одағының Т.Айбергенов атындағы сыйлығының және әдебиет саласындағы Президенттік стипендияның иегері.

Светқали ұлттық рух пен қазақы дәстүрге бай, батырлық аңыздар мен жыраулық өнердің сарқыты сақталған Маңғыстау өлкесінде дүниеге келген. Бала күнінен-ақ сол аймақтағы ұлы жыраулардың көзін көрген, сол өнерді кейінгі ұрпаққа жеткізуші, көнекөз жыраулар мен ақындардың сөзін естіп, жадына тоқып өскен. Олар жырлаған жыр-дастандар мен ауыз әдебиетінің үлгілері Светқалидың қиялын ұштап қана қоймай, оның ақындық өнерге келуіне ықпал етті десек қателеспейміз. Оның алғашқы балауса өлеңдерінің өзінен-ақ туған жер, атамекен, дала табиғатының айшықты суреттерін сөзбен салуға деген ұмтылысын байқауға болады. Оның «Төбелер» деген өлеңі сол балалық қиялдан туған алғашқы жырларының бірі деуімізге толық негіз бар.

Қырда мен төбелерден сыр ауладым,  
Келеді жиһанкезден бір аумағым.  
Ер Досан қарсы алдымнан шыға ма деп,  
Алаулап, алабұртып тұр-ау жаным.

Шаршадым әр қыратқа мұнданам деп,  
Жүректі ауыр ойлар шыңдаған көп.  
Танданам кешегі күн бұл төбелер,  
Ақтанның жырларын да тыңдаған деп [1, 3].

Бала ақынның қай төбені жырға қосып отырғанын, әрине, бізге белгісіз, бірақ қиялмен сол кездің өзінде-ақ кеңестік тарихта көп айтыла бермейтін Маңғыстау өлкесіне аттары мәлім Досан батыр мен Ақтан ақынның атын атап, кішкентай ғана төбемен байланыстыра алған. Мұнан Светқалидың бала күнінен өз аймағындағы белгілі адамдардың өмірі туралы жақсы хабардар болғанын пайымдауға болады.

Светқалидың алғашқы жырларына қарап оның да барлық ақынға тән еліктеу кезеңін басынан өткергенін, өлеңнің мазмұнынан гөрі ұйқасына көбірек мән беретінін байқаймыз.

Көктем келіп, қызыққа дала батты,  
Дүние біткен думан боп бара жатты.  
Жақсылықтың нышаны осы ғой деп,  
Езуімнен күлкім де тармапты.

Қып-қызыл бәйшешектер қырда гүлдеп,  
Шақырады өзіне: «Жырла жүр», – деп.  
Гүлді көріп, менде де көктем туды,  
Кеудем көктемгі аспандай шулады кеп, – деген өлең жолдарынан жас ақынның айналадағы табиғатқа деген өз сезімін өлеңмен көркем кестелеп жеткізуге тырысқан талпынысын танимыз [1, 3]. Бірақ ақынның толысқан, қалыптасқан кезіндегі жыр жолдарымен таныс оқырманның бұл шумақтардың Светқалидың кейінгі жылдары жазылған өлеңдерінен көркемдік жағынан болсын, шымыр ұйқас пен ерекше форма жағынан болсын әлдеқайда төмен екендігін байқамауы мүмкін емес. Яғни бұл салыстырулар ақынның ылғи да даму үстінде, өсу үстінде болғанынан хабар береді.

Светқали поэзиясының қамтыған тақырыптары әр алуан. Бір кездері өзі жазған:

Бәріне еркін барып, еркін келем,  
Жанымнан іңкәрліктің дертін көрем.  
Мен жазар жырды теңдеп жетті бір күн,  
Бура-бұлт шудалары желкілдеген.

Жамырап жұлдыз біткен жауды маған,  
Шашу ғып қайта шашты тауды далам...  
Ғажайып өлең сөйлеп кетті бір күн

Қалқаның жанарынан жаудыраған, – деген өлең шумақтарындағы ақының ақтарыла айтқан сыры шындықпен үйлеседі [2, 16]. С.Нұржановтың алғашқы жинағын парақтай отырып оның көбіне табиғаттың тылсым сырына ылғи да қызығушылықпен қарап, ондағы кейбір оқыс өзгерістерден оймақтай ой түюге төселіп келе жатқанын аңғарамыз. Тақырыпты ақын алыстан іздемейді, өзін толғантқан, ой салған, сезіміне әсер еткен көріністер мен қарапайым ғана өзгерістерді өзі айтқандай «бура-бұлт», «жамыраған жұлдыз», «тау» мен «дала», «қалқаның жанары» сияқты құбылыстарды поэтикалық жанрда шебер бейнелейді. Соңғы кездері Светқали жырларында махаббат лирикасы азайып кетті, оның поэзиясында бұрын махаббат лирикасы болған ба еді деген пікірлер айтылып жүр. Неге болмасын, болған. Ол да жас болған, оның да өз сезімін қызға өлеңмен жеткізген кезін замандастары жақсы біледі.

Қарықтырғанда көзімді ақ тамақ қарша,  
Сезім шіркінді төзімім шаққа басқарса,  
Телміре қарап содан соң бір-бірімізге,

Тұра берсек-ау тапжылмай ақ таң атқанша!.. – деген өлең жолдары бұл ойымызға дәлел бола алады ғой деп ойлаймын [2, 19]. Сексенінші жылдардың басында жазған өлеңдерінде ақын өзінің сүйіспеншілік сезімін барынша ашық та айқын және көркем тілмен бейнелегенінің куәсі боламыз.

Қыз едің керім  
Сен деген –  
Тағдырың жалқы сый берген.  
Жердегі барлық пендеге,  
Биіктен қарап үйренген.

Жауандап тұнық жанарым,  
Көз салғам саған,  
Құдірет! –  
Биіктен маған қарадың  
Жердегілердің бірі деп.

Өшірем енді сезімді  
Кигізген маған от көйлек...  
Армандап едім өзінді,  
Арманнан биік жоқ қой деп!.. [2, 30].

Көріп отырғанымыздай жырда жас адамның сезім шырғалаңы әсем де әсерлі суреттеледі. Лирикалық қаһарманның жан дүниесіндегі ұнату, армандау, бір жағынан жігіттік намыс пен өз тәкаппарлығының шырмауынан шыға алмаған жастың іштейгі қайшылығы реалистікпен көрініс тапқан. Лап ете түскен жас адамға тән сүйіспеншілік сезімді ақын шынайы болмысымен көз алдымызға алып келеді. Бірақ екінші тараптан өз сезіміне лайық жауап ала алмағандықтан жігіт те тез айнады. Өзін ешкімнен де кем тұтқысы келмейді. Сондықтан да «Өшірем енді сезімді» деп өз сезімін ақылға бағындырады. Сонымен қатар осынау өлеңде бұрынғы ақындарда көп кездесе бермейтін образды суреттеулер де кездеседі. Ғашықтық сезімді «от көйлек кигізу» арқылы бейнелеуі расында да Светқалидың тапқырлығы дер едік.

Бірақ адам сезімі секілді ойы да бір қалыпта тұра бермесі белгілі. Оның да толысып, кейбір балаң түсініктерден арылып, өмірлік тәжірибе мен пайымдаулардың өзгеріп отыруы заңдылық.

Шығармашылық тұлғаның өсуі, жетілуі ол оның жеке басының ізденімпаздығына тікелей байланысты. Өнерде бір жетістікке қол жеткізу – әрдайым өзінді өзің қайрау, жаңа жол табу, өзіңе ғана тән стиль қалыптастыруға апаратыны белгілі. Әрине, бұл жолда ақынның талай белестерді бағындырып, көптеген шығармашылық тұлғалардың шығармаларымен танысқаны айқын аңғарылады. Светқали шығармашылығы Махамбет, Абай дәстүрін бойына қалыптастыруымен, жергілікті Маңғыстау өңірі ақын-жырауларының сөз қолданыстарын бала күнінен бойына сіңіруімен, кейінгі кеңестік дәуір ақындары Сәкен мен Ілиястан бастап Мұқағали мен Төлегенге дейінгі ақындық поэзияны барынша терең меңгеруімен ерекшеленеді. Осыған қарап Светқалидың шығармашылық өнерінде Батысқазақстандық көне ақын-жырауларға тән үрдістің жаңа дәуір әдебиетімен араласқан синтетикалық сипатын аңғаруға болады. Оның өлеңдерінен кейде Махамбетке тән кең тыныс пен Абайдан дарыған салқынқандылық, парсаттылық, кейде Мұқағали жырларына ұқсайтын нәзік лирикалық сипат пен көне жыраулар поэзиясында кездесетін қызу динамика мен мағынасы бір оқығаннан түсіне қою қиын көне сөздердің жүруі соны аңғартса керек. Бірақ Светқали дәл мына ақынды қайталайды немесе мына ақынға ұқсайды деп ешкімнің де кесіп айта алмасы анық. Өйткені, стиль – өнердегі

ерекшелік. Ақын айнала қоршаған ортадан өзі таныған ақиқат шындықты өзінің әуенімен, өзіне ғана тән сөз қолданыспен жеткізеді. Сондықтан да ол сонау ақындық өнердің есігінен енді сығалаған бозбала күнінің өзінде:

Дана Абайдан нұр алып,  
От – Қасымнан,  
Тұрсам деп ем ай құсап көкке асылған...  
Есігінен өлеңнің енсем деп ем,  
Шаңырағы шатынап, топса сынған!.. – деп

жазған болатын [2, 13].

Шығармашылық жол да адам өмірі сияқты. Оның да үйрену, даму, қалыптасу кезеңі бар. Светқалидың шығармашылық жолына көз сала отырып, оның да бір ғана бағытта емес ақиқат шындықты іздеу барысында әр алуан белестерден өткенін байқауға болады. Бозбала кезіндегі өлеңдерінен ақынның қиялының ұшқырлығымен қоса оны айнала қоршаған ортаға деген аңғал сезімін байқайтын болсақ, өмірдің ащысы мен тұщысының дәмін татқан сақа жігіттік жастағы ақын жырларынан сол таным-түсініктерінің өзгергенін, өмірдегі кейбір мәселелерге ойлы көзбен қарай бастағанын танығандай боламыз.

Светқали поэтикасының басты ерекшелігінің бірі – оның шығармашылығындағы философиялық ой мен сырдың қатар жүруі. Ақын өзі көрген, өзі таныған өмір құбылыстарына әрдайым өзінше баға беріп, оның мәні мен мазмұнынан сыр түюге тырысады. Мына өмір бізге не үшін берілді, осынау кеңістіктегі адамның міндеті мен мұраты не деген мәңгілік сауалдарға жауап іздейді. Адамның рухани болмысының терең қатпарларын ашып, оған ғасырлар бойы сақталып келе жатқан қазақы ұғым, ұлттық таным тұрғысынан баға береді. Мысалы, «Біз» деген өлеңінде:

Ой – ашытқы, сөз – шарап,  
Ішіп едім не біліп?  
«Бок дүние, Боз шолақ» –  
Дүмі қалды көрініп, – дейді [3, 223].

Ақынның ойын оймақтай ғып жинақтап жеткізуге шебер екені байқалады. Мақал-мәтелдерге тән қысқалық пен нұсқалық Светқали өлеңдеріне де тән.

Бізге берген енші өзге –  
Келте пішкен шапандай,



«Атасы арзан жел сөзге»  
Кетіп барам ақы алмай.

Таба алмадым ояу жан,  
Басырлықтан – бар өлім.  
Жұрдай болды бояудан,  
Менің ғажап әлемім [3, 223].

Ақын Абайша толғап кеткен сықылды. Өлеңнің ырғағы мен өлшемдері де соны дәлелдей түсетіндей. Бірақ ақынның айтқысы келген ойы басқа, жырлап отырған заманы басқа.

Ақынның кейінгі жылдары жазылған шығармаларында аталған мәселелерге бұрынғыдай материалистік философия негіздерінде емес, керісінше идеалистік пайымдау арқылы жауап бергісі келетіні аңғарылады. Оны ақынның діни таным-түсініктерінің өзгеруімен де түсіндіруге болады. Жеке басында ондай өзгерістің болғанын ақынның өзі де жасырмайды. Журналистерге берген сұхбатында «Дінге бет бұрғаным рас. Барлық жақсылықтың негізі – дін», – дей келіп: «Діннің адам баласына сыйлайтын бар жақсылығының қайнар көзі бір. Ол – жүрек тазалығы. Діннің негізгі мақсаты да адамды жүрек тазалығына жеткізу болуы тиіс. Жүректі тазарту ілімінен айырылған дін – мақсатсыз дін. Фанатизмге, мәңгүрттікке, надандыққа ұрыну тап осы мақсатсыздықтан бастау алады. Мұндай дін жүректі тазартпайды, керісінше, дін ұстамағаннан жаман қарайтады... Діннің жүректі тазалау ілімі екенін біздің ата-бабаларымыз жақсы білген. Ол Қожа Ахмет Яссауи ілімі, яки хал ілімі деп те аталады», - дейді. Ақын өзінің ұстанған көзқарасы туралы ойын өлеңмен былайша өрнектейді.

Мақсымымды, тақырымды сақта, АЛЛА! –  
Бар дұғам сол – тұрғанда да жатқанда!  
Хақ тілегім талып атқан ақ таңда:  
Жалға бізді – Ғаффар уа Саттарға!  
Бұлтты тіліп, нажағайдай шапшыдың,  
Ғаріп – ғашық  
Исматулла мақсымым! – деп жырлайды.

Әрине, ақынның қандай дінде, қандай көзқараста екенін талдау біздің басты мақсатымыз емес. Біздің елде кім қандай дінді, қандай бағытты ұстанса да ерікті деген заң қабылданған.

Сондықтан да бұл жеке тұлғаның өз таңдауы болып қала бермек. Біздің айтпағымыз – ақын шығармашылығында діннің де өзіндік орнының бар екенін ғана ескерту. Светқалидың поэзиядағы діни таным-түсінігін, көзқарасын талдау – басқа мәселе. Қазақы дәстүр мен ата-баларымыздан келе жатқан сопылық жолды ұстанса, оны да теріс дей алмаймыз. Ақиқат шындықты кім қандай жолмен таниды, ол – кез келген адамның өз еркіндегі шаруа.

Светқали поэзиясындағы жекелеген сөздер ғана емес, кейде тұтас тіркестер мен күллі шумақ образдылық сипатқа ие болып келетін кездері жиі кездеседі. Ақынның «Ай қазасы» деген өлеңі – осындай тұтас поэтикалық ойға құрылған көркемдігі жоғары шығарма.

Қаза болды Ай бүгін көз алдымда,  
Гүл шомылды ақырғы тозаң-нұрға.  
Айдың әр тал сәулесін шыққа жерлеп,  
Аят оқып мен қалдым бозаң қырда.

Ай мерт болды қанатын құдай қағып,  
Енді мұндай ай қайтып тумайды анық  
Таңғы әлемге жайменен тарап жатты,  
Шықпен бірге сәулелер буға айналып

Сәулелі шық-көзіне әлем түнеп,  
Жәудірейді күткендей менен тірек.  
Айды азалап отырып, бозаң қырда:

«Есіркей гөр, ескі айым», – деп ем тілеп [4, 73].

Айдың туып, толып, келесі кезеңге өтуі табиғи құбылыс. Бірақ соны ақын өзінше пайымдаған. «Ескі айда есірке, жаңа айда жарылқа» деп жататын қазақы ұғымды өзінше түрлендіріп, айды ақындық қиял арқылы аллегорияға айналдырып, оны тіпті адам ретінде аза тұтып, жерлеп те жатқандай.

Оның шығармаларында қазаққа белгілі, әр дәуірде өмір сүрген жекелеген адамдардың мінез-құлықтары, олардың өмірлік мұраттары, көзқарастары жан-жақты қарастырылады. Оның лирикалық қаһармандары – жыраулар мен діни тұлғалар, ақындар мен батырлар. Светқали өз өлеңдерінде олардың атқарған ұлы істері мен ерліктерін, мінездеріндегі ерекше қасиеттерін талдай отырып, тарихи тұлғалар мен кейінгі ұрпақтың арасындағы

байланысқа назар аударады, сол арқылы жалпы адамзатқа ортақ құндылықтардың сырын ашып, түсіндіруге тырысады. Ол автор ретінде бейтарап қала отырып, өткен оқиғалар мен құбылыстардың сырына тереңдей үңіледі, оған өзінше баға береді. Оның кейіпкерлері – Сырым, Қашаған, Махамбет, Абай, Қасым, Бауыржан, Мұқағали, Төлеген, Жұмекен, Иранғайып т.б. Ақын бұрынғы өткендерімен қиялы арқылы сырласса, бүгінгі көз көргендерімен арадағы адами қасиеттерін, тек бір ғана мінез ерекшелігін сөз ете отырып, өзгеше философиялық ой түюге, олардың да адами болмысын мінездерінің, әрекеттерінің тек бір қыры арқылы танытуға ұмтылады. Мысалы, қазақтың елдігін сақтап, теңдігін сұраған Сырым батыр жайлы ақын былайша толғанады:

Сырым бабам-ай, Аршыландарға  
есе бермей кеткен қабылан,  
Сені көргенде қайырсыз хандар  
түңілген табыт – тағынан.  
Наркескенің қапты ілулі көкте,  
Жарқылдап жүзі жарты ай боп  
Шарық-Аспанға жаныған [3, 46].

Жыр мазмұнының көнеден келе жатқан жыраулар поэзиясымен үндес екенін аңғарамыз. Дәл осы ырғақ, осы ұйқас Сырымның батырлық, ақындық болмысымен үйлесіп тұр. Ханды тағынан түңілткен, арыстанның өзіне есе бермей кеткен қабыланның әсем де асқақ бейнесі расында да кімнің де болса есінде сақталып қалары сөзсіз. Күржіман шайыр қолданған көне «аршылан» сөзін де ақын өз өлеңінде өте ұтымды пайдаланған. Светқали жырларында өткен замандарда қолданылып, кейінгі кездері өздерінің алғашқы мәні мен мазмұнынан айырыла бастаған сөздер жиі көрініс беріп қалып жатады. Көнерген архаизмдер мен историзмдер оның өлеңдерінде қайта тіріліп, қазақ сөзінің қасиетін одан әрі тереңдетіп, сөздік қорын молайтып жүргенін біз оның тарихшылдығынан, шежірешілдігінен деп білеміз.

Шығармашылық ақын үшін тек өмір сүрудің ерекше бір түрі (формасы) ғана емес, өмір туралы өз формуласын жасаудың бір жолы, мәңгілік жауабы табылмайтын сұрақтарға жауап табуға тырысудың алғышарты сияқты. Ақын осы жолда қалыптасқан

ғылыми тұжырымдар мен логикалық формулаларды өзінше толғап, кейде оларға қарсы шыға отырып, бәрін таза өз қабылдауы арқылы беруге, лирикалық «мен» жүйесіндегі поэтикалық сипатта түсінуге күш салады. Бұл оның көне абыздар сықылды пәлсапалық ерекшелігі ғана емес, ақынның көркемдік әлемінің көкжиегінің кендігін аңғартады. Мынау «Жұмақ түннің жұпары» деген өлендегі әсем ұйқас пен әдемі суретті, әуезді ырғақты кез келген оқырманның барлық жан-тәнімен сүйсіне қабылдары сөзсіз:

Лүпілін жүрегімнің бұлаққа ілдім,  
Деміне құлақ түрдім қырат-қырдың.  
Ай – құлып,  
Жұлдыз кілтпен бұрап тұрмын,  
Қақпасын ашпақ болып жұмақ түннің [5, 24].

Адам мінезі мен мен табиғат құбылыстары арасындағы ақынның өзі ғана танитын нәзік байланыстардың сыры расында да кімді де болса елең еткізбей қоймайды.

Ақындық өнерін сексенінші жылдары бастаған ақындардың жырларындағы негізгі сюжет – тоталитарлық дәуірдің қирауы. Сол қираған дәуірдің образын сомдау арқылы олар замана шындығының жаңаша поэтикалық бейнесін жасап шықты. Ал сол тұста көзқарастары қалыптасқан ақындар бұл дәуір шындығын жас ұрпаққа қарағанда байыппен, байсалдылықпен жырға қосты. Олардың поэзиясында бұрынан ұстанып келе жатқан өз жолдарын сақтап қалу, өзіндік «менді» жоғалтып алмауға тырысушылық байқалады. Ал сексенінші жылдардағы ақындар қоғамдық сананың сан салаға бөлініп, бөлшектеніп кетуінен сексенген жоқ. Олар кез келген құбылысқа барынша мән беріп, дер кезінде үн қатуымен ерекшеленеді. Олардың шығармашылық өнерінде инфантилизм мен посмодернистіктің көрінісі де жоқ болатын, сонымен қатар олардың поэзиясында ұлт болашағы үшін, халықтың тілі мен ділі үшін уайым-қайғы жеген лирикалық «меннің» өзгеше бейнесі қалыптасып келе жатты.

Әдебиетке сексенінші жылдары келген ұрпақ туралы осы кезге шейін олардың шығармашылық қырларын, бағыт бағдарларын толық танытатын көлемді еңбек жазыла қойған жоқ. Кез келген толқынның әдебиетке араласуына және оларды басқалардан ерекшелеп тұратын қоғамдағы үлкен мәдени-әлеуметтік қозғалыстардың әсері екенін де айта кетуіміз керек.

Сексенінші, тоқсаныншы жылдардағы толқынға кеңестік саясаттағы қайта құрудың әсері, әлеуметтік-психологиялық климаттың бірден өзгеруі қатты ықпал етті және сол өзгермелі әлемге тез бейімделу жолындағы олардың табыстары мен қателіктері олардың шығармашылық ерекшелігін айқындайды.

Қорыта айтқанда, Светқали Нұржан – қазір нағыз толысқан шағындағы ақын. Оның лирикасында ойнақылық та, жыраулық дәстүрге тән озандық та, абыздарша толғап кететін ойлылық та бар. Ол мынау айнала қоршаған ортадағы әр оқиғаға, әр құбылысқа бейжай қарай алмайтын жаны нәзік, ойы кемел, сөзі сұлу шайыр.

### *Әдебиеттер:*

1.Нұржанов С. Аруана: Өлеңдер. – Алматы: Балауса, 1992.- 80 бет.

2.Нұржан С. Таң қауызын жарғанда. 3 томдық. 1-том. - Алматы: Үш қиян, 2002. – 352 бет.

3.Нұржан С. Таң қауызын жарғанда. 3 томдық. 2-том. - Алматы: Үш қиян, 2002. – 344 бет.

4.Нұржан С. Таң қауызын жарғанда. 3 томдық. 3-том. - Алматы: Үш қиян, 2002. – 352 бет.

5.Нұржан С. Ай таранған түн. Жыр кітабы. – Алматы: Жазушы, 2008. – 384 бет.

## **ТЕМІРҒАЛИ КӨПБАЕВ** *(1962 жылы туған)*

Көпбаев Темірғали 1962 жылы 7 ақпанда Оңтүстік Қазақстан облысы, Төлеби ауданының Аққұм ауылында дүниеге келген. 1984 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетіне түскеннен кейін «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетінде, Төлеби аудандық «Ильич жолы» (қазіргі «Төлеби туы») газетінде қызмет атқарды. 1990-1992 ж.ж. Алматыдағы «Қазақ университеті» баспасында редактор, 1992-1994 ж.ж. республикалық «Жас қазақ» газетінде бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, 1994-2000 ж.ж. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің радиожурналистика кафедрасында аға оқытушы, кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды.

2001 жылдан бері көрнекті ақын-жазушылар мен ғалымдардың көптомдықтарын шығаруға бағытталған Алматы қаласындағы «Қазығұрт» баспасының президенті. Ақын, журналист, ғалым, баспагер, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, филология ғылымдарының кандидаты, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Темірғали Көпбаевқа 2012 жылы «Кие» жыр жинағы үшін Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығы берілді.

Темірғали Көпбаевтың 2012 жылы «Аңсар» («Ой-Сана» баспасы) атты таңдамалы туындылар жинағы жарық көрді. Жинаққа ақынның тәуелсіздік тұсында мерзімді басылым беттерінде жарияланып, әдебиет сүйер қауымның оң пікіріне іліккен және біршама жаңа туындылары енген. Үш бөлімнен тұратын кітаптың бірінші бөлімін ақынның эпикалық туындылары құрайды. Олар – «Кие», «Қызыл қырғын», «Тарпаңдар», «Асқар рух», «Оңтүстік», «Дағдарыс дәптері» сынды поэмалар.

«Кие» поэмасына арамызда жүріп, ерлігімен аты аңызға айналған Ерден қорықшының басынан өткен оқиғасы негіз болған. Автор поэманың кіріспесінде, яғни «Андату» атты бірінші тарауында өткен тарихымызға шегініс жасап, «бөрі бейнесін туларына бедерлеп, қиыр шығыстағы Хинган тауларынан батыстағы Қап тауларына дейінгі ұлан-ғайыр аймақты бағындырған» түркілерге қатысты аңызды тірілтеді. Сондықтан да

Ашина, Ордос, Арийлерге сілтеме жасап, оқырманға осы атаулар туралы төмендегідей мағлұмат береді: «Ашиналар – Алтай тауларында өмір сүрген ежелгі бабаларымыз. Бізге жеткен аңыз бойынша, қасқыр асырап өсірген баладан тараған қауым.

Заңғар ғалым Әуелбек Қоңыратбаевтың «Көне мәдениет жазбалары» атты кітабында «Ашина» сөзінің түпкі мағынасы – «Бөрі» деген тұжырым айтылады.

Ордос – Сарыжазық. Құрамына қазіргі Қазақстан жерінің басым бөлігі енген ежелгі ғұндар мекені. Ашиналар араға біраз уақыт салып ата қонысқа ат басын қайта бұрған.

Арийлер – ежелгі Қазақстан жерінде Андрон мәдениетін қалыптастырған бабаларымыздың ұлысы» [1, 5].

Ашина тайпасына қатысты аңызды еске түсіре отырып, оның қасында Киплингтің «Мауглиі» жолда қалатынына көңіл аударады. Көктүріктің анасындай болған көк бөріні кие тұтқан ақын «тоңмойын, томар аяқ арлан көрсен, Басыңды иіп өткін киесіне» дей келіп, Ақсу-Жабағылы қорығының Төле би ауданына қарасты бөлігінде орын алған оқиғаға ауысады.

Жасы қырықтан асқанда жары құрсақтағы алты айлық баласымен аюдың жемтігіне айналып, өзі жалғыз қызымен қалған Ерденнің басындағы қайғылы күйді ашу мақсатында оның жандүниесіне үңіледі. Күндіз күлкі, түнде ұйқыдан қалып, екі көзіне ерік беріп отыра бермей, одан кек алудың қамына кірісетін Ерден де осал адам емес.

Тарамыс,  
қарағай бой,  
құрыш білек  
Қайраты елден асқан желпіндірген.

Жүзінен қараған жан сұс көреді,  
Бұжыр бет,

дүрік ерін мыс береді [1, 11],  
– деген портрет пен Ерденнің «мылтықпен мәстектер де жайратады» деген сөзі оның бейнесін толықтыруға қызмет етеді.

Құлын тайдай тебісіп бірге өскен Ерден, Андас, Қанай сынды жан достардың арасындағы диалогті да белгілі мақсатпен пайдаланғаны көрініп тұр. «Терісін сыпырайық тауып алып,

Аюдың адамжегіш кірекейін» дейтін Қанай жан досы үшін басын неге болса да тігетін жан тәрізді көрінеді. «Күнәсіз шарананың құны үшін де, Қаншықты қанжарменен бауыздармын» дейтін Ерден қанға қан деп, неге болса да бас тіккен жан. «Мылтықпен жайратайық мақұлықты, Қанжармен қарсы бару оңай емес» дейтін Андас бойында үрей, қорқыныш сезімі басым. Алайда, аюды атқанын аудан білсе, абақтыға айдататынын сезген Ерден оны қанжармен бауыздауға ден қояды. Мұндай көзсіз батырлық – басты ер өлімге тігумен пара-пар. Сондықтан да Ерден дүлей күш иесінен жеңілуді емес, одан кек қайтаруды мақсат етеді. Ақын үш жігіттің арасындағы диалог арқылы олардың негізгі ойларын ғана емес, оқырманға алдағы үлкен оқиғаның қалай шешілетіндігінен де хабар бергендей.

Көркем шығармада түс алда болатын оқиғаны болжау, аян мағынасында қолданылады. Кірекейді (аю) аулауға шығатын түні Ерден түс көреді. Түсінде жары оны қолынан жетелеп қорымға ертіп барса, бабасы:

– Жан балам!

Киең бөрі!

Киең бөрі!

Емізген қанды емшегін Иең бөрі!

Иеңнің саған берер бір сыйы бар,

Қорымға қонақ болмай қайтқын кері [1, 18], – деп қайтарып жібереді. Бабасын қолдап, жары да: «Киeң бөрі, ұрандамақ. Қайта ғой, көрер күнің бітпегенсін, Жүрмесін адастырып тұманды алап», – дейді. Ұйқысынан оянған Ерден киесі несі, бөрісі несі деп ештеңеге түсінбейді.

Қарашының суығында үш дос аюды ұстауға бірге аттанады. Бірі дабыл қағып, екінші дүрбімен қарап, аюды еңіске қарай түсіреді. Таңғы ұйқысын екі аяқтылардың дабылы бұзған аш аю алдынан шыққан Ерденді екі бүктеп астына басады. Мұны көрген екі досы сертінен тайып: «Ерденнің күні бітті, аю жарды, Жан барда біз зытайық, құрысын!» – деп, алды-артына қарамай зымырап қаша жөнеледі. Осы сәтте Ерденге Арланкөк көмекке келеді. Алапат күш иесі әлімжеттік қылып, жемтігін тартып алып, өзін жаралағанын ұмыта алмаған Арланкөктің ескі кегі қайта қозады. Адамның айласынан қырылып, қызыл кітапқа кірердей күйге түскен қасқырдың ең қауіпті жауы адам баласына болысуын



ақын қазақтың көк бөріден жаралғандығымен түсіндіреді. Сондықтан да ол авторлық ұстанымды Арланкөктік аузына салады. Ақын:

Тектілік – Тәңір сыйы бұл қанымда,

Бас исін сұлтаның да, құлтаның да.

Тегі мен киесінен көз жазған соң,

Қалады не қасиет ұрпағында? [1, 30] – деген қасқыр сөзі арқылы бүгінгі өз замандастарына ой салады.

Қазіргі замандастарымыздың ашкөздігі жыртқыштардан да асып түсіп жатқаны ақынның жанына батады. Сондықтан да ол: «Дейсің-ау, тартылды өзен, қашты теңіз, Қолыңнан қияметті жасап алып», – деп, атадан балаға мирас болып қалған жердің сатылуынан, адам баласының ынсаптан айырылуынан, ашкөзденіп дүниенің соңына түсуінен қорқады. Өзі өмір сүріп отырған заманның дертіне шипа іздеген ақын: «Құрсағын дерт жайлаған қалаң түгіл, Ыс қапқан кәрі таулар түшкіреді», – деп эрозияға ұшыраған жер мен табиғат экологиясына жүрегі сыздайды. Қоғамның осындай көлеңкелі жақтары ақынды бөрі тәрізді «А-у-у-у-у-у-у!» деп ұлытады. Бұл ХХ ғасыр басындағы маса болып ызындаған алашшыл азаматтардың, кеңестік дәуір тұсында Оралхан Бөкей бурасының кешкі ауаны шымырлатқан боздауының тәуелсіздік тұсындағы заңды жалғасы еді. Бұлардың барлығы да қаламгерлердің болашақ ұрпақ алдындағы шерлі мұны мен қайғылы зары еді. Халқының болашағын ойлаған олар бірде маса болып ызындап, енді бірде кербұғыша зарлап, енді бірде қасқыр болып ұлып дендеп кеткен қоғам дертіне шипа іздеді.

Поэмадағы Талас, Өгем, Қазығұрт, Тасарық, Қасқасу, Кеңесарық, Сайрамсу, Қарабастау, Ақбастау, Текесу, Сайрам шыңы, Ақсу-Жабағылы, Шаңырақтас, Ақ бура, Көз Ата, Мейрам Ана, Шілтер Ата, Әңгір ата тәрізді жер атаулары оқиғаның шынайылығына қызмет етеді. Ал аңыз-әңгімелер сол жердің арғы тарихынан хабар береді. Сонымен бірге ақын аталған жерлердің табиғатының ерекшелігіне де мән беріп, ол жерлермен оқырманын таныстырып отыруды жадында ұстаған.

Сөйлем ішінде қайталаудың да өзіндік атқарар қызметі бар. Өлең жолдарының бір сөзбен не болмаса бір әріппен басталуы да қайталаудың бір түрі.

Ақсуда қорықшы бар Ерден деген,  
Айнымас тағдыры ауыр шермендеден.  
Аяғы ауыр жарын аю жарып,  
Арулап ақ кебінде жерленбеген [1, 7].

Алты айлық ұл болатын құрсақтағы,  
Аллаға айкезбедей мұң шаққаны.  
Айырылып күндіз күлкі, түнде ұйқыдан,  
Ащы жас екі көзден бұршақтады [1, 8], – деген тармақтардың «А» әрпімен басталуы өлең жолдарына ерекше реңк беріп тұр. Осылайша ақын ассонансты орынды пайдаланған.

Бүгінде көнерген сөздердің қатарына қосылып бара жатқан, күнделікті қолданыстан шығып қалған сөздерді орнымен қолдану – шығарма тілінің байлығын танытады. Осы тұрғыда ақын бүгінде көнекөз қариялар мен аға буын өкілдері болмаса, жастар жағы біле бермейтін уақыт пен мезгілдің қазақша атауларын орынды қолданады. «Сүмбіле кезек беріп Таразыға Таң суып, ақшам болған таяқ тастам» деген жолдар бүгінгі уақытты айдың күндерімен, сағаттың тілімен өлшейтін жастарға қоңыр күздің алдында осындай мезгілдердің болатындығынан хабар береді.

«Қызыл қырғын» поэмасын ақын шер толғау деп атапты. Себебі, бұл поэманың жазылуына «Қазақ әдебиеті» газетінің 2009 жылғы 6 қарашадағы (№47) санындағы филология ғылымдарының докторы, профессор Мекемтас Мырзахметұлының «Халық санағының астарлы сыры» атты мақаласы түрткі болған. Ақын мақаладағы нақты мәліметтерге сүйене отырып, қазақтың өткені мен бүгіні жөнінде толғанады. Сондықтан да поэма 11 буынды кара өлеңмен емес, 7-8 буынды толғау жанрының үлгісімен жазылған. Ақын бірде:

Есім ханның тұсында,  
Еңсесі биік ер едік,  
Есебі жоқ көп едік,  
Ерегескен есерге,

Есем кетер демедік [1, 37], – деп Махамбеттің үлгісіне салып, өткенге көз жүгіртеді.

«Кавказ қырғыны», «Қырым қырғыны», «Қазақ қырғыны» деп аталатын тараулардың басында жоғарыда аталған мақаладан қазақ, ноғай, қырым татарларына жасалған қызыл қырғындардан

нақты деректер келтіре отырып, сол мәліметтерді жүрегі мұздап, санасы сыздай отырып сөйлетеді. 24 жылдың ішінде қазақтың 4 миллионға азайып, 3 еседен аса құлдырауын ақын төмендегіше түсіндіреді:

Қазақ жерін қан қылуды аңсаған,  
Бұл патшаның албасты ойы десек те.  
Қырға келіп, қызыл қасап жасаған,  
Кеңестер де мықты шықты есепке [1, 44].

«Империя саясаты бұрыннан Түп тамырын құрту болған Тұранның» дейтін ақын кеңестік жүйенің жымысқы саясатын әшкерелейді. Жаппай тәркілеуден аш-жалаңаш қалған қазақтардың батыс пен шығыстағы шекараның бойында қызылдардың қызыл көз зеңбірегінен оққа ұшып, іздеусіз қалғандығын ақын жүрек жасыра алмайды. Жетпіс жылдан аса өмір сүрген кеңестік империяның қазақ халқының басына салған қасіреті шаш-етектен екендігін әділ тарих жасырмақ емес. Осындай шындықтардың бетін шиедей етіп, тәуелсіздік тұсындағы қазақ ақындары көркем шығармаға негіз етуі заңды. Қызыл байрақтың астарында жатқан қызыл қырғын мен қызыл мұң «Теңдік» саясатының нәубеті болса, ол – XX ғасырдың трагедиясы екені жасырын емес.

«Тарпаңдар» поэмасын ақын – 1841 жылы Петербургте қоладан «асауды үйретушілер» атты мүсіндер тобын жасаған барон Петр Клодтың және тарпаңдармен тағдырлас данагөй ақын Шәкәрім Құдайбердіұлының рухына арнаймын, – депті. Барон Клодтың тарпаңдарын даланың тарпаң ұлы Шәкәрімге балаған ақын 1942-1945 жылдары үш жыл жер астында көмулі жатқан тарпаңдардың тағдырын халық жауы аталған ақынның 1988 жылы ресми ақталып халқымен қайта қауышуымен ұштастырады. «Ақиқатпенен алысып жатқан асаудың, Момақан күйге түсерін ертең білем мен», – деп, ақиқат үшін күрестің оңай еместігін түсінген ақын тарпаңдарға «Рухыңды биік тапталпау үшін басқаға, Тарпаңдарым-ай, тұғырыңды енді тастама» деген түйін жасайды.

«Асқақ рух» поэмасы аса талантты композитор Фредерик Шопеннің тағдырына арналған. Ақын негізгі оқиғаға кіріспес бұрын 1831 жылғы орыс самодержавиесіне қарсы поляк халқының көтерілісі кезінде Шопен Венада болып, оған Вршаваға келуге

тыйым салынғанын еске түсіреді. Поэма бірінші жақтан негізгі кейіпкердің атынан жырланады. «Қаңбақ» атты бірінші тарауда ұшары мен қонарын жел білетін қаңбақтың да өскен жері болатынын айта келіп, «Тағдыр мені туған жерге зар қылды, Кеткен едім үзіп алтын қарғымды» деп туған жерге сағынышын білдірсе, кейінгі тарауларында өлгеннен кейін жүрегімді Польшаға апарып жерлеңдер деген композитордың туған жерге деген сезіміне тәнті боламыз. «Талай жылдар туған жерді көрмедім, Өзеуредім, өкінгенмен өлмедім», «Мақсатымды марқайтқанмен сан ізгі, Париж маған тоты торы тәрізді», «Жете алмаспын, жете алмаспын елге енді, Париж – мола. Талай мұңлық жерленді. Маңдайыма жазған екен туғанда, Бұралқы иттей жат өлкеде өлгенді» деген жолдар кез келген оқырманның туған жерге деген патриоттық сезімін оятары даусыз.

«Оңтүстік» – қазақ поэзиясындағы туған жер туралы үлкенді-кішілі шығармалардың қатарын толықтыратын поэма-толғау. Ақын «Техас штаты мен Оңтүстік Қазақстан облысы Жердің дәл қарама-қарсы бетінде орналасқан. Уақыт айырмашылығы 12 сағат. Табиғаты да, күннің ыстықтығы да ұқсас» екенін айта келіп, Техас штаты мен «Техас» атанған Оңтүстік Қазақстанның тарихы мен табиғатын салыстыра сөз етеді. Төрткүл дүниенің төрт бұрышынан жиналған Африка, Колумбия, Балтық журналшыларының арасында отырып, әлемдегі тоғызыншы ел, яғни Қазақ елі туралы ой қозғайды. Техас штатының бүгінгі ажарына таңданған ақын оның арғы тарихынан да хабар береді:

Құлдық салтқа қара нәсіл қас тіпті,  
Жылдар бойы жас кетпеген жанардан.  
Жеңіп «ұлы депрессия», аштықты,  
Ел екен бұл елу жылда жаңарған [1, 76].

Соғыстан көз ашпаған елдің тарихын сөз ету арқылы Техас штаты мен Қазақ елі арасындағы ұқсастықты іздейді.

«Оңтүстік Қазақстан» тарауында туған жерін Меккеге, Жердің алтын кіндігіне, алтын ұяға балаған ақын Техас штатын сан мың жылдық тарихы бар Қазақ елінің тырнағына тұрмайды деп түсінеді. Қола дәуірімен құрдас елдің тұтас тарихын сөз ету мүмкін болмағандықтан, тек қана Оңтүстік Қазақстан тарихынан сыр шертеді.

«Қазығұрт. Кеме қалған. Шаңырақ тас» тарауында «Басында Қазығұрттың кеме қалған, Болмаса кереметі неге қалған» деген аңызға жан бітіріп, Нұх пайғамбардың кемесі тоқтаған Аравиядағы – Аль-Жудда, Палестинадағы – Синай, Кавказдағы – Арарат тауларын атай келіп, бірақ олардың бірде-біреуінің басында Қазығұрттағыдай аңыз, таңба-белгілердің жоқ екендігін Кеме қалған, Шаңырақ тас таңбаларымен, ғалымдардың зерттеулерімен дәлелдеп, «Киелі шаңырақтан тарағандай, Адамның Нұхтан өрген ұрпақтары» деген түйін жасайды.

«Көне Сайрам (Исфиджаб). Бабтар мекені» деген тарауда Сайрам ауданы туралы сөз еткенде «Сайрамда бар сансыз баб» деген халық аузындағы сөзге сүйенеді. Аңызға айналған шындықты Қожа Ахмет Иасауи, оның әкесі Ибраһим ата, анасы Қарашаш ана (Мұса шейхтың қызы Айша) және оның ұстаздары (Шейх Шахаб әд-Дин Испенжаби, Бабауд-Дин Исфиджаби) туралы мәліметтер Сайрамда сансыз бабтың жатқандығын дәлелдей түседі. «Бір дұға Қожа Ахмет оқығанда, Бақшаның арамшөбі күлге айналды» деген жолдар шәкірт Қожа Ахметтің бойындағы ерекше қасиетті растаса, бір үйге екі әулие сыймаймыз деп, әкесі оған Иасыда орда тігіп, тұрақтап қалуға рұқсат береді. Міне, осындай мәліметтер әулие-әмбиелер мекен еткен жердің Алланың нұрына бөленетіндігін байкатады.

«Түркістан. Кіші Мекке. Йасауи ілімі» деген тарауда «Түркістанда түмен баб...» деген ел аузындағы сөз бен Мағжан Жұмабаевтың «Түркістан – Ер Түріктің бесігі ғой, Түркістан – екі дүние есігі ғой» деген сөздерінің астарына үңіліп, көк түріктің астанасы болған Түркістанның VII ғасырдан бергі тарихын тарата сөз етеді. Есім ханның астана деп ту тіккен Түркістанның кіші Мекке аталуы, түркі халықтарының рухани астанасы болып қалуы тегін емес.

«Отырар. Әл-Фараби. Арыстан баб» деген тарау «Отырарда отыз баб, Ең үлкені – Арыстан баб» деген халық аузында сақталған сөз бен ғұлама ғалым Әлкей Марғұланның «Әл-Фараби – Аристотельден кейінгі, әлемнің екінші ұстазы атанған ғұлама, данышпан» деген сөздерінің шындыққа жақын екендігін тарихи деректермен дәлелдейді. Темірланның түсіне ақ сақалды кісі еніп:

Ұстазы Иасауидің – Арыстан баб,  
Батасын алмай болмас ісің өніп.

Әуелі ұстаздың сал кесенесін,  
Сонан соң күшінді Алла еселесін.  
Иасауи рухы саған разы болар,  
Ойлаған шаруанды еңсересін, – дейді [1, 92].

Темірлан Арыстан баб пен Иасауидің кесенесін салып, әлемге аты мәшһүр болады. «Әмір Темір көреген таңдағандай, Бақиға аттаныпты Отырарда» деген аңызға сүйене отырып, оны «Қытайды жауламаққа бет алып, «Ұлы шығыс жорығына» әзір болған кезінде 1405 жылы ақпанда Отырарда дүние салған» деген дерекпен нақтылайды. Шыңғысханның ойранына төтеп берген Отырар туралы оқиғалар тарихи шындықпен үйлесіп жатыр.

«Теріскей» тарауындаға Сүгір мен Ықылас күйші, Баба Түкті Шашты Әзіз, Ер Едіге, Ысқақ баб, Қарабура әулие сынды тарихи адамдар, «Бәйдібек. Домалақ ана» тарауындағы Бәйдібек ата, Марау ана, Домалақ аналар туралы аңыздарға жан бітіріп, оны халқымен қайта қауыштыру арқылы қазақтың кешегі тарихынан сыр шерткен. Сондай-ақ үш жүздің басын қосқан Ордабасы мен қазақты әлемге танытқан күш иесі Қажымұқан туралы аңыз-әңгімелер, Ақсу-Жабағылы қорығы, Түркібасы, Аққұм, Өгем жоталары, Төле би ауданының тарихынан хабар берер аңыздар Оңтүстік Қазақстан жерінің құт қонып, береке дарыған жер екендігін айғақтай түседі. Осындай дарқан дала перзенттерінің пейіліне де Алла тағала кеңдік бергенін «Жігіттер намысы тау, жаны дала, Алдыңнан шыға келер «көке» десіп», «Сол жандар той жасамай тұра алмайтын, Малды да жинайтындай қонақ үшін» деп шынайы қалпымен бейнелейді.

Поэманың басында бас қосып отырған төрт журналшыға өз елі туралы:

Жазсын!  
Білсін!  
Мойындасын!  
Танысын!

Қазақ деген құдіретті ел барын [1, 108], – деп мол мағлұмат бергенін айтады. «Бүкіл әлем мойындаған мәндердің Түп қазығы Тұран жақта жатқанын» күллі әлемге паш еткен ақын «Еш пендеге тапталпайтын намысын, Қас Сақ рухы – қайталанбас дегдарым» деп түйіндейді.

Қара өлеңмен жігерін қайрап, ұятын жуатын ақынның «Қасиетімен қақтырған қанатымды, Қара өлеңге өлгенше қарыздармын» деуі тегін емес. Ойды ой қозғайтыны тәрізді «Ойдың ойы» өлеңінде:

Ойлар менің гүлзарыма гүл екті,  
Ойлар мені қаршығадай түлетті.  
Ойлар кейде оскылады жүректі,  
Ойлар кейде жігерімді құм етті, – дейді [1, 274].

«Кімге керек сылдыр сөздер сырғалы, Болмаса онда жүрегіңнің жұрнағы» дейтін ақынның сыршыл лирикасында мұң мен шер басым. Оның «Жүрегімнің көзінен тамған тамшы, Ақ параққа жыр болып өріледі» деуі де тегін емес. «Миым – майдан, ойым – астар. Сөзім – көрпе жібектен, Мен шығыстың шайыры емен раушан иісін жыр еткен» дейтін ақын жүрегің ата-бабаларымыздың қорымын сырып тастап, үстіне қала салып жатқан замандастарының көрсоқырлығы сыздатады. Сондықтан да қоғам жөнінде «Қоғам мынау құлықсыз кете берсе, Жаңқа болар соғылып жарға қайық» дейді. Осы ой «Желбуаз серт» өлеңінде былайша жалғасады:

Басын тігер елі үшін шынайы ақын,  
Елге тиген бір сөзге мұңаятын.  
Өлеңімен көз жасын құрғатпаса,  
Атамай-ақ қойсын ол Құдай атын [1, 156], –

дейтін ақын өлеңдерінде патриоттық рух басым.

Өзі өмір сүріп отырған замандағы өзекті мәселелерді көтере білген ақын бейнелі образ жасауға шебер. Мәселен «Жүрек» деген өлеңінде:

Қапастағы бұлбұл ғой жүрек деген,  
Қандай адам жүректі құр ет деген.  
Тыным таппай байғұсым шырылдайды,  
Таңдайынан шер тамып шүмектеген [1, 135], –

деп мұңды жүректің көркем бейнесін көз алдымызға елестетеді. Сол сияқты ақынның ақиқатқа берген бағасы да қызғылықты. Қоғамның емшісіне, келешектің еншісіне айналған ақиқаттың дер шағында келмей, «тойға барған қазақтардай кешігіп жүретініне күйіп кетемін» дейді ақын. Себебі шындықты шыжғыратын ақиқат қашан да күшті. Оны ақын сүлейлердің сөзінен, сұлулардың тұп-тұнық көзінен, қарттардың өлім алдындағы соңғы

демінен, қайшылықтың қасынан, бақытсыз бейшараның басынан, сатқындықтың арасынан, жамағайынның жаласынан, сөгілген қардың көбесінен, Бекежандардың жебесінен, өткен тарих үлесінен, Абайға соққан дүреден іздейді. Ақиқаттың күйі мұндай болса, «балауыз шам секілді» елдің бұрмалауына түскен Шындыққа не дерсің. Ауылы алыстаған ақиқат пен мың бұрауға түскен шындықтың күні бұл болса, ондай қоғамның дертіне шипа іздеудің өзі көзсіз батырдың ерлігін елестетеді. Ақиқат пен шындықты ұстатпайтын қоғамда өмір сүріп жатқан жүрек пен тілдің күні де мүшкіл екенін «Өкінішпен өтті өмір, Жүрек айтса, тіл көнбей» деп нанымды бейнелейді. Ақын ұғымында адамдықтан жоғары ештеңе жоқ. Сондықтан да ол «Арманыңды қайтейін Арды жерге көмгесін», «Аз ғана тірлікте Азбасақ не етеді» дейді. «Негіз» атты өлеңінде заманына қарап адамы деп, екіжүзді заманда түлкібұлаңға салып жүрген замандастарына негізінен айырылғандардың Құдайдың қаһарына ұшырайтындығын ескерткен ол «Негізіңнен айырылып, Қақпа тозақ қақпасын» деген ой тастайды. Алдамшы өмірде қолынан келгенін қонышынан басып жүргендерге судың да сұрауы бар екенін, о дүниеге барғанда бәріне есеп беру керектігін ескерте отырып, замандастарын имандылыққа шақырады. Замандастарының имансыздығына күйінген ол «пайғамбардың бәрі адам, адамның бәрі пайғамбар еместігін» адам баласының шыр етіп дүние есігін ашқан кездегі періште қалпының жыл өткен сайын бұзылатындығын «Адалдықтың кіріп ап арасына, Аша тұяқ аш сайтан әндетеді» деп бейнелейді. Өзі өмір сүріп отырған қоғам дертіне шипа іздеген ақын «Бәрі текті өр санамды, Қоғам иттей қарғылады» дей келіп, «Қоғамның ит қорасында, Түбі мен де жынданармын» деген түйін жасайды. Өзін матап байлап тастаған қоғамға «бір түкіретін» ол сол қоғамның сырына үңіледі. Қоғам емес, адам пиғылы бұзылғандығын түсінген ол замандастарының бойындағы керітартпа әрекеттерді кешіре алмайды. Қазіргі таңда еркектердің сыпсындап, әйелдерден арман өсек айтатыны жөнінде «Өсекті қаудай қаулатты, Еркегім озып әйелден» деп бейнелейді. Осы секілді дерттің бірі менмендік пен қызғаныш екені жасырын емес, «Менмендік» өлеңінде менменсіген жандардың әрекетін:

Мен, мен дейді жалған үн,  
Көкірегін ұрғылап.



Жын иектеп алғанын,  
Құдай көріп тұр бірақ [1, 152], – деп бейнелесе,  
«Қызғаныш» өлеңінде қызғаныш жөнінде:

Дәулетінен өзгенің,  
Қанталайды көздерің.  
Өзегіңе өрт түсіп,

Талант көрсен төзбедің [1, 153], – деп, өзгенің жетістігін көре алмайтын қызғаншақтардың нанымды бейнесін жасады. Ақынның ұғымында «Талантқа тас атудың керегі жоқ, Талантты мақтай берсең өзі өледі!» («Мақтай берсең»).

Туған жерін құт мекенге балайтын ақын оның тасы мен суына, желі мен боранына дейін өлең арнады. Қазақ поэзиясында Абайдан бермен қарай қалыптасқан дәстүр бойынша қысты ақсақалға, кәрі құдаға теңеу бар. Ал, оны «Ақ тұмсық демі Қаңтардың, Аққудай ардан жаралған» («Жаңа жыл») деп аққуға теңеу Темірғали ақынның жаңашылдығы деп тануға болады. Қараша туралы, алғашқы қар туралы ойлары да қызық. «Қараша айы» өлеңінде:

Қараша айы,  
Қараша айы – құрбанды ай,  
Қазынасын тауып алған бұлданбай,  
Қойынына тығып қойып алтынын,

Қатал қысқа құл болғалы тұрғандай [1, 258], – деп бейнелесе, «Алғашқы қар. Ақ қайын» өлеңінде:

Ақ көбелек қанаттары дірілдей,  
Бұтақтарға қонып жатыр білінбей.  
Ақ қайынды тербетеді тыныштық,

Ұяң қыздың ұйқыдағы түріндей [1, 259], – деп ақша қардың бейнелі образын жасайды. Қараша айын қыстың құлына, алғашқы қар жауған сәттегі қайындардың келбетін ұйқыдағы аруға теңеу де қазіргі қазақ поэзиясының көркемдік табыстарының бірі деп айтуға болады. Ақынның табиғат лирикасының ішінен ерекше орын алатын – «Мамырдағы қар» өлеңі. Мамырдың ортасында Алматыда жауған қардың бейнесі тіпті ерекше. Қыс ызғары кетіп, жер жібіген шақта кәрі қыстың келіп, әлек салуын ақын былайша жанды образға айналдырған:

Қайта оралып ұзын сары Қыс кәрі,  
Қалт-құлт етіп шанасынан түсті әні.

Қамшысымен көк майсаны тартып қап,  
Қайың қыздың балтырынан ұстады.

Барымтасыз тістеуде өтер бармағы,  
Шәлкес мінез ширықтырған шал-дағы.  
Қыбын тауып келіншекті көктемдей,  
Құшып өлу сонардағы арманы.

Алматының бозарады аспаны,  
Алба-жұлба биші қайың шаштары.  
Шақар шалың омырауын ағытып,  
Көк көйлекті умаждап-ақ тастады [1, 320].

Ақын қысты өз мезгілінде келмегендіктен қауқарсыз, қалт-құлт еткен кәрі шалға теңейді. Сондықтан да ол Абайдың қысы тәрізді ызғар шашып тұрмайды. Темірғалидың ұзын сарысы – тәуелсіздік тұсындағы қазақ поэзиясына өзіндік болмысымен келіп қосылған Қыс. Қыстың қайыңның балтырына жармасып, көк майсаны умаждауы қызғылықты.

Бұған дейін қазақ ақындары Алматыны ару қала, әсем қала деп танығаны белгілі. Ал Темірғали ақын Алматыны бүгінгі барымен бағалайды. Алатаудың алқасы секілді көлбеп жатқан қаладан әсемдік емес, көлік кептелісі мен көк түтіннің орын алуы шындыққа жақын. Алматы туралы «Көк түтінге тұншыққан Көктөбеден, Алматыма қараймын жаным ашып», «Алатаудың Алматы алқасы еді, Ақ түтінге айналды-ау алқындырған» деген жолдар оңтүстік астананың бүгінгі күйін көз алдымызға елестетеді. «Қала таңы» өлеңіндегі «Ығы-жығы көлікте, ұмар-жұмар, Сан тағдырлар асығып баратады» деген жолдарда сайраған құстың үні естілмейтін қалада «көк түтіннің түшкірігіне» уланған жандарға жаның ашиды. Себебі, солардың ішінен өзіңді жазбай танисың.

«Елміз ғой біз, жоқ дауым» деген өлеңінде Алла бөлек жаратқан ала-құла халықтың Абайдай ұлыларын сабатқанын, өз аққуын атқанын, қайыңдарын балталап оққа жаққанын, озық туған ойларды отап жатқанын, шортандары шабағын қылғып жатқанын, шетелдіктер көңілін шешеміздей аулап жатқанын айта келіп, осылардың қасіретін көрген «Ертеңгі ұрпақ жоқтауын Естімей-ақ өтейін!» деген түйін жасайды. «Аңыз жайлы аңызда» адамзатты

зынданға қамап алып, шығармай отырған шайтандардың ісіне кезігеміз. Ол үш түрлі халықтың ішінен көтерілгенінің балағына жармасқан өз елін жазбай таниды. Себебі бұл бір-бірін аяқтан шалған, ұлысын ұстап, арысын оққа байлаған қазақ еді. «...дүниені қара қытай қаптайды» деген бабалар сөзіне сүйенген ақын көрші жатқан қысық көздердің ішімізге дендеп еніп бара жатқанынан шошынады. «Үлгіргенше кермеге ат байланып» қолайсыздау қонағының төрге шыққанынан қауіптенген ол: «Қарағайдың басынан шортан көрген, Көңіл айтып Асан шал келмесін де», – дейді.

Ақын үшін болмыстың бәсі бекер,  
Жақсы жырды жалған мұң жасық етер.  
Қауіп төнсе отанға, тіл кеспек жоқ,  
Ең әуелі ақынның басы кетер [1, 244].

Сан ғасыр бойы отаршыл империяның отарында болып, бұғаудан көз аспадық деп зар еңірейтініміз белгілі. Алайда еліміз тәуелсіздік алғаннан бері жиырма жылдан аса уақыт өтсе де, жыртығымыз бүтінделмей, бүтініміз түгенделмей келе жатқан бесенеден белгілі. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» дейтін ақын қазіргі таңдағы қарапайым халық басындағы қасіретті жасыра алмайды. Бар ғұмырын Отан үшін сарп еткен ақсақалдарымыздың алатын зейнетақысы алдына жетсе, артына жетпей жататыны рас. Жердің асты-үсті толған байлық деп аузымызды толтырып отырғанда кедейшілік күн кешіп жатқан жандардың қайғысы заман трагедиясы екені анық. Оны ақын былай бейнелейді:

Жоғарыға жаудыратын кейде өкпе,  
Қайыс қартқа айта алмаймын қой деп те.  
Бар ғұмыры батып кетті бейнетке,  
Жетпісте де жетпеді шын зейнетке [1, 284].

Өмірдегі келеңсіз жайттарды аң-құстардың өмірінен мысал келтіре отырып шенеу – поэзияда қалыптасқан дәстүрдің бірі. Ақынның «Үйрек пен қыран» мысалы – осы дәстүрдің ХХІ ғасырдағы тікелей жалғасы. Ол үйрек пен қыранның әңгімесі арқылы «жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас» деген халық даналығын қайта тірілтеді. Арамызда жүрген қырандармен таласып жүрген үйректерге ақын «Шама білмес – сүйкімсіз, жер жаһанға саңғымай, Жемсауыңды толтырсаң, қораңда жат

қаңғымай» дейді. «Теңге ауысқан» балладасында 1993 жылы 15 қарашада қазақтың төл валютасы теңге шыққан кездегі оқиғаға кезіземіз. Өзге ұлыс өкілдері «Одақ тарап кеткенмен баяғымыз жақсы еді, Қарайласар кімім бар? Теңгені кім біліпті?» деп зар илесе, қазақ анасы Жамалдың, – Ақша түгіл аспанда Ай ауысып кетсе де, Алты балам тұрғанда аман алып шығады-ау!» деп саясатқа араласпай барға тәубә етіп, балаларының амандығын тілеуі қарапайым қазақ аналарының болмысын шынайы қалпында танытады.

Сөз құдіретін түсініп, сөзден сурет сала білген ақын поэзиясынан бейнелі тіркестерді көптеп кездестіруге болады. Олардың қатарында Мәселен: «Жасанды ойдың жыртып тастап жейдесін, Сезінгенім, сезімдерім сөйлесін», «Ойшыл адам ойлардан орман егіп, Шығады екен ұзақ түн өлең өріп» (Ж.Нәжімеденовке), «Жесір пиғыл жезтырнақтың жеңгесін, Көрерө көңілім қалды өзімнен», «Желпігенде көңілді сыршыл ағын, Аңсайды өлең аққудың сыңсығанын», «Ақ қайыңға маржаннан сырған іліп, Ағып жатсын жайраңдап жылға күліп» («Менің көңілім»), «Қайың біткен алақаны сарғайып, Сауға сұрап иілді қыс – көршіден» («Қараша айы»), «Ақшарбы бұлт – шымылдықтың сыртынан, Ай – жеңгетай ауық-ауық сығалар» («Құм анар»), «Арман толы жүректі жүдеттім бе, Ақиқатпен әнгүдік алысамын деп», «Түте-түте түбіт түн түнек болды, Жымнан қашқан қояндай алдайды үміт», «Абайсызда жоғалды Айдың жұлдыз моншағы» т.б. бейнелі тіркестерді атаға болады.

Ақынның бір топ өлеңдері – Қадыр Мырзалиев, Жұматай Жақыпбаев, Әбубәкір Қайран, Светқали Нұржан, Секен Тұрысбеков, Есжан Айнабеков, Исахан Бидайбеков, Бауыржан Үсенов сынды жекелеген адамдарға арналған арнаулар. Аға буын өкілдерін ұстаз тұтқан ол Қадыр Мырзалиевке «Жақұт жырын жүректі тербеткенде, Жаз дидарлы жүзінді сағынамыз» десе, Жұматайға «Қара өлеңнің қағаны еді өзі де, Сарай салған сөздің теріп естісін» дейді. Бауыржан Үсеновке «Қаршыға қаламыңмен танытқансың, Кең қолтық Құлагердей қарымыңды» десе, Әбубәкір Қайранға «Таңдар атты біз күткеннен күрделі, Жанға батты қандендердің үргені» дейді. Светқали Нұржанға «Шерден шәрбат құясың сабанды ашып» десе, Секен Тұрысбековке «Күйіңмен бірге

ерінбес едім, Хиуаға жаяу бар десе» дейді. Бұл жолдар ақынның өнер құдіретін, сөз құдіретін терең түсіне білгендігін танытады. Олардың көпшілігі өнер адамдары болса, «Айша» қызы Айшаға арналған өлең. Құлыншақтай құлдыраңдаған қызының Құбыжық пен Бөжейді, жезтырнақ пен мыстанды, кулық пен сұмдықты, жамандық пен қызғанышты білмей өсуін тілейді. «Балалы үй – базар» деген мақалды «Сылдырмақ» өлеңінде тірілте отырып, «Жанды мұңнан аршыған, «Сылдырмақта» сын қанша» деп сылдырмақтың сырына үңіледі. Замандастарының бейбіт өмір сүруін ойлаған ақын балдырғандардың бақытты балалық шағына сызат түсірмеуге тырысады. Сондықтан да ол балаларды қорқытпаңдар деген кеңес айтады.

Сонымен бірге ақын поэзиясынан махаббат лирикасы да біраз орын алған. Олардың қатарында «Үзілді үркер үмітім», «Текке өртеніп келіпмін», «Бақытысың басқаның», «Күттім сені», «Бақытым, барым – өзіңсің», «Илигай», «Дүниеде сұлу болса...», «Дәл мендей ғашық болсаң...», «Әдемісің көп гүлден», «Алыстап кетті ақмаңдай», «Жаңғырық» тәрізді өлеңдерді атауға болады.

Қорыта айтқанда, Темірғали Көпбаев – тәуелсіздік тұсындағы қазақ поэзиясына өз үлесін қосып жүрген, жазғанынан жазары көп талантты ақын. Ұлттық поэзиядағы қалыптасқан дәстүрді өзіндік жаңа өрнектермен толықтырып, оны мазмұны мен түрі жағынан байытып жүрген ақынның қазақ поэзиясынан алар орны ерекше.

### **Әдебиеттер:**

1. Көпбаев Т. Көзмоншақ. – Алматы: Қазақ университеті, 1998.
2. Көпбаев Т. Жаңғырық. – Алматы: Қазығұрт, 2007.
3. Көпбаев Т. Кие. – Алматы: Жазушы, 2009.
4. Көпбаев Т. Оңтүстік. – Алматы: Әдебиет, 2009.
5. Көпбаев Т. Аңсар. – Алматы: Ой-Сана, 2012.

## ЖАНАТ ӘСКЕРБЕКҚЫЗЫ

(1966 жылы туған)

Жанат Әскербекқызы – ақын, филология ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2011» грантының иегері.

1966 жылы 1 қаңтарда Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Қарасу ауылында мұғалімдер отбасында дүниеге келген. 1982-87 жылдар аралығында С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінде қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім алған. 1987-1995 жылдары Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Құйған ауылындағы орта мектепте мұғалім болып қызмет атқарды. 1995-2000 жылдары Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінде аға оқытушы болды. 1999 жылы ҚР ҰҒА академигі С.А.Қасқабасовтың жетекшілігімен «Оралхан Бөкей прозасындағы мифологизм мәселесі» атты тақырыпта кандидаттық диссертация, ҚР ҰҒА академигі Р.Нұрғалидың кеңесшілігімен «Мифтің поэтикадағы қызметі (қазіргі қазақ поэзиясы арқауында)» тақырыбында докторлық диссертация қорғаған.

Республикалық «АҚҚҰС» жыр мүшәйрасының (1993) жүлдесін алған. Шығармашыл жастардың республикалық «Шабыт» фестивалінің Гран-при жүлдегері (1999), Президент стипендиясының иегері (1999), Қасым Аманжоловтың 90 және 100 жылдығына арналған республикалық жыр мүшәйрасының (2001), Республика тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай өткізілген мүшәйраның жүлдегері (2001), Қазақстан аграрлық партиясы тағайындаған Әбдіраштың Жарасқаны атындағы сыйлықтың лауреаты (2004), «Шығыс шынары» халықаралық жыр мүшәйрасының жүлдегері (2010, 2011).

*Жарық көрген шығармалары:* «Ғарыш билер ғұмырымды» (өлеңдер жинағы, 1999); «Қаракөз бұлақ» (өлеңдер жинағы, 2001); «Қаңтардағы қызыл гүл» (өлеңдер жинағы, 2001); «Көктүріктер әуені» (өлеңдер жинағы, 2002), «Қаз қанатындағы ғұмыр» (өлеңдер жинағы, 2007); «Сакура гүлдегенде» (Жапон поэзиясының аудармасы, 2011), «Ай-тамғы» (өлеңдер жинағы, 2014).

Жанат өлеңді тұлымшағы желбіреген оқушы кезінен-ақ жаза бастаған. Ақын болам деп арман қуып, сексенінші жылдары сол кездегі астана Алматыдағы С.М.Киров атындағы университеттің филология факультетіне оқуға түседі. Он алты жасында студент атанған қаршадай қыз сөз өнеріне деген құштарлығы мен өлеңге деген інкәрлығының арқасында аталған оқу орнын жақсы аяқтайды. Студент кезінің өзінде-ақ Жанат жастар арасында танымал ақындардың қатарында болады. Үлкен зиялы орта мен білікті ұстаздардан білім ала жүріп, жас ақын өз өнерін шыңдай түседі. Сол кездегі дәстүр бойынша жатақханадағы Фариза Оңғарсынова, Күләш Ахметова, Мұхтар Шаханов, Жарасқан Әбдрашев т.б. ақындармен болған кездесулерде көпшіліктің сұрауымен ортаға шығып, өз өлеңдерін оқып, үлкен ақындардың талай рет батасын да алады. Бұл кездесулер жас таланттың шабытын шыңдап, қаламының ұштала түсуіне ықпалын тигізеді. Үлкен ақындармен арадағы адами қарым-қатынастар кейін шығармашылық байланыстарға ұласып, Жанаттың ақындық өнерде өз жолын табуына септігін тигізеді.

Бірақ сол балаң кезіндегі өлеңдерінің өзінен-ақ ақынның сөз саптасының өзгеше екенін, өзгелерге ұқсағысы келмейтін жаңа ырғақ, соны форма іздейтінінің куәсі боламыз. Мысалы он тоғыз жасында жазған мына бір шумақтардан Жанаттың туған жер, өскен орта туралы таптаурын түсініктерден тыс өзіндік ойының бар екенін анық аңғарамыз.

Кеудемнен шырқыратып жанымды үзіп,

Ақ сағымда барады ауыл жүзіп.

Жүрегімді шеңгелдеп қысып алып,

Тамырымда ойнайды қаным қызып, – (1984)

деген жолдардан туған шаңырағыңа, ата-ана мен бауырларыңа, өскен жеріңе деген сағынышың «кеудеңнен шырқыратып жаныңды үзетін», бәрімізге таныс қимас сезімді әсем де әдемі суретпен шебер жеткізе білген [1, 14]. Бәріміз де ауылдан шықтық, бәріміз де ауылымызды қимай сағынышымызды баса алмай, кеудемізге толған өксікті елемеген боп аттанып кете бардық. Бірақ сол жүрегімізді сыздатқан сағыныштың мұңын Жанаттай айта алған ақын сирек. Қош айтысып көлікке мінгенде көз алдында қалып бара жатқан ауылдың қимас кейпін «Ақ сағымда барады

ауыл жүзіп» деп беруі, расында да, Жанаттың өз ойын бейнелеп жеткізуге машықтана бастаған ақын екенін аңғартады.

Жанат өзін мазалаған, сезіміне қозғау салған құбылыстарды ғана өлеңіне арқау етеді. Ол күллі адам баласына тән ой мен сезім арпалысы. Оның өлеңдерін оқи отырып сол бір сезім шырғалаңын өз басыңнан кешіргендей әсерде қалуың да сондықтан. Сонан да болар оның өлеңдері кез келген оқырманның жанына жақын, ойына қонымды, жүрегіне жылы тиіп жатады.

Көмкеріліп сұлбасы сағымменен,  
Алыстап бара жатыр ауыл менен.  
Қайта-қайта бұрылып қарай бердім,

Қарай бердім, тербетіп жанымды өлең, – деген жолдар расында да ауылдан ұзап шыға бергенде әркімді-ақ мазалайтын көңіл күй құбылысы екенін айтып жатудың өзі артық [1, 15]. Ал ақынның сол бір құбылысты мөлдіретіп өлеңге айналдыруы, сол арқылы көптің көңілінде жүрген сағыныштың сырын сөзбен кестелеп жайып салуы тек шынайы ақынға ғана тән ерекшелік. Өзге адам ондайда мұңға бөленер, жанын сағыныштың қимас әуені әлдилер, бірақ онан арыға бара алмас еді, ал Жанаттың қимастық сезімінен өлең тууы заңдылық. Өйткені, ол – ақын! Оның «Қарай бердім, тербетіп жанымды өлең» дегеніне имандай сенеміз. Туған жер, атамекен, яки табиғат лирикасы – Ж.Әскербекқызының арналы тақырыптары бірі. Прозадағы О.Бөкей шығармашылығы сияқты Жанаттың лирикасынан да Шығыс Қазақстанның тамаша табиғатын, сұлу көктемі мен жаймашуақ жазын, қытымыр қысын анық танып отырамыз. Шағын лирикадағы табиғаттың тұмса бейнесі ақын жырында жай құрғақ суреттеле салмайды, онда сол табиғат пен адам арасындағы нәзік байланыстардың әр қилы сыры мен сипаты философиялық таным тұрғысынан талданып, бүкіл ғаламның бір-бірімен үйлесімі, табиғат құбылыстары мен адамның ішкі көңіл күйінің сабақтастығы ерекше шабытпен жырланады.

Табиғат пен адам арасындағы қатынас, табиғаттың өнермен байланысы туралы алаштың арда жазушысы Ж.Аймауытовтан артық айтқан ешкім жоқ. Ол ақындық өнер туралы айта келіп: «Өзгермейтін, алдамайтын, таза қасиетті нәрсе не? Ол – табиғат. Табиғат, махаббат, көркемдік – міне, қашаннан бері ақындардың



жырлап келе жатқан, бас иген құдайы, жабыққан жанына ем болған даруы», – деген пікір қалдырған [2, 420].

Ақын туған өлкесінің сұлу табиғатын жалаң жырлаудан аулақ, ол сол өзі өскен, бала күнінен сырын ұққан киелі жердің әсем бейнесінің астарына үңілуге құштар. Ол әр аймақтың, әр мекеннің, әр қыраттың, әр шоқының өз тарихы, адам тақылеттес өмірі болатынына сенеді және соған оқырманын да иландырады. Туған жер Жанат лирикасында сағынышпен тамырлас, әрдайым өзінің тәу етіп, қадір-қасиетіне бас иетін рухани тірегі сияқты. Ақын көңілі қайда жүрсе де туған жерге деген іңкәрлігінен, сағынышынан ажырай алмайды. Атаконыста әрбір қазақ баласы жатқа айтатын «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырындағы Ай мен Таңсықтың ел мен жермен қоштасу әуеніне сап:

Сағым жөңкілген белім аман ба,  
Жалпақ жұрт - жайлау - төрім аман ба?

Аңыз боп жеткен ата қонысым –  
Қос Арғанаты, желің аман ба? – деген өлең жолдары кімнің де болса жүрегін елжіретері сөзсіз [1, 4]. Ақын танымындағы жел – ерекше символдық образ. Жанаттың табиғат туралы лирикаларының көбінде жел еркеліктің, еркіндіктің қозғаушы күші ретінде бейнеленеді.

Ынтызар едім желіңе бұла,  
Демеу жетпей жүр деіме мына.  
Кеудемді жарған керімсал өлең  
Тіріге сәлем, өліге дұға [1, 4].

Өлеңнің қасиетінің өзін ақын желдің қасиетімен сипаттайды. «Керімсал өлең...». Ыстық аптаптағы аңызак жел, қызуы қайтқан ыстық жалын сияқты. Кеудені жарып шыққан өлеңнің де дәл сондай ыстық екеніне еріксіз ұйысыз. Ақынның туған жерге бағыштаған дұғасы да, сәлемі де өлең. Қайшылықты екі құбылыстың басын біріктіріп тұрған бір ұғым. Ол – тағы да өлең.

Адам ғұмыры өтпелі, қамшының сабындай қысқа, ал табиғат – мәңгілік. Ол біздің бабаларымыз өткен дүбірлі жолдың көз алдымыздағы тірі куәсі. Мысалы «Көне Ғұн тауын аңсадым, аға» деген лирикасынан үзінді оқып көрелік:

Көне Ғұн тауын аңсадым бүгін,  
Өтікен сонда дейді ғой.  
Біледі жұмбақ қанша сырды кім?!

Түйсікті түртер кейбір ой.

Көнеден жеткен көмескі белгі,  
Көмбенің шаңын шығарды.  
Есте жоқ ескі елесті көрді,  
Естіді Алтай бір әнді [1, 30].

Ақынға ой салған Берел қорғанынан табылған алтын адам туралы ақпарат секілді, бірақ оны қуаныш көріп әлемге жар сап жатқан бүгінгі ұрпақтың санасында өткен тарихымыздағы ұлылық, ерлік, азаматтық парыз деген түсінік-пайымдардың қаншалықты сақталып қалғаны алаңдатады. «Ең бастысы – қазіргі қазақ қоғамында ұлттық рухтың, намыстың оянуы, біздің қазақтығымыз, ұлттық тарихымыздың барлығы деректі шындыққа сүйеніп айтыла бастады» [3, 31].

Ғұн тауын асып күн шығады ғой,  
Шұғыла төгіп бүгінге.  
Тас болып ділім тұншығады ғой,  
Шығатын күннің түбінде.

Ғұн тауы еді паналар жері,  
Бөрілер бүгін құрыған.  
Тау жүрегі де жарадар ма еді,  
Бір үн естимін ұлыған.

...Көне ғұн тауын аңсадым, аға... [1, 30].

Ақын жүрегі бүгінгі халық «ділінің тас болып тұншығып» жатқанына, оны ғасырлар бойы мекендеген көкбөрілердің де құрып бара жатқанына ауырады. Ал денесінің өзі мыңдаған жылдар бойы бұзылмай сақталып, бүгінгі күнге аман жеткен алтын адамның рухы туралы ақынның өзінше ой толғауы, тәкәппар да асқақ жырға арқау етуі кімді де болса терең ойға жетелейді.

Жалпы Ж.Әскербекқызының поэзиясында тарихи деректер мен оқиғалардың мәні мен маңызы жеке такырып ретінде жиі көрініс беріп отырады. Және әрбір тарихи құбылысқа ақын әрдайым өзінше баға беріп, оның жұрт көп назар аудара қоймайтын нәзік тұстарына өзінің шығармашылық қиялы арқылы барлау жасап, жаңаша ой түйіп, тың тұжырымдар жасауға

калыптасқаны байқалады. «Білге қағанның бақұлдасуы» деген лирикасында ақын қағанның ішкі монологін былайша сипаттайды:

Бастыны жүгіндірдік,  
Тізеліні шөктірдік,  
Тоңғанды жылындырдық,  
Өштіні – жоқ қылдық.

Деген ем қақырамайтын  
Қағанат құрам,  
Байтақ жұртымды намысы барға  
Аманат қылам... [1,192].

Өлеңнің формалық құрылымының өзі сол баяғы көне түркілік тас жазуындағы жыр үлгісіне ұқсас сипатта құрылған. Мазмұны да сол жырдың жалғасы секілді, Білге қағанның өкінішін, мына жалғанда бәрін жасауға адам өмірінің жете қоймайтын қысқалығын айтып, болашақ ұрпағының қамын ойлаумен өтетінін ақын қағанның ауызына жоғары пафосты сөздерді салу арқылы ұтымды жеткізген. Осыдан мың жарым жыл бұрын өткен ұлы атамыздың арманы қара басының қамы емес екен, оның бар арманы – өзі құрған алып қағанаттың мәңгілік өмір сүруі, азат елдің мәңгілік елге айналуы.

Жанаттың табиғат лирикасында жел, қар, шың, бұлақ, тал образдары жиі көрініп қалып отырады. Мысалы, соның ішінде Алтайда өсетін арша, шынар, қайың, қарағай, терек, тобылғы сынды ағаш атаулары мен олардың поэтикалық бейнелері ақын шығармаларының негізгі арқауы десек, қателесе қоймаймыз. Әсіресе жиі қолданылатын теңеу мен метафоралық құбылтудың бірі ретінде тау мен шың-құздарды атап көрсетуге болады. Оны ақынның «Алтай. Алты қыз аңызы», «Көне ғұн тауын аңсадым, аға», «Керең шыңға қараумен жан жүдетем» т.б. өлеңдерінен айқын көруге болады.

Ақын жырларында көзге жиі түсетін табиғат образдарының бірі – Ай образы. Мысалы, «Айды етекпен жаба алмайсың, Сұмдық бұл, Ай жүзінде айдай болып шындық тұр» деген өлең тармақтары кез келген оқырманның көкірегінде жатталып қалатын айшықты да мазмұны терең жолдар. Ай образын сомдауда ақынның көп ізденгенін, фольклордан бастап бүгінгі әдебиетке дейін оқып, тоқып қана қоймай, оны өз

лирикасында орнымен пайдалана алғанын да ақынның тапқырлығы демеске шарамыз жоқ.

Мен түнге айналамын –  
Айдан алқа тағамын,  
Жұлдыздан сырға саламын.

Жоғарыдағы өлеңді оқи отырып Мағжанның «Жұлдыз жүзік, айды алқа ғып берейін» деген өлеңінің мазмұнын еске түсіретінін аңғармау мүмкін емес, бірақ Жанат соны жаңа мазмұнда өзгеше құбылысты суреттеуде ұтымды пайдаланады.

Айдың сыр-сипатын сөзбен құбылтуда ақын әр алуан бейнелі сөздерді жиі қолданған. Оның әр өлеңінен айға қатысты айшықты теңеу мен ұтымды метафораларды, метонимияларды, синекдоха мен сәтті шыққан параллелизмдерді жиі ұшыратамыз.

«Ай – жалғыз да, жұлдыз көп», «ай көңілі қаяулы», «қиық ай көктен қиылып қарады», «ай туыпты тігінен», «айға қарап түнімен, ақ қағазға төктім мұң», «ай жылады, білдің бе, айнығаның бұл сенің», «ішкі дүнием – ай тұтылған түн әлем», «ай үнсіз, тіл қатпайды», «ай сұп суық, үнсіз», «сағынған ай, жұмбақ ай, налыған ай», «ақын жаны санамас айды бөтен», «мен адаммын айға айналған екенмін», «ай бесікте әлдилеймін сонан соң», «ай нұрынан ақшыл желек бүркеніп», «аймалаған айға қылып құлшылық», «ай, жұлдызсыз түн ғаріп болады екен», «жарты ай жатыр ойға шомып бір ауыр», «ай көзінен жұлдыз тамшы сырғыса», «сен күнаһар, салып кеткен айға дақ», «ал, ай үшін Темірқазық – бір нүкте» деген суретті сөздер соның дәлелі болады.

Ж.Әскербекқызы – қазіргі қазақ поэзиясында өз орны бар, өзіндік стилі қалыптасып, өз жолын тапқан ақын. Ол – жай ғана ақын емес ғалым, зерттеуші ақын. Сондықтан да Жанаттың поэзиясында биік интеллектуалдық қасиет көзге көрініп тұрады десек, артық айтқандық емес. Зерттеушілік нақты деректі, дәлелді қажет етеді. Ал сол ғылымда да кейде ойша барлау жасап, қиялмен, түйсікпен сезетін, бірақ анық айғағың болмай аһ ұрып өкінетін кездерің болады. Жанат сондай сәттерін өзінің лирикасында әдемі үйлесіммен жырға айналдыра білген. Халқымыздың терең тарихи тамырынан сыр тартатын «Бұрынғы әуен», «Кешегі әуен», «Сұлтанмахмұтпен сұхбат», «Баба жұртына оралу», «Гастағы таңба», «Білге қағанның Күлтегінді жоқтауы»,

«Маңғыстау деген өлке бұл» деген эпикалық сарында жазылған өлеңдерінде ақындық қиялға ерік берген. Сол арқылы осыдан талай ғасыр бұрын өмір сүрген ата-бабаларымыздың қарапайым адам ретіндегі жан дүниесіне еніп, олардың арман-мұраттарын сыршылдықпен жырға қосады. Біз ақын өлеңін оқи отырып олардың ойын мазалап, жанына тыныштық бермеген не нәрсе екеніне жауап тапқандай боламыз. Олардың ойлағандары елдің бірлігі, болашақ ұрпақтарының қамы екеніне имандай сенеміз. Ақын ол ойды жеткізуде де өзіне тән жаңаша жол тапқан. Ол көне дәуір трагедиясын сол заманға сай ырғақпен, жыраулардың өздері қолданған жыр өлшемімен жеткізеді.

Шалкиіз жырау шалған жұрт,  
Қазтуғаннан қалған жұрт,  
Доспамбеттей қыршын ер,  
Соңғы демін алған жұрт,  
Ақтамберді толғанып,  
Махамбет атой салған жұрт.  
Дауға түскен ептінің,  
Жауға түскен тектінің,  
Таңдайына түйірлеп,  
Сөз асылы тамған жұрт [1, 225].

Бұл – жыраулар өмір сүрген дәуірдің шындығын поэзия тілімен өрнектеген өлеңі. Әр жыраудың өмірі өзінше бір дәуір, өзгеше бір тарих. Ақын он бесінші ғасырдан бергі кезеңдегі күллі тарихи кезеңдердің хронологиялық жылнамасын бере отырып, сол батыр жыраулардың ұрпағы екендігімізді мақтанышпен жырға қосады. Ол текті ұрпақ, таңдайына сөздің асылы тамған шешен ұрпақ, ел бастайтын көсем ұрпақ деген ойға жетелейді.

Тарихи тақырып Жанат Әскербекқызы поэзиясындағы маңызды тақырыптардың бірі екенін жоғарыда айтқанбыз. Тарихилық оның шығармашылығының өн бойында ылғи да қайталанып отырады. Қазақ тарихында өздерінің өшпес ізін қалдырған батырлар мен ақындар, ел бастаған көсемдер мен шешендер Жанаттың лирикасында романтикалық сипатта бізге беймәлім жаңа қырларынан көрініп, оқырманға өзгеше ой салады. Ақын тарихи тұлғалардың өлмес образдарын сомдай отырып, олардың бүгінгі ұрпағын ерлікке, мәрттікке, ірілікке үндейді. Мәселен, «ХІ ғасыр өлеңі немесе Қыпшақ қызының Оғыз

оғланына арзуы» деген лирикасында түріктер мен атамекенде отырған қазақтардың өткені мен бүгiнiн салыстыра жырлайды. Тегі бiр түркі халықтарының бауырластығын жырға қосады.

Жанарымда күн күлгенмен түн жылап,  
Мен жұртыңда қала бергем тұнжырап.  
Оғыз-оғлан, қайырылмастан кетiп ең,  
Қиыр жайлап, ұзадың-ау, тым жырақ.

Өкпек желдi өңменiңнен өткерiп,  
Өткен iстi ағайынға өкпе ғып,  
«Барар жерiм – Балқан тау» деп кеткенсiң,  
Ала бұлтты сауырына бөктерiп [1, ].

Бiр замандарда дүниенi дүр сiлкiндiрген ағайын жұрттың бүгiнгi ұрпағына ақын өзiнiң назын былайша бiлдiредi.

Аманат жұрт менде қалған, Оғланым,  
Жүрегiмдi шерге малғам, Оғланым.  
Тәнiм – тасқа, жаным – жасқа айналып,  
Көмбе болды мендегi арман, Оғланым!

Түске айналдың, ғайып болып өңiмнен,  
Бұл ғасыр да бұлт боп көштi көгiмнен.  
Саған тағар түк кiнәм жоқ... әншейiн  
Бiр бейкүнә сезiм қалды егiлген [1].

Астарына тереңдей енер болсақ, осынау шағын лирикадан талай тарихтың сырын аңдауға болады. Бiрақ солай дей тұрғанмен де, өлең болмысы тарихи жыр емес, сұлу да әсем лирика екенiн нақты танытып тұр. Осынау екi шумақтың бойынан сыршылдықтың да, сұлулықтың да, сағыныш пен еркелiктiң де лебi есiп тұрғанын жоққа шығара алмаймыз.

Жанат қай өлеңiнде болмасын халықтың фольклорындағы, тарихи жырлары мен дастандарындағы айшықты ойларды, әдемі тiркестер мен типтiк бейнелердi өз шығармаларына үйлесiмдi етiп шебер пайдаланады. Бiзге бала күнiмiзден таныс ауыз әдебиетi мен ертегiлердегi образдар ақын лирикасында басқаша қырынан, өзгеше мiнездерiмен есте қалады. «Перiнiң қызы Бекторы» дәл сондай образ. Күллi әрекетi, болмысы ғасырлар бойы тыңдармандары мен оқырмандарының көкейiне қорқыныш ұялататын, бiр кездерi жағымсыз образ деп қарадай ат-тонымызды

ала қашатын Бекторыға Жанаттың өлеңін оқығаннан кейін кімнің де болса рақымы түсіп, аяушылықпен қарайтыны бекер емес. Бекторы ақын лирикасында адамға тек қана қастық ойлайтын пері емес, жай ғана жолы болмаған пенденің бірі ретінде суреттеледі. Ақын жырындағы лирикалық кейіпкер Бекторының романтикалық сарындағы мифтік қасиетінен арылып, архайкалық образдың реалистік сипатқа көшкенін аңғарамыз.

Пендеге айтпа өкпені,  
Перінің қызы Бекторы.  
Қайтесің мыстан-пиғылды  
Тәңіріңе сиын көктегі.  
Сынықси күлмей сыр бүгіп,  
Көрсеттің несін сұм қылық.  
Шаңына көміп кетті ме,  
Шалқұйрық мінген бір жігіт.  
Сорқұдық кімге сор мекен,  
Сорлы жер, сірә, шерге тең.  
Төстіктей ерді қай күні  
Шыққыр да көзің көрді екен?! [1, 86]

Ақынның өз кейіпкеріне «мыстан пиғылдан жеріп, тәңіріңе құлшылық ет» деген сөздерінің астарынан да оны райынан қайтуға шақырып, қарапайым адам ретінде қабылдайтынын аңғарсақ, ал сол пері қызының «сынықси күліп сыр бүккен» мінезінің өзі өмірде жиі кездесетін шайпау мінезді жандардың бірі ғана екенін айғақтай түседі.

Ертегі желісінде Кенжекей Сорқұдықтың басына қонғаны үшін «Сорқұдықтың басына, сорға бола қонды әкен» деп Ертөстіктің әкесі Ерназарды кінәласа, ақын Сорқұдықтың керісінше Бекторыға сор болып жабысқанын өзінше дәлелдейді. Ақын лирикалық шегініс жасап өзіне-өзі «Сор құдық кімге сор мекен?» деген сұрақ қояды. Расында да осы бір эпизодтағы өлеңнің идеясы нені меңзеп тұр? Сорқұдық басынан сорлап шыққан кім? Ол – Бекторы. Сондықтан да оған ақын мүсіркей қарайды. Егер оның шыққыр көзі Ертөстікті көрмесе, перінің қызы ондай қарау ойға бармас па еді? Ол да өз сүйген адам үшін басын бәйгеге тіккен, сол жолда құрбан болған шерменденің бірі ғана.

Жанат Әскербекқызының лирикасын оқи отырып оның өлеңдерінің мазмұнынан өзіміз өмір сүріп жатқан бүгінгі

заманның сыры мен сипатын, қоғамның әр алуан құбылыстарын, адамдардың бойындағы сан қилы мінез бен ерекшеліктерді жазбай танимыз. Ақын жаны мұңға құмар. Мұң – қуаныштың емес, қайғының, терең ой мен өз-өзіңмен сырласудың, жалғыздықтың серігі. Сонан да болар ақын өзінің жүрек сырын былайша ағытады:

Басылмады солығым,  
Жан-жүрегім толы мұң [1, 74].

Мұңның адам жанын қауайтын уақыты – түн мезгілі. Ұзақ түн қарапайым пенде үшін жаны тыныштық тауып дамылдайтын кез, ал ақын үшін қиял мен сезімнің шарпысып, аласұратын сәті секілді. «Сезімсіз адам – қайырымсыз тасбауыр. Сезім адамды жылытады, оның бойына қайырымдылық, мейірбандық береді, сүюді, сүйіспеншілікті оятады. Ендеше, ақынның сезімталдығы – өмірдің өзінен алынған, адам бойындағы жылылықтың, сүйіспеншіліктің, гуманизмнің белгісі» [4, 311]. Табиғат құбылысы мен адам сезімінің астасқан суретін тек Жанаттың поэзиясынан ғана байқаймыз десек, артық айтқан болар едік. Әлемге әйгілі А.Ахматованың, М.Цветаеваның, өзіміздің Ф.Оңғарсынованың да жыр жолдарынан түн мен мұңның, шуақ пен қуаныштың ерекше образдылық сипатын тануымызға болады. Түн мен мұң қаламгерлер үшін егіз құбылыстар секілді. Мысалы, Жанат өзінің жанын жеген мұң мен шерді:

Қыз дәуреннің қылығы ұмыт,  
Тұла бойым тұр үгіліп,  
Көкіректі тырнаған шер  
Көз жұмады ұлып, ұлып, – деген өлең жолдары

арқылы әдемі жеткізеді [1].

Ж. Әскербекқызы поэзиясында сыршылдық басым. Ол өзінің басынан өткізген көңіл-күй құбылыстарын әрдайым өзіне ғана тән нақышпен, сезімді қозғайтын нәзік иірімдерді суретті сөзге айналдыруда өзгелерде көп кездесе бермейтін қарама-қайшы құбылыстарды салыстыра суреттеу тәсіліне жиі жүгінеді. Бұны оның осал тұсы емес, керісінше мықтылығы деп бағалау керек. Сол қарама-қайшылықтың әсерінен шындықтың бейнесі айқын да әсем көрінетінін неге айтпасқа!

Жанат өлеңдерінің тағы бір ерекшелігі оның өлеңдері төрт аяғы тайпалған жорға сияқты. Ақынның өлеңнің әуезділігіне,



ұйқастың шымыр да сұлу болып шығуына көп мән беретінін байқаймыз.

Ж.Әскербекқызы – аударма саласында да жемісті еңбек етіп жүрген майталман аудармашы. Ол қырғыз, орыс ақындарымен қатар, өлеңдерінің өлшемі мен мазмұны бөлек, ертеректе өмір сүрген жапон ақындарының да біраз шығармалдарын қазақша сөйлетті. «Сакура гүлдегенде» деген атпен қазақ тілінде жарық көрген шағын жинаққа жапондардың он екі ақынының өлеңдері топтастырылған. Біздің халықтан тұрмысы мен салт-дәстүрі, дүниетанымы бөлек халықтың жан дүниесіндегі нәзік сезімді өлең тілімен қайта туғызудың қаншалықты ауыр екенін әрине шығармашылықпен айналысқан адам ғана біледі. Мысалы, сегізінші ғасырда өмір сүрген Отомо-Но Якамотидің махаббат поэзиясын былайша тәржімелейді.

Қараша қаздай... аспандай ұшып,  
Қаңқылы бұлттан әрі асқан,  
Сен алыс кеттің...  
Кездескім келіп өзіңмен  
Жеткенше ұзақ адаскам...[5, 5].

Ал 1162-1241 жылдары өмір сүрген тағы бір жапон ақыны Фудзивара Садайэнің танқаларындағы табиғат сұлулығын ана тілімізде былайша сөйлетеді.

Ай, сакура, ақша қар –  
Қайғылы бұл қандай түс!  
Ұмытылған қуанышты еске алып,  
Ескі әуенге саламын да  
Шарап ішем мен байғұс [5, 81].

Жалпы, Жанат кез келген аудармаға жайдан-жай бара салмайды. Ол қай тілден болсын, ең бастысы, өзіне ұнаған, ой салған өлеңдерді ғана аударады. Оны шебер аудармашы деп айта аламыз.

Өлеңнің дүниеге келуі – шығармашылықтың өзгеше құпия сыры. Ақын үшін мынау маңызды өлең, мынау мәнсіз өлең, мынау үлкен, мына бірі кішкентай деген түсінік жоқ. Егер өлеңді оқығанда ол бізді өз арнасымен алып кетер болса, егер ол өлеңнің болмысынан адам жаны ләззатқа бөленер болса, онда оның шығармашылық тұрғыдан құнды болғаны. Әрине, біз кез келген өлеңді ғылыми жағынан талдай аламыз, оның құрылымы

мен ұйқасын, мазмұны мен мәнін ашып көрсете алуымыз мүмкін, бірақ оның рухани салмағын ешқашан да таразыға салып өлшеп бере алмаймыз. Сондықтан да біздің зерттеуіміз қалай десек те, жеке адамның көзқарасы болып қала бермек. Тек қана оны қолдайтындар мен теріске шығарушылардың ара салмағы әртүрлі болуы ықтимал.

### ***Әдебиеттер:***

1. Әскербекқызы Ж. Қаза қанатындағы ғұмыр. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жазушы, 2007. – 240 бет.
2. Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы туралы. Кіт: Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1986. – 448 б.
3. Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар. – Алматы: Evo press, 2014. – 708 бет.
4. ХХІ ғасырдағы қазақ әдебиеті (2001-2011 жж.) – Алматы: Арда, 2011. - 640 бет.
5. Сакура гүлдегенде (Жапон поэзиясы). Орыс тілінен аударған – Ж.Әскербекқызы. – Астана: Аударма, 2010. – 192 бет.

## МҰРАТ ШАЙМАРАН (1969 жылы туған)

Мұрат Шаймаран 1969 жылы дүниеге келген. 1988 жылдан 1993 жылға дейін ҚХР, ШҰАР Іле педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетінде оқыған. 1993 жылы «Күйтін газетінде» бас редактор болып қызмет атқарған. 1996 жылдан 1998 жылға дейін Нәнжин қаласында Қытай Халық университетінің журналистика институтында оқыған. 2000 жылы ШҰАР журналистер одағы тарапынан «Үздік әдеби редактор» мәртебесіне ие болған. 2004 жылы атамекені – Қазақстанға біржола қоныс аударған. Мұрат Шаймаран 2006 жылдан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде журналистика факультетінің халықаралық журналистика кафедрасында оқытушы болып қызмет атқарады.

Еліміз тәуелсіздік алғасын атамекен Қазақ жеріне әр алуан тарихи жағдайларға байланысты шет елдерде өмір сүріп жатқан қандастарымыз келе бастады. Олар қазақтың тәуелсіз елінің дамып, аяғынан тік тұрып кетуіне үлкен Отаншылдық рухпен кірісіп кетті. Шет елден оралған қазақтар тек экономикамыздың дамуына ғана емес, мәдениетіміз бен әдебиетіміздің, өнеріміздің өркендеуіне де барынша қызу араласып, өздерінің өзге жерде жүріп алған білімдері мен үйренген өнерлерін қазақ еліне әкелді, сол арқылы елімізді әлемге таныту жолында аянбай еңбектеніп жүр. Елге оралған қандастарымыздың арасынан шыққан музыка, спорт салаларында еңбек етіп жүрген әлемдік деңгейдегі майталман өнерпаздарды көптеп мысалға келтіруге болады. Ал әдебиетімізге келіп қосылған ақындар мен жазушылар да өздерінің шығармалары арқылы қазақтың мұны мен сырын, тәуелсіз ел ретіндегі Отаншылдық рухын ту қып көтеріп, әдебиетімізге жаңа бір леп әкелді.

Солардың қатарында Мұрат Шаймаранды атауға болады. Ол – өзінің сыршыл да нәзік лирикасымен өз оқырмандарынан жоғары баға алып жүрген талантты ақындардың бірі. Мысалы, тоқсаныншы жылдары жазылған «Студент сағынышы» деген өлеңінде:

Қысқы кеште, пеш түбінде  
Ұршығыңды иіріп,

Отырсың ба, жаным Апа,

Көздеріңе мұң ұйып?! [1] – деп тебіренеді. Бұл ауылдан енді ұзап шыққан жас жігіттің елге, жерге, туған үйіне, соның ішінде анасына деген шынайы сағынышы. «Көздеріңе мұң ұйып» деген тіркес расында да бұрын тілімізде көп қолданылмаған соны тіркес.

Жас ақынның махаббатты жырлауы, өзі ұнатқан қызға өлең арнауы қалыпты жағдай. Енді ғана оянған жақсы көру сезімі ақын өлеңдерінің басты тақырыбының бірі. Мысалы, «Махаббат қандай күйге салдың мені» деген лирикасында ақын өзінің басынан өткен сезім шырғалаңын:

Махаббат!

Қандай күйге салдың мені?!

Құндағына алдың да әлдиледің, – деп жырға қосады. Махаббат құндағында әлдилену расында да, жас жігіттің басындағы сол кездегі көңіл күйін тап басып, дәл жеткізе алатын образды тіркес. Ал келесі шумақта лирикалық қаһарман өз басынан өткен баянсыз сезімді, оның да ащысы мен тұщысы қатар жүретінін бір шумақ өлең мазмұнына шеберлікпен сыйдырып жібереді.

Махаббат!

Қандай күйге салдың мені?!

Баянды боп тұрмады шырақ сезім,

Өзен кеуіп, суалды бұлақ көзі.

Кеудемді асау қайғы ұрғылады,

Сонда мен тұңғыш сездім шын жылауды.

Көкірегімде көлкілдеп нала жатты,

Махаббат!

Қандай күйге салдың мені?!

Ес жидым,

Сосын менің бар білгенім –

Мәңгілік қасіретім боп қалдың менің...

Осынау бір шумақ өлең болмысында ажырамас бір тұтастық сақталған. Өлеңнің мазмұны терең және жаңа, соған сәйкес форма да тың, екеуінің арасындағы сәйкестік бір бірімен шебер үйлесім тапқан. Ақын өлеңді қандай ұйқаспен, қандай ырғақпен жазам деп әуреленбеген, бәрі де табиғи, ой мен сезім арасында бір бүтіндік бар. Бөле-жара қарағыңыз келсе де бөле алмайсыз, бөлшектеуге келмейтін жұмыр туынды.

Лирикадағы ең маңызды образ – лирикалық қаһарман: лирикалық шығармада көрсетілетін басты нәрсе де сол лирикалық қаһарманның ішкі әлемі, жандүниесіндегі өзгерістер. Суреткер-лирик өз оқырманымен лирикалық қаһарманның атынан сөйлеседі, сыртқы әлемнің суреті де лирикалық қаһарманның таным-түсінігі арқылы бейнеленеді. Лирикалық қаһарманды ешқашан да эпикалық кейіпкермен шатастыруға болмайды. Онда адамның жандүниесіндегі құбылыстар ерекше нәзік иірімдер арқылы көрініс табады.

Қамықпа сен, көктем де оралады,  
Бар әлем жылылыққа оранады.  
Көзіңде тұрған қатып бір тамшы жас,  
Ериді, жоғалады.

Бұл өлеңнен де лирикалық қаһарманның жан толқынысын, өзгелердің көзіне шалына қоймайтын мінез сипатын аңғарамыз. Нақты суреттеліп тұрған оқиға желісі жоқ, бірақ адам жанының психологиялық өзгерісі, көңіл түкпіріндегі үміті, арманы айқын көрініс береді.

Мұраттың лирикалық қаһармандары автордың сол кездегі көңіл күйінің жемісі. Сондықтан да олар бірде шат, бірде мұңды, бірде ер мінезді, бірде күйгелек те күйкі. Ондай мінез лирикаға тән.

Сен отырсың қиял кешіп тым ыстық,  
Әлдилейді сені жалғыз тыныштық.  
Терезеңнен үңіледі марғау түн,  
Еш алаңсыз періштедей бар қалпың.

Адам мен табиғат мінезі салыстырмалы сипатта параллель бейнеленген. Өлең мазмұнында ерекше бір жылылық, өзгеше бір жайлылық бар. «Қиял кешу», «әлдилеу», «тыныштық», «марғау түн», «алаңсыз қалып» деген ұғымдар бұл ойымызға дәлел бола алады.

Мұраттың жас кезіндегі жырларын оқи отырып, оған орта ғасырлық шығыс поэзиясының әсері мол болғанын аңғарамыз. Омар Хаямның, Хафиздің, Науайдің шайырлық дәстүрлерінің кейбір элементтері оның өлеңдерінің мазмұнынан сәуле шашып тұратындай. Бірақ оларды қайталау жоқ, керісінше Мұраттың өзіне ғана тән өлең ырғағы, сөз саптауы, қиялдау мәнері басым көрініс беріп отырады. Шығыс шайырларының сазы бар, бірақ

сарыны жаңа. «Науаидың ғазалы», «Шарап толы көзелер», «Аян» лирикалары – шығыстық сарында жазылған жырлар. Шарапты жырға қосу, оның көңіл көтеретін қасиетін дәріптеу, оның желік берер сиқырлы күшіне жүгіну соны аңғартса керек.

«Шарап толы көзелер» деген лирикасындағы мына жолдарға назар аударып көрелік:

Шарап болып тұрған тұнып көземде,  
Теңіз бе әлде өзен бе?  
Көздер ме әлде мөлт-мөлт еткен,  
Еріндер ме кезерген?!

Қандай сұлу, қандай мұңлы тіршілік,  
Мылқауды да жібереді жыршы ғып.  
Түсімде ылғи шарап толы көзелер,  
Өліп жатам тұншығып...

Көздегі шарапты теңізбен, өзенмен, кезерген ерінмен салыстыра бейнелеуі ақынның метафораны шебер пайдаланатын байқатады. Аристотель өзінің «Поэтикасында»: «...бәрінен де маңыздысы метафораларда шебер болу. Бірақ мұны басқадан үйрену мүмкін емес. Бұл – дарындылықтың белгісі, себебі жақсы метафоралар жасау ұқсастықты тани білу деген сөз», – дейді. Мұраттың лирикасы да осы үдеден шығып тұрған сыңайлы.

Қазіргі поэзияны лирикалық, драмалық, эпикалық, азаматтық, сатиралық, мистикалық деп бөлуге болады. Қалған бөліктердің барлығы да осыларға келіп құйылып, қосылып жатады. Мысалы, буколикалық деген – эпикалық пен лирикалық поэзияның қосындысы, әскери поэзия деп жүргеніміз азаматтық поэзияның бір тармағы ғана екенін жоққа шығара алмаймыз. Бұл алты түрлі қасиет жинақталып келіп бір ғана өлеңнің бойынан табылуы да мүмкін. Онда қатып қалған бір шекара да жоқ. Мәселе тек қарастырып отырған өлеңде қай мазмұн басым, қайсысы солғын, соған ғана байланысты секілді.

Лирикалық поэзияда белсенді әрекет етуші өзінің сезімін, ләззат алуын, әр алуан көңіл күйін, рахаттана алмауын жырлайтын – ақынның өзі (ақындық мен). Рахаттану сезімінің жоғарылауын қуаныш сезімі арқылы тануға болады. Масаттану, шаттану сезімі поэзияда сирек кездеседі. Ал есіру, еліру (экстаз) сезімін нақты айқындау мүмкін емес, ол көбінесе басқа сезімдермен астасып,

араласып, көлегейленіп тұрады. Мұрат поэзиясында ақынның іштей толқуы, мұңға батуы өзінше бір әлем. Мұң кез келген ақынның серігі секілді. Мұң – ақынның өзімен-өзінің сырласуы, іштегі арманын, наласын, қайғысын өлеңге арқау етуі. Лирикалық кейіпкер мінезінің де ашыла түсетін кезі осы мұңмен байланысты екенін жоққа шығара алмаймыз.

Бір құмарлық жүрегімді мекендеп,  
Қалтыраған буынымды бекемдеп,  
Жұлдыз жанған терезенің тұсынан  
Мұңға батып өтем мен.

Ақын өзін мазалаған жан сырын, көкірегіндегі түйткілді мұңын айшықты өлеңмен әсем музаға айналдарған. Қазіргі поэзияның басты сарындарының бірі – күйзеліс. Күйзелістің ең жеңіл түрі – мұң. Мұңның себеп-салдары көп жағдайда белгісіз болып келеді. Мұң – лириканың басты өзегі. Лирикалық қаһарманның психологиялық болмысын танытудағы мұңның алатын орны ерекше. Шер, нала, мұң лирикада салмақты ойды танытудың, адамның ішкі жан дүниесіндегі тартысты, қайшылықты көрсетудің өзгеше тәсілі ретінде поэзияда жиі пайдаланылады. Күйзелістің ең жоғары деңгейі – ашыну, торығу. Ол көбінесе эпикалық шығармалардың сюжетіндегі тартыстың шарықтау шегін дамыту үшін қолданылатын психологиялық деталь.

Мұрат қай тақырыпқа өлең жазбасын онда қуаныш, асқақтық қасиеттерден гөрі ой, мұң басым болып келеді. Ақынның алғашқы жырларының көбі махаббат тақырыбына арналған. «Мазалап мені», «Бозаң үміт», «Сен отырсың қиял кешіп», Жас жүрек», «Мен деген енді...», «Сен тағы», «Сен ән салсаң», «Қазақ қызы», «Сен мені ұмыттың ба?» деген өлеңдері ақынның ішкі бұлқынысынан туған сыршыл жырлар.

О, дариға, сен жалындап, мен сөнбей,  
Сенің мені сүйгеніңе ел сенбей,  
Сарайыңнан алып қашып, мен саған,  
Тау басынан лашық жасап берсем ғой.  
Асыл-асыл торғын жапқан тәніңді,  
Жасыл-жасыл жапырақпен көмсем ғой...

Сөз жоқ, әсем де әсерлі лирика. Сөзбен қашалған әдемі сурет. Басқалар ғашығын лашықтан сарайға сүйресе, Мұрат

керісінше сарайдан лашыққа алып шыққысы келеді. Бірақ ақынның сол қиялына еріксіз сенесің. Бірін-бірі сүйген жандар үшін думанды сарайдан лашықтағы оңаша тыныштық әлдеқайда артық екенін дәлелдеп жатудың өзі артық. Ал «асыл-асыл», «жасыл-жасыл» деген қайталама қос сөздер өлеңнің көркемдік қасиетін арттырып, ақын ойының құбылып, әсем де айшықты ырғақпен оқылуына ықпал етіп тұрғанын байқаймыз.

Өлеңдегі драмалық элементтер негізінен өлеңдегі лирикалық қаһарман әрекетінің екінші жақтан баяндалуымен байланысты туындайтынын байқауға болады. Лирика – «Мен», ал драма болса «Мен» мен «Сенге» ортақ. Екінші жақ тек қана жеке тұлғаға ғана қатысты емес, ол кейде белгілі бір ел, табиғат ұғымдарына да қатысты болуы мүмкін. Бірінші және екінші жақтар бір-бірімен өте тығыз байланысты ұғымдар. Санадағы жиіркеніш пен құштарлық сол екі жаққа бірдей сәйкес келеді. Құштарлық сезімінің өзінде де әр алуан қасиеттердің бой көрсететінін байқаймыз: сыйлап жақсы көру, туыстықпен жақын тұту, достық және эротикалық ұнатулар. Эпикалық шығармаларда, соның ішінде лирикада да үшінші жақтағы адамға қаратып сөз арнау жиі кездеседі. Лирикада көбінесе бірінші жақтан баяндау үрдісі лирикалық қаһарманның ішкі жандүниесін ашу үшін жиі пайдаланылады. Ал Мұраттың лирикасында керісінше екінші жақтағы адамға қаратып сөйлеудің көбірек орын алатынын байқаймыз. Бұл орыс әдебиетінің әсері ме немесе сонау жыраулық дәстүрден келе жатқан үрдісті жалғастыру ма, ол екі арасын дәл мынадай еді деп тап басып айту қиын.

Мұрат – өте көп оқитын, әлем әдебиетін жақсы білетін ізденімпаз ақын. Оның өлеңдерінде орыс ақыны С.Есениннің ықпалының басым екенін аңғарамыз. С.Есенинге еліктеп жазған біршама шығармаларының бар екені де рас. Мысалы, «Мен сені сүйемін» деген өлеңінде орыстың ұлы ақынына деген көңіл түкпіріндегі сүйіспеншілікті былайша жеткізеді:

Дауысың жаулайды әлемді,  
Есімің аңыз боп жүреді.  
Арнаған жырынды оқиды,  
Аруы Шираздың түлегі...  
Білемін,  
Ыңғай да осылай,



Тұрмайды, өзгерер күн өңі...  
Мен сені сүйемін,  
О, Сергей –  
Орыстың жаралы жүрегі.

Соңғы тармақ тұтасымен метафораға айналып кеткен. С.Есенин орыс ақыны, бірақ оның шығармалары күллі адамзатқа ортақ. Кезінде сол сөз зергерінің орыс халқы қадірін білді ме? Оның қаламынан туған өлеңдердің әлі күнге шейін жұрттың санасынан өшпей, қайта жыл өткен сайын жаңғырып, жаңа қырынан танылып келе жатуының сыры неде?

Әр адамның біз біле бермейтін өзіне ғана тән сыры, жаратқан иенің сол пенденің жеке өзіне ғана сыйлаған ерекше қасиеттері болады. Бірақ жалпы адамдар дейміз де, көбіміз айналамызда жүрген кісілердің жандүниесінде не болып жатқанымен шаруамыз да болмайды. Бола қалған күнде де солар туралы жақсы ойлардан гөрі оғаш түсініктердің тезірек қылаң беріп қалатынын қалай жасырамыз. Ал Мұраттың кейіпкерлерінің біразы дәл сол біз күстаналап, жирене қарауға үйренген адамдардың сортынан. Ол маскүнемнің ішуге бой алдырған осалдығының сырын да, тәнін саудаға салған жеңіл мінезді сұлудың көбімізге беймәлім ішкі сырын да жан-жақты ашып көрсете алған.

Мұрат өзінің «Балғын тәнің ескі көйлек ішінде» деген лирикасында да өз өлеңін екінші жаққа арнайды.

Тамұқ дүние, даңғазанда ісім не?  
Сен биледің өткінші өмір үшін де.  
Алды жаулап, алқызыл сол ақшамды,  
Балғын тәнің ескі көйлек ішінде.

Охо, ғазиз сұлулықтың дастаны,  
Махаббаттан ұғынбайтын басқаны.  
Ал, адамдар сенің әсемдігіңді,  
Көздерімен шешіндіре бастады.

Бауда сенің тұрған балқып бал-нұрың,  
Биле,  
Биле!  
Менің кәйіп тағдырым.

Анау тентек табаныңмен таптап өт,  
Арам-арам пиғылдардың барлығын.

Лирикада сыршылдық деген ұғым бар. Ол – ақынның өзінің іштейгі түйген пайым-түсінігін, ойын, тапқан жаңалығын өз-өзінің бөлісуі, өзімен-өзінің сырласуы. Мұраттың лирикасын оқи отырып оның өлеңді жалпы көпшілік қауым үшін емес, өзі үшін жазып отырғанын аңдағандай боламыз. Ақын жырларының бағыт-бағдары – қалың оқырман емес, ақынның өзі. Оны оқырман ойы да, замандастары мен сыншылардың пікірі де алаңдатпайтын сияқты. Сондықтан да оның лирикасы жұрт пайымдап жүрген өлеңдерден басқашарак, ойлау мәнері мен сезіммен қабылдау түйсігі де өзгешерек болып келеді. Ол өлеңді өзін таныту үшін, данқ пен дақпыртқа ие болу үшін емес, өзін-өзі тану үшін, өзімен-өзі сырласу үшін жазады.

Мұраттың тілі – көркем, ойы – айшықты, сөздік қоры мол. Ол ана тілінің терең мағынасын қапысыз таниды, әр сөздің астарынан үлкен ой түйге шебер ақын.

Тал-теректен төгілген сары жапырақ –  
Арулардан қалған алтын сырғалар.

Қазақ поэзиясында жапырақ образын сомдау біршама қалыптасқан. Оны жүрекке де, қалықтап түсіп жататын ұлпа қарға да теңеген бейнелеуіш тіркестер баршылық. Бірақ сарғайып түсіп жатқан жапырақты әйел сырғасына теңеу ақынның ұтқырлығын аңғартады. Орны толмас көңіл жарасынан өрбіген ақын арманы қағаз бетінде мұңға толы сыр болып тізбектелген. Ал осы құбылысты ақын басқаша жазса, бәлкім, дәл мұндай әсерлі болмас та еді.

«Метафора немесе теңеу бірнеше эпитеттен жалғасып, ұласып келсе, күрделі метафора, күрделі теңеу, не тұтасқан сөз өрнегі жасалады. Бейнелі сөздер, әсіресе эпитет пен теңеу, эпитет пен метафора, бір-бірімен жалғас, қат-қабат алынып қолданыла береді», – дейді академик З.Ахметов [2, 22].

Мұраттың поэзиясында реалистік сипаттан гөрі романтизм басым. Романтизмді лириканың жаны десе де болады. Ақын өз ойын ашып, нақты көрсетуден гөрі астарлап, символдар арқылы өрнектеуге бейім екенін де естен шығармаған абзал. Біз символизмді уақыты өткен ескі сүрлеу сияқты елестететінімізді де жасыра алмаймыз. Ал оны жаңартып, өзінше түрлендіріп, қазіргі

оқырман танымына сәйкестендіріп жырлап жатса, неге оны өгейсітуіміз керек. Керісінше Мұратты басқа ақындардан ерекшелеп тұратын да оның осы астары қалың ой мен терең мазмұнға жақындығы деп қабылдағанымыз жөн шығар. «Көңілдің өңі ағармас кірі ашылмай» деген өлеңінде акын:

«Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман»,

Күн – үміт секілді ме түнге айналған.

Өмір ме, өңі суық өлім бе екен,

Бір елес орамалын бұлғайды алдан, – деп көңіл шерін ақтарады. Бірақ неге күн үміт түнге айналған, неге өмір мен өлім қатар орамалын бұлғап шақырып тұр оған нақты жауап таба қою қиын. Ол сұрақтардың жауабын іздеу де шарт емес секілді, санамызда баяғы жыраулар поэзиясы дәстүріндегі риторикалық сұраудың бір көрінісі ретінде жаңғыратындай. Дей тұрғанмен, осы өлеңнің астарында өзгеше ой бар, бөлек бір байлам жатқан сияқты.

Символизмнің философиясы мен эстетикасы адамзат тарихындағы әртүрлі ілімдер негізінде қаланғаны белгілі. Олардың көзқарастарынан антикалық дәуірдің ғұламалары Платоннан бастап, кейінгі Ницше, Бергсондардың пайымдауларының іздерін аңғаруға болады. Символистер өнердегі әлемді танудың дәстүрлі идеясына өздерінің шығармашылық үдерісте әлемді қайта құру (өзгерту) идеясын қарсы қойды. Шығармашылық деген, символистердің пайымдауынша, шығармашыл-суреткерге ғана тән жеке адам санасындағы құпия ойлардың көрініс беруі. Ол құбылысты ақыл-оймен жеткізу мүмкін емес. Символизм қаламгерден затты не құбылысты ишаралап, астарлап жеткізуді талап етеді.

Мұрат үшін поэзия – тылсым терең сыр, сиқырлы әлем, акын мен он сегіз мың ғаламның арасындағы диалог. Ақын өзі ұнатқан қызға да, айналасындағы жаны жақын адамдарға да, туған жер мен атамекенге де, аспан мен жерге де, су мен отқа да, талға да, сол талдан құлап жатқан жапыраққа да өлең арнайды. Табиғаттағы әрбір зат пен құбылыс ақын назарынан тыс қалмайтын сияқты. Бірақ ол құбылыс ақын жүрегіне өзінің ізін қалдыру керек. Әрбір нәрсенің ақын санасында поэтикалық бейнесі, ойды қозғайтын болмысы болуы шарт. Сонда ғана ақын жырының нысанына айналған зат пен құбылыстың образдылық

сипаты айқындала түспек. Ақын жырларында махаббат тақырыбы, өмір мен өлім мәселесі тереңнен толғай жырланып, жаңаша философиялық реңкке ие болады.

Жүдеме, мұңды жүрек,  
Жасыма, өлең,  
Барады сендей болып тасып әуен.  
Бұлқынба, бұлықсыма һәм бұлданба,  
Сенсіз де бір-біріне ғашық әлем.

Ақын пайымынша, өлең – тек мұңды жүректен ғана туатын қасиетті құндылық. Өлең мен жүрек егіз ұғым іспетті. Бірінсіз бірі жеке-дара өмір сүрмек емес. Сондықтан да автор өз сырын өлең мен жүрекке қатар арнайды.

Мұрат ақынның жалғыздыққа бой алдырған лирикалық менінің астарынан айнала қоршаған орта мен жеке адам арасында қалыпты байланыстың болмайтынын аңғаруға болады. Ақын өлеңдерін қанша жерден шығармашылық тұлғаның өзіне ғана тән ойы, жеке адамның субъективті көзқарасына ғана қатысты құбылыс деп қабылдағанымызбен, бәрібір сол ақын өмір сүріп отырған заманмен, қоғамдық құрылыспен байланысты болып келеді. Өйткені, ақын шығармаларында өзі өмір сүрген дәуірдің кереғар қайшылықтары мен жүрек қалауымен қолдаған шындығын, өз замандастарының жинақталған ойын білдіреді. Мұрат лирикасында бүгінгі ұрпақтың тарихи тағдырларын, әлеуметтік-психологиялық портреттерін сомдаған.

Мұрат Шаймаранның шығармашылығындағы философиялық лириканы пейзаждық немесе махаббат лирикасынан, азаматтық лириканың өзінен түстеп айырып айырып алу мүмкін емес. Онда нақты философияға құрылған лириканы кездестіру қиын. Таза философияны насихаттайтын поэзияның да болуы мүмкін емес. Өйткені, ол – өнер. Сондықтан онда көңіл күй сипаты (эмоция), әсемдікке деген құштарлық басым түсіп жатады. Мұраттың қай өлеңін алмайық, онда ой мен сезім қатар өріліп, лирикалық қаһарманның таным-түсінігімен астасып кетеді. Сондықтан да оның философиясының өзі ақынның өзі таныған айнала қоршаған ортаға деген сенімі мен көзқарастарының жиынтығы ретінде көрінеді. Оның поэзиясындағы философиялық мотивтер қызға ғашықтық, туған жерге деген махаббат, табиғат сұлулығына деген сүйіспеншілік, оның сұлулығы мен гармониясы

философиямен өріліп берілген. Ғалымдардың өзі философияны поэзиядан бүтіндей ерекшелеп тұратын белгінің жоққа тән екенін жазады. М.Шаймаран лирикасында адам мен әлем бір-бірімен гармониялық байланыста суреттеледі. Бұл ақын поэзиясының образдылық сипатын ерекшелей түседі. Оның лирикасының образдылық әлемі ұтқыр кейіптеулер мен метафоралардың жиынтығы іспетті. Ақын өз өлеңдерінде қарама-қайшы заттар мен құбылыстардың өзін бір ұғымға, бір-бір текті құбылыстарға айналдырып жіберетіндей. Оның шығармаларындағы барлық жанды-жансыз тіршіліктің бәрі де лирикалық қаһарманмен байланыста бейнеленеді, тарихын тарқатады, мұңын шағады, сырымен бөліседі. «Мен жалғыз түп еменмін», «Ит», «Бота» т.б өлеңдердің идеясынан біз оны анық аңғарамыз

М.Шаймаран мына пенделік тіршіліктің әрбір құбылысынан, табиғаттың өзгерістерінің өзіне ғана тән ой тауып, бұрын оң көріп жүрген пікірлеріміздің өзін кейде теріске шығарып жібереді. Ойлайсың, ойлайсың да, ақын тұжырымының біздің рационалды ойымызбен сәйкеспесе де дұрыс екеніне қол қоясың. Себебі түпкі шындықты ақын жасырмай ашық айтады. Кез келген жақсы нәрсенің де уақыт өте келе жалықтырып, өзгеше сапаға айналатына көз жеткізесің. Ақын «Түңілу» деген өлеңінде:

Бәрі солай болатынын ұқтырып,  
Қаңтар өтті, көзқарасы сұп-суық.  
Жалған шырақ –  
(Жана-жана білтедей)  
Бітті үміт.

Табиғат пен адам көңіл күйін қатар алып, салыстыра жырлайды. Қаңтардағы суық пен сықырлаған аяз, күннің қысқарып, түннің ұзаруы, ұзақ түндегі ой мен уайым, көктемнің шуағы мен жылуын күте-күте жалыққан бейдауа көңіл, қажыған үміт... Өлеңде солардың барлығы да бір-бірімен үйлесімді сипатта әсерлі бейнеленген.

Ақпан келер – асыққан бір жолаушы,  
Сақа – көңіл, түспейсің-ау сен алшы.  
Көбелек – қар, көз алдымды көлбемей,  
Жоғалшы!

Негізінде табиғат туралы өлеңдерде көп жағдайда табиғаттың дүлей мінезі, ерекше құбылыстары суреттелетін болса,

Мұраттың өлеңінде керісінше жылдың әр мезгілі туралы лирикалық қаһарманның көңіл-күйі, ондағы әрқилы өзгерістер, біз күтпеген шалт мінезі көрініс береді. Өлеңдегі «сақа көңіл», «көбелек қар» деген метафоралық тіркестер өлең айшығын одан ары әсемдеп, көркемдей түскен.

Тұман – жолдар,  
Күмән – жолдар,  
Тұл өңір,  
Ақын –жүрек, жыла, жыла, жүде бір.  
Аққа бояп сен әуре болғанмен,  
Кір өмір.

Қазақта «жалған дүние» деген ұғым бар. Оның мәні мына жалғандағының барлығы да өзімізді өзіміз алдау, шын өмір – ана дүниеде. Үміт үзілген, ең таза деп саналатын көбелек қар да жирентіп жатса, өмір кір болса, адамда қасиет тұтар не қалмақ? Өлең философиясының өзі өмірді сүйеге емес, оның тек ұнамсыз жақтарын көрсетуге бағытталғандай. Неліктен?

Жауқазын боп құлақтары қалқайған,  
Көктем келер, жаның жанып өрт ойдан.  
Көктем бе бұл,  
Көктемнің де көк тиын!  
Гүлдің бәрі қартайған.

Уақыт берген уағдасына сенерміз,  
Сенерміз де уатылып, семерміз.  
...Бәрі солай болатынын ұқтырып,  
Келер күз...

Кеміреді кеудемді бір батыл-ән,  
Кемерге ұрған толқынымды сапырам,  
«Өмір – жалған!» соны біле тұрсам да,  
Қия алмаймын, аһ ұрам...

Рас, бәрінен де түңілуге болатын сияқты, бірақ сол үшін жалған өмірді қиып кету мүмкін емес. Өзіміз бәрін түсініп тұрсақ та, сол ақиқаттың жолымен жарық дүниені тәрк етуге дәрменсіз екенбіз. Ақынның айтпақ ойының өзі адам қанша жерден тырысса да, өз ойын қанша жерден дәлелдесе де, мына дүниеде өз тағдырына толық қожалық ете алмақ емес. Адам өмірінің қожасы

бір тылсым күш, яки әлемдегі барлық бізге беймәлім құбылыстар Алланың құдіретімен ғана болмақ.

Ондағы өлім де, қайғы да, үмітсіздік те тура мағынасында емес, астарлы мағынасында суреттеледі. Ақын өзінің айтқысы келген ойын әр алуан құбылыстарға теңеп, тұспалдап жеткізуімен ерекшеленеді. Символизмнің мұндай қасиеттері М.Жұмабаев өлеңдерінде айқын көрінеді. Ал Мұрат сол символизмнің кейбір элементтерін осы заманға лайықтап, өз шығармаларында ұтымды пайдаланған. Оның да өлеңдерінің идеясын бірден тани қоюдың қиындығы осындай астарлы ойларының қалыңдығына байланысты деп ойлаймыз.

М.Шаймаранның лирикасын қазіргі қазақ поэзиясындағы әсемдігі мен әсерлілігі келіскен ерекше құбылыс деуімізге болады. Оның жырларының мазмұны философиялық ойға бай және форма жағынан толысып, кемеліне келген поэзия. Оның адам жанының терең сырын ашып, сезімін оятатын лирикасы қазақ поэзиясына қосылған үлкен олжа.

### *Әдебиеттер:*

1. Шаймаран М. Еркін аспан өлеңі. Жыр жинағы. – Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы «Атажұрт» баспа орталығы. – 2009. – 200 б.

2. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973.

## ДУМАН РАМАЗАН (1967 жылы туған)

Думан Әмірғалиұлы Рамазан 1967 жылдың 1 тамызында Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданына қарасты Қызылту ауылында дүниеге келген. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Журналистика факультетінің түлегі. Бұдан соң М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аспирантурасында оқыған. Қызмет жолын журналист мамандығы бойынша бастап, біраз уақыт «Халық кеңесі», «Қазақ әдебиеті» сынды республикалық газеттерде жұмыс істеді. Кейін Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ Мемлекеттік Академиялық Балалар мен жасөспірімдер театрында Әдебиет бөлімінің меңгерушісі және Қазақстан Саяси зерттеулер орталығының бас директоры қызметтерін атқарды. Қазір «Әлем әдебиеті» журналының бас редакторы.

Оқшау қаламгерлік танымымен 2000-жылдары таныла бастаған Д.Рамазанның бүгінге дейін «Көкжал», «Хан Кененің қазасы», «Алланың әмірі», «Жылап аққан тамшылар» атты бірнеше жинағы жарық көрген. Думан Рамазан шығармашылығының тағы бір өнімді саласы – көркем аударма. Харуки Мураками, Юкио Мисима, Джон Голсуорси, Уильям Сароян сынды есімдері жаһанға мәлім көркем сөз шеберлерінің туындыларын қазақ тіліне тәржімеледі. Аталған жазушылармен арадағы рухани-шығармашылық үндестік көркем аударма ісінде ұлттық бояу нақыштары мен жеке қаламгерлік стиль ерекшеліктері мейлінше сақтауға мүмкіндік бергені байқалады.

Д.Рамазан өзінің қаламгерлік қабілет-қарымын драматургия саласында да сынап келеді. Оның «Апат», «Бала Қазыбек», «Жүрек қалауы», «Кенесары-Күнімжан», «Абылайханның арманы» сынды драмалық туындылары бар. Сонымен бірге ол – «Кенесары хан» деректі фильмі сценарийінің авторы. Автордың «Кенесары-Күнімжан» атты пьесасы 2010 жылдан бастап ұлттық театр төрінде сахналанып келеді. Аталмыш тарихи драма 2011 жылы Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған Ұлттық театрлардың республикалық фестивалінде «Ең үздік драма» атанды. Осы пьеса 2012 жылы Түркияның Анкара, Ыстамбұл



қалаларында түрік тілінде қойылып, ұлттық өнердің халықаралық дәрежеде насихатталуына үлес қосты.

Д.Рамазан – Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының және Қазақстан Жастар Одағы мен Журналистер Одағының Баубек Бұлқышев атындағы сыйлығының лауреаты. Кенесары хан атындағы республикалық әдеби конкурстың және «Жылдың ең үздік прозасы» аталымы бойынша «Алтын қалам» байқауының бас жүлдегері, «Балауса» бәйгесінің бірінші орын иегері. Мемлекеттік және Президенттік стипендият. Жазушы «Көш» атты әфсана-әңгімесі үшін 2010 ж. «Алтын қалам» байқауының «Жылдың ең үздік прозасы» аталымы бойынша бас жүлдеге ие болды.

Әдебиетсүйер қауымға Д.Рамазан ең алдымен әңгіме жанрындағы көркем туындыларымен таныс. Автор қаламынан шыққан шығармалардан оның тарихи, эсхатологиялық, діни-мистикалық тақырыптарға ерекше ден қоятындығы бірден аңғарылады. Д.Рамазан әңгімелерінде табиғат пен адамзат, жаһан мен ұлт, тарих пен тағдыр, заман мен адам, мемлекет пен халық, дін мен қоғам ұғымдарының мағыналық аясындағы толып жатқан діни-эзотерикалық, философиялық, этномәдени, саяси, әлеуметтік, экологиялық мәселелер қаламгерлік таным таразысына түсіп, көркем қорытылады. Жазушы әсіресе өмірдегі өзара бітіспес қайшылықтардан туындайтын парадокс жағдайларды үніле зерделейді. Шығарманың тұтас құрылымындағы авторлық позицияға келетін болсақ, көп жағдайда кейіпкерлер тағдырына төрелік етіп, кесім айтушы мәртебесінен бас тартады; баяндау стилінде барынша бейтараптық сақталады; бірқатар туындыларында кейіпкер-баяндаушының автобиографиялық сипаты айқын бедер тауып жататын жағдайлары ұшырасады. Қоршаған ортаны суреттеуде жазушы бүгінгі таңда көркемдік инновацияның көз тартатын табысты тәсіліне айналған өнер синтезіне айрықша арқа сүйейді. Авторлық көзқарас тұрғысынан зерделенер табиғат құбылыстары, баяндаудағы фантастикалық, мистикалық элементтер кинематографиядағы көрініс монтажі тәсілімен көркем бедерленеді. Жалпы Д.Рамазан әңгімелерінің басты көркемдік ерекшелігі баяндаудың интермедиялық табиғатымен байланысты. Қайсыбір әңгімелеріндегі кейіпкерлердің әрекет психологиясын суреттеу ыңғайынан сахналық драмаға тән жанрлық сипат-белгілерді де аңғаруға

болады. Қалай болғанда да, жазушы қаламынан шыққан түрлі тақырыптағы шығармалар тұтаса келе, оның рух, ар, күнә сынды жан табиғатын ашар маңызды концепттер аясындағы зияткерлік-философиялық пайымдарын – автордың өзіндік рухани тұжырымдамасын ұсынады.

Есімдері тарихта қалған белгілі тұлғалар жайлы әңгімелерінің бір ерекшелігі – автор өзі бейнелеген тарихи дәуірді негізгі планға шығарып сипаттауға, я болмаса, кейінгі ұрпаққа мәшһүр тарихи оқиғаны егжей-тегжейлі баяндауға ден қоймайды. Бұл, бір жағынан, әңгіменің жанрлық заңдылығына да сай келе бермейді. Автор адамзат тарихында шешімін таппай келе жатқан философиялық мәселелерді ірі тұлғалардың тағдыр-талайын қайта зерделеу арқылы пайымдауға тырысады.

Осындай адамзат, ұлт тарихындағы айтулы оқиғалардың түп-тамырын ашып, тұлғалар танымын тарихи драма деңгейінде зерттейтін туындылар қатарында «Алланың әмірі», «Ажал келген күн», «Құса» атты әңгімелерін, «Кенесары-Күнімжан», «Абылай ханның арманы» драмаларын атауға болады.

Ғасырлар тоғысындағы тарихи құбылыстар, жаһанды жайлаған экологиялық, саяси, әлеуметтік, мәдени дағдарыстар эсхатологиялық сананың оянуына түрткі болды. Саяси мүдделер жолындағы қантөгіс, өркениеттер қақтығысы, экологиялық апат қаупінің ұлғаюы қоғамда «заманақыр» жайлы ойдың таралуына алып келді. Ынсапсыздықтан, қанағатсыздықтан, рахымсыздықтан, сайып келгенде, «құдайсыздықтан» өзін-өзі жойып жіберуге таяған адамзаттың беталысы заманақырдан кейінгі тіршілік жайлы ойға еріксіз жетелейді. Д.Рамазанның «Алланың әмірі» атты эсхатологиялық әңгімесі де осындай ой-толғамның әсерімен жазылған болуы әбден мүмкін. Тарихтың жаңа бастауы жайлы апокалиптикалық, тіпті постапокалиптикалық тақырыпта жазылған туындының сюжеттік желісі негізінен Нұһ пайғамбардың кемесі, Қазығұрт тауы туралы мифтерден тұрады. Жазушы оқырман үшін қазақ қиссалары мен аңыз-әңгімелерінен белгілі жайттарды өзара сабақтастыра отырып, біртұтас сюжеттік желі қалыптастырған. Баяндау жүйесіндегі фэнтези элементтері (жануарларға тіл бітіру) мен ертегілік құрылым, кейіпкерлер қатарында құдайдың болуы – жаңа қазақ әңгімесінің көркемдік құбылысын айғақтайтын жаңашыл ізденістер.

Аталған әңгімедегі екі сюжеттік ситуация назар аударарлық. Алғашқысы тірі қалуы тиіс тіршілік иелерінің қатарында кемеге шайтанның кіріп кетуіне қатысты. Аңыз желісінен ауытқымай алынған шайтан бейнесі, түптеп келгенде, зұлымдықтың ізгілікпен қатар мәңгі жасайтындығы жайлы аңыз түбіндегі ақиқатты жеткізеді. Ал кемеге мінбесе де жан сақтаған қарияның образы оқырманды жаратушының құдіреті, дін, тарих жайлы имани ойларға жетелейді.

Тәуелсіздікті аңсау сарынындағы «Ажал келген күн» әңгімесінде жазушы Шыңғыс хан дәуірінде өмір сүрген әйгілі жырау, күйші, әскери қолбасшы Кетбұқаның өмірінің соңғы кезеңі, ой-сезім сапары суреттеледі. Әлсіздігінен емес, шарасыздығынан туған елінің амандығы, келешегі үшін Шыңғыс ханға тізе бүккен ойшыл: «Енді қашан өз алдымызға ел болып, етек-жеңімізді жинар екенбіз!..» [1, 10] деп, мұнға беріледі. Санасына мөр болып болып басылып, жадында жатталған туған жер бейнесін Кетбұқа сағынышпен еске алады:

«Атамекен, құтты қоныс... Көк аспанмен таласқан қара таулар, ұшар басына қырандар ұя салар құзар шыңдар... Құлама құз, жақпар-жақпар жартастар... Тобылғылы құла бел, қарағанды құба жондар... Гүл көмкерген қызыл қырат, жыңғылы көп сай-сала... Құстары құйқұлжыған орман-тоғай... Айдыны айнадай жалтыраған өзен-көлдер... Ши, селеуі селтиген маң дала...

Жасыл жайлау, көкорай шалғын... Қаз-қатар тігілген ақ шағаладай киіз үйлер... Ақ сақалды ата, ақ жаулықты әже, иманжүзді әке, мейірлі ана... Тұлымы желбіреген ұл, жүзін күн қаққан бұрымды қыз... Төскейдегі төрт түлік, желідегі құлынды бие... Түтіні будақтаған жер ошақ, қара қазан... Буы бұрқыраған ет, қазы-қарта, жал-жая... Сапырылған сары қымыз... «Қайран туған жер, өскен өлке... қадірінді білмеппіз-ау!..» [1, 7].

Шапқыншылықтан, қантөгістен көз аспаған елінің кешегісі мен келешегі жайлы толғанғанда қаһарман санасында елінің азат кезі бақытты шақ ретінде пайымдалады. Бір-бірін алмастырған тарихи оқиғалар хроникасын баяндау барысында автор тұтас дәуір картинасын сәтті кескіндейді. Автор өзі бейнелеген тарихи дәуірдің рухын – жаугершілік заманның саяси, психологиялық ахуалын толымды жеткізе алған. Осы орайда назарға алынған тарихи мекеншақты мейлінше шынайы әрі көркем

бейнелеуде психологизмнің ролі ерекше. «Зар заманның зарлы күйін үілге салғандай, терістіктен өкпек жел еседі» [1, 22] үзіндісіндегі жел – нақты ситуациядағы психологиялық хал-күйге трагизм үстеуімен қоса, ассоциациялық тұрғыда заман келбетін толықтырып тұрған маңызды элемент. Сонымен бірге, жел – тарихтың куәсі болған, дәуірлерді жалғастырушы дербес бейне. Келтірілген үзіндіде жел мәтінге әуезді леп дарыта отырып, шығарманың психологиялық қабылдануындағы мұң (сағыныш), қайғы (өлім) эмоцияларының мәнін күшейту қабілетіне ие. Ол Кетбұқаның күйшілік құдіретіне меңзей отырып, «зар заманның зарлы күйін» жеткізуші басты архитектуралық компонент.

Шайқас алдындағы психологиялық дайындық үстінде қолбасшы ретінде жасақты жігерлендіру сәті Кетбұқаның соғысу шеберлігімен қоса шешендік қырларын да аша түседі. Әңгімедегі негізгі эпизод – Айн Жалұт түбегінің тұсындағы Құтыз бен Бейбарыс бастаған мүмлүктермен шайқас. Жалпы шымыр сюжет, әрекеттерді суреттеудегі психологизм тұрғысында әңгіме сахнаға сұранып тұрғандай әсер қалдырады.

Азаттықты аңсау, ұлттық рухтың бас көтеруі жазушының «Алаң» повесінде де бар. Аталған шығармада 1979 жылғы қазақ жастарының еліміздің солтүстік өңірінде неміс автономиялық облысын құруға қарсы бас шыққандығы туралы баяндалады. «Біздің халық не көрмеді десеніңші, бәріне төздік, шыдадық! Енді міне, елдігіміз тағы бір мәрте сыналатын кез келді», – деп, бір-бірін жігерлендіріп, елдік мүдде жолында бірлесіп бас көтерген студент жастардың наразылығы, шын мәнінде, тарихтағы Желтоқсан көтерілісі қарсаңындағы халықтың көңіл-күйінен хабар береді. Патриоттық пафоспен жазылған повестің басты кейіпкерлерінің есімдері (Қазақбай, Ерлік, Мақсат, Елжан), диалогтардағы ұраншыл сөздер бірде нанымды көрінсе, енді бірде ресми сценарийлік қалып танытып жататынын айта кеткен жөн.

Ұлы тұлғалардың жүріп өткен өмір жолын қайта зерделеуге деген қаламгерлік құштарлықтан туған шығармалардың енді бірі – «Құса» әңгімесі. Абай әлемі бүгінге дейін біршама зерттелді, ол туралы көптеген әдеби шығармалар да жазылды. Бірақ Д.Рамазан ақынның ақырғы күндерін ой елегінен өткізіп, қайта зерделеуге ұмтылады. Абай өмірінің соңғы күндерінен сыр шертетін шығармада автор өмірбаяндық кезеңді

тың деректермен толықтырып, ұлы ақынның жан дүниесіндегі ой-сезім сапарына ойша ілеседі.

Болашағынан зор үміт күттірген талапты баласы Әбіштің қазаға ұшырап, оның соңынан Мағауияның ауыр дертке шалдығуы ақынды есенгіретіп жібергені белгілі. Автор ақын шығармаларындағы ой желісін негізге ала отырып, осы тұстағы оның жан күйзелісін ашып, жалған әлеммен іштей қоштасқан кезін сезінуге, ұғынуға ұмтылады. Жалпы қаламгердің ұлы адамдардың өмірінің соңғы сәттерін зерделеуге деген қызығушылығы айқын. Мұны Кетбұқа, Абылай хан, Кенесары, Абай тақырыбындағы шығармалардың барлығынан көруге болады. Асылы, бұл ірі тарихи тұлғалардың қайталанбас тағдырлары, ұлы мақсаттар мен биік мұраттар, болашаққа аманат еткен ізгі идеялар төңірегіндегі зияткерлік-шығармашылық ұмтылыстармен байланысты болса керек. Белгілі психиатр-ғалым К. Юнг: «Білімнің бұл дүниеден өткендерге ғана мәлім жоғарғы шегі, менің ойымша, әлдеқашан қол жеткізілген таным деңгейі болып табылады. Бәлкім, жердегі өмірге, адамның мәңгіге көз жұмар сәтіндегі ойларына соншалықты мән берілетіндігі де содан шығар» [2, 303], – дейді. Шын мәнінде, өмір мен өлім арасындағы шешуші сәттегі адамның ақтық ой-сезімі барлығына да қызғылықты мәселе екені анық.

Антиутопиялық сипаттағы «Көш» әфсанасы – көркемдік деңгейі, философиялық-эстетикалық салмағы тұрғысында қаламгердің шығармашылығындағы оқшау туынды. Барақат өмір үшін жасалатын құрбандықтың жалған екендігіне назар аудартатын қоғамдық-саяси астарлы шығармада қоғамның беталысы, билік пен халық, идеология мәселелері ирониялық ыңғайда өрнек тапқан. Жалпы нақты уақыттық-кеңістіктік координаттары белгісіз туындының ішкі мазмұны да, сыртқы пішіні де қай дәуірде болмасын мәнін жоймайтындығымен бағалы. Бұл жайында танымал жазушы Т.Әбдік былай дейді: «...әңгімелерінің ішінде көзге түсетіні – «Көш» атты әфсана деп айтар едім. Әңгіменің аллегориялық сипаты жан-жақты. Сондықтан мұндай шығармалардың ғұмыры ұзақ болуға тиісті» [3, 5]. Дегенмен абстракциялық әлемдегі белгілі бір ұлттық кодтардың, тарихи оқиға желісімен үндесетін деректердің болуы автордың сыни пікір-пайымдарының адресатын топшылауға мүмкіндік береді. Әңгіме өзегінде халық тобырлық психологиядан

арылуы тиіс; көкірегі сәулелі әр тұлғаның санасын қайсарлық, шыншылдық, әділеттілік сынды қасиеттер билеуі керек деген тұжырымдар бар.

Қаламгер қозғаған тақырыбын жалаң авторлық баяндаумен егжей-тегжейлі талқыға салмай-ақ, тікелей кейіпкерлердің бейнесі арқылы көркем қорытып, оқырман көкейіне ой-тамызық тастап отырады. «Тақсірет» әңгімесінде ядролық сынақтан зардап шегіп, жазылмас дертке шалдыққан кейіпкерлердің (Нұрбек, Мәдидің қызы, Қаншайым әжейдің немересі) қайғылы тағдыры суреттеледі. Автор Нұрбектің отбасындағы жағдайды негізге ала отырып, полигон тақырыбының саяси, әлеуметтік, экологиялық, рухани астарларын жан-жақты қаузады.

Д.Рамазан прозасына тән қасиеттердің бірі – психологиялық параллельдің жиі ұшырасатындығы. Суреткер кейіпкердің өміріндегі трагедиялық жағдайды табиғат көрінісімен астастыра беруге бейім. Төмендегі үзіндідегі табиғаттың құбылысы алдағы қасіреттің нышаны:

«Кенет, қатты жел тұрды. Аспанды қара қошқыл бұлттар қаптап, жаңбыр себезгілей бастады.

Ауылға тақай бергенде әлденені шоқып жатқан үш құзғынды көзі шалды. Гүлжан жақындағанда олар дүркірей көкке көтеріліп, жерде жүні жұлмаланып, ішек-қарны ақтарылған ақ көгершін жатты» [1, 259]. Әңгіме бойындағы күллі философиялық толғам, идеялық байлам осы құзғын мен ақ көгершін образдарының контрастылы оппозициясы арқылы пайымдалары сөзсіз. Тақырыптық деңгейде (полигон) құзғынға жем болған көгершін бейбітшілік символы ретінде танылып, автордың ұлттық, саяси бағдардағы әділетсіздікке наразылығын бедерлеуі мүмкін. Сюжеттік деңгейде бұл оқшау көрініс кейіпкерлер өміріндегі қасіретті кейіптесе, композициялық тұрғыда – қаламгерге тән модернистік назарды айқындайтын бірден-бір көркемдік деталь. Жалпы тосындығымен, тұтас көркем әлемдегі оқшау сипатымен ерекшеленіп тұратын мұндай ситуациялар Д.Рамазан әңгімелерінде жиі ұшырасады.

Әңгіме соңындағы: «Ұясы бұзылған балапандардай шырқыраған сәбилердің ащы айғайынан алакөлеңке бөлменің іші күңіреніп кетті» [1, 260], – деген үзіндіде де кейіпкерлердің психологиялық күйі мен кеңістік көрінісі ажырамас байланыста

суреттеледі. Автор әкелерінен айырылып, жетім қалған сәбилердің зарлы үнін әсірелеу арқылы («бөлменің іші күңіреніп кетті») эмоциялы картинаның қайғылы ауанын мейлінше тұтастандыра түседі.

Жазушының «Көкжал», «Жалғас», «Ақсақал мен ақ жылан», «Жатбауыр», «Аза» әңгімелері идеялық бағдары жағынан әртүрлі философиялық-эстетикалық толғамдарды арқау еткенімен, олардың барлығын дерлік ұрпақ тақырыбына байланысты ортақ ой көктеп өтеді. Жарық дүниені көрген саналы-санасыз тіршілік иесінің өз ұрпағы үшін күресі бұл туындыларда түрлі тотемдік бейнелер мен наным-сенімдер, қилы өмірлік оқиғалар негізінде пайымдалады.

Сюжет тартымдылығы, баяндау ырғағы, суреттеу тәсілі, кинематографиялық зерделеу ыңғайы тұрғысында киноповестке арқау бола алатын сом дүниелердің бірі – «Көкжал» әңгімесі. Сюжеттік сұлбасы өзіне дейінгі тақырыптас классикалық шығармаларды еріксіз еске түсіретін әңгіменің негізгі мотиві – көкжалдың кегі. Түз тағысы бес күшігінің бірін қалдырмай апанынан алып кеткен адамдарға қарсы ашық шабуылға шығады. Сюжеттік желідегі түйінді сәттер: Серікжанның қателігі, қасқырдың ұрпақ үшін сұрапыл айқасы, Елубайдың қазасы. Осы тізбек бойында суреттелетін оқиғалардың астарында адам мен табиғаттың тамырластығы (үйлесім), адам қолымен жасалған зұлымдық жайлы авторлық толғамдар жатыр. Негізінен, ұрпағы үшін алпарысқан текті қасқырдың бейнесі көкбөрі тотеміне қатысты культтық наным-сенімді арқау еткені анық. Кие мотиві жыланмен арбасу жайлы көне тотемдік наным-сенімге құрылған «Жалғас» әңгімесінде де бар. Шығарма сюжеті қытай қазақтары арасында сақталған Шошана әулие туралы аңыз-әңгіме желісін еске түсіреді.

Әңгіменің негізгі идеясы Майлыбайдың өз немересі Жалғасқа айтқан мына сөздерінде жатса керек: «Ешуақытта ұяны бұзуға, шаңырақты ойрандауға болмайды! Кез келген кеудесінде жаны бар тіршілік иесі үшін мекені мен ұрпағынан артық ештеңе жоқ!»

Жалғастың балалықпен жыланның жұмыртқасын жарып қоюына байланысты өрбитін шығарма, негізінен, табиғаттың адам

көзінен таса тылсым тіршілігі, кие, жанұя, ұрпақ жайлы ойларды арқау еткен.

«Жалғас» әңгімесінде Д.Рамазан көне жылан культіне байланысты ұлттық санада сақталып қалған ғұрыптарды жүйелі түрде игерген. Майлыбайдың жыланмен арбасуы, жыланды жетіге бөліп барып көму, ордалы жыланның кегінен құтылу үшін із жасырып көшу сынды көне наным-сенімге құрылған әрекеттер әңгіменің мистикалық сарынын аңғартады. Жылан киесіне қатысты авторлық ой-толғам оның «Ақсақал мен ақ жылан» әңгімесінде де жалғасын табады. Автобиографиялық сипаттағы шығармада жазушы ата мен бала арасындағы тарих пен келешек, дін мен идеология жайындағы ұзақ диалогтар арқылы ұрпақтар арасындағы байланыс, көзқарас қайшылығы мәселелерін қозғайды.

Жалпы жылан көптеген халықтардың мифологиясында отбасының символы екені белгілі. «Көптеген Евразия континентіндегі халықтардың мифінде айдаһар мен жылан жағымсыз кейіпкер ретінде көрінсе, түркі, монғол және қытай мифтерінде керісінше, жақсы жағынан көрініс табады» [4]. Қазақ фольклорында жылан киелі жануар саналады. Үйге кірген жыланның басынан ақ құйып шығару, ордалы жылан көшіне бөгет болмау, түске жылан кірсе, жақсылыққа жору сынды ырымдар – соның дәлелі. Түптеп келгенде, аталған әңгімедегі жылан сынды хтоникалық бейне адамзат қоғамынан бөлек тіршілік әлемін мойындау, олармен үйлесімде өмір сүру идеяларын паш етеді.

Ана тілінің мәселесі төңірегінде ұрпақтар жалғастығы, ұлттық ділдің өзгеріске ұшырауы, ұлттық құндылықтардың жоғалуы сынды отбасы, қоғам, ұлт өміріне қатысты келелі мәселелерге қозғау салған шығарма – «Жатбауыр» әңгімесі. Ана тілінен ажыраған қоғамның шынайы тіршілік-тынысы Ығыбай ақсақалдың көзімен зерделенеді. «Өзіңнің туған немереңмен өз тілінде түсінісе алмау деген не сұмдық!» [1, 54], – деп кейіген ақсақал ұлттық қасиеттерді сақтап қалу отбасылық тәрбиеден басталады деген тұжырымның дұрыстығына көз жеткізеді. Өзге тілде тәлім-тәрбие алған ұрпақтың өз елінің мүддесіне қызмет ете алмайтындығын қария туған немересіне қарап-ақ түсінеді. Айналасындағы тұрғыластарының, ағайын-туысының пейілі тарылып, берекесі қашып, тіршілігі тозған күйінен көңілі



тоңазыған ол «Заманмен бірге адамдардың да мінез-құлықтары өзгеріп, ұсақталып бара жатқан сияқты...» дейді [1, 68].

Немересімен бірге өткізген аз күнде болашағының бұлыңғыр екенін түйсінген Ығыбай осы жағдайдан кейін ақыры көз жұмады:

Әңгіме соңындағы кейіпкердің психофизиологиялық ахуалы былайша суреттеледі: «Бар дауысымен ашына айғай салды. Көзі қарауытып, жүрегі қатты шаншып-шаншып жіберді. Осы сәтте жер-дүние шыр айналып кеткендей болды... Не болғанын өзі де аңдай алмады, әйтеуір бойынан әл, кеудесінен жан шығып бара жатқандай, денесі былқ-сылқ етіп, қос тізесі бірдей бүгіле берді. Көзді ашып-жұмғанша етпеттей құлап түсті. Қара шаң бұрқ ете қалды.

Сол сәт төңіректі қап-қара түнек басты. Қарт құлаған жер өзінен-өзі ойылып жүре берді, алдымен шыңырау шұңқыр, артынша-ақ алып құбыр пайда болды. Ығыбай ақсақал сол құбырдың ішімен жеті қат жердің астына қарай құддилап бара жатты...» [1, 76]

«Арғымақ» - идеялық салмағы, көркемдік жаңашылдығы, терең психологизм тұрғысында күрделі әңгіме. Әңгіме сыртқы оқиғалық қабатымен Ақан сері мен оның Құлагерінің тағдырларына мегзей отырып, сатқын, арамза, күнәһар қоғамның құбыжық кейпін бейнелейді. Кейіпкердің абсурд түс көру арқылы басынан өткізетін психологиялық ахуалы шынайы өмірдің образды келбеті. Бейсаналы түс әлеміндегі көріністер постмодернистік маскарад, әлемді хаос ретінде пайымдау формаларында суреттелген.

Д.Рамазанның «Баксы мен пері», «Жан», «Жын» әңгімелерінде қосарлы әлем, бақилық дүние жайлы эзотерикалық, мистикалық сипаттағы оқиғалар баяндалады.

Басқа әңгімелерімен салыстырғанда, «Жын» әңгімесінде жазушы түстегі виртуалды кейіпкерлердің портреттік кескін-келбеттерін мейлінше анық суреттеуге ден қояды: «Түн қараңғылығын жамылып, жалбыр шаштылар той жасап жатыр. Адамдарға ұқсамайды. Ергежейлілер елінен келген елшілер сияқты: бойлары бір-ақ тұтам. Өздерінше ән айтып, би билеп, той көрігін қыздыра түскен. Ортадағы отты айнала серкедей секең қағып, секіріп жүр. Мәз-мәйрам. Қойша маңырап, қозыдай

жамырап, ду-ду, гу-гу етеді. Үсті-бастарын түк басқан қыз кейпіндегі екі албасты Болатбекті қос қапталдай құшақтап алған, сиырша жаланып, кенеше жабыса түседі. Ол сытылып шықпақ боп, алға қарай ұмсынса, желке тұсында қыдыып тұрған қаракшы иығынан басып, тырп еткізер емес. Бір кезде қол-аяғы сәл босап, орнынан көтеріле бергені сол еді, жапалақтай жарбаң қаққан бадырақ көз біреуі бар дауысымен аузы-басын қисайта баж ете қалды».

Сонымен «Жын» әңгімесінде «Арғымақтағы» театрландырылған көрініске ұқсас топтық кескіндеме орын алады. Кейіпкер назарымен бақыланатын көрініс, шын мәнінде, «жын-ойнақ» сөзінің тура мағынасындағы ассоциациясын танытады. Түс көруші кейіпкердің ой-қиял әлемінде бейсаналы күйде көрген бейнелері ертегілік-мифтік әлемнің персонаждарын еске түсіреді. Әңгімеге қазіргі таңда бұқаралық ақпарат құралдары арқылы кеңінен таныс болған «жын қуу» сюжеті арқау болған. Шығарманың тұтас поэтикалық құрылымы тұрғысынан қарағанда, түс – сюжет барысын айқындаушы әрі реалды-ирреалды шындықты жеткізуші бірден-бір көркемдік компонент. Себебі түс арқылы Болатбек өз тәнін иемденген «үсті-бастарын түк басқан қыз кейпіндегі екі албастының» бар екендігін алдын ала болжайды.

Болатбек пен досының арасындағы диалогтарда автор осы тақырыпқа қатысты негізгі малмұматтарды қамтуға тырысқаны аңғарылады. Бір адамның бойында бірнеше жынның өмір сүруі, жындардың некелесуі, ол туралы Құранда айтылғандығы жайындағы ақпараттар, оқырманға көгілдір экраннан таныс сюжеттің суреттелуі, бір жағынан, әңгіменің репортаждық сипатқа жақындығын әйгілейтіні рас.

Ал жазушының «Жан» атты келесі әңгімесі Жұлдызжан есімді кейіпкердің бойындағы көріпкелдік (экстрасенсорлық) қабілеттерін суреттеуге арналған. Әйгілі қаламгердің мұражай үйіне келген сәтте бас кейіпкер студент жігіттің бойындағы айрықша қабілеттері ашыла бастайды. Ол өзінің Жұлдызжан ретінде алғаш табалдырығынан аттаған үйдің бұрынғы қожайыны, өткен өмірі жайлы сырларға қанық екендігіне көз жеткізеді. Осы орайдағы Жұлдызжанның бойындағы ерекше қасиеттерді суреттей отырып, автор кездейсоқ тап болған ақ көгершіннің көз жасы, ақ

көгершіннің әйел бейнесінде көрінуі, жұмбақ құстың кейіпкер соңынан шарқ ұра ілесуі, ақыры тосыннан қаза болуы оқиғалық тізбегін ұтымды пайдаланған. Осы арқылы ол адам мен көгершін жандарының арасындағы мистикалық байланыстың барын айқындайды.

Музей-үйдегі тылсым уақиғаларды суреттеуде (жазушының отбасының жанды бейнелерін елестетуі, бұрынғы гараждың орнын дәл тауып айтуы, т.б.) автор оқырман санасында кинематографиялық эффектiлер әсерін тудыруға тырысады. Думан Рамазан шығармаларында бір әңгімеден екіншісіне көшіп жүретін («Алланың әмірі», «Тақсiрет», «Жан») ақ көгершін бейнесінің мәні осы тұста ашыла түскендей. Авторлық пайымда ол – күнәсіз адал жанның символы.

Мистикалық тақырыпты ертегілік сюжет үлгісінде игерген «Бақсы мен пері» атты әңгімесінде готикалық жанр белгілері байқалады. Бекініс, зұлым күштермен соғыс, ғашықтық, зұлым күштерден қорғаушы қасиетті тұмар (Құран) сынды атрибуттардың болуы қазақ әңгімесінің бүгінгі таңдағы жанрлық құбылу сипатының айқын көрінісі. Осы орайда қаламгердің бөгде топырақта дүниеге келген жанр табиғатын ұлттық таным елегінен өткізе отырып, қазақы көркем кеңістікке мейлінше бейімдеу барысында үлкен шығармашылық ізденістер жасағанын көрсетеді. Пауиддиннің ширек ғасырға жуық уақытты қамтитын перілер еліне саяхаты, пері қызымен некелесу, шынайы махаббат, пері қызының өз туыстарының қолынан қаза табуы, Пауиддиннің жерге – Қазалыға оралуы, т.б. әйгілі мифтік мотивтерді арқау еткен әңгіменің сюжеті шытырман оқиғаға толы. Жазушы өзі баяндайтын күрделі фантастикалық хикаяның логикалық желісін жүйелі жоспарлаған. Перілер әлемінің заңдылықтары, Пауиддиннің Қазалыға оралған соң неміс қызымен үйленіп, ит-мысық асырауы сынды детальдар тізбегі – әңгіме құрылымында нақты көркемдік функциясы бар маңызды композициялық элементтер.

Шығармадағы перілер еліндегі фантастикалық кеңістіктің түр-түсі (Пауиддиннің жасыл киімі, перілер елінің жасыл түсі) астарлы символдық мәнге ие. Романтикалық ыңғайда мұны мәңгілік өмір, жасампаз жастық ретінде пайымдауға мүмкіндік бар.

«Бақсы мен пері» әңгімесі бүгінгі таңдағы фантастикалық экшн стилінде тамамдалады. «Зымырап келе жатқанмын, аяғым бірдеңеге шалынып кеткендей болды да, екпіндеп келіп, мұрттай ұштым. Ар жағы есімде жоқ. Көзімді ашсам, міне қызық, жап-жасыл бақтың ішінде жатырмын» (1, 149), – деп келетін финал оқиғаның аяқталмағандығынан хабар береді. Демек, шытырман оқиғаның соңғы нүктесі әлі қойылмаған, жалғасы бар.

Д.Рамазан шығармашылығында терең пайымдалатын философиялық категориялар қатарында «ар», «күнә», «қылмыс» концептілері ерекше мәнге ие. «Жылап аққан тамшылар», «Жаралы аққу» сынды нәзік лирикаға құрылған әңгімелері – қаламгердің жан тазалығын, сезім тұнықтығын сақтау туралы биік адамгершілік принциптерін арқау еткен туындылар. Жазушы күллі шығармашылығына өзек еткен жан тазалығы мәселесін осы орайда махаббат тақырыбымен астастырып, өзгеше көркемдік-эстетикалық ыңғайда тұжырымдайды. Баяндау ырғағы жағынан аталған туындыларды ақ өлеңмен жазылған прозалық үлгі ретінде қабылдауға негіз бар.

«Келін», «Күнә», «О дүниедегі кездесу» атты әңгімелер отбасылық құндылықтар, қоғамның береке-бірлігі үшін аса қажет қайырымдылық, адалдық, әділеттілік сынды биік адамгершілік қасиеттер жайлы авторлық пәлсапалық толғаныстарға толы. «Келіндегі» Жаңыл атты бас кейіпкердің тағдырдың тауқыметіне (сүйгенінен айырылып, жастай жесір атану), абысыны Паршагүлдің аярлығына, қайны Еркінбектің рухани әлсіздігіне төтеп беріп, адамдық келбетін сақтап қалуына негіз болған іргелі қасиеті – оның қайырымдылығы. Ал «Күнә» әңгімесіндегі Нұрланның арсыз іс-әрекеттері оның өзін шыңырауға итермелеп, ақыр соңында жас жігіттің өмірі аянышты халге түседі. «О дүниедегі кездесудегі» тозақ отына күйген Сәззат Сұрлашев пен иманды істерінің қайырын көрген Сүйсен Сабаевтың тұлғалық оппозициясы да қылмыс пен жаза, ар мен күнә туралы терең философиялық толғаныстарға жетелейді.

Адамзат баласының сонау Нұһ пайғамбар дәуірінен бүгінгі күніне дейінгі тіршілігінен сыр шертетін әңгімелерінде автор өмір мен өлім, мейірімділік пен зұлымдық, ұлы парыз бен пенделік күнә, адалдық пен опасыздық параллельдері арасындағы күрделі өмір құбылыстарына үңіледі. Осыған сәйкес Д.Рамазан әдеби

әлемінің уақыттық және кеңістіктік ауқымы пайғамбарлар дәуірі мен қазіргі заман, «жалған» дүние мен бакилық әлем шектерін мейлінше кеңінен қамтиды.

Жалпы Думан Рамазан әңгімелеріндегі кейіпкерлер галереясы өте кең. Мұнда Құдай, пері мен періште, жын-шайтан, пайғамбар, бақсы сынды діни-мифологиялық, фольклорлық персонаждардан бастап тұлғаның түрлі психологиялық типтерін кездестіруге болады. Әлеумет тіршілігінің қия-қалтарысындағы адамның рухани құлдырау және өрлеу жолдарын арқау еткен әрқилы сипаттағы әңгімелерінде бүгінгі ұлттың шынайы бет-бейнесі сомдалған. Жатбауыр ұрпақ, рухани азғындаған қандықол қылмыскерлер психологиясын суреттеу арқылы жазушы тұлғалық рухани күйреудің себеп-салдарын ашуға ұмтылады. Бұл, түптеп келгенде, жеке тұлғаның ғана емес, тұтас қоғамның беталыс-бағдарын танытатын жағдай болғандықтан, ұлттық мәселе деңгейінде бағаланғаны абзал.

### *Әдебиеттер*

1. Рамазан Д. Жылап аққан тамшылар. Әңгімелер. – Алматы, 2011. – 320 б.
2. Юнг К.Г. Воспоминания, сновидения, размышления. – Минск: Харвест, 2003. – 496 с.
3. Әбдік Т. Шындық пен шынайылық. Алғысөз // Рамазан Д. Жылап аққан тамшылар. Әңгімелер. – Алматы, 2011. – 320 б.
4. Әбжет Б. Түркі халықтары мифологиясындағы айдаһар бейнесінің типологиясы // Түркология. – 2008. – №1-2.

## МАРАЛТАЙ РАЙЫМБЕКҰЛЫ (1969 жылы туған)

Маралтай Райымбекұлы 1969 жылы Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Игілік ауылында дүниеге келген. Жамбыл педагогикалық институты көркемсурет-графика факультетін тәмамдаған ол қазақ халқына суретші емес, акын болып танылды. Алғашқы тырнақалды жыр жинағы «Ай-Нұр» кітабы үшін Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты атанса, екінші «Ай» жинағы үшін «Дарын» Мемлекеттік Жастар сыйлығымен марапатталды. Ал «Кентавр» жинағы үшін Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты атанды. Президент грантын үш мәрте иеленген ол Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Ақынның жастық шағы кеңестік дәуірде өткенмен, қалам ұстап әдебиетке келуі тұрғысынан қарағанда тәуелсіздіктің құрдастары қатарынан саналады. Себебі оның да шығармашылықпен айналысып, қазақ поэзиясына келгеніне жиырма жылдан аса уақыт болды. Ол қолымыздағы кітабын «Кентавр» деп атапты. Кентаврды қазақ әдебиетіне алып келушілер бұған дейін де болған. Олардың қатарында Марат Қабанбайұлы, Оразхан Қодар, Асқар Алтай сынды қаламгерлерді атауға болады. Маралтай – өзіне дейінгі Кентаврларды қайталамай, қазақ поэзиясына өз «Кентаврымен», яғни өз үнімен келген ақын. Сондықтан да оның поэзиясын Ш.Мұртаза: «Оның от-жалынға оранған өлеңдерін бірер сөзбен суреттеу өте қиын. Оны іздеп тауып оқу керек! Маралтайдың өлеңдері, шынында да, Кентавр – кеудесі адам, басқа тұлғасы тұлпар тектес құбылыс», – деп бағалайды [1, 7].

Тарпаң тұлғалы, кісі бейнелі  
Бабалар бүгін түсіме енбейді.

Солардан қалған жүрек қой мынау –

Жүрегім неге кісінемейді? [2, 5] – деп

жырлайтын ақын үнінде өршілдік рух бар. Ол жылқы мінез қазақтың бүгінгі сарқытындай болған «тарпаң тұлғалы, кісі бейнелі» ақын «Сүйемдей жер үшін» шайқасып, елі мен жері үшін басын өр өлімге тіккен қазақ батырларының бүгінгі жалғасындай көрінеді. Сондықтан да Маралтай ақынның поэзиядағы шабысы Қобыландының Тайбурылын еріксіз еске түсіреді:

Ғаламат солай басталып бір сәт,  
Құйғытып кеттім тастарды турап.  
Атылдым көкке жай сияқтанып,  
Тұяғым алтын – Ай сияқтанып... [2, 6].

Осы екпінмен-ақ ол тәуелсіздік тұсындағы қазақ поэзиясының тайбурылындай суырылып шыға келеді. Тайбурылдың шабысындай жылдамдықпен көкке ұмтылған ақын әп-сәтте ғарыштан бір-ақ шығады. Ол жөнінде белгілі әдебиеттанушы ғалым Б.Майтанов: «Ғарышқа қарап бой түзейтін таным талғамы мейлінше табиғи» [1, 105], – десе, өзінің замандасы Д.Рамазан: «Маралтай – ақын. Ақын болғанда да, таңдайына құс ұя салған талантты ақын, барған жерін дуылдатып жүретін мінезді ақын. Ал талантсыз ақын түгіл, мінезсіз ақыннан да түк шықпасы анық. Өнер адамына ең алдымен керегі де – талант пен мінез. Маралтайда осының екеуі де бар. Маралтайды алдыға сүйреп келе жатқан да – осы екеуі» [1, 197], «Маралтайға Алла тағала ерекше ақындық қуат берген, ерекше көз, ерекше түйсік, ерекше зерде сыйлаған. Сондықтан да ол ерекше ақындық шабытпен төгілте жырлайды, не нәрсеге болсын ерекше көзбен қарайды, өзінше саралап, өзінше бағалайды» [1, 198], «Иә, ол қыран секілді. Көкте қалықтап ұшып жүреді. Жерге анда-санда қонады. Онда да аздап дем алу үшін, дем басу үшін. Бұл да – оның табиғи табиғаты» [1, 199], – деген болатын. Осы пікірлердің өзі-ақ Маралтайдың ғарыш ақыны екенін байқатады. Ғарышқа көтерілген ақын отаршылдық бұғауынан босап, егемендік алған елдің, өзі өмір сүріп отырған қоғамның бүгінгі тіршілігіне сын көзбен қарайды. Елі мен жерін ішкі-сыртқы жаудан қорғаған Күлтегін тәрізді ұйқыдан безіп жүрген ақын көңілін бүгінгі тәуелсіздігіміз марқайта алмайды, бүгіннен тиянақ таппаған ол ертеңімізге алаңдаулы.

«Толағай бір ұл туатын сынды. Кісі бейнелі, тарпаң жүректі» дейтін ақынның айтып отырған толағай ұлы – автордың өзі екені дау туғызбаса керек. Оны «Мұхаммедті растау» деген өлеңінен байқауға болады:

Мен туғанмын  
ер Мұхаммед өлген күн.  
Мен болмасам,  
жүрегіңді емдер кім?!

Хақ Мұхаммед айтып кеткен кешегі  
Келеді деп...  
Келген ақын,

сол – Менмін! [2, 12].

Мұхаммед пайғамбардың айтуымен келгенмін дейтін ақында «мен» басым. Ол ешкімнен, ештеңеден қорықпақ емес, бұлай кесіп айтудың өзі оның стильдік ерекшелігін танытады. Бірақ ол өзін Мұхаммед пайғамбармен қатар қойып, онымен жарысқалы отырған жоқ. Оның көздегені – Мұхаммед пайғамбар тәрізді өз замандастарының бетін Алланың ақ жолына қарай бұру. Кеңестік дәуір тұсында атеистік тәрбие алған замандастарының имандылықтан беже бастауына қынжылады ақын жүрек. Оның «мен болмаса, жүрегінді емдер кім» деп жар салуы сондықтан. Мұны ақынның өзін Мұхаммедпен қатар қоюы деп түсінбеу керек, керісінше ол Мұхаммедтің ісін жалғастырушы. Ол көздеген ойын көркем сөздің құдіретімен жүзеге асыруға ден қойған. Сондықтан да оның поэзиясында Алла тағала, Жаратушы ие, дін ислам туралы өлеңдер молынан кездеседі. Мұның өзі тәуелсіздік тұсындағы қазақ поэзияның табысы.

Тарпаң мінезді ақынның өзіндік айтары бар. Сондықтан да ол керек жерінде Қожа Хафизге де наразылық танытып, оған қарсы өз пікірін ашық білдіреді. Қожа Хафиз секілді сұлудың бір меңіне күллі қаланы сыйға тартуға бармайтын Маралтай ақын «Бір мең тұрмақ қос меңі үшін сұлудың, Таразымның түйір тасын кимас ем» дейді. Бұл – өз елін, отанын сүйген шын патриоттың жүрегінен шыққан үлкен сезімнің белгісі. Себебі ол өз елін шынайы сүйген Отаншыл азамат. Оның Отан, туған жер туралы өлеңдерінің ішінен шежірелі Тараз, шағалалы Шардара, ару қала Алматыға арнаған өлеңдерін ерекше атауға болады. Осылардың ішінде қазіргі оңтүстік астана атанған Алматы қаласына арналған шоғырлы өлеңдерінің орны бөлек. «Отаным, саған айтамын» деген Мұқағали тәрізді Маралтай да «Қызғыш» атты өлеңінде «Өлсем сенің босағанда өлемін, Ақындарын ардақтаған өр елім» дейді. Астанасына әлде қалай күн туғанда да отанын әлдекімдер тәрізді сатып кетпейтін ақынның «Бас қалада баспанасыз Қасымдай, Қаңғып жүріп тілеуінді тіледім» деуі тегін емес. «Берсең бер, бермесең қой баспананды, Сонда да тастамаймын астанамды» деп Қасым Аманжолов айтқандай, Маралтай да «Ұл қыламын десең, сенің құлыңмын» деп «Ару қала» атанған Алматыны шегіне



жеткізе жырға қосты. Өзі баспанасыз жүргенде де Қазақстанның астанасына сөз тигізген жоқ. Баспанасыз жүрген шағында туған бір өлеңінде ол той болып жатқан думанды үйден ысылып шығып, таң атқанша Кеңсайға бара тұрайын дейді. Мұның өзі оның Отаншылдығын танытса керек. «Алматы» деген өлеңінде:

Ару болсаң неге сені сүймейді?

Сүймейді олар.

Жүрегі жоқ!

И, мейлі.

Біреулер жүр сатқысы кеп сені де,

Атқысы кеп,

Қолдан келсе мені де, – дейтін ақын Алматының «Астана деп аталатын Тәжін» ұрлап кеткеніне тісі қайраулы. Кеңестік дәуір тұсында жабық қала саналып, қазақтардың өзі тіркеуге тұра алмайтын Алматының қазіргі күйі өгей шешенің қолына жалтақтаған жетім баланың күйі тәрізді елестейді. «Босағаңнан кім кірмеді талтаңдап, Жат құшақта күнің өтті жаутаңдап», – дейтін ақын Алматыны мекен еткен келімсектердің тайраңдап жүргеніне, қаракөздердің солардың пәтерлерін жалға алып, жәутендеп жүргеніне күйінеді. Осы ой «Тұман» өлеңінде «Қандай бақыт күн кешкен үйде тұрып, Қобыз қосып кеудемде күйге тұнық. Қоналқаға бұйырған бір лифтіден, Шығып келе жатамын сүйретіліп» деп жалғасты. Мұның өзі ащы болса да, өмір шындығы. Поэзия – жауынгер жанр болса, ақын – ел ішінде болып жатқан жаңалықтарға алдымен үн қосатын жан. Себебі, ақындар – сезім күйін жасыра алмайтын, бар ойын төңірегіне жариялап жар салатын халық. «Тек мен ғана түсінем бұл қаланы» дейтін Есенғали Раушанов тәрізді, Маралтай да – Алматының мұңы мен сырына қанық ақын. «Күз. Алматы» дейтін өлеңінде «Алматының бір мұңы бар, бір мұңы!» дейтін ақын Алматының қазіргі жабырқау күйіне күйініп:

Күрең шашын, алтын сары кірпігін,

Бауырыма басып дел-сал реңін.

Бірге жамап жүрегінің жыртығын,

Көшесінде мең-зең болып жүремін, – дейді [2, 36].

Алматы қаласы Қазақстан Республикасының астанасы болып тұрған шақта ерекше құлпырып тұратын «Ару қаланың» қазіргі күйі шынында да аянышты. Бір кезде көпшілік орындар мен үлкен көшелерде көлденең шөп жатпайтын қала қазіргі таңда

көз алдымызда лас, кір қалаға айналып бара жатыр. Көпшілік байқай бермейтін мұндай жайттар нәзік жүректі ақынның жанына батып, ұйқысын бұзады. Оның сүйікті қаласы туралы «Сезе алар ма әкімі әм тұрғыны, Мен секілді сағынар ма түсінде!?» деуі де содан. «Ақырзаман. Алматы» деген өлеңіндегі ақынның түн ұйқысын бұзған түсінен оның поэзиясындағы модернистік, постмодернистік ағымдардың нышаны менмұндалайды.

Жатыр едік кенеттен (дала тымық!)

Алатаудың басынан қан атылып.

Түйдек-түйдек шудадай бұйраланып,

Нөпір тасқын ұмтылды қалаға тік [2, 47].

Алатаудың төбесінен атқылаған лава оның түсі болып шығады да: «Ақсарбас айтпаймысың ақыныңа, Алматы, аман-сау тұр, түсім екен!» – дейді. Осы жолдарды оқып отырғанда 2011 жылы Медеу шатқалындағы Алатаудың баурайын жалаңаштап кеткен алапат дауыл еске оралады. Алматы халқының пейілі бұзыла бастағаны жөнінде Алла тағала өзінің сүйген құлына, Махамбеттің үмбетіне аян берген тәрізді. Сондықтан да мұнда қанағатты білмейтін, екі көзін шел басқан малды байлар күн санап көбеюде. Ондай тоғышарлардың біріншіден, адамшылықтан кете бастайтыны белгілі. Әке-шешесін қарттар үйіне тапсыратындар да үйінде асыл тұқымды ит пен мысық асырайтын байлардан шығатыны жасырын емес. Әлсізге тізесін батырып, біреудің нәпақасын тартып жеп жүретін мұндай имансыздарды Мұхаммедтің ісін жалғастырмақ ниетті ақын қалай кешірмек. Сонымен бірге ағылып келіп жатқан орыс пен қытайдың мекеніне айналған Алматыда бүгінде құлақ естіп, көз көрмеген неше түрлі баукеспелер пен бұзақылардың адам айтса нанғысыз қылмыстары көбейе бастады. Былтырғы табиғаттың тылсым алапаты деп отырған дауылдың қала тұрғындарына жасаған Алла тағаланың ескертуі болмасына кім кепіл. Осылайша «Бейбарыстай жусаныңа ынтығып, Саған жетіп жығылармыз түбінде» дейтін Маралтай да басқа ақындар секілді туған жерін үлкен махаббатпен жырға қосты.

М.Райымбекұлы поэзиясынан тағы бір көзге ерекше түсетін өлеңі – «Зоологиялық терминдер». Қазақ поэзиясында аллегориялық өлеңдер жетерлік. Ақындар жекелеген аң-құстарды мысалға алып, олардың тірлігі арқылы адамдар бойындағы артық

әрекеттер мен қисынға келмейтін пиғылдарын әшкерелеп отырады. Ал Маралтай бірнеше мысал өлеңдерге арқау болар бір топ аң-құстарды бір жерге топтай білген. Ол аң-құстардың тірлігі арқылы арамызда жүрген замандастарымызды мақтамен бауыздаған. Миықтан күлген түлкі, қорқаулармен ұйыққан қаншық, қартайғанда қиядан құлап өлетін қыран, көкектерден ұялған бұлбұл, тұлпарлардан озып сый алған есек, тауықтан титтей миды қарызға сұраған мегежін, қарны мен мойны бірігіп кеткен борсық, пілді үркіткен қанден, көкте бүркітпен ойнаған қарға сынды жандар бүгінде арамызда молынан кездеседі. Қоғам мен заманның осындай әділетсіздігін көрген ақын оны бейжай қабылдай алмайды. Өз заманынан әділет іздеген ол «Безіндім мен де мына бір қара қоғамнан, Әділет іздеп жүріппін бекер заманнан» деп қара ниет пен арам пиғыл мендеген қоғамнан безінеді де:

Мендей-ақ, сүйсін қоғамын сүйсе, кім егер,

Қоғамың азса айтпай-ақ, бәрін біле бер.

Құдайдың, әттең, қуаты жоқ қой қолымда,

Пенденің бәрін пайғамбар етіп жіберер, – деген түйін жасайды. «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» деуден аулақ, керісінше, ол замандастарының пейілін дұрыс жолға салғысы келеді. Сондықтан да «Сайтандар қоршауында қалған ұлмен, Я, Раббым, сіз қалайсыз кеңесуге?» деген түйін жасайды. Оның осы тақырыптағы поэзиясы жөнінде белгілі әдебиеттанушы ғалым Б.Майтанов: «Қасиетті «Құран» сүрелерін жырға айналдыру бақыты да қазақ өлеңінде Маралтайдың еншісіне жазылыпты.

Жұлдыз ағып барады,

Жанарыңда жарқылдап.

Жаным көшіп барады,

Қобыз тартып қаңқылдап, – деп космогониялық сипаттағы баламаларға қанат байлап ұшатын ақынның символистерге тән сезім нәзіктігі, әуез сәнділігі, ғарышқа қарап бой түзейтін таным талғамы мейлінше табиғи», – деген болатын [1, 105].

«У қайтару» деген өлеңінде:

Құдай – көкте,

Мен – жердемін, жердегі –

Қаламымда тағдырымның кермегі.

Мандайыма тұрып қалған ағып кеп,

Ғасырлардың айғыз-айғыз өрнегі, – дейді Маралтай. Оның сөз саптауына қарағанда жасарын жасап, асарын асаған ақсақал секілді. «Боздар болса, мен боздайын ботадай, Жүрегімде аруана елдің қаны бар», – дейтін ақын елі мен жерінің тағдырына жеңіл-желпі қарай алмайды. «Көк байрақты қыран текті қазаққа, Күн астында қанат жаяр жетті кез!» – дейтін ақын «Тар жатырын жарып шыққан құлдыңтың, Сәби елге сәуленді құй, о жалған», – деп Тәңірінен медет сұраса, «Сот» өлеңінде екі аяқты пенделерден түніледі. «Аң – аң. Құс – құс. Адамды – адам дегенге, Сенейін бе!? (Мен – төменде, ол – төбемде!)» – деп адамды – адам дегенге сенгісі келмейді. Оны егемен еліміздің әділ сотының өзі күні үшін қараны ақ, ақты қара дейтіні мазалайды.

«Орнымды іздеп сенделіп келем, Орындық емес өмірден» деп өмірден өз орнын іздеген ақын бүгінде қазақ поэзиясынан өз орнын тапты. Көркем-сурет, графика факультетінен білім алған ол көркем сөзбен бейнелі сурет салуға шебер. Оны төмендегі мысалдардан байқауға болады:

Жұлдыз едің,  
Мөлт еттің жанарымнан,  
Аппақ Айдың дақ көрдім анарынан.  
Еңіреп кеп құлады қара түнім,  
Қарагүлді құшақтап сағағынан [1, 77].

Немесе:

Түу алыстан – қолын созып қиырдан,  
Бір бақыт ең бүгін маған бұйырған.  
Кептірмей-ақ қойшы, қалқам, шық-жасты  
Жапырақтың кірпігіне жиылған.

«Су құйғандай түбі тесік шелекке», «Мен азап пен қасіретке жүктімін», «Жас қайындай жаным бір күн шырайлы, Тамырларын ой құрты жеп, құлайды», «Жүрек жыртық, ерін сыз», «Быт-шыт болған айнасынан Алланың, Көлбендейді көркем сөздер сенімсіз», «Жүрегімде бүлкілдейсің бүр жарып, Қанға түскен қызғалдақтың дәні ме ең?», «Сағыныш – шаһтың сарайын соғып, Батпағын илеп мұңның», «Бақыттың сен сияқты бұтағына Баянсыз бүршік болып жаралғанмын», «Қасіретке боялған ба қызыл түн, Қиыр-қиыр қыраттар да қызғылтым», «Менің жүрек – құмырама құйған зарымды, Бары оның осы еді-ау деп, Бал екен ғой деп кім ішкен?!»

немесе «Біз – суы үзіліп аққан арық та» т.б. бейнелі тіркестер оның көркем сөзбен де сурет сала білетінінің мысалы.

Сонымен бірге өлең сөздің нәрін келтіретін көркемдік тәсілдің бірі – бір сөзді бірнеше рет қайталап қолдану. Сөзді өлең жолының басында не соңында бірнеше рет қайталау арқылы сол сөзге ерекше көңіл аударуға болады. Қайталаулардың бірнеше түрі бар. Мәселен әрбір тармақтың бір дыбыстан басталуы да өлеңге ерекше реңк береді. Мәселен:

Қар жауып тұр.

Қан тамады – қара қан,

Қара қанды қардың тілі жалаған.

Қан ізімен біреу ілбіп келеді, жалаң аяқ,

Қаншық тағдыр талаған [2, 89] – деген шумақтың барлық тармағы «Қ» әрпінен басталған. Қатан дыбыспен басталған «қар», «қан», «қара», «қаншық» сөздерінің бәрі де оқырманға үлкен ой салатын сөздер. Әдетте, қан қызыл болады, ал ақын оны қара қан деп пайдаланады. Ақ қар мен қара қанды қарама-қарсы қолдану арқылы оларға көңіл аудартуы орынды. Қара ақты жабуы мүмкін, ал ақ қараны жаба алмайды. Олай болса, ілбіп келе жатқан жалаң аяқты талаған тағдырды қаншыққа теңеу ақынның сөзді шебер қолдануының белгісі. Осылайша тағдырына налыған ақын поэзиясында, мұң, шер, зар басым. Оны әдебиетші Әуезхан Қодар былай түсіндіреді: «Маралтай поэзиясы – қазақ поэзиясының әбден кемелденгенінің белгісі. Себебі оның поэзиясында романтика жоқ, тек қана трагедия. Оның поэзиясында Төлегеннің екпіні бар да, романтикасы жоқ, Жүмекеннің ойшылдығы бар да, дидактикасы жоқ, Мұқағалидың лирикалық нәзіктігі бар да, аңғалдығы жоқ. Өтежанның қитұрқылығы бар да, қытымырлығы жоқ.

Демек Маралтай – қазақ поэзиясын өңдеуші ақын, қазақ поэзиясын жаңа деңгейге көтеруші хас тұлға. Егер Абай өзін «самородный сары алтын» санаса, Жүмекен өз поэзиясын артық-кемі жоқ «биік өкше етік» ретінде елестетсе, Маралтай – осының бәрін сіңіріп, жаңа сапаға түсіруші» [1, 134-135]. Осындай қайталаулардың қатарында «Қоңыр мұңға қоңыр қобыз қосқандай, Жанарымның жаудыраған қарасы», «Жесір жеңгем күліп шықса алдымнан, Жетім ұлдың жетілген ғой санасы» деген тармақтарды да атауға болады. Алғашқы тармақта қоңыр сөзін мұң мен қобызға

тіркесе, кейінгі тармақтардың «ж» әрпімен басталуы да өлеңге реңк беріп тұр. Осындағы жесір мен жетім сөздері бірін-бірі толықтыратын ұғымдар.

Мәңгілік құндылықтарды, адамгершілік мұраттарды насихаттап, оны бәрінен жоғары қойған ақын «Ар» атты өлеңінде тауықтың ары тарыда, аққудың ары жарымен бірге, есектің ары қарнында, тұлпардың ары озуда, қыранның ары көзінде, ғаламның ары күнменен, даланың ары гүлменен дей келіп, ақынның ары жөнінде былай дейді:

Шаладай бықсып жалғасып жүрер,  
Өсек пен сору соңында, –  
Ақынның арын Алласы білер,

Ал сенің арың қолыңда! [2, 84] – деп түйеді. Хас сұлудың қос меңіне Тараздың түйір тасын қимайтын ақын поэзиясында махаббат лирикасы да жоқ емес. Ол да басқа ақындар секілді үлкен сезімнің адамы. Оған «Жезөкше» өлеңі мысал. Осы өлеңге А.Әшімовтің: «...Маралтай ініміздің өнер әлемінде өмір сүруге толық қақысы бар. Оның бір өлеңі – бір спектакль сияқты» [1, 32], – деген пікірі де дөп келеді.

Мен қайтейн, тағдырыма көз өтсе,  
Ете берсін, былайғылар сөз етсе.  
Одан кейін жолыққан жоқ ондай жан,  
Жалғыз түнге жолдас болған жезөкше [2, 107].

Немесе «Көктем емес пе еді?!» өлеңіндегі:

Көктем емес пе еді?!  
Қазбауыр бұлттар жеткенде шығыстан  
Кезбе,  
Сезімнің құйып шарабын хрусталь сөзге,  
Егіз бір жандай екеуміз ұғысқан кезде,  
Өткен елес пе еді! [2, 85].

«Аңсарын алған асындай болып жеріктің» өлеңіндегі:

Жаныма жылы тигеннен кейін гүл демің,  
Өзіңе аштым тот басқан жүрек ілгегін.  
Қанаты дал-дал сұңқармен бірақ сапарға,  
Ғұмырын қиып, шыға да қояр бірге кім? [2, 91],

– деген жолдар ақын поэзиясындағы махаббат лирикасынан сыр

шертеді. «...Махаббат – мәңгіліктің мәңгүрттігі, кететін бірге еріп ғарышқа да!» – дейтін Маралтайдың «Алғашқы сезім», «Қарағаш», «Аңсарын алған асындай болып жеріктің», «Сен мені ойлайсың ба?» т.б. өлеңдері махаббаттың тылсым сырын аңғартқандай. Оны әртүрлі ортада әртүрлі жағдайда бейнелейді. Мәселен «Ей, жігіттер қыздарды жылатпандар» деген өлеңінде өз замандастарына қыз балаға құрметпен қарау керектігін былайша түсіндіреді:

Ей, жігіттер, қыздарды жылатпандар,  
Қыз бақытын тағдырдан сұратпандар.  
Мөлдіреген сезімін пәк жандардың  
Биігінен өмірдің құлатпандар...

Мұның өзі ақынның қыз біткенді қарындас, әйел біткенді ана деп қабылдайтындығын байқатады.

Қоршаған ортадан жалыққан ақын өз замандастарынан мұнын шағар жан таппай, кербез сұлу, шыңына жан баспаған асқар биік Алатаумен сырласады:

Алатау, сен де ғаріп, мен де ғаріп  
Келеміз жүрекке мұң теңдеп алып.  
Мен саған жыр оқиын, қасыма кел.  
Қайтеміз түсінбейтін елге налып.

Алатау, сен де биік, мен де биік  
Қосылсақ қосылғандай шерге күйік.  
Сені Күн, мені күншіл менсінбейді,  
Тұрған соң табанымыз жерге тиіп [2, 97].

Табиғатпен сырласу да қазақ поэзиясында бар дәстүр. Бұл тұрғыда ол қалыптасқан дәстүрді қайта жаңғыртқан.

«Бақыт» деген өлеңінде ақын: «Бақыт деген атақ, мансап болса егер, Бақытсыз-ақ күн кешуге болады!» – дейді. Өзіне-өзі азанама жазу (эпитафия жазу) – қазақ поэзиясында бар дәстүр. Осы дәстүрді Маралтай «Қызыл өлең» өлеңінде былай жалғайды «Жазылмаған жырымды оқып тұрамын – Қазылмаған қабірімнің қасында». Өзіне азанама арнау да қазақ поэзиясының арғы-бергі тарихында бар дәстүр екенін ескеретін болсақ, бұл да сол дәстүрдің тәуелсіздік тұсындағы жалғасы екені жасырын емес.

Маралтайдың ақындығы туралы Т.Молдағалиев: «Өмірді жақсы көрген Маралтай жүрегі талай-талай сұлу, терең, әсем жырларды тудыра беретініне мен әбден сенемін.

Маралтай биігі әлі алда. Ол туған еліне осы күні-ақ көрініп тұрған сияқты», – деген болатын [1, 21]. Ақын ағамыздың осы сөзіне сүйенетін болсақ, М.Райымбекұлы бергенінен берері көп ақын екеніне ешкім таласпаса керек.

Қорыта айтқанда, Маралтай Райымбекұлы – қазіргі поэзияға өзіндік үлесін қосып жүрген ақындардың бірі. Ұлттық поэзиядағы қалыптасқан дәстүрді көркемдік ізденістерімен толықтырып жүргеніне жоғарыда сөз болған туындылары мысал.

### ***Әдебиеттер:***

1. Ай астындағы Кентавр. Пікірлер, әдеби сындар, өлеңдер. – Алматы, 2010. – 295 б.
2. Райымбекұлы М. Кентавр. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2008. – 112 б.



## МАЗМҰНЫ

Алғысөз.....	3
--------------	---

### I БӨЛІМ

Қазіргі қазақ лирикасы.....	9
Поэмадағы дәстүр ұласуы.....	77
Прозадағы көркемдік ізденістер.....	117
Бүгінгі драматургия.....	169

### II БӨЛІМ

#### ӘДЕБИ ПОРТРЕТТЕР

Шәрбану Құмарова.....	199
Шәрбану Бейсенова.....	216
Бексұлтан Нұржекеев.....	232
Рафаэль Ниязбеков.....	249
Тынымбай Нұрмағамбетов.....	267
Нағашыбек Қапалбекұлы.....	280
Серік Асылбекұлы.....	294
Дидахмет Әшімханұлы.....	313

Қуаныш Жиенбай .....	330
Қуандық Түменбай .....	347
Рахымжан Отарбаев .....	362
Қасымхан Бегманов.....	380
Бақытбек Бәмішұлы .....	390
Нұрғали Ораз .....	402
Бауыржан Жақып.....	413
Светқали Нұржан.....	428
Темірғали Көпбаев .....	438
Жанат Әскербекқызы .....	454
Мұрат Шаймаран .....	467
Думан Рамазан.....	480
Маралтай Райымбекұлы.....	494

## Резюме

В коллективной монографии «Современная казахская литература: тенденции развития, имена и события» рассмотрены вопросы развития национальной литературы. Путем обзорного изучения современной литературы и ряда отдельных художественных произведений исследователями выявлено, что роковые моменты в истории народа, значимые общественно-политические коллизии, острые психологические ситуации нашли отражение в словесном искусстве последних лет.

Провозглашение Независимости нашей страны дало толчок началу нового исторического периода в летописи национальной литературы. Современная казахская литература – новая, полная литература с точки зрения художественного содержания и формы и с идейно-концептуальной стороны. Возрождение национальной духа открыло новые пути ценным изменениям и явлениям в литературном мире. Во-первых, провозглашение независимости дало возможность пересмотреть искаженную в угоду политической идеологии историю народа и восполнить так называемые «белые пятна» в истории и духовном наследии (религия, язык, культура, литература) в целом. Во-вторых, освобождение национальной литературы от политической изоляции способствовало ее интеграции в мировое литературное сообщество. В направлениях художественного развития казахской литературы четко стало проявляться влияние мировых мегатенденций. На сегодняшний день в пространстве национального искусства слованаряду с традиционным реализмом существуют и такие течения как модернизм, постмодернизм. В третьих, значительно расширилось и тематическое пространство современной литературы. Социальные проблемы современного общества, позитивные и негативные стороны нового времени и другие духовно-культурные проблемы нации стали актуальными темами современной казахской литературы. В четвертых, современная система литературных героев в типологическом плане тоже подверглась коренным изменениям. Среди такого иерархического ряда можно встретить и народных героев, защищавших свой народ (хан, би, батыр и др.), и представителей общества, сформировавшихся под негативным воздействием

эпохи демократии и рыночных отношений (преступники, девушки легкого поведения, наркоманы и др.), и мистических героев (приведение, призраки), и религиозно-мифологических героев (ангел, пророк, Кыдыр и др.). В данной коллективной монографии осуществлен разносторонний научный анализ художественно-эстетических явлений в современной казахской литературе.

Таким образом, фундаментальный труд посвящен исследованию актуальных проблем развития казахской литературы. Путем рассмотрения писательской поэтики отдельных мастеров слова, были определены направления и тенденции развития современной национальной литературы. Значимость данного научного труда в том, что коллективом авторов проделана комплексная исследовательская работа по изучению национальных особенностей казахской лирики, художественных изысканий в прозе и драматургии. Также уделено внимание исследованию вопросов традиций и новаторства в литературе. В работу также включены творческие портреты отдельных поэтов и писателей современного периода.

## Summary

In joint monograph "Modern Kazakh Literature: Development Trends, Names and Events", issues of national literary development have been considered. By reviewing contemporary literature and a number of specific artistic works the researchers have revealed that fatal moments in the national history, significant socio-political collisions, acute psychological situations have been reflected in the verbal art of recent years.

Declaration of Independence of our country gave a stimulus to a new historical period in the chronicle of the national literature. Modern Kazakh literature is a new, comprehensive literature from the point of view of artistic content and form as well as idea and concept. Rebirth of the national spirit opened new ways to valuable changes and facts in the literature world. First of all, declaration of Independence made it possible to review history of people that was misrepresented in favor of political ideology and to compensate for the so-called "blindspots" in the history and cultural heritage (religion, language, culture, literature) on the whole. Secondly, making national literature free from political insulation promoted the growth of its integration into the international literature society. Influence of international mega tendencies became obvious in the fields of artistic development of the Kazakhs literature. Today the national art of word has also such movements as modernism and postmodernism together with traditional realism. Thirdly, thematical area of the modern literature also extended significantly. Social problems of modern society, positive and negative aspects of the new time and other spiritual and cultural problems of the nation became topical issues of the modern Kazakh literature. Fourthly, modern system of literature heroes also changed significantly as to typology. Such hierarchy range include both people's heroes who protected their people (khan, bi, batyr, etc.) and representatives of society that were formed under affect of the epoch of democracy and market relations (criminals, women of easy virtue, drug addicts, etc.) and mystical heroes (ghosts, phantoms), as well as religious and mythological heroes (angel, prophet, Kydyr, etc.). This joint monograph includes a comprehensive scientific analysis of artistic and aesthetic phenomena in contemporary Kazakh literature.

So, the fundamental work is devoted to the study of relevant issues of the development of Kazakh literature. By considering the writers' poetics of individual masters of literature, directions and tendencies of the development of modern national literature have been determined. The significance of this scientific work lies in the fact that the team of authors has conducted a comprehensive research work on the study of the national specifics of the Kazakh lyric poetry and artistic searches in prose and drama. Also the attention is drawn to the study of traditions and innovation in literature. The work also includes creative portraits of individual poets and writers of the modern period.



**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ:  
ДАМУ ҮРДІСТЕРІ, ЕСІМДЕР  
МЕН ОҚИҒАЛАР**

Беттеу, дизайн Рык Л.А.

Басуға қол қойылды  
Офсетті қағаз 80 гр.,  
Формат 60x84<sup>1/16</sup>. Шартты баспа табақ  
Таралымы 60 дана

**PRINT**  
ИЗДАТЕЛЬСТВО  
И ПОЛИГРАФИЯ **EXPRESS**

Алматы қаласы  
А.Байтұрсынов көшесі 85,  
Жамбыл көшесінен жоғары  
тел.: 292-10-95, 292-14-28  
e-mail: print\_express@bk.ru